

БАҚЫТЖАН КЕНЕНҰЛЫ

«ӘКЕ РУХЫМЕН СЫРЛАСУ»
(естелік - эссе)

АСТАНА
2004 жыл

Екі ғасырдың куәгері, Алатаудың бұлбұлы атанған ақиық ақын әрі жыршы, күміс көмей әнші әрі композитор Кенен Әзірбаевтың дүниеден өткеніне де ширек ғасырдан асыпты. Ақынның есімі халық жадында мәңгі сақталған. Оның қайталанбас өнері, ән-жырлары ел ырзығына айналып, туған халқымен бірге жасасып келеді.

Автор бұл еңбегінде ақын өмірінің әр кезеңіне тереңдей үңіліп, оның жандүниесін жан-жақты айшықтап көрсетуге ұмтылады. Әкенің балаға, баланың ата-анаға деген риясыз көңілін, жүрек лүпілін айқын сезінгендей боласыз. Ақынның болмысы, ер-азамат, әке ретіндегі алатын орны әңгіме өзегіне айналған. Ақынның көз тірісінде сыйласқан, сырлас болған адамдар жайлы соны деректер аласыз. Естелік-зссенің тілі жатық әрі тартымды.

АВТОРДАН

Ғасырға жуық ғұмыр кешіп, өмірінің соңына дейін халқына қалтқысыз қызмет еткен, артына телегей-теңіз мол мұра қалдырған Кенен Әзірбаевтың есімі республикада ғана емес, шет жерлерге де кеңінен мәлім. Халық оны ақиық ақын, күміс көмей әнші, композитор, дастаншыл - жыршы деп біледі. Мақтан етеді, құрмет тұтады. «Көкшолақпен тепеңдеп, жақсы өмірге жетем деп» жыр төгіп өткен ақынның арман-тілегі қазіргі күні ақиқатқа айналып отыр. Оның шапағатын көру өзіне бұйырмаса да, кейінгі ұрпақтары көріп, шаттанады.

«Кенеке, сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне ғұлама жырау, әрі әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз. Халқымыздың аяулы өнерін шет жұртқа жеткізген талантыңызға дән ризамын» деп Мұхтар Әуезов баға берген атақты ақынның туғанына 2009 жылдың маусым айында 125 жыл толады.

1984 жылы республика деңгейінде тойланған ақынның 100 жылдық мерей тойында бүгінде елбасы, тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы өз сөзінде былай деген еді: «Халық өмірінде Кенен Әзірбаев үн қоспаған, өзінің жарқын талантымен шуағын төкпеген бірде-бір айтулы оқиға болған емес... Оның тамаша, өшпес туындылары бүгін де осы жауапты, құрметті істе сапта тұр.» Ақиқаты да сол.

Ақиық ақынның әсем әндерінің, өлең жырларының қай-қайсысы да еркіндікті, бостандықты аңсап айтылған туындылар. Соған шақырады, соны меңзейді. К. Әзірбаевтың өмірі, шығармашылығы жайлы кезінде де, қазіргі күні де айтылып та, жазылып та келеді. Солай дегенмен ақынның қаймағы алынбаған, өз деңгейінде зерттелмей жатқан дүниелері көп. Әсіресе ақынның жеке басы, өскен ортасы жайлы, адам-азамат ретіндегі бейнесі тым аз көрсетілген. Ол да ет пен сүйектен жаратылған адам ғой. Қайғысы мен қуанышы алма кезек ауысып отыратын өмірді ол да басынан молынан кешірген жан.

Шағын естелік әңгімеде ақынның ер - азамат ретіндегі ішкі болмысын, жан иірімін, көңіл толқуын, әке ретіндегі от басында алатын орнын әр қырынан көрсетуді ниет еттік. Ақынның көз тірісінде силасқан, бірге жүріп, өмірдің ащы-тұщысын бірдей бөліскен адамдар жайлы сөз болады. Алатаудың ақиығы атанып, қырғыз-қазақтың ортақ ақыны болған Кенен Әзірбаевтың қырғыз достары жайлы да біраз мәлімет аласыз.

Төрткүл дүниеге аты мәлім, заманымыздың озық ойлы қаламгері Шыңғыс Айтматов ақын жайлы былай ой түйіндеген екен: «Сіз, Кенен ата, қазақ қырғызға тең ортақ ұлы адамсыз. Сіздің мерекеніз - біздің мереке. Қырғыз елі Сізді өзінің ең таңдаулы ұлдары, өзіңізбен замандас, үзеңгілес, дәмдес болған, Жетісудағы қырғыз-қазақ жерін бірге араласқан, атағы жер жарған Осмонқұл, Алымқұл, Атай, Халық және басқа да бұлбұлдай сайраған ақындарындай көреді, солардай ардақ тұтып, Сізді өз атамыз, өз ақынымыз, өзіміздің өнердегі Алатауымыз деп есептейді».

Шығарманы төрт аяғы тең тұрған дүние дей алмаймыз. «Кедір-бұдыры», кемдеу түсіп жатқан тұстары болса кешіріммен қарайтындарыңызға сенеміз. Бұл көркем шығарма емес, перзенттік тілектен ғана туындаған көңіл иірімі.

ӘКЕМНІҢ ӨСИЕТІ, ШЕШЕМНІҢ ӨНЕГЕСІ

«Парасаты жеңсе - адам періштеден де жоғары,
нәпсісі жеңсе - хайуаннан да төмен».

(мұсылман қазидасы)

Бисмиллаһи рахмани рахим!

Жаныңыз дәйім жәннатта болғай. Жатқан жеріңіз жайлы ма, Әке? Жылдағыдай қасыма немере-шөберелеріңізді ертіп, рухыңызға дұға бағыштап, топырағыңызды сипап қасыңызда отырмын. Алақаныма жылы леп сезілгендей болады. Сіздің деміңіз емес пе екен? Құлағыма бір таныс сарын естіледі. Қордайдың мақпал желіндей, сіздің қоңыр үніңіз бе екен? Көзіме мөлтілдеп жас толады. Бұл енді өзіңізге деген сағынышым, Әке!

«Сенен үмітім зор» деуші едіңіз. Сол үкілі үмітіңізді ақтай алмайтындай күй кешемін. Жо-жоқ, ұрпақ жалғастығын емес, өнер жалғастығын айтып отырмын. Әкем туралы ешкім айта алмаған сөзді мен айтсам, ешкім жаза алмаған кітапты мен жазсам деп армандаушы едім. Сол бір арман алауы бір сәтке де бәсеңсіген емес. Қайта уақыт озып, жасым ұлғайған сайын жанымды қуырып, жүрегімді сығымдай түскен сыңайлы.

Бағзы біреулер «сенің орнында болсақ үйтер едік, бүйтер едік. Кенекен туралы том-том кітап жазар едік. Бұл сенің тікелей перзенттік парызың» деп тұқыртып тастайды. Ондай сәтте: «Оу, жігіттер! Бір ғасырға бір Әзірбаев жетпей ме?» деп қалжыңмен құтылған боламын. Осылай деуін десем де, жан дүниемді бір күш жұлқып-жұлқып жібергендей, жүрегіме біреу ине сұғып алғандай құлазып қалатыным да рас. Сәуегей шіркіндер, менің жазғым келмей емес, жаза алмай жүргенімді қайдан білсін. Пешенеме Мұқтардай тереңге бойлайтын кенен-кемелдік, Ғабиттей сұлу сөзді сылаң қақтырар зергерлік, Шерхандай шымырлата жазатын сергектік бермеген соң амал не? Барыммен базар демеске не шара?

Егер менен «дүниедегі ең қиын нәрсе не?» деп сұрай қалса, «атақты адамның баласы болу» деп жауап берген болар едім. Ондай әкенің атақ-даңқын, әруағын алып жүру де, ондай адам жайлы қалам тарту да қиынның қиыны. Өйткені аяғыңды сәл шалыс басып, ауыздығымен алысқан асаудай бас бермей жүргенінді көрген жұрт: «Әне, әкенің атақ-абыройына мастанып, көтере алмай жүр» дейтіні сөзсіз. Керісінше, әлде бір шаруаның басын қайырып, әлденеге қол жеткізіп жатқаныңды көрсе: «Әне әкенің атағымен бәрін жасап жатыр. Дүниені жалпағынан басып, шалқып жүр» дейтіні тағы бар. Мен мұны ғұмыр бойы басымнан өткеріп, жаныммен сезініп келемін. Осының бәрі өзім де бала сүйіп әке болған, немере сүйіп ата болған кездегі түйін. Ал жастықтың желігімен басымыз төсекке бірде тиіп, бірде тимей жүретін сонау қызғын шақта мұның бәрі қаперге кірмегені де рас. Әкем қасымда, әкемді күнде көремін, әкем мәңгі өлмейтіндей көрінер еді.

Қазақта «жаксы әке жаман балаға қырық жыл азық» дейтін мәтел бар. Онысы әкеден қалған дүние мүлікті емес, әкеден алған ақыл-кеңесті, тәлім-тәрбиені айтқаны шығар. Ойымызды осылай түйіндеуге де болар еді.

Бірақ азын-аулақ әке мүлкін одан әрі молықтырып, алшаңдап жүргендерді де, сол дүниеге ие бола алмай тақырлап қалғандарды да көріп жүрміз.

Баласының жақсы болғанын тілемейтін ата-ана болмас сірә. Әйтеуір артымда қалсын, атымды шығарсын, ұрпағымды жалғастырсын дейтін тілек кез-келген әкенің көкейінде тұратыны ақиқат. Мұның өзі бүкіл тіршілік арқауы, өмір мәні, табиғат ананың бұлжымас заңы болса керек. Әке мен бала жайлы сөз бола қалса өзіңіз айтқан мына бір әңгіме есіме түседі.

... Әбден қартайып ажалдың шеңгелінен енді құтылмасын сезген әбжіл қария қасына ұлын шақыртып алады. «Артымда қалар жалғыз тұяғымсың, балам. Менің жалғасым өзіңнен басталады. Елге жұғысты бол. Дәм-тұз тартса адам қайда бармайды. Сол жүрген жерінде бір-бір үйің болсын. Сен үшін тірнектеп жинаған қазынам мынау» деп баласының алдына бір дорба алтын қойыпты.

Көп ұзамай қария да көз жұмады. Әкесін бүкіл сән-салтанатымен шығарып салады. Тиісті жөн-жоралғының бәрін жасайды. Артынан ат шаптыртып, асын береді. Әке сөзін берік ұстанған ұл, қайда барсада, өзі тұрған жерінде келістіріп үй сала беріпті. Күндердің күнінде дорбадағы алтын да бітеді. Ендігі жерде үй салу былай тұрсын, күнделікті ішім-жеуіне қаражат таба алмай қиналыпты. «Әкемнің өсиетін бұлжытпай орындадым емес пе? Менде қандай айып бар?» деп түйген бала сол жердегі көне-көз қарияға келіп мұңын айтады. Сонда істің мән-жайын естіп білген қарт:

- Әкенің тілек-өсиетін дұрыс түсінбеген екенсің, балам. «Жүрген жерінде бір-бір үйің болсын дегені, дәм-тұз тартып барған жерінде сыйласатын, сенім артатын бір-бір досың болсын дегені. Досыңның үйі өзіңнің үйің. Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас. Адамның күні адаммен дегенді меңзеп кеткен екен, жарықтық! депті әлгі шал.

Әкесінің өсиет сөзін сонда ұғынған бала мәнсіз өткерген күндеріне налып, жападан жалғыз қалғанына қатты күйініпті дейді.

«Балалар ата-ананың қадірін біл, сендерге де береді қызбенен ұл» деп өзіңіз өлеңге қосатындай, әке-шешенің қадір-қасиетін кеш ұғып, опық жеп жататынымыз содан болар. Кейін ақыл тоқтатып, өткеніңе ой жүгіртіп, артық-кеміңді саралайтындай жасқа келгендегі бір түйгенім. Әкенің де, баланың да жаманы жоқ. Бәрі де тәлім-тәрбиеге, танымына, өмірден көріп-білгеніне байланысты. Бәрі де «ұяда нені көрсе, ұшқанда соны алады» дегенге саяды. Жақсы әкенің жаман балаға қырық жыл азық болатыны рас болса, «жақсы әке жақсы балаға өмір бойы азық» дер едім.

xxxx

Ойды ой түрткілеп оятады. Сонау бозбала кезімдегі бір оқиға әлі есімде. Даудың басы: «Әкеден озып ұл тумас, шешеден озып қыз тумас» дейтін мәтел төңірегінде басталған еді. Әкесінен асып түскен ұлдар аз ба? Қыздар да жетерлік. Абай ше, оны жазған Мұхтар ше? Бұлбұл үнді Күлашты қайда қоясың? деп дауласамыз.

Әбден қызыл кеңірдек болғанша айтысып, екі жақ бір-бірімізді жеңе алмаған соң сізге келіп жүгіндік емес пе. Сондағы өзіңіз айтқан ұзақ сонар әңгіме желісін әлі күнге ұмытқан жоқпын. Жадымда қалыпты.

«Ай туса ол да тартар жарығына,
Су ақса ол да тартар арығына.
Атасы тектілердің тұғыры асыл,
Ұрпағы бір тартады қалыбына»

Тарихтың қатпар-қатпар тұңғыық тереңінен бастау алып, уақыттың небір сұрапылына тап болса да төтеп берген, шашылып төгілмей бізге жеткен асыл мұрамыз бар. Ол халқымыздың тілі, ділі, әдет-ғұрпы. Әрине заманына қарай қаншама қысастық көріп, аясы тарылса да, әйтеуір сақталып қалды. Бұған да шүкір. Мына біздер, бізге дейінгілер сол көнеден келе жатқан халық даналығынан үйрендік, халқымыздың асыл қазынасынан сусындап, бүкіл тіршілік қағидасын санамызға сіңіріп өстік. Міне сол желі бүгінгі күнге дейін үзілмей келіп еді...

Әкем көзін алысқа тігіп біраз үнсіз отырды. Сөзін алыстан орағытып бастағанына қарағанда әңгіменің ауқымды боларын сезген едік.

... Арыны қатты кеңес дәуірінің қисынды жағы да, қысастығы да көп болды. Сүттей ұйып отырған ауыл арасын айтпағанда, бір атадан өрбіген ағайындардың бір-біріне алакөз болғанын, тіпті баласының өз әкесіне мылтық кезенгенін көзбен көрдік емес пе. Бұл не сонда? Заманның бұзылғаны ма, әлде сананың уланғаны ма? Заманнан көрейін десең, қазақ қазақ болғалы басынан кешкен зұлматы осы ғана ма? Ел іргесін сөгілтіп, керегесін қиратып, қазақты жер бетінен мүлдем жойып жіберердей жойқын соғыстарды тарих жақсы біледі. «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама» атанған жоңғар шапқыншылығы халқымыздың жадында. «Қаратаудың басынан көш келеді» деп басталатын зарлы әуен сол кездегі ісі қазақтың әнұраны болды десек артық айтқандық емес. Осындай алапат кезеңде найзасын айға білеген апайтөс ұлдарымызды, ақылгөй даналарымызды ендігі ұрпақ ұмытса не болғанымыз? Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай сынды батырларын, үш жүзге әділ билік айтқан әз Төле би, қаз дауысты Қазыбек би, әбжіл шешен Әйтеке би сынды ғұламаларын халық жадында сақтап келеді. Сол дәуірдегі аты шыққан батырларымыз бен билер жайлы тізбелеп айтар болсам бірнеше кітап болар еді. Сендердің оқулықтарыңда осылардың бірі де жоқ.

Өткенін білмей өскен ұрпақтың өресі тар. Көкейде жүрген, өзек өртейтін көп жайды айта алмай кеткендер қанша? Айтамын дегендердің күйі не болды? Келесі бір ұрпақ өзінің бастауына, ұлтының дәстүріне бір қайрылатын шығар, қалыбына түсер деген үмітпен ғұмыр кештік емес пе? Әйтеуір ұрпағымыздың санасы уланбаса екен. Одан асқан апат жоқ, одан өткен зұлмат жоқ...

«Әкеден озып ұл тумас...» дегенде халқымыз нені меңзеп еді? Құнанбай өзге баларының ішінен Абайды таңдап, Абайға үміт артқаны жайдан жай емес шығар? Әке балаға сыншы. Егер әкесі Абайды ел билеуге, шешендік

өнерге, билердің сөйлеу мәнеріне қаршадайынан баулымаса, Абай да қаражаяу көптің бірі болып қалар ма еді. Бәрін іштен біліп туатын жан болмас сірә. Мұхтар Әуезовтың әкесі де ескіше көп оқыған, діндар адам болған деседі. Жас Мұхтардың ерте қалыптасып, көне тарихымызға тереңдеп енуіне әке ықпалының болғаны сөзсіз. Өйтпесе қазақ халқының бүкіл бір дәуірін көзбен көргендей етіп, асқан көркемдікпен суреттей алар ма еді?

Өз әкем Әзірбай да ақын жанды, әңгімеге өте ұста болатын. Бұрынғы өткен батырлар, билер, сал-сері, ақын-жыршылар жайлы көп білетін. Небір қисса-толғауларды жатқа айтып отыратын. Содан болар менің де өнерге құштарлығым ерте оянды. Ән-күй, өлең-жыр десе құлағым елеңдеп тұратын еді:

«Ол кезде әкем менің алпыс жаста,
Байғұстың баласы жоқ менен басқа.
Баға алмай мен жетімді шешесі өлген,
Жыласа көзі толған қанды жасқа»

Мен жеті жасқа толғанда шешем Ұлдар қайтыс болды. Бойы сұңғақ, ашаң жүзді, байыппен сөйлейтін жан еді. Менің көп жерім анама тартқан болу керек. Үні мақпалдай жұмсақ, той-томалақта алдына жан салмайтын өнерпаз, сезімтал адам болған деседі.

Мені «жайма кекіл жалғызым» деп маңдайымнан қақпай өсірген екен. «Балаң тым ерке, біраз тыйып қомайсың ба» дегендерге, «Әзекеннің қартайғанда көрген көзайымы емес пе? Ұрсып-зекіп жатқаным болмас. Ерке болса да, естиар бала. Есейген соң өзі-ақ тиылады» дейді екен қайран анам.

Анамның бұлай деуінде шындық бар. Көңіліме әлдене жақпай, ойымдағы болмай қалса ошақ басындағы көсеу-қысқаштан бастап, үйдегі қайшы, пышақ, оқтауға дейін түзге тасып, ши арасына тығып тастайды екенмін. Табиғатынан ұстамды, жұмсақ мінезді анам басымнан сипап:

- Кененжан-ау, мұның бәрін енді қайдан тауып аламын. Әкең болса қартайды. Осы шаңырақтың иесі де, сүйеніші де өзің емессің бе? Кененнің үйінде ет турайтын пышақ та қалмапты дейтін болды-ау мына жұрт! дейді мұңайып. Сүйенішім сенсің дегенге марқайып қаламын. Өзімді ересек адамдай сезініп, адымдай басып шығып кетемін. Әлгінде тығып тастаған бұйымдардың бірін қалдырмай тауып беремін. Бұған әкем де, шешем де мәз болып қалушы еді.

Анадан жастай айрылғаннан кейінгі жай-күйім белгілі. «Туып өскен жерім бар Мәтібұлақ, қозы жайған жерім бар күнде жылап» дейтін өлең жолдары менің балаң жүрегімнің ащы запыраны.

Әкесі тірі болса да, шешесі жоқ баланың неліктен жетім аталатынын түсінбеймін. «Әкенің жақындығы жездедей-ақ» деп керігетін әлдебіреудің әзәзіл сөзі шығар. Ойнап жүріп кейде көрші балалармен әлденеге таласып, төбелесіп қалатын сәттер болады. Мұндайда бала көңіліне қарай ма? «Шешесін жұтқан жетімек» деп зекіп-ұрсатындар көбейді. Ондай сәтте жүгіріп келіп, әкемнің қолтығына басымды тығып, өкісіп-өкісіп жылап алатын едім. Жарықтық қазақтың даласындай етегі кең шапанымен денемді

қымтайды, басымнан сипап жуатқан болады. «Тіліне теріскен шықсын» дейді күңкілдеп. Өксігімді баса алмай біраз жатып, ұйықтап қалатын едім. Жусанның исі сіңіп, көне-тоз болған әкемнің сұр шапаны даланың бүкіл жұпарын сіңіріп алғандай әсер етуші еді.

Жоқшылықтың ермен дәмін ерте тартқан баланың елгезек болатыны рас. Содан болар өзім құралас балаларға қарағанда ересектеу көрінетінмін. Қыстың шымырлаған аязына, жаздың аптап ыстығына қақталып шынығып өстім. Қол-аяғым ұзын, бойым сұңғақ. Соныма қарап ауыл балалары «Тырна бұт, ұзын тұра» деп атаушы еді. Қолым босай қалса, бар ермегім қолдан шауып жасаған қалақтай домбыра болды.

Шілдехана-той десе делебем қозып, көңілім алып ұшады. Бәрін тастап кетер едім-ау, байдың кәрі жаман. Өзімді қойшы, пайғамбар жасынан асып, кәрілік деңдей бастаған әкемді қоса тілдейтінін қайтесің. Іш-құса болып жүрген мен үшін бар пәле осы қойдан келетін сияқты. Қойдан құтылсам болды, басыма бақыт құсы өзі келіп қонатындай күй кешемін. Бала жүрегімнен туған тұңғыш әнім «Ри, қойымды» айтып тау-тасқа мұң шағамын. «Қас қылғандай шулайсың, ри қойым, қасқыр тиіп топалаң қырыл қойым» дейді ышқынған жүрегім. Бұл аз болғандай «қас қылғандай өресің, ри қойым, бірің қалмай топалаң қырыл қойым» дейтін қарғысым тағы бар. Шарасыздық. Болмаса менің айтқанымнан қырылып қалған қойды көргенім жоқ. Бәрі сол баз қалпында. Тек бозбала көңілім бозторғай болып шырылдайды.

xxxx

Мәтібұлақ тауы сырт көзге біріне бірі иек арта созылған момақан жоталар сілемі. Алыстан мен мұңдалап тұратын тәкаппар шыңдарды бұл жерден көре алмайсың. Есесіне сай-жырасы көк шалғын, мың бұралған бұлақтар. Арқар, елік, қасқыр, түлкі, қоян, басқа да түз тағылары өте көп болушы еді. Тау шатқалындағы оймақтай көлдерде үйрек-қаз, дуадақ, тырналар жыртып айрылатын. Балалардың жаз бойы ермегі тұзақ құрып, бөдене, кекілік ұстау. «Бұлбұлдар, сандуғаш құс сайда ду-ду» демекші қанаттылардың ерте көктемде басталатын сауық-сайраны күз ортасына дейін жалғасып жатар еді.

Мәтібұлақтың нақ төрінде биік төбе бар. Оны жұрт Сұлу шоқы деп атайды. Кебекбай шешен әлде бір шұғыл жайды хабардар ету үшін осы төбенің басына шығып дауыстап, ел-жұртын шақырып алады екен. Сондағы Кебекеңнің даусы тау жаңғырығымен атшаптырым жердегі ағайындарға түгел естілетін көрінеді.

Ара-тұра әкеммен құралас ауыл ақсақалдары осы төбенің басында отырып әңгіме-дүкен құратын еді. Әкеме еріп мен де барамын. Көне көз қариялардың мақал-мәтелдеп, байыппен айтатын әңгіме желісі менің де қиялыма қанат бітіргендей елітіп әкететін. Естігендерімді ұмытпайтын едім. Менің осы зеректігімді әкем де байқаған болу керек қасынан тастамай ертіп жүреді.

Батырлар жекпе-жегі, қас сұлулар хикаясы, сал-серілер, жанкеспе ұрылар туралы, ханзадалардың сауық-сайраны, ел билеген хандардың небір зұлымдығы жайлы естігендерім қаншама. Жазуым болмаған соң, уақыт өте келе бірі жадымда қалса, бірі қалмады. Бала кезімде сол қариялардан естіген мына бір жайды айтып берейін. Сендердің де естерінде жүрсін деп қарт ақын бәріміздің басымыздан сипап, мейірлене күлетін еді. Біз бір-бірімізге тығыла түсіп, әңгіме тыңдаймыз.

...Ерте бір заманда осы өңірде екі хан көрші болыпты. Әскерінің саны жағынан да, жер-суының ауқымы жағынан да бір шамалас екен. Екеуі де бай-қуатты болса керек. Сырттан жау тисе тізе қосып қорғанады. Жауға аттанса күш біріктіріп шығады. Халқының тұрмыс-тіршілігі де бір біріне ұқсас. Бір ғана түсініксіз жай, хандықтың бірінде жиі-жиі дау-дамай туындап, ел дүрлігіп жатады екен. Тіпті ашынған жұрт ханның өзіне айбат көрсетіп, бей-берекетін алады. Ал екінші хандықтағы жағдай мүлдем басқаша. Ешкімнің үні шықпайды, жайбарахат жатқан ел. Жерге, суға таласып жатқан ешкім жоқ. Құда да тыныш, құлақ та тыныш. Көршісінің мұндай тірлігіне әрі таңданып, әрі қызғана қараған хан бір күні уәзірін шақырып алып:

- Күндегі айтыс-тартыстан әбден мезі болдым. Сен мына көрші хандыққа барып кел. Үнсіздіктің сыры неде? Қандай айла-шарғысы бар? Құпиясын біліп қайт!» деп әмір береді.

Ханның бұйрығымен уәзір сол күні жолға шығады. Уәзірдің бұл аяқасты келуінен секем алса да, көрші хан сыр бермейді. Үлкен сый-сыяпат көрсетіп бірнеше күн қонақ етеді. Көл-көсір дастарқан жайып, тағамның не бір түрлерін әкелдіреді, қазы-қарта, жал-жая асатып күтеді. Күндіз-түні қырғыздың бозасы мен мақсұмын, қазақтың қымызы мен шұбатын құйып уәзірге қошемет көрсетіпті.

Уәзір болса ханның әрбір сөзін, іс-қимылын аңдып, жауап күтумен болады. Тіпті мұның бар екенін ұмытып кеткендей хан ол жөнінде тіс жармайды. Бар болғаны күнде кешкісін уәзірді қасына ертіп сарай алдындағы гүлзар бағын аралап ұзақ жүреді екен. Хош иісті, сан-алуан түсті гүлдердің түбіне су құйып, ұзарып кеткендері болса ұшын қырқып, бірыңғай тегістеп қояды.

Уәзірдің тағы бір байқағаны хан қойдың тілін сүйсініп жейді екен. Былбырап піскен тілдің ұшын өткір кездігімен кесіп алып, мысығына тастап отырғанын әлденеше рет көреді. Дастарқан жиналып онаша қалған сәтте хан өзінің жандайшап жансыздарын қабылдайды. Еңбектеп келіп аяғына жығылған «пенделерін» хан ұзақ тыңдайды. Көңілінен шығып, пайдалы хабар әкелгендеріне алтын теңге ұстатады. Бірінен бірі өткен жылпостар ханның аяғын сүйеге бар. Уәзірдің күнде көретіні осы.

Біраз күн қонақ болған уәзір қайтатын күні қоштасып тұрып, өзінің неге келгенін еппен ханның есіне түсіреді. Сонда хан қонағына қарап:

- Үш күн бойы қасымнан бір елі тастамай ертіп жүрдім. Нені біліп, нені аңғарғаныңды, қандай ой түйгеніңді қайдам. Әйтеуір осы көргендеріңді ханыңа бұлжытпай айтып бар. Арғы жағын өресі болса ханыңның өзі шешер дейді.

Тәкаппар ханның бұл сөзіне шамданып қалған уәзір атын борбайлап сол күні еліне жетіпті. Уәзірінің әңгімесін мұқият тыңдаған хан оңаша қалып ұзақ ойланады. Көршісінің әрбір сөзін, іс-қимылын қайта-қайта ой елегінен өткізеді. Шешуін таба алмай әбден қиналады. Ақыры бір кезде «тым сәуегейсің» деп ордадан өзі қуып жіберген ақылгөй қарияны алдыртып:

- Осының түйінін шешіп берсең ордамда қалдырамын. Таба алмасаң зынданда шірітемін, дейді. Сонда көпті көрген данагөй қарт былай деген екен.

- Жасым болса жүзге жетті. Зынданда шірітетіндей қанша ғұмырым қалды дейсің, хан ием? Сонда да болса өз ойымды айтайын:

- Адамдар да әралуан гүл тәріздес. Күнге қарап бой түзейді, жайқалып өседі. Дәм-тұзы таусылған күні өшеді. Әрқилы мінез, әртүрлі ой-сана бар. Оның бірі ерте толығып, уақытынан озып туады. Енді бірі күйбең тірліктен асып кете алмай, шиырлаған күйінде қалып қояды. Жетелі адам жеті рудың қамын ойлайды. Халықтың сөзін сөйлеп, мұң-мұқтажын айтады. Ол үшін басын өлімге тігуге бар. Ханның қорқатыны да міне осындай адамдар.

Жайқалып өскен гүлдердің бәрі бірдей ме? Биіктеп өскендерінің ұшын қырқып тегістеген, тілдің ұшын кесіп мысығына тастаған ханның әрекетінде осындай мән бар. Халықтың қамын ойлар батыры болса, сөзін сөйлер шешені болса ханға қауіп. Сондықтан батырының басын кес, ділмарының тілін кес дегені. Бастаушысы жоқ ел қойдан жуас, жұмсаң жұдырығыңда, ашсаң алақаныңда.

Жылқы аласы сыртында, адам аласы ішінде. Бес саусақ бірдей емес, ханым. Адамдар арасында өз басын ғана күйттеп, құлқынның құлы болатындар аз ба? Ондайлар елін де, ерін де сатып кетуге бейім тұрады. Жаңағы ханның аяғына жығылып, құлдық ұрып жүрген «жандайшаптар» осылар. Мұның да ебін тапқан екен, әзәзіл. Әлгінде өзіңіз айтқан сауалдың түйіні осындай депті ғұлама. Көршісінің зұлымдығын сонда ғана түйсінген хан не дерін білмей, басын шайқай беріпті.

xxxx

Қазақтың басына қара бұлт үйірілген 1937 жыл. Ел бастаған аймүйіз серкелерін, халықтың көз-құлағы болған біртуар ұлдарын «халық жауы» деген айдар тағып қырып салды. Атты, жер аударды, түрмеге тықты. Мұнда да зымиян жылпостардың кесірінен нақақтан күйгендер қаншама? Бұл нәубет менің де отбасымды айналып өткен жоқ. «Ораз Жандосовтың үзеңгілес, пікірлес досы, ескіні көксейтін ақын» дейтін жаламен түрменің ащы дәмін мен де біраз татқанмын. Амал не? Ақ найзаны білеп, атойсалатын Абылайдың заманы емес. Бетпе бет келген жау жоқ. Бәрі де астыртын, бәрі де құпия жасалды. Бірегей ұлдарынан айрылған ел есеңгіреді. Жол сілтер, бағыт-бағдар көрсетер жұлдыздары сөнген елдің болашағы бұлдыр, беймәлім.

«Ер жігіт тіршілікте нені көрмес,
Ер болса қасіретке бойын бермес.
«Ел кегі жауға кетпес» деген халық,
«Кек қайтпайды» дегенге көңіл сенбес»

Осылайша өзімді-өзім қайрап, өзгелердің де көңілін аулап, жылағандарды жырыммен жуатып жүре бердім. Бірте-бірте бұған да бойымыз үйренді.

Сонау бала кезімде естіген екі хан жайлы хикаяны жиі есіме алушы едім. Япырай, көнеде болған зұлымдықтың кеңес үкіметі кезінде қайта жаңғырық бергеніне таңмын. Ол заманда хан, сұлтан деп дәріптеген шығар. Кеңес кезінде ұлы жолбасшы, күн көсем дедік. Аты бөлек, заты бөлек, заманы-заңы басқа. Ал діттеген мақсаты біреу. Танданбасқа шара қайсы?

Ауыл қариялары айтқан небір әңгіме желісі, әкем Әзірбайдан естіп-білгендерім кейін өлең-жырларыма өзек болды. Сондағы еске түйгендерім кейіннен «Кенебай-Кербез», «Көкетай мен Мәнікер», «Сарпарпы», «Жалғыз қаз» дастандарына айналды. Енді ойласам сырттай жұпыны ғана көрінетін осы бір момақан қариялардың жан-дүниесі алтын сандық, асыл қазына екен-ау!

Қордай өңіріндегі жер-су, сан-алуан шөп аттарын, аң-құстар жайлы әкем Әзірбайдан артық білетін адамды осы жасқа келгенше кездестірген емеспін. Соларды түр-түсіне дейін ажыратып, әрқайсысының ерекшеліктеріне, мал-жанға тигізер қасиеттеріне дейін талдап айтып отырушы еді жарықтық. Атамекенін анасындай қастерлеп, әрқайсысының ерекшелігіне орай ат қойып, айдарлай білетін жер бетінде қазақтан ұста халық жоқ шығар сірә!

Қоңыртөбе, Желсаз, Арпатеңтұр, Қызылқұр, Қызылтас, Орқора, Берікқара, Ерменді, Сулы, Қоянды, Дегерес, Кіндіктас, Ойжайлау, Атжайлау, Шоқпартас, Сыбан сайы, Қоянды сайы, Қызылқайнар, Мәтібұлақ, Иірсу, Ырғайты өзені, Қалқұты өзені...Осының бәрі өзім талай аралап, ән шырқаған Қордай өңіріндегі жер-су аттары.

Осы күндері көнеден келе жатқан тарихи атауларды дәл атап беретін адамдар да сиреп қалды. Әсіресе кеңес дәуірі кезінде жер-су аттарының жөнсіз өзгертілгенін көзбен көрдік емес пе. Қордай – «Георгиевка», Сұлутөр - «Красногорка», Қызылқайнар - «Гвардейский», Мәтібұлақ - «Рославль», Иірсу - «Киров» болып аталып кете барды. Айта берсең бұл тізбенің ұшы-қиыры жоқ. «Сұлутөр десе сұлу төр, нанбасаң барып көзбен көр», «Долаңқара, ерте тұрып атыңның жалын тара» дейтін мәтел сөздерді қазіргі таңда екінің бірі біле бермейді.

Бір ғана Мәтібұлақ жерінде өсетін жүзге жуық өсімдік түрлері болушы еді. Көп жылдар өткен соң әкем Әзірбайдан естіген шөп аттарын, құстардың түрлерін «Шөп аттары», «Құстар аты» деген өлеңімде тізіп жазған едім. Ұзын санын елу-алпыстан асыра алмадым. Көбісі есімде қалмапты. Соның бәрін әкемнің қалай жадында сақтағанына таңмын.

Қазтаңдай, жаужұмыр, қаракей, күреңсе, таракбоз, ажырық, қарамық, жантақ, желкек, ақтаспа, ақшешек, көкемарал, баялыш, уыздық сияқты толып жатқан шөп түрлері болушы еді. Солардың көбісі жойылып кетті.

«Күйреуік пен бұйырғын,
 Жеген малға көп жұғым.
 Қойға өте құнарлы,
 Көтере алмас құйрығын.
 Қараматау, шағыр бар,
 Жалпақ құлақ сағыз бар.
 Жемеген мал жерік боп,
 Жүреді деген аңыз бар» деп әкем Әзірбай өлеңдетіп

айтып отыратын. Ғасырлар бойы шым-шымдап қалыптасқан халық даналығын ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп келген осындай қарттарымыз бүгінде саусақпен санарлық.

Әзірбай аталарың әңгіме арасында : «Бір ағашта қанша бұтақ, біреуі ғана камшыға сап», «Қазанат камшы тигізбейді, азамат жоғын білгізбейді» дегенді жиі айтушы еді. Енді ойласам әкемнің сол айтқандары менің де ел-жұртымды қадірлеп, сүйіп өсуіме, күйреуік болмай қайсар, еңбекқор болып қалыптасуыма зор ықпал еткен екен. Бозбала күннің базары тарқап, «ақын Кенен», «әнші Кенен» атанып, ел аузына іліне бастаған кезімде де, әкемнің асып-тасығанын көрген емеспін. «Мұныға тоба!» дейтін де қоятын.

«Бақ-дәулетті басып ұстап отыратын батпандай салмақ керек», «Атақ-абыройдың келуі де бір сәттік, кетуі де бір сәттік», «Даңқын жер жарса да сыпайы, салмақты бол», «Халық сыншы, халықтан қол үзіп алма» дегенді де әкемнен естігенмін. Менің өнерге деген ынтығымды, өлең-жырға құштарлығымды ерте байқаған да әкем. Көзім ұйқыға кеткенше қасымда отырып, басымнан сипайды, маңдайымнан иіскеуші еді жарықтық. Сол сәтте қайыс-баудан, айыр-кетпеннен мүйізденіп күсе болған әкемнің алақаны мен үшін мақтадай жұмсақ сезілер еді.

Жылжып жылдар өтті. Жұпыны болса да екеумізге лайықтап үй тігіп алдық. Шешемнен қалған біраз дүние бар. Әбден тозығы жетсе де, көзіме ыстық, тастамаймын. Бір үйдің ұлы да, қызы да өзім болған соң үй шаруасына да икемді болып өстім. Жыртылғаны болса жамап, бүлінгені болса бүтіндеп қоятын едім. Қорамызға бірер тұяқ та бітті. Көбісі ешкі. Өсімтал мал емес пе, тез көбейді.

Әкемнің сақал-мұртын басып, шашын, тырнағын алып беремін. Киімдерін тазалап қоямын. Разы болған әкем қолын жайып тілек тілейді:

- О, жасаған! Осы жалғызыма нұр-шапағатыңды көбірек төк. Өмірлі, үрім-бұтақты қыла гөр! Ноғайбай, Кебекбай аталарының атақ-абыройын бере гөр! дейді.

«Айтамын оразада жарапазан,
 Асылмаса құрайды қара қазан.
 Шырт ұйқыда жатқанда ел аралап,
 Тұсына кеп саламын азан-қазан.
 Біреу теңге береді, біреу тиын,
 Біреу мата береді, біреу киім.
 Талқан-тары береді, тастамаймын,
 Жинай бердім, жоқшылық қандай қиын!»

Сол кездегі әкем екеуміздің бастан кешкен сүреңсіз тіршілік тауқыметі осылайша өлең болып өріліп еді.

Қаршадайымнан аштықты да, жоқтықты да әкеммен бірдей көріп, небір қиындықты бастан кешірдік. Содан да болар әкемнің маған деген ықыласы ерекше болды. Ал мен үшін әкемнің алатын орны бөлек. Өнеріме жол ашқан асыл қазынам, қараңғыда бағыт сілтер темірқазығым болды. Кейін қырғыз-қазақтың бұлбұлы атанып, атақ-абыройға кенелген кезімде де «әкемнен асып түстім-ау» деген ой қаперіме кірген емес. «Кененім, кенішім!» дейтіні құлағымда әлі тұр. Жұдырықтай қара шалдан алған тәлім-тәрбие, көрген өнеге, естіп білген ақыл-нақылдар бүкіл өміріме өзек, жаныма азық болғанын қалай ұмытарсың. Халқымыздың «әкеден озып ұл тумас» дейтіні содан болар. Менің де түйген ойым осыған саяды. Расында әкеден баласы озып тумаса керек, заманы озып туады. Ал өз заманының озығы, атақтысы болу деген ол бөлек әңгіме.

xxxx

Өзі де сексенді алқымдаған қарт ақынның атамыз Әзірбай туралы айтқандары бізге ертегі сияқты. «Тағы айтыңызшы. Ноғайбай, Кебекбай шешен, Жолбарыс батыр туралы айтыңызшы» деп шулаймыз. Ешкімнің көңілін жықпайтын балажан ақын кеседегі шайын ұрттап алып келесі бір әңгімесіне көшер еді.

...Жолбарыс батыр, Ноғайбай, Кебекбай осы өңірде өмір сүрген адамдар. Маған аталас туыс болып келеді. Ноғайбай қырғыз-қазаққа бірдей аты шыққан, ел басқарған адам. Ақ патшадан шен алып, жоғары әскери дәрежеге дейін көтерілген. Оның бірнеше әйелінен туған ұрпақтары осы күнге дейін сол ата-қоныста тұрып жатыр. Ноқаңның бейіті Ырғайты жерінде. Алғаш кеңес үкіметі құрылған жылдары ұрда-жық саясаттың кесірінен басына қызыл тастан (гранит) қашап орнатылған белгіні әлдекімдер құлатып тастады, сөйтіп Ноқаңның әруағы тапталды. Ел күңіреніп, іштей наразы болғанмен істер шара жоқ еді.

Халыққа жайлы, шыншыл, әділетті болған екен. Ол туралы ел арасында аңыз-әңгіме көп. Соның көбісін әкем Әзірбай да жыр қылып айтып отыратын. Бала кезімде Ноғайбайды өзім де көрдім. Орта бойлы, қараторы, көзі өткір кісі екен. Аз сөйлейді, көп тыңдайды.

«Ердің пейілін сақта, лебізін сатпа» дейтін нақыл сөз Ноқаңнан қалған. Бата берсе «Ісің оңға бассын, жүзеге ассын!» деп келте қайырады екен.

Ноғайбайдың атақ-даңқы қырғыз-қазаққа түгел тарайды. Алдына жан салмайтын шешен, сөзге берік, жомарт адамның келімді-кетімді қонақтары да көп болады. Атақты Шөже ақын сонау Сарыарқадан арнайы іздеп келген деседі. Сонда алдынан шығып сәлем берген бір топ адамның ішінен Ноқаңды айтпай таныған сұңғыла ақын:

«Құдайым, бұл Шөженің көзін алған,
Көзін алып көңіліне өлең салған...
Кейбіреу тілге жүйрік бақ тимеген,

Кейбіреудің бағы зор үндемеген.

Қол бергеннен таныдым Ноғайбайды,

Тізгіннен өзге ешбір дақ тимеген» деп өлеңдетіп жібереді. Сонда қасындағылар, Шөке, дәл айттыңыз. Өзіңіз қолын ұстап тұрған Ноқаңның тап өзі деп шуласыпты.

Шөжені бір-екі ай қонақ етіп, үлкен құрмет көрсетіп сыйлапты. Ноғайбай ақындарға сынап қарайтын, бәріне емес бірегейіне ғана сый-сыяпат көрсетеді екен. Көңіліне ұнамағандарына: «Иә, қызыл иек заржақтар, бергенді мақтап, бермегенді даттап әлі жүрсіңдер ме?» дейді екен.

«Ақын деп Шөжені айт, шешен деп Бөлтірікті айт, батыр деп Сыпатайды айт» дейтін Ноғайбайдың сөзі жұртқа мәтел боп қалған.

Ноқаңның әйгілі Ақмай сұлуға үйленгені, жеңгесін көріп қайтпаққа Абайдың Сұлутөрге келгені жайлы қызықты әңгіме бар. Ақмай Құнанбайдың көп келіндерінің бірі деседі. Күйеуі ерте қайтыс болған соң Ақмай Верныйда (Алматы) тұратын апасының қолына келеді. Жездесі Мерқасым Құнанбайға туыс екен. Қалаға келген сайын осы үйге қонақ болып түсетін Ноқаң Ақмайға көзі түседі. Жүріс-тұрысы, киім киісі бұл өңірдің әйелдеріне ұқсамайды. Сөздің артын тосып, салмақты сөйлейді. Ақыл-ойы кең, тілі орамды келіншектің парасатты жан екендігінде шүбә жоқ. Бір-бірін жүрекпен ұғысып, көңілдері табысады.

Тағы бір келгенде Ноқаң өз ойын білдіріпті. Бұған Ақмай: «Ерімнен ерте айрылдым. Маған керегі сауық-думан емес, өзіңіз сияқты текті адамның жары болу» деп ашығын айтыпты. Табиғатынан ойға шалымды Ноғайбай Ақмайдың осы сөзінен кейін көп соза берудің жөнсіз екендігін сезіп, бүкіл жөн-жоралғысын жасап Ақмайды еліне алып кету қамына кіріседі.

Бір күн бұрын елдегі Әсел бәйбішесіне хабаршы жібереді. Әсел Ноқаңның жас кезінде ғашық болып алған Байсейіт деген батырдың жалғыз қызы. Көркімен де, ісімен де елге қадірлі болыпты. Ерінің ақылына ақыл, бағына бақ қосқан адал жары екен. Содан болу керек Ноқаңның басқа біреуге көзі түсіп, көңілі ауып көрмеген дейді. Ол заманда атақты-ауқатты адамның бірнеше әйел алуы жөнсіз деп саналмаған. Бұл көнеден келе жатқан әдет-ғұрып. Мұның өзі әлгі адамның беделін көтеріп, атағын арттырады деп есептелген. Сонымен келіскен күні Ноқаң қос ат жегіліп, күміспен апталған әсем күймеге отырғызып Ақмайды алып жолға шығады.

Әсел де тосын хабарды естігенде, біраз ойланып қалыпты. Әселдің қасқабағына қарап үйренген жұрт артын бағып, не боларын күтеді. Аспан айналып жерге түссе де селт етпейтін Ноқаң менің үстіме әйел алам десе, оның да осал болмағаны ғой? Ашу- арыстан, сабыр түбі сары алтын. Бастапқы райынан тез қайтып, арнайы үй тіктіріп, той қамына кірісіп кетеді. Қордай асуынан күтіп алмаққа Әселдің өзі шығыпты.

Жастай келін болып түскен Сырымбет елінің бүкіл әдет-ғұрпын жақсы білетін Әсел қасына ауылдың бір топ қыз-келіншектерін ала жүреді. Барлық сән-салтанатымен киініп, кілең бірыңғай түстен ат мінген бозбала жігіттер қатар түзеп келеді. Олардан оқбойы озып, ақбоз атпен Әсел келеді. Үлкен жиын-тойларға шыққанда Ноқаң екеуі дәл осылай қатарласа жүреді екен. Ән шырқап, сырнайлатқан жастар соңғы лекте, ауылдың игі жақсылары болса

олардан озыңқырап барып сап түзейді. Мұны жұрт «Сырымбеттің салтанаты» деп атайды.

Әлгінде алдынан шыққан хабаршы жігіт:

- Ноқа, сіздерді қарсы алуға Әселдің өзі келеді. Қасында бір топ адамдары бар. Қас-қабағынан ешнәрсе байқай алмадым. Ауыл болса тай-тұяғына дейін шабылып, тойға әзірленіп жатыр деген аптығып. Хабаршы жігіттің осы сөзінен кейін тау шайқалса да сыр бермес, қорғасындай салмақты дейтін Ноқаң орнынан қозғалақтап, мазасыздау күй кешті. Қараторы жүзінде болар-болмас бозғылттау рең байқалғандай еді. Ашуланған кезде алдында атан түйе тұрса да қағып өтетін жаужүрек Әселдің сырын жақсы біледі.

Күйменің бір бұрышында үнсіз отырған Ноғайбайдың жан толқуын Ақмай да байқап, сезіп отыр екен. Әсел ақбоз атымен арындап келіп тақала бергенде ат айдаушыны ымдап тоқтатады. Орнынан секіріп түсіп, алдынан шығады. Иіліп сәлем береді. Атының тізгінін ұстап оң қолын созып, Әселді аттан түсіріп алыпты. Кісілік пен кішіліктің өнегесін көрсеткен Ақмайдың бұл ісіне разы болған Әсел құшағын жайып қарсы алған екен. «Бәсе, жылтырағанның бәрі асыл емес. Қызыл көрсе тап беретін көрсеқызар мінез Ноқаңа жат еді ғой! Көңілі ауып, жүрегі қаласа адаспаған екен. Айтса айтқандай ақылына көркі сай жан көрінеді. Екеуміздің тіл табысуымыз қиын болмас» деп түйеді.

Жылдар жылжып өте беріпті. Ақмайдан екі қыз, бір ұл сүйеді. Тағы бір жолы өз шаруасымен қалаға келген Ноғайбай Абайдың осында қонақ болып жатқанын естиді. Ноқаң Абайдан жасы үлкен, Құнанбаймен қатарлас. Жасы алпыстарға келіп қалған кезі екен. Абайдың өзі туралы, ел-жұрты жайлы Ақмай айтқан әңгімеден әбден қанық Ноғайбай Абайға сәлем беріп, дидактасуды жөн көреді. Ол кездің салты бойынша атақты адамның ертіп жүретін ақыны болады. Ноқанның қасында әйгілі Сарбас ақын бар.

Аман-саулық сұрасып біраз отырған соң Сарбас домбырасын қолына алды. Бұрынғының жолымен ата-тегін айтып, атақты адамдарын, ел қорғаған батырларын, олардың ерен ерліктерін жырға қосты. Игі жақсылардың халыққа жасаған жақсы істерін де қалыс қалдырған жоқ. Сыпатай, Өтеген, Сұраншы, Қарасай сынды ерлерін түзіп, ендігі сөзін Ноғайбайдың өзіне бағыштап айтты.

«Ұлы таудың басынан ұлар ұшқан,
Жеткізбейді ой жүйрік ұшқан құстан.
Сұлутөрдей Ноқанның жайлауы бар,
Келген адам құмартып гүлін құшқан»

Арқасы қозғанда Сарбастың бір қолымен құлағын бұрап-бұрап жіберетін әдеті болатын. Сонысы қызық көрінген болу керек Абай ақырын жымыып, басын шайқап қойды. Ноғайбайдың арғы аталарын, ата-жұртын жырына қосқан ақын, енді Ноқанның өзін мадақтауға кіріскен еді. Манадан бері үнсіз тыңдап отырған Ноқаң:

- Айналайын, Сарбас, мақтауға келгенде алдыңа жан салмайтыныңды білемін. Мені айналып өтші, қалағаныңды берейін, дейді. Бұған үйдегілердің бәрі қосыла күлді. Абайға көз қырын тастап еді «ұлық болсаң, кішік бол» дегендей, Ноқаңның сыпайылығына риза болған кейіпте отыр екен. Ет қайнатым уақыт тоқтаусыз жыр төккен Сарбас та терін сүртіп, домбырасын тізесіне қойды.

- Ақыныңыз арқалы екен, Ноқа. Қошемет көрсетіп, көңіл аулағандарыңызға рақмет, деп Абай шынайы ризашылығын білдірді.

- «Қырғыз-қазақ бір туған, бір тумаса кім туған» дейтін мәтел бар, Абайжан. Екі елдің арасын бөліп Шу өзені ағады. Арғы бетін қырғыздар, бергі бетін қазақтар жайлайды. Қырғыз елінде Шәбден деген досым бар. Оның жыршылары жыр төккенде танды таңға ұластырады. Олардың қасында біздің Сарбасымыз еңбектеп жүгірген бала тәрізді, деп тағы бір күлдіріп алды.

Ол аз десеңіз өзбек дейтін ағамыз тағы бар. Өзбектер де, қазақтар сияқты қалжыңбас халық. Реті келгенде бір-бірін зілсіз әжуалап, мақтамен бауыздайтын әдеттері бар. Көбіне қазақтың аңқау мінезін, ашқарақтығын, тамақсаулығын тілге тиек етеді. «Етті қырғыз турасын, қазақ жесін», «Өзбек жесе жүзімді үзіп жейді, қазақ жесе уыстап жүзін жейді» дейтін әзіл-оспақтар содан қалған. Мына бір әзіл әңгімені елге барғанда айта жүрерсің.

...Бір жігіттің қазақтан қыз алған өзбек бажасы бар екен. Соған қонақ болып қыдырып бармай ма. Бажасы елпелектеп, асты-үстіне түсіп бәйек болады. Өрік-мейізін бір әкеліп, тандыр нанын екі әкеліп жүріп алыпты. Қарны ашып келген тамақсау қонақ жігіт бажасының бұл ісіне амалсыз көніп, әрең шыдайды. Өзегін үзілдіртіп бір табақ палау да келеді. Бажасы болса «алыңә-алыңә» деп безек қаққаны болмаса өзі қол созбайды. Қазақтың «ас иесімен тәтті» дегенін ұстанып әдеттенген жігіт сыпайылық сақтап біраз отырады. Ішек-қарны шуылдап қояр емес. Үй иесі болса «алыңә» дегенін қайталай беріпті. Ақыры шыдай алмаған жігіт әлгінің білегінен шап беріп ұстаған күйі, «бажеке, алсаң көзің көрмей отыр ма?» деп ыстық күрішке тығып жіберген екен.

Жапырыла күлген жұрттың аяғын тосып біраз отырған Ноғайбай сөзін сабақтай түсті.

- Ел арасы қашық болғанмен дабысың Алатауға да жетіп жатыр, Абай. Құнанбайдан бір алғыр бала туыпты, оқығаны көп, сөзге шешен, ойы шалымды деп естуші едік. Соған бүгін әбден көзім жетті. Арғы-бергімізді, жер-суымызды мақтап үндемей кеткеніміз құр көлгірсу болып қалмасын. Ел-жұртымды көзіңмен көріп, Әселдің қолынан дәм татып қайт. Ақмай да бір қуанып қалсын, деді. Абай да біраз ойланып отырып жауап берді.

- Туған жердің, ағайын-жұрттың қадір-қасиетін әйелден терең сезінетін ешкім болмас сірә! Өздері ұзатылып көрмеген соң еркектер мұны қайдан білсін. Баяғыда сулы-нулы жердің бір қызы осы жаққа ұзатылып, елін сағынғанда: «бал татыған балықтың етін жемейтін сорлы басым, қоңырсыған қой етіне қор болдым-ау!» депті ғой. Ақмай төркінін сағынып жатса шаужайынан қақпайтын шығарсыз? деп бір күлдірген. Бұдан соң өзінің асығыс шаруамен келгенін айта отырып:

- Ноқа, аулыңыз қашықтау екен, мүмкін болса Ақмайды осында алдырсаңыз қайтеді, көріп қайтайын дейді. Сонда әлі ет қызуы басылмай отырған Сарбас ақын құлағын бұрап-бұрап жіберіп өлендете жөнеледі:

«Арғы атаң Өскенбай мен Құнанбайды,
Тобықты «Ырғызбайлап» ұрандайды.
Қазақта бірінші боп Әжі барған,
Өз әкең есіне алып бір құдайды.
Меккеде тәңірге арнап үй салғызған,
Туғызған кемеңгер қып бұл Абайды.
Шалатұғын палуандай сөзің әрлі,
Абайжан көңілің қалай бұландайды.
Бармаған шақырғанға зар болады,
Құрметпен барған қонақ ұялмайды»

Отырған көпшілік Сарбасты қолпаштап, «жөн сөз» десті. Абай да бұған уәж айтып жатпады. Жәй ғана басын изеп мақұлдаған еді.

Сол жолы Абай Сұлутөрге келіп бірнеше күн қонақ болды. Ноғайбай іргелес жатқан қырғыздағы Шәбден досына хабаршы жіберіп: «Аулыңа алты жасар бала келсе, алпыстағы қартың келіп сәлем берер» деген. «Ақынның құлағы өзінен қырық жыл бұрын туады» дейтін халықтың дана сөзі бар. Екеуміздің шеніміз шоң болғанмен Абайдың атақ-даңқы одан да зор. Арқаның ардақтысы, замандасымыз Құнанбайдың ұлы Абай бүгінде менің қонағым. Сый-сиапатымды бірге бөліс, қасында болып, құрмет көрсетейік. Палуандарыңды сайлап, сәйгүліктеріңді баптай кел. Төкпе жыршыларың қомыздарын шерте келсін. Аққалпақты қырғыз бауырларының өнерін көріп кетсін. Абайды оқшаулап өзің ғана қонақ еткендегі шыққан мүйізің қайсы? деп ертең дау айтып жүрмегейсің» деп әзіл-шыны аралас сәлем жолдаған.

Досынан осындай хабар алысымен Шәбден де көп күттірген жоқ. Қасына елуге жуық адамдарын ертіп Ноқанның ауылына келіп түсті. Топ бастаған бірер ақсақалдар болмаса дені жастар. Қырғыздың аттары мүсінді, сыртқы пошымы сұлу болып келеді. Тақымды қысып қалсаң атыла жөнелетін қызу қанды сәйгүліктер. Жігіттерін де әбден сұрыптап әкелген екен. Тұйғындай түйілген, кілең бойшаң бозбала. Бәрінің де кигені айыр тұмсық, ақ шашақты, әппақ қалпақ. Осы көріністің өзі-ақ ауылға бір топ ақ шағала құс келіп қонғандай әсер қалдырады. Сән-салтанатымен келген қырғыз бауырларын аттарынан түсіріп алып жатқан Ноқанның ауылы бұрынғысынан да ажарланып, ерекшелене түскендей еді.

Әсел бәйбішенің аулынан басталған қонақ күту рәсімі бірнеше күнге ұласты. Абайдың құрметіне жасалған бұл шараның аяғы үлкен той-жиынға айналғандай еді. Палуандар белдесіп, сайыскерлер ат үстінде өнерлерін көрсетті. Қыз қуу, жамбы алу, көкпар, жорға жарыс, ат жарыс сияқты халықтың ұлттық ойындарына қырғыз-қазақ жігіттері бірдей қатысып, күш сынасып жатты.

Әсіресе Абайға қатты әсер еткен қырғыздың манасшылары еді. Ноғайбай айтса айтқандай-ақ екен. Көздерін тарс жұмып алып, қолдарын оңды-солды

сермеп жыр төгеді. Кей сәтте қанатын қомдаған бүркіттей шүйіледі. Енді бір сәтте көз алдына жауына қарсы ұмтылған қас батырдың бейнесі келеді. Құлағына ауыздығын қарш-қарш шайнаған қас тұлпардың ышқынған дауысы, бір-біріне сілтеген қылыштарының шыңылы естілгендей болады. Жанталас, арпалыс, зуылдаған садақ жебесі...

Манасшының жүзіне көз тастап еді самай тамырлары білеуленіп, көздері канталап кеткендей көрінді. Сол алапат қырғынның ішінде өзі жүргендей екілене түседі. Ет пісірім уақыт өткен сияқты. Бірақ жыршының үні бұрынғысынан да қатайып, көмейінен ерекше бір үн шығады. Телегей теңіз жыр, түбі жоқ тұңғиық жыр. Осының бәрі манасшының қимылымен қабысып, адамның есін алып, жан-дүниенді матап, тырп еткізбей қоятын сыңайлы. Өнер күдіреті деген міне осы.

Жыршы біраз тыныстағысы келдіме, әлде «тым ұзартып» жіберме деген үлкендердің нұсқауы болды ма, бір мезет үзіліс жасап, орамалын алып маңдай терін сұртті. Осы сәтті пайдаланған Ноқаң бірнәрсе айтқысы келгендей Абайдың жүзіне көз салып еді. Қараторы жүзінен танданыстан гөрі жан толқынысын аңғарғандай болды. Реңіндегі болар болмас өзгерісті Ноқаңнан өзге ешкім байқамаған сияқты. Жанарын алысқа тігіп үнсіз отырған Абайдың ой-санасы өзге бір әлемді шарлап жүргендей әсер қалдырады. Ноғайбай мұны іштей сезініп, сыпайылық сақтап біраз отырған. Үнсіздікті Абайдың өзі бұзды:

- Япырай, Ноқа, жазу-сызуы жоқ дейтін халықтың осындай асыл мұрасын ұрпақтан ұрпаққа қалай қалдырып келгеніне таңмын. Манас жырын әлемде теңдесі жоқ, бір халықтың бүкіл ғұмырнамасы іспеттес телегей теңіз дүние деп естуші едім. Менің бүгінгі естігенім соның бір тамшысы ғана болса керек. Абай біраз ойланып отырып, сөзін жалғастылды:

- Қазақта да әртүрлі жайларға арналған небір қисса-дастандар бар емес пе? Солардың көбісі айтушысын таппай жүр-ау, сірә? Шіркін, сол асыл мұрамызды манас жыры сияқты бір арнаға құйып, біртұтас дүниеге айналдыра алсақ ұрпаққа қалдырған таптырмас қазына болар ма еді? деген.

Танды таңға ұластырған ақын-жыршылардың, әнші-күйшілердің бұл тамашасы ендігі жерде «арғын апаның» ауылында жалғасып жатты. Ауыл жастары Ақмайдың атын атамай осылай дейді екен.

Бұл ауылдың қонақ күтуі тіпті ерекше. Қатарластыра тігілген кілең сегіз канатты ақбоз үйлер. Әр үйдің алдында аққудай иіліп ізет көрсетіп тұрған қазақтың ару қыздары. Ұшына шолпы таққан білектей қос бұрымдары еріксіз көз тартады. Артық сөз жоқ, дауыс көтеріп дабырлап жүрген ешкімді көрмейсің. Бір-бірін ыммен ұғысып, іштей тілдесетін сияқты. Оқшау тігілген ас үйден табақ-табақ сыбаға келіп жатыр. Жүзіктің көзінен өтердей епті жігіттер әр үйге тиесілі тағамды әкеліп есіктің аузынан кері қайтады. Үлкендердің үстіне баса көктеп кіру мүлде жоқ. Осы ізеттің барлығы өзіне арналып жатқанын, соның бас қасында Ақмайдың өзі жүргенін Абай да айтпай-ақ сезіп отырды.

Бірнеше күнге жалғасқан той-думанның аяқталар күні Ноғайбай Абайға арнап ту бие сойдырып жоралғы дастарқан жайғызды. Қоштасу рәсіміне қырғыз-қазақтың игі жақсылары түгел келді. Сонда Ноқаң шешіле сөйлеп:

«Бұрынғыдан төрт мәтел,
Төртеуі де дөп мәтел.
Көз қараудан тоймайды,
От жанудан тоймайды.
Ағудан бұлақ тоймайды
Естуден құлақ тоймайды»

- Рахмет, Абай! Ағалықпен айтқан бір ауыз сөзімді жықпай еліме келіп, мерейімді өсіріп отырсың. Азды-көпті сый-сиапатымызды көрдің. Өзіңмен дидакталасқан бірер күнде көңіл сарайым ашылғандай, марқайып отырған жайым бар. Оның несін жасырайын. «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» демей ме халық. Оқығаның да, тоқығаның да мол екен. Өлгінде өзің айтқандай ел арасында ақындық та, батырлық та көп екені рас. Ақылгөй қарттарымыз да баршылық. Бірақ жастарымызда білім жағы тапшылау.

Заманның өзі мың құбылып тұратын тұрлаусыз дүние екен. Ноғайбайда не арман бар? дейтіндер де табылады. Армансыз адам болар ма сірә? Өз басымды күйттегенім емес. Көкейімде жүрген, қолыма түспей кеткен көп арманның ең бастысы ақ патшамен өз тілінде бір сұқпаттаса алмағаным. Құмдай есілген есіл сөзімнің құрымға сіңгендей болғанына назаланамын.

Осы топырақта туып-өскен, замандасым Кебекбай шешен Тезек төренің алдына алғаш барғанда-ақ:

- Оу, төре, бұлақ басынан тұна ма, әлде аяғынан тұна ма? деп сауал қойған деседі. Сонда не дерін білмей абыржып қалған төре:

- Аяғынан тұнатын бұлақты қайдан көріп едің, аққан судың бәрі де басынан тұнар болмас па? деп жауап беріпті. Осылай дерін сезіп отырған Кебекең:

- Ендеше ел-жұртың түзелсін десең, ұрлық-зорлық тиылсын десең бәрін алдымен өзіңнен баста, жақсы үлгі-өнегені, игілікті іс-әрекетті алдымен өзің көрсет деген екен.

Ақ патшаға адал қызмет етеміз деп ант-су ішкенмен, жүрек түкпірінде ел тағдыры, ұрпағымыздың болашағы жайлы ойтолғау жанымды жегідей жейтін сәттерім көп. Заманың ырқыңа көнбеген соң, айтқан сөзіңді ешкім құлаққа іліп жатпаған соң тайталас тірліктің мәні кеткендей жаның шырқырайды. «Тауға да бардым, күнде айғай салдым, одан да шықты жаңғырық» дейтін жан күйінішің біздің де басымызда бар, Абай. Үмітсіз шайтан демекші. Уақыт тезінен өтіп шыңдалған, білімді, білікті жаңа бір ұрпақ келер деген үмітпен ғұмырдан өтерміз, деп сөзін түйіндеді.

Манадан сілтідей тынып, үнсіз тыңдаған жұрт Ноғайбайды басқа бір қырынан танып білгендей аңтарылып қалған еді. Әсіресе билік тізгінін қолында ұстап отырған адамның бұлай деуі Абайға қатты әсер етті. Ой-арманымыз бір жерден тоғысады, жандүниеміз ұқсастық табады деп әсте ойламаған еді.

Ертесі күні Сұлтүрден атпен шыққан бір топ адам сәске кезінде Қордай тауының етегіне келіп жетті. Алатауды бөктерлей созылған қасқа жол осы

тұстан басталатын еді. Қос ат жегілген бірнеше күйме әзір тұр екен. Абайды шығарып салуға ауылдың игі-жақсыларымен қоса, Әсел мен Ақмай да келген. Абай аттанарында Ноғайбайдың қолын алып тұрып:

- Алатау асқар бел екен, Үйсін атты ел екен, етек-жеңі кең екен. Сұлутөр құтты жер екен. Елден-елдің кемі жоқ, төрт Дулаттың пейілі Тобықтыдай кең екен. Ерден-ердің кемі жоқ, Ноғайбайдай ұлыңыз қыдыр қонған ер екен. Бақытты бопсың Ақмайым, келген жерің құт екен. Қош-аман бол ер Ноқа, арта берсін берекең! деп өлеңдете қош айтысады.

Көңілі толқып тұрған Ноқаң Абайды қапсыра құшақтап:

- Өзіңдей өрелі ұлы бар қазақтың көгінде бақыт күні шапақ атып, нұрлана түсетіндігінде еш күмәнім жоқ. Лайым өзіңе ұзақ ғұмыр берсін, деді.

Абайлар мінген күйме бірте-бірте алыстай берді. Аттардың тұяғынан көтерілген бозалаң шаң жер бауырлап жол бойындағы боз жусанға сіңіп қайта басылған. Қоштасуға келген жұрт күймелер әбден көрінбей кеткенше орнынан қозғалған жоқ. Бәрінің де көңіл сарайында Абайға деген ілтипат, зор құрмет, ізгі ниет қалғанында күмән болмаса керек. Халықтың бағына біткен біртуар ұлының келбеті әрқайсысының жүрегінде мәңгі хатталып қалғаны ақиқат.

Қырғыз-қазақтың Абайды көріп, дәмдес болғандары «шіркін, туса туғандай-ақ екен!» деп таңдай қағар еді. Абайдың осы сапары туралы ішінде болып, бәрін көзбен көрген менің ұстаз ағаларым: Еркебай Базарұлы, Сарбас Майкөтұлы, Сәрсөбай Билібайұлы, Шәжіке Оспанұлы және тағы басқалары осылай әңгіме шертетін еді. Сонау бала кезімде естіген әңгіменің менің де жандүниеме қалай әсер еткені айтпаса да белгілі.

Бәлкім Абай айтқан нақылдың әсері болды ма, әлде заманның орайы осылай болды ма сол жылдары Ноқаң бір топ орыс отбасын көшіріп әкеліп, Сұлутөрден жер бөліп берген екен. Атам заманнан бері ат тұяғынан басқа ешнәрсе батпаған құйқалы топырақты соқамен жыртып қайыстай тілгенін көрген қазақтар: «Қайран Сұлутөр-ай, бетегелі белің, сұлу айдай көркің айғыз-айғыз болды – ау!» деп шулаған деседі. Ноғайбайдың бұл ісіне наразы болған ағайындары Ноқанның атына ауыр-ауыр сөз айтып, көпке дейін ат ізін салмай қойыпты.

Бірі жыл өткен соң орыстарға үйір болып, егін егіп, бау-бақша өсіре бастайды, үй салуды үйренеді. Отырықшылыққа бейімделген елдің шырайы кіре түседі. Өзінің қыстауы болған Ырғайты өзеніне орыстарды жалдап диірмен салдырыпты. Қазақ балаларына арнап мектеп ашады. Иван Куликов деген орысты отбасымен көшіріп әкеліп, өз баларымен қоса, өзгелерді де орысша оқытқан екен. Кейін бұлар қазақтың әдет-ғұрпын, тілін үйреніп, тіпті олармен құда-жекжат болып, қыз алып, қыз берісіп араласып кеткен деседі. Ұлдары қазақтармен бірдей көкпар тартып, бәйгеге ат қосатын болыпты. Ноқаң Иван Куликовтың Беренка деген бір қызын өзінің Көпір атты ұлына үйлендірген. Солардың ұрпақтары осы күнге дейін Сұлутөр өңірінде тіршілік құрып жатыр. Ноғайбай көз тірісінде Абайды үлгі тұтып өтіпті. Абайдың бітімі бөлек, ерекше туған жан екенін, ақылы мұхиттай терең, алысты шалатын данағөй екенін үнемі айтып отырады екен.

Халқына осыншама еңбек сіңірген Ноғайбай жайлы, басқа да елім деп еңіреп өткен ерен ұлдарымыз жайлы ауызекі әңгімелегеніміз болмаса, оны зерттеп, зерделеп жатқан ешкім жоқ. Оған заман да, қазіргі саясат та қиыс қарайды. Қазіргі уақыт тезіне қарай айтуға болмайтын, қалыс қалып бара жатқан жайлар көп. Көкірегімде көміліп жатқан мол дүниенің салмағынан кейде жаным жаншылғандай, жүрегім қысылғандай күй кешетінім бар. Егер осының бәрі бізбен көміліп, бізбен өшсе орны толмас өкініш болары сөзсіз. Әкемнің осылай деп налығанын талай көрдім. Сонда көпті көрген қарт ақынның жанын жегідей жеген не нәрсе еді?

Қарапайым халық құшағын ашып, қуана қарсы алған кеңес үкіметінің алғашқы жылдары расында да көңілге зор үміт ұялатқан жоқ па? Патша тақтан құлады, ғасырлар бойы езілген халық еркіндік алды. Ендігі жерде барлық билік, тіршілік тізгіні халықтың қолында. Жасампаз ел боламыз, тарихта бұрын-соңды болмаған қоғам құрамыз! Жас кеңес үкіметі осылайша ұрандатып, дауылдатып келмеп пе еді?

Меңіреу дүниені дүр сілкіндірген осы оқиға ақын-жыршылардың да жандүниесін астан - кестен етті. Болашаққа үмітпен қарағандары да, үрке қарағандары да көп болды. Елдің жаппай сауатын ашу үшін, жаңа үкіметтің саясатын қара халыққа ұғындыру үшін ақындар таптырмас құрал, үлкен күш болғаны айтпаса да белгілі. Болашақ ұрпақтың бақытты болатынына, елінің жаңа бір нұрлы дәуірге аяқ басатынына, шындық пен әділет орнайтынына қалтқысыз сенген ақындар легінде отыздан енді асқан Кенен де болды.

Осылайша үлкен үміт күттірген кеңес үкіметінің алғашқы қарқыны көп ұзамай бәсеңдей бастады. Әсіресе үкімет басына Сталин келген сәттен бастап сап тиылды. Көп ақындардың тауы шағылып, шілдедегі бұлбұлдай үні шықпай қалған кезі де міне осы кезең.

Бар болмысы ақындық өнермен біте қабысқан, негізгі табыс көзі де өлең өріп, жыр толғау болып табылатын бейкүнә ақындардың ендігі тірлігі тозаққа айналғандай еді. Әсіресе ел аралап көнеден қалған қисса-дастандарды таңға айтатын жыршылардың тынысы тарылды. Ендігі жерде бұл ескіні көксеу, өткен заманды аңсау болып қабылданды. Діндар ақындардың жолы мүлдем кесілді. Атақты Бармақ ақынның:

«Сөзімнің қараңыздар мұқамына,
Жігіттер қарабөспе тұтамыңа.
Байболат, Есқожаның ақыны едім,
Әркімнің қонып жүрмін бұтағына.

Өлмедім неге сол кез бас аманда,
Бір қырсық кетпей қойды босағамда.
Бар үміт, бар арманым құрым болды,

Не жаздым аямастай жасағанға» деп зарын айтып, запыран құсатын кезі де осы уақыт. Заманның қысастығына шыдай алмағандары бұл дүниеден баз кешіп кете барды. Көз тірілері түртпекке

түсіп, әйтеуір өлместің күнін көрді. Орда бұзар отыз жастағы Кененнің тағдыры да қыл үстінде тұрғандай еді.

Сол кездегі өзінің көңіл-күйін әкем жасырмай айтып отыратын.

...Жасым отыздан асып, қылыштай дейтін қырықты жағалай бастаған кезім. Сүйінбай, Қабан сынды ақындардан нәр алып, Жамбылды төңіректеп, ақындық өнердің ақ ордасына батыл қадам басқан кезім еді бұл. Бірнеше рет додаға түсіп, айтыстың ащы дәмін татып та үлгергенмін. Айтысқа ысылып, жүрек тоқтатқандай күйде едім. Ендігі жерде Құлмамбет, Бақтыбай, Қатаған, Жамбыл сияқты іргелі айтыстарға қатысып, күш сынассам деп, іштей соған әзірленіп жүретінмін. Ән шығарып, өлең өруді былай қойғанда аламан айтыстың, төкпе жырдың қыр-сырына бойлай түскен шағым.

Той-томалақтарда ән шырқап ел құрметіне бөлену бір бөлек, ал кез-келген ақынның алдында бүгежектемей, сөзіне қарап лайықты жауап беру бір лазым. Ондай ақындардың көбісі арқалы болып келеді, сөзге өзі тартады. Намысыңа тиетін сөзден де қашпайды. Мұндай сәтте айтысудан қашқақтап бұғып қалу өліммен тең. Одан гөрі домбыранды тастап, қолыңа ақ таяқ ұстап қой баққаның әлде қайда тиімді.

Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе? демекші өз тағдырым өзімнің қолымда тұрғандай сезінуші едім. Оным бекер екен. Дауылдатып келген уақыт тезі өз ырқына көндірмей қояма? Сөйтіп бойымдағы ырық бермей жүрген ақындық арыным басқа бір арнаға құйылғандай, жаңа бір бастау алғандай күй кештім. Көбімізге беймәлім замана ағымына еріксіз қосылып жүре бердік. Оңды-солын терең пайымдай алмаған қарапайым жұрттың, өмірде болып жатқан өзгерістердің ақ-қарасын жете ұғына алмай әуре-сарсаңға түскенін көзбен көрдік. Ондай жағдай өз басымда да болып жатты.

Іштегі булыққан, аласапыран ойдың шешуін таба алмай жүрген кезімде маған оқығаны бар, көзі ашық Ораз Жандосұлындай азаматты кездестірді. Іш-құса болған ақындардың тағдырын, өзімнің жәй-күйімді жасырмай ақтарып салдым. Менің жұпыны киіміме, мұңайған жүзіме біраз қарап үнсіз отырған Ораз:

- Кенеке, бұл заманның қалай-қалай бұландарын ешкім де дәл тауып айта алмас, сірә! Ертеде бас бермейтін, үйретуге көнбейтін асауға қылбұрау салып жуасытпаушы ма еді? Сайын далада сағымдай ағып, қырандай еркін тірлік еткен халықты уысында ұстап тұру оңай болмас. Бүгінде соның кері келіп тұрғандай. Үкімет сол қылбұрауын босатпай, қайта бұрай түскен сыңайлы. Ас беру, ат шаптыру, ақындар айтысы сияқты халқымыздың көнеден келе жатқан әдет-ғұрпы сиреп қалды. Ақын-жыршыларымыз тіленшінің күйіне түсіп, базар жағалап жүр. Бір кезде нөсер жырдың киесі атанған солардың жүздерін, үстіндегі алба-жұлба киімдерін көргенде жаның шырқырайды. Осыны көрмей-білмей жүр дейсіз бе? Қайта соларға қарағанда сіз бақытты адам екенсіз. Құлақ құрышын қандыратындай әніңіз бар, қан ұйытар үніңіз, елге айтар сөзіңіз бар. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» демеуші ме еді, Кенеке? Бұл тұман да сейілер. Өткір кездік қап түбінде жатпайды. Домбыраңызды қаттырақ бұрап ел арасына барыңыз. Халықтың

көңілін өсіретіндей жыр толғаңыз. Көппен көрген ұлы той деген міне осы!, деп ағынан жарылды.

Ораздың осы жанашыр сөзінен кейін аптыққан жүрегім байыз тапқандай, көңілім орнына түскендей болып еді. Бірте-бірте жаңа заманның ыңғайына көніп, уақыт ағысымен қалт-құлт күй кешіп жүре бердік. «Бас та өлең, құлақ та өлең, мұрын да өлең» дейтіндей, қойшының қой төлдеткені де, диқанның егіс еккені де өлең-жырдың өзегіне айналды. Көсемді күнге теңедік, партияны гүлге бөледік. Жырланбай қалған нәрсе қалмады-ау деймін. Әр бесжылдыққа арналған өлең-жырымыз көл-көсір болды. Соның дені мадақтау еді. Түймедейді түйедей етіп бадырайтып көрсету керек болды. Осылайша науқаншыл ақынға айналғандай күй кештік.

Күре тамырының бірі қурап қалса да құламай, өзге тамырларынан нәр алып ұзақ жылдар бойы жапырақ жайып тұра беретін бәйтерек сияқты, менің де ендігі тірегім бойыма біткен өнерім болды. «Өнер деген алапат күш. Қандай қапаста жатып тұншықса да жол табады» деп Ораз рас айтқан екен.

Сталин дүниеден өткеннен кейін, оның билік басындағы жандайшаптарының да тартпасы босай бастады. Жылдар бойы сіресіп тұрған мұздақ еріп, жылы леп сезілгендей, елдің тынысы ашыла түскен кез. Ұмыт болған ақындарын енді есіне түсірген болу керек 1954-55 жылдары үкіметтің арнайы қаулысы шығыпты. Онда ақын-жыршылардың тірі қалғандары болса дереу қолға алып, көмек көрсетілсін, өлең-жырлары кітап болып басып шығарылсын делінген көрінеді. Арнайы комиссия құрылған деседі. Іздеу салған кезде бүкіл қазақ жерінде қалған көне көз ақындардың саны саусақпен санарлықтай екен. Сондағы қалғандарымыз Сыр бойында Нартай, Ақтөбеде Нұрпейіс Байғанин, Талдықорғанда атақты Қалқа, Қордайда мен болсам керек.

Екейде елу бақсы, сексен ақын,
Жаратып мінеді екен, ерттеп атын.

Қобызы, домбырасы үнін қосып,

Гулейді жын қаққандай кешке жақын дейтін
ақындардың ақ ордасына айналған Жамбылдың ауылында Үмбеталыдан
басқа ешкім қалмапты. Оның өзі де көп жылдан бері науқас болатын.

Сәбит Мұқанов сияқты бірер жазушылар мен ғалымдар болмаса, «осылардың обалына қалдық-ау!» деп күйзелген ешкімді көрген жоқпын. Қанша ақын арманда кетіп, қаншама өлең-жырдың тұмшаланып, бастау көзінің сарқылғанын кім біліпті? Қазіргі естіп жүргендерің менің жетпістен асқан кездегі даусым. Оған да шүкіршілік. Бұған жеткен де бар, жетпей кеткендер қаншама? Болмаса талай есіл әндерім, өлең-жырларым томағасы алынбаған күйі ғайыпқа сіңіп, жоқ болар ма еді...

Қарт ақын осылай деп мұң айтатын. Ондай сәтте тағы мінез, қаны қызу қас тұлпардың аспанға атылып, тұяғымен жер тарпып аласұрған сәттері көз алдыңа келгендей болады. Құлағын бұрап, санына қыл бұрау салған кездегі тұлпардың «шыңғырған» даусы естілгендей әсер алушы едім. Менің бозбала көңілім әкемнің жас кездегі жандүниесін осылай сезініп, осылай қабылдайтын. Қанша аласұрып, алысқанмен амалсыз ауыздыққа көнген

тұлпар іспеттес, ақынның да шарасыздыққа мойынсұнған жан сезімін ұғынғандай боласың.

Кеңес үкіметін құру кезінде ел арасында болған күлкі шақыратындай небір қызық жайларды әкемнен естіп, көзімізден жас аққанша күлуші едік. «Бауыры тақыр батрақ», «Союз қосшы», «Шошақ бөріктілер», «Құдайсыздар» деп аталатын ұйымдар болған екен. Тіпті шектен шыққаны соншалықты кейбір белсенділерді «Құдайсыздардың бастығы» деп атайтын көрінеді.

...Солардың бірі көкпар тартып жүріп аттан құлап екі аяғын бірдей сындырып алыпты. Келіп көрген тәуіп «аяғын кеспесе болмайды, мына ісік кеудеге жетсе өледі» дейді. Жанына қатты батқан болу керек «Айналайын құдай, пендешілігімді кешіре гөр! Ең болмаса бір аяғымды қалдыра гөр!» деп әлгінің жалбарынып жатқанын көргенде әкем мырс етіп күліп жіберіп:

«Жалынып жан қысылса құдай дейміз,
Жай кезде анау дейміз, мынау дейміз.
Өмірге әкеледі, әкетеді,
Құдайдың мұнысына қалай дейміз?» депті.

Сонда жаны қысылып жатқан әлгі белсенді: «Кенеке, замандасым едің ғой. Менің жалынып-жалбарынғаным құдайдың құлағына жетпей жатыр-ау, деймін. Даусың биік есмес пе, сен де бір ауыз айтып көрсенші» деген екен.

xxxx

Уақыт өте келе көңіліне түйген, осы уақытқа дейін айта алмай келген көп жайды қағазға түсірді емес пе. Жасы жетпістен асса да шабытынан таймаған қарт ақынның өндіре жазып, жыр толғаған сәті де осы кез. Май шамның жарығымен кішкене дөңгелек столға ұмсынған қалпы таңға отырған кездерін өзім де талай көргенмін. Кеседегі майлы құрттың бір түйірін аузына салып сорып отырып жазатын.

- Кенен-ау, күндіз шылым шеккенінді қош дейік. Енді таңға отырып шексең, өкпеңнен не қалады? Кеуденді ыс алып қалмай ма? деп шешем бәйек болатын. Әсіресе жазу үстінде шылымды қолға алмай, құрт соратын әдет осылай қалыптасты.

Бір дорба құрттың бірер күнге жетпей қалғанын көргенде:

- Мынаны қайсысың жеп қойғансыңдар? Тіпті таусыла қоятындай болған жоқ. Сыртқа тасып жүрмесендер, деп шешем бізге ұрсады. Біз үндемей құтыламыз. Ұрлап жеп жүргенімізді қалай айтасың. Мұндайда әкем арашаға түседі.

- Балалардың кінәсі жоқ, Нәсиха. Кеше таң атқанша отырып едім, байқамай жей берген болуым керек. Өзі де балдай тәтті екен, құрғырың. Кейін мен өлгенде «қолда барға қанағат дейтін атам-ау, бір отырса бес кесе құрт жейтін атам-ау!» деп жоқтасаңдар болғаны дейді күліп. Әкеміздің бұл сөзіне мәз боламыз. Шешем де қосыла күледі.

- Өзің бас болған соң, балалар не істемейді. Осылардың сөзіне сөйлеп әбден жаман үйреттің дейді зілсіз.

Бір жолы ертеңгі шайға әкем кешігіп тұрды. Реңі қашып, көздері қызарып кетіпті. Мұны көріп секем алған шешем:

- Кенен-ау, осы жасқа келгенше айтарыңды айтып, жазарыңды жазып болған шығарсың. Бәрі де кітап болып шықты ғой, эне. Атақ-абыройдан да кенде емессің. Ендігі қалған өмірінде қағазға тесілгенінді азайтып, деннің саулығын ойлағаның артық емес пе? деген. Әкем бұған кәдімгідей кейіп қалды.

- Жаның ашыған соң айтып отырғаныңды білемін. Болмаса осының бәрін атақ алу үшін жазыппын ба? Тек атақ-абырой үшін додаға түскенімді қашан көріп едің? Аяғына жем түссе аттың өлгені, айтар сөзі сарқылса ақынның өлгені. Жанымды бағып жата берсем мені ешкім де сөге қоймас. Бірақ гәп басқада. Ұйқыңды шайдай ашқызып, басыңды жастықтан жұлып алдыртатындай бір күш бар. Сол бір тылсым құдірет жанымды қамшылайды, маза бермейді.

Мұндай күйді мен сонау қауызы ашылмаған бала кезімде бастан кешірген едім. Қозы-лақ бағып жүріп, таптал түсте тастың көлеңкесінде небір қиялға шомып жатып ұйқтап қалатын кездерім жиі болатын. Түсімде үнемі ақ сақалы желкілдеген, қолында ақ таяғы бар қарияны көремін. Кейде ол Кебекбай кейпінде, кейде Сарбас ақын кейпінде кіреді. Жүзіме төніп келіп, кәдімгі зікір салған бақсыдай мені айнала жүгіреді. «Өлең айт, қәне!» дейді жер тепкілеп, Қолындағы сегіз өрім қамшысымен жотамнан осып-осып жібереді. «Айтамын, ата, айтамын. Тек сабай көрмеңіз!» деп шырылдаймын. Ән салып жатып өз даусымнан шошып оянатын едім. Үсті-басым малмандай тер. Екі көзім алақтап атып тұрамын. Жайып жүрген қозы-лақтың қайда өріп кеткені белгісіз. Мәтібұлақтың сай-жырасы көп. Өкпемді қолыма алып, құстай ұшамын. Абырой болғанда қозы-лақтар ұзап кетпейді. Кешке қарай малды айдап құр сүлдерім ауылға келуші едім.

Менің әппақ қудай кейпіме қарап, секем алған жұрт: «Әзірбайдың осы баласы ұшынған-ау сірә? Әлде пері соқты ма екен? Бет-әлпеті есінен айрылған адамдай» деп сөз етеді. Бірнеше күн тілім байланғандай, ешнәрсеге құлқым жоқ, сүлейсапа күй кешетінмін.

Әкем байғұстың істемеген шарасы жоқ. Ауылға әлдеқалай келіп қалған бақсы-балгерлердің бәріне мені апарып көрсетеді. Олар болса білген емдерін жасайды. Жер тепкілеп, айнала жүгіріп үйдің керегесін сабалайды. Балқыған қорғасынды басымнан айналдырып ұшықтайды немесе шиге орап қойып қамшымен сабау дегенді сонда көргенмін. Денеме мұздай су бүркіп, жаңадан сойылған кепенің өкпесімен қағып аластау деген тағы бар. Ем қонғандай болады, мен жеңілденіп, жазылып кеткендей боламын. Бірер ай өткен соң әлгі түсті қайта көремін, бәрі сол баз қалпында қайталанады. Осы түсім мен 13-14 жасқа келгенше қыр соңымнан қалмай қойды.

Ол кезде жаз-жайлауға шыққан елдің той-жиыны көп болушы еді. Біреу қызын ұзатады, енді бірі келін түсіріп ұлан-асыр той жасайды. Ас беріп, ат шаптырып жататын еді жұрт. Бесік той, сүндет той, шілдехана дейсіз бе? Әйтеуір той көп. Орайы келсе тойдан қалғым келмейді. Реті келіп бара

қалсам ананы-мынаны шатпақтап сол ауылдың қыз-келіншектерімен, жеңгелеріммен айтысқан боламын. Даусым биік, соныма қарай әндерім де тәп-тәуір. Шырқатып ән салсам денемнің құрысы жазылғандай, рахаттанып қаламын. Келе-келе той иелері арнайы шақыртып алып, өнерімді тамашалайтын болды.

«Менің көңілім сондағы өлең айтпақ,
Жас күндегі жүрегім неден қайтпақ.
Қой күзеткен қыз-қатын шуылдаса,
Айтысамын солармен сандырақтап»

Әнші Кенен, тойшы Кенен атана бастадым. Міне осы кезден бастап әлгі қыр соңымнан қалмайтын ақсақал да ғайып болды. Ұйқым тыныш, осы уақытқа дейін түсіме кіріп көрген де емес. Содан бері қаншама уақыт өтті. Тіпті бала кезімдегі сол бір делсал күйді мүлде есімнен шығарған едім. Бүгін түнде әлдеқашан ұмыт болған әлгі қарияны тағы көрдім. Ғайыптан пайда болғандай көз алдымда тұрып алды. Япыра-ай, мұндайда болады екен-ау! Сол ақ таяғы, әппақ шапаны, желкілдеген әппақ сақалы. Еш өзгермеген. Тек қолында баяғыда мені сабайтын қамшысы жоқ. Өңін де суытпайды, жылы қарайды. «Сен де ақсақалды қария болыпсың-ау!» дейді күлімсіреп.

Қасында бір топ адамдар бар. Олардың да кигендері ақ түсті шапан. Қария ымдап мені қасына отырғызды. Дауыстап сәлем берген сияқтымын. Сәлемімді ешқайсысы алмады. Естімеген сияқты үн жоқ. Дөңгелене отырғандардың жүздеріне бажайлап қараймын. Әлде біреулерге ұқсатамын. Бірақ жыға танымай отырмын. Олар болса селт етпейді, тұнжыраған күйде кимылсыз отыр.

Құлағыма алыстан бір сарын жеткендей. Әлдекімнің қарлыққан үнін естігендей боламын. Ойпыр-ау, Жәкеңнің даусы ғой мынау! Атып тұрып қасына барғым келеді. Шамам жоқ. Қол-аяғымды матап, байлап тастағандай.

«Кешегі анау боз үйден,
Шыққан дауыс сен бе едің?
Бөдене мен тұрымтай,
Бұққан дауыс сен бе едің?
Бүркіт болсаң боларсың
Үлкен екен шеңгелің».

Сонау бір түбіт иек бозбала кезімде Жамбыл маған осындай баға беріп еді-ау! Ұмытқам жоқ, Жәке. Қырық жыл шашбауыңызды көтеріп, үзеңгі қағыстырып қасыңызда жүрдім емес пе? Танды таңға ұластырған, төкпе жырдың тәңірі сізді ұмытсам не болғаным, Жәке? деймін. Жамбылда үн жоқ. Бірте-бірте алыстап бара жатты.

Енді бірде «туажатым, Кененім!» деген таныс бір дауыс шықты. Жалт қарасам қарсы алдымда Кебекең кетіп барады. «Халық алдына барғанда - халық алған тілімді, ұлық алдына барғанда - ұлық таппаған мінімді» дейтін Кебекбай шешен осы. Қасындағы адам әкем Әзірбайға ұқсайтын сияқты.

Сасқалақтап, асығыс сәлем беріп жатырмын. Бұлар да үн қатпайды. Сондарынан тұра жүгіргім келеді. Қол-аяғымның жаны кетіп қалғандай қимылдай алмаймын.

- Япырай, бұларға не болған? Тап қастарында тұрған мені көрмей ме? Бар даусыммен айғайлаған боламын. Үнім шықпайды. Құлағыма тек Кебекеңнің:

- Кенен шырағым, осы күні мазам жоқ. Денем тоңып жүр, үстім ашылып қалды ғой деген үні естілгендей. Аласұрып жатып, оянып кеттім. Сол бала кезімдегідей сел-сел болып терлеппін. Ішімнен жарықтықтың әруағына дұға бағыштап ұзақ жаттым. Әруақтар аян береді деуші еді, рас болғаны ғой. Екеуінің бейіттері де қатар жатыр. Басына барып, құран оқытпағаным да біраз уақыт болған екен.

Кештеу тұрғанымның себебі осы. «Шайларыңды тезірек ішіп, өрістен қой алдырыңдар. Мен ауылдың ақсақалдарын шақырып келейін. Мал сойып, әруақтардың рухына құран бағыштамасак болмас» деді.

xxxx

Әкем түсін айтып жатқан кезде менің есіме ана бір жылы болған бір әңгіме түсті. Университеттің бірінші курсын бітіріп, ауылға демалысқа келгеніме екі-үш күн ғана болған. Шақырып жатыр деген соң, істеп жатқан шаруамды қоя салып әкемнің жазу бөлмесіне келдім. Иығына жеңіл пешпентін жамылып, бір нәрсе жазып отыр екен. Маған бұрылып, бірден әңгімеге көшті.

- Балам, біраз демалып тынығып қалған боларсың? Сенің демалысқа келгеніңді күтіп ем. Мына Шу ауданын аралап қайтсақ қайтеді. Аудан басшылары да: «Кенеке, біздің өңірге ат ізін салмағаныңызға көп болыпты. Ел-жұрт та сағынып жүр. Біраз қонақ болып, елдің де сый-құрметін көріп қайтыңыз деп қолқа салып кетті. Арнайы шақырғанда бармағаным, әбестік болар. Анау мәшиненді баптап дайында. Жолда «болдырып» қалмасын. Бірталай күн болатын шығармыз» деген.

Белгіленген күні ақынның ашық қоңыр түсті «Волгасына» мініп жолға шықтық. Бұл менің әкеммен бірге ұзақ сапарға алғаш шығуым еді. Бұрылыс-қалтарысы көп Қордай асуынан кейін таспадай тілінген асфальт жол басталады. Өлгінде өрге қарай шапқан ат сияқты еркін көсіле алмай келген қоңыр волга сымдай тартылған тегіс жолға шыққанда қайқайып алып зауласын келіп.

Маусым айының жанға жайлы күншуағына малынған кербез дала. Сол жағымызда күнгей Алатаудың биік шыңдары бізбен қатарласа жарысып келе жатқандай. Көкорай белдер мен мұңдалап көз тартады. Айнала ерекше түрге малынып, құлпырып тұр. Табиғаттың көркем көрінісі әсер етті ме, әлде жер апшысын қуырған жеңіл мәшиненің ұшқырлығы елітті ме екен? Әкемнің көңіл-күйі көтеріңкі еді. Ара-тұра баяу келе жатқан көліктерді басып озамын. Бала мінезді ақынға осының өзі бір қызық көрінетін болу керек. Өлгі көлікпен қатарласқан сәтте: «Бә-әс!» деп дауыстап қалады. Кәдімгі бір бәйгеде өзі шауып келе жатқандай әсерленетін сияқты.

- Балам, ең жүйрік осы сенің мәшинен-ау? деймін. Заулап өте шыққанда көз ілеспейді екен, дейді балаша мәз болып.

- Бұдан да ұшқыр машинелер бар, ата. Бірақ оларды шетелде шығарады. Оныңыз рас. Біздегі ең жүйрігі осы, деймін.

- Бәсе, болса болар. Қобыландының Тайбурылындай жүрген сайын екпіндей түседі екен. Осы заманның темір тұлпары деп бекер атамаған-ау! Әй, бірақ мұның тегіс жолда ғана ызғитын сияқты. Тау-тасқа келгенде тасырқаған аттай кібіртіктеп қалады екен. Әлгінде Қордайдың биігіне күшеніп әрең шыққан жоқ па? Табаны қызған сайын екіленіп, қос құлағын жымқыртып алып көсіле шабатын қас тұлпардың жөні бөлек-ау, шіркін! Ондай атқа ылди-өрдiң бәрі бір. Қолтығы жазылған сайын, құстай ұшып дiттеген жерiңе жеткiзедi.

Әңгіме желісі үнемі ат жайына ойыса берген соң, әкемді сөзге тартпақ болып:

- Ата, Ақан серінің Құлагерін білесіз ғой? Ол жайлы Илияс Жансүгіров пояма да жазған. Бүкіл еуропаның таңдайын қақтырған Абсент дейтін жылқы бар. Оның сұлулығына тәнті болмаған адам жоқ. «Олимпиада» деп аталатын жарыста дүниенің төрт бұрышынан әкелген небір сәйгүліктерден басып озып, алтыннан алқа таққан жылқы. Сондай атақты жүйріктер Қордай өңірінде де болған шығар? дедім.

Ойым ұғынықты болу үшін неғұрлым қарапайым сөйлеуге тырысқан едім. Күміс подсигарынан беломор каналдың бір данасын алып, байыппен тартып отырған әкем, ойына әлдебір жайды түсіргендей біраз үнсіз отырды.

- Бұл өңірден де талай-талай жүйріктер шыққан, балам. Жақсы ат десе құлағы елең ете қалмайтын қазақ жоқ шығар. Жөргегінде жатып жылқының кісінеген даусымен оянатын, қаршадайынан аттың жалына жабысып өскен қазақ баласына одан артық бақыт, одан асқан қызық болмаса керек. Жүйрік ат – ер қанаты. Тіпті аты беймәлім адамның даңқын алты алашқа жайып жіберетін де осындай сәйгүлік. «Қашсаң жаудан құтқарған, қусаң жеткен» дейтін қас жүйрікті міну ол кезде әрбір азаматтың арманы болған. Қазақты жылқы мінезді халық дейтіні содан болар. Сайын далада еркін жүріп, кәусар бұлақтың суын ішіп, үнемі ат үстінде өмір кешкен ата-бабаларымыздан қалған қасиет бұл.

Кейде қазақты қойдан жуас, «бауыздап» жатсаң мыңқ етпейтін момын халық дейтіндер бар. Бұл әзәзілдікпен әдейі кемсіту үшін айтылған жаңсақ пікір. «Сабыр түбі сары алтын» дегенді халқымыз ұлы қағида деп қабылдаған. Содан да болу керек ер жігіттің бойындағы осындай қасиетті қадір тұтып, қастерлей білген. Қайсарлық, неге болса да төзімді болу, шыдамдылық көрсету халқымыздың бойындағы асыл қасиеттер. Оны түсінбегендер осылай деп көлгірсуі мүмкін.

Атқа қонған адамның бойында желік пайда болады. Әншейінде «қой аузынан шөп алмайтын момын» деген кез-келген қазақты атқа отырғызып көрші. Әпсәтте өзгеріп, арқаланып, желігіп шыға келетіні сондықтан. Әсіресе қазаққа тән қызба мінезді көкпар тартқанда айқын сезінесің. Тақымы мықты, тегеурінді жігіттің ымырт жабылар кезде ауылды азан-қазан етіп көкпар

алып келгенін талай көргенмін. Әкем сонау бір бала кезіндегі әлдебір жайды есіне түсіргендей біраз отырды.

- Көкпарды осы күні де тартып жүрміз ғой, ата. Қалаға барсаңыз көкпар тартуға арналған арнайы алаң да бар. Адам көп жиналады. Ақша төлеп көреді дедім.

- Көкпар берудің де, оны тартудың да көнеден келе жатқан өз тәртібі бар. Осы күні мәре көкпар деп жүргендерің оның қасында баланың ойыны сияқты. Көкпарды көп жағдайда бақуатты, жағдайы бар адамдар әлде бір қуанышқа орай беретін еді. Көкпар беретін адамның аты-жөні, мекен жайы, қай күні берілетіндігі алдын ала хабардар етіледі. Бір бірінен естіп құлақтанған жұрт сол күні әлгі үйдің маңына жиналатын еді. Көпшілік отбасына арнап жақсы-жақсы тілектерін білдірсе, ақындар сол үйдің ата-бабаларының рухына бағыштап мадақ өлеңдерін айтады. Отағасы көкпар берудің мән-жайын түсіндіріп болған соң, қолын жайып көпшіліктен бата сұрайтын еді. Топ ішінен жасы үлкені шығып бата береді. Батаны кім көрінген емес елге қадірі бар, аузы дуалы адам беруге міндетті.

Әкем сөніп қалған папиросын қайта тұтатты. Әңгіме желісін үзіп алмайын деп мен де үнсіз отырмын. Мәшиненің де жылдамдығын азайтып, бірқалыпты жүргізіп келемін. Сонымды сезген болу керек, «Дұрыс, балам «тұлпарыңның» тұяғын қыздырып алып, аяңға көшкенің жөн. Асықпаған арбамен қоян алады» деді.

- Әлде қашан өткен жайларды несіне қазбалап отыр деп қалма. Әрі жол қысқарсын, әрі есінде қалсын деп айтып отырмын. Қаланың өміріне ерте араластың. Бірақ ауылдың қарапайым қоңыр тірлігінен қол үзіп алма, балам. Қыр адамдарының жаны таза, көңілдері дарқан келеді. Баладай сенгіш, аңғал болады. Кейбір қала көрген, шала оқыған жылпостар момын жұрттың берекесін алып, шырқын бұзатын жайлар бұрын да болған, қазір де бар. Кебекбай шешен сондайлардың ісіне назаланғанда: «Е-е, балаңды көп оқытсаң ел көрмейді, аз оқытсаң елге келіп тыныштық бермейді» дейді екен.

Кебекбай Байторыұлы 1800 жылы дүниеге келіп, 1887 жылы қайтыс болған. Мәйіті қазіргі Расловль совхозы, бұрынғы Мәтібұлақта, Сұлу шоқының етегінде жатыр. Менің әкем Әзірбаймен замандас болған кісі. Кебекең бүкіл ғұмырын ел-жұртын сыртқы жаудан аман сақтауға, әділет орнатуға, қарапайым халықтың жоғын жоқтауға арнаған. Қара қылды қақ жарған әділетті би, әрі батыр әрі шешен адам болған. Мен төрт-бес жасымда Кебекеңді көрдім. Егде тартса да тұғырынан түспеген Кебекеңнің ер тұлғасы менің бала жүрегімде мәңгі сурет болып қалыпты.

«Шор буын, сүмбіл сүйек, кеудесі кең,
Шелектей кебентайы етек пен жең.
Жүгініп жұрт алдында сөз сөйлесе,
Болмаған бір қатесі, бәрі де жөн».

Кейіннен жазылған «Кебекбайдың келбеті» деген өлеңімде батырдың бейнесін осылай деп көрсеткен едім. Кебекең айтыпты дейтін небір шешен сөздерді әкем Әзірбайдан да көп еститінмін.

Кебекбайдың жастай үйленген ұлы Нұрбек жеке отау тіккен соң түнлікті түсіріп қойып, түске дейін ұйқтағанды әдетке айналдырған екен. Ертеңмен баласының үйіне кіріп баруға келінінен ұялып, әдеп сақтайды. Уақыт өте береді. «Жас қой құмары тарқаған соң қалпына келер» деп күтеді. Оны біліп жатқан баласы жоқ. Сонысына ашуланған әкесі бір күні ертеңмен келіп, ат үстінде отырып дауыстайды. Баласының атын атамай, былай дейді:

«Оу, Көтмырза!
Жағаласар жауың кетті,
Шешетұғын дауың кетті.
Сауылмаған малың кетті,
Пәтшағарды оятсаңшы,
Қайдан тауып алып едің?

Ұялмайтын қалың бетті», деп қамшысымен үйдің керегесін салып - салып жіберіпті.

Бұл тағдырды қойсаңшы, бүкіл қырғыз-қазақты аузына қаратқан қайран көкем бір құлаш жерге сиып жатыр. Әкем мен анам Ұлдардың, Үлпілдек бәйбіше мен жастай айрылған Базар-Назарымның бейіті де тап осы жерде.

Кебекбайдан қалған аталы сөздерді, қиыннан қиыстырған түйінді ойларын, шешендік ақыл-нақылдарды жинақтар болсақ атан түйеге жүк боларлықтай дүние. Талай жылдар өтсе де кейінгі ұрпаққа аманат болып қалған Кебекең айтыпты деген мынадай сөздер: «Дәлелсіз сөз қыр асырмайды, өтірік сөз бұра бастырмайды», «Сыйлас елдің бірлігі болады, бірлікті елдің тірлігі оңады», «Жардың түбін шым сақтайды, сөздің түбін шын сақтайды», «Ердің атын ел сақтайды. Ерлер елі үшін шейіт кетеді, артында шеттігі өсіп жетеді», «Екі ел сыйлас болса, бірін бірі қимас болар». «Өлгенге – салауат, қалғанға – аманат» және т.б. соның айғағы.

«Кебекбайдың қасқа жолы», «Кебекеңнің сөресі», «Кебекбайдың атталайы» дейтін сөздер әлі күнге дейін елдің жадында сақталып қалған. Мұның бәрі жай ғана айтыла салған сөз емес. Бәрінің де тарихи мәні бар, негізінде шындық жатыр.

Сонау жаугершілік заманда ата-бабамыз Мәтібұлақты бөктерлеп, жыра-жыраның арасымен малын айдап, жасақтарын алып өтеді екен. Қоқан хандығы Жетісуға әмір жүргізіп қарсы шыққандарды қырып-жойып, күшпен тізе бүктірген кезең Кебекеңнің жігіттік кезімен тұспа тұс келеді. Кебекбай да дар тұзағынан талай-талай аман қалған. Ол жайлы ел аузында аңыз-әңгіме көп. Ел-жұртын жаудан аман алып қалу үшін Кебекең бүкіл ауылды осы жолмен алып өтіп, шашау шығармай, жауға алдырмай Балқаш асқан деседі. Кейіннен оны Кебекеңнің құрметіне «Кебекбайдың қасқа жолы» деп атап кетіпті.

Әлі күнге халық аузында жүрген Кебекеңнің тағы бір ерекшелігі мынау. Алыс жолға шыққанда астындағы атына қамшы басып, біраз жерге дейін шауып барған соң ғана аяңға көшетін әдеті екен. Ауылдан ұзамай жатып шаба жөнелген Кебекеңнің соңынан серіктері де қоса шабады. Мұның мәнісін түсінбегендер «Жын қуғандай онысы несі?» деп таңқалысады екен. Соны іштей сезіп келе жатқан Кебекбай күліп:

- Түннен қалған көжедей көңілдерің быжып, тұла-бойларың құрысып келе жатқанда осылай сергіп алсын дегенім. Ат та адам сияқты. Денесі қызып, қолтығы жазылған жылқы сергек жүреді, ұзақ аяңға төзімді келеді дейді екен. Мұны жұрттың «Кебекбайдың атталайы» деп атайтыны сондықтан.

Кебекбай қайтыс болғанда қырғыз-қазақтың бүкіл игі жақсылары, алыс-жақын ағайындардың бәрі жиналып үлкен құрмет көрсеткені тарихтан белгілі. Қоштасуға келген жұрттың көп болғаны сонша етегінен басына дейін өрген адамнан Сұлу шоқының ұшы көрінбей қалыпты. Бірнеше күн аза тұтып өзінің туған жері Мәтібұлаққа қойыпты. Қырғыздың Тоқтоғұл, Қалмырза бастаған ақын-жыршылары, Шәбден батыр сияқты игі жақсылары, қазақтың Сүйінбай, Әмір, Сарбас секілді ақпа ақындары бірнеше күн бойы Кебекеңе жоқтау айтып, ақырғы сапарына шығарып салады. Жиынның соңғы күні барлық шаруаның бас қасында жүрген Ноғайбай ортаға шығып жұртқа былай депті:

- Кебекең тек Қасқараудың ғана емес, бүкіл қырғыз-қазақтың ардақтысы, данагөй ақылшысы. Ел намысын сатпаған, жаудан - даудан қорғауға, белін шешіп жатпаған әрі батыр, әрі шешен адам. Келесі жылдың қыркүйек айында Кебекеңе ас беріледі. Бергісі қырғыз, арғысы өзбек ағайындарға дейін хабар берілсін. Өз Төленің інісі, әділетті ту еткен ер атамның әруағын бір көтеріп тастауға аянып қалмаспыз.

Кебекеңнің асын көзбен көрген қариялар ондай жиынның бұл өңірде бұрын соңды болмағанын айтып таңдай қағар еді. Аламан көкпардың өзі екі күнге созылып, ат бәйгесіне үш жүздей жүйрік қатысқан екен. Өзбек, қырғыз ағайындардан келген әр көкпаршының жетегінде қос-қос аты бар. Мұны көрген жұрт «мыналар аттарын көкпар тарту үшін емес, көрмеге көрсетуге әкелген бе?» деп күліпті. Асқа келген адамнан аттың саны көп. Әсіресе қырғыздың сымдай тартылған «Көкаяқ» деген сәйгүлігіне таңдай қақпаған адам қалмаған деседі.

Ол заманда қазіргідей темір жол, асфальт жоқ. Айнала қоршаған биік тау сілемдері. Ортасында жатқан тақтайдай кең дала арнайы жайылған дастарқан тәрізді. Көз жетер жердегінің бәрі алақанға салғандай көрініп тұратын еді. Төрде Алатау, оның қарсысында Мәтібұлақ, оған Аңырақай тауы жалғасып жатыр. Көнеден айтылатын әңгімеде қалмақтармен болған қырғын соғыстың орны осы жер деседі. Ұрыс сахнасы іспеттес дала төсінде қатар-қатар жатқан обалар көп болушы еді. «Онда шайқаста қырылған қалмақ жауынгерлерінің сүйегі көмілген» деп көне көз қариялар айтып отыратын. Солардың көбісін әлдекімдер қазып, жермен жексен етіпті. Не іздегендерін кім біледі? Осы күнге дейін тот басқан қылыш сынықтарын, садақ жебелерін ауыл балалары тауып алып жүреді.

Көкпарға парлап ат әкелсе оның да өз сыры бар. Бәйгіге шабатын аттың жөні бөлек. Оны ерекше күтіп, айлап баптайды. Ал аламан көкпарға түсетін жылқының дене бітімі, тұрпаты өзгеше болуға тиіс. Кейде тіпті таңертеңнен басталып әбден кеш түскенше жалғасатын көкпарға шыдас беретін жылқы кемде кем. Бұлшық еттері бұлтылдаған, бура сан жігітті көтеріп жүру оңай

ма? Оған ең мықты деген аттың белі шыдамайды. Кезек-кезек ауыстырып міну үшін қос-қостан ат жетелеп келудің мәнісі сол.

Кебекбайдың асына іргелес өзбек, қырғыз ағайындардан талай-талай додаға түсіп шыныққан, ең таңдаулы, тіс қаққан көкпаршылары келіпті. Алматының арғы-бергі жағынан келгендер тіпті көп. Бергісі Ұзын ағаш, Қаскелен, Қарақастек, арғысы Талғар, Қапалдан ат арылтып жеткендер қаншама?

Көкпардың алғашқы күні сайын даланың шаңын аспанға көтеріп күш сынасқан адамдардың қиқуынан құлақ тұнып, ат дүбірінен жер қайысқан деседі. Сеңдей соғылысқан салт аттылардың қалың нөпірі буырқанған теңіз толқынын көз алдыңызға әкелгендей еді. Қай жағы да намысты қолдан бермеуге серт еткен сияқты.

Жүзге жуық адам көкпардың қызғын ортасында атойнатып қиқулайды. Көкпар тартуға әбден төселіп, кәніккендері болмаса мынадай құрсаудан сытылып шығу оңай емес. Бұған көбіне серіктестері көмекке келеді. Көкпар қолына тиген адам атын қамшылап ілгері ұмтылады. Міне осы сәтте серіктестері де екі жағынан сыналай кіріп өз адамын ілгері алып шығуы тиіс. Бірі әлгінің атын қамшылап жатса, енді бірі тізгінінен тартып ілгері сүйрейді. Әйтеуір анталаған көпшіліктің арасынан сытылып шығу басты мақсат. Бұдан кейінгісі астындағы атқа сын. Соны сезгендей жануар да барын салып ышқына алға ұмтылар еді.

- Қас жүйріктің көзі шарасынан шығып кетердей аларып, құлағын жымқырған күйі жолбарыстай атылған кезін көріп пе едің? Әкем маған шұғыл бұрылып, бетіме барлай қарап отыр екен.

Көкпар тарту былай тұрсын, атқа отырсам, астыма біреу тікенек салып қойғандай қопандап, ұшып кете жаздайтынымды әкем де талай көрген. Мені сынау үшін әдейі айтып отырғанын сезіп отырмын. Жәй ғана езу тартып, үндеген жоқпын. Менің мұнымды мойындау деп ұққан болу керек, ары қарай әңгімесін жалғастыра берді.

...Көкпар кезінде есте мықтап ұстайтын, бұлжымас қағида бар. Оны есте естен шығармау қажет. Мәселен, көкпардың қызығына желігіп алған лектің алдынан көлденең шығу немесе қарсы жүру аса қауіпті. Есіл-дерті көкпарға ауған жұрттың да, айғай-шудан делебесі қозып елірген аттардың да есі шыға көсілетін сәті бұл. Солардың ығына қарай сен де атыңның басын бұрып алмасаң қағып өтіп, баса көктеп кетуі әбден мүмкін.

Әкем мұны неде болса біле жүрсін деп маған әдейі айтып отырғанын іштей сезіп, басымды изеп қойдым.

...Күн көтеріле басталған тартыс ымырт жабылғанға дейін бір толастамапты. Суырдың, саршұнақтың ініне кіріп кетіп аяқтары мертліккен, ат тұяғы тиіп тірсектері тілінген аттарды жетелеп оқшау әкетеді. Осылайша додадан амалсыз шығып қалғандар да көп болыпты. Тіпті кейбіреудің ызаға булығып шыдай алмай атын бас-көзге сабағанын көрген жұрт:

- Жылқының не кінәсі бар? Көкпар тартуды білмейтін өзіңнен көр, деп араша түсіп, әлгінің өзін сабап тастайды екен...

Сырттан келген сірі тақым жігіттер қанша күш салса да көкпарды алып кете алмай әбден сарсаңға түседі. Қырғыз жігіттері бір-екі жолы көкпарды

алып қарасын үзіп кеткендей болыпты. Тың атқа мінген ауылдың көкпаршылары Қордай асуының аузынан қуып жетіп қайтарған екен. Мұның аяғы дауға айналып, ашу билегендері бір-біріне қамшы жұмсаған деседі.

- Сонда қалай, көкпарға деп қос-қостан ат әкелгенімізге күлген қазақ, бір үйір жылқысын қосқаны несі? деп кінә тағады. Расында, күн ұзақ дала төсінде ойқастап, әбден титықтаған атпен таулы жотадан асып кету кімге де болса оңай емес. Бірінші күні болған дау-дамайды әрең басып, ертесі күні тағы бір үлкен серке сойылып көкпарды жалғастырған екен.

Әр кез қиыннан қиялап жол табатын Ноғайбай мұнда да өзінің тапқырлығымен жиылған елді разы етіпті. Ертесі күні көкпарды бастамай тұрып топ алдына шыққан Ноқаң былай деп уәж айтады:

- Кеше қырғыз ағайындар айтқан сөздің жөні бар. Өзіміз деп өзеуремей әділіне келейік. Ендігі жерде Қордай белесіне дейінгі қашықтық қырғыз жігіттері үшін мәре болсын. Соған ат тұяғы ілінсе көкпар қырғыздікі. Ал сонау Алматы асып келген ағайындарға Тарғап жоталары мәре шегі болып белгіленсін. Сол тұсқа жетсе көкпаршының жеңгені. Ешқандай өкпе жоқ. Екі бағыттың да ара қашықтығы отыз-қырық шақырымды құрайды. Ауыл жігіттерінің мақсаты көкпарды жібермей алып қалу. Ноғайбайдың осы сөзіне тоқтаған көпшілік батасын беріп, ризашығын білдіреді.

Екінші күнгі тартыста Мәдиярдың Тақыркер деген аты елдің аузына ілініп, таңдай қақтырған деседі. Мәдияр осы өңірден шыққан әрі батыр әрі елге қадірлі адам болған. Оның үстіне ат баптайтын, сайыпкерлігі тағы бар. Осы жолы үш рет әкеткен көкпарды Тақыркермен қуып жетіп қайтарған жігіттің абыройы артып, елдің ризашылығына бөленіпті. Тақыркердің тұрпатын, ұзақ күнде шабысынан бір танбаған ұшқырлығын ел ұзақ уақыт тамсана айтып жүріпті. Ит жығыс секілді бірде олай, бірде бұлай тартылған көкпар күн батқанша созылып, ақыры қырғыз асқан деседі.

Кейіннен қырғыздар арнайы келіп Тақыркердің құнына мың қой, жүз жылқы берейік бізге сат деп ат иесіне қолқа салған дейді. Сонда Мәдиар:

- Маңдайыма біткен екі құт бар. Бірі тұяғы кетілмес Тақыркерім, екіншісі Тортөбел тұлпарым. Екеуін де құлыншақ кезінен алақаныммен жем беріп өсірген едім. Менің қолымнан болмаса, бөгде адамның бергенін аузына алмайды. Бұлардың бөгде біреуге үйренуі де екі талай. Мың қойың бір жұттық, жүз жылқың жұғым да болмайды, ағайын. Ренжімендер. Бұл екеуін саудаға салсам киесі ұрмай ма? деген екен.

Кебекбайдың асында бас бәйгені осы Тортөбел алыпты. Үш жүзге жуық жүйріктен оқ бойы озып келіпті. Бас-қасында болғандар әсіресе Тортөбелдің өзге жылқыға ұқсамайтын ақылдылығына қайран қалып, тәнті болған дейді.. Аттардың тұяғынан ұшқан шаң-тозаңнан көзі жасаурап, көрмейтіндей халге түскенде ақылды жануар басын екі жағына қайта-қайта бұрып «көзімді сұрт» дегендей белгі береді екен.

Бәйгіге қосарда ат иесі айтты ма, әлде баланың өзі сезді ме басындағы орамалын жұлып алып құстай ұшып келе жатқан аттың көзін кезек-кезек сұртіп жіберіпті. Сонда осыны күткендей Тортөбелдің ышқына көсілгенін, оқтай атылып бәрінің алдына шыққанын жұрт көзбен көріпті. Екі қолын

көкке сермеп «әруақ - әруақ» деп айғайлап жеткен қаршадай баланы жиналған көпшілік көпке дейін бастарына көтеріп түсірмей қойған екен.

Әкем папиростың тағы біреуін қолына алып тұтатуға кірісті. Әлгінде естіген әңгіменің әсері болу керек тұлабойым шымырлап, денемде әлде бір қызу пайда болғандай. Әсіресе аттың жалын құшып, жұлдыздай ағып бара жатқан әлгі жұдырықтай баланың бейнесі көз алдымнан кетпей тұрып алды. Қиялға көбірек бойлайтын шағым ғой. Әкем осынымды сезгендей шылымын сорып үнсіз отыр.

- Ата, осы Тортөбел Өскенбайдың асында да шауып, алдыңғы бәйгенің бірін алған дейді. Бас бәйгені бермей қойып, оның арты үлкен дауға айналыпты дейтін әңгіме бар. Әркім әртүрлі айтады. Соның шындығы қайсы?

- Е, е балам, деді даусын созыңқырап. Осы күні білсе де, білмесе де әйтеуір жанынан қиыстырып әңгіме соғатындар көбейіп тұр. Біреуден естігендерін өзі көргендей етіп айтатындар да бар.

«Кейбіреу әңгіме айтса көп айтады,
Аузыма ел қарасын деп айтады.
Біреуге біреудікін ауыстырып,
Дәлелсіз білмеген соң неге айтады?

Кейбіреу дәмді, тәтті сөз айтады,
Кейбіреу құрт-малтасын езе айтады.
Қызықсыз күнде айтылған бір әңгіме,
Құлаққа мазасыз боп тез қайтады» дейтін менің ертеректе шығарған өлеңімді білетін шығарсың?

Әңгіменің түпнұсқасын өзгертпей, келесі буынға сол күйінде қалдырып отыру көнеден келе жатқан қағида. Болмаса сөзде мән-мағына қалмайды. Бұрынғы аталарымыз осыны берік ұстанған.

Құнанбай әкесіне ат шаптырып, ас беремін деп үш жүзге сауын айтқаны рас. Осы жиынға Мәдиар бір топ серіктерімен Тортөбелді алып барған деседі. Ұзақ жолда апталап жүріп әрең жеткен екен. Алатаудан келген сәйгүліктің түр-тұрпатына сұқтана қараған жұрт танданысын жасыра алмапты. Бұл сөз Құнанбайға да жетеді. Ең білікті деген сайыпкер сыншысын шақырып алып:

- Үйсіннен келген аттың жай-күйін көріп, жасырмай келіп айт, деп тапсырады. Тортөбелді сырттай бақылап көрген атбегі:

- Қүнеке, Алатаудан келген ат нағыз бабында екен. Тауға да, жазыққа да бірдей шабатын қас жүйрік. Бір-екі күн тынықса бәйгеден үзіліп келері сөзсіз дейді. Сонда алыстан келген қонақтардың «бірер күн тыныс бер» дегеніне карамай, бәйгіні уағдалы күнге жеткізбей бастап жіберіпті.

Жүз қаралы жүйріктен үзіліп шыққан екі сәйгүлік мәреге үзеңгі қағыстырып қатар келген екен. Соның бірі Тортөбел. Даудың басы осыдан басталыпты. «Бас бәйгені алыстан келген Алатаудың жүйрігіне берейік» дегенде, Құнанбай қыңырлық танытып көнбей қойыпты. Бұған разы болмаған Мәдиар:

«Жарығы бірдей түсер күн мен айдың,
 Әбілаз қызын алған Жамантайдың.
 Көзі соқыр деуші еді Құнанбайдың,
 Көңілі де соқыр екен, ұялмайтын.
 Үш жүзге әділ болған әз Төле би,
 Өтеген тұқымы едім, Малдыбайдың.
 Тортөбелдің бәйгісі ердің құны,
 Ақымызды жегізбес бір құдайым!» депті.

Мәдиардың осы сөзінен соң елдің игі жақсылары Құнанбайға басу айтып, қонақтарын Өскенбайдың үйіне түсіріп сый-құрмет көрсетіпті. Алыс ағайынның ренжіп кеткені әруаққа ауыр тимесін деп бас бәйгені теңдей бөліп берген деседі. Осы сапардан кейін Тортөбел де бір аяғынан ақсап, шораяқ болып қалған дейді. Мұны біреулер жолсоқты болғаннан десе, енді бірі тіл-көзден деп әртүрлі жорамал айтады.

Міне, балам, Кебекеңе ас беріліп, Кебекбайдың сөресі аталған жерде осы күні «Рославль» совхозы орналасқан. Уақыт өте келе осының бәрі елдің есінен шығып барады. Біз сияқты бірер көнекөздер болмаса, кейінгілер мұны біле де бермейді. Ал атақты Мәдиардың сөресі қазіргі өзіміз тұрған Киров колхозының бас жағында. Оны жұрт әлі күнге дейін осылай атайды.

Бірнеше жыл өткен соң басқа бір замана легі келетінін, әлдеқашан ұмыт болған жер-су атаулары қайта жаңғыратынын нақ сол кезде әкем де, қасында отырған мен де болжап біліппіз бе?

Әкем мұны көре алмай кетті. Уақыт өте келе «Рославльдің» Мәтібұлақ атанарын, «Кировтың» Кенен ауылы атанарын кім білген? Менің пешенеме осындай бақыт бұйырған екен. Ақынның 75, 80, 90 жылдық мерекесі көз тірісінде тойланды. Ақын дүние салғаннан кейінгі 100, 110, 120 жылдық мерей тойын ел-жұрты дүркіретіп өткізді. Сол тойдың бәрі де өзі айтып отыратын Мәдиар сөресінде өтті. Ендігі бір ұрпақтың жадында Мәдиар есімінің қалу қалмасын болжау қиын. Ал Кенен атаның тойы болған жер «Кенен сөресі» атанып ұрпақтар есінде ұзақ сақталары даусыз.

xxxx

Шу ауданында бір апта жүріп, бес-алты ауылда қонақ болдық. Расында ақынға деген халықтың ықыласын сырттай есту бір басқа, көзбен көру бір басқа екен. Қай ауылға барсақ та иін тірескен жұрт. Бірі қарт ақынның қолтығынан демесе, енді біреулері алдын орап, қолынан, жеңінен сүйіп жатыр. Тіпті кішкентай баласын әкеліп: «Кенеке, мына «жаманның» аузына түкіріп, батаңызды беріңіз, Сізге ұқсап ақын болар ма екен?» дегендер де болды. Ешқандай жасандылық жоқ. Ақынын әулиедей қастерлейтін қарапайым елдің риясыз пиғылы.

Күндіз халық арасында болып, кешкісін сол ауылдың бір басшысы үйіне қонақ етеді. Дастарқанға арнайы іріктеп шақырылғандар келеді. Түннің бір уағына дейін тырп етпей отырып әңгіме тыңдайды. Бір байқағаным ауылдың

жасы үлкені де, кішісі де көне әңгімелерге барынша зейін қояды екен. Тіпті партия қызметінде жүргендердің өздері:

- Кенеке, қолымызға күнде түсе бермейсіз. Бергіде болған жайды өзіміз де оқып, біліп жүрміз ғой. Бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың сөзінен көбірек айтсаңыз екен деп тілек білдіретін еді. Сондағы әкемнің арқаланып отырып айтқан әндерін, төкпе-жырларын, не бір қызық хикаяларды таспаға түсіріп, жазып алар адам болса ғой шіркін!

Соңғы күні Қызыл сай деген жерде болған шопандар тойына қатыстық. Ол кезде жылда өткізілетін мұндай жиынды «слет» деп атайтын. Мал-жанын қыстың қаһарынан аман - есен алып шығып, көктемгі мал төлдету науқаны кезінде абыройы асқан шопандарға сыйлық беріп, шапан жауып, марапаттап жататын еді. Тойдың арты әртүрлі ұлттық ойындарға айналады. Ат бәйгісін осы күнгідей айнала шаппайды, белгіленген мәреге апарып алыстан жіберетін еді.

Аттар қайтқанша Кенекеңнің әнін естиік, өлең-жырын тыңдайық деп қаумалаған жұрт ақынды ортаға алып биіктеу бір төбеге жайғасты. Жаяулары дөңгелене шеңбер жасап отырса, аттылары соларды айнала қоршап алған.

Шабысынан танбаған қарт ақын құлақ күйін біраз шертіп - шертіп жіберіп, желдірмесін бастай жөнелді:

«Бұрынғының жолымен,
Жырымды біраз төгейін.
Ұран боп қалған ұрпаққа,
Аталардың әруағын,
Есіме салып көрейін»

Бұрын көңіл бөлмеген болуым керек, әкем топ алдына шыққанда арқаланып, жүзі нұрланып, сұлуланып кетеді екен. Малдасқұрып отырғанның өзінде өзгелерден биіктеу, бітімі ерекше көрінетін. Әлсін-әлсін әуеннің ырғағымен басын шайқап қойып, екпіндетіп жырлайды. Ақ сақалы желкілдеп, екі иығы бүлкілдеп ат үстінде келе жатқандай әсер береді. Сол екпінге орай сөзі де түйдек-түйдегімен шығып жатар еді.

Бір жолы әкемнен:

- Төкпе жырдың ерекшелігі неде? Ақындардың бәрі осылай жырлай ма? Әлде бұл кейбіріне ғана тән өнер ме? деп сұрағаным бар. Сонда әкем күліп:

- Төрт аяғы тең түсетін жорғаны көріп пе едің? Ақындардың ішінде де су жорғасы болады. Жамбыл Үмбеталі ақынның осындай қасиетін ерекше бағалап «қара жорға» деп атайды екен. Төгіп жырлау қырғыз ақындарында көп кездеседі. Солардың бәрін емес, бірегейін ғана төкпе ақын деп атайды. Бұл мыңнан озып, халықтың құрметіне бөленген ақын-жыршыға берілетін дәреже. Тіпті атақ десе де болады. «Менің атым төкпе еді, төкпе келді төккелі» дейтін сөз содан қалған.

Біз үшін төкпе жырдың түп атасы Жамбыл. Бүгінде «Жәкеңнің желдірмесі» деп жүргеніміз сол. Ол да өнердің бір түрі. Кез келген ақынның уысына түсе бермейтін қасиет. Өзім де Жамбылға еліктеп, төкпе жырдың қыр-сырын көп үйрендім деген.

...Қарт ақынның жырын тыңдап отырған жұрт сілтідей тынып калыпты. Ара-кідік аттардың пысқырынып, кісенегені болмаса, бөтен шу жоқ. Әр атаның аты аңызға айналған адамдарын атап өтіп, рухына жыр бағыштайды. Тіпті осы жолы бәйгіге ат қосқандардың да арғы-бергі тегін түгендеп шыққандай еді. Оны ақынның қай кезде сұрап біліп алғанын кім білсін?

Кенет осы ауылдың тұрғыны болу керек орта жасқа келіп қалған толықша әйел:

- Қарақтарым-ау, аталарыңның әруағын тірілтіп жатқанда қарап тұрғандарың қалай? деді. Артынша шашақты ақ орамал алдыртып, әкемнің алдына төседі. Мұны күтпеген қариялар «жөн-жөн» десіп, қозғалақтап қалды. Бұрын мұндай жоралғы ырымды көрмеген менің таңданысымда шек жоқ. Манадан бері осыны күтіп отырғандай әр тұстан «әруақ - әруақ» деген дауыстар естіліп қалады.

Бұл аз болғандай аталарының аты аталған сәтте әркім келіп орамалға ақша тастайды. Әп-сәтте әкемнің алды ақшаға толып кетті. Кілең кесек-кесек, алақандай ауқымды ақша. Қалада жүріп ақшаның дәмін татып қалғандығым ғой. Ішімнен әлгінің есебін шығарып, санап жатырмын. Тағы да сала түссе екен деген шайтан үміт те жоқ емес. «Мәреден аттар қайтыпты» деген хабар келгенде ғана ақын жыр айтуын тоқтатып, сәл тыныстаған еді. Ұйып тыңдаған жұрт жапырыла рахметін айтып, ризашылықтарын білдіріп жатыр.

Менің көкейімде сол баяғы ақша тұр. Қазір әкем орамалдың ұшын түйіп маған ұстатын шығар деп қиялдап отыр едім. Менің ойымдағыдай болмады. Орамалдағы ақшаның бір бөлігін уыстап алып қаттаған күйі оң жағында отырған қарияның алдына қойды. Уысы да тым үлкен екен:

- Ноқта иесі Жалайыр бабамның ұрпағы екенсіз. Жол сіздікі. Мынаны сіз алыңыз дейді. Қанша ақша екенін санап та жатқан жоқ. Енді бір бөлігін «мүйізді Өтегеннің ұрпағы» деп тағы бір ақсақалдың алдына қойды. Домалақ ананың сіңлісі деп орамал жайған әйелге де берді. Осындай ретпен әр атаның жоралғысын жасап біткенде нөпір ақшадан бір уыс қана қалып еді.

- Кенеке, деді әлгі әйел даусын көтере сөйлеп: «Аталардың әруағын тірілтіп бәрімізді разы еттіңіз. Лайым сізді солардың рухы қолдап, қорғап жүрсін! Аттың иесі, ақынның киесі бар дейді екен бұрынғылар. Мына ақ орамал ақжол болсын сізге. Бала-шағаңыздың қызығын көріңіз!»

Көреген әйел осылай деп аз ғана ақшаны орамалға ораған күйінде әкемнің өзіне берді. Тегін келген ақшаның «талапайға» түскенін көріп, ішім ашып қалды. Әлгіндегі тәтті қиялдан дым да қалған жоқ. Тойдың тезірек тарқағанын тілеймін. Ендігі жерде оның қызығы да, мәні де қалмаған сияқты.

...Баяғы көзіміз үйренген қара жолмен Қордайды бетке алып заулап келеміз. Әкемнің көңіл-күйі тіпті көтеріңкі. Әлсін-әлсін ыңылдап ән салады. Маған беймәлім әлде бір сезімге бөленіп, жаны да, тәні де ләззат алғандай күй кешеді. Мен болсам әлі өзіме келе алмай, өз ойыммен арпалысып отырмын:

Әкем де қызық. Жұрттың өз еркімен бергенін, өзгелерге таратқаны қалай? Ешкімді ешкім күштеп жатқан жоқ. Өлеңін айтса өз жанынан айтты, ол да өз еңбегі. Құр тыңдап отырғандардың бәріне бермей-ақ, бір екеуіне

ғана аздап ырымын жасаса болмайтын ба еді? Ішкі дүнием осылай деп қасарысады. Ақыры шыдай алмай баяғы ерке мінезіме салып әкеме осы ойымды айтып салдым. Менің неге бұртиып келе жатқанымды енді түсінгендей біраз күліп алды.

- Бәсе, үнсіз отырғаныңды ұзақ жолдан шаршаған шығар деп едім. Той тойлап, қызық көріп қайтқан адамға ұқсамайсың. Өзіме тартқан қанағатшыл, қолы ашық бола ма десем, сенің де «көз құртың» бар екен-ау, ә? деп арқамнан қағып қойды. Зілсіз айтылғанмен, ар жағында салмақ тұр.

- Сонау тау шыңдарына көз салшы, балам. Әрқайсысының өз биігі бар. Алыстан көз тартып мен мұңдалап тұратын секілді. Жұрт солардың бәріне емес ең биік, бірегейлеріне ғана ат қойып, айдар тағады. Одан төменгілерін шоқы, жота, төбе, қырат, сілем деп жалпы атай салады. Сол сияқты ақындардың да алатын өз орны бар. Оны өзі таңдамайды, халық береді. Өнерін сатып, өлеңін бәлсінген ақынның аталусыз қалатыны сондықтан. Қандай ақын болсаң да халықтың көңілінен шықпай, соған адал қызмет етпей көсегең көгермейді. Мұны мен көзбен көріп, жаныммен сезінген соң айтып отырмын, балам!

«Бұлбұл да сайрап - сайрап шоқиды боқ» дейтін Құлмамбет ақыннан қалған сөз бар. Сұмдық сөз, ақиқат сөз. Маған дейін де талай дүлдүлдер өткен. Өзіммен тұстас, өнерімен үш орап алатын ақындардың талайының құмға сіңген судай ғайып болғанын, аталусыз қалғанын білемін. Көбісінің түбіне жеткен тойымсыздық пен дүниеқоңыздық.

Жаңағы жерде ақшаны орамалымен қосып қолтығыма тығып жүре берсем не болғаным? Жұрттың ақ пейілін табанға басқандық болмай ма? Әлгі қариялар: «Бұл Кенен, ата жолын білмейтін, дүниеқор екен» демей ме? Оң қолыммен алғанды, сол қолыммен халыққа қайтарып беретінім сондықтан, қарағым! деді.

Менің құлағыма дейін қызарып кеткенімді сезген болу керек:

- Оқасы жоқ. Жассың ғой әлі. «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» деген. Жорғаны көп салмаса төселмейді, жүйрікті көп шаппаса көсілмейді, балам деді. Әкемнің баппен айтқан осы әңгімесі мен үшін өмір бойы сабақ болғандай, жандүниемнің астан-кестенін шығарып еді.

xxxx

Әруақтар түсіне кіріп аян берген осы оқиғадан соң әкем жазуын бұрынғыдан да үдете түсті. Апта сайын атына мініп ауыл аймақты, малшыларды бір аралап қайтпаса көңілі көншімейтін еді. Бұл әдетінен де тыйылған сияқты. Қалаға, аудан орталығына барып қайтуды да сиретті. «Әкелерің жазу жазғанда көңілін бөлмеңдер» деп шешем бізге қатты ескерткен.

Кейде әкем жазуын доғарып сыртқа шығып кеткенде ақырын барып жазғандарына көз саламын. Маржандай тізілген араб әрпі. Кітап, газет-журналдарды латынша оқығанмен, жазғанда араб әрпін қолданатын. Көзім үйренген өлең шумақтарын көре алмадым. Дәптердің бетін толтыра жазғанына қарағанда қарасөз болар деп жорамалдаймын.

Кейбір тұсын сызып тастап, қайта жазыпты. Көп толғанып, қинала жазғандығы сезіліп тұр. Онысын ақынның өзі де мойындаған еді. Бірде дастарқан басында отырып:

- Ойпырмай, Насиха, мына жазушылардың жан азабын енді ұққандаймын. Қарасөзді қиыстыру, өлең өргеннен қиын емес шығар деуші едім. Оным білместік екен. Әншейінде әңгіме айтсақ майын тамызатындай көрінуші едік. Талай естіп құлаққа сіңісті болған жайдың өзін қағазға түсіре алмай сансырап жүрмін, деді. Бұған шешем күліп:

- Ендеше, қара сөзге шорқақ болсаң, өлеңмен жаз деп әзілмен жауап берген. Бұған әкем шамданған жоқ. Байыппен отырып былай деді:

- Қысқа ойлайсың, Насиха. Түмен сөздің түйінін бір түйір тарының қауызына сиғызып жіберетін шешендердің сөзін, асқынып кеткен дауды алты ауыз сөзбен шеше салатын билердің нақылдарын өлеңмен қиыстыру мүмкін бе? Оған өрем жетер ме? «Балыққа саяз судан терең оңай, ақынға қара сөзден өлең оңай» деген. Десек те, бұынғы өткен билердің, ел қорғаған батыр, шешендердің сөздерін, солардың есімде қалғандарын шама-шарқымша қағазға түсіріп кетейін. Заманына қарай електеп, сұрыптар. Қажет-ау, дегендерін халыққа жеткізер, деп еді қарт ақын.

Көз майын тауысып, айлап отырған еңбегі зая кетпеген екен. Сол жылы «Аңыздар сыры» деген туындысын жазып бітірді. Мұнысына балаша қуанған ақжүрек ақын:

- Кеш те болса, түсіме кіріп, мазалап жүрген аталардың алдындағы бір парызымнан құтылдым-ау! деймін. Иығымнан батпан жүк түскендей жеңілденіп қалдым. Көңілімді күпті қылып, жанымға байыз таптыртпай жүрген осы жарықтықтардың рухы екен-ау!

Айтса - айтқандай бізге беймәлім небір ақын-жыршылардың, би-батырлардың, сал-серілердің өмірінен елес бергендей ақынның бұл кітабына тәнті болғандар аз болған жоқ. Ұмыт бола бастаған Кебекбай, Ноғайбай, Бөлтірік, Бердібек сияқты ел аузында аңызға айналған ұлдарының, Сыпатай, Қордай, Жолбарыс сынды халқының айбыны болған батырларының, Дәурен сал, Сарбас, Әлмен, Әмір секілді арқалы ақындарының өмірінен сыр шертетін бұл еңбектің мәні зор, пайдасы мол. Бұл әрине кітап басылып шыққандағы түйген ойымыз. Ал кеңес үкіметі дүрілдеп тұрған сонау 60-70 жылдары мұндай кітапты басып шығармақ түгіл, аты ұранға айналған аталардың есімін сыбырлап қана айтпаушы ма едік?

Отырып қалған кәрі қыздай бұл еңбектің де жарық көруі оңай болған жоқ. Мына бір тұсын алып тастайық, мына жолдарын қысқартайық, көненің сарыны басым екен, діни сөздер көп екен дейтіндер көбейді. Ондайда табиғатынан сыпайы ақын:

- Мен естіп-білгенімді жаздым. Сендер қажет-ау, дегендерін алыңдар. Әйтеуір әруақтарды ренжітіп алмасаңдар болғаны. Менікі көнені көксеу емес, өткенді еске алу. Бұл фәниден әлдеқашан кеткен жандардың тап қазіргі саясатқа қандай қатысы бар екенін ұқпаймын. Кенеке, үйтсек қайтеді, бүйтсек қайтеді деп несіне мазалай бересіндер дейтін. Әкемнің осылайша кейіп отырғанын көріп, дастарқан басындағылар да, қаладан келген қонақ

жігіттер де ыңғайсызданып қалатын. Мұндай сәтте ақынның алды бұрқ-сарқ, арты жаймашуақ мінезін жақсы білетін шешем араша түседі:

- Бұған несіне бүлінесің, Кенен. Балалардың ниеті дұрыстап шығарып берейік дегені болар. Ата сакалың аузына түскенде саясатқа қарсы екен деп көшіріп тастамайтын шығар. Қит етсе арбаға байлап жер аударатын заман емес қой қазір, дейді. Бұған әкем мырс етіп күліп жіберді.

- «Арбаға байлап...» демекші анау жылы Тайыр Жароков айтқан бір әңгіме есіме түсіп отыр. Балалар дұрыстап шай ішсін. Қарт адам бала секілді кінәмшіл болады, қарағым. Көңілдеріңе алмаңдар, деген. Артынша әлгі әңгімесін бастап кетті.

...Алматыға барған сайын қонақ етпей жібермейтін Тайыр, бұл жолы да бір топ жолдастарымен қосып шақырды. Дастарқан басында анау-мынауды айтып дуылдап отырғанбыз. Өр мінезді Тайырдың нені болса да тауып айтатынын бәріміз де жақсы білетін едік. Сөзге шешен еді. Әңгіменің бір орайы келгенде:

- Жәкенді (Жамбылды айтып отыр) асқар тауы еткен, Кененді халық жауы еткен айналайын үкіметім-ай! Жамбылдан асқан төкпе жоқ, Кенекенде өкпе жоқ деп өлеңдетіп ала жөнелді. Қонақтардың құлағы елең ете қалған. Мені бұрын білмегендер:

- Япырай, Кенекен де сол құрықтан құтыла алмаған ба? десіп аң-таң.

- Е, жігіттер, қармаққа түскен ең ірі шортандардың бірі осы Кенен болатын. Бітіміне қарамайсыңдар ма! Құрықтай бойына да қараған жоқ. Алды да тыға салды. Қонақтардың бірі күліп, бірі танданып жатыр.

- Оу, батырлар, осы үкіметті Көкшалақпен қарсы алған мен емес пе едім? дегеніне де қарамапты. Түрменің қапас бөлмесіне симай, үш бүктеліп жатады екен. Өтеген бабасының әруағы қолдаған ғой! Болмаса бүйтіп күрең шай ішіп отырар ма еді?

Тайырдың қалжың- шыны аралас бұл сөзі негізсіз де емес. Отызыншы жылдары Ораз Жандосовпен қызметтес болып, оған арнап ән шығарғаным үшін мені де біраз тергеп, әуре сарсаңға салғаны рас. Тайырдың айтып отырғаны осы жай. Табан асты айтқан өлеңіне бәріміз қосыла күлдік. Қонақтардың бірі орнынан тұрып:

- Тәке, кәмпескелеу кезінде болған әлгі бір оқиғаны Кенекен естімеген шығар? Айтып беріңізші. Менің қолқам сол болсын, деді.

- Е, жігіттер, аңқау қазақты кім жүндемеді дейсің? Ол кезде он ешкісі болса болды «бай-кулак» атанып шыға келетін еді ғой. Тайырдың әңгіме айтса «жігіттер» деп бастайтын әдеті болатын. Сол әдетінен танған жоқ. Несі бар тыңдасаңдар айтып берейін:

...Сондай бір байғұсты екі салт атты алдарына салып айдап әкеліпті. Әлгінің өзі де бір бетінен қайтпайтын қикарлау болса керек:

- Айналайындар - ау, «ақтарың» ағайыным емес, «қызылдарың» қайын жұртым емес. Өзіммен өзім жүрген бір жанмын. Менде не ақыларың бар, дейді қасарысқан шал.

- Сенің қырық ешкің бар. Тау-тасқа тығып қашып жүрсің. Демек үкіметке қарсы адамсың. Сен де бай-кулаксың деп әлгі бишараны балағаттап,

есін алады. Арасында төпеп ұрып та жібереді. Бұған шыдай алмаған қикар шал дікіндеп тұрған уәкілге қарап:

«Шығып тұр бүгін күн-айың,
Шындықты кімнен сұрайын?
Шекеңдегі қоқайған,
Шәпкінді сенің ұрайын!» деп бірақ кесіпті.

Шеке тамырлары білеуленіп, ызадан жарылуға аз қалған уәкіл столды жұдырығымен қойып қалып, өзінің Айтбай, Сәтбай деген жандайшаптарына қарап ақырады:

«Айтбай әкел пәпкіні,
Сәтбай жазғың актіні
Боқтады ғой мына шал,
Сталин киген шәпкіні» деп байғұс шалды

арбаның артына байлаттырып, жер аударып жіберіпті.

Қырық ешкінің хикаясын жұрт әлі күнге ұмытқан жоқ. Айтып жүр. Мәнеріне келтіріп, даусын сан құбылтып айтқан Тайырдың бұл әңгімесін расында естімеген екенмін. Көзімнен жас аққанша күлгенім әлі есімде.

Иә, кеңес үкіметінің бастапқы кезеңінде оң-солын айқын тани алмаған жұрттың сендей соғылысқаны рас. Аяқ асты келген мұндай селебеден шошып, ақ-қарасын тани алмай әбігерге түскен ел арасында осындай күлкілі жайлар көп болды. Аңқау елдің аңғалдығына бірде күлкің келсе, енді бірде жылағың келеді.

Өзі де алакөйлек ақкөңіл халықпыз ғой. Кім айтса да, не айтса да жүрегімен қабылдайтын, бала мінезіміз тағы бар. Әркімнің айтқанына сеніп, жетегіне көніп, сүрініп-қабынып жүре беретініміз де шындық. Сол мінезімізден талай опық та жедік. Осындай көмпістігімізге қарап өзге жұрттың қазақты «қойдан жуас» дейтіні содан болар?

Тайырдың әңгімесін жандандырайын деп мен де есіме түскен мына бір жайды айтып бердім. Бұл да сол бір ұжымдастыру кезінде болған оқиға еді.

...Біреу жалғыз сиырын, енді бірі бес-алты тұяғын айдап әкеліп тізімдетіп жатыр. Кеңсенің маңы у-шу. Кеңсе деген аты ғана. Болмаса жапырайып құлайын деп тұрған ескі там. Бар белгісі маңдайына қызыл матадан жалау ілінген. Ауылдағы хат танитын екі-үш адам әкелген малдың, бұйымдардың тізімін жасайды. Жаза білетіндері қолын қояды, білмегендері бармағын басады. Осындай бір қызу жұмыс күні болатын. Кеңсенің алдына дөңгелектері шикылдап, әбден тозығы жеткен ат арба келіп тоқтады. Үстіндегі қалай болса солай үйе салған заттар салдыр-гүлдір етеді.

Беті-қолы күнге күйіп әбден тотыққан, қайыстай тартылған қара шал арбадан түсіп кеңсеге беттеді. Арбаның артқы жағында екі әйелдің басы қылтияды. Олардың да жүздері күйген күлшедей қап-қара. Орамалдарын шарт түйіп алыпты, айналасына үрке қарайды.

- Балдар, қалай амансыңдар ма? қызыңды... деді әлгі шал. Бір үлкен іс тындырып келген адамдай өктем сөйлейді. Атын есіме түсіре алмасам да, түрін шырамытып тұрмын. Бес-алты жыл бұрын қырғыздың Тоқмағынан

көшіп келген. Көп уақыт сол жақта тұрғаннан болса керек қырғыздың сөзін араластырып сөйлейді. Даусы шіңкілдеп шығады. «Қызыңды...» дейтін бейяуыз сөзді қосып сөйлейтін әдеті. Сонысына қарап жұрт: «әне қызыңды...» келе жатыр деп күлетін. Алпысты алқымдаса да қимылы тым ширақ, қутындап тұрғаны.

Азын-аулақ малы бар. Өз тірлігін өзі күйттеп жүрген момын жан деп еститінбіз. Ол кезде елден жырақ, шалғайда жатақан шаруаның малын санап, түрін түстеп жатқан кім бар? Бәрі ел аузынан айтылады. Әлде бір белсенді «бай» десе бай болып, «кедей» десе кедей болып қатталатын заман.

- Ал енді, балдар, үйдегі басы артық бұйымдарды түгел тиеп әкелдім. Бұған қоса бір бұзаулы сиыр, бір өгізше, он қой, тағы бес-алты ешкім бар. Олар да біраздан соң келіп қалар. Балдар айдап келеді, дейді.

- Өте дұрыс ақсақал. Мұныңызды үкімет ұмыпайды, ескереді, деп жазғыш жігіт даусын созып қойды. Бұған қара шал кәдімгідей арқаланып қалды.

- Мына арбадағы бұйымдарды да түгендеп ал, қарағым. Үкіметтен аяйтын ешнәрсем жоқ. Әйтеуір разы болса болғаны. Қара шал одан әрі тізбелей жөнелді.

- Айыр, күрек, екі кетпен, қазан, екі самауыр, екі сандық киім - кешек және... Қара шал сыбырлағандай ақырын ғана... және екі қатын, деп сұқ саусағымен әйелдерді көрсетіп қойды. Өзі де байқамаған болу керек оң қолымен төмен жағын сипап қояды. Қимай тұрғандай даусы бәсеңдеу шықты. Шалдың соңғы сөзін шалыс естіп қалдым ба дегендей жігіт жазуын қоя салып, басын шұғыл көтеріп алды. Шал болса ештеңені сезір тұрған жоқ. Баяғы маңғаз қалпында ернін шошайтып сөйлеп тұр.

- Ақсақал екі қатынның мұнда қандай қатысы бар? дейді хатшы жігіт. Көзі бажырайып кетіпті. Аң-таң. Шал да бажырайып тұр.

- Оу, қ, қарағым, деді шал тұтыға сөйлеп. Қай бір жетіскеннен алды дейсің? Екеуінің де байлары қайтыс болған. Екеуі де менің ағаларым еді. Барар жері, басар тауы болмаған соң амал жоқ маған келді. Әмеңгерліктің жолы осындай, қарағым! Құдай куә. Ешқандай күштеу болған жоқ. Үкіметіңе айт, ренжіп жүрмесін. Қажетіне жаратар деп екеуін бірдей алып келдім. Жарамаса амал не? Қайтадан алып кетермін дейді қара шал безектеп.

Шалдың апыл-ғұпыл сөзінен дым ұқпаған хаттаушы жігіт ашулана бастады.

- Ағасы, мен сізден әмеңгерлікті сұрап тұрғаным жоқ. Қалай алсаң да мейлі. Бұл жерде екі әйелдің қандай қатысы бар? Бұларды неге әкелдің, кімге әкелдің? деп тұрмын. Жігіттің даусы өктем шықтау білем. Байғұс шалдың сасқаны сондай тілі күрмеліп, кекештеніп қалды.

- Қ, қарағым, ашуыңды бас. Менде айып жоқ. Ата-бабаның жолы бұл. Басқа амал болмаған соң өстіп...Қара шал түкірігін жұта алмай біраз тұрды.

- Айналайын, нанбасаң өзің ұстап көрші. Екеуінің де қол-аяғы балғадай. Үкіметтің қай жұмысына жексең де төтеп береді. Екеуі де ту... Байғұс шалдың аузына «бие» деген сөз келіп қалды-ау деймін. Ол райынан тез қайтып: «екеуі де бала тұмаған» деп салды.

Ашу қысқан хатшы жігіт орнынан атып тұрды. Не күлерін, не ұрсарын білмей екі ұдай күйде тұрғаны жүзінен аңғарылып тұр. Біраз ашуын басып, өзін өзі сабырға шақырған болу керек. Орнына келіп отырған соң шалға тіктеп қарап:

- Ақсақал, үкіметке мал өткізіп, шаруаға қажетті құрал-сайман әкелгеніңіз өте орынды. Ал енді әйелдеріңді өткіз деп сізге кім айтты, кім үйретті? Әлде кеңес үкіметі солай деп пе еді? Даусын барынша бәсендетуге тырысып еді. Онысынан ештеңе шықпады.

Қара шал көзі жыпылықтап, әбден ығып қалған екен. Алғашқыдай емес, даусы дірілдеп әрең естіледі.

- Үкіметтің не айтқанын білмеймін, айналайын!. Анау бір жолы аулымызға шошақ бөрікті Байтеке белсенді келіп, қырып кете жаздаған. Тапаншасын шошандатып, басымыздан асыра оқ атып үрейімізді ұшырды. Өзі де сылқита ішіп алған-ау деймін? «Әке-көке» дегенімізге көнбей қойды. Қорадағы малды үркітіп, ауламызды азан-қазан қылды емес пе. «Контра» дейме, «бай-кулактың құйыршығы» дейме? Айтпаған сөзі жоқ. Тапаншасын маған кезеп:

- Үйдегі дүние-мүліктің, қорадағы малдың тең жартысын колхозға өткізбесең атып өлтіремін деп ақырды.

- Байтеке, құлдық, айтқаныңыз болсын! Мына әйелдерімді қайтемін? деп едім.

- Олардың да жартысын өткізесің, ұқтың ба деген. Менің сөзіме құлақ та асқан жоқ. Атын борбайлап шауып ала жөнелді.

- Дүние-мүлікті бөліп берермін-ау! Ал мына үшеуін қайтіп теңдей бөлемін? деп басым қатты. Ары ойлап, бері ойлап «қой бір әйел болса да үкіметке артықтау барсын» деп шештім. Бұған қыздай алған Қырмызым да қарсы болған жоқ. Оны өзіме қалдырдым. Шаруаға қарайтын бір әйел керек қой. Бер десеңдер оны да әкелейін. Үкіметтен аянарым жоқ. Байтекенің айтқаны заң, қарағым!

Күлкі қысқан хатшы жігіттің құлағына дейін қызарып кетіпті. Қара шалға «болды-болды» дегенді ыммен білдіріп, үйден атып шыққан бойы күлкіге ерік берген еді. Мыжың шалдың әңгімесін естіген жұрт та әрең отыр екен. Ду күлкіден ескі тамның қабырғасы жарылып кетердей болды. Байғұс шал әркімнің бетіне қарап жалтақтайды. Көппен бірге күлген болады. Аузында бір тісі жоқ, қызыл иек адамның күлгені де күлкі шақыратындай еді.

Әкемнің осы әңгімесінен соң дастарқан басы қайта жанданып, күрең шай құйған кеселер қолдан қолға көше бастады. Әлдеқалай біреуге реніш айтып, кейіс білдірсе артынша осылай қызық әңгіме айтып соның бәрін сейілтіп жіберетін әдеті еді. Бұл жолы да солай болды.

Ақынның асыға күткен бұл еңбегі үш жылдай баспа тезінен өтіп, ақыры 1969 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрді. Өлең-жырлары, айтыс-дастандары әлденеше рет басылып шыққанда да қарт ақын бұлай қуанбап еді. Алғашқы данасын ғалым Нысанбек Төрекұлов әкеліп қолына ұстатқан кездегі әкемнің көңіл тербелісі әлі көз алдымды тұр.

Пышақтың қырындай ғана кітапшаның мұқабасын сипап біраз отырды. Ерні күбірлеп дұға оқыды. Содан соң ғана кітаптың бетін ашып, парақтап көрген ақын:

- Япырай, ту-талақайын шығарған екен-ау! Бұған да қанағат. Заман сондай, саясат сондай. Кімді кінәлайсың? Аты аталмай кеткен әруақтардың бір сөзі болса да ұрпаққа ұлағат болып қалса сол ғанибет. Сендерде айып жоқ, менде арман жоқ! деп еді.

Нысанбек Төрекұлов филология ғылымының докторы, халық ауыз әдебиетін зерттеуші ғалым. Әкеме көп еңбек сіңірген адам. Нысанбек ағаның еңбекқорлығына тәнті болып отыратын. Аңыздар сырының арапша жазылған түпнұсқасын қолына тапсырып тұрып:

- Қарағым, Нысанбек, бұл менің соңғы аманатым шығар. Осыны жазуыма көп себепкер болдың. Сіңірген еңбегің де аз емес. Енді осы шаруаның бас-қасында өзің бол. Басылып шықса құба-құп, шықпай қалса оны көрерміз. Әйтеуір қолжазбаны көзіңнің қарашығындай сақта. Сенің адалдығына, адамгершілігіңе күмәнім жоқ. Әлгі өзіңе айтқан шұбар дәптердің кейпін киіп жүрмесін деген.

Әкемнің шұбар дәптер деп отырғаны өлеңмен жазылған аталар шежіресі. Соны әлде біреу арапшадан латынға көшіртемін, басып шығартамын деп алып кеткен екен. Уақыт өте келе ақын кімге бергенін естен шығарып алыпты. Содан үшті-күйлі жоғалған. Кейінгі жылдары газет-журнал беттерінен әлгі шежіренің қысқаша сұлбасын өзім де оқыдым. Ал шұбар дәптер әлі күнге табылған жоқ.

«Аңыздар сыры» аз ғана данамен шығып, тез тарап кетті. «Атамыздың осындай бір кітабы шығыпты. Таба алмай жүрміз. Өзіңде болса бір данасын бере гөр!» деп қолқа салғандар көп болды. Маңызы бар, аса қажетті кітап. Бірақ соны қайта бастырып шығару деген ол кезде ешкімнің қаперінде болған да емес. Қайта оны жылы жауып қойғандай, ләм-мим деген адам болмады. Оның орнына дүкен сөрелерінде жылдар бойы өтпей жататын арзанқол дүниелерді көруші едік.

Әкемнің өзі де жазғандарын кітап етіп шығаруға салғырт қарайтын.

- Кенеке, мына жазғандарыңыз елге қажетті дүние екен, баспаға өткізбейсіз бе? дегендерге:

- Қартайған кезде кімнің есігінен сығалап, сықсыңдап жүремін, қарағым. Қажеті болса кейін өздерің шығартып аларсындар дейтін.

Ғасырға жуық ғұмыр кешкен ақынның (93 жас) көз тірісінде бар болғаны он үш кітабі жарық көріпті. Солардың дені ақынның мерей тойларына орай шығарылған екен. Әрбір он жыл сайын деуге болады.

xxxx

Біреулер баспаларды жағалап, ебін тауып екі-үш жылда, кейбір пысақайлар тіпті жыл сайын кітаптарын шығарып жатады. Соның бәрі жаңа туындылар болса ғой талас жоқ. Бұрынғы жазғандарына кейінгі бірер дүниелерін қосып шығара беретін еді. Баспада қызмет істеген жылдары бұған көзім жеткен.

Сыраханаға күнде бірге баратын ақын жігіттің мына бір айтқандары есімнен кетпейді:

- Бәке, деді әлгі жігіт даусын көтеріңкірей сөйлеп. Бәлкім өзгелер де естісін деген болу керек. Әрнәрсені бір шалып жаза берсең жерде қалмайды екен. Ебін тапсаң болғаны. Өткен жылы шыққан кітәбімнің қаламақысына үйге жиһаз, жатын орын сатып алдық. Келесі жылы тағы бір кітәбім шығайын деп жатыр. Одан бірнәрсе түссе тоңазытқыш, теледидар алсам деймін. Содан соң дача, мәшиненің де реті келіп қалар деп еді. Іштегі қызудың әсері болар десем, өңінен ешнәрсе байқалмайды. Шындап-ақ тұр.

Бармақ ақын осындай адамдарды «қара бөспе» деп атайды екен. Мейлі ғой жолын тауып кітәбін шығарып жатса жақсы-жаманды өз еңбегі. Дүние мүлік алса ол да маңдай тері. Мені таңқалдырғаны бұл емес. Әлгі жігіттің өнердің шырқау биігі өлеңге деген немкеттілігі еді. Ызадан жарылып кете жаздасам да үндеген жоқпын. Мұндай да түйсік болады екен-ау? деп таңдай қаққаннан өзге шара жоқ.

Кәсіпқой жазушы, кәсіпқой музыкант, суретші деп жатады. Бүкіл ғұмырын жазуға, музыка шығаруға арнаған адамдарды осылай дейтін шығар. Ал ақындықтың жөні бөлек. Ананың ақ сүтімен даритын, табиғаттың ерекше сыйы бұл. Көмекейіне өлең ұялаған, бойына ақындық дарыған адам ылди-өрге бірдей шабатын сәйгүлік іспеттес. Мұндай ұлдарын халқымыз басына көтеріп, пір тұтпаушы ма еді? Абайдың «өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» дейтінін естімеген болғаны ғой бұл бейбақ. Әлгі жігітке осыны айтып ұғындырмақ боп әлек болғанымды қайтейін. Қайта өзіме тарпа бас салып:

- Осындай жаттанды сөзді қайтесің, деп қолын бір-ақ сілтеді. Көңілім құлазып, әлгінің ыға қоймағанына кәдімгідей шамданып қалдым. Жасырақ кезімде менің де елден жасырып ептеп өлең жазатыным бар еді. Үйге келген бойда «қара бөспе» жігітке арнап бірер шумақ өлең шығардым. Сөзімді ерен қылмаса, ақын ғой өлеңіме тоқталар деген ой еді.

«Қас ақындай күйге еніп,
Жазасың кеп күнделік.
Табыс көзін тауыпсың,
«Гонорармен» күн көріп.

Жамауындай шапанның,
Желбір ақын атандың.
Атасың келіп асықтай,
Салмағын білмей сақаңның

Өлең өру әр күнде,
Мансұқ емес, бәлсінбе!
Орта қолдау ақындық,
Болса керек әркімде.

Түзу мылтық оққа сын,
Шабыт болсын жақтасың.

Мазалай беріп қайтесің?
Күйкі тірлік, отбасын.

Болсаң да жақын, қимасым,
Айтайын кесіп шынба шын.
Өлеңді сен қинама,
Өлең сені қинасын!

Сөзім өтімдірек болсын деп мына бір шумақты да қосып қойдым. Менің ойым кешегінің қарымын қайтсем де қайтару еді:

«Шарап ішіп, балбырап қызғаныңда,
Кеуденді жұдырықтап ұрғаныңда,
Бәрі де ақындардың сендей болса,
Кете жаздап отырдым жындануға».

Әй, неде болса осы жолы бір сүріндірермін деп ойлағанмын. Не болды дейсіз ғой? Ешнәрсе де болған жоқ. Өлеңімді сыдыртып оқып шықты. Содан соң бетіме бажырайа қарап:

- Үй, өзің тәп-тәуір ақын екенсің ғой? Молодес! Бұрқыратып жаза бер. Жерде қалмайды. Бір-екі кітәп шығарсаң сен де машина аласың деп қарап тұр. Менің аңтарылып қалғанымда шаруасы да болған жоқ.

Бір жолы марқұм Шона Смаханұлы ағамыз:

- Өлең жазып, әлек болып жүргендердің бәрі ақын деймісің, інім. Олардың көбісі өлең құраудың техникасын жақсы игеріп алғандар. Нағыз ақын анау! деп саусағын шошайтып бір жігітті көрсеткені бар. Кейін білдім ол Мұқағали Мақатаев екен.

Жақсы өлең-жыр десе құлағымыз елеңдеп, құмартып тұратын кезіміз еді ғой. Жұлдызы ерте сөнген Төлегенге (Айбергенов) табынып, Мұқағалидің өлеңдерін іздеп жүріп оқитын едік. Ақиық ақынмен ойламаған жерден «дәмдес» болғаным бар. Осы бір қас қағым сәт менің көңілімде мәңгілік қалып қойды.

Өртеніп кеткен ТЮЗ кинотеатрының қасында сыра сататын сары бөшке болушы еді. Оны жігіттер әзілдеп «сары сиыр» дейтін. Жұмыстан шыға салып суатқа құлаған малдай әр тұстан адамдар жиналады. Оның ішінде таныстар да бар. Шілденің аптап күндерінің бірі болатын. Ақ көбік сыраға енді бас қойғанымыз сол еді қасымдағы жігіттер өзара күбірлесіп кетті. Біреу естіп қоятындай сыбырлап сөйлейді.. Олардың ымдаған жағына көз салып едім, ағаштың көлеңкесінде қара көзілдірік таққан Мұқағали ағамыз тұр екен. Әлсін-әлсін сағатына қарайды. Әлдебіреуді күтіп тұрған сияқты.

- Жігіттер, мен барып сәлем беріп, осында шақырайын, дедім.

- Сыраға шақырғанымыз қалай болады? Ұят боп жүрмесін! Дұрыс түсінбей қалып жүрер? деп жігіттер абыржып қалды.

- Оқасы жоқ. Сәлем бергеннің несі айып?

Мұқаң күректей алақанымен қолымды алып, бетіме бажайлап қарап алды. Алыстан қарағанда білінбейді екен. Өзімді ұзын бойлының қатарына

жатқызушы едім. Жақын келгенімде еңсегей бойлы ақынның қасында тырбиған бұтақтай болып көріндім.

- Аға, пәленнің баласы едім. Сізді көріп, уақытыңыз болса дәм татыңыз, дегенім ғой. Менің тым кішірейіп, майда сөйлегенімді ұнатпаған болу керек. Салалы саусақтарымен шашын артына бір қайырып: «Қайда?» деді. Мен елпелектеп қолтығынан ұстай бердім.

Жігіттермен қол алысып амандасқан соң:

- Көп уақытым жоқ, інішектер. Бір жерге баратын шаруам бар еді. Мына інім шалдың баласымын деген соң меселін қайтармайын деп орталарыңа келіп тұрмын деді. Алдына қойған сыраны тоқтамай сіміріп жіберіп, болды дегендей ишарат жасады. Қасымдағылар «тағы алыңыз, тағы алыңыз Мұқа!» деп шуласып қалып еді. Орнынан тұрып, бәрімізге жымиа қараған ақын аға:

- Пейілдеріңе рақмет! Көбімізге сол жетіспейді. «Адамға ең керегі мынау емес, мынау» деді. Сұқ саусағын алдымен самай тұсына апарып, содан соң жүрек тұсын нұқып көрсетті.

Өң мен түстің арасындай болған осы бір сәтті әрқайсымыз әртүрлі қабылдаған болармыз. Содан кейін қаншама жылдар өтсе де ақынның осы айтқаны менің көңілімде тұрады да қояды.

Ақын сонда нені жұмбақтап, нені меңзеп кетті екен? Бас әркімде де бар, жүрек жоқ дегенді ұғындырғысы келді ме? Әлде басыңның болғанын қайтейін, жүрегің болмаған соң дегісі келді ме? Бастағы ширыққан ойды айту үшін де жүрек керек, жүректі болу керек дегенді айтқысы келген болар? Әйтеуір шешімі беймәлім көп сұрақ туындайды.

Айбынды адамдар да, арқалы ақындар да толып жатыр. Бірақ солардың бәрі бірдей жүректі ме? Айтар сөзін бүкпей айтып, басын өлімге тігер ме? Қайдам?

«Әр заманның бір-бір сұрқұлтайы болады» дейтін сөз рас болса керек. Тіпті арғыдан айтсақ: «Хан емессің қасқырсың, қас албасты басқырсың!» деп қасқайып тұрған Махамбет бабамызды еске салғандай. Сүйінбай ақынның:

«Хан емессің, қиықсың,
Қалың елді айдап жеп,
Теріңе зорға сыйыпсың.
Ұры-қары зұлымның,

Қасыңа бәрін жиыпсың» дейтін наркескен сөздерін есімізге түсіргендей. Айыбын бетіне басып үнемі сүріндіре беретін жасын ақынның осындай өжеттігін Тезек төренің өзі де мойындап: «Арғы атам Абылайдың тұсында Бұқар жырау болды. Менің сұрқұлтайым Сүйінбай» дейді екен.

Бергіден айтсақ: «Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген» деп сонау кеңес үкіметінің қапасында жүріп-ақ төрткүл дүниеге жар салған Жұбан Молдағалиев ағамыз еске түседі. Өзгелер бүгежектеп Колбиннің шашбауын көтеріп, «қолына су құйып» жүргенде: «Жоқ, қазақ халқы тумысында «ұлтшыл», кекшіл болып көрген емес. Мұндай баға беру барып тұрған әбестік» деп шырылдаған да осы ағамыз болатын.

Расында да қазақтың сайын даласы қаншалықты кең болса, пиғылы да соншалықты кең, көңілі дарқан екені тарихта дәлелденген ақиқат. Жер-суынан айрылып, тоз-тозы шыққан талай жұртқа пана болып, қолындағысын бөліп берген, ауыздағысын бөліп жеген халқымыздың ақ пейілін бүгінде бәрі де мойындайды. Ақиқатын айтар болсақ қазақ халқының сол кездегі әнұранындағы:

«Ардақтап анасын, құрметтеп данасын,
Бауырға басқанбыз баршаның баласын.

Татулық, достықтың киелі бесігі –

Мейірбан Ұлы Отан, қазақтың даласы!» деген өлең жолдары осы ойымызды айғақтай түседі.

Кейін тәуелсіздікке қолымыз жеткен жылдары да «сен тимесең, мен тимен бадыраң көз» демекші жетпіс жыл бойы кеңестік саясаттың ықпалында болып, ана тілін өгейсітіп алған «орыс жандылардың» екі тілді де мемлекеттік тіл етеміз деп ұлардай шулағаны есімізде. Екіұдай пікірде толқып тұрған үкімет басшыларының алдында қаламын жоғары көтеріп: «Қос (айыр) тіл жыланда ғана болады. Қазақтың тілі біреу-ақ. Ол – ана сүтімен дарыған өз тіліміз» деп жар салған Шерхан Мұртаза ағамызды еске түсіреді.

Сонау Мәскеудің мінбесінен мүйізі қарағайдай саясаткерлердің алдында айылын тартпай қазақ жастарының намысын қорғап, жалындаған ақын Мұхтар Шахановты көзге елестеткендей. Шіркін, қазақтың марқасқа, текті азаматтары-ай! Айта берсек мұндай жүректі ұлдарымыз да, қыздарымыз да бар. Алайда көп емес. Әр кезеңнің қысастығын дөп басып, дәлме дәл сипаттап көрсету үшін де, оны бұғып қалмай дер кезінде айтып қалу үшін де жүрек керек. Мұқағалидің жүрек тұсын нұқып көрсеткенінде осындай бір терең сыр жатқандай еді.

xxxx

Хрущев басқарған кездегі жағдай елдің есінен әлі шыға қойған жоқ. Әсіресе Американы азық-түлік өндіруден аз уақытта қуып жетіп, басып озамыз дейтін ұран тасталғаны көпке мәлім. Ет, сүт, май өндіру жағынан америка біздің шаңымызға да ілеспейді деп бөстік емес пе? Мұның аяғы не болды? Даланы былай қойғанда, сай-жыраның шаңын шығарып, тау алқаптарын жөнсіз жыртып жүгері ектік. Оның шығымдылығын, пайдасы мен зиянын тексеріп жатқан ешкім болмады. Жоғарыдан бұйрық келсе болды құрақ ұшатын баяғы әдет. Ысырап болған қаражаттың есебін кім бажайлады дейсіз? Етке деп өткізілген малда шек болмады. Әсіресе сол жылдары ірі қараның саны күрт азайып кетті. Отын-суын, сабан-шөбін тасып, көлік ретінде ұстап отырған шаруаның астындағы жалғыз атына дейін сыпырып алды. Жаяу қалған шалдардың кеңсе алдына келіп кемсендеп отырғанын көзбен көрдік емес пе? Осының бәрін көріп-білім отырған қарт ақынның жүрегі шыдамай кетсе керек. Бір күні мені шақырып алып:

- Балам, қағаз қаламыңды алып қасыма отыршы, деді. Түнде бірер шумақ өлең жазып едім. Сен соны дұрыстап қағазға түсір. Мәскеуге жібереміз.

- Кімге, ата. Мәскеуде кім бар еді?

- Хрущевтің өзіне хат жаздым. Өлеңмен жаздым. Халықтың мұң-мұқтажын мен айтпасам, кім айтады? Көзбен көріп отырып, қалай үнсіз қаламын? дейді. Үнінде үлкен кейіс бар.

- Оныңыз Хрущевке жетпейді, ата. Бергі жақтағылар жібермейді. Несіне әуре боласыз дедім. Әкемнің шындап отырғанын енді сезіп.

- Неге жетпейді? Кремльге жібереміз. Баяғыда жұрт Сталинге де хат жазып жататын. Тіпті жетпей жатса, бергілер білсін. Астындағы жалғыз атына дейін сыпырып алыңдар деген шығар? Атынан айрылған қазақ, судан шығып қалған балықтай, қарағым деді. Қатты ширығып сөйледі.

Сондағы ақынның оншақты шумақ өлеңінің мына бір жолдары ғана есімде қалыпты:

«Біреуге мал, біреуге мансап қайғы,
Кейбіреу әлін білмей асқақтайды.
Сыпырып барлық малын алып қойса,
Бұл қазақ сонда немен жан сақтайды?»

Өлеңнің аяқ жағына әкемнің өзі арабшалап аты-жөнін жазды. Конверттің сыртына ірі әріппен «Москва. Кремль. Н.С. Хрущеву » деп жазып поштаға апардым. Оқушы адамның жазуы екені сезіліп тұр. Көңіліме аса қонып та тұрмағаны рас. Әке солай істе деген соң қарсы сөз айтудың реті жоқ.

Поштадағы жеңгелерім:

- Немене ауылдың қыздарын менсінбей, келінді Мәскеуден іздейін дедің бе? деп қалжыңдайды.

- Иә, түп-тура кремльден алдыртқалы отырмын деймін әзілдеп.

Менің айтқаным рас болып шықты. Ауданнан не облыстан қайтарғанын білмеймін. Әйтеуір бірер апта өтпестен біздің үйге аудан басшылары бар бір топ адам сау ете қалды. Әкемді ортаға алып, біраз уақыт оңаша әңгімелесті. Дауыстары бәсең шығады. Соған қарап әлгі хат жайлы болар деп жорамалдаймын.

- Кенеке, мұндай нәрсені жоғарыға жазбай-ақ, өзімізге айтсаңыз да болатын еді ғой, дейді әлгілердің бірі. Сіздің айтқаныңызды орындамаған кезіміз болды ма?

- Қарағым, қара басымды күйттеп жазды деймісің? Елдің бәрі мен сияқты мәшине мініп жүрген жоқ. Мінсе көлік, бар шаруасын сонымен атқарып жүргендердің халін неге ойламайсыңдар? Жалғыз атын алып қойған ауыл қарттары қадам жерге аттай алмай зарлап отыр. Әділет қайда?

Кіріп-шығып жүріп ара-тұра естіген әңгіменің жалпы желісі осындай еді. Қонақтар көп аялдаған жоқ. Шайдан бір-бір кесе ішіп жүріп кетті. Олар кеткеннен кейін әкем домбырасын біраз шертіп отырып, әлден соң: «Е,е! Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деді күрсініп. Әлгі хатты да, өлеңнің арабша жазылған түпнұсқасын да жаңағылардың алып кеткенін кейін білдім.

Ақынның соңғы арманындай болған «Аңыздар сыры» кітабі отыз бір жылдан кейін, 2000 жылы 2000 мың данамен ғана қайта бысылып шықты. Астанада, «Елорда» баспасынан жарық көрді. Аз ғана данамен шыққан нәрсе кімге жұқ болар дейсіз? Ол кезде кеңестік жүйені кінәласақ, енді нарықтық жүйеден көретін болдық. Ол кезде пышақтың қырындай кітаптың мұқабасын сипап әкем дұға оқыса, енді мұқабадағы әкемнің суретін сипап мен дұға оқып отырмын. Бұған да шүкір! Еліміз тәуелсіздік алып, еңсемізді тіктей бастаған кездегі ақынның жарық көрген жалғыз кітабы бұл. Бұған атсалысып, бұрын кіргізілмей тасталған дүниелерін қостыртып, шашбауын көтеріп жүрген ақынның қызы Төрткен. «Бақ берсін барған жерде Төрткенім-ай, өзінді аңсап жүріп өпкенім-ай» деп ақынның ақ жарыла бата беретін қызы осы. «Төл басым, Төрткенім» деп отырушы еді, жарықтық.

Ақынның өмір жолын жете білмейтін адам: «аңсап жүріп өпкені» қалай, «төл басым» деуінде қандай мән бар? деуі мүмкін. Мен осы бір жайды талай жерде айтып та, жазып та жүрдім. Кенекең бір қызының атын «Төрт кемпір бір шал» деп қойыпты. Соның мәнісін өзіңнен естиік, дұрыстап айтып берші дейтіндер қазір де кездесіп қалады.

Анамыз Насиха Төрткенге дейін жеті құрсақ көтерген адам. Соның бәрі жастай өле беріпті. «Бала өлімінен әбден запы болған жүрегім осы қыз туғанда аса қуанған да жоқпын. Қуаныштан гөрі көңілімде қорқыныш тұратын еді» дейтін. Нәресте шыр етіп түскенде бірі су қайнатып, бірі жөргегін әзірлеп жүрген әйелдер «мына қызың әнші болады-ау, даусы тым қатты екен» деп шу ете қалды. Кенен де үйде болатын. Шүйінші сұрап шуласып жатқан әйелдерге қарап:

- Мына баланы осы отырған төрт аруананың аяғының арасынан өткізіп алындар деді. Соның арасынша ауылымыздың бір шалы өз шаруасымен келіп отыр екен. Соған көзі түсіп:

- Анау қарияның да аяғынан өткізіндер. Бұл баланың аты Төрт кемпір бір шал деді бетін сипап. Мұның көнеден қалған жоралғы ырым екенін білмейтін әйелдер сықылықтап күліп жүр.

Көңілімізге шуақ болған сол қара қыз аман-есен жеті жасқа келді. Әкесі қайда барса да мойнына мінгізіп ала кететін. Қонақта болсын, мейлі үйде отырсын қара қызы тізесінен түспейді. Өзіне тартып әнге құмар болып өсті. Үні де әкесіне ұқсайтын еді.

Қызықтың бәрі мектепке барған соң басталды. Ата-тегін жазғанда журналдың екі-үш жолына әрең сияды екен. Оның үстіне аты да ерсілеу. Бірге оқитын балалар: «біздің сыныпта төрт кемпір және бір шал оқиды» деп шуласады. Шашынан тартып мазақтайтын көрінеді. Қыз бала емес пе менің атымды өзгертіндер деп күнде жылап келеді. Мұндайда әкесі құлағына сыбырлап әлде-нені айтып, алдаусыратып, басынан сипап әрең көндіретін. Расында атын өзгерткен күні өліп қалатын сияқты болатын да тұратын. Осы жағдай қызымыз бесінші сыныпқа келгенше қайталанумен болды.

Бір күні мектеп директоры бар бірнеше адам келді. Арасында Кененнің өзі қатарлас әрі силас кісілер де бар. Өздері оңаша отырып ұзақ әңгімелесті.

«Қызыңыз ертең-ақ бой жетіп азамат болады, Кенеке. Қазір пионер болса, ертең комсомолға өткелі отыр. Заманның талабы басқа. Өзіңізбен ақылдасқалы келдік. Қыз балаға лайықтылау бір ат қойсақ қайтеді?» дейді. Бұған Кенен ашып ештеңе деген жоқ. Үнсіз тыңдап, үнсіз шығарып салды.

Сол жылдың күзінде ауыл-аймақты түгел жинап, құрбан шалды. Ауылдың молдасына құран оқытып: «Азан шақырып қойған атын қайтарып алғаным күпірлік болмасын, молдеке. Аллатағлаға сонымды жеткізе оқы» деген. Сол жолы төрт кемпірдің «төртін» алып, өз атының алғашқы буыны «кенді» қосып Төрткен деп ат қойды.

Төрткеннен кейін ұл да, қыз да сүйдік. Құдайға шүкір. Бәрі де аман-есен ержетті. Күпті болып жүрген көңіліміз орнына түскендей, баланың зарын ұмыттырғандай кез еді бұл. Кененнің «Осы қара қызым ақжол болды. Төрткенім төл басым» дейтіні сол. Елу жаста көрген қызы әкесінің бүкіл өнерін бойына сіңіріп өсті. Балаларға баскөз болып, әкесінің орнын басқандай еді. «Әттең, осы қызым ұл болып тумағаны-ай! Бір өзін он жігітке балар едім» деуші еді.

Жас Алаш газетінің 2002 жылғы 22 қаңтардағы нөмірінде ел құлағын елең еткізген мақала шықты. Айтулы ғалым, математик Асқар Жұмаділдаевпен сұқбат. Ғылым әлемінде аты ерте мәшһүр болған жас ғалымның шалымды ойына тәнті болғанымыз бір бөлек. Бір сөзінде:

- Ақындардың шабыты математиктердің шабытының жанында жолда қалады. Математика - көп ғылымның бірі ғана. Эмоция жағынан келгенде, ақындарыңыз оған жетпейді депті. Бұл енді математика әлемін терең түйсінген, жан-тәнімен соған берілген адамның пікірі. Әсіресе бізге ой салған ғалымның мына бір сөзі болды:

- Екі алгебра таптым. Біреуінің атын Төрткен деп қойдым...Төрткен деген атта қазақтың жаны, тілі, юмory бар емес пе? Дүниенің ешбір елінде жоқ. Болуы мүмкін де емес. Бұл Кенен Әзірбаевтың қызының аты. «Төрт кемпір, бір шал» деген сөзден туған...Шетелдіктерге осы Төрткен дегенді мүшелеп, талдап, бұталап тұрып аударып бересің, түсінбейді бәрібір. Өйткені Төрткен деген сөз қазақы жүрекпен, қазақтың жанымен ғана қабылданады. Жазған еңбегіме осы атты қойғанда, әсерленіп, қиялданып, неше күн ұйқтай алмадым депті.

Ақындықтың ауылынан мүлдем бөлек дүние дейтін математика ғылымында әкеміздің рухы жүрсе оған қалай қуанбайсыз. Ақынның асқақ рухы өзіңізді де, отбасыңызды да қорғап, қолдап жүрсін, Асқар бауырым!

xxxx

Өз өмірінен алып өлең өрген ақындар сирек кездеседі. Әкемнің кез келген әнін, өлеңін алсаңыз да өзінің көзбен көріп, бастан кешіргенін бейнелейді. Сәбит Мұқанов бір сөзінде: «Кененнің өмір жолының өзі ғажап, өте қызықты. Жазамын деген адамға тұнып тұрған материал. Оның әндерінде мін жоқ, ал өлеңдері сәл осалдау түсіп жатады. Бірақ оның әнмен қабысып кететіні сондай тыңдаған адамға байқала бермейді» депті. Расында әкем өзінің бүкіл өлең-жырларын, дастандарын әртүрлі сарында, әнмен көркемдеп

айтатын. Ақынның өзіне ғана тән неше түрлі мақамдары болушы еді. Сондықтан ұйқасқа, өлеңнің буынына аса мән бере бермейтіні рас. Мұның өзі бүкіл ауыз әдебиетіне тән ерекшелік деуге болады.

Екі баланың өліміне арнап ертеректе шығарған «Базар-Назар» әні ақ ешкінің зары болып елге кең тараған. Тіпті көз тірісінде ақынның өзі де, әні де аңызға айналып кеткендігі сондай ел арасында: «Кенен ақын бұл өмірден тұяқ көрмей өтіпті, артында ешкім қалмаған» дейтін жаңсақ пікір қалыптасқаны да рас. Кейде шалғайда жатқан ағайындарға барғанда осындай сөзді өзімнің де естіген кездерім болды.

- Қарағым, көңліңе ауыр алып қалма! Ол кісіден ұрпақ қалмаған деп естуші едік. Бәлкім, туыс немересі боларсың? дегенді сыпайылап жеткізетін. Сондайда өзімді бір ұрлық жасаған адамдай, ыңғайсызданып қалатын едім.

- Ол не дегеніңіз? Ақынның арамыздан кеткені кеше ғана емес пе? Екі әйелінен қалған ұрпақтар бармыз. Үлпілдек бәйбішесінен Талжыбек, Ұлтай атты қыздар бар. Насиха шешемізден екі ұл, үш қыз бармыз. Осылардан тараған үрім-бұтақ өніп-өсіп өз әлінше өмір сүріп жатыр. Талжыбектің Бәтима деген қызынан туған Жұмабайдан атамыз туажат сүйіп кетті. Құдайға шүкір әкеміздің арты жаман емес, деп қызарақтап қалушы едім. Әлгілердің көзін жеткізе түсу үшін шешемнен естіген әңгімені қоса айтамын.

Насиха шешем әкеме тұрмысқа шыққанда он жеті жаста екен. Ол кезде әкемнің дабысы қырғыз-қазаққа түгел тарап, елдің аузынан түспей жүрген кезі. Оның үстіне жаңа үкіметтің жаршысы әрі Қордай елінің «болысы» деп атайтын жұрт. «Ел мақтаған жігітті, қыз жақтаған» демекші Кенендей адамның жары болу үш ұйқасам түсіме де кірмеген жай дейтін шешем. Той-томалақта әндерін тыңдап, өлеңдерін естіп жүргенім болмаса аса жақын сөйлескен де емеспін. Бір-екі рет үйге де келіп кеткені бар. Әсіресе ақынға жалғыз баурым Қыдырбек тым үйірсек еді. Екеуі әлденені айтып, күлісіп ұзақ әңгімелесетін.

Бірде әрі көрші, әрі сырлас жеңгем мені оңаша алып шығып:

- Айнамакөз-ау, саған жүрегің жарылатындай қуаныш айтайын ба? Шүйіншіге не бересің? деді.

- Айтпай жатып құлдық деймін бе? Алдымен айтып көрсенші. Жүрегім жарылатындай ханның баласы құда түсіп пе? деймін әзілдеп.

- Ханның баласы деген не тәйірі оның қасында. Жігіттің нағыз сұлтаны саған ғашық болыпты.

- Үкі таққан қандай сері екен өзі? Жеңгем бұл сөзіме сықылықтап күліп алды.

- Жүрегіңді бас ендеше. Ақын Кененнің өзі саған сөз салып жатқан көрінеді. Кеше әкең келіп кеткендер Кененнің жақын ағайындары. Әкең қарсы болмапты. Бірақ шешен: «Әйелі бар адамға беретіндей құтыла алмай жүрген қызым жоқ» деп қасарысып отырып алыпты. Барлық түйін өзіңде. Бұған не дейсің?

Қалжыңмен болса да құлаққағыс етіп жеткізген жеңгемнің осы сөзін кеше Қыдырбектен де естігенмін. Әдеттегі қылжағының бірі шығар деп аса мән бермеген едім. Шынында да жүрегім аузыма тығылғандай, көзіме жас толып, мазасыз күй кешкенім рас.

«Өлең айтқым келмейді үнім бітіп,
Кетейін деп отырсың күнің бітіп.
Оң жағында әкенің ерке өстің,
Отырарсың біреудің жүнін түтіп» дейтін

той - томалақта айтатын өлең жолдары есіме түскендей. Балауса көңілім әр нәрсені бір ойлап шарқ ұрады.

Мен де әкемнің маңдайымнан шертпей, еркелетіп өсірген қызымын. Қалай болар екен? Япырай, әйелі көптен науқас деп естуші едім. Қаршадай екі қызы тағы бар. Өмірің қалай-қалай болар екен? Олармен тіл табыссаң жақсы. Таба алмасаң онда қалай? дейді іштегі бір түйсік.

Тепсе темір үзетін шағында науқас әйелді, бүлдіршіндей балаларын қызғыштап байыз таппай жүрген ер азаматтың жай-күйі елестейді. Қыз жүрегі сезімтал, нәзік емес пе? Өзі сері, ел ардақтысы атанған жігіттің шарасыздығына жаным ашиды. Маған неге тоқтады екен? Бәлкім, құдай қалаған тағдырым шығар?

Кененнің атына бұрыннан қанықпын. Өйткені жиын-той болса – Кененнің әні айтылып, алтыбақан-ақсүйек ойнауға жиналған жастардың шырқайтыны ақынның әндері болушы еді. «Қызыл қайнар», «Ойжайлау» әндерін өзім де талай айтқанмын. Әншінің сырға толы әндерін салып жүріп, сырттай ғашық та едік...

«Ер жігіттің көңілін қалдырып, қолын қаққандай болмайын. Неде болса артын күтейін. Әкем-шешем не дер екен? Ақынның өзі де ақыл тоқтатқан жаста, тым асығыстыққа бара қоймас» деп ойлағанмын. Солай болып шықты да.

Мен келін болып түскенде Талжыбек он төрттегі бой жетіп қалған қыз екен. Ұлтай үшке енді толыпты. Үлпілдек бәйбіше алғашында үрке қарағанмен келе-келе көңілі орнына түсіп, мені де бір қызындай көріп кетті. Бірге тұрған екі-үш жылда туған анамдай күтіп, көңілін қалдырып көрген емеспін. Ала көйлек ашық мінезімді қыздарына үлгі етіп отыратын.

Жастық шақтың ешкімді алаламайтын өз заңы бар. Талжыбек екеуіміз Ұлтайды арқалап алып бүлдірген теріп кететін едік. Сондағы үшеуіміздің үйді басымызға көтеріп күлгенімізді, құлан ойнақ асыр салып жүргенімізді көрген жұрт: «Кененнің отауынан күлкі естіліп, шырайы енді кірді» дейтін.

«Насиха келе салып киіп кетті,
Шашылған, төгілгенді жиып кетті.
Ақ пейіл, адалдығын көргеннен соң,
Разы боп бәйбіше де иіп кетті»

Бұл Кененнің сол кезде шығарған көңіл толқуы. Әрі ақын, әрі әнші, бір жағынан үкімет адамы болғаннан болар үйімізден қонақ үзілмейтін. Жас келе ме, әлде кәрі келе ме солардың бәрін қабақ шытпай күтіп, жайын таба білу де әйелге сын. Ол кездегі әйелдердің бар ойлайтыны ерінің абыройын арттыру. Көл-көсір дастарқан жайып, байлығыңды көрсететін кез емес. Ондай молшылық қайдан келсін? Сонда да болса шын пейілімді сезген адамдар риза болып, ақ батасын беріп жататын еді.

XXXX

Шешеміздің әр жайдың басын бір қайырып, үзіп-үзіп айтатын әңгімесінде қаншалықты мән-мағына жатқанын нақ сол кезде біліппіз бе? Байыбына барып, пайымдап жатпағанымыз белгілі. Әкем екеуінің елу жеті жыл бірге өткерген өмірі ұрпаққа өнеге, таптырмас тағлым. Өмірдің ащысын да, тұщысын да бірге көріп, тағдырдың талай-талай тауқыметін бастан кешірген осындай жандарға таңданбасқа, сүйсінбеске шара жоқ.

1974 жылы әкем 90 жасқа толды. Ел-жұрты дүбірлетіп тойын жасады. Халқының өзіне деген ыстық ықыласын, сағынышын, ортаймаған ақ пейілін көзбен көрген көнекөз ақын кәрі қырандай қайта түлеп, бір жасап қалды. Ақынның арқаланып, тынысының қайта ашылғандай болғанын көрген жұрт: «Кенекем, осы шабыспен жүз жасты да артқа тастайды, әлі» деп тілек білдіретін. Оған балалары біз де кәміл сенімді едік. Өйткені ақынның өзі:

«Тұсауым жоқ аяқта,
Сүйенгем жоқ таяққа.

Сексенді артқа тастаймын,

Тоқсан, жүзің қай жақта?» деп сұрау салды емес пе. Өмірге, жарық дүниеге деген ақын жүректің құштарлығы еді бұл.

Бір жолы шешем екеуінің әңгімесіне еріксіз куә болғаным бар. Сонда әкем екі қолымен шешемнің оң қолын ұстап отырып:

- Осы той менің көз тірімде көрген соңғы мерекем шығар. Халқыма да, саған да разымын, Насиха. Қайғыны да, қуанышты да бірге жүріп бөлістің. Тоқсан жылым түгелдей сенің көз алдында өтті деуге болады. Енді менде арман жоқ, деді. Құдайдан бір тілерім балалардың алдында, сенің алдында бұл дүниеден баз кешсем жөн болар еді. Ақынның бұл сөзіне шешем елең ете қалып:

- Немене, тап ертең жүріп кететіндей таусылғаның не? Кімнің қашан өлетіні бір құдайдың қолында. Оған ешкім дау айта алмайды. Жарық дүниенің ырзығын әлі де көре бер. Қайда асығасың? деді сөзінің аяғын әдеттегідей қалжыңға айналдырып.

- Е, е., Насиха-ау! Қимастықпен айтып отырсың ғой. Бұл дүниеде «темір өзек» кім бар дейсің? Сенің де денсаулығың белгілі. Екі бірдей кәрі адамды бағу оңай ма? Өз шешең де тоқсаннан асып отыр. Біраз үнсіз отырып сөзін былай деп жалғастырды:

- Сенің затың әйел. Ұлға да, қызға да сіңіп кетесің. Тым антұрған болмаса туған анасын кім кеудеге итереді. Менің жөнім бөлек. Ер адамның балаға, келінге сиысып кетуі өте қиын. Оның үстіне нардай шөгіп отырған адамды бағып-күту оңай ма? Әлгінде сенің алдында кетсем дегенім содан.

Жарты ғасырдан астам бірге ғұмыр кешкен, өмірдің небір тауқыметін бастан өткеріп, бірге бөліскен жандардың бір-біріне деген ыстық ықыласын, қимастығын көргенде көзіме жас толып, жаным толқып кетті. Япыра-ай, өмірдегі жарасымдық, ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген терең

сый-сыяпаты, қадір-құрметі осы екен-ау дейсің іштей сүйсініп. Бұл өзгелерге үлгі болатын, өзгермейтін қағида.

...Бірде теледидардан Алтынбек Қоразбаевтың «Қара кемпір» әнін беріп жатты. Өзі де сай-сүйегінді сырқыратып, көзіне еріксіз жас үйіреді азалы ән. Шешемнің бет орамалын алып қайта-қайта көзін сүртіп отырғаны көңілімді бөле берді. Жақында ғана көзіне операция жасатқан. Шығарында дәрігер: «Қарт адам да бір, жас бала да бір, інім. Көңіл бөліп қадағалап жүріңдер. Көз деген өте нәзік нәрсе. Шаң-тозаң түсіп, қайта асқынып кетсе қиын болады. Кәрі адамға қайталап операция жасау аса қауіпті» деп қатты тапсырған еді. Сол есіме түсіп:

- Апа, өткенге несіне күйзелесіз? Сізге жылауға болмайды. Көзіңіз асқынып кетеді. Дәрігер солай деген. Менің тым бәйектегенімді жақтырмай қалды.

- Әдірә, қалсын! Жылаудан ағар көз болса әлдеқашан ағып түсіп қалатын еді ғой. Сендерге өткен дүние болып көрінгенмен, біз үшін кеше ғана болғандай. Бәрі көз алдымызда. Жарынан, жалғызынан, тіпті барынан айрылған талай қара кемпір өтті ғой, балам. Сұм соғыс болмаса ағаң Жапарбек, жалғыз бауырым Қыдырбек қайда? Ең болмаса артында тұяқ та қалған жоқ. Ар жағын айта алмай булығып қалды.

- Босамаңыз, апа. Немере, шөберелеріңіз бар. Солардың орнын толтырып жатқан жоқ па? деп көңілін аулаған боламын.

- Бұған да шүкір, айналайын. Кәрі адамның не болса соны ойлай беретін әдеті емес пе? Өркенің өскір жаңағы ән салған баланың аты кім еді? Иә, иә Алтынбек. Келістіріп-ақ айтады екен. Кененнің «Базар-Назарынан» кейінгі естіген азалы әнім осы. Өте зарлы ән. Шешемнің жылағанын қойып өзге бір әңгімеге көшкеніне қуанып қалдым. Мұндайда ұзақ сөйлеп, іштегі шерін шығарып алатын әдеті еді.

...Замандарың жаман емес, қарақтарым. Қай үйге барсаң да, жаюлы дастарқанды, неше түрлі тағам-мәзірді көріп көңілің толады. Бүлдіршіндей балаларыңа дейін киген киімдері қандай? Қонақ келсе сояраға малың болмай, алдына тартар дәмің болмай сасқалақтайтын заман емес бұл. Үстіндегі жалғыз көйлегін түнде жуып-бояп, ертесі күні қайта киіетін кез де келмеске кеткен. «Осы күнде бәрі бар. Не жетпейді?» дейміз біз көне көздер, түк жетіспейді дейсіңдер бүгінгілер. Төрт құбылаң тең болып, дүние мүлкің қажетсіз артылып жататын кез болушы ма еді? Кейбір дегбірсіз жандар заманын кінәлап жатады. Бұған да қосылу қиын. Әрқилы заман бар, сол заманда ғұмыр кешетін әртүрлі адамдар бар. Бәрі де солардың пейіліне, қарым-қатынасына, ар-ожданына байланысты. Бес саусақ бірдей ме? Адамдардың бірі артықтау, бірі кемдеу тұрмыс кешетіні - өмір заңы.

«Бір қасыққа кім тояды?» дегенде «қанағат» дейді екен бұрынғылар. «Қанағат» қарын тойдырар» деп те айтады жұрт. Осындай аталы сөздің мән-мағынасы тереңде жатқанын бүгінде көп адам түсіне де бермейді. Қанағат – ең алдымен адамның рухани азығы, одан соң әр отбасының алтын қазығы.

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» дейтін сөз бар. Сол халықтың жаңасы - сіздер, қазаны - біз. Біз де қыр гүліндей құлпыра өсіп, қос бұрым

өріп, бойжеткен қыз атандық. Біздің де қиял-арманымыз сендердікіне ұқсас келетін. Айырмашылығы сол оқуы жоқ, «қырық үйден тыйуы» көп тар заманда ең алдымен ата-ана, аға-бауырлардың амандығын ойлау, жар сүйіп, жақсы жерге ұзатылу, бала-шағалы болу тілегі басым түсетін. Ата-ананың қас-қабағына қарап, именшектеу өстік. Өмірдің өз мәні, ырқыңа көне бермейтін өз заңы болады. Ойлағаның алыстап, қаперінде жоқ нәрсе алдыңнан шығып жататыны сондықтан болса керек.

Әкем Қабылтай палуан иықты, көп сөйлемейтін, қара торы кісі болатын. Диқаншылықпен айналысатын шаруа адам еді. Шешем Нысбала орта бойлы, ашаң жүзді келбетті адам. Қолына алған істі тындырмай қоймайтын, өте ісмәр жан. Менің көп жерім осы анама тартқан деседі.

Бір күні әкем қасына отырғызып, шашымнан сипай отырып: «Қызым, Кененді ел еркесі, әйгілі ақын деп қызығып отырған жоқпын. Ол да өмір тауқыметін көп көрген жігіт. Ұзақ жылдар төсек тартып жатқан әйелі бар. Алыс емес, аталас елдің айтулы бір азаматы. Бармаймын десен ерік өзінде. Қаласаң батамды беріп ұзатамын. Заман болса мынадай. Бұл түйінді өзін шеш» деді. Әкемнің заман болса мынадай деуі жаңадан «совет» шығып, дүние астан-кестен болып жатқан кез еді.

Сөйтіп, 1923 жылдың көктемінде Кенен екеуіміз азын-аулақ той жасап қосылдық. Той жасадық деген тек аты ғана. Ел дүрлігіп, жаудың кім, достың кім екенін білмей сенделген кез. Отбасының тыныштығын, ерлеріміздің амандығын тілеуден басқа шара бар ма? Кенен болса күндіз-түні үй көрмей халық арасында үгіт жүргізеді. Сөзімен де, әнімен де елдің көңілін аулап, сабырға шақырады. Түннің бір уағында, кейде таңға жуық өзі де, астындағы аты да әбден қалжыраған Кененді кірпік ілмей күтіп алушы едім.

Тұрмысымыз да мәз емес. Керегелері сөгіліп, киіздері жұрым-жұрым болған қазақ үйдің тек аты ғана. Ұзақ уақыт әйел қолы тимеген көрпе-төсек, дүние-мүліктер тозып кеткен екен. Атақ-абыройдан кемдік көрмеген жігіт ағасының көңіл кірбіңін жүрегіммен сезгендеймін. «Менің жағдайым осындай, Насиха. Осы ауыртпалықтың бәрі саған түскелі тұр. Ендігі сүйенерім өзіңсің» дегенді көзбен ұғындырып еді.

Уақыт зырлап өтіп жатты. Шашылғанын жинап, жыртылғанын жамап дегендей біз де ел қатарлы түтін түтеттік. Үйдің тіршілігі біте ме сірә? Тынымсыз еңбекқорлығымнан ғана бәріне үлгеремін. Қолыма алған шаруаны шапшаң істеуші едім. Сонымды көрген абысындарым, көрші-қолаң әйелдер «осы Насиханың қашан ұйқтап, қашан іс бітіргенін білмей қаласың» деп қалжыңдайды. «Түнліктеріңді түсіріп қойып түске дейін ұйқтасандар, шаруа өзі-ақ бітеді» деп әзілге әзілмен жауап беремін.

Әзіл демекші абысын-ажынмен, жеңге-қайындармен жарасымды әзілдесе білу де әйелден үлкен ептілікті, ақылды қажет етеді. «Ойы шолақтың, сөзі олақ» дегендей кейбір тең құрбыларымының ерсілеу мінезіне қарным ашушы еді. Ат қойғанның жөні осы екен деп ақсақ болса «ақсақ қайным», соқыр болса «соқыр қайным», «таз қайным», «семіз қайным» деп бар кемістігін бетіне басқандай, өзі де қымсынып жүрген адамды одан әрі тұқыртып, ыңғайсыз жағдайға қалдыратынын талай көрдім. Қайын ағаға,

қайын сіңліге жарасымды ат қою да әйел адамның ой-өрісін, білгірлігін, көргендігін аңғартады.

«Ботакөз», «Еркежан», «Айнам», «Мырза жігіт», «Кенжем», «Әнші қайным», «Сері қайным», «Ақылдас», «Ерке қыз» дегендей адамның бойындағы жақсы қасиеттерін тап басып, әдемі ат қоюды халқымыз өнер деп білген. Жаңа түскен жас келіннің жүріс-тұрысына, болмысына осындай қылықтарына қарап баға беретін еді ғой.

Кейде ата-енесіне де «сен», жұбайына да «сен» деп тіксініп тұратын тікбақай келіндерді көргенде көңіліміз құлазып қалатыны да сондықтан.

- Айналайын-ау! Білім десең білімің бар, оқып-үйренем десең газет, радио, теледидарың бар. Күндіз-түні қақсап ақыл айтып жатады. Ғасырлар бойы халқымыздың мерейін биікке көтерген қыз-келіншектердің бойындағы сыпайылық, ізеттілік, инабат, мейрімділік сияқты асыл қасиеттер неге азайып барады? Себебін қайдан іздейміз, бұған кім кінәлі? Біз оқи алмадық, бірақ өмірден көргенімізді, ата-анадан естігендерімізді көңілге тоқып өстік. Сондағы бір түйгенім отбасындағы алтын қазық та, береке-бірлік иесі де әйел екендігі.

Әйелдің бар міндеті бала бағу, тамақ жасап, кір жуу дейтін жаңсақ пікір де жоқ емес. Ол бір жағынан әйел адамды кемсіту, қорлау болып шығады. Бүгінде әйел мен еркектің қайда да құқы бірдей дегенді көп айтамыз. Рас сөз. Алайда бұл екеуінің де отбасындағы алатын орны бөлек. Ер азамат қателеспей ме, қайғырмай ма, кейде әлде неге күйініп, босамай ма? Осының бәрінде де ердің сүйеніші, мұңын айтып ақылдасатыны, сырласатыны әйелі. Әйелдің ақылдылығы, парасаттылығы, адалдығы міне осындайда қажет. «Еркекке жақсы әйел қайрақ» дейтін сөздің түпкі мәні осыған меңзейді.

Ер адамның жан дүниесінен гөрі оның қызмет лауазымына, тапқан табысына көбірек бәйектенетін әйелдерді де көріп жүрміз. Балаларының көзінше ерінің қадірін түсіріп:

- Қойшы соны. Ол алған жүз сомды жесір әйел де табады. Еркек пе сол, одан гөрі ішкіш болса да пәлен артық деп көлгірсіп отыратын кердең әйелдерді қайтесің? Тіпті отбасында қалсын дейтін әңгімені ушықтырып күйеуінің қызметіне барып шу шығарып, баспалдақ тоздыратындар аз ба? Сонда қалай болғаны? Әкенің беделі қайсы, шешенің қадір-қасиеті қайсы? Дәл сол көргенін ертең бала да істемей ме? «Жақсы адамның ашуы шәй орамал кепкенше, жаман адамның ашуы абыройын төккенше» деп халқымыз қандай тауып айтқан! Ертеректе айтылса да Кененнің:

«Жақсы әйел жұрт алдында жасытпайды,
Сабырлы, салмақ сақтап асықпайды.
Әйелі ер жігіттің жаман болса,

Достарың, ағайының қашықтайды» дейтін өлең жолдары осындайларға арнап айтылған сияқты. Жігіттің ер-азамат ретінде ел-ағайын арасындағы, әке ретінде бала-шаға алдындағы беделі, абыройы көбіне әйелге байланысты. Осыған орай мына бір жәй есіме түсіп отыр.

Кененнің атақ-даңқы Алатау асып кетсе де ауылдастары бұған көп мән бере бермейтін. Күндегі көріп жүрген «өзіміздің Кенен ғой» дей салатын.

Ақындық, әншілік өнер де құс сияқты қанат қағып қалықтап, алысқа жетіп жатпай ма? Сонау қияннан ат сабылтып өзін көруге, енді бірі өнерін тамашалауға келіп жататын қонақтарда есеп болмаушы еді. Ағылып- төгіліп жататын молшылық болмаса да, барымызды салып сый-сиапат көрсету – қазақтың салты. Балалар болса жас, солардың бәрін қабақ шытпай күтіп, аттандырушы едім.

Сондай бір ұятты қонақтарды жаңа ғана шығарып салып, тізе бүккеніміз сол еді. Оншақты кісі аттарынан түсіп біздің үйге қарай беттеп келеді екен. Осы маңдағы Кененнің жора-жолдастары болып шықты. Қапелімде абыржып қалған Кененнің ойындағысын мен де іштей сезіп тұрмын. «Қонақтардың ең қиыны ауыл арасындағы ағайын-туған, қатар жүрген құрбы-құрдастар. Бұлар сынап та, шындап та келеді. Қашан да қабағыңды түймей, көрпенді қағып-қағып жіберіп астарына төсе. Ақ пейіл, дұрыс ықылас білдірудің өзі - қонақтың бір тойғаны» деп үйретіп отыратын.

Дүниенің тапшы кезі. Келген қонаққа әдеп сақтап, ет аспасаң тағы болмайды. Үйде соя қоятын малдың да реті жоқ еді. Кененнің қонақтарға бір, маған бір жалтақтап қарай бергені де сол. Бәрі дуылдасып, аман-саулық сұрасып жатқанда лып етіп үйден шығып кеттім. Мұнымды ешкім аңғарған да жоқ. Жүгіріп жүріп екі-үш үй абысын-ажын, жеңгелерімнен керегімді алып қайттым. Көрші-қолаңмен тату-тәтті тұрып, сыйласқанымның арқасы бұл. Қыстан сақталып сұр болған қазы да табыла кетті. Тіпті бір-екі шөлмекті де қолтығыма қыса келгем. Қонақтар дабырласып, аттарын байлап, жем-шөбін салғанша менің де қазанымның буы бұрқырап тұрған еді. Мұның бәрі қайдан келгенін сезбеген қонақтар төрге жайғасты. Әрі таң қалып, әрі риза болған Кенен де домбырасына ұмсына берген-ді. Неше иірім әндер айтылып, әңгіме-дүкен құрған қонақтар таңға жуық әрең тарасты. Қонақтар түгел атқа қонған кезде көңілі толған ақын маған ризашылығын білдіріп:

«Әйелі жақсы жігіт жасымайды,
Дұшпанға ішкі сыры шашылмайды.
Білдірмей бар-жоғыңды бағаласа,
Көңілің неге судай тасымайды?! деп шалқыған еді.

Қайғысы мен қуанышы, бақыты мен мұңы алма-кезек ауысып отырмаған өмірдің несі қызық? Біздің де ерлі-зайыпты ғұмырымыз қиындықсыз өтті десем ағаттық болар. Адам болған соң өмірде бәрін көреді екенсің. Соның ең ауыры, жанға қатты бататыны бала өлімі дер едім.

Мен Кененге тұрмысқа шыққан жеті-сегіз жыл аралығында төрт ұл туыппын. Тұңғышымыздың атын Кенен болыс болды деп Болысбек қойдық. Содан кейінгісі Әбсәмет... Құдай екеуін де көп көрді білем, тұрмады. Ауыл қарияларының «қарағым өмір жасың әлі алда, мұңайма. құдайым әлі талай перзент сүйгізер» деп жұбатқанына қатты иланып, ертеңіне-ақ үйдің шаруасына кірісіп кететінмін. Қолым тиген кезде көрші-қолаң абысындарыма көмектесіп, бидай -тарысын түйісемін. Ынтымақтаса ғұмыр кешіп, ыдыс-аяқтарымызға дейін араласып жатушы едік. Шілдехана,

той-томалақ бола қалса бәріміз жабылып кетіп, сол үйдің бар шаруасын көтеріп кететінбіз. Бәрі де өз тойымыздай көрінетін.

Бәлкім заман өзгерген шығар? Әлде адамдардың пиғылы өзгерді ме? Тіпті шарбақтың ар жағында тұрып, бас изесіп, сәлем беруді білмейтін осы күнгі келіндерді көргенде адамдарда ізет қалмаған ба? деп қаласың. «Адамның күні адаммен» дегендей көрші-қолаң бір бірімен араласып, бірінің қуаныш-қайғысын бірі бөлісіп жатпаған тірлікте не мән бар?

Кененнің ауылында жасы сексенге келген Сәлмен дейтін қария бар еді. Балалары жоқ болатын. Мен келін болып түскен жылы кемпірі де дүние салды. Үйіміз қатар болған соң қалт еткенде кір-қоңын жуып, шайын беріп, тамақтандырып қоятын едім. Кәрі адам жиі-жиі шөліркейді ғой. Үйге ертіп келіп сусын ішкізем. Қызындай күтіп жүргеніме разы болған қария күнде батасын беретін еді. Екі сөзінің бірінде: «Қарағым, түбінде құдай сенің пешененді ашады. Бақ, дәулет, абырой саған қонады» деп отыратын. Құйып берген шайымды ұрттап қойып «осы ауылдағы ең тәтті шай – келіннің шайы» дейді. Қайнарымыз ортақ, салатынымыз сол тас шай, қай жері артық?» деп күліп қоятынмын. Шын пейіліңмен берген кара судың да бал татитынын ол кезде қайдан білейін?!

Болысбек, Әбсәметтен кейін қатарынан екі ұл тудым. Үйелмелі-сүйелмелі болған соң аттарын Базар-Назар деп ұқсатып қойдық. Аралары бір жарым жыл. «Балалы үй – базар» демекші біреуін Талжыбек, біреуін Ұлтай арқаларына мінгізіп, кәдімгідей ат болып жарысатын. Олардың шат-шадыман күлкісіне қарап Кенен екеуіміз де мәз болатын едік.

Ананың бақыты, шат көңілі дегенді әйелдер жақсы түсінетін шығармыз? Ал әкенің қуанышы, балаға деген ынтызары тіпті өзгеше дүние. Бірінде ол ашық байқалады, бірінде іштей жасырын жатады. Кейбір әйелдің «балаға тым суықсың, қатыгезсің» деп күйеулерін кінәлап, ауыр-ауыр сөз айтып жатқанын көргенде «әй, көргенсіз, көрсоқыр-ай!» дегің келеді. Баласын жек көретін ата-ана болушы ма еді? Баласына мейірімі жоқ деген әкелердің жалғызын майданға аттандырып тұрып, әйелдерге сыр бергісі келмей, сырт айнала бере екі иығы селкілдеп көзінен жас төккенін талай көрдік қой.

Базарым төрттен, Назарым үштен асты. «Ешкі қандай ойласаң, лақ қандай, лақ ойнап тезекті құлатқандай» деп Кененнің өзі жырлайтындай, екі бала асыр салып ойнағанда жұпыны қоңыр үйіміз хан сарайындай мереке - думанға айналушы еді. Сұм дүние-ай, бұлардың күлкісін де көп көрген тәрізді. Аяқ-асты келген науқастың құрығынан құтыла алмадық. Сондағы екеуінің жаутаңдаған көздерін айтсаңшы! Денелері лапылдап, еріндері кезерген балаларымды «қу шешектен» арашалаймын деп ұйқысыз арпалысқан күндерім есіме түссе, қазірдің өзінде ет-бауырым елжірейді.

Кенен жолаушылап кеткен еді. Ол кезде дәрігер тұрмақ, бақсы-балгердің өзін табу оңайға соқпайды. Менің құдайға жалынып-жалбарынғаным ажалға араша бола алмады. Балалардың бірі сәскеде, екіншісі кешке қарай үзіліп кетті. Екі қолым алдымда аңтарылып ұзақ отырдым. Есі ауған кісідей мәңгірген күйі екеуінің бетін жауып тысқа шыққаным ғана есімде. Қанша уақыт жүргенім белгісіз. Қордай тауын бетке алып жүгіре беріппін. Көзімде

жас жоқ. Өзіммен өзім күбірлеп сөйлеймін. Құлағыма азынаған зарлы бір үн келеді:

- Құдай қарғаған адам шығармын. Болмаса бір емес, төрт бірдей балам неге өледі? Қайда әлгі ақсақалдардың ақ батасы? Қайда әлгі бақыты мен бақ-дәулеті? Кененге не бетіммен көрінемін? Одан да Қордайға барып, қаңғып өлейін дейді іштегі бір дауыс. Артымнан атты адамдар қуып жетпегенде, неге душар боларым беймәлім еді.

Базар-Назардың әңгімесін халық жақсы біледі. Мұндай қайғы бір менің ғана басымнан өтпеген шығар. Өмір болған соң неше алуан оқиғалар болатыны ақиқат. Әңгіменің түпкі мәні мұнда емес. Құдай бермесе, ажал көнбесе оған істер шара жоқ. Ал беріп тұрғанды, құрсағыңда тоғыз ай көтеріп, жарық дүниеге толғатып әкелген нәрестені көзін жаудыратып тастап кету дегенді не дейміз? Бүгінде көзі шыққыр мұны да көріп, тас болғыр құлақ мұны да естіп отырған жоқпыз ба? Бала асырай алмайтын, киім-тамақ таппайтын заман ба қазір? Ендеше халқымыздың ата-салтында болмаған бұл індет, жаман әдет қайдан келді?

Әлде аяғын аңғал басып, сонысынан опық жейтін жас жігіттер мен қыздар бұрын болмап па еді? Болар іс болды, ендігі жерде аттан салып, айғай шығарудың жөні бар ма? Мұндайда ата-ананың, қыз-жігіттің абыройын ел-жұрт, ағайын-туысқан болып іздестірмеуші ме еді? Қайткен күнде де нәрестенің өміріне балта шаппауға тырысатын. Жиен жұрттың, нағашылардың, тіпті балалары жоқ адамдардың қолында өсіп, зіңгіттей азамат болғандарды талай көргенбіз. «Апырмай, нағашысына тартыпты», «жиен ағасынан айнымай қалыпты» дейтін зілсіз әзілмен жуып-шайып жіберетін жарасымды дағдыларымыз бар емес пе еді?

Мұның өзі халықтың мәдениетін, ынтымақ-бірлігін, тәлім тәрбиесін білдіретін жай. Әлденеше рет үйленіп елге күлкі қылған балаға, ұрлық-зорлық жасап бірнеше дүркін сотталған балаға намыстанбай, жастықтың желігімен аяғын аңдамай басқан, әсіресе қыз баланы үйден бездіріп, көрмей қоятын ата-аналардың намысы – қай намыс? Намыс емес, мұндайды қылмыс деген дұрыс шығар. Кененнің:

«Балаларым, балдырғаным,
Сүйсем мейір қандырғаным,
Алсам қолды талдырғаным» деуі тектен-тек емес.

Әсіресе баланың қажеттігі жасың ұлғайған сайын айқын сезіле түседі. Өзімізбен қатарлас адамдардың алды келін түсіріп, немере сүйіп жатқанда Кенен екеуміздің қабырға күзеткендей күй кешкенімізді айтып жеткізу қиын. Бұл жағдай Кененге тым ауыр тиетін еді. Не жинаған дүние-мүлік жоқ, не ермек қылар бала жоқ. Талжыбек пен Ұлтай тұрмысқа шығып кеткен соң екеуміз екі жерде шоқиып, жұртта қалғандай болдық.

Балажан Кененнің сыр шертетіні - домбырасы. Жанынан бір елі тастамайды. Неде болса іштегі бар сырын, ой-толғанысын домбыра үніне қосатын сияқты. Әйел жаны әсте нәзік қой. Қанша білдірмеймін десе де оның бүкіл көңіл-иірімін, мұң-қайғысын домбырасының үнінен-ақ сезіп жүремін. Жаным шырқырайды, жүрегім шаншиды. Амал не?

Ағайынның арасы кейде тату, кейде бату. Пенде болған соң әлде бір жайға ренжісіп, болар болмас нәрсеге ашу шақырып, тілге келіп қаласың. Аузына ие бола алмайтындар ашумен ауыр-ауыр сөз айтып қалады. Әсіресе кейбір ағайынның «мұңдар, қу бас» дегені жан дүниеміздің астан кестеңін шығарып кететін еді. Жаныңды жаралайтын сөз. Адамға қарап балағат сөз айту табиғатында жоқ Кенен мұндай сәтте үнсіз мұңайып, іштен тынатын еді. Тіпті бір түнде үйді жығып басқа ауылға көшіп кеткен кезіміз де болды. Осының бәрін кейін өлең етіп жазды емес пе?

«Жалғыз қабат шапаннан жел өтеді,
Ағайындар ұрысса «сен» деседі.
Ер жігіттің баласы өле берсе,
Жанып тұрған шырағы демде өшеді...

Баланың керектігін мен айтайын,

«Қу бас» десе біреудің сөзі өтеді» дейтіні көңілі

байыз таппай, іштей күңіренген адамның жан айғайы.

Базар-Назардан кейін де талай құрсақ көтердім. Сағатбек деген ұл тудым. Бұйыртпады. Содан кейінгі көрген баланы ең болмаса осы тұрар деп атын «Тұрар» қойдық. Тұрмады ол да тым ерте кетті. Аштықтан қашып, қырғыз елін паналаған жылдары тағы бір қыз келді дүниеге. Қырғыз ағайындар: «Бұл бала жоғалтқандарыңның төлеуі болсын, атын Қырғызбала қоямыз деген соң оған да келістік. Бір жастан асып ол да шетінеп кетті. Жұмыр басты пендеге бұдан ауыр, бұдан қатты қайғы болар ма?

Әйелдің қырық жаны бар деген сөз әзіл ретінде айтылғанмен ар жағында шындық жатыр. Қандай ауыртпалық келсе де қасқайып тұрып қарсы алатын, мойымайтын әйелдер көп. Бұған керісінше өмірден сәл опық жеп қиналса болды, отбасының болар-болмас күйбеңіне шыдай алмай тұра қашатын күйреуік әйелдер де бар. Кейде үйленгеніне екі-үш жыл болмай жатып «бала тумайсың немесе ұл туып бермедің» дегенді сылтауратып әйелін балағаттап, жұдырық ала жүгіретін еркектер де бар. Мұны көргенде көңілің құлазып қалады. Сонда қалай? Дүниеге ұл-қыз әкелу әйелдің ғана қолында ма екен? Көзі ашық, білімі бар азаматтарға жарасар көрініс пе осы? Тіпті өрісте қасқыр тартып кеткен тышқак лақтың өлімін де үйдегі әйелінен немесе келіннің «аяғынан» көретін қатігез заман келмеске кетті десек те, осындай келеңсіз көріністен әлі арыла алмай келеміз.

Мысбала әжелеріңнің әкесі Байқалмақ деген кісі. Одан: Әлмен, Жезбала, Шүкітай, Мысбала, Әлімбай, Әпейбек атты алты бала туған. Ең үлкені Әлмен әрі ақын, тілге жүйрік, мінезді, қайсар адам болыпты. Оның халық арасында таралып кеткен өлеңдері өте көп. Бәдік айтысқа келгенде алдына жан салмайтын адам екен. «Өзіне ұнамаған қылжақбас жігіттерді аяусыз қағып түсіретін адуынды, ащы тілді ақын еді» деп шешем Мысбала мақтанышпен айтып отыратын. Әлменнің Тәкен салмен әлденеше рет айтысқан елдің жадында. Бір-бірін іздеп барып айтысады екен. Әр кезде Әлмен басым түсіп, Тәкенді «отырғызып» кетеді екен.

Ол кезде қыздың тағдырын қалың мал шешетін заман ғой. Амал жоқ жылай-жылай алыс елге ұзатылған дейді. Сонда келіп түскен жерінің

Бектұрған дейтін ақсақалы: «Әлгі біздің баланы менсінбеген келіннің түрін көрейінші» деп келіп шымылдықты ашып тұрып: «Е,е, ай десе аузы, күн десе көзі бар қас сұлу ма десем, күйген күлшедей, кескінсіз неме екен ғой» дейді. Сол сәтте күшпен әкелгеніне іштей күйініп отырған Әлмен табан астында:

«Ауылдың ақсақалы Бектұрғанды,
Көремін өзім тәуір тек тұрғанды.
Келін боп өз еркіммен келгенім жоқ,
Әкеммен екеуің ғой еп қылғанды.
Зорлықшылдың зауалын құдай берсін,
Аузына келгенді айтып, жеп тұрғанды.
Ата сақал аузыңда күректей боп,
Көргенім жоқ тап сендей ант ұрғанды!» дейді

Еріксіз тиген күйеуінің де, атасының да, қайын ағасының да бастары таз екен. Күшпен әрең әкелген келінге қырын қарап, күн көрсетпейді. Бар ауыртпалықты үйіп тастайды. Күң орнына ұстапты. Бұл аз болғандай атасы бір күні дүйім жұрттың алдында келініне ауыр-ауыр сөз айтып, балағаттайды.

«Қара кемер айналып қона алмадым,
Қаракесек, Наймандай бола алмадым.
Жалғыз атым бар еді қасқыр жеді,
Осы келін түскелі оңа алмадым» деп әжуалайды. Өзі де ішқұса болып, іштей тынып жүрген ақын Әлмен бұл қорлыққа шыдай алмапты:

«Мен үйімде жүргенде сөк жарма едім,
Әкем тазға берді деп арманда едім.
Үшеуіңнің басыңды «құрт» жегенде,
Сонда да қастарыңда мен бар ма едім?» деп отырған жұртты қыран-топай күлкіге батырған екен. Кенен де отбасында болатын осындай қызық жайларды байыбына келтіріп айтып отырушы еді.

Шығыстың Фирдоуси, Омар Наям секілді жарық жұлдыздарының, одан бергі Абай, Сүйінбай сияқты қазақтың ақын-жырауларының өмір жайлы, отбасы, әйелдер туралы өлең-жырларын жатқа айтатын. Оқуым жоқ мен үшін осының өзі үлкен мектеп, ұлы дәріс болған екен. Кейде өткеніме ой жіберсем, небір ауыртпалықты, аштықты, перзентсіз жүрген жылдарды бастан кешкенде қосағымыз айрылмай, дәм-тұзымыз бөлінбей сақталып қалғанына сол өнердің – ұлылардың ұлағатты сөздерінің шапағаты тиді ме екен деймін.

Керегінің бәрі бар, жаңашыл да, жарасымды заман аясында өскен білімді, білгір ұрпақтың бойынан қайырымдылық, инабат, ата-анаға деген мейірім неге азайып бара жатқанын түсінбеймін. Мектеп білім береді, институт білім береді, ал тәрбиені ше?

«Үйретсең жаман әдет жастайынан, өскенде тия алмайсың өз баланды» дейтін аталарыңның өлеңі бар. Баланың бойындағы асыл қасиеттерді тәрбиелеп үйрету ең алдымен ошақ басы – дастарқаннан басталмаушы ма еді? Бұл күнде жұрттың бәрі де қызмет басты екені рас. Қит етсе «қол тимейді, тіпті бала тәрбиесімен айналысуға мұрша жоқ» дейтін сылтау көбейіп кетті. Расында солай шығар дейін десең, газет оқып немесе теледидарға тесіліп талай алтын уақытты бос өткізетіндеріңді көріп жүрмін. Қонақ шақыру, қонаққа бару да кейде тым жиілеп кететін тәрізді. Білім көтерме, көңіл көтерме демеймін әрине. Бірақ үйдегі балаға да бір уақыт пейіл көрсетіп отырған абзал. Тәрбие тек серуенге ертіп шығумен, қасыңа отырғызып теледидар, кино көрумен ғана шектелмесе керек. «Сонда не істейміз? Азаннан кешке дейін осыларға ақыл айтып отыруымыз керек пе?» деп дау айтқыларың келеді-ау!

Баланы ешкім де, ешуақытта қанжығасына байлап жүріп үйретпейді. Оған арнайы уақыт, күн бөлудің де қажеті жоқ. Ол қызметті мектеп те атқарады. Басты нәрсе - баланың мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, іс-әрекетін күнделікті қадағалап отыруда. Өйткені баланың қасық ұстауынан бастап, дастарқан басында қалай отыратындығына дейін тәрбиеге жатады. Қасында бала бар екендігіне қарамай, ересектердің кез келген нәрсені әңгіме етіп кететіні бар. Мұның өзі өте зиянды әдет. Бала аңғармайды, сезбейді деген бекер сөз. Басқа уақытта қолдарың тимесе тимейтін шығар, ал дастарқан басында балаға көп назар бөлінуге тиіс. Жас баланы тәулігіне бірнеше рет айналып-сүйіп, мейірім білдіру артық нәрсе емес. Өйткені балаға жас кезінде айтылған сөз, әңгіме, ілтипат оның көңілінде мәңгі қалады.

Соғыс аяқталып, елдің еңсесі көтеріле бастаған кез. Бір күні 12-13 жасар қыз баланы қолынан жетектеп Кенен кірді. «Ал, Насиха, бізге дұрыстап дастарқан жаса, қонақ келді» дейді даусын көтере сөйлеп. Именіп тұрған қызды арқасынан құшақтап, қасына отырғызды. Айдай келбетіне сүйініп, Айша атанып кеткен сол қыз, біздің үйдің бір мүшесі болды. Шын аты Хәмсиат. Кейін білдік. Кавказдан жер аударылғандармен бірге келіпті. Шешесі жолда өліп, екі бауырының қайда кеткенін білмейтін болып шықты. Өйтеуір елі Дағыстан екенін әрең сұрап білдік. Біздің ақ пейілімізді түсінген болу керек, бірте-бірте бойы үйреніп, қазақша сөйлей бастады. Кенен өзінің атына жаздырып, тууы туралы куәлік алды. Сөйтіп Төрткенге ілесіп мектепке баратын болды.

Адам тағдыры деген осы шығар? Сонау төбесі көк тіреген Кавказдан келіп, Алатаудағы қазақтың бір ақынына бала боламын-ау деген нәрестенің ойы тұрмақ түсіне де енбеген болар?

Ата, апа деп құрақ ұшып тұрған қызды ешқайсымыз жатсынған емеспіз. Туған қызымнан артық көрмесем, кемсіткен жерім болған жоқ. Әсіресе Айшаға деген Кененнің көңілі бөлекше еді. Тамақ ішкенде екі қызды екі жағына алып отыратын. Алдынан жүгіріп шыққан балалардың ішінен Айшаның маңдайынан бірінші иіскейтін еді. Кейін бой жетіп, кәмелет жасына жеткен соң Нәмет деген қазақ жігітіне тұрмысқа шықты.

Дастарқан басындағы әженің орны, әкенің орны, жасына қарай балаларды отырғызу да жәй нәрсе емес. Кенен өзі де жасы келіп ақсақал

болғанына қарамастан, менің шешеме (енесіне) зор ілтипат білдіріп, шайын әперіп, етін майдалап турап беріп отыратын. Осындай ортада өсіп, тәрбие көрген Айша да кейін қазаққа тұрмысқа шығып, бала-шағалы болды. Келін түсіріп, қызын ұзатып, немерелер сүйіп отырса да, әлі күнге «апалап» жаны қалмай жүретіні содан болар деп ойлаймын. Талжыбек пен Ұлтай, Айша мен Төрткен, кейінірек көрген Ақтамақ пен Ақбілек бәрі де қолымда өсіп, қолымнан ұзатылды. Ешқайсысы жаман деген сөз естірткен емес.

Міне, қарағым... «Жас кезімде бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» деп бұрынғылар бебеулеп тілек тілейді екен. Осы күні Сәлмен қарияның берген батасы есіме жиі түседі. Жарықтық-ай, көріпкелі бар ма екен? Қайғы да, жоқшылық та адыра қалды. Бала да сүйдік, қыз ұзатып, келін де түсірдік. Бақытты да, бақ-дәулетті де көрген сияқтымыз. Өмірімде көрген жақсылық пен жамандықты ой таразысына салып көрсем, құдайға шүкір, жақсы жағы басым екен. Бәрі де адамның пейіліне қарай деген рас-ақ. Әйтеуір, менің біліп, түйгенім: адамға жасаған жақсылығың қайтарусыз қалмайтыны, ал жамандығың болса алдыңнан түбінде бір шығатындығы.

Замандарың тыныш болып, ел іргесі сөгілмесін, қарақтарым! Қара кемпірлерің жыламасын, қара шалдарың мұңаймасын, қара балаларың аман болсын!

xxxx

Әке дүние салған соң шешемізді кезек-кезек алып кетіп бағатын болдық. Жаз айларында елде Көркемжанның қолында болады. Қысқа қарай қаладағы балаларына келеді. Қолдан келгенше жасы келген адамның бабын табуға тырысатын едік. Алғашқы жылдары қаланың «қым-қуыт» тірлігіне үйрене алмай әбігер болатын. Таң ертең тұра сала, апыл-ғұпыл тамақтанып қызметке кетеміз. Кешкісін біріміз ерте, біріміз кеш ораламыз. Бірер сағат теледидарға тесіліп отырғанымызды көреді. Балалар балабақшадан қалмасын деп ерте жататынымыз тағы бар. Күндегі көретін күйбең тірлігіміз осы.

- Қарақтарым-ау, дейді шешем. «Жын қуғандай», алаөкпе болған мыналарың не тірлік? Дастарқан басында шүйіркелесіп бір отырмайсыңдар. Не бір дұрыс әңгімелерің жоқ. Телевизорларың кешке дейін шүлдірлеп орысша сөйлейді. Оны мен түсінбеймін. Кіріп-шығып жүретін не көршілерің жоқ. Ұзақ күнге қарап отырып адамның жағы қарысып қалады екен!

Қанша бәйек болсақ та екі сөзінің бірінде:

- Әлгі Көркемжан не істеп жүр екен? Балалары әлі жас. Шаруаға бастау еді, қиналып қалды-ау! Барып қайтсам ба екен? деп отырады. Көркемжанды аузынан тастамай, қайта-қайта айта бергеніне кәдімгідей қызғанып қалатын едім.

- Соншама өбектейтіндей, жас бала емес қой, апа. Ақыл тоқтатып, онды-солын таныған адамға несіне қиналасыз? Ел қатары шаруасын істеп жүрген шығар? Барғанда не істейсіз? Отынын түсіріп, шөбін шауып бересіз бе? деймін. Менің сөзіме ренжімейді, қайта мырс етіп күліп қоятын еді.

- Айтқышсың-ау, балам! Ата-ананың көңілі қайда жүрсе де баланы ойлап тұрады. Сендерді бізге оп-оңай бере салған жоқ. Кенен екеуіміз

күндіз-түні жалбарынып құдайдан бала тілемеп пе едік? Талай әулиенің басына түнеп, шырақ жаққанымызды сендер қайдан білесіңдер? Алматыға барған сайын Райымбек бабаның бейітіне құран оқытып, тағзым етпей кеткен кезіміз болған емес. Сөйтіп жүріп көрген балалар міне енді әр қияға қонып, алыстап бара жатырсыңдар. Қарашаңырақта Көркемжан қалды. Оны қалай ойламассың?

- Баланың кішісі мен қалуым керек еді. Өздерің ғой қалада да бір бала жүрсін деп мені интернатқа өткізіп жіберген, деймін сөйлете түскім келіп. Менің еркелеу, еркін сөйлейтінім шешеме таңсық емес. Мұндай даудың талайын естіген. Ондайда ақырын ғана «бар бол» дейтін де қоятын. Көңілі түссе өзім талай естіген әңгімеден сыр шертер еді.

...Осы Көркемжан туардың алдында Жамбылдың ауылына барып қайттық. «Мені әурелемей, өзің ақ барып келсеңші» дегеніме Кенен көнбей қойды. Ол уақытта қазіргідей ағылып жатқан мәшине жоқ. Алатауды бөктерлеп Ақтерек, Дегерес арқылы Ұзынағашқа жететін едік. Көліктің дені ат арба немесе салт атпен баратын.

Жәкеңнің ауылы тік тұрып қарсы алды. Бұрын да талай барған жерім ғой. Көзтаныс болып қалған жұрттың жасы үлкені бар, кішісі бар жабыла келіп амандық сұрасады. Кененнің жүрген жері той-думан. Барған үйі ән салдырмай жібермейді. Жәкеңді ортаға алып талай үйдің дәмін таттық. Жамбыл да Кененін әбден сағынып қалған екен. Көзін жұмып отырып Кенен салған әндерді сүйсіне тыңдайтын еді жарықтық. Ара-арасында жастық кезі есіне түсіп кетеді –ау деймін? Қарлыққан даусымен «Үйдөйт, дейсің!» деп орнынан бір қозғалып қоятын еді. Оған жастар жағы күліп жатады. Талай-талай додада топ жарған төкпе жыраудың, қанатын қомдаған қырандай арқаланар сәтін олар қайдан пайымдасын?

Екі-үш күннің қалай өткенін де білмей қалдық. Қоштасар сәтте Жәкең маған бағыштап бата берді:

«Келінжан, жай қолыңды бата берем,
Айтпасаң кеуде қысып жатады өлең!
Қол бастайтын бір ұл тап,
Той бастайтын бір ұл тап,
Кененіңмен жүз жаса!
Қолдап жүрсін әруақ!»

Осылайша халықтың тілеуін естіп, Жамбылдың батасын алып жолға шықтық. Айтпақшы есімнен шығып барады екен. Арбаға келіп отыра бергенімде Кенен қолындағы оралған ақ түсті матаны апыл-ғұпыл қойныма тыға салған еді. «Мұның немене?» деп сұрап үлгере де алмадым. «Кейін айтам» деді күліп. Сөйтсем, әлгісі Жәкеңнің бұтына киетін ішкі киімі екен. Жуа-жуа әбден оңып, сарғыштанып кетіпті. Қалың сәтеннен, қалай болса-солай тігілген. Қолға алсаң қалдыр-қалдыр етеді. Жазып көріп едім, далиған, тіпті көзге қораш көрінеді.

- Бұны қайдан алдың? Біреу берді ме?

- Жоқ. Ұрлап алдым. Төсегінің аяқ жағында ілулі тұр екен, дейді. Бұған ішек-сілеміз қатқанша күліп алдық. Кененнің ырымшыл екенін бұрыннан білемін. Бірақ жасының елуден асып кеткеніне қарамай баланың ісін істеп, сонысына мәз болғанын көріп жүрегім шымырлап кетті. «Бала-бала» деп зарлаған жандүниемізді кім түсініп жатыр? Көзіме келіп қалған жасты әрең тыйдым. Адам деген күліп отырып-ақ, жылай береді екен-ау!

Жамбылдың сол ішкі киімін талай жылдар бойы сандықтың түбінде сақтап, кейін Төрткен тұрмысқа шыққанда соған бердім. Жәкеңнің берген батасы оң болып, 1939 жылдың жазында Көркемжан туды. Кененде де, менде де жүрек қалмаған шығар? Сондағы қуанышымызды айтып жеткізу мүмкін емес, оған тіл жетпейді.

Сол жылы Иірсудағы үйімізге құтты болсын айтып Жамбылдың өзі келді. Қарт жырауды көреміз, батасын аламыз деп ағылған жұрт. Кенен екеуміз төбеміз көкке жеткендей күй кештік. Жұпыны үйімізді айнала отырған елде есеп жоқ. Бүкіл дүние біздің үйімізге құлақ тігіп, бүкіл дүниенің аңсары бізге ауғандай көрініп еді. Жәкең екі күн бойы халық алдына шығып жыр төкті. Кенен құйқылжытып әнін салды.

«О, жаратқан! Мұнымызды көп көрме, тіл-көзден сақтай гөр!» деп жалынып- жалбарынғанымды несіне жасырайын. Кененнің: «сен туып ең Жамбылдың батасынан, бергендей боп суырып қалтасынан» дейтіні сондықтан. Бұл әңгімені әкелерің де талай айтып беріп еді ғой? Қол да, той да бастамай-ақ қойыңдар, қарақтарым! Көзқуаныш болып аман жүрсендер болғаны!

xxxx

Шешем айтқан үзік-үзік әңгіменің әсері болар менің көз алдыма қызығы мол алаңсыз бала кездерім тізбектеліп тұра қалғандай. Біздің үйде қолдан жасалған дөңгелек аласа стөл болушы еді. Оншақты адам айнала отырса сиып кететіндей ауқымды болатын. Төрде әкем, одан төменірек әжем, содан соң жасымызға қарай біздер отыратынмыз. Үлкендердің қас-қабағына қарап өскендігіміз болар, әкеміз келіп өз орнына жайғасқанша дастарханға сұғанақтанып, қол созбайтын едік. Әкем төрге малдасқұрып отырған соң, дастарқанға бағыштап бата-тілек айтады. Салалы саусақтарымен бетін сипайды. Біз де еліктеп, соны қайталаймыз. Әдеттегідей қалтасынан бәкісін алып, көмбеш нанды біркелкі таспадай етіп тіліп біздің алдымызға қояды. Әкеміз дәм татқаннан кейін барып, біз де «іске» кірісетін едік. Шешем болса әлгінде ғана кіргізген самауырдан сызылтып шай құя бастайды. Сондағы үнді шайының хош иісі мұрнымызды қытықтап, көңілімізді шаттандырып жібергендей әсер етеді.

Ұзақ ішілген шайдан соң әрқайсымыздың маңдайымыздан иіскеп, еркелетіп қою әдетке айналған. Сондай бір сәтте әкем:

- Бәрі де жаратқанның қолында екен-ау! Бір балаға зар болып, құдайға мұңымды айтып жалбарынған күндерім, «сабау қамшы, салт атты Кенен» атанғаным кеше ғана емес пе еді? Соның бәрі түсім сияқты. Енді осылардың қызығын көрсетсе екен! Мына Көркемжан туғанда құтты болсын айтып

Қастектен Жамбыл арнайы келген. Атын қойған да Жамбыл аталарың. Әкем жанарын алысқа тігіп, әлденені есіне алғандай ойланып қалды. Біз болсақ:

- Ата, менің атымды кім қойды? Мен қалай тудым?» деп тұс-тұстан ұлардай шулаймыз.

- Бәрің де Жамбылдың батасынан туғансыңдар, қарақтарым! Үнемі қасында сүйеулі тұратын қоңыр домбырасын қолына алды. Мұндай сәтте неше түрлі өлең-жырлар айтылып, не бір әңгіменің тығыны ашылар еді. Біз де бір-бірімізге тығыла түсіп, әкенің аузынан шыққан әрбір сөзін қалт жібермей көңілге тоқып қалуға тырысатын едік.

...Ойлап отырсам бүкіл өмірімнің әр кезеңінде үш рет Жәкеңнің ақ батасын алыппын. Батасының бәрі де дәл келді. «Батадан ер көгереді...» дейтін рас сөз. Жамбылды бірінші рет көріп, нөсерлеткен жырын естіп, құмарым тарқағандай болған кезімде мен бар болғаны он алты жастағы түбіт иек бозбала екенмін. Бала болсам да «Бозторғай», «Ри, қойым!», «Көкшолақ» деген әндеріммен халыққа кеңірек танылып, ел аузына іліне бастаған шағым еді бұл:

«Сатып алдым базардан Көкшолақты,
Құйрығы жоқ, жалы жоқ, шоп-шолақты.
Өзі сәуірік, көктемде байтал қуып,
Бір жағынан азынап құдай атты.
Әкем бойдақ, ат бойдақ, мен де бойдақ,
Қайда апарып бағамын үш бойдақты?»

Өзі де жадап-жүдеп жүрген елдің көңілін көтеріп ән шырқаймын. Тыңдаған жұрт қыран-топай күліп, сергіп қалады. Ол кезде жаз айларында ғана болатын той-томалақтарға барудың өзі қойшылар үшін бір қиамет. Қысы-жазы мал соңында жүретін бейбақтардың көңілін аулайтын тек ақын-жыршылар ғана.

Міне осылай жалшылық пен жоқшылықтың зарын шегіп жүргенде, кешкі апақ-сапақта Еркебай жіберген шабармандар сау ете қалды. Түстері суық, аттары әбден қаратер болыпты. Суыт жүріп келгендері байқалып тұр. Әкем шошып кетіп: «Не бүлдірдің?» дегендей маған қарайды. Мен басымды шайқап, иығымды көтердім.

- Әзеке, балаңызды Еркебай шақыртып жатыр. Тез жолға әзірлеңіз! Өте асығыспыз, дейді. Неге шақыртқанын айтып жатпады. Әкемнің бірдеме деп «күңкілдегеніне» қарамастан, мені арттарына мінгестіріп алды да кетті. Сол жортқаннан Қордайдың бекетіндегі Еркебайдың аулына ат басын бір-ақ тіреді.

Қарағай тамда адамдар толып отыр. Қордай елінің бетке ұстар игі жақсылары түгел жиналыпты. Той-жиындарда талай көрген Әсіреп, Шаңбай деген палуандар, ат сыншысы Олжабай, Тәкен сері бар. Қақ ортада Еркебай отыр.

Еркебай Базарұлы орысша білім алған, бойы сұңғақ, қапсағай денелі, ат үстінде әскерше ойнайтын өнерлі жігіт. Кедей-кепшікке бүйрегі бұрып тұратын жанашыр адам еді. Анау бір жылдары әр болыстан бір-бір қазақ

баласы орысша оқуға жіберілсін дейтін ақ патшаның жарлығы келіпті. Сонда «орысқа барып баламыз шоқынып кетеді» деп он жастағы жетім Еркебайды хаттап жіберген деседі. Еркебай сол кеткеннен сегіз-тоғыз жыл дегенде елге оралған екен. Әкесінен ерте айрылған Еркебайдың бағы артып, бүкіл Қордай елінің ардақтысы, ақылшысы болған кезі еді бұл.

Менің имене кіріп, берген сәлемімді Еркебай іліп әкетті:

- Алдарыңда тұрған Кенен деген қойшы бала, қойшы болғанмен тұлабойын өнер буған тойшы бала, деп мені өлеңдете таныстырды.

- Ана бір жылы Есқожаның су жорғасын мініп, жеті қойды жоқтайтын бала осы емес пе? Отырғандар менің бас-аяғыма қарап күліп жатыр. Қысылғаннан маңдайымнан шып-шып тер шықты. Не дерімді білмей абдырап қалған едім.

- Болар бала б..., демеуші ме еді? Жеті қойда тұрған ештеңе жоқ. Гәп, соны өлеңіне қосып, алдарыңнан қаймықпай шыққан қаршадай баланың жүрегінде. Өткенді айтып ұялтпайық, деді Еркебай.

Менің көз алдымнан осыдан екі-үш жыл бұрын өткен сол бір оқиға тізіліп өте берді. Он үш жасқа енді толған қара сирақ баламын. «Басқа бәле – тілден» дегенді пайымдайтын кезім бе бұл? Көңілім алып ұшып, әрнәрсені бір қиялдап шарқ ұратын шағым. Ауылдың сыртында шағын ғана төбе бар. Бір топ шал сол төбенің басында отырып әңгіме соғатын еді.. Әкем Әзірбайдың қолтығына басымды тығып отырып, мен де әлгілердің әңгімесін тыңдаймын.

- Байсақ қарттың жеті қойын ұры алды. Өзі де момын бейшара еді. Санын соғып жылап қалды. Оның сөзін сөйлеп, жоғын жоқтайтын кім бар? Жетеуі де танадай екен. Кім ұрласа да обалы соған, дейді отырған шалдардың бірі.

- Алыстан іздеудің қажеті жоқ. Неде болса Қордайдағы ағайындардан келген нәрсе. Мүлкеман, Қонайдың ұры-қарысы көп, шетінен барымташы ғой. Дәрменсіздігімізді көріп, әбден басынып алды, дейді екіншісі. Әділін айтып, шындықты бетіне басатын Кебекбайдың заманы өткен. Ауылда оларға қарсы айбат көрсететін білекті жігіт қайсы?

Төбенің басында отырған қариялар осылай деп мұңын шағады. «Көрде тұр, солар ертең-ақ айылын жимастан Есқожаның тойына келеді. Тай-тұяғымыз қалмастан соларға құрмет көрсетеміз, әлі!» Қариялардың даурыға айтқан әңгімесі жасымнан қиялшыл, ақыл тоқтата қоймаған менің өрекіпген көңіліме қатты әсер етті. Жан-дүнием шириққандай, ешнәрседен шайлыға қоймаған бала жүрегім әлде бір іске бастағандай еді.

Той болатын күні сүреде байлаулы тұрған Есқожаның сүлікқара жорғасын ұрлап алып шықтым. Тойға әзірленіп абыр-сабыр болып жатқан жұрт мұнымды аңғарған да жоқ. Маған бұлай істе деген ешкім жоқ. Мұны ойлап тауып жүрген де, Есқожаның жорғасын ұрлап мініп жүрген де өзім. Өндетіп, сырнайлатып тойға келе жатқан топтың алдынан шықтым. Аяғымда ызған киіз етік, үстімде шоқпыт тон, басымда тозығы жеткен ескі тұмақ. Тұртұрпатым кісі күлерліктей еді. Жұбын жазбай, салтанатымен келе жатқан көпшілікке тақай бере:

«О, оу! Жеті қойды ұры алды,
 Ұры алмаса кім алды?
 Мүлкеман мен Қонайдың,
 Ұрысының бірі алды.
 Жетеуі де дөнен қой,
 Үлкендігі танадай!
 Жетеуін бірдей алған соң,

Иесі зарлап жылады-ай!» деп зарлап ала жөнелдім.

Астымда күмістен апталған ер-тоқым. Қара жорғаның үстіндегі жапырайған менің түрімді қызықтып келе жатқан көпшілік мынадай сөз естиміз деп күтпеген болу керек. Аңтарылып қалды. Оған қарап жатқан мен жоқ көмейіме келіп қалған сөзімді төпелеп жатырмын. Даусымның жіңішкелігі болмаса, үнім биік. Өзімді бір жауға тиген батырдай сезініп, арқаланып келемін. Кешегі қариялардан естіген жайды айтамын деп тым артықтау кетсем керек? Топ алдында келе жатқан қаба сақалды кексе адам:

- Мына сұрқылтай, не тантип тұр? Жігіттер, кәне тез қуып жетіп, аттан аударып тастандар! деп әмір берді. Сол-ақ екен, желігіп келе жатқан бозбала жігіттер мені қуып жетіп, батырлата сабап ала жөнелді. Жаман тонымның етегін басыма дейін көтеріп, өзімді аударып тастады. Есқожаның жорғасы солардың жетегінде кете барды.

- Су жорғасын мінгізіп, жетімегін жіберіп әдейі жасаған қыры бұл. Бүкіл елге тіл тигізді, әруағымызды аяққа басты. Есқожа аспасын, айыбын тартсын!, дейді. Той басы осылайша үлкен дауға айналды. Төбеде отырып айтқан үш-төрт шалдың аузынан естіген әңгіменің мұншалықты насырға шабатынын бала көңілім қайдан сезсін? Енді міне, үлкендердің даусы қатты шыққан сайын, селт етіп, әкемнің қолтығына тығыла түсемін.

Көп айғай, ұзақ айтыстан кейін жұрт тынышталып, сабасына түскендей болды. «Той иесі үлкен айып тартыпты, дауды әрең басыпты. Әзірбайдың бүкіл малын сыпырып аламыз деген екен Еркебай араға түсіп, екі жаққа басу айтып татуластырыпты». Жұрт осылай деп шуласады. «Жалғыз Көкшолақтан айрылсам, менің күнім не болады?» деп жүрегім аузыма тығылғандай күй кешемін.

Әкем байғұс:

- Қарғайын десем жалғызым... Қартайғанда көрген көзқуанышым еді. Мұны да құдай қияли етіп берген-ау! деп мұңаяды. Сонда осы Еркебай қасына келіп:

- Әзеке, мұнша назаланбаңыз. Балаңыздың бойында булығып шыға алмай, өрге тартып жүрген бір өнер бар. Көресіз әлі! деп жұбатқан еді. Сол оқиғадан бері бірнеше жыл өтсе де сондағы айтқан білекті «жуандардың» айбат сөздері құлағымнан кетпейді.

«Е, бұлар сонымды ұмытпаған екен ғой. Мүлкеман, Қонайдың белділері мені жазалау үшін әдейі алдырған екен-ау!» деген арам ой сап ете қалды. Неде болса амалын тауып осы жерден қашып шығуды ойлап тұр едім. Еркебай қолын иығыма қойып:

- Міне, соқтандай жігіт болыпсың. Әкең аман ба? Мені танимысың? деді. Мен үнсіз басымды изедім. Еркебайдың іштарта сөйлеген сөзінен кейін әлгі күмәнді ойым тез тарқап, көңілім сабасына түскендей болды.

Ертесі күні Еркебай бастаған бір топ адам Қордай асып, қырғыз еліне жол тарттық. «Атақты Шәбден батырдың асына барасың. Қордай елінің ақыны ретінде өнер көрсетесің. Айтатын сөздеріңді жұптап ал» деген Еркебай. Астыма келіскен ат мінгізді. Үстіме арнайы лайықтап тіктірген киімді киіп шыға келгенімде танданған жұрт: «Япырай, мына Кененнің бітімі қандай келісті еді? Ханзадаға бергісіз екен! Кежегеден кері тартып қоятын кедейлік-ай! Аяғына тұсау болғандай жоқшылыққа не шара? десіп жатыр. Әлгілердің сөзіне көңілім тояттап, мерейім өсіп қалды. Бозбала көңілім Алатауға симайтындай күй кешкенім рас.

Шіркін, албырт жастық шақ! Алдымда үлкен сын-белес күтіп тұрғанын сезінсем де, бұл сапардың өмірде де, өнерде де асқар биікке апарар, қырсығым кесілер оқиға екенін қайдан пайымдайын.

Шәбден Жантаев қырғыздың тіней руынан шыққан, қазақ-қырғызға бірдей атағы жайылған, әрі батыр, әрі ел тізгінін ұстаған адам. Мекеге екі рет барып, әділдігімен халықтың ризашылығына бөленген кісі. Қырғыз елінің біртуар ұлы. Халқының ар-намысын қорғап, соған өмірін сарп еткен батыр Шәбден бір сөзінде: «Қырғыз бауырым! Мен өлгенде ас бермендер, жалаңбұт қаласындар» деген екен. Бірақ намысына тырысқан ел-жұрты бүкіл қазақ-қырғызға сауын айтып, ас бергелі жатыр.

Еркебай жол бойы Шәбден жайлы, оның аталары, ел-жұртына істеген қызметі туралы әңгіме айтып, құлағыма құйып келеді. Осындай әруақты адамның тойында көпшілік алдына шығып өнер көрсету, әсіресе жол көрмеген мен үшін оңайға соқпасын Еркебай сезіп-біліп келеді екен.

- Дегбірсіз ат сілкіншек, дегбірсіз ақын жүлқыншақ, деген. Қобалжыма, інім! Үніңді биік көтеріп, кешегі жұптаған жырыңды айтып шық. Жігіттің атын шығаратын да, абыройын арттыратын да бір-ақ жиын. Құдай қаласа, осы жолы қырғыз-қазаққа танылып, ел құрметіне ие болсаң деймін. Алты уықтың астында жатқан өнеріңді жұрт естісін. Бұл менің аз да болса ағалық парызымның өтелгені болар еді!

Ақындардың өлең-жырын тыңдаймыз деп жиналған қарағұрым халық. Жаяулары бір бөлек, аттылары бір бөлек иін тірескен адамнан көз сүрінеді. Хабарлаушы қолындағы тізімге қарап қойып, бар даусымен айғайлап ақындарды кезекпен шақырады. Ақынның аты-жөнін, қай елден келгенін айтып таныстырады.

Атақты Майкөт ақынның баласы Арқабайдан соң кезек маған тиді. «Еркебайдың ақыны, Қордайдан келген жас талап Кенен Әзірбайұлын шақырамыз» деді. Әруақтарға сиынып, домбырамды кеудеме қысып ортаға шықтым. Құлағым шыңылдап, дүрсілдеген жүрегім аузыма кептеліп қалғандай. Төңірегіме көз салып едім, қарсы алдымда бір топ қариялар отыр екен. Көбісі бейтаныс, бұрын көрмеген адамдарым. Солардың қақ ортасында отырған, «түлкі» бөрікті, қаба сақалды, орта жастағы адамға көзім түсті. Тұғырда отырған қырандай, айналасына жіті көз тастайды.

Жанарының өткірін - ай! Еркебайдың сырттай айтқан сөзіне қарап, атақты Жамбыл жырау осы шығар деп ой түйдім.

Сол қолымдағы домбыраны жоғары көтеріп, оң қолыммен құлағымды бұрап, Сарбас ақынша шырқай жөнелдім. Даусымды биік алып, сан құбылтқанымды қайтейін. Аузыма кешегі өлеңнің сөзі түссеші! Осы жиынға арнап шығарған «Пайыз» әнім домбыраның ең төменгі сағасынан басталатын еді. Әннің басын қайырып кеп тоқтап қалдым.

- Жүрек тоқтатпаған бала ғой! Қайта айтсын! деп жұрт ду ете қалды. Екінші ретте де үнім биіктеп барып үзіліп кетті. Самай терім шүмектеп мойныма құйылып жатқандай. Жотамнан аққан терден жауырымның арасы малынып кетті.

- Ер кезегі үшке дейін. Қайта бір шырқа! дейді шулаған ел. Домбырамды қағып-қағып жіберіп, үшінші қайтара салғанымда аузыма жыр жолдары орала берді:

«Би атам қайтыс болды, қайран батыр,
Қырғызға ақ қалпақты болған ақыл.
Жиналған ойдан-қырдан адамдар кеп,
Жеті ту желбіретіп тігіп жатыр».

Көз ұшына дейін созылған қалың жұртқа сөзім анық естілмесе де, даусым жеткен болу керек: «айтсын, айта түссін» дейді. Әлгіндегі толқудан із де қалған жоқ, үнім бұрынғыдан да ширығып, шырқай түседі:

«Мен өзім Дулат деген елден келдім,
Көлқопа, Қордай деген жерден келдім.
Жас бала, жаңа талап мен бір қойшы,
Туғалы мұндай жиын көрмеп едім.
Кебекбай, Жолбарыс, Ноғайбай,
Ақын болмақ оңайма-ай!»

Аталарымның әруақтарын шақырып барып тоқтадым. Ол кездегі ақындардың салты бойынша әркім өзін осылай таныстырып алатын. Қызы-қыза түндегі жұптаған өлеңіммен қоса жанымнан суырып та біраз жерге барсам керек. Менің шаршы топтың алдына алғаш шығуымды қызық көрді ме, әлде әнімнің мұқамы әсер етті ме? Тыңдаған жұрт ду ете қалып: «Кенен, жарайсың! Өркенің өссін, Кенен» деп көтермелеп жатыр.

Денем ысып, тұлабойымды бір беймәлім күш кернегендей болады. Қиялыма қанат біткендей, көңілім шаттыққа бөленгендей күй кешемін. Айнала дүниенің бәрі мені қолдап, маған қол соғып тұрғандай. Алдыңғы лекте отырған Жамбылға көз тастап едім, Ноғайбай мен Кебекбайдың аттары аталған тұста басын көтеріп, қалың қара сақалын сипап, бата еткендей болды. Бәлкім, маған солай көрінген де болар? «Уа, әруақ!» дедім ішімнен күбірлеп. Осы жолы жас буын, жаңа талап ретінде басты үш жұлденің бірін маған берді. Күміспен апталған жалпақ кемер белбеуді Жәкең өз қолымен беліме тағып еді.

Кешкісін Еркебай мені ертіп қырғыз-қазақтың төкпе ақындары отырған сегіз қанатты ақ ордаға алып келді. Төрде Жамбыл отыр. Сөздің реті келгенде Еркебай, төмендеу жайғасқан мені көрсетіп: «Жәке, Кенен балаңыз сізге сәлем беріп, бата сұрай келіп отыр. Жас ақынның тұсауын кесіңіз» деді. Сонда Жамбыл айнала отырғандарға отты жанарын бір тастап:

«Кенен, Кенен» деп жүр ғой елдің бәрі,
Осы тойға жиылған жас пен кәрі.
Сәлем берсең, қарағым, саламат бол,
Бабалардың балаға көшкен нәрі...
Ақындық Ораздан да үзілмеген,
Сарбас, Әлмен бар ма еді, біз білмеген.
«Бабаның батасынан» деген нақыл,
Жас жүйрікті жарамас тізгіндеген.
Құдай сені сақтасын кесірінен,
Жар бағатын жапалақ, құзғын деген.
Досың болсын Алатау аспанында,

Қыран құстай шырқаған қызғынды өлең!» деп бата берді. Бұл маған өнер жолында Жамбыл берген тұсау кесер тұңғыш бата еді.

Еркебайдың осы жақсылығын қалай ұмытарсың. Қидың арасында көміліп жатқан сом алтындай, булығып жатқан өнерімді кең дүниеге паш еткендей болып еді. Осы тойдан кейін ақындық өнерім өрге өрлеп, ауыл аймақта ғана аталатын Кенен есімім шартарапқа танылып асқақтай түсті. «Еркебай үлкен жолға алып барды, қырғыздар қырсығымды алып қалды» дейтінім сондықтан.

«Адамның басы, алланың добы» дейтін көңілге аса қона бермейтін, орашолақтау сөз бар. Алайда тағдырдың таяғы дөп келсе, одан құтылу да оңай емес. Енді бірер жылда елдің басына қара бұлт үйріліп, соның ермен дәмін Еркебайдың да молынан татарын кім болжады дейсіз?

«Тұрымтайға бақ қонса,
Самұрық келіп бағынар.
Тәкаппар қыран бас иіп,
Сауысқан келіп жағынар»

Кеңес үкіметі келген бойда осындай адамдарға қатты шүйліккені белгілі. «Патшаға қызмет еткен, кедейлердің қас жауы, теріс пиғылдағы адам» дейтін даурықпа жандайшаптар көбейді. Оған тұмсығының астындағыны көрмейтін, ойы шолақ, әпербақан белсенділер қосылды. Осындай итжығыс, аласапыран кезеңде Еркебайды қорғап, арпалысқан күндерімді біреу білсе, біреу білмейді. Талай үкімет басшыларының есігін қағып, бірде сөзіммен, бірде беделімді салып араша түсетін едім. Қордайға ревком болып сайланған жылдары «көзі ашық, орыс тіліне жетік адам» деген желеумен, Еркебайды өзіме хатшы да етіп алдым. Жаңа саясаттың «ұңғыл-шұңғылын» тез аңғаратын Еркебай, көп ретте маған ақыл-кеңес беріп отыратын еді. Ел ағасын қызғыштай қорғаймын деп жүріп, өз басыма төнген қауіпті де

аңғармаған екенмін. Сыртымнан сөз тасып, үкіметке мені жамандаған домалақ қағаздар да көбейіп кетті. Әрі ақылшым, әрі жол көрсетушім Еркебайдан айрылар күннің де тақалып қалғанын қайдан білейін?

Атышулы отызыншы жылдары елді аштық қысып, барар жері, басар тауы қалмай тығырыққа тірелген кез. Әркім өз басын сауғалап, әйтеуір осы нәубеттен аман қалуды ғана ойлайды. Дүние мүлкін, баспанасын тастап босып кеткен адамдар қаншама? Біздің шаңырақты да әлде бір шайтан елес төңіректеп, іштей мазам кетіп жүрген кезім еді. Бір күні Еркебай келді. Жарықтық, дәм-тұзының таусылар сәтін сезді ме екен? Біраз үнсіз отырып шай ішті. Тысқа шығайық деген соң, бірге еріп жүрдім.

- Кенен, сен осы үкіметті құрысқан адамсың ғой? Ойымдағыны саған ашып айтпасам, кімге айтам? Кейінгі кезде бойымды бір үрей билеп жүр. Ұйқысыз өткерген күндеріміз, жақсылыққа жетеміз деп төккен тер, істеген еңбегіміз зая кеткен сияқты. Сен өнердің адамысың. Кей жайларға ақындық пейілмен қарап, мән бермеуің де мүмкін, деп біраз үнсіз қалды. Көзінде мұң, даусында діріл байқалады.

- Осы үкіметтің кейінгі аяқ алысы ұнамайды маған. «Халық жауы», «жансыздар тобы», «халыққа жасалған астыртын қастандық» дейтін сөздер кейінгі кезде газет беттерінде жиілеп кетті. Судың да сұрауы бар. Осыншама қырғынға ұшыраған халықтың сауабын кімнен сұрайды? Обалына кім жауап береді?

- Ереке, осыншама таусылғаныңыз не? Кім жауап беруші еді? Әлгі халыққа қастандық жасағандар жауап беретін шығар. Мұның бәрі өткінші, уақытша қиындық деп жатыр емес пе? Көп налымаңыз. Жүріңіз үйге кірейік, дала тым салқын екен, дедім. Еркебай бұл сөзімді естімегендей, сөзін жалғастырып келеді.

- Саясаттың құрған торы, балықшының торынан да қауіпті, ауқымды болады, Кенен. Үкімет сол торын құрып қойып, ендігі жерде жайлап тартып алып жатқан сыңайлы. Торға кімдердің түсетіні беймәлім. Талай «марқасқалар», ірі-ірі шортан балықтар шоршиды-ау әлі! Еркебай осылай деп, «сөзімнің мақамынан не түсіндің?» дегендей менің бетіме бажайлап қарап алды.

- Сенің қырғызда достарың көп емес пе?

- Құдайға шүкір, әр жылдары дәмдес болған ақын-жыршы, әріптестерім бар ғой, Ереке. Оның несін сұрадыңыз?

- Мына халыққа сенің өзіңнен де, өнерің қымбат. Сол өнерді сақтап қалу үшін алдымен сенің амандығың керек. Елдің берекесін алып, тоз-тоз еткен осы ашаршылықтың өзі қасақана ұйымдастырылып жатқандай көрінеді маған. Кеңестің алғашқы жылдарындағыдай емес, саясаттың өзі де тым қатайып, бірбеткей болып барады. Несін жасырамын, содан көңіліп үркіп, жаным шошиды. Қимайтындай не бар мұнда? Уақытша болса да қырғыздарға барып бой тасалай тұр дегім келеді. Сені ешкім қашып кетті дей қоймас. Тұрмысыңды ел көріп отыр.

Талай әңгіменің басын шалып ұзақ сырластық. Еркебайдың сөзінен өзіме беймәлім көп жайдың анық- қанығын біліп, таң қалдым. Осының бәрін мен

калай байыптай алмағанмын? Өткен күндерімді босқа домбыра сабалап, мән-мағынасыз өткізгендей жасып қалдым.

Расында да алаңдайтындай дүние-мүлік жоқ. Мыңғырған малымыз болса бір сәрі! Талжыбек болса күйеуге шығып кеткен. Бар байлығымыз бәйбішеден қалған Ұлтай ғана. Аштық болса мынау, күннен-күнге құрсауына алып, қысып барады. Отыз-қырық үй ағайын-туыстардың тоз-тозы шығып кеткелі қашан. Біз де сол жылдың күзінде қырғыз жұртына көшіп бардық. Мәсімхан деген қырғыз досым ауласындағы шағын жертөлесін бізге босатып берді. Жұмыс жағын да қарастырған сол. Мені өзіне атқосшы етіп алды. Киім, тағам жағынан таршылық көрген жоқпыз. «Көппен бірге көрген ұлы той» дегенді көңілге медеу етіп жүре бердік.

Бірақ көңілімді алаңдатып, жүректі сығымдар бір ғана жай бар. Қаланың қай тұсына барсаң да қолын жайып, қайыр сұраған адамдарды көресің. Солардың дені қазақтар. Тоқмақтың үлкен базарынан күніне екі-үш рет арбамен адам мәйітін жинап алып кетеді. Мұнда да ісіп-кеуіп көз жұмғандардың бәрі дерлік қазақтар. Япырай, бұл дүние не болып кетті? Бүйте берсе жер басып жүрген бір қазақты көрмейтін шығармыз? деп жанымыз шошитын еді.

Қырғызда үш жылдан астам тұрып елге қайттық. Бір кезде абыр-сабыр болып, араласып жататын ағайындар арасы тым сиреп қалыпты. Әр отбасында шошайып бір-екіден ғана адам қалған екен. Әр үйге кіріп өлгендерге құран оқимын. Әлгілердің сұры қашқан тірлігіне жүрегім сыздайды.

Елге келе салып алдымен іздегенім Еркебай болды. Жарықтық өзі де, кемпірі де әлдеқашан көз жұмған екен. Жақын бір туысынан екеуінің қалай өлгенін естіп, жүрегім шаншып-шаншып кетті. Ең қиын кезде қасында болып, қол ұшын бере алмағанымна налимын.

...Жасы келіп қалған Еркебайдың жағдайы бұрынғыдан да нашарлай түсіпті. Астындағы жалғыз атын ұрылар алып кеткен соң үйден қарға қадам шыға алмай қатты қиналады. Мінерге көлік, ішерге тамақ жоқ. Бір күні бәйбішесіне:

- Сандықтағы таза киімдерімді әпер, өзің де таза киімдеріңді ки. Құдай бізді есінен шығарып алған шығар? Ажалдың қолы тимей жатса, үйге өзіміз шақырып алайық дейді. Терезе пердесін түсіріп, есіктің күршегін іліп алып, төрде жатқан күйі екеуі де жан тапсырған екен.

Әжептәуір жасқа келген ер азамат болсам да тағдырдың мынадай қысастығына шыдай алмадым. «Соқыр құдай, шұнақ құдай!» деп бар даусыммен айғайлағым келді. Алақаныммен бетімді жауып жас баладай өкісіп-өкісіп жылағанымды несіне жасырайын.

Елінің ай мүйізді серкесі, менің өнеріме жол ашып, жанашырым болған Еркебайдан осылай қапелімде айрылып қаламын деген ойым түгіл, түсіме де кірмеген жай. Ең болмаса ерен ұлын ұрпағы ұмытпасын деп Еркебайға арнап ән шығардым, өлең-жыр арнадым. Ол жайлы бар білгенімді «Аңыздар сыры» деген кітабымда да жазып қалдырдым. Қолдан келгені осы ғана. Замандарың жақсарып, оңтайлы күн туып жатса Еркебай сынды біртуар ұлын халық есіне

алар. Оның рухына бас иіп, әруағын шақырып, лайықты бағасын беру келесі ұрпақтың мойнында, мына сендерге парыз.

xxxx

Зымырап күндер, жылжып жылдар өтті. Бұдан кейін де Жәкеңнің қасына еріп, талай жердің дәмін таттым. Жамбылдың дауылдай екпінді желдірмесін тыңдап, өнегесін үйрендім. Шәбденнің асында Жәкең таққан кемер белдік бойтұмар секілді. Қайда барсам да, қай жерде жүрсем де белімнен шешіп көрген емеспін.

Өмір деген сол, бір жағынан толыстырып жатса, екінші жағынан ойыстырып қояды. Өнерім өрге басып тұрғанмен, қабырғама бататын бір жай бар. Ол бала зары еді. Жасым елуге таяса да бала тұрмай көңілім күпті болып жүретін едім. Әсіресе құлжаның сақасындай қос құлыным Базар-Назар қатар өлгенде шаңырағым шайқалып, отым сөнгедей күй кешкенім рас. Сондағы жан айғайы мен көңіл уыты әнге айналып «Ақ ешкінің зарымен» қырғыз-қазаққа түгел тарап кетті.

Осылайша жүдеп-жадап жүргенімде, бір жолы Алматыда ойламаған жерден Жамбылға жолығып қалдым. Мал базардың ішінде қасында бір топ адам бар, әңгіме құрып отыр екен. Сәлем беріп қасына келген менің жүдеу тартқан жүзіме, арса-арса болған тұла-бойыма, жетегімдегі атыма қарап:

«Атыңның бұты тыртып,
Өзіңнің мойның құлқиып,
Әжептәуір жігіт ең,
Қалған ба саған тіл тиіп?
Ер жігіт десем, ез құсап,

Мойып қапсың сылқиып! демесі бар ма. Баяғы өзінің табан асты, тап басып айтатын әдеті. Жәкеңнің мені табалағандай мұнысы несі? Бала-шағасы көп болған соң айтады ғой. Әйтпесе сөйтер ме еді? деп іштей көңіліме алып қалған едім. Сезімтал, сұңғыла ақын менің осы ойымды дөп басқандай артынша:

«Қой, ойлама уайым,
Туарыңды ұрайын.
Тағы да туар жұбайың,
Түбін берсін, құдайым!
Баланы ойлап зарлама,

Су құрымасын арнада, деп Жәкең құшағына алып, арқамнан қақты. Шіркін, алмас қылыштай жарқ-жұрқ ететін, мақтаймын десе құлпыртып, даттаймын десе тұқыртып айтатын Жамбылдың өткір мінезі-ай!

Бұл жолы да Жамбылдың қасында екі-үш күн болып, көңілім сергіп, іштегі қатып қалған шөмен қайғыдан арылғандай, жеңілденіп қалдым. Жолға шығарып тұрып Жәкең жылы-жылы тілегін айтып еді. Сонау бір бозбала кезімде қауызы жаңа ашылған гүл сияқты, буыны қатпаған өнеріме оң бата

берген Жамбылдың бұл жолғысын отбасыма, өмір жолыма берген ақ бата ретінде қабылдадым.

Жәкеңнің дуалы батасы теріс болған жоқ. Өнерде де, өмірде де абыройым артып, қазақ-қырғызға ақын Кенен, әнші Кенен атандым. Елу жасқа келгенде Төрткен, елу бесімде Көркемжан, алпысқа толғанда Бақытжан дүниеге келді. Бұдан кейін де құдайдың берері бар екен, артынан сендер тудыңдар.

Көркемжан туатын жолы мен Алматыда көрмеде жүрген едім. Қолымыз бос кезде Нартай, Қалқа, Үмбетәлі бар бір топ ақындар Жамбылды ортаға алып, суырпақтап әңгіме сұраймыз. Жасы тоқсанға келсе де тұғырынан түспеген қарт жырау алыстан тартып неше алуан әңгіме айтады. Көне заманнан бергі өлең-жырларды, қисса-толғауларды, айтыстарды жатқа айтқанда, осының бәрін жұдырықтай шал қай жеріне сақтайды екен? деп таңтамаша қалатын едік.

Енді бір сәтте Жәкең өзінің баяғы қуаңқы мінезіне көшеді. Мұндайда Жамбылдың қырағы көзінен, кездіктің жүзіндей өткір сөзінен ешкім де қалыс қала алмайды. Ақын Қалқаның арқасынан қағып: «Таңдайы тақылдаған Қалқам-ай!» десе, Үмбетәліге қарап: «Басы қатты кара жорғам!» дейтін. Расында, Қалқа ән салғанда тілі анық, әр сөзін шегедей қағып нақ айтатын еді. Арқасы қозған кезде Үмбетәліні тоқтату тіпті қиын. Құйрығымен жылжып, екпіндетіп ала жөнелгенін талай көргенмін. Төрден есікке, есіктен төрге, кейде тіпті дастарқанды айнала сырғып отырып, өлеңді төпелей беруші еді.

Менің ерте ағарған шашыма қарап: «Басын ұнға тығып алған кара мысықтай болыпсың-ау! Қыз болып тумағаныңа шүкір! Мына бойыңмен бүкіл қырғыз-қазақтан күйеу таппай әбігер болатын едік» дейтін жарықтық. Мұнда күлмегенде қайда күлесің?

Жәкеңді сөйлете түскіміз келіп:

- Мәскеуге барғанда Сталин батырды көріп қайттыңыз, қандай екен? деп сұраймыз.

- Кім де болса, Сұраншы, Өтегендей кеудесі кере қарыс біреу шығар десем. Бойы мен сияқты бір тұтам төрпақ кара екен, Гәп, соның мұртында-ау деймін! Енді бірде омырауындағы ордендерін түртіп қойып:

- Ақ патшаның кезіндегідей ат мінгізіп, шекпен жабудың орнына, қыз секілді кеудеме сылдырмақ таққанын кайтесің?» деп төңірегіне қулана көз тастап қоятын еді жарықтық.

- Жәке, сізде не арман бар? Басыңызға бақ қонды, қасыңызға қыдыр келді дейтіндерге:

- Қызыңды ұрайын, сол бақ-қыдырдың әбден қартайғанда келгенін қарашы! деп өзі де қосыла күлуші еді. Жамбылдың күлдіргі мінезін алғаш көргендер бұған баладай мәз болып қалар еді.

Осылайша дабырласып жатқан едік. Даусын көтере сәлем беріп кірген қараторы жігіт менің қасыма тақау келіп:

- Кенеке, шүйінші! Әйеліңіз босаныпты. Ұлды болдыңыз! деді. Қапелімде аузыма сөз түспей қалды. Сасқанымнан:

- Қордайдан қашан келдің? деппін. «Қордайдан мен келгем жоқ, хабар келді» деді әлгі жігіт мені қапсыра құшақтап.

- Қорыққанмен қуанған бірдей. Елуден асқан шағында ұлды болдың. Ерледің, Кенен! Атын қоямыз, той жаса десіп шуласады жұрт.

Талмай өнер қуып, өлең-жырдың соңында жүрген ақынсың. Ұлыңның аты «Өлең» болсын, дейді біреулері. Енді бірі қапыда айрылған Базар-Назарыңның төлеуі бұл, атын «Төленді» қой деп жатыр. «Ақын, Қуаныш, Өнербек» дейтін есімдер де айтылды. Бәріне ризашылығымды білдіріп, алғыс айтып бас изеймін. Тым дабырлап кеткен болуымыз керек, манадан үнсіз отырған Жамбыл бәрімізге жағалай қарап:

- Ұлардай шулаған желөкпелер-ай! Үлкендерге де сөз бермеуші ме еді? деді зілсіз күліп. Не айтса да әбден салмақтап барып сөйлейтін ақынның әдетін жасымнан білемін. Бұл тұста да біраз ойланып, үнсіз отыр:

- Тумасы жақсы жігіттің, туары жаман болмайды. Кененнің өзі де, үні де, әні де ерекше, әсем! Одан туған бала да өзі секілді көрікті, әні секілді көркем болсын. Көркемжан болсын! деді. Қуаныштан жарылып кетер сәт еді-ау бұл!

Сол жылдың күзінде біздің ауылға Жамбыл келді. Жыр-ата, күн-ата деп жырын жаттап жүрген ел үшін бұл үлкен мереке болды. Қуанбаған жан қалмады. Ол кезде біз Иірсу деген жерде тұрамыз. Жамбылдың келгенін естіген сол аймақтың халқы атшылап, жаяулап түгел келді-ау деймін. Жиналған жұрт алдында ұзақ-ұзақ жыр төкті. Қарт жырау шаршады-ау дегенде, алдына тамақ жібітер қымыз қойып, домбыраны қолға өзім аламын. Осылайша екі күн, екі түн жырлаған жыраудың төкпесін жұрттың тырп етпей отырып тыңдағанын көзбен көрдік. Кетерінде Жамбыл бесіктегі баланы қолына алып:

«Кененім, келіп қалдым қуанған соң,
Тұйғының үйрек-қаз бен қу алған соң.
Келінжан, бата берем қолыңды жай,
Құдайдан өлгеніңе құн алған соң.
Құтты болсын, Көркемің,
Өсе берсін өркенің,
Кененнен тудым дейтіндей,
Ұлы болсын өлкенің.
Жігіт болып жеткенше,
Бетін қақпа еркенің.
Өзі болсын өскенде,
Қой бастайтын серкенің.
Ғашық етсін қыздарын,

Қордай, Шу мен Меркенің» деп ұзақ жырмен батасын берді. Жасының тоқсаннан асқанына қарамастан ұзақ жол жүріп, қуаныш - тілегін білдіруге арнайы келген Жәкеңнің қайрат-қажырына, адамдық-парасатына қалай бас имессің? Менің іштей толқып, елжіреп тұрғанымды сезгендей қарт ақын: «Ер жігіттің пейілін сақта, лебізін сатпа!» дейді екен бұрынғылар. Кененжан, қайта келуге жазсын! Қайтып көріскенше

есен бол» деді. Бұл жыр алыбы Жамбылдың осы өңірге соңғы рет келуі, біздің дастарқаннан татқан соңғы дәмі еді.

xxxx

Адамның ғұмыры магнитофонның таспасы емес, үзілсе жалғап, аяқталса қайта қоятын. Әр минут, әр сағатың келмеске кеткен дүние. Бұл қағиданы өзім де білемін, әкем де талай ескерткен. Бір өкініштісі соған дер кезінде мән бермей, көп уақытты бос жіберіп алғанымда. Әкем сексеннің сеңгіріне жеткенде, мен бар болғаны жиырмаға енді толып, жастықтың алауында жүрген желігі басылмаған жігітпін. Ауылға жиі келемін. Студенттік шақтың қызығы да, шыжығы да мол. Туған күн, әртүрлі мерекелер, шығарып салу кеші сияқты тойлардың есебі жоқ. Екі-үш күннің өзі жетпей де қалатын еді.

Менің осындай бей-берекет тірлігіме әкемнің көңілі толмаған болу керек. Бір жолы қасына шақырып алды:

- Балам, «жүрісі жаман жігітті ел ішінде жау алар, өсуі жаман қамысты су ішінде от шалар», дейтін сөз бар. Жастықтың қарқыны күшті, басы қатты болады. Ойланып жүрмесең орға жығады. Көзсіздік- батырға ғана жарасады деп бір тоқтады. Япырай, бүлдірген ештеңем жоқ еді ғой, деймін іштей қобалжып.

- Мына Көркемжанның тірлігі отбасы, үй шаруасынан да артылмайды. Қысы-жазы бітпейтін колхоздың жұмысы тағы бар. Оған не деп айып тағамын? Сен оқуың бар, қала көрген адамсың. Келген сайын қызық қуып кетпей, бір уақыт қасыма тізе бүксең қайтеді. Менің аузымнан шыққан бір ауыз сөзім болса да көңліңе түйіп, түртіп жазып алмайсың ба. Ертең-ақ өзіңе азық болмай ма? Мен мәңгілік емеспін ғой, қарағым, дейді.

- Ата, каникулға шыққанда асықпай отырып бәрін жазып аламын. Әлі талай уақыт бар, несіне асығасыз деймін күмілжіп. Әкем үнсіз қалады. Мен болсам шешем әзірлеп қойған екі сөмке тағамды әрең көтеріп жолға шығатын едім. Осындай жағдай мен үйленіп, бала-шағалы болғанша жалғаса берді. Жас күнде уақыттың көкжиегі жеткізбейтіндей, ойдағының бәрі тез орындала қалатындай көрінері хақ. «Өттең!» деймін осы күні. Әкемді бір айға ғана тірілтіп әкелер ме еді!

Көркемжанның менен алты жыл үлкендігі бар. Қызыл шырайлы, қою кара қасты, көрікті жігіт болатын. Көңілінде тарыдай арамдығы жоқ, аңқылдаған жан. Қолы тым ашық, ақжүректің нағыз өзі. Кім не айтса да соған налып қала беретін. Сонысына кейде әкем кейіп:

- Осы кімге тартып туды екен? Ішінде бір бүдірі жоқ. Адам болған соң ептеген айла-қулығы болмас па, шіркін? Тым жайдақ-ау, жайдақ!» дейтін. Оған шешем зілсіз дау айтады.

- Кімге тартушы еді? Күлгенде аттан ауып түсіп қалатын нағашысы Әпейбек болса, сұлу келіншекке бұзаулы сиыр силай салатын әкесі Кенен болса! Одан туған баласы қайда барады? Шешемнің айтқан сөзіне ешқандай уәж айта алмай тосылып қалған әкем: «Тауып айтасың-ау, Насиха!» дейтін ақтарыла күліп.

Әпейбек нағашымды бала кезімде көргенмін. Әжемнің бауыры. Орта бойлы, етжеңді кісі болатын. Қатты күлгенде даусы көшенің ана басынан мына басына естіліп жататын еді. Нағашымның қай үйде отырғанын жұрт күлкісінен-ақ біліп отыратын. Шешемнің айтып отырғаны осы жай.

- Шешелеріңнің күлкісі де, түшкіргені де нағашысы Әпейбектен аумап қалған. Бір түшкіргенде он рет түшкіреді. Нанбасандар қане санап көріңдерші, дейтін әкем. Біз саусағымызды бүгіп «бір-екі» деп санай бастайтын едік. Қалжыңдап айтса да әкемнің сөзі рас болып шығады. Он дүркін болмаса да, жеті-сегізге барып қалатын. «Тұқымың өскірлер-ай! Менің түшкіргенім де сендерге ойын болып па?» деп күлетін еді.

Бір жолы қызық оқиға болды. Ол кезде шешем Алматыда менің қолымда тұрады. Көзі ауыра берген соң дәрігерлер совминнің ауруханасына жатқызды. Күнде түс кезінде әртүрлі тәтті нан, айран апарып беремін. Қасында бір еврей кемпір жататын. Енді бір барғанымда әлгі кемпірді көре алмадым. Шешем төсегінде жалғыз отыр екен:

- Апа, «подружкаң» қайда кеткен? Жазылып үйіне шыққан болар? дедім.

- Е, жоға! Басқа палатаға ауысты. Өзі де бір жүрегі жаман кемпір екен, дейді. Үнінде аздап абыржу бар сияқты.

- Не болды, апа? Ренжісіп қалдыңыздар ма?

- Е, жоға! Таң ертең теріс қарап дәрі ішіп тұр екен. Қайдан білейін? Құдайдың берген түшкірігін қайда қоям енді? Келіп қалған соң қатты түшкіріп қалып едім. Әлгінің қолындағы дәрісі ұшып кетпесі бар ма. О, «божымай!» деп төсегіне құлап түсті. Дәрігер қыз келіп, әрең «тірілтіп» алды-ау деймін. Содан көрпе-жастығын алып кетіп қалды. Мейлі, бөлме босап, рахаттанып қалдым, дейді. Бұған екеуміз қосылып, әбден күлген едік.

- Е, Көркемжанның қай қылығын айтайын. Тым ақкөңіл еді ғой! дейтін ол туралы сөз бола қалса. Бірде таңертең малды өріске шығарып жатыр едім. Мотоциклге мінгескен үш жігіт келді. Үшеуі де өзімнің бауырларым екен.

- Әпке, дейді әлгілер. Кеше Көркем аға біздің үйде болып үшеумізге үш тай мінгіземін деп уәде қылған еді. Қорада тұр келіп алып кетіндер деген. Соған келіп тұрмыз. Өзі ептеп «көңіл көтеріп» алған екен.

- Әй, қарақтарым-ай! Ағаларыңның алакөйлек, қолы ашық екенін білесіңдер. Үстіндегі жалғыз көйлегін шешіп беруге дайын тұрады. Қолымызда бары бір ғана тай. Үшеуіңе қалай бөліп беремін, айналайындар?! Аузынан шығып қалған екен, амал қайсы? Мына тоқтылардың ішінен өздерің таңдап үшеуіне ен салыңдар. Сендердікі болсын, дедім. Бұған үшеуі де разы болып, рақметтерін айтып тарасты.

- Қарағым, мұның не? Ер адамның екі сөйлегені өлім дейтін бар. Шамаңа қарап, байқап сөйлемейсің бе! Кененнің баласы су жұқпас өтірікші екен, демей ме жұрт. Біреу естісе ұят-ау, мұның! Көркемжанды тұрғызып алып, сөгіп жатырмын. Өзі де мінезі салмақты, анау-мынау сөзді ерен қылмайтын, көтерімді еді ғой.

- Апа, аузыма тайдың түскені қандай жақсы болды. Құлынды бие бергенімде не болатын едік? деп қарап тұр. Осындай қожанасырлығы да бар.

Мұны кездейсоқтық дейміз бе, қайдам? Кененнің елу бес жасында зарлап жүріп көрген баласы елу беске келіп дүние салды. Артында үш ұлы,

екі қызы қалды. Бәлкім, ертелеу кететінін сезді ме екен? Бұл қайғыны Кенен көрмей кетті. Көзі тірі болса мұндай қасіретке шыдау-шыдамасы екі талай!

xxxx

Нағашы әжемнің қолында өскендігім болар Көркемжанды мен «аға» немесе «көке» демей, атын атайтынмын. Көркемді үйлендірудің өзі біраз жыр болғаны әлі есімде. Ол мектеп бітіре салысымен әкем дереу үйлендіру қамына кіріскен еді.

- Бала әлі жас қой. Ары қарай оқуын жалғастырсын. Асығатындай не болды? деп шешемнің бәйектенгеніне құлақ та асқан жоқ.

- Жасым болса жетпістен асты. Мен тұрғыластардың бәрі келін түсіріп емес, немерелерін үйлендіріп, шөбере сүйіп жатыр. Ойланбайсың ба, Насиха! Өзегі темір кім бар дейсің? Жаман айтпай, жақсы жоқ. Ертең ажал дөп келсе «тұра тұр баламның оқуы бар еді» деймін бе? Оқу ешқайда қашпас. Менің де келін түсіріп, немере қызығын көретін кезім келген шығар? дейтін қызулана сөйлеп.

- Қайтсін енді! Мұнысы да жөн-ау! Атақ-даңқтың, тірнектеп жинаған дүние-мүліктің бәрін қоссан да, алдыңнан жүгіріп шыққан нәрестенің тап-таза, тұнық күлкісіне тұрмайды-ау! Басқаны қайдам? Бұған біздің көзіміз әбден жеткен, деп шешем босап қалатын еді.

Пәлен дейтін атақты жылқышының бой жеткен қызы бар екен. Түген дегеннің екі бірдей қызы пісіп отыр екен. Дастарқан басындағы әңгіменің дені осыдан басталатын еді. Ондайда әкем Мұқаметәлі деген інісін шақырып алып тапсырма береді. Ауылды жер болса мәшинемен, таудағы малшылар болса атпен барып көріп қайтатын еді. Қоржынның бір басына ішімдігін, екінші басына шай-қанытын салып бәйек болып жүрген шешеме қарап:

- Жеңеше, тағамды молырақ салыңыз, Жер алыс, жолда анау-мынау болып, қонып қалғандай болсақ Көркемжанның қарны ашып қалмасын дейді Мұқаметәлі қияқтай мұртын қулана сипап.

- Балаға жаны аши қалғанын, шіркін! Осының қызығын былай шыққан соң өзің көресің ғой. Соны білмей отыр деймісің? дейді шешем.

Бір-екі жолы осындай «барлауға» Көркемді де алып барған екен. Қыздың үйінде әбден қысылған ол: «Бұрынғының байлары құсап құда түсіп, қыз айттырғандарың не? Енді басымды кесіп алсаңдар да бармаймын!» деп шорт кетіпті.

Шай үстінде неше түрлі әңгіме айтылады. Соның бәрі: «Келімді-кетімді қонақтары көп мұндай үйге лайықты келін керек. Кенекеңнің атына сай болғаны жөн. Ағып тұрған суы, жанып тұрған электрі, тіпті жастар баратын клубы жоқ ауылда кім тұрады? Сексеннен асқан әже бар, аяғы ақсақ ене бар. Мал-жанның бәріне күтім керек. Қаланың тікбақай қыздары байлап қойсаң да шыдай алмайды бұған» дегенге саятын еді. Әлгілердің жарыса айтқан сөздерін тыңдап отырып:

- Алысқа бармай-ақ, анау Маньканы кіргізіп ала салмайсыңдар ма. Бойы да ұзын, үйді қалай ақтайды. Ақша шығындап, той жасаудың да қажеті жоқ, деймін. Бұған отырғандар қыран-топай күлетін еді.

Манька деп отырғаным ауыл-арасында әркімге жалданып, қора-қопсысын, үйін сылап беріп жүрген жесір орыс әйелдің қызы. Бұған шамданып қалған Көркем желкемен нұқып-нұқып жіберетін.

Жаз бойы қыз таңдау, тиын тағудан еш нәтиже шықпаған соң Көркемжан киномеханиктің оқуын оқимын деп қалаға кетті. Тоғыз айлық курс екен, аз уақытта қайтып келемін деген соң ешкім қарсы болған жоқ. Бұйырған нәрсе ешқайда қашпайды. Баламыздың маңдайына да бір қыз сұранып тұрған шығар, деп әке-шешем көңіл жұбатар еді.

Келін түсіріп, шашу шашылатын күн де келіп жетті-ау!

...Велосипет тепкен қара бала апыл-ғұпыл бірдемені айтып жатыр. Тілі де анық емес екен. Сөзінің артын жұтып қоятын сияқты. Оны шешем тоқтатып:

- Балам, асықпай жөніңді айтшы. Келін әкеле жатқан кім? Қайдан әкеле жатыр? Өздері қайда жүр? Аздап болса да еңтігі басылған бала әр сөзін бөліп-бөліп айта бастады.

- Көркемжан аға, Алматыдан келін әкеле жатыр. Жолда тұр. Қазір келеді. Мені хабар бер деп жіберді. Шүйінші сұра, деді.

Істің мәнісін енді түсінген шешем маған қарап: «Бақытжан жүгір, көрші қолаңды шақырып кел. Ракила жеңген тез келсін. Әй, Көркемжан-ай, істеген ісінде бір береке болсайшы? дейді. Шешемнің орнынан тұра алмай абдырап, сасқаны маған тіпті қызық болып көрінді.

Түскі кез болатын. Мамырдың бірі. Мереке күні де адам келін түсіреді екен-ау! Елдің бәрі қыдырып кеткен шығар деймін іштей күңкілдеп. Өзімнің де баратын жерім бар еді. Менің пайымдауым дұрыс болмай шықты. Адамдардың тез құлақтанғанына таңмын. Тез жиналды. Әлде жаңағы тәмпіш кара бүкіл көшені басына көтеріп айтып шықты ма екен?

Сол күні біздің үйді бетке алған қауымда есеп болған жоқ. Бәрі де ақ пейілмен, шынайы көңілден тілек айтады.

- Келінің құтты болсын! Көптен күткен арманыңа енді жеттің, Кенен. Ұзағынан сүйіндірсін! Өмірің де, өнерің де жалғасын тапсын, дейді келген жұрт. Әп-сәтте үйіміздің маңы адамдарға толып кетті. Кіріп-шығып жатқандарға бар ықыласымен ризашылығын білдіріп жүрген қарт ақынның бойында бір абыржу бар сияқты. Сырт көзге байқалмағанмен көп ретте өзін сабырлы ұстайтын әкемнің әлденеге тиышы кетіп, байыз таппай жүргенін сезгендеймін. Оның мәнісін кейін білдік.

«Победа» деп аталатын екі жеңіл машина есіктің алдына келіп тоқтаған сәтте көрші әйелдердің бірі шашуын дайындап, енді бірі шымылдық құрып абыр-сабыр болып жатқан еді. Алдыңғы машинеден үш-төрт қыз түсті. Құшақтары толған қызыл гүл. Жол жөнекей гүл теріп келген сыңайлы. Екішісінен тағы үш-төрт жігіт түсіп жатыр. Арасында Көркемжан жоқ. Жолда ұялып түсіп қалған шығар? Кеңес ағаны бірден таныдым. Көркемжанға ілесіп бұрын да талай келген. Сәлем берген бойда, қолымды ұсынып жатып:

- Жеңгем қайсысы? дедім. Кеңес аға «анау» дегендей иегін көтеріп, орта бойлы, толықша келген аққұба қызды көрсетті. Бір шекесіне қисайта киген тақия деуге де, бөрік деуге де келмейтін бас киімі бар. Болашақ жеңгеме

сұқтана қараймын. Қоңыр түсті шашы бұп-бұйра екен. Басындағы маған беймәлім бас киімі өзіне жарасып-ақ тұр. Өзін еркін ұстап, ашық сөйлейді.

- Ой, девушки, какой свежий воздух! Болашақ жеңгемнің біздің үйге келгендегі аузынан шыққан алғашқы сөзі осы болды.

Жігіттер қаумалап қыздарды үйге алып жүрді. Қолында шашақты орамалы бар көрші екі әйел жеңгемнің екі жағынан қолтықтай берген еді. Басында мұны қонақ кәде, қолпаштау деп ұғынып қалған аққұба қыз, шашу шашылып, өзі шымылдықтың ар жағынан бірақ шыққанда барып келін болып түскенін сонда білді.

- Уберите эту тряпку, уберите эту..! Где Көркемжан? Мы так не договаривались. Обманщик! дейді жеңгем бұлқынып. Даусы да құлақ жарғандай ащы екен. Оның шүлдірлеген сөзіне түсінбеген әйелдер:

- Қарағым-ау, не деп жатыр? Орманшының үйі дейме? Жо-жоқ, айналайын, атақты ақынның үйіне келін болдың. Көркемжан да жаман бала емес. Бәріміз де бір кезде өзің сияқты келін болып түскенбіз. Ашуыңды бас, жылама, қарағым, дейді тұс-тұсынан жамырай сөйлеп. Бірі иығынан, бірі қолтығынан басып әлек болады. Өзімен ере кірген жігіттер де орысшалап әлденені айтып ұғындырып жатыр. Біраз уақыттан соң бәрі де саябырсып, сабасына түскендей болды. Жаңа түскен жеңгем де, жиналған жұрт та тынышталған сияқты. Неге екенін қайдам көңілім босап, көзімнен ыстық жас тамшылары ыршып-ыршып кеткенін аңғармай да қалдым.

Бұлар о баста тауға шығып гүл тереміз, мамыр мерекесін ауылға барып тойлап қайтамыз деп келіскен екен. Былай шыққан соң жоспарларын өзгерткен көрінеді. Көркемжан екеуі үйленеміз деп уағдаласып жүргенмен дәл осы күні келін болып түсетінін жеңгем білмей келіпті. Әлгіндегі айғай-шудың себебі осында екен. Әкемнің үйге бір кіріп, бір шығып жүргендегі жан толқуын дәл сол сәтте ешкім де байқамаған еді.

Міне бет ашатын сәт те келді. Мұндайда қамшының сабындай ғана таяққа ақ мата байлай салып келіннің бетін ашуға әзір тұратын пысақай жігіттер ауылда көп болатын. Кейде олар кезек менікі, бұл үйдің менен жақын ешкімі жоқ дегенді айтып, кеңірдек жыртысып, дауласып жатар еді. «Айт келін, атыңның басын тарт келін» деп басталатын, айтыла-айтыла құлақты мезі қылған осы бір беташарды бес жастағы баладан бастап, белі бүкірейген шалға дейін жатқа білетін едік.

Бір жолы мынадай қызық оқиға болған деседі. Беташар сөзін апыл-ғұпыл айтып болған жігіт, ендігі сәтте қыздың бетін ашпақ болып қолындағы шолтиған таяғын көтеріп қалғанда келіннің мұрнына тиіп кетіпті. Өзі де құрықтай ұзын бойлы қыз екен, тым еңкейіп тұрған болу керек. Сол жерде мұрны қанап қаумалаған жұрт әбігерге түседі. Мұны көрген қыздың бауырлары әлгі жігітті қамшының астына алып, көгала қойдай етіп сабаған екен. Бұл жолы да сондай пысық жігіттің бірі ортаға шығып:

- Кенеке, келіннің бетін өзім ашып беремін, рұқсат етіңіз! деді. Талай жерде той бастап, әккі болған жігітті жұрттың бәрі білетін. «Ашсын-ашсын» деп шуласып жатыр. Осы жерде ешкім күтпеген оқыс жағдай болды. Қолында домбырасы бар әкем елдің алдына шықты. Жүзінде қуаныштан гөрі толқу басым. Даусында болар-болмас діріл аңғарылады.

- Балам, деді қарт ақын әлгі жігіттің қасына тақау келіп. Мына шапан тойдың бір жоралғысы болсын. Бұған қоса өзіңе тағы бір құнан атадым. Разы бол. Күте-күте көкиық болып, қартайғанда көрген тұңғыш келін түсіруім бұл. Әрі келінге берген батам, әрі беташары болсын. Жолыңды маған бер, қарағым, деді. Алғашында ақынның мұнысын түсінбей қалған жұрт аңтарылып қалған еді.

- О заманда, бұл заман келіннің бетін атасы ашушы ма еді? Ата-салтымызда жоқ нәрсе. Кененнің мұнысы несі? деген күңкіл сөздер де болмай қалған жоқ. Жұрттың дабыры басылмай жатып-ақ, әкем домбырасын қағып-қағып жіберіп, сөзін бастап кетті. Баяғы жанға жайлы қоңыр үн. Өлеңі де, әні де бұрын біз естімеген дүние. Тереңнен қозғау салып, мұңын айтқандай болады. Жұрт әп-сәтте есін жинап, жым-жырт бола қалды. Ақынның көмейінен шыққан әсем ән көкке өрлеп, қаумалаған жұрттың көңілін баурап әкеткендей еді.

«Құтты болсын келінім, аяғынан,
Осы еді ғой күткенім баяғыдан.
Мал-мүлкіңе ие бол, арнап жиған,
Өсекшілдің сақ болғың саяғынан».

Баяу басталған ән қанатын жіті қаққан құс сияқты бірте-бірте биіктеп қалықтай түседі. Қарапайым ғана айтылған өлең жолдарында терең сыр жатыр. Ақынның көптен күткен арманы, жандүниесі, қуанышы мен мұңы астарласып жатқандай. Жастау адам осылай деп жыр төксе, бәлкім, басқаша қабылданар ма еді? Ал жасы келіп, ақсақалы желкілдеген ақынның болмысына әні де, сөзі де жарасып-ақ тұр:

«Халқым тілеп әперген Көркем едің,
Көкжелкеме көтерген еркем едің.
Мұңдар қу бас атанып жүргенімде,
Елу беске келгенде көрген едім.

Көптен күткен келдің бе, Дина келін,
Келінге арнап мал-мүлік жинап едім.
Базар-Назар ән салып, зар еңіреп,
Талай-талай жанымды қинап едім!»

Ақынның аузынан шыққан әрбір сөзді қалт жібермей тыңдап отырған жұрт осы тұсқа келгенде: «е-е, қайтсін енді, онысы рас қой!» десіп қозғалақтап қалды. Әкем жан-жағына көз тастап, домбырасын ұзақтау шертеді. Бұған қарап оның да ішкі толқынысын баса алмай, өзін-өзі сабырға шақырып біраз отырғанын аңғару қиын емес. Әсіресе ақынға жақындау отырған ауыл қарттарының бірқатары көңілдері босап, кемсеңдесіп бас шұлғиды. Шапандарының терең қалтасынан бет орамалдарын алып көздерін сүртеді. Өлгіндегі күбір-сыбыр сөздер сап тыйылған. Жиналған жұрттың кәрі-жасы демей селт етпестен ақынның аузына қарайды.

Көптен бері әкемнің нақ осылай шабыттана ән салғанын көрген емеспін. Бүкіл өмірін өлеңмен шолып өткендей әсер қалдырып еді. Әкемнің ұзақ жырлаған өлеңі беташардан гөрі батаға, тіпті батадан гөрі тілек-нақылға көбірек ұқсайтын. Бәлкім қарт ақынның дйттеген ойы да сол шығар?

«Таутекеше тау-тасқа аттап кетпе, келінжан!
Кір жастықты басыма жастап кетпе, келінжан!
Асқар белім, шалқар көлім, келінжан!
Қуанышым, жігер күшім, келінжан!»

Ендігі бар байлығым да, арқа сүйер күш-қуатым да сендер дегенді ақын осылай жеткізіп еді. Көркемжан екеуін қатар тұрғызып қойып ұзақ жыр төкті. Келіннің бетін ашып, екеуінің маңдайынан кезекпен иіскеп, батасын берді. Қаумалап келіп, құттықтап жатқан жұрт ақынның жанарындағы жас тамшысын аңғарған да жоқ.

Сол жерде табан асты шығарған ақынның әні мен өлеңі ауыздан ауызға көшіп тез тарап кетті. Қордайдың қай өңіріне барсаң да той-томалақта әкемнің осы өлеңін шырқап жатқан елді көруші едік. «Келінжан» дейтін әні өмірге осылай келген.

Он алты жасында келіп түскен жеңгем біз ойлағандай тым қара жаяу емес екен. Орысша сөйлегені болмаса, қазақ тілін жақсы түсінеді. Қала тәртібін көргендігі болар тазалықты сүйетін, шаруасына тиянақты, жинақы келін болып шықты. Әкесі соғыстан оралмай, тек шеше тәрбиесін көріп өскен екен. Алматыда туып, орыс мектебін бітірген. Сұрастыра келе Маңлық құдағи әкеме бөле болып шықты. Ашық мінезді, тыным таппайтын еңбекқор жан екен. Бәлкім шешесі үйреткен болар, мені жалғыз қайным ғой деп атымды атамай «Төрем» дейтін болды. Оған кәдімгідей арқаланып қалғанымды несіне жасырайын. Ақтамаққа «Ботакөз», Ақбілекке «Кенжем» деп ат қойды.

Бір жолы неге екенін қайдам: «Төрем, бидай это пшеница?» деп сұрағаны бар. Соны да білмейсің бе? Әрине пшеница деймін күліп. Кейін білдім. Ауылда Бидай деген ағамыз бар еді. Бірде дүкенге барса сондағы келіншектер «мына кісі сенің жәкең болады, атын атамауың керек» деп шулайды. Ендеше бұл кісіні «Пшеница жәкем» дейтін боламын. Сол күннен бастап әлгі ағамызды бүкіл ауыл осылай деп атап кетті.

Келіні мен енесі сиыспайды, тіл таппайды екен дегенді көп ретте естіп жүреміз. Бірақ сол екеуінің көңілінде екі сұлу бойжеткеннің арасында болатын өзара қызғаныш, екі саудагер арасында болатын бәсеке, жаңа мен ескінің арасында болатын қайшылықтар жататынын білесіз бе? «Жақсы үйге түскен келін-келін, жаман үйге түскен келін-келсап» дейтін көнеден айтылған сөздің мәні қаншалықты тереңде жатқандығын көзбен көріп, соның куәсі болдық.

- Бұл да біреудің мәпелеп өсірген қызы. Ұсақ-түйектің бәрін қазбалай бермей, кемшілігі, білместігі болса үйретіп, жол көрсетіп отыру қажет. Көкірегінде көзі бар, көңілі зерек адамға үйренбейтін нәрсе қайсы? Адамның білместігін кешірмесең білгендігің қайсы? деп шешем үнемі үйретіп

отырушы еді. Айтса айтқандай-ақ, алғашқы айларда келінін қасына тұрғызып қойып сиырды шешемнің өзі сауатын. Өрістен келген малды өзі қарсы алып, өзі жайғастырушы еді. Бұған көрші-қоландар күліп те жүрді. Ондайда шешем:

- Сабыр түбі сары алтын. Пейіл білдірген адамға бір үйдің шаруасы деген не тәйірі? Әлі-ақ үйіріп әкетеді, дейтін. Солай болып шықты да. Бірер айда біздің үйдің тіршілік тізгіні жеңгемнің қолына көшіп те үлгерген еді. «Біз қартайдық, ал енді демалайық» деп әкем өлеңге қосқандай, ендігі жерде үйдің барлық тірлігі Көркемжан екеуіне табыс етілді.

Дүниеге алдымен қыз бала келді. Бұл әкемнің ұлдан көрген тұңғыш немересі. «Мұның атын Бақытжан қойсын. Кемпір тірі тұрғанда оның жолы үлкен, әрі артыңнан ерген жалғыз інің ғой» деген. Өзінің жолын маған беруінде үлкен мән бар. Реті келгенде ол жағын кейінірек айтып берермін. Сөйтіп қыз баланың атын «Әйгерім» деп мен қойдым. Бұдан кейін туған үш немересінің де атын әкемнің өзі қойды. Алғашқы көзқуанышым деп бірінші ұлдың атын Қуаныш деп атады. Екінші ұлды бойыма күш-қуат берген бала деп Қуат деп атады. Үшінші ұлға Мұрат деп ат қойды. Бұл менің ұзақ жүріп жеткен арман-мұратым деуші еді жарықтық. Кенже қызына Ұлжан деген есімді Көркемжанның өзі қойды.

Балаға ат қоюдың өзі үлкен міндет, оған нем құрайды қарауға болмайды. Осы аттардың бәрі менің жас кезімдегі қиялымнан туындаған есімдер, дейтін еді. Сонау бозбала кезімде алты ұлым болса деп армандаушы едім. Өмірдің асау толқынында арпалысып жүріп сол бір бала қиялымды естен шығарып алыппын. Ендігі жерде немерелерге осы есімдер бұйырса екен.

Айтса айтқандай-ақ, әкем жас кезінде өзі армандаған есімдерін немерелеріне түгелдей дерлік қойып шықты. Менің ұлыма Мұхит деп ат қойды. Құндақтаулы нәрестені алдына алып, маңдайынан иіскеген әкенің нақ сол сәтте не ойлағанын білерме еді шіркін! Жанары қаша бастаған көздерін алысқа тіктеп отырып:

- Мына балаңның ақылы мұхиттай терең, түпсіз болсын! Атақты Мұхиттай өнерлі болсын! деп қолын жайып бата бергені әлі есімде. Ақтамақтан туған балаға да Мақсат деп атын өзі қойып кетті. Бар мақсатым орындалды, енді менде арман жоқ дейтін еді жарықтық.

- Ата, алтыншы балаңыздың аты кім еді? Оны кімге қоясыз?

- Оның аты Мұқат. Баланың ең кенжесі, барып тұрған еркесі дейтін еді әкем.

- Неге Мұқат? Кенже болса қайтеміз? Оның мұқатқанына кім көнеді, ата? дейміз әзіл-шынын қоса айтып.

- Көнсеңдер де, көнбесеңдер де сол. Бәрінің кенжесі болған соң оның құқы жоғары. Ағаларының кемшіліктерін айтып, кекетіп-мұқатып жүретін бала болады. Алайда Мұқаттың ауылы алыстай берсін, ұрпағыма шектеу қоймаймын дейтін. Мына Насиха шешелеріңнің әкесі Қабылтай жасынан диханшылықпен айналысқан адам. Сол кісі әр жыл сайын бір қап тарыны артық дайындап, сақтап қояды екен.

- Қабеке, мұныңыз қалай? Аштық тап ертең келетіндей қамданғаныңызға не жорық? дейді жұрт. Сонда Қабылтай ақсақал:

- Мәселе аштықта емес. Балалардың жасы бір жылға өсті, демек тәбеті де бір жылға арта түсті. Алла-тағла тағы да бірер тұяқ беріп жатса, оның да өз несібесі бар, дейді екен. Әр баланың өз нәсібі болады, сондықтан баланың тууына шектеу қоймандар дегенді әкем де үнемі ескертіп отыратын.

Қазақша бір ауыз сөз білмей келген жеңгем бірер жылда ауылдың әдет-ғұрпын, қонақ күту кәдесін үйреніп, үй шаруасын үйіріп алып кетті. Оның ауыл тірлігіне етене араласып, тез бейімделуіне шешемнің ықпалы көп болғаны айтпаса да түсінікті. «Ұялатын қонақ келгенде тасыр-тұсыр жүгірмей, әдеппен сөйлеп, дауыстарыңды ақырын шығарып үйренбейсіндер ме» деп қыздарына, келініне үнемі айтып отыратын еді. Расында, кейін байқасам шетімізден қатты сөйлейді екенбіз. Кәдімгі бір далада отырғандай, дабырлап кететінімізді шешем байқап жүреді екен. Енді бізге жеңгем келіп қосылды. Даусы тым ашты. Тіпті жай сөйлегеннің өзінде құлағыңды жарып жіберетіндей, әлде біреуге ұрсып жатқандай әсер етеді. Ондайда шешем:

- Қарағым, ақырын сөйлесеңші. Көрші-қолаң естісе мыналар ұрсысып жатыр деп ойлап қалмай ма? дейтін.

- Ойласа қайтем, апа. Құдайдың берген даусы. Енді аузымды тығындап қоямын ба? дейді сақылдай күліп.

- Жеңеше аузыңа тары толтырып ал немесе сағыз шайна. Сонда үнің шықпайды деп қылжаққа айналдыратын едім.

Бір жолы көршіміз Қайытбек аға келді. Жүзінде таңырқау бар. Біреуді іздегендей жан-жағына қарап алды:

- Көркемжан, келін бір жаққа кеткен бе? Даусы естілмей қалды, дейді таңданысын жасырмай.

- Жоқ аға. Келініңіз үйде. Тамағына суық тиген болу керек, даусы сыбырлап әрең шығады.

- Ә, ә онда құдай берген екен! Шықпаса шықпай-ақ қойсыншы. Екеуміздің құлағымыз бір тынып қалар еді. Ағаның бұл сөзіне көзімізден жас аққанша күлгеніміз бар.

«Бұл дүние диірмендей дөп-дөңгелек,
Бұрқырап өте шығар әлек-шәлек.
Үмітпен ханның қызын аламыз деп,
Отқа күйіп өлетін біз көбелек».

Тіршілік деген сол бір жағынан қуаныш нұрын төгіп жатса, енді бірде реніш әкеліп әлекке салып жатады. Атақты ақынның үйі дегені болмаса отбасындағы тыныс-тірлігіміз өзгелерден тым ерекшеленіп жатпайтын. Қарапайым жұпыны, қыр қазағына тән өмір салты. Отбасы болған соң ыдысаяқ сылдырамай тұра ма? Кейде Көркем, кейде мен әлдебір жайларға тап болып, теріс қылық танытып қоямыз. Соның бәріне әкем тым сабырлықпен қарайтын:

- Өздерің осы істегенім жөн десеңдер, солай жүре беріңдер. Ақыл айтатын жастан кеттіңдер. Сол ақылды біз емес сендердің айтқандарың жөн емес пе? дейді. Сақадай салмақтап айтады. Соның өзі-ақ жотамыздан камшымен осып жібергендей әсер ететін еді. Мұнайып қалған шешеме қарап:

- Е, Насиха! «Намаз-дігәр болмаса пейішті қайдан көресің, ұл мен қызың болмаса кейісті қайдан көресің?» деген. Тірлігінде көргеннің бәрі қызық, бұл да өмірдің бір қызығы деуші еді.

Бар айырма біздің үйге қонақтар жиі келеді. Оның ішінде атақтысы да, атаулысы да қаншама? Қырғыз-қазақтың небір ақын-жыршылары, жазушы-ғалымдары ат басын біздің үйге бұрмай кетпеуші еді. Әлгінде келген қонақтарға қой сойылып, қазан көтеріп жатқанда, екінші бір ұятты қонақтар түсіп жататын. «Бұлардың нәсібі бөлек, әрқайсысының өз жолы бар» деп әкем тағы бір қойды сойдыратын еді. Бұл біздің бала кезден көріп, көзіміз үйренген жай. Осының бәрін шешем мен жеңгем екеуі атқаратын. Қойды сойып, бас-сирағын үйіту, отын әзірлеу әкемнің ағайындас інісі Асқар ағаның мойнында. Өзі колхоздың жұмысын істеп, түннің бір уағында келсе де әкемнің айтқанын екі етпейтін еді. Қабақ шытпай қонақ күтісетін. Сондай бір қарбалас үстінде шешем көмектесіп жүрген көрші келіндеріне қарап:

- Қарақтарым, қазанның астына отты тым көп салып, лапылдатып жібермей бірқалыпты жағыңдар. Жөнсіз қайната берген ет қатайып кетеді. Бас-сирақты түгел салдыңдар ма? Баяғыда Торғымбек аталарыңнан таяқ жеген біздің ауылдың әйелдері құсап жүрмейік, деген. Қызық бір жайдың ұшын шығарып қойып үнсіз отырған еді. Оған келіндері болмады:

- Апа, сөзіңізді бастаған соң ары қарай айтсаңызшы. Біз де естиік. Әлгі әйелдер таяқ жейтіндей не істеп қойыпты? дейді тұт-тұстан шулап.

- Жарайды айтайын. Таяқ жеді дегенім сәл артықтау, сөз арасында айтқаным ғой. Таяқ тимеседе әбден естері шыққаны рас. Ол кезде мен Кененге тұрмысқа шығып, сол ауылдың ең жас келіні болатынмын. Аулымызға алыс бір жерден үлкен қонақтар келіп жатқан еді. Бәрі де аталы жерден шыққан, өңшей ығай мен сығайлар. Онда да дәл бүгінгідей екі қой сойылып, қарбалас қонақ күтіп жатқанбыз. Қонақ күтудің өз жоралғысы бар. Бас-қасында Торғынбек ата жүретін. Көздері көкшілдеу, ақсары жүзді, сөзге шешен айбатты кісі болатын. Тіпті қатты ашу шақырғанда бүкіл ауылды бір шыбықпен айдайды деп еститінмін. Бірақ өз басым ол кісінің ашуланғанын көрген емеспін.

Қонақтар ымырт жабылар шақта, асығыс келді. Ауыл жігіттері оларды түсіріп алып, аттарын жайғастырып жатыр. Өрістен мал келісімен апақ-сапақта қой сойылып, қазан көтеріп жатырмыз. Абыр-сабыр, сасқалақтап жүргенде қазанға қойдың бас-сирақтары салынбай қалыпты. Ошақ басындағы әйелдер бір-біріне сеніп, бұған көңіл аудармаса керек. Шиге оралған күйінде қалып қойған екен. Мұны әйелдер етті түсірер кезде бірақ байқайды. Масқара, енді қайттік деп беттерін шымшыған әйелдер, мұнысын бір-біріне жауып азан-қазан болды. Торғынбек атамыз естісе мұнымызды кешіре қоймас дейді. Әбден қорыққан әйелдер ошақ басын тастап тым-тырақай қашып кетеді. Түннің бір уағы, қонақтар болса ет күтіп тағатсызданып отыр. Болар іс болды, енді не істеу керек?

Сонда көпті көрген Торғынбек ата қонақтарға келіп, қолын қусырып, тағзым етіп былай деген екен:

- Қадірменді игі-жақсылар! Қазір алдарыңызға қазақтың үлкен асы келеді. Соның алдында сіздерге айтатын бір өтінішім бар еді. Рұқсат сіздерден болсын деп бір тоқтайды. Бұған аңтарылып қалған қонақтар:

- Айтыңыз-айтыңыз, Тоқа, десіп жатыр. Торғынбек ата әр сөзін салмақтап, даусын көтере сөйлейді.

- Әр елдің заңы басқа, иттері қарақасқа демеуші ме еді? Біздің ауылдың да ежелден қалыптасқан сондай бір ғұрпы бар. Алыстан келген, аса қадірлі қонағымызға түнде бас тартпаушы едік. Түн жамылу - ұрының ісі. Бар сый-сиапатымызды күннің шығуымен көрсететін әдетіміз бар. Жарқырап шыққан күннің нұры, өздеріңізге деген ақ пейіліміздің нышаны. Соған рұқсат сұрағалы отырмын, дейді. Неде болса астың тезірек келгенін қалап отырған қонақтар:

- Рұқсат, рұқсат! Бізге бола әдет-ғұрыптан аттауға болмайды, десіп шуласып жатыр. Осылай жол тауып кеткен атамыз әзір тұрған табақ-табақ етті әкелдіріп, қонақтарды разы етіпті. Ертесі күні тағы бір-екі қойды сойдыртып жіберіп, күн шыққан бойда қонақтарына бас тартқан екен. Ешнәрсені аңғармаған қонақтар баталарын беріп аттанған деседі. Мына қастарыңда жүрген Асқар ағаларың сол Торғынбек аталарыңнан қалған жалғыз тұяқ.

Кенен осы ауылға көшіп келген бойда теміржол бойында істеп жүрген Асқарды отбасымен қоса көшіртіп алды. «Ата-анадан сен де жалғызсың, мен де жалғызбын. Әрі жақын інімсің. Қасымда бол» деген. Ошақ басында айтылған әңгіме бәріне қатты әсер еткен болу керек. Тағы да тыңдағысы келіп, ынтыға түседі.

- Апа, осындай жайларды сіз айтпасаңыз қайдан білер едік? Баяғыда бір сұлу келіншекке жалғыз сиырыңызды жетектетіп жіберіпсіз ғой? Соны айтып беріңізші. Өз аузыңыздан естиік, дейді көрші келіндер.

- Оны беріп жүрген мен емес, Кенен аталарың ғой. Өзінен сұраңдар. Неге, не үшін бергенін осы күнге дейін айтпай жүр емес пе, деп шешем біраз күліп алды.

- Сізге айтпағанды, атамыз бізге айтар дейсіз бе?

- Жарайды ендеше, еттің көбігін алуды ұмытып кетпеңдер. Қазанның астына шағындап отын салып қойыңдар. Әлдеқашан өткен жайды сұрайды екенсіңдер, дейді зілсіз. Солардың қасында отырып естіген әңгіменің есімде қалғаны мынау.

Біз ол кезде Қопа деген жерде тұратын едік. Қолымызда Ұлтайдан басқа бала жоқ. Кенен теміржолдың жылқысын бағады. Ұры-қараның көп жүретін кезі. Күндіз малын бақса, түнде соны қарауылдайды. Кейде орнына адам қойып, жолаушылап кететін кездері көп болатын. Ақынның жары болу деген сол. Қайда барам десе де жолынан қақпай, амандығын ғана тілеп қала беретін едім. Жаңылмасам, 1928 жылдың жазы болатын. Кенен бір жаққа жолушылап кеткен. Әлгінде ғана Ұлтайды шомылдырып, кір жууға кіріскенім сол еді. Үйдің тұсына ат шегкен арба келіп тоқтады. Ақ шашақты орамалын мойнына бос орай салған аққұба келіншек арбадан түсіп, біздің үйге беттеді. Денесі тіп-тік, аяғын кербез басады. Иығында сәндеп тоқылған қоржыны бар. Маған тақау келіп:

- Замандас, Кенен ақынның үйі осы ма? деді. Қол алысып, амандасып жатырмыз. Бұрыннан таныс адамдай өзін еркін ұстайды. Маңдайы ашық, жүзі жылы екен. Үні де жұмсақ, әуезді естіледі. Өзін Тоқжан деп таныстырды.

- Үйге кіріңіз, жоғары шығыңыз, деп баяғының әдетімен ілтипат көрсетіп жатырмын. Төрге көрпе төсеп, шағын дөңгелек стөлге дастарқан жайдым. Кіріп-шығып жүріп бейтаныс келіншекке білдірмей бас-аяғын көзбен шолып, сынай қараймын. Көңілімде таңданыс бар:

- Япырай, осыншама көрікті етіп жаратады екен-ау! Киген киімі, жүріс-тұрысы бұл өңірдің әйелдеріне ұқсамайды. Дене бітімі қандай? Сөзінді тосып, салмақпен сөйлейді. Қою қара шашын ортасынан қақ жарып өрген екен. Білектей қара бұрымы белінен асып түседі. Қимылында ерекше асқақтық бар. Әйелдің ішкі сезімі, бар сұлулығы көзінде тұрады емес пе? Жанарында еріксіз елітіп әкететіндей еркелік бар сияқты. Қыз кезінде өте қылықты болған шығар? деймін іштей. Бейтаныс келіншек ботадай көздерін оқтын-оқтын төңкеріп қойып наздана сөйлеп отыр. Анау жолы Алматыға барғанда Кенен бір топ әртіс әйелдермен таныстырғаны бар. Солардың бірі емес пе екен?

- Кенекеннің үйін сұрай-сұрай әрең таптым. Теміржолдан жырақтау тұрады екенсіздер. Мынау азын-аулақ базарлығым. Көптей көріңіз, құрбым дейді. Қоржынның бір басынан қағазға мұқият оралған кәмпит, шай-қант алып дастарқанға қойды. Ол кезде бір уыс кәмпиттің өзі үлкен олжа. Сұлу келіншектің мұнысына ішім жылып қалғанмен, көңілімде бір күдік тұрғандай сезінемін. Кененді бұл қайдан біледі? Әлде мен білмейтін алыс туыстарының бірі ме екен? Бәлкім үкімет жіберген адам шығар? Осындай ойлар бірін бірі түртпектеп көңілімнен шықпай қойды.

Ұлтай болса қонақ келіншекке тез үйірісіп кетті. Құлағындағы сырғасын қызықтап, қолындағы сақиналарын алып ойнайды. Бұған қабақ шытып жатқан жоқ, қайта әлде нені айтып баланы алдарқатып, күлдіріп қояды. Сөз арасында өзінің алыс жерден, Алматының ар жағынан келгенін айтты. Қыбырай деген елге келін болып түскенін, екі-үш жыл бұрын күйеуінің қайтыс болғанын айтып күрсінеді. Сүт қатқан күрең шайды сораптап отырып талай жайды айтып сыр шерткендей болдық. Бәлкім маған солай көрінген болар. Қабағын кере жарқылдай күлгенде аққұба жүзі балбұл тартып сұлуланып кетеді екен.

- Барыңмен базар, деген. Дәм алып отырыңыз. Жолсоқты болып шаршаған шығарсыз? деп ақ пейілімді білдіріп жатырмын. Ақындардың өлең-жырларын арнап, ауыздарынан суы құрып жырлайтын қас сұлуы нақ осындай-ақ болар?

Өзімді ондай сұлуға жатқызбасам да, көз сүріндірер көріктілердің бірімін деп жүруші едім. Мына әйелдің сұлулығында мін жоқ. Мұндай әйелге ғашық болмаудың өзі күнә. Кенен мұны қалай кездестірді екен? Іштегі бір түйсік осылай деп мазалайды. Затым әйел емес пе? Жүрегім сыздағандай, ара-тұра қызғаныш оты лап етіп бой көрсетіп қалғандай болады.

Екі әйелдің басы қосылса, үшінші біреудің соры дейді ғой. Ананы бір, мынаны бір айтып түн ауғанша отырып қалыппыз. Жеке бастың әңгімесін

сұрап сұғанақтық көрсетпей, алыстан орап, әдеппен сөйлейді. Көбіне әңгімені қонақ келіншек айтады. Мен бар ықыласыммен тыңдаймын. Көп нәрсеге шалымды екені көрініп тұр. Өзі қандай көрікті болса, әңгімесі де сондай тартымды екен. Шашына, киіміне сепкен әтірдің жұпар исі жұпыны үйіміздің бұрыш-бұрышына мәңгі сіңіп қалғандай еді.

Сұлу келіншек Кененді күтіп екі күн жатты. «Жолым болмаған екен. Тағы бір орайы келер? Енді қайтайын» дегеніне көнбей екінші күнге өзім қалдырған едім. Кенен бұл күні де келмей қалды. Жолаушылап кетсе бес-алты күн, кейде одан да көп жүріп қалатын әдеті. Оған мен үйренгенмін. Соны еппен айтып ұғындырып жатырмын:

- Сонша жерден келіп бос қайтқандай болма. Бұйымтайың болса айтып кет. Кенен келген соң бәрін айтып жеткіземін, дедім. Ойым сан- саққа жүгіріп, екі ұдай күй кешеді.

- Рахмет, Насиха! Бірінші рет атымды атап сөйледі. Пейілің жақсы, жаның таза адам екенсің. Осы күндері бұған әбден көзім жетті. Кенендей адамның жары болу екінің маңдайына жазыла бермейтін бақыт. Соған лайықты екенсің, құрбым. Анау жылы Кенен біздің үйде қонақта болып, сүтсіз шай ішіп отырғанымызды көрген бойда:

- Сиырың жоқ па еді? дегені бар.

- Ондай байлық қайдан келсін, Кенеке. Сиырдың сүтін көрмегелі қашан? Бізді қойшы, балаларға қиын екен!

- Ендеше ретін тауып біздің ауылға кел. Сиыр тауып беремін, деді. Сол сөзін арқаланып келген бетім еді. Жаман ойлап қалма, дейді ағынан жарыла. Шынайы көңілден айтып отырғанын көріп ойланып қалдым.

Не істесем екен? Қарап отырған жалғыз бұзаулы сиырымыз бар. Оны беріп жіберсем, бәріміздің ішіп отырғанымыз соның сүті мен айраны. Бермей қалсам, Кененнің аузынан шыққан сөзін желге ұшырғандай боламын-ау! Атына, абройына дақ түспей ме? Ары-бері ойланып, көрші қайным бар еді соны шақырып алдым.

- Арбаңның артына мына сиырды байлап, қонақ келіншекті пойызға отырғызып жібер. Жол бойында істейтін ағайындарың көп қой, солар көмектесер, дедім. Сұлу келіншек менен мұндай мәрттікті күтпеген болу керек біраз аңтарылып қалды. Артынша рақметін қайта-қайта айтып, сиырды айдап кете барды.

- Насиха, сенің есің дұрыс па? Сиыр беретін заман ба қазір? Жолаушылап келген келіншекке сиырыңды жетектете салатын кім еді сонша? деп абысындарым шулап жүр.

Мұнымды Кенен қалай көреді екен? Бәлкім, асығыстық жасаған шығармын? Ойымда осындай сұрақтар тізіліп тұра қалады. Көңілімде қобалжу бар. Неде болса артын күтейін.

Бір аптадан соң Кенен де келді. Дастарқан үстінде ауылдың жаңалықтарын сұрап, өзінің көрген-білгендерін әңгімелейді. Әлсін-әлсін Ұлтайдың шашынан сипап иіскеп қояды. Қаперінде ешнәрсе жоқ. Болған жайды айтудың ретін таппай отыр едім:

- Келімді-кетімді кісілерің көп болған шығар? Мені ешкім іздеген жоқ па? деді. Неде болса орайы кеп тұрғанда айтып қалайын деген ой келді.

- Тоқжан дейтін келіншек қонақ болып кетті. Алматының арғы жағынан келгенге ұқсайды. Өзіңмен жолығамын деп екі күн жатты. Әр сөзімді салмақтай отырып, болған жайды түгелдей айтып бердім. «Сүтсіз шай ішпеуші едің, ендігісін өзіңнің мырзалығыңнан көр»» деп сөзімді әзілге айналдырып жатырмын. Кенен басын көтеріп, маған таңдана қарағандай біраз отырды. Содан соң орнынан атып тұрып, мойнымнан құшақтап:

- Ой, айналайын! Үйтпесең Насиха боласың ба? Бір сиыр деген не тәйірі? Ертең-ақ бес сиыр тауып беремін! деп баладай елпелектегені әлі есімде. Сендердің қолқа салып отырған әңгімелерің міне осы. Күйеулерің екі-үш сағат кешіксе артынан «қиқу» салып, ожау ала жүгіретін сендердің тірліктеріңе таңмын. Еркектің аты еркек екенін кейде естеріңнен шығарып аласыңдар-ау! деп шешем қалжыңмен әңгімесін аяқтады.

xxxx

Ұясынан ұшқан құс сияқты біз де қанатымыз қатайған соң отбасынан алыстай бастадық. Қарашаңырақта қалған әке-шеше, аға-жеңгенің орны бөлек. Үлде мен бүлдеге орап жатпасақ та, жыл он екі айда екі-үш рет шайқанытымызды көтеріп келіп кететін едік. Ондағы жүрек сағынышын айтып жеткізу мүмкін бе? Әкенің қамқорлығы, шешенің аялы алақаны, аға-жеңгенің ақ пейілі дегенді үйде жүргенде емес, сыртта жүргенде терең сезінеді екенсіз. Ақжүрек Көркемжанның аңқылдаған мінезін көріп, жеңгемнің «шаңқылдаған» даусын естіп қайтудың өзі бір ғанибет. Жұрт не десе, о десін! Көркемдей бауырды маған енді ешкімнің туып бермейтіні, Динадай жеңгені тауып бермейтіні ақиқат.

Мен әскерден келген жылы біздің үйде үлкен той болды. Тамыз айы болатын. Әкемнің бүкіл үрім-бұтағы жиналып шешем екеуінің алтын тойын өткіздік. Ауыл ақсақалдары, басшылары түгел қатысты. Екеуіне арнайы әкелген алтын сақинамызды кигіздік. Сонда сексеннің жетеуіне келіп отырған қарт ақын:

- Е, е, қарақтарым-ай! Өмірде кимеген нәрсем еді. Саусағымды қысып, мазамды алатын шығар? Соның несіне әуре болдыңдар? дейді кейігенін жасыра алмай. Мұндайда әкемнің бүкіл жандүниесін, көңіл қошын қалт жібермей жақсы сезінетін, сырмінез шешеміз көмекке келеді.

- Жас кезінде алтын сақина киетіндей жағдайың болды ма, Кенен? Балалар өзіңе деп арнайы әкелген соң қолын қақпа. Сен сексеннен астың, мен алпыстан астым. Алтыннан сақина тақсақ несі айып? Баяғының қыз-жігіттері сияқты біз де бір жасарып қалайық, дейді. Бұған отырғандардың бәрі «Насиха шешеміздің айтқаны жөн» деп күлісіп жатыр.

Әркім өз тілектерін айтады. Еті қызғандары ақынның жас кездегі әндерін салып, тойды қыздырып жатыр. Уақыттың қалай өткенін білмей де қалыппыз. Түннің бір уағында асаба жігіт ортаға шығып:

- Ал енді қадірменді қонақтар, сөз кезегін осы тойдың иегері Насиха анамызға беремін. Атамызды қажытпай, шаршатпай осы жасқа дейін алып келген осы кісі. «Еркекке жақсы әйел қайрақ дегенді» атамыздың өзі айтыпты ғой. Ұзақ ғұмыр кешудің сыры неде екен? Соны шешемізден

білгіміз келеді, деді. Апамның: «Қарағым, мені әурелеп қайтесің. Менің орныма анау Төрткен сөйлесін» дегеніне асаба жігіт қараған жоқ. Қолтығынан демеп, ортаға шығарды:

- Барлық жақсы тілекті, әлгінде өздерің айттыңдар. Айтатын сөз қалды ма? Аталарыңды ортаға алып дуылдап отырғандарыңның өзі бір ғанибет. Құдайға шүкір, осыған жеткізген жаратқанға мың мәрте басымды иіп, құлшылық етуге бармын.

...«Қара жерге қар түсіп, қарды басқан бір мұрат! Қара жерден қар кетіп, жерді басқан бір мұрат! дейді екен бұрынғылар. Біз Кенен екеуміз жүріп өткен өмір соқпағында осының бәрі болды. Қиындығын да, қуанышын да молынан көріп, міне осы күнге де жетіп отырмыз. Өмірде кездесетін «тар жол, тайғақ кешу» дегенді басымыздан талай мәрте өткіздік емес пе? Бұған құдай куә, ел-жұрт куә.

Ұзақ, бақытты өмір сүрудің сыры неде болушы еді? Ол ерлі-зайыптылар арасындағы сыйластықта жатыр. Менің бір түйгенім сол. Ендігі ұрпағымызға, мына сендерге біз татқан дәмнің ащысын емес, тәтті жағын көбірек бұйыртса екен деп тілеймін.

«Қайрат-қажырың асып-тасып жататын жас кезінде «әзәзіл перінің қызымен де» тіл тауып, тіршілік құруға болады. Бірақ мұның бәрі құр алдамшы, өзінді өзің алдарқату ғана. Адамға жақсы әйел қартайғанда керек» дегенді аталарың жиі айтып отырады. Сексенде сыр бермеген, «тоқсан, жүзің қай жақта» деп іздеу салған әкелерің орталарында отыр. Әй, бірақ кәріліктің құрығы ұзын. Одан құтылған жан жоқ шығар? Соны өзі де мойындап қалған-ау деймін?

«Насиха екеуміз де қашықтадық,

Көжедей күбідегі ашып қалдық.

Кеудені қанша өрге сүйрегенмен,

Кездіктей жанымаған жасып қалдық, деп өлең шығарыпты ғой. Шешемнің тауып айтқан сөзіне бәріміз күліп жатырмыз. Әкем де мырс етіп, басын шайқап қояды. Отырған жұрт бір-біріне қарап мәз-мәйрам болды да қалды.

«Кәрілік» демекші, ол ауылға аяқ басу үшін де адамнан үлкен салиқалықты, дайындықты қажет етеді. Бойындағы жаман әдеттен, пендешіліктен айығып ақ пейілмен, шынайы көңілмен қарсы алу керек. Ондай жанның ары таза, көңілі тоқ болады. Өмірді бастау оңай, аяқтау қиын. Кәрілік деген де өмірдің бір кезеңі, көппен көретін ұлы той. Біз де бұл «ауылға» құр қол келген жоқпыз. Кешіктіріп болса да құдай берген ұл-қыздарым, немере-шөберелерім бар. Солардың бәрі дерлік осында отыр. Тәңірім, осылардың ата-апа деген көңілдерінен айырмасын! Шешемнің сәл босап, көзіне жас алғанын байқап қалған асаба жігіт:

- Апа, жас кезіңізде атам сізге арнап ән шығарыпты ғой? Соны қосылып айтып жіберсек қайтеді, деп бәйек болып жатыр.

- Е, қарағым, жас кезімде Кененге қосылып тәп-тәуір ән салушы едім. Енді ондай дауыс қайда? Менің орныма Төрткен айтып берер.

«Насиханың ауылы Жамбасжолда,
Тал түбіне тігілген қоңыр орда.
Сол ауылды бетке алып жүргенімде,

Көңілдене басушы еді күрең жорға» деп басталатын
әнді талай шырқағанбыз. Сол әнді айтып жүріп алды ғой мені. Содан бері
талай уақыт өтіпті, талай сұлуға әнін-өлеңін шығарып жүріп, мына
отбасында отырған мені естен шығарып алған болу керек? Осы әннен басқа
маған арнап бір ауыз сөз айтқанын естіген жоқпын. Әншейін, мені қолға
түсіріп алғанша алдаусыратып жүріпті ғой! Әзілдеп айтса да, әкем мұнысын
шын көріп қалды:

- Япырай-а, расында ешнәрсе айтпағанмын ба?

Тіктеп өзіне қарата айтпасаң, анау-мынау сөзге мән бермейтін
аңғалдығы бұрыннан бар. Онысын шешем жақсы біледі.

- Өтірік десең, мына елден сұра. Баяғыда Балқаш жаққа барып, сонда бір
Ләтипа деген келіншекпен айтысқаныңды дүйім жұрт біледі. Сол жолы
лапылдап жүріп әлгі Ләтипаға арнап ән шығардың. Сонау бозбала кезінде
ғашық болған Мөртай сұлуды кім білмейді? Сол Мөртайға арнаған әніңді бұл
күндері той-томалақтарда кәрі-жастың бәрі айтып отырады. Ол аз болғандай
«Қос қалқа» дейтін әнің тағы бар. Оның қандай, қайда жүрген «қос қалқа»
екенін кім біліпті?

Шешемнің әзіл-оспағына күлмеген адам қалмады. Дәл осылай дерін
күтпеген болу керек әкемнің өзі де екі иығы бүлкілдеп ұзақ күлді. Ата-
анамыздың шат-шадыман күлкіге, тілекке толы алтын тойын осылай өткізген
едік.

Әкем сол жылы шешеме арнап ұзақ толғауын жазып қалдырды.
«Насиханың маған сіңірген еңбегі өлшеусіз. Оның қарымын қайтаруым екі
талай. Сол жақсылығы сендерден қайтсын! Шешелеріңді алақандарыңа
салып, ардақтап жүріңдер. Жалғыз тілегім осы» дейтін еді жарықтық. Біздің
де сол үрдістен шығуға барынша тырысып, ниеттенгеніміз айтпаса да
түсінікті.

«Қабағы ашық, жазығым,
Насиха алтын қазығым!
Он алты жастан қосылдым,
Көңілімді тапқаны - ай!
Қайда барам десем де,
Шаужайымнан қақпады - ай!
Туысқан тату, жекжат мәз,
Мінезімен жаққаны - ай!
Ала көйлек, ақкөңіл,
Алақан - ашық, кең пейіл.
Ағайын мен абысынға,
Көрсетпеген бір зейіл.
Бұл сөзімде желеу жоқ,

Насихаға теңеу жоқ!» дейтін жыр жолдары осы
толғауында айтылады. Бұл қарт ақынның шын көңілінен, ақ пейілінен туған
жүрекжарды соңғы сөзі еді.

Осы тойдан кейін тағы бес жыл ғұмыр кешіп дүниеден әкем өтті. Шешемізді бірімізден кейін біріміз «іліп алып» кезекпен бағатын болдық. Апам қайда барса төрт бұрышы темірленген үлкен қоңыр шамаданы сонда барады. «Бұл жай шамадан емес, құтты шамадан» дейтін күліп. Ол сөзінде шындық бар. Әлгінің ішінде не жоқ дейсіз. Ұршығы, біздері, тігетін инелері бірге жүретін. Неше түрлі иірілген жіптер, матаның небір қиындылары жатады. Бірер айда балалардан бастап, үлкендерге дейін жүннен тоқылған шұлық киіп қарық болып қалушы едік. Сондағы шешем құрастырған құрақ көрпелер өзінің көзіндей болып әлі күнге дейін төрімізде төсеулі жатыр.

Апам қай үйде болса, зейнетақысы сол үйге келеді. Жалақыға ғана қарап отырған біздер үшін, апамның зейнетақысы көлденең келген табыс көзі сияқты. Оның ар жағында арнайы дүкеннен алатын азық-түлігі тағы бар. Кейде сонысына бола таласып та қалатын едік. «Бір құдайға, содан кейін әкелеріңе мың рақмет! Осы алып жүргенім соның ақшасы. Жасымда бірер жыл колхозда істегенім болмаса, ауыр жұмысқа араласып көрген емеспін. Міне енді Кененнің арқасында ел қатары зейнетақы алып отырмын. Өзі болмаса да, маған қалдырған несібем шығар?» дейтін еді.

Бала-шағасын кезекпен аралап жүріп тоқсан сегіз жасында шешем де көз жұмды. Көркемжан тірі болса: «Ал, көке, шеше сенікі. Қолымыздан келгенше бағып бердік. Ендігісін өзің көтер. Менің шешем әлдеқашан өліп қалған» деп еркелік мінезіме салып, бөлініп шыға келер едім. Өйткені мен нағашы апамның қолында өскенмін. Руым да, үй-жайымда бөлек. Қит етсе бөлініп шыға келетінім де сондықтан. Үйтетін Көркем жоқ. Шешемнен бұрын елу бес жасында дүние салған.

Сондағы қарт ананың жылап отырып: «Ажалды арсыз деуші еді, оған шара қайсы? Құдайда да көз қалмаған-ау! Тоқсаннан асқан кемпірді алмай, елудегі баламда нең бар еді. Жөні де, жолы да осы емес пе? деп қатты қайғырғаны көз алдымда. «Халқым тілеп әперген Көркем едің, көк желкеме көтерген еркем едің!» дейтін әкем айтқан өлең жолдары ойыма орала берді. «Бұрынғылардың сүйегі асыл» деген сөзде үлкен мән бар. Жүзге келген Жамбылдың соғыста қаза болған Алғадайына шығарған жоқтауы қандай! Қарт жыраудың осы жоқтауын әкем домбыраға салып айтып отыратын. Кәрі адамның даусына салып айтқанда тыңдаған жұрт егіліп жылайтын еді. Мұнда да қарт жырау кәрі жүректің қайғысын, ажалдың тойымсыздығын, құдайға деген көңіл назасын ашық айтады:

«Қорқытпаймын, құдайым!
Қорлығына жылаймын.
Мен өлгенім жөн еді,
Ақ таяққа сүйеніп,
Алғадай, сен жыласаң еб еді».

Қайғының ең ауыры бала өлімі екенін, мұның өзі бәрінен бұрын әкешені қаусатып кететін ауыр соққы екенін терең сезінгендей болдық. Сұм ажал ақыры шешемді де алып тынды. Ендігі жерде намысқа тырысып, көп

шаруаға кірісуге тура келді. Немере, шөберелері түгелдей топырақ салып арулап жөнелттік.

Әсіресе атасы атын қойып, әжесі талай батасын берген немересі Мұхиттың еңбегі зор. Басына атамның бір ауыз сөзін жазып қалдырайық деп ой салған да осы Мұхит еді. Қара мәрмәр тасқа атасының екі жол өлеңін ойып жаздырып, бейітінің маңдайшасына ілдірді. **«Қабағы ашық жазығым! Насиха - алтын қазығым!»**

Қанша ойлап, толғансақ та шешеміздің қадір-қасиетін терең ұғынып, дәл бағасын әкеден артық бере алмасымыз ақиқат еді. Бұл енді алтын тойдан кейін отыз жылдан соң болған жай. Ал өмір болса кезең-кезеңімен жылжып өтіп жатыр.

xxxx

- *Дүниедегі ең ауыр зат не деп ойлайсыз?*
- *Жұмыр жер зой деймін.*
- *Неліктен?*
- *Себебі оның қойнында миллиондаған даналардың миы жатыр.*

(күнделік дәптерден)

Ақынның шығармашылығы жайлы сөз еткенде көбіне оның ақындығын, әншілігін, айтыскерлігін ғана айтып тұжырым жасаймыз. Соның қалтарысында қалып бара жатқан тағы бірер ерекшеліктері бар. Ол әкемнің орындаушылық әрі актерлік шеберлігі, күйшілігі. Сонымен қоса ұзақ-ұзақ жыр-дастандарды жатқа айтатын жыршылық өнері. Осының бәрін бала кезімде көзбен көргендігім болар әлі күнге құлағымнан кетпейді, көз алдымда тұрады.

«Сарбарпы», «Жаудан қашқан өгіз», «Жұртың қалды, Қарқара!», «Жалғыз қаз» деген күйлерін орындағанда балапандарын қорғап аждаһаның аузына түсіп кетердей шырылдаған жұдырықтай құстың дәрменсіздігін сезгендей күй кешеміз. Енді бірде құлаққа айдалада жападан жалғыз бүлк-бүлк желіп қашып бара жатқан бейшара өгіздің мөңіреген даусы келгендей, сыңарынан айрылған жалқы қаздың үні естілгендей болады. Әкем мұны жай тартып қана қоймайды. Ара арасында домбырасын тоқтата қойып әлгі оқиғаның желісін түсіндіріп жататын еді. Даусын мың құбылтып, кей тұста түсін өзгертіп беріле тартады. Осының бәрі біздің балаң жүрегімізге қатты әсер етуші еді. Кейде әлгілерге жанымыз ашып жылап қалатын едік.

- Ата, енді Шөже болыңызшы, Қайрақбай болыңызшы, дейміз жан-жағынан шулап.

«Домбырам басы балқурай, басына қонар бозторғай» деп өлеңдете жөнеледі. Әп-сәтте үні де, бет-әлпеті де өзгеріп шыға келеді. Расында да, тап көзі көрмейтін зағып адам сияқты. Енді бір сәтте домбырасын тізесіне сүйей салып, екі қолымен айналасын сипап шақшасын іздейді. Астыңғы ернін

шошайтып жіберіп, алақанымен насыбай атқан болады. Әкемнің қимылына, іс-әрекетіне қарап алдымызда шынында да Шөже ақын отырғандай әсер алушы едік.

Сәлден соң домбырасын қағып-қағып жіберіп. «Мен өзім жұртқа әйгілі Қайрақбайм-ө,ө,өһ!» деп даусын созып, қасын керіп біраз тұрады. Әкемнің шошайған еріндеріне, едірейген мұртына қарап қыран-топай боламыз. «Ал енді Үмбеталінің қара жорғасын көрсетейін сендерге» дейді. Біз дереу орнымыздан сырғып жол аша бастайтын едік.

Домбыраның шанағын саусақтарымен шертіп, безілдете жөнеледі. Бұл енді бұрын біз естімеген өзге мақам, өзгеше дүние. Үмбеталі кейпіндегі әкемнің түр-тұрпаты мүлдем өзгеріп кетеді. Жеміне ұмтылған тұйғындай біруыс болып қалатын секілді. Екі иығы бүлкілдеп, құйрығымен сырғып ала жөнеледі. Домбыраның ырғағына орай, Үмбеталінің терме-жырын түйдек-түйдек ағытып жатар еді. Таудан аққан асау бұлақ тәрізді арқалы ақынның кейпі көз алдында тұра қалғандай.

- Енді кім болайын?

- Дуана болыңызшы, ата, деп шу ете қаламыз. «Ақ дуана, дуана! Балаларды қуала» деп басталатын өлең сөздерін бәріміз жатқа білетін едік. Қосыла айтамыз. Бұған әкем балаша мәз болады. Көздерін жұмып алып, басын оңға бір, солға бір шайқап отырып дуана кейпіне енеді. Көз алдымызға қолында ақ таяғы бар, ақ сақалы желкілдеген дуана келгендей әсерлі:

«Құдайым бір, Құран шын нанбаймысың, Құлқатым,
Менің айтқан тілімді алмаймысың, Құлқатым.
Осы аяулы түріңмен кәпір болсаң, Құлқатым,
Жеті тамық отына жанбаймысың, Құлқатым.

Пайғамбар хақ, әулие сенбеймісің, Құлқатым,
Меніменен ілесіп жүрмеймісің, Құлқатым.
Қор қызындай жүзің бар, қор боп жүрген, Құлқатым,
Кәпір болсаң тозаққа күмеймісің, Құлқатым».

Құлқатым - мұсылман дініне кірмей жүрген қызылбастардың әйел патшасы. Соның алдына Әзірет-Әлі дуана кейпінде келіп, ең таза жол мұсылмандық екенін айтып, әйел патшаны қырық нөкерімен дінге кіргізген дейтін аңыз бар. Әкемнің айтып отырғаны осы жай. Оның сөзіне лайықтап шығарған әні де бар. Тырп етпей отырып тыңдайтын едік. Осының бәрі бала қиялына қандай әсер ететіні айтпасада белгілі. Енді ойласам шарифат жолын мүлдем ұмыттырғысы келген кеңес дәуірінде әкемнің осындай әдіске көшкені тектен-тек емес-ау!?

- Көнеден айтылатын мынадай бір ақыл-нақыл бар, қарақтарым, дейді әңгіме желісін басқа бір арнаға бұрған әкем. Ертең-ақ, бәрің де ер жетіп, өмір соқпағына түсесіңдер. Алдарыңда не күтіп тұрғаны бір құдайға ғана аян. Сонда осы бір жайды естеріңде ұстандар. Оң қолын алдымызға созып әңгімесін бастайтын еді.

- Міне, мынадай болмандар! Атам оң қолының жұдырығын түйіп бәрімізге көрсетіп шығады. Мұндай болсандар, қара тас секілді ешкімге жұғымы жоқ өзіңмен өзің бөлініп қалған бір дүниесің. Досың да, дұшпаның да, қуанышың да, қайғың да жоқ әйтеуір қара басын күйіттеген бір пендесің, дейді.

- Міне, мынадай болмандар! Ендігі жерде саусақтарын жазып алақанын көрсететін еді. Мұндай болсандар, қара жол немесе жайдақ су секілді ашық-шашық қаласың. Ешкімге қадірің болмайды. Кім көрінген үстіңнен басып, аяғымен кешіп өте береді.

- Міне, мынадай болыңдар! Саусақтарын орта тұсқа дейін бүгіңкіреп, бізге «көріп алыңдар» дегендей біраз тұрады. Нағыз адамға тән, мазмұнды ғұмыр кешкісі келгендер үшін ең керегі де, ең мәндісі де осы қалып. Өмір болған соң басыңнан бәрін кешіресің. Өкініш те, сүйініш те, қайғы мен қуаныш та кезек алмастырып жатады. Досыңа сүйінесің, дұшпаныңа күйінесің. Кірісің де бар, шығысың да бар бел орта деген осы. Халықтың «жусаннан аласа, бетегеден биік» дейтіні осыған саяды. Ақылың асып, өнерің тасып жатса да кішіпейіл, қанағатшыл болыңдар. Бұл дүниенің көнеру мен жаңарудан, жыртылу мен жамалудан тұратыны ақиқат. Тіршіліктің бұлжымайтын заңы осы.

Әкем осылай деп нақыл айтады. Кей тұстарын бізге ұғынықты болу үшін қайта көрсетіп, басқаша түсіндіріп жататын еді. Кейде жас кезінде естігендерін, кейде жанынан қиыстырып айта беретін. Сондағы есімде қалғандардың ішінде мына бір ертегі - әңгіме маған қатты әсер қалдырған болу керек. Әлі күнге ұмытқан жоқпын.

...Ертеде ағайынды үш жігіт болыпты. Үшеуі де сіңірі шыққан кедей екен. Тапқандары тамағына жетпей, эзер-эзер күн кешіпті. Бір жолы ыстық күнде шөп шауып, әбден қалжыраған жігіттер талдың көлеңкесінде тынығып отырса қастарына бір топ қараторғай келіп қонады. Бір-бірін қуа жарысып, жем іздеген әлгі торғайларды қызықтап отырған ағайындылардың үлкені:

- Шіркін! Осындай қаптаған қойым болса өмір бойы кісі ренжітпей, жетім-жесірге пейіл көрсетіп, кеңшілікте өтер едім, дейді. Сонда ортаншысы тамсанып:

- Иә, менің де осындай мыңғырған малым болса ғой! Ғұмыр бойы қонақтан қымсынбай, ешкімнің көңілін қалдырмай өмір сүрген болар едім-ау! деп өз арманын айтыпты. Кенже інісі үндемей отырған соң:

- Ал сен қайтер едің?» деп сұрайды.

- Мен бе? Менің осынша көп малым болмай-ақ, тұрмысыма тиек болатынтай азын-аулақ тұяғым болса. Басымда баспана, қасымда парасатты жарым болса. Мен де ешкімді жатсынбай, басыма қандай күн туса да адам баласынан бар жақсылығымды аямай ғұмыр кешер едім деп жауап беріпті.

Бұлардың айтқан сөздерін тыңдап тұрған Қыдыр ата үшеуінің қастарына келеді. Сақалы тізесіне түскен әппақ қудай қарияның қайдан шыға келгенін аңғармай қалған ағайындылар естері шығып, абыржып қалады. Сонда Қыдыр ата ақ таяғын көтеріп:

- Оу, жігіттер! Сендердің әңгімелеріңді естідім. Берген уәделерінде тұрсандар сендерге бір сый-сиапат жасаймын, дейді.

- Жасаңыз, қария, жасаңыз! Сонда жасы үлкен екеуіне:

- Сендер қаптаған қой дедіндер ме? Әне бір жасыл төбеге барыңдар. Соның етегінде қора-қора қой жайылып жатыр. Біреуің қара түстісін, енді бірің ақ түстісін бөліп алыңдар, деп күнге шағылысқан ақ таяғын сілтеп-сілтеп қалады. Ағайынды екеуі арсалаңдап жүгіріп кетеді. Сонда кішісіне қарап:

- Сен анау бір түтін шыққан жерге бар. Сенің үйің сол жерде. Парасатты жарды да, азын-аулақ малды да сол жерден табасың, деп әлгі қария көзден ғайып болыпты.

Осыдан бастап ағайынды үшеуінің тұрмыстары түзеліп, дайын келген дәулетті сіміріп жүре береді. Тізіліп күндер, жылжып жылдар өтеді. Бір күні Қыдыр ата қасына бақ-дәулет, береке-пейілді ертіп әлгі жігіттерді сынап қайтпаққа жолға шығады. Қыстың қақаған аязында, алай-түлей боранда үлкен ағасының үйіне тақау келіп:

- Әй, балам, құдайы қонақпыз. Мына дүлей боранға ұшып кеткелі тұрмыз. Отыңа қақталып, мұжылған сүйегімізді жылытып шығалық. Рұқсат ет! дейді қариялар. Дауыстары дірілдеп әрең естіледі. Малына ие бола алмай, әлекке түсіп, әбден долданған бай жігіт:

- Қойым қырылып, қым-қуыт болып жатқанда қонақ емес, құдайым болсаң да қондыра алмаймын. Аулақ! деп ақырады.

Сақалдарына мұз қатып, бүрсеңдеген шалдар сүйретіліп ортаншы жігіттің үйіне келеді. Ол да ашуға басып, қондырмақ тұрмақ шалдардың артынан ит қосып қуып тастайды. «Иә, бұлардың сиқын көрдік. Енді неде болса кішісінің үйіне барып бір сынап көрелік» дейді.

Шабалана үрген иттердің даусына атып шыққан отағасы бір-біріне сүйеніп аяқтарында әрең тұрған шалдарды қолтықтап үйіне кіргізіпті. Үстеріне жылы киім жауып, ас-суын аямай барын салып күтеді. Жігіттің жары да ақжарқын, қолы ашық адам екен. Қариялардың жағдайын жасаймын деп бір ұшып, бір қонады. Шын пейілмен ақжарыла күткен үй иесіне қатты разы болған қонақтар жылы көрпенің астына кірген бойда ұйқыға кетіпті.

«Әлде де болса бұдан да қиын сынақтан өткізейін» деп ой түйген Қыдыр ата түннің бір уағында ыңқылдап қатты ауырған болады. Ары-бері дөңбекшіп, бүктетіліп жатып алады. Не істерін білмей қатты абыржыған жігіт:

- Ойпырау, сізге не болды? Қайтсем екен? Қандай емі бар еді бұл науқастың? деп қарлығаштай шырылдайды.

- Е,е, балам! Ажалым осы жерде қуып жеткен шығар? Әуре болма. Мұның емі біреу-ақ. Айтуға да қиын. Жас баланың өкпесімен қақса ғана қоятын еді, деп қарт одан сайын дөңбекши түседі. Бұған шыдай алмаған жігіт жарына қарап:

- Қонағым төрімде өлгенше бұл қиындыққа да көнбеске шарам жоқ. Адам баласынан бар көмегімді аямаспын деген құдай алдында берген сертім бар еді, деп баласын бауыздап жіберген екен. Жас баланың өкпесі тиген бойда қонағы көзін ашып, беті бері қарағандай болады.

Ертесі күні қариялар батасын беріп, рақметтерін айта-айта қош айтысыпты. Сонда Қыдыр ата жігітке:

- Балам, сый-құрметіңе әбден разымыз. «Өлімнен де, ұят күшті» дегендей, сертіңе болаттай берік жігіт екенсің. Аз дәулетке мастанып, дүниеқоңыз болып кеткен ағаларыңа ұқсамапсың. Қолыңдағы ақ таяғын тағы бір сілкіп қалып:

- Біз кеткен соң анау шиді ашарсың» деп жүріп кетіпті.

Қонақтары аттанған соң екеуі жүгіріп барып шиді ашып қалса баласы қаннен-қаперсіз ұйықтап жатыр екен. Балаларын кеудесіне қысып, қуанышқа бөленіпті. Өмірлері бұрынғыдан да қызықты, шат-шадыман ғұмыр кешкен деседі. Жақсы адамдардың отауына бақ-дәулет, береке-пейіл орнап, мәңгі кастарында болған екен.

Бала жүрегімізді бірде шошындырғандай, енді бір сәтте шексіз қуанышқа бөлегендей етіп айтатын әкемнің мұндай әңгімесінің шегі болмайтын. Соның көбісін жанынан қиыстырып, ойынан шығаратынын ол кезде кім пайымдап жатты дейсіз. Бала көңілімізді небір қиял-ғажайыптарға жетелеп, кеудемізге нұр шапағатын төккендей әсер ететін өмірнама, әке мектебі осындай еді.

xxxx

*...Өмірімде себепсіз екі рет жыладым.
Себебі бүкіл себептер бір арнаға түйіскендей
болып еді.*

(күнделік дәптерден)

Расында біздің үйге келетін адамдар сан-алуан болушы еді. Ақынға сәлем беріп, тағзым етушілерді былай қойғанда, ойда жоқта келетін «көлденең көк аттылар» қаншама? Тіпті мойындарына қоржын асынып, сонау Самарқант, Бұқара жақтан келіп садақа-қайыр сұрап жүргендер де біздің үйге үйірсек болатын. Соның ішінде бастарына ақ сәлде киіп, мұсылмандық кәделерін атқарып, ел ақтап жүрген дәуріш-сопыларды да жиі көретін едік.

- Ойпырмай, қай-қайдағылар біздің үйді қайдан тауып келеді екен?» деп кейде шешем кейіп те қалады. Ондайда әкем:

- Насиха, бұлар құдайдың жіберген хабаршысы. Азды-көпті қолыңда барды бөліп бер. Ренжімей кетсін. Әлі көресің мен өлген соң осылардың аяғы сап тиылады дейтін. Шешем райынан тез қайтып:

- Иә, сен жұмаққа барғанда алдыңнан осылар шығып, «бауырымдап» көрісетін шығар? деп әзілдейді. Артынша әлгілердің қоржындарына ұн, бидай, тағам салып жататын еді. Реті келгенде ақша, киім-кешек береді.

...Күйген күлшедей жұп-жұқа, арық әйелдің біздің үйде қонақта жатқанына екінші күн. Табалдырықтан аттасымен көз жасы омырауын жуған заржақ әйелдің бұл келісіне алғаш тіксініп қалсақ та, тілдесе келе шерменде болған жайын естіп, жан жарасын ұғып қабырғамыз қайысты. Мені таңқалдырған бір жай сай-сүйегінді сырқыратып, жан дүниенді шымырлата

сөйлейтін қатпа әйелдің шешендігі еді. Сезімді дөп басып, есінді жиғызбай ағыл-тегіл сөйлеп отырған әйелдің мұнысына аң-таңмын. Бір уақыт «осы бишараны сөйлетіп отырған іштегі астан-кестен күйіктің уыты-ау!» деген де ой келеді.

Сонау студент кезімде ойламаған жерен қызу айтыстың үстінен шыққаным бар. Алғашында әңгіменің не жайлы екендігін ұға алмай біраз отырдым. Бара-бара етім қызып, өзімнің әлгілерге қалай қосылып кеткенімді білмей де қалдым. Айтыс қайғы мен қуаныш жайлы еді.

Қуаныш адам бойындағы ең ұлы сезім. Ақын, жазушы болсын, әнші, копозитор болсын олардың мәңгі өлмес дүние жасауына қуаныш қана өзек бола алады. Өмірді, бақыт пен махаббатты көбірек жырлау керек. Өшпес мұра қуаныш сезімінен ғана туындағаны абзал дейді бір жағы.

Қайғыны ұлы сезім емес деп кім айтты. Абай қайғырмаса қапалы өлең жазар ма еді? Ыза-кекке булықпаса Біржаннан «Жанбота» әні туарма еді? Ақан ше? Құрманғазы ше? Бірақ өнердің өзегі, әннің туар көзі тек қайғыда ғана деуден аулақпыз. Дегенмен қай ақынды, әншіні алмайық оның туындысы, ішкі жандүниесі тек қайғымен немесе қуанышпен астарласып жатады, соны ғана мақсат тұтады деу ағаттық деген қарсы бір топ.

Әр өлеңнің, әрбір әннің туу себебі, өзгелерінен даралап тұратын тақырыбы болады. Өзекті тіліп өмірге келген азалы әннің де, көңіл арнасын қуанышқа толтырар әсем күйдің де өзіндік соқпағы, өзгеше әуезі болатыны ақиқат. Қонақ әйелдің әңгімесін тындап отырып, осы бір жай ойыма орала беріп еді. Қатпа әйел зарын айтып әлі сөйлеп отыр. Жалғыз ұлынан айрылып, ендігі жерде қалада тұратын қызының қолына бара жатқанын, қай ру, қай ауылдың адамы екендігіне дейін айтып үлгерген.

- Ықласыңызға разымын! Дәміңізді татып, дидарыңызды көрдім. Кеудемдегі жараның уытын басар, атақты «Базар-Назарыңызды» өз аузыңыздан естіп кеткім келіп отыр. Бар бұйымтайым осы ғана, деп қолқа салды.

- Қарағым-ау, буынсыз жерден пышақ ұрдың-ау! деп әкем қатты қиналды. Бұл әнді айтпай кеткеніме отыз жылдан асты. Айт десең ән аз ба, жүзден астам әнімнің кез келгенін салып берейін. Қапалы кезде туған ән ғой ол. Қазір сондағыдай дауыс қайда? Бүгінде құдайға айтар мұңым жоқ. Алғандарының орнына, беретінін берді емес пе? Ұлым да, қызым да, немерелерім де бар қазір. Қинама, қалқам!

Бірақ қонақ әйел бұған көне қоймады. «Бір ғана тілегім» деп қиылып отырып алды. Қиылып сұратқанды жаны қаламайтын ақкөңіл ақын ілулі тұрған домбырасын қолына алды. Бұл - менің де атақты «Базар-Назар» әні мен оның шығу тарихын әкемнің өз аузынан тұңғыш әрі соңғы рет естуім. Сонда әнші былай деп еді:

- Адам ғұмыры қайғы мен қуаныштың алма- кезек ауысып жататын арнасы емес пе. Сонда да болса адал жандар бір-біріне қуаныштың молдығын тілейді. Толғағы жетпей туған әннің өрісі тар, жадыңнан тез шығады. Тек, жүрек түкпірінен жарып шыққан ән ғана ғұмырлы, халықтың көңіліне жол тауып, мәңгі сақталады.

«Базар-Назарға» жұрт екі түрлі ат қойған. Біреулер әнді осылай атаса, енді бірі «Ақ ешкінің зары» деп кеткен. Әрине естімеген адамға ақ ешкінің мұнда қандай қатысы бар дейтін ой келуі де ықтимал. Базар-Назар егіз қозыдай қатар өскен ұлдарымның аты. Ақ ешкі болса Базарыма деп атаған бәсіре еді. Екі ұлымнан бірдей айрылатын жылы ақ ешкі де егіз лақ туды. Лақтарының бірі салпаң құлақ болатын. Секіріп ойнағанда екі құлағы сауысқанның канатындай жалп-жалп ететін. Сұм ажал жазира дүниенің жарығын қызғанғандай төртеуін де тағдырлас қылған жоқ па!

Екі-үш ай ел аралаған соң сағынған ауылыма суыт жүріп кеттім. Бірақ кеш қалған екенмін. Берерінде арасына жылдар салып сарғайтқан құдайым, аларында жетім күнін де көпсінген екен. Шешек ауруынан екі бала бірдей бір күнде дүние салыпты. Ар жағы айтпасам да белгілі. Қарт ақын көзін алысқа тігіп ұзақ отырды. Тек саусақ астында жаншылған қос ішек қана мұңлы бір үн шығарып, безек қағады.

...Дымы кеппеген қос мүрденің қасында биіктеу бір төбе бар еді. Күнде кешкісін соған шығып отыру әдетіме айналған. Ән туар күні де сол төбенің басында күңіреніп отыр едім, төменде жайылып жүрген қой ішінен ақ ешкіге көзім түсті. Бишара өлген лақтарын іздеп, безектеп жүр екен. Бейшараның даусы қандай ащы еді! Тілі жоқ болса да осы екеуміздің тағдырымыз, қайғы-мұңымыз бірдей-ау! Мұның да бебеу қағып іздегені ішінен шыққан қос лағы. Емшегі сыздап, жанын қоярға жер таппай шырылдайды. Жан азабын айтарға тілі жоқ. Ой-санамды билеген осындай бір сезім бірте-бірте ұлғайып, тұла бойыма тарап бара жатты. Жан дүниемді бір орасан күш жұлқып-жұлқып жібергендей еді. Көзіме лықсып жас келді. Көмейіме «Зарланасың ақ ешкі, зарланасың ақ ешкі...» деген бас-аяғы жоқ тіркес пен зарлы әуен толқындап келе берді, келе берді. Орнымнан қарғып тұрып домбырама жүгірдім. Жүрегімнен иненің көзіндей саңлау тауып, сол тесіктен жан дүниемді сыздатып, сыздықтаған бір зарлы үн домбырама орала беріп еді. Айт деп қоймадың ғой, қарағым! Әннің шығу тарихы осындай. Енді әннің өзін тыңда...

«Зарланасың ақ ешкі лағыңа,
Емшегіңнен сүт берген шырағыңа.
Кел екеуміз қосылып бір жылайық,
Жетер ме екен құдайдың құлағына?»

Домбыраның сағасынан басталып, бірте-бірте шалықтап көтерілетін әннің құлақ тұндырарлықтай ешбір ащылығы жоқ. Керісінше қою мұңға толы қоңыр үнділігімен сізді өзіне баурап тартып алады. Терең сезіммен шырқалған әннің алғашқы қайрылуында-ақ көз алдыңызда «қайтар ұлдарымды, қайтар!» деп екі қолын көкке созған қаяулы жанның бейнесі тұра қалғандай болады. Енді бір сәтте құлағыңызға безек қаққан ақ ешкінің зарлы үні естілгендей әсер аласыз. Әлден уақытта қосарлана өрілген мұңды бір саз көкке шаншылып тұрып қалғандай сезім туады. Ән болса бір сәтке де толастамайды. Биіктей береді, биіктей береді.

Мың құбылған зарлы үн сізді бар қиялыңызбен елітіп, баурап алған. Бір мезет ән жетегінде шырқап биікке көтерілсеңіз, енді бір сәтте құлдилап жерге түсесіз. Ән құдыретімен табиғаттың қатыгез заңы арбасып, айқасып жатқандай. Көз алдыңызға ат сауырын таспадай тіліп ағып келе жатқан азалы жан келсе, енді бірде өркеудесін тасқа шапқан қыран елестейді. Әншінің өмірге деген құштарлығы, ажал құрығының ұзындығына деген қарсылығы әннің әсіресе мына бір тұсында айқындала түскендей:

«Сорлы ақ ешкі тапқаның егіз лақ,
Өлгенінің біреуі салпаң құлақ.
Көп зарламай, бишара, отыңды отта,
Беріп қалар бізге де бірер тұяқ.

Түйе қандай, ойласаң, тайлақ қандай?
Түйе де тайлақайын ойнатқандай.
Беріп тұрып баланы қайта алатын,
Мен не жаздым тәңірге жылатқандай!?»

Әннің өне бойында үзілмей естіліп тұратын ерекше бір сарын бар. Сол азалы үн кейде құлағыңызға ботаның зарындай болып естілсе, енді бірде адамның өксігі сияқты әсер етеді. Әнге ерекше бояу беріп тұрған да осы бір сиқырлы саз. Осының бәрі домбыраның қоңыр үнімен астарласып қайталанбас ерекше ансамбльге айналғандай. Әнге орай шығарылған ән мәтінінің, домбыра үні мен әнші үнінің бір-біріне айырғысыз сіңісіп кетуін осы тұста айқын көргендей боласыз. Ән құдыреті деп, міне, осындай сәттерді айтатын шығар?

...Мұңға толы, мың өрім ән баяулап барып әлдеқашан үзілген. Тыңдаушыда да, әншіде де үн жоқ. «Ух!» деп күрсінген әкем домбырасын қабырғаға сүйей салды. Қонақ әйел бет орамалымен бетін жауып солқылдап жылап отыр. Бишараның жан дүниесі астан-кестең. Ән құдыретіне табынғандай дүние дел-сал күй кешеді. Сиқырлы ән сіздің бар болмыс, санаңызды әлі де боса тербеп тұрғандай. Деміңізді ішіңізге тартып біраз отырасыз. Сәлден соң ғана «япырай!» дейсіз күрсініп. Дәл сол жерде атақты композитор Ахмет Жұбановтың:

- Кенеке, сіздің «Базар-Назариңыз» жүректен туған нағыз ән ғой! деген жүрекжарды сөзін есіңізге салса. Сіз де:

- Нағыз ән, нағыз ән! деп қайталай берер едіңіз.

xxxx

Қарт ақын осы «Базар-Назар» әнін көз тірісінде айтпай кетті. Өзгенің де айтқанын аса қалай бермейтін. Оның да өзіндік себебі бар. «Тағдырдың қысастығына күйініп жүріп, іштегі зарымды айтамын деп құдайға тілім тиіп кеткендей сезінемін» деп отырушы еді жарықтық. Аллатағлаға өкпе жүрмейді, ешкім бұйрық бере алмайды. Біздікі жай пендешілік қой дейтін.

Бір жолы академиядан бір топ ғалымдар келіп әндерін түгелдей таспаға жазып алып кетті. Онда да ақын:

- Қалаған әндеріңді айтып берейін, айналайындар! Осы әнімді айтқызбай-ақ қойындаршы. Еш құлқым жоқ, деп азарда-безер болды.

- Кенеке, келешек ұрпаққа сіздің әніңізден гөрі үніңіз аса қажет. Әндеріңіздің көбісі нотада бар ғой. Бұрын таспаға жазу болған жоқ. Енді реті келіп тұрғанда даусыңызды жаздырып қалдырыңыз. Кейінгілер естіп, біліп жүрсін дейді.

- Баяғы тік шырқаудан басталатын жас кезімдегі дауыс қайда? Өзімді де, әнді де қинап не қыласындар. Әлгі нотасына қарап, басқа біреу орындап берер, деп қарт ақын көпке дейін көнбей, ақыры әрең келіскен еді. Біздің қазіргі естіп жүргеніміз ақынның сексенге тақалған кездегі үні.

Білгір мамандар әкемнің даусындағы ерекшелікпен қоса, оның кең тынысты диапазонына тәнті болушы еді. «Бұл кісінің көмейінде өзге әншілерде кездесе бермейтін кішкене «қуыс қалташық» бар. Ән салған кезде ауа сол арқылы бірден емес, біртіндеп шығып жатады. Мұның өзі ерекше қасиет» дейтін. Атақты әнші Қайрат Байбосынов бірде маған телефон соғып:

- Бәке, атамыздың «Бозторғайын» күніне он рет тыңдасам да қай жерінде үзіліс жасайтынын, қай жерінде тыныс алып үлгеретінін білмей-ақ қойдым. Тынысты ауыз арқылы, әлде мұрны арқылы алатыны белгісіз. Кенекемнің құпиясы осында болса керек? дегені бар. Оның бұл сөзі негізсіз де емес. Әйгілі «Бозторғай» әнінің қайырмасын үзбей, бір тыныспен айтып шығатындығы тек мамандарға емес, жай тыңдаушыға да сезіліп тұрады. Даусының биіктігі өз алдына, сонымен қоса әншінің үнінде адамды өзіне бірден тартып алатын алапат күш те бар.

Жалайыр елінде үлкен той болыпты. Соған Кенен де барады. Ақынның әнін тыңдаймыз деп келген жұртта есеп жоқ. Алты қанат ақ үйдің іші де, сырты да иін тірескен халық. Атақты «Тік шырқау» әнін шырқап жатқан едім, Үйдің кереге жіптері бырт-бырт үзіліп, шаңырағы қисайып ортаға түсе жаздады. Бір бірін басып кетердей қаумалаған жұрт мұны Кененнің даусына шыдамай кетті деп жатты. Бәлкім солай да болған шығар. Ақын осы жайды жиі еске алып отыратын. Онысын ақын өзінің «Қадірді алма, құдайым, қартайғанда!» дейтін өлеңінде былайша көрсетеді:

«Қадірді алма, құдайым, қартайғанда,
Кім әкеліп береді жантайғанда?
Жалайыр Сүндетбайдың жиынында,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды,
Алатауды жаңғыртып ән салғанда»

xxxx

Базар-Назар өлген соң әкем көпке дейін өзіне-өзі келе алмай, ешнәрсеге зауқы болмай жатып қалған деседі. Бұрынғыдай ел аралау, той-томалаққа бару деген сап тиылған. Қолына домбырасын алуды да ұмытқан сыңайлы. Жан серігі домбыра да қаңтарылған ат секілді керегеде ілулі тұр. Ол да

сыңарынан айрылған аққу іспеттес, қолға ала қалсаң өзгеше мұң төгеді, сыңсып жылайтын секілді. Үйдегі тірліктің де ұйқы-тұйқысы шығып, берекесі қашқандай. Ақынның өз сөзімен айтсақ: «Базар-Назардың төрде шашылып сақасы, шоқиып атасы, отбасында шошайып апасы қалғандай» күйкі тіршілік.

Ақынның осындай қапалы күйін көріп-біліп жүрген ағайындар бас қосып, ақыл-кеңес құрады. Ақылымен де, шешендігімен де елге қадірлі Сәрсөбай атамыз былай депті:

- Баланың зарын мен де басымнан көп өткерген адаммын. Ал Кененнің жөні бөлек. Оның қайғысы бәрімізге ортақ. Ол алдымен өнер қуған ақын. Ал ақындықтың жолы ауыр, жаны нәзік болады. Бүйте берсе құса болып, мүлдем ауруға шалдығуы да мүмкін. Көңілін көтеретіндей, іштегі шемен қайғыдан арылатындай жол табайық.

Ағайын-туыстары ақылдаса келе шешем екеуін жайлауға апарып тынықтыру керек деп шешеді. Қырғыздың Сусамыр дейтін жерінде екі елге ортақ Ыстық ата жайлауы бар. Сонда арнайы үй тігіп, бие байлап күтеді. Жайлаудың саф ауасы, тұп-тұнық мөлдір суы әсер етті ме әкем бірер күнде сергіп, бойына қайрат-күші қайта оралғандай күй кешкен екен.

Алатаудың айбатты тұлғасы қандай? Айнала зеңгір тау сілемдері. Көз ұшында қалықтаған қырандар көк аспанға қадап қойған түйме сияқты. Қойнауында мың бұралып бұлақтар ағады. Бір-біріне иек арта айнала қоршаған көкорай белдер көз сүріндіреді. Алты қанат ақ үйдің кереге киізін түргізіп қойып, жайлаудың көркем көрінісін қызықтап отырған ақын жақындап қалған ат дүбіріне елең ете қалды. Бір-екі салт аттылар болса оншалықты естілмес еді. Мыналар көп сияқты. Тұяқ дүмпуі анық естіліп тұр. Үйге тақалып қалған сияқты...

Қазақтың шоң ақыны келіпті, Сусамырда демалып жатыр екен, деген хабар әкемді бұрыннан білетін қырғыз достарына да жетеді. Осмонқұл, Атай, Мұса, Алымқұл бастаған бір топ қырғыз ақын-жыршылары «Кенекене сәлем беріп, қайғысына ортақтасып қайтайық» деп іздеп келген беті еді бұл.

Көңіл айтып келген адамдар үйді айнала қоршап тұрады. Ортасынан жыршысы шығып жоқтау жырын айтып болғанша аттарынан түспейді. Жырдың ырғағымен ат үстінде теңселіп отырып көңіл білдіреді. Сойысқа деген малды да кілең қара түстен әкеледі. Бұл қайғы-қапаның белгісі дегенді аңғартады. Осының бәрі қырғыздың ежелгі салтында бар. Бұлар да осы салт-дәстүрді сақтай келген екен:

«Ассалаумағалейкум!
Аманбысың, Кененім?
Көріскелі кеп едім.
Қайтыс бопты қайтейін?
Базар-Назар бөбегің,
Алатауды жаңғыртты,
Зарланып салған әуенің»

Осмонқұлдың даусын бірден таныды. Сол баяғы қалпында, қайта үні биіктеп, қуаттана түскен сияқты. Өзгелер секілді қомызын жөнсіз сабаламай, баппен айтатын еді. Өзіне ғана тән әуезді сарыны болатын. Сонысынан танбаған екен. Арқаланған кезінде өленді түйдек-түйдегімен ағытып ала жөнеледі. Бұл қырғыздың көп жыршыларына тән қасиет. Солардан Осмонқұлдың бір ерекшелігі үні ашық, тілі анық. Сөзіне қарай әуені мейлінше үйлесіп жатар еді.

«Жалқұйрығың жетілсін,
Өткенге кімдер өкінсін.
Ата-анадан жалғыз тақ,
Өзің де Кенен жетімсің.
Әйешің тағы ұл туып,
Мойныңа қайта секірсін»

...Қайран, Осекем-ай! Жаның жазық, адамға жақсылық жасаудан аянып көрмеген сабазым-ай! Рас айтасың. Өткенге өкінбес болар. Бірақ оны ұмытпау да керек. Ата-анадан жалғыз екенімді қалай дәл таптың. Бәлкім, менің әлі күнге дәм татып жүргенім өзің сияқты азаматтардың арқасы болар? Басыма қара бұлт үйрілген сонау жылдары ізімді қуған патшаның тыңшыларынан, қылышынан қан тамған жасауылдарынан жасырып, аман алып қалған Мәсімхан екеулерің емес пе едіңдер?

Жанарына келіп қалған жас тамшысын бет орамалымен сүртіп отырған ақынның көз алдына 1916 жылғы қанды оқиға тізіліп тұра қалғандай.

Ұзынағаш, Қарақастекте Бекболат бастаған сарбаздар, Қордайда Әли Нұрғожаев бастаған қырғыз-қазақтар атой салып ақ патшаға қарсы көтерілді. Санымыз көп болғанмен қолымызда қару аз болатын деп ақын еске алушы еді. Азын аулақ пілте мылтық болмаса, көбісінің қолында қылыш, шоқпар ғана. Мұздай қаруланған патша әскері бізді Ұзынағаштың аузында күтіп алды. Зеңбіректері зіркілдеп ажал пашады. Атойлап неше дүркін шабуылға шыққанымызбен күш тең емес. Ысқырып келіп жарылған зеңбірек оқтары әп-сәтте жасақтардың ұйпа-тұйпасын шығарды. Аттар үркіп, соғысудың айла-тәсілін білмейтін қара халық баудай түсіп қырылып жатыр. Бірнеше күнге созылған теке тірес ақыры жеңіліспен аяқталған еді.

Әли бастаған бір топ сарбаз Мойынқұмға сіңіп ізін жасырды. Осының бәрін көзбен көріп, қанды оқиғаның куәсі болған Кенен ақын да бірнеше серіктерімен Алатау асып, қырғыздағы достарын паналаған. Ақын ол кезде бар болғаны отыз екі жаста. Кейіннен Бекболат бастаған халық көтерілісін Жамбыл жырына қосты. Әлидің ерен ерлігін, қарапайым халықтың азаттық жолындағы өр мінезін Кенен жырлап, дастанға айналдырып еді.

Осындай кезде қол ұшын беріп, достық пейілін аямаған сендердің алдарыңда қарызым көп, Осеке! Енді міне жаным жаралы, көңілімді шер басып, қапада жүргенімде тағы да қасымнан табылып жатырсыңдар! Талай бірге жүріп, өлең-жырдың көсегесін көгертіп едік-ау! Оған мына асқар Алатау куә! Айта түс! Ақынның жан дүниесі осыны қалайды, осылай деп ширыға түсетін сыңайлы.

«Қырықтан асқан жасың бар,
 Көкала сақал, шашың бар.
 Қамықпағың, Кенекем!
 Түскен тұман жарқ етіп,
 Шыққан күндей ашылар.
 Әйешің тағы ұл туып,
 Асығы қайта шашылар»

...Айтқаның келсін, Осеке! Бір тумасақ та бірге жүрген ақын едің. Қазаққа жиендігің бір бөлек (Осмонқұл Бөлебалаевтың әкесі қырғыз, шешесі қазақтың қызы). Атай, Мұса, Қалық сияқты қырғыздың дүлдүлдерімен үзеңгі соғыстырып қатар жүрген кездерімді қалай ұмытармын. Қордайдан қанат қағып ұшқан жас қыран мен болсам, Алатауды айнала әуелей ұшқан балапан бүркіт сендер едіңдер. Өнердің өр биігінде бірі-бірімізді тауып, қанат түйістіре қатар самғаған кездеріміз кеше ғана еді-ау!

Екі өркеші түйенің, екі емшегі биенің, қырғыз-қазақ бір туған, бір тумаса кім туған? Өнерде жаттық жоқ. Ол ешкімді алаламайды. Баурына тартып, құшақ жая қарсы алады. Өнер үшін тұяқ түйістіріп, додаға түскен жүйріктің бәрі бірдей. Үзіліп алға шыққаны болса сүйінеді, қалып қойғаны болса қолтығынан демеп ортаға тартады. Ақындықтың адал жолына түскендер үшін қайғы да, қуаныш та ортақ. Сендердің бүгінгі келістерің соның айғағы.

Осмонқұлдың жоқтау термесін тыңдап отырған ақын осылай тербеніп, осылай ой толғайтын сияқты. Қомыздың қан ұйытар азалы үні бәсеңсіген жоқ, қайта күшейе түскендей. Жыршы сөзінің аяғын «Ата қоқи, балдар-ай! Емі қайдан-оу, көрейін?» деп қайырады. Ат үстінде теңселіп отырған серіктері болса ақынның осы сөзін қағып алып қайталай айтады.

«Дүние бізден өтед деп,
 Қара тайды жетектеп,
 Қазақ-қырғыз сойысын,
 Беріп келсек нетед деп.
 Қара кепе өңгеріп,
 Жеті мес қымыз теңгеріп,
 Алдыңа келіп біз тұрмыз,
 Балаңды жоқтап, еңіреніп!»

Осмонқұл осылай деп жыр төгеді. Төскейде малы, төсекте жаны бірге, аралас-құралас жатқан екі елдің о баста еншісі бөлінбеген ғой. Арғы-бергі заманда да аражігі ажырамай «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» ғұмыр кешкен. Түркі тілдес халықтардың ішінде қазаққа бірегей жақыны да осы қырғыз елі. Айналайын, Осекем, мұны берік ұстанған ақын. Онысын талай жерде дәлелдеп, талайды тамсандырған болатын. Қара тайын жетектеп, қара кепесін өңгеріп жеткен ақынның бар болмысы бұл. Оның әрбір сөзінде үлкен мағына жатыр.

...Сонау бозбала кезімнен қырғыздың талай жерін аралап, дәмін татқанмын. Шудың бойын өрлеп, Ыстық көлді жағалап, бас айналдырар Долон биігінен асып, Үлкен-Кемін, Кіші-Кемінді басып өтіп, сайран салғанымыз кеше ғана. Ақ-Түс, Көк-Ойрақ, Бойжетпес, Мыңқұс таулары менің талай-талай ән шырқаған жерлерім. Қырғыздың қымызын сіміріп, бозасына бөккен кездеріміз естен шығар ма?

«Елден елдің кемі жоқ, ата салтын сақтасаң. Ерден ердің кемі жоқ, ақ пейілін ақтасаң» дейтін сөз бар. Қырғыздың ақын - жыршыларымен дәм-тұзымның жарасқаны содан да болар деп ойлаймын.

Көкірегін қайғы жайлаған ақкөңіл ақын жүрегі осылай деп толғанады. Өркенің өссін, Осекем! Жырыңды ағыта түс. Шемен болып қатып қалған көңіл жарасын жыр ғана жаза алады. Одан өзге ем жоқ. Сөз құдыреті деген осы!

Жоқтау жыр басталғалы біраз уақыт өтті. «Бір ақын өлсе талай қырылды өлең» дейтіндей бар-ау! Дүр ақындар Қабан, Сүйінбай, Құлмамбет, қырғыздың төкпелері Тоғолақ, Қалмырза дүние салғанда да осылай болған. Сондағы танды-таңға жалғастырып жоқтау айтқан ақындардың өлең-жырларын кім есептеп жатты дейсіз. Маржандай тізіліп, кемерінен асқан небір көркем сөздер ақындардың аузынан шыққан бойда құмға сіңген бұлақтай ғайып болар еді. Оның кейбір үзінділерін болмаса, түгелдей жадында ұстап қалу да оңай емес. Уақыт өте келе әлгі айтқандарын ақынның өзі де есінен шығарып алатын. Бұл енді жазуы-сызуы жоқ барлық ақынға тән нәрсе. Сол есіне түсті ме? Осмонқұлдың айтқандарын есіне сақтап қалғысы келгендей ұмсына тыңдар отыр. Жыршы болса еті енді қызған жүйріктей екілене түседі. Тіпті бұрынғы ақындардың салтымен алыстан орап, көнеден сөз тартады:

«Қамықпағың, Кенекем!
Ұраның сенің Кебекең.
Ноғайбайды алмаппа ед?
Жалмайтын бәрін жер екен.
Дүниеге әркім келіпті,
Тәңірдің өзі көріпті.
Дәуіт деген пайғамбар,
Аллаға қолын жайғандар.

Сынамаққа тәңірім,
Жәбірейілді жіберіп.
Бір жыл сынап көріпті.
Жас шықпапты қос көзден,
Таймаған соң бір сөзден.
Отыз ұлға татитын,
Жалғыз ұлды беріпті.
Судың да тілін біліпті,

Бір намаздың үстінде,
Отыз ұлы өліпті.
«Берген де, құдай, өзің» деп,
«Алған да, құдай, өзің» деп,
Олар да сабыр қылыпты.

Құстың да тілін біліпті.
Шайтан менен періге,
Тамашалап мініпті,
Қамықпағың, Кенекем!
Осындай істер болыпты.»

Бүкіл өмірімді жырмен өрнектеп, сурет салып бергендей болдың-ау, Осмонқұл. Менің қапалы жүрегімді сенен артық түсінетін, дәл өзіндей дөп басып айтатын ешкім болмас сірә! Төрт аяғы тең түскен, телегей теңіз жырыңды жаныма қуат, көңілге медет етермін. Бұл жолғы шабытың тас балқытардай ерекше екен!

Ақынның көзі қайда барса да белінен тастамайтын керегеде ілулі тұрған кемер белдікке түсті. Көмейіне ащы запыран келгендей, көңілі толқып кетті. Құлағына алыстан талып бір үн келгендей. Иә, бозторғайдай шырылдаған бозбала үні. «Кебекбай, Ноғайбай» деп әруақ шақырған кіршіксіз, түп-тұнық үн. Ажал жетпесе солардың бәрі қайда? Османқұл әлгінде осы бір жайды есіне түсіріп еді. Япырай, жастық кезең де көзден бұлбұл ұшқан екен-ау!

Пайғамбардың сабырын берсін, түбінде жақсылық болмай қоймайды деген саликалы сөзінді жүрегіммен қабыл алып отырмын. Құдай жолына қалтқысыз сеніп, адалдық, шыдам көрсеткені үшін Дәуіт пайғамбарға отыз ұлдың өтеуі деп берген жалғыз ұлдың аты Сүлеймен (Соломон патша).

Мен де атадан жалқы туған жан едім. Сүлеймендей дара тумасам да өнеріммен өршелене жол салған, өзіндік соқпағым бар залалсыз бір жанмын. Оны жақсы білесің. Артында тізгін ұстар жалғасының болғанын кім қаламайды дейсің, Осеке? Мен де өзімді сабырға шақырайын, сен де жоқтауыңды қой енді. Ақын қиялы осылай деп шарықтайды...

Ақын осылайша ой түйіп, иығына шапанын жамылып далаға шықты. Жоқтаушылар аттарынан түсіп, ақынды ортаға алып көрісіп жатыр. Алдымен жеткен Осмонқұлды ақын құшағынан шығармай ұзақ тұрды. Қос тұлпардың тұяқ түйістіріп, қос байтерек бас иіскендей көрініс еді бұл. Қырғыздың ақын-жыршылары қасымда екі-үш күн болып, қимастықпен тарасып еді. Солардың қомызынан төгілген небір күйлері, төкпе жырлары әлі күнге құлағымда тұр дейтін әкем сол бір күндерін еске алғанда.

Екі ақынның өмір жолы бұдан кейін де талай тоғысарын, қуаныш-қайғыны бірге бөлісерін кім болжап білген? Базар-Назардың қайғысына ортақ болып, қалтқысыз пейіл білдірген Осмонқұлға кейін өзім жоқтау айтармын деп әкем әсте ойламаған шығар?

Қазақ әдебиеті газетінің 1986 жылғы 4-шілдедегі нөмірінде «Алатау Ата» деген мақала шықты. Мақаланың авторы Белек Осмонқұлов. Атақты шайырдың бел баласы. Осы мақаласында Кенен ақынды әр жылдары үш рет көргендігін баяндайды.

...1959 жылғы наурыз айы еді. Демалыс күні болатын. Таңертең есіктің алдында тұрсам, басында қара мәуітімен тысталған қара тақия, үстінде жұқа қарала сәтеннен тігілген шекпен, қара костюм киген, ұзын бойлы, жазық маңдай, ер мұрынды, сақал-мұрты аппақ-құдай кісі:

- Осмонқұлдың үйі осы ма? деді. Мен бұл кісінің Кенен ақын екенін айтпай-ақ таныдым. Өйткені атам Кенен жырау туралы көп айтушы еді...Бұл жолы ақын өзінің 75 жылдық мерей тойына Осмонқұлды арнайы шақырып келген екен...Бір кезде Кенекең шофер балаға машинадағы домбырасын алдырып біраз өлең айтты. Өзінің алты жылдай төсек тартып жатқанын, Осмонқұлдың бір іздеп келмегенін өлеңмен жеткізіп еді.

«Осмонкүл, бір келмедің жайымды естіп,
Тойыңа шақырмадың келіп кет деп.
Қатарлас, қадір білген құрдас едік,
Бұл қалай, соңғы жылы кеттік шеттеп?

Аман ба күй атасы Қарамолда?
Адамды елжіреткен дара жорға.
Мәскеуге неше барып күй шертіп ек,
Сол күндер жатсам-тұрсам жүреді ойда.

Қайран Атай, дүниеден өткен екен,
Жалп етіп жарық сәуле өшкен екен.
Атақты тау бұлбұлы Мұсаны да,
Сұм ажал ерте алып кеткен екен.

Әншінің әншісі еді қайран Қалық
Оны да кетіпті ғой ажал алып.
Өлмейтұғын жоқ екен бұл жалғанда,
Жайғасамыз, артынан біз де барып.

...1960 жылдың маусым айында қырғыз елі ұлы ақын Тоғолоқ Молданың туғанына 100 жыл толуына байланысты юбилейін өткізуге дайындалып жатқан кез еді. Қазақстаннан Мұхтар Әуезов бастаған делегация келді. Олардың ішінде Кенен ата да бар екен, деп жазады мақала иесі. Осы жолы да Кенекең біздің үйде болып, ұзақ-ұзақ жыр айтты. Ертесі күні бір топ ақын-жыраулар той болатын ауылға сапарға шықты.

Үшінші рет Кенен атаны 1967 жылы тамыз айының 12-де көрдім. Атам қатты ауырып төсек тартып жатқан. Атамның сырқат екенін естіп арнайы келіпті.

- Бауырым, Осмонкүл, қалің қалай? деді. Атам жаймен бір қарады да үндеген жоқ. Өйткені, бір айдан бері сөзге келмей қалған еді. Қырағы адам атамның ауыр халін түсініп, бетінен сүйіп, алқымына өксік тығылып, көзіне жас алып көпке дейін орнынан қозғалмай тұрды.

- Қарағым, қаламсабыңды берші, бір-екі ауыз жыр жазайын, ескерткіш болсын, деді.

«Баурым сені сырқат деп,
Арнайы келдім көргелі.
Танымай кісі қалыпты,
Қырғыздың мықты шайыры.
Сәлем бердім иіліп,
Сәлемге көңіл бөлмеді.
Сөйлеуге тілі келмеді.
Жағдайын көріп мұңайып,
Көзімнен жасым көлдеді.

Ақ таңдай ерді сылқитқан,
 Ауыз аштырмай тұлтитқан.
 Тағдырдың,

Күшті ғой деймін шеңгелі?» деп жазды да, енді мен қайтайын, жазатайым көз жұма қалса, маған хабар беріңдер, деді де атама қош айтысып жүріп кетті.

Бұл енді жүрегінің түбінде мәңгі сақталып қалған ақпа ақын Осмонқұлға деген Кенен ақынның риясыз көңілі, соңғы қоштасу сөзі болатын.

Осы күні біздің айтып жүргеніміз сол жырдың шағын үзіндісі ғана. Оны да әкем бертін келе есінде қалғандарын жазып қалдырған екен.

Анау бір жылы Жамбыл қаласына барғанымда Есенбек Сәтпаев деген жігіт үйіне қонаққа шақырды. Домбыра тартып, ән салатын өнерлі жігіт екен. Соның үйінде отырып, әкемнен естіген Османқұлдың осы жоқтау жырын айтып бердім. Ол: «Ағатай-ау, мынауыңыз ешкім естімеген дүние екен! Менен басқа ешкімге айтпаңызшы» дейді қалжың- шынын араластыра. Сол жолы таспаға жазып алып қалған еді. Кейін Алматыда тұңғыш ұйымдастырылған термешілердің республикалық конкурсында Есен осы терме-жырды бірінші рет орындап шықты. Естіген жұрт ду қол шапалақтап, ұзақ уақыт жібермей қойып еді.

Қазір Тараз қаласында бұларды «Сәтпаевтар триосы» деп атайды. Баяғыда мен көрген кіп-кішкентай қара домалақ балалары зіңгіттей жігіт болыпты. Екеуі де өнер жолын қуып, әкеге серік болыпты. Бұлардың репертуарында әкемнің бірнеше әндері бар екен. Соның ішіндегі ең мазмұндысы, әрине, Османқұлдың жоқтау-термесі. «Елдің қай түкпіріне барсақ та осы термені алдымен орындаймын. Жұрт тырп етпей отырып тыңдайды. Көздеріне жас алатындар да көп. Артынан рақметін айтып, риза болып жатады» дейді Есенбек. Аталарыңның атын өшірмей, ән-жырын уағыздап жүрген қадамдарыңа нұр бітсін! Ата рухы қолдап, атақ- абыройға кенеле бергің, інім!

xxxx

...Жыршы, жырау, ақындарға да, әнші, күйшілерге де қазақ ежелден кенде ел емес. Әр салада алдына жан салмас жүйріктері болған. Сонымен бірге осы өнердің сан алуан түрлерін бір бойына сақтаған әмбебап салдары мен серілері де өтіпті. Бұлар сирек кездесетін, қайталанбас дарындар еді... Сол салдық, серілік дәстүрді бізге жеткізушілердің әзірге тарихта белгілісі Сегіз сері, оны ұстаз тұтқан Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақтар. Бұлардың өкшелерін баса шыққан Үкілі Ыбырай, Шашубай, Кенендер.

...Әйтсе де Кененнің табиғаты өз замандастарынан көбіне өзгеше тұрады. Олай дейтініміз ол берісі Жетісу, әрісі исі қазаққа тән ән мен жырдың жақсы үрдістерін бір бойына жинаған сегіз қырлы, бір сырлы сұңғыла өнер иесі. Оның тұла бойындағы тұтанған өнерге ой жіберіп көрсек жүрегінің бар толқынысын әуен арқылы жеткізе білетін композитор, оны қос шекті домбырамен өзі сүйемелдеп, жанынды жібекпен сипағандай қоңыр дауысты

әнші екенін танимыз. Ол тек осы қасиеттерімен-ақ халықтың аңсай күтер сүйіктісіне айнала алар еді.

Бірақ сал, сері болу үшін бұл әлі жеткіліксіз. Әлгі шығарған ән сазына өлең сөзін де өзі шығаратын жырау ақын болуы тиіс. Ендеше өз өмірінің әр алуан құбылыстары жырлары арқылы да танылмақ. Олары бірде өлең, бірде толғау, терме, тіпті лирикалық, эпикалық сипаттағы дастандар болуы да ғажап емес. Кезі келсе ақындық айтыс өнеріне де сыбана кірісіп кетуден тайсалмайды. Бұл ғана емес, жастай жыр жаттап танды таңға қосатын жыршы да бола алады. Осы сан-салалы өнердің барлығы да бір Кененнің өн бойынан табылады. Өз замандастарынан оны даралап тұратын да осы қасиеттер...

Филология ғылымының докторы Мырзабек Дүйсенов 1984 жылғы 22 маусымда «Қазақ әдебиеті» газетінде шыққан «Әсем әуен, сұлу жыр» деген мақаласында осылай деп ой түйіпті. Тым көлемділеу болса да осы үзіндісін толық келтіріп отырмыз. Өйткені ақынның өзге ерекшеліктерімен қоса оның сал-серілік дәстүрден де алшақ кетпейтінін ғалым дөп басып айтқан екен. «Кененнің ән салу мәнері Әсетке, үні Балуан Шолаққа ұқсайды» дегенді Жамбыл да айтқан.

Ақынның өзі: «Мен жырды желдірмелетіп төгіп айтуды Жәкеңнен, домбыраны байыппен тартып ән салуды Балуаннан үйрендім» деп отыратын. Расында әкемнің талай ән салғанын көріп жүріп домбыраны қатты сабалап ойнағанын байқаған емеспін. Жайлап шертіп отырып-ақ әннің небір иірімдерін асқан шеберлікпен келтіретін еді. Одан әншің өзі де, ән де кемдік көріп жатпайды.

...Менің ақын ғана емес, атақты әнші болып қалыптасуыма Балуан Шолақтың ықпалы зор болды. Атақты әнші әрі сері Балуан Шолақтың Жетісу өңіріне келіп, ел аралап өнер көрсеткенін жұрт жақсы біледі. Мерке, Шу бойын аралап Қордайдағы Ноғайбай, Еркебай ауылында қонақ болады. Сондай бір үлкен жиында шаршы топ алдына шыққан Балуан былай депті:

- Ән көп. Бірақ нағыз орындаушысын тапқан ән ғана бақытты. Сіздің елде де өнер қуған жас буын Кенен деген әнші бар деп естідім. Мүмкін болса сол баланы алдыртсаңыздар екен. Жақсыны көрмекке деген!

Ел ағалары адам жіберіп сонау Мәтібұлақта қой соңында жүрген мені алдыртады. Үстімдегі жұпыны киіміме бір қарап, сұңғақ бойыма көз сала отырып атақты сері біраз үнсіз қалды. Менің ыңғайсызданып отырғанымды сезді білем:

- Кедейлігіңе қымсынба, інім. Сүйегіңе біткен өнерің болса мұның бәрі әлі-ақ адыра қалады. Қысылмай отырып әндеріңді сала бер, деді.

Ағаның сөзі қамшы болғандай, даусымды биіктеу алып шырқай жөнелдім. Әндерімнің ішінде «Бозторғай» қатты ұнаған болу керек. Әннің қайырмасына келгенде ақырын ыңылдап өзі де қосыла айтты. Алғаш шығарған үш-төрт әнімді салып бердім. Разы болған болу керек, арқамнан қағып, көпшілікке қарата сөйледі:

- Мұндай шырқау үнді әркімге бере бермейді, інім. Соны қастерлей біл. Әндерің тәп-тәуір екен. Бірақ оны айту үшін де көп тәжірибе керек. Сері аға осылай деп «айтатын тағы нең бар?» дегендей бетіме қарады. Ет қызуым

басылмай отырған мен үшін жылы пейіл, қамқорлық танытқан Балуанның осы сөзінің өзі-ақ көңілімді бір желпіп тастағандай болды. Көмейге келіп қалған өлеңімді айта жөнелдім. Мұным алғыстан гөрі тілек-арманға көбірек ұқсайтын еді.

«Мен келдім сәлем беріп, батыр аға,
Атағың кең жайылған Сарыарқаға.
Бала едім жаңа талап ақын-әнші,
Өзіңнен сұрайын деп ақыл, аға.

Даңқыңа, ардақты аға, құмар едім,
Нашарға саяң түскен шынар едің.
Қасыңда тоғыз жігіт жолдасың бар,
Жақтырсаң мен де бірге шығар едім»

Менің осы тілегім өзгелердің де көкейінде тұрған болу керек, бәрі «жөн-жөн» десіп шуласып қалды. Балуан Шолақ сәл ғана жымыып, менің бұл сөзімді қабыл алғандай басын изеді. Осы жолы әнші ағаның қасында бір айға жуық бірге жүріп үлкен мектептен өттім. Осы жолы Балуан он екі әнін маған үйретіп, аманат етіп тапсырды. Ол кезде мен бар болғаны он алты жаста едім.

xxxx

...Алақанымыз сарт етіп амандасқанымыз сол екен, көптен жолықпай жүрген досым қолтығымнан алып жүре сөйлеп келеді. «Жетісу» қонақ үйіне барайық. Ауылдан ағайындас ағам келіпті. Керемет сауықшыл, көңілді адам. Әңгіменің де, әннің де түбін түсіреді. Өкінбейсің. Серілігі де, перілігі де жетіп жатыр. Қолы ашық жігіт. Жомарттығы өз алдына деп бастырмалата жөнелді. Аса құлқым болмаса да, көңіл түкпірінде мақтауын келістірген әлгі жігітті көрсем деген ойдың қылаң беріп қалғаны рас. Әсіресе өзі сері, ән салады дегені құлағымды елең еткізді.

Қонақ үйдің үлкен бір бөлмесіне жайғасқан бетінде сәл бұжыры бар, қарны шертиген орта бойлы жігіт екеумізді кезек-кезек құшақтап қарсы алды. Танысып біраз отырған соң әлдебіреулерге телефон соғып еді, әп-сәтте дастарқан мәзірі де жетті. Мұндайда құрақ ұшатын буфетші қыздармен әбден шығысып алғаны көрініп тұр.

Бәріміз бұжыр қараның аузына қараймыз. Қыңыр сөз, анегдот дегеннің небір түрлерін біледі екен. Сөзінде тоқтау жоқ, бірінен соң бірін қиыстыра айтады. Қасындағы шықылықтаған бикештер соған мээ, есінен тана күледі. Әлсін-әлсін бізге коньяктан құйып қойып: «Әкеден қалған дүние жоқ. Барында шайқап қалайық, жігіттер!» дейді. Сөзінің «салты» болса керек. Онысына өзі мээ болғандай дарақылана күліп алады.

Тек ішіп-жеуге келгендей күй кештік. «Қап, мынадай көкезуге қайдан тап болып едім? Мұның әні қайда, көңілге қонар әңгімесі қайда? деймін іштей. Менің осы ойымды ушықтыра түскендей «сері жігіт» оқыс қимыл жасады. Қалтасынан бір бума ақшасын шығарып, алдымызға шашып жіберді.

- Әкеден қалған... Мұндай қызықты біз тұрмақ ауызы алты қарыс аталарымыз да көрмеген шығар? Өмірді босқа өткізгенше сайран салып, серілікпен өткізейік, дейді. Досыма бір, әпербақан жігітке бір қарап үнсіз отырып қалдым. Сол-ақ екен жерлесінің бөсіп сөйлегеніне намыстанған болу керек мені қояр да қоймай ертіп келген досым кенеттен ашуланып, қызарандап шыға келгені.

- Серіліктен садаға кет! Сенің мына жын-ойнағыңды серілік дейміз бе? деп бұлқан-талқан болды. Шеке тамырлары білеуленіп, екеуі талай жерге барысып қалды. Бір-біріне ауыр-ауыр сөз айтып, жағадан тартысып жатыр. Әлгі желөкпе қыздардың қай уақытта зып бергенін аңғармай да қалдым. Аяқасты ашу шақырған жолдасымды сүйрегендей етіп бөлмеден әрең алып шықтым. Содан бері талай жылдар өтсе де, ондай «серісымақтардың» талайын көрсем де осы бір оқиға есімнен шықпайды.

Сал-серілік дегенді арзан ойын-күлкі, оңды-солды ақша шашып, жорықсыз көңіл көтеру деп ұғатындарды көргенде әкемнен естіген мына бір әңгіме еске түседі. Бозбала кезімде той-томалақ қуып, кей күндері үйге түнемей қалып жүргенімді әкем байқап жүреді екен. Бір күні сондай бір «көңіл көтеруден» кеш оралғанымды көрген әкем шақырып алып, қасына отырғызды. Тосын әңгіме немесе ойын мазалаған әлде бір жайды айтардағы әдеті еді бұл. Әке балаға сыншы. Біздің бүкіл жүріс-тұрысымызды байқап, қадағалап жүретінін ол кезде пайымдап жатпайтынымыз онсыз да белгілі.

...Бой түзеп, жігіт болып қалғаныңды байқап жүрмін, балам. Оның қуанамыз. Бірақ жөні осы екен деп тым сауықшыл, әсершіл болғаныңды қаламаймын. Жігіттің абыройын арттыратын да, төктіретін де бір нәрсе. Бойыңды жамандықтан аулақ ұста. Жас кезде адам көп опық жейді, көбіне білмей қателеседі. Жас кезде бәрі жарасымды, алайда жаңсақтықтан аулақ бол, қарағым, деп сөзін бастады.

Жігіттік шақ, серілік жасау, сауық-сайран құру туралы сондағы айтқан әкемнің әңгімесі балауса көңілімді өзгеше бір әлемге елітіп әкеткендей болып еді. Сауық құрудың да өзіндік тәртібі, жөн-жоралғысы болатынын әкемнің әңгімесінен естіп білдім. Бұл менің бұрынғы заманда өткен сал-серілер жайлы, олардың салт-дәстүрлері жайлы алғаш естуім еді.

«Жігіттің серкесі», «Жігіттің сұлтаны», «Жұрт мақтаған жігітті, қыз жақтаған». Айта берсең өнерлі, өнегелі жігіттерге арнап айтылған мақтау сөз де көп, қошемет те жетерлік. Өзгелерге үлгі-өсиет боларлық ерекшелігімен көзге түскен ұлдарын халқымыз осылай дәріптейді, ардақ тұтады. Ал бұған қоса жаны сұлу, көңілі зерек, табиғат бойына ақындық, әншілік дарытқан өнерлі ұлдарын сал-сері деп атаған, әспеттеген, алақанына салып еркелеткен.

Сал-серілік өнерді қазақ халқының басынан өткерген қайталанбас ерекше бір дәуір десек те болады. Мұның өзі сонау сақ, ғұн заманында туып, қалыптасқан өнер. Әр заманның тезінен өтіп бізге жеткен сал-серілік өнердің бар болмысы, табиғаты өзгергенмен, салт-дәстүрлері, кейбір нышандары сақталып қалды. Оның кейбір үлгілерін кешегі өткен Ақан сері де, Біржан сал да, Балуан Шолақ та ұстанған. Оны асқақ өнер сайысы, нағыз тектіліктің, жомарттық пен мәрттіктің бәсекесі дейтіні сондықтан.

Бала кезімде атақты Дәурен сал туралы, оның салдық құрғандағы салтанат шеруі туралы ауыл қарттары жыр ғып айтып отыратын. Мен мұны әкем Әзірбайдан естігенмін. Сен де біле жүр...

Дәурен сал қолы да, жолы да ашық, көрер көзге келбетті, жасынан-ақ ел аузына ілінген жігіт екен. Мыңғырған малы болмаса да, дастарқаны мол, жомарттығымен, ақындық-әншілігімен атағы шығып, ел құрметіне ие болған деседі. Ат жарыс, көкпар, сайыста алдына жан салмайтын жігіт болыпты. Аңшылық, саяткерлік, құсбегі өнері өз алдына, сонымен қоса ел намысын бермейтін палуандығы тағы бар. Ержүрек, батыр адам болған дейді. Атақ - дабысы Мерке, Аспара асып бүкіл қырғыз-қазаққа кең жайылады.

Бір жолы Дәурен салды сынап көрмекке алты сері арнайы іздеп келген дейді. Қайтсе де атақты салдан асып түсуді ойластырған алты сері барлық сән-салтанатын жасай келіпті. Аттарының алдыңғы аяқтарына күмістен білезік салып, қамшыларының сабынан бастап бүкіл ер-тоқым әбзелдеріне дейін түгелдей күміспен қапталған. Бастарында жанаттан тысталған үкілі бөрік. Киген киімдері де бұл өңірге таңсық, кілең қымбат матадан ерекше сәнмен тігіліпті. Жастары да біршамалас. Астындағы аттары бірыңғай жирен түсті қазмойын арғымақтар. Алты сері өздерінің қай елден, қай атадан екенін айтпайды, бүгіп қалады. Бұлардың сыр тартып, сынап келгенін сезген Дәурен сал өзінің байырғы серіктерін шақырып алып ақылдасады.

- Ер намысы - ел намысы деген. Салдықты қойып салғырттау тартқан кезімде келіп отыр. Тартынып қалсақ елге сын. Сал-серілерге тән барлық сән-салтанатымызды көрсетіп, күтіп алайық. Әрқайсың бүкіл жиһазымен бір-бірден ақ үй әкеліп тігіндер. Құмай тазы, қыран - бүркіт, сәйгүлік - жүйріктеріңді баптап әкеліңдер, деп тілек білдіреді.

Алты серіге ту бие сойып, көл-көсір дастарқан жасап, бірнеше күн бойы сый-сыяпат көрсетіпті. Ат құлағында ойнаған әккі жігіттер алуан түрлі өнерімен жиналған жұртты тәнті етіпті. Күні бойы көкпар тартысын, аударыспақ, сайыс өнерін тамшалаған қонақтар, таң атқанша Дәурен сал мен оның әріптестерінің өлең-жырларын тыңдап риза болысады. Әсіресе алты серіні таң-тамаша қалдырған нәрсе ауылдың кәрі-жасына дейін тік тұрып бір кісідей жұмыла ілтипат көрсетуі еді. Елдің ынтымағы, береке, бірлігі дегенді көзбен көрген серілер:

- Дәурен сал өзің де, жұртыңа да разымыз. Осы көргенімізді, құлақпен естігендерімізді өсиет етіп айта жүрерміз. Бізге енді рұқсат бер, деп жол жүруге ниет білдіреді. Сонда Дәурен сал:

Жігіт бол, сегіз қырлы қырық бұраудай,

Жігіт бол, сыр мінезді май сылаудай.

Желдетпей, борандатпай, дауылдатпай,

Өте шық бұл жалғаннан боз қыраудай, деген аталы

сөз бар. Еліміздің салты, сал-серілердің жоралғысы ретінде алтауыңа күміс ер-тұрманымен алты сәйгүлік байлаттым. Ер басына алтынмен апталған сегіз өрім қамшы ілгіздім. Мойындарына жез қоңырау, құлақтарына жібектен шашақ ілдіріп, кекіліне үкіден белгі тақтырдым. Бұл кешегі сал, бүгінде шал болған ағаларыңның сыйы. Бұған қоса алтауыңа арнайы тіктірген алты жібек

шапан, алты құндыз бөрік, алты жақұт сақина бар. Мұны осы үйдегі жеңгелеріңнің ақ пейілі деп ұққайсыңдар. Алты серіні көзімен бір шолып өтіп Дәурен сал сөзін жалғастырды:

- Қай атадан екендіктеріңді айтпасандар да көңілмен аңғарып отырмын. Алыс атыраптан іздеп келген текті жігіт екенсіңдер. Оны жүріс-тұрыстарың, көрсеткен өнерлерің-ақ айшықтап тұр. Жанаркүл деген қызым бар. Қаласандар соны біреуіңе ұзатамын. Ат шаптырым жердегі ел-ағайынды жинап той жасаймын, деді. Мұндайды күтпеген сері жігіттер:

- Құдай разы, біз разымыз, сал аға! Сый-сыяпатыңызды қабылдайық, балаңызбен төс қағыстырып дос болайық. Ал жалғыз қызыңызды мәрттік салтыңызға қалдырдық. Біз де біріміз алшын, біріміз арғын, енді біріміз ноғайдан шығып, талай елдің дәмін татып, талайды тамсандырған сал жігіттер едік. Біздің сал-серілік салтанатымыз сізбен салыстырғанда түк те емес екен. Сізден үлгі алып, үйренейік, бізбен бірге жүріңіз. Алатау, Алтай елін аралап, өнеріңізді көрсетіңіз, деп қолқа салды.

- Айтылған серт, алысқан қол бар, жігіттер. Серіліктен жеңілген жерім жоқ, сері қыздан сүрініп, «ақ бата, қара бата» дегізіп, салдықпен қош айтысқан едім. Ендігім әбестік болар? деп Дәурен сал ағынан жарылды. Алты сері «ол қалай болып еді, аға? Біле жүрейік, айта жүрейік» деп ынтыға түседі.

Дәурен сал алыста қалған сол бір қызғын шақты есіне түсіргендей біраз үнсіз отырып әңгімесін бастап еді:

...Мен салдықты он сегіз жасымда бастап, отыздан асқан кезімде тоқтаттым. Ол былай болған еді. Ел жайлауға көшіп жатқан кез. Аспара, Мерке, Сусамыр жайлауына жұрт жарыса келіп, үйлерін тігіп қоныстанып жатыр. Жайлау төрінде әр ауылдың өз құдығы, өз өрісі болады. Бір күні Дәуқара деген палуан досым шауып келді. Болған жайды естіп таң-тамаша қалдым.

- Апырау, менің жұртыма рұқсатсыз келіп қоныс тебетіндей бұл өңірде ешкім жоқ еді ғой! Қыр көрсеткендей бұлар кім болды екен? Неде болса барып көрейін, бәлкім жер білмейтін, жөн білмейтін әлдебіреулер шығар?

Жақындай келе байқағаным бұл ауылдың сыртқы кейпі ерекше, өзге ауылға мүлдем ұқсамайды екен. Ауыл маңы кілең ақ түсті түйелер, сауын биелеріне дейін бірыңғай шаңқан боздан. Сойысқа әкелген болу керек кілең қара түсті қойлар жайбарақат жайылып жүр. Тігіп жатқандары көзіміз үйренген қазақ үйлерге ұқсамайды, үлкенді-кішілі әртүсті шатырлар. Шебер әшекейленген күміс бұйымдар күнге шағылысып жарқ-жұрқ етеді.

Еңселі көк шатырға тақала бергенімізде екі жігіт жүгіріп шығып, аттан түсіріп алды. Үкілі бөрік киген тағы екі бойжеткен шығып, әдеппен сәлем берді. Бастарын иіп шатырға кіріңіздер дегендей ишарат білдірді. Мұндай үйді алғаш көруім. Шатырдың іші жұмақ сарайындай тап-таза екен. Еденге небір нақышпен өрнектелген кілемдер төселіпті. Біз бұрын көрмеген сәнді жиһаздар, күміспен көмкерілген бұйымдар көздің жауын алады. Шатырдың нақ төрінде қырғыздың қомызы ілулі тұр. Дастарқан үсті сан-алуан жеміске, неше түрлі тағамға толы. Әлгі қыздар алтын ожаумен сырлы тегеннен қымыз құйып бізге ұсынды. Тіл үйірет бал қымыз. Дәуқара досыма көз қырын салып

едім. Байғұстың тілі күрмеліп қалғандай, әрнәрсеге бір қарап басын шайқайды.

Екі бойжеткен тарам-тарам етіп өрілген шаштарына шолпы, бұрма тағыпты. Шолпы таққаны осы ауылдың келіні дегенді аңғартса, бұрма таққанын салдық құру белгісі болар деп топшыладым. Бірінен бірі өткен қос сұлу тілінің ұшынан ғана сөйлеп, аса бір нәзіктік көрсетеді. Тектілігі көзге ұрып тұр. Бұлардың өз бетімен келіп тақай қоныстануы бекер емес? Тегін ауыл болмағаны ғой? Менің осы топшылауым рас болып шықты. Әңгіме барысында суыртпақтай отырып сұрап білгенім мынау еді.

Бұл Қырмызы сал деген қыздың ауылы болып шықты. Әкесі Исақ қырғыздың атақты батыры әрі бай адам көрінеді. Маңдайындағы жалғыз перзенті болған соң қызының бетінен қақпай, еркекше киіндіріп ұл баладай етіп өсірген екен. Балалармен бірге асық атып, көкпар тартып, құс салатын болыпты. Жасынан алғыр боп өскен Қырмызы өнерден де құралақан емес екен. Той-жиындарда ән шырқап, жыр төгілтіп елдің қошеметіне бөленеді.

Қырмызы сал он үш жасқа келгенде ата-анасына тілек білдіреді:

- О баста әйел етіп жаратқан соң не шара? Ендігі жерде боз бие шалып, той жасап менің қыз екенімді жұртқа әйгілеп айтыңыздар. Тағы бір тілегім. Өз ырқыммен тұрмыс құрайын, билікті өзіме беріңіздер. Еркек болып атым қалмады, ендігі жерде салдық құрып атағымды елге жаямын» деп әкесінен рұқсат сұрайды. Жалғыз перзентінің мұнысын ата - анасы қабыл алып, баталарын беріп, қыздарына ақ жол тілейді.

Қырмызының салдық дәстүрді машық еткеніне бірнеше жыл болған екен. Бүкіл Талас, Нарын, Ыстық көл, Шу өңірін аралап осында келген беті екен. Дәурен салдың атақ- дабысын естіп әдейі келіпті. Ендігі мақсаты Дәурен салды көріп, өнер салыстырмақ.

Екі сұлудың қысқа ғана айтқан әңгімесі осы. Мен болсам бар көңіліммен Қырмызы салдың өзге де ерекшеліктерін білгім келіп ынтыға түсемін.

- Оның салдық белгісі қандай, салтанат шеруі қандай? Сый-сияпаты қаншалық? Екі сұлу мені ынтықтыра түскісі келгендей жауабын тым келте қайырды:

- Қырмызы сұлудың салдық белгісі алтыннан алқа тағынып, басына күмістен көмкерілген үкілі тақия киеді. Ер-тұрман әбзелдері өзгеше сәнмен өрнектелген. Үш бірдей ақбоз ат мінген үш сұлу көш бастап жүреді. Қызметшілері сайдың тасындай он жігіт, қор қызындай он қыз. Қырмызының өзге ерекшеліктерін көзбен көру керек. Әзірге осы ғана деді қос сұлу жымыып. Осы әңгімеден соң көңілімде әлдебір желік пайда болып, жүрегіме жылы сезім құйылғандай күй кештім.

Сал-серілердің серті біреу. Намысты қолдан беріп алмай, бар өнерінді көрсетіп, өзіңнің де, ел-жұртыңның да атақ-абыройын асқақтату болмақ. Байлығымен, дастарқанның көл-көсір молдығымен таңқалдыратын жай емес бұл. Сый-сияпат көрсетудің жөні бір басқа. Ал мына жағдай еліңнің салт-дәстүрі, ерен ұлдарының өнері сынға түсетін, елдігінді танытып, паш ететін сәт. Мен де ел-жұртымды, серіктерімді жинап осындай сауал салдым. Ағайын-туыстар мұнымды құптап, қабыл алды.

Көк шалғыны тізеден келетін бұлақтың бойына қатар-қатар бірнеше ақ үй тіктірдім. Уық, керегелерін түгелдей жібекпен орап, есіктен төрге дейін түрікмен кілемдерін төседік. «Көп түкірсе көл» дегендей сал-серілерге тән сән-салтанаттың бәрі де жасалды. Әулиеатадан бергі өзіме сырлас, мінездес өнерлі жігіттердің бәрін шақыртып алған едім. Сөйтіп қырғыз-қазаққа ортақ Сусамыр жайлауында Қырмызы салды бүкіл нөкерлерімен қосып бір айға жуық қонақ еттік. Ақындар күн-түн демей тілін безеп жыр төкті, әншілер күйкылжыта ән салды. Бесаспап жігіттерімнің аянып қалғаны жоқ.

...Қырмызы сұлу сүйріктей әппақ саусақтарымен қомызын шертіп сазды күйлерін шертеді. Енді бір сәтте күйкылжытып сырға толы әндерін айтады. Таңға айтылған өлең-жырда есеп жоқ. Серіктері де шетінен сайыпкер, өнерлі екен. Бойына дарыған ақындық, әншілігін былай қойғанда, жан сұлулығы, өзгелерге ұқсамайтын мінез-құлқы, нағыз салдарға тән парасаты көңілімді баурап алғандай еді. Еркектік сезімімді жасыра алмай сөздің орайы келгенде көңілдегі осы толқуымды еппен білдірген едім. Әсем жымып, үнсіз қабылдады. «Сабыр түбі сары алтын» дегенді көзбен ұқтырғандай болды. Өзімнің тағатсыздығыма өзім өкіндім. Бұл менің қас сұлудың алдындағы бірінші сүрінуім еді.

Қош айтысар күн де келген сияқты. Әндетіп, сырнайлатып қозыкөш жерге дейін бүкіл ауыл-аймақ болып шығарып салу сал-серілер салты. Көш аяғы көз ұшынан үзілгенше ән қалықтап, бір сәтке үзілмеуі, бәсеңдемеуі тиіс. Айтарынды айтып қалатын сәт те осы. Қоштасар сәт тақалған сайын жүрегім алып ұшып, көңілім байыз таппай бейберекет күй кешемін. Онымды ерке сұлуға қалай ұқтырамын?

Қырмызы салдың сән-салтанатын көруге сол аймақтағы ел-жұрт түгел келді. Қоштасар рәсімін жасап, өлең-жырыммен шығарып салу менің мойнымда:

«Қош, сау бол сал қарындас, Қырмызым-ай!

Аспанның таң шолпаны, жұлдызындай.

Сәлем айт ата-анаң сені туған,

Ұжмақтың райхан гүлі, үр қызындай.

Қазақтың ортасында Дәурен салмын,

Еш жанға залалым жоқ жүрген жанмын.

Беріп кет бір белгіңді ұмытпасқа,

Еруге сендей қызға мен де зармын» демеске амал

қалмады. Көңіл түкпірінде ұялаған, жүрегімді сыздатқан бар сырымды осылайша жайып салдым. Сал Қырмызы, тәкаппар Қырмызы, қор қызындай көрікті Қырмызы бұл сөзіме мән берсе жақсы, бермесе ше? Қайта көрісер күн болса жақсы, болмаса ше?.. Астаң-кестең ойымды сырмінез Қырмызы тап басқандай болып еді:

«Аспара, Мерке жеріңіз,

Дулат, Ботпай еліңіз.

Аман болғың асыл ер,

Ата-анамды барып көр.

Мен бір сұңқар тұғырда,
 Томағамды алып бер.
 Мен тұлпардың құлыны,
 Түседі кімнің құрығы.
 Асыл ер сөзге тоқташы,
 Мінеки, алтын жүзігім,
 Көзіндей көріп сақташы!»

Қырмызы сал осылай деп наз айтты. Алтын жүзігін қолыма ұстатып, үш қайтара «қош» айтысып кете барды. Жәй кеткен жоқ, жүрекжарды тілегін әдеппен сездіріп кетті. «Дәурен сал, менің де ардақ тұтар ел-жұртым бар. Ер болсаң іздеп келерсің. Аққалпақты қырғыздан бір адамға шалдырмай, көз қиығын салдырмай сізге ниет арттым. Ендігі тілеу өзіңізде!» дегенді аңғартып кетті. Бұл менің Қырмызы сұлудың алдында екінші рет сүрінуім еді.

Осы оқиғадан соң бір жыл өткенде қасыма оншақты жолдасымды ертіп Қырмызы салдың ауылына жол тарттық. Маған серік болғандардың ішінде Майкөт, Сарбас, Сауытбек секілді төкпе ақындар бар. Жолдастарымның бәрі де жұтынып тұрған жас жігіттер. Мініске алған аттардың түр-түсіне ерекше мән беретін едім. Бұл талай жылғы салдық құрудан қалған әдетім болатын. Әлгілердің астында сүліктей қара түсті қос ат, екі жирен, екі күрең, екі шұбар ат. Өзімнің мінгенім күлгін түсті сужорға.

Сал-серілердің ежелден ұстанатын салты бар. Олар қай ауылға келсе де «құдайы қонақ едік» деп аттарынан топырлап түсіп жатпайды. Сәскелік немесе қозыкөш жерден ақын-жыршыларын жіберіп хабардар етеді. Олар келе жатқандардың кімдер екенін жырымен айтып елге таныстырады. Бұл рәсімді Сарбас ақынға жүктедім:

«Дәурен сал сәлемдесе келе жатыр,
 Қолында тұйғыны бар, жібек шатыр.
 Он жолдас өңкей сері жігіттері,

Ауылын Қырмызының көрмек батыр» деп өлендетер еді. Ауыл ақсақалы шығып ишарат білдірмейінше ақын жырын тоқтатпайды, біздер аттан түспеуге тиіспіз. Солай болды да.

Исақ батыр алып денелі, еңсегей бойлы, алпысты алқымдаған адам екен. Оң қолын көтеріп қасындағы жігіттерге ымдап белгі берді. Бірнеше жігіт алдымыздан шығып, серіктерімді аттан түсіріп алды. Алпамсадай екі жігіт мені қолтығымнан көтерген бойы аяғымды жерге тигізбей үйдің төріне әкеп отырғызды. Бұл да салдарға көрсетілетін көнеден қалған ерекше құрмет. Аман-саулық сұрасып біраз отырдық. Менің ойым тарыдай бытырап, берекем кеткендей күй кештім. Көңілім алабұртып, үйдегі бұйымдарды көзіммен тінтіп Қырмызыға тән бір белгі іздегендей боламын.

- Қырмызы сал неге көрінбейді? Әлде біздің осы келуіміз қисынсыз болды ма? Бәлкім... Үйге сәлем бере кірген талдырмаш жігіттің сөзі ойымды бөліп жіберді.

- Батыр аға, қызыңыз кіруге рұқсат сұрайды, деді әлгі жігіт. Артынша Қырмызының өзі де көрініп еді. Басын сәл иіп, әдеппен сәлемдескен соң әкесінің оң жағына барып жайғасты. Менің бар-жоғымды сезбегендей көзін төмен салған күйі қозғалмай отыр. Әлсін-әлсін отырған қонақтарға жағалай көз тастап қояды. Сол сәтте қызыл шырайлы балбұл жүзінен жан алауын ұққандай болып едім.

Әкенің алдынан өтіп, рұқсатын алған соң Қырмызы екеуміздің салдық шеруіміз басталған-ды. Алатаудың күңгейі мен теріскейін тегіс аралап сән-салтанат құрдық. Қырғыз-қазақтан құралған сері жігіттердің өнеріне, мәрттігіне сүйсінген ел жабыла батасын беретін еді. Бірінен бірі өткен сайыпқыран жігіттердің сан қырлы өнері, ендігі жерде екі тілде бірдей сайраған ақындардың өлең-жырларына жалғасып жатар еді.

Бір сәт Қырмызы салдың құлақ құрышын қандырғандай ән-термесін тыңдаған жұрт, ендігі кезекте мені ортаға алады. Қазақтың қоңыр үнді домбырасына не жетсін. Көңіл-күйінді тап басып адам да дәл осылай сөйлей алмас. Жүрек лүпілін Қырмызы қомызымен, мен домбырамен білдіріп жататын едік. Екі айға созылған серілік думанды тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Міне осылайша біздің салдық салтанатымыз, махаббат мерекесіне айналып еді.

Өнер жолында табысқан Қырмызы екеуміздің ақ ниетімізге әкесі де қарсы болған жоқ. Ел-жұртын жинап ұлан-ғайыр той жасады. Соңынан ауыл ақсақалдарын шақырып, екеумізге мынадай тілек білдірді:

- Шаруа түбі - кеніш, сауда түбі - борыш. Таздың шашы сұйық, серіліктің арты сұйық дейтін сөз бар. Екеуің де сал-серілік жасап, біраз жыл сауық-сайран құрдыңдар. Жарасым тауып бір-біріңе жар болдыңдар. Ендігі жерде шаруаға да мойын бұрғандарың жөн, деген. Осы жолы ақсақалдар ақ батасын берді, біз алақан жайып қабылдадық. Әлгінде «ақ бата, кара бата» дегенім осы жай. Сендерге неше күннен бері құрақ ұшып қызмет көрсетіп, пейіл білдіріп жүрген жеңгелерің міне сол атақты Қырмызы сал.

Дәурен салдың ұзақ айтқан әңгімесін ұйып тыңдаған алты сері, таң-тамаша күй кешіп, қимастай болып әрең аттанған екен.

xxxx

Әр заманның өз ерекшелігі, салт-дәстүрі болуы мүмкін. Ал әр заманның өзіне тән сал-серісі болады деу ағаттық. Өйткені сонау көнеден басталып бізге жеткен қазақ тарихындағы сал-серілік дәуірі үлкен кезеңді қамтиды. Уақыттың тезіне қарай өзгеріп, кейбір ерекшеліктері көмескіленіп, тіпті жойылып кетіп отырған. Оның бастау көзі ат тұяғымен бүкіл еуропаны көктеп өткен ғұн дәуірінде жатыр. Алғашында ол әскери өнер, жекпе-жек, сайыс түрінде болуы да әбден мүмкін ғой. Қазіргі ұрпақ аузының суы құрып тамсанатын «рыцорлық» өнердің өзі содан туындап, бүкіл еуропа еліне тарағаны белгілі. Бертін келе оның әскери мәні жойылып, біз жоғарыда айтқан, таза өнер сайысына айналғанын аңғару қиын емес. Ендігі жерде сал-серілік деген өнер сынасу, жігіттің жомарттығын, сегіз қырлы бір сырлы екендігін көрсету, дәріптеу мақсатында жүзеге асырылды.

Қазақтың қай кезде де болсын жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан ұлдары аз ба? Солардың бәрін емес, бірегейін ғана сал-сері деп атаған. Сал-сері деген халықтың ерекше дәріптеп, ерекшелік танытқан ұлдарына ғана беретін үлкен атақ. Сегіз сері, Ақан сері, Біржан салдың халық жадында мәңгі сақталып, шоқтығы биік тұратыны сондықтан. Ақ қайындары мың бұралып, тәкаппар қарағайлары көк тіреген Көкшенің көркем келбетін көңіл - санасына сіңіріп, жұпар ауасын қаршадайынан сіміріп өскен Ақанды, сонысына қарай әні де, жаны да сұлу Ақанды сері демеске дәрменің бар ма? Халық айтса, қалт айтпайды, балам, деп әкем әңгімесін осы тұста бір қайырып тастады.

Өлгінде Балуан Шолаққа еріп, серіктес болғанымды айттым ғой. Бойымдағы булыққан өнерімді тап басқан сері аға қиялыма қанат бітіргендей болып еді. Өзі палуан әрі ақын-әнші адамның қасында жүріп сал-серіліктің көптеген нышандарын, салт-дәстүрлерін көріп тамашалаған едім. Сөйлеу мәнері, ән салғандағы өзін ұстауы, жүріс-тұрысы ерекше әсер етті. Сұлу ат, әсем киіну, әшекейлі бұйым, үкілі домбыра дегенді сонда көрдім.

Ат үстінде келе жатып еркін ән салуды да алғаш рет Балуан Шолақ үйретіп еді. «Аттың тізгінін бос қойып, денеңді тік ұста. Ән салып тұрғанда тебінуге немесе тақымыңды қысуға болмайды. Қолыңды жөнсіз ербеңдетудің қажеті жоқ. Даусыңды еркін жібер. Ат сенің даусыңнан үрікпейді, ебетейсіз қимылыңнан үркеді» дейтін. Сұлулыққа жаны құштар ақынның әні де әсем, сөзі де көркем болады дегенді Балуан жиі айтатын.

Сәбит Мұқанов «Балуан Шолақ» романын жазып жүргенде үйге жиі келіп тұрды. Бір жолы:

- Кенекенің жетегінен қос ат, жеңгейдің жетегінен қос қыз арылмайды, деп әзіл айтқаны бар. Кейін ойласам онысы рас екен. Бірінен бірі өтетін небір сәйгүліктерді қолда ұстаппын. Әрқайсының мінезіне, ерекшелігіне орай: «Көкаяқ», «Ақ боз», «Шұбар ат», «Ай қасқа», «Құла қасқа», «Бала қасқа» деп ат қойған екенмін. Насиха да қос-қостан қыз өсіріп, қолынан ұзатқан екен: Талжыбек-Ұлтай, Бәтима-Нұртай, Айша-Төрткен, Ақтамақ- Ақбілек. Осыған аса мән бермеген екенмін. Өзімнің аңғалдығымды айтып, Сәбиттің аңғарғыштығына таңғалып, көпке дейін әңгіме етіп жүрдік.

Мен сексенге толғанда үкімет ашық қоңыр түсті жеңіл машина силады. Сол жылы Насиханы салып алып, қаладағы Сәбиттің үйіне келіп түстік. Сәбит өзі шығып қарсы алды. Ақжарқын мінезіне сай, әзілі де дайын тұратын. Сәбит:

- Кенеке, аттардың бәрін болдыртып, мәшинеге мініпсіз. Құтты болсын! Көріндігі Мәриам екеуіміздің мойнымызда. Енді бұл тұлпарыңызға қандай ат қоясыз? дегені. Тосын сұраққа не деп жауап берерімді білмей:

- Сәбит-ау, бұл мәшина ғой! дедім. Менің абдырап қалғанымға балаша мәз болған ол:

- Кенеке, бұл заманның нағыз дүлдүлі осы. Ақан, Біржандар көре алмай кеткен темір тұлпарды сіз міндіңіз. Мұны Ақанның «Құлагері» десек те жарасады. Сол асылдардың жаңғырығы, жалғасы өзіңіз емес пе? деп құшақ жайып еді.

Сал-серілер арасында «тоғыз келін, тоқсан жеңгең болсын» дейтін әзілдеп айтылатын сөз бар. Бір жағынан мұның өзі үлкен бәсеке. Оның да өзіндік мәні, жөн-жоралғысы болады. Елге жақсы өнегесімен, қайталанбас өнерімен кең танылған сері жігітті әр ауылдың асыға күтіп отыратыны белгілі. Сонымен бірге ел таныған, жұрт мойындаған нағыз сал-серінің әр ауылда өзін сый-сияпат көрсетіп, ерекше күтіп алатын не келіні, не сыйлас жеңгесі болады. Оны сал-серінің өзі қалап таңдайды.

Ондай ілтипатқа ие болған әйелдің бойында өзгелерге үлгі боларлықтай бірнеше қасиеті болуға тиіс. Бірі ақындық - әншілігімен, бірі асқан сұлулығымен, енді бірі мінезімен, қонақжай пейілімен, қайсы бірі сән-салтанатымен ерекшеленеді. Сал-серілер осындай үйге таңдап түседі, сауық-сайран құратын еді. Сол кездің салты бойынша бұл әбестік болып саналмаған. Отбасы үшін бұл үлкен абырой. Елге аты жайылады. Сал-серілер ондай келін - жеңгені жүрген жерлерінде дәріптеп, өзгелерге үлгі етеді. Атақ - абыройын арттыра түседі. Заманына қарай мұның тәрбиелік мәні де ерекше болған.

«Айтайын, айт десендер, тоғыз келін,
Тоғызға толтырам деп көп іздедім.
Жүргенде өзімсініп кей келінді,

Бозбала бұзып кетіп зар иледім» деп басталатын сонау жас кезімде шығарған әзіл әнім бар. «Тоғыз келін» деп аталады. Бұл сал-серілерге еліктеп, қызық думан құрып жүргенде жастық желіктен туған ән. Мәніне тереңдей алмаған бағзы біреулер мұны өзгеше ұғынып, саяз пайымдауы мүмкін. Әлгінде уақыт өткен сайын салт-дәстүр де, түсінік - ұғым да өзгеріп отырады деуім сондықтан.

Алтыбақан тепкен жастар болсын, той-жиынға келген қонақтар болсын ауылдың алты ауызын айтпай кетпейді. Ол кездің салты сондай. Өзіне қарата айтқан өлеңге өлеңмен жауап беру үлкен өнер деп танылған. Сонысына қарай жауап бере алмай күмілжіп қалғандарға жұрт күліп, сынға алатын еді. Олардың ішінде нағыз арқалы суырып салма ақын келіншектер де кездесіп жатады. Сондай тоғыз келіннің бірі атақты Бопина Байсауытқызы. Үлкен бір жиында:

«Алатаудай айбатты,
Ел еркесі ардақты.
Сегіз қырлы бір сырлы,

Кенекем - ау, жан-жақты» деп маған баға беретін де осы Бопина ақын. Жас кезімізде талай той-томалақта кездесіп қалсақ жұрт қаумалап екеуімізді айтыстырмай жібермейтін еді. Бір жағынан қатарлас әрі келін Бопинаның сөз саптауы ерекше болатын. Реті келгенде «мен ақынмын» дейтіндердің талайын өлеңмен тұқыртып, апшысын қуырып алатын еді. Тоғыз келіннің ішіндегі шоқтығы биік, нағыз өнер иесі.

Кейін «совет» шыққанда да қатар жүріп қызметтес болдық. Сөзге шешен, ойға алымды Бопинаны жұрт басына көтеріп қолпаштайтын, құрмет көрсететін. Сол кездегі екеуміздің әр жерде айтқан әзіл – қағытуларымыз әлі күнге ел аузында жүр.

...Соңғы рет ақын Бопинаны үлкен бір тойда жолықтырдым. Соғыс аяқталып еліміз қуанышқа бөленіп жатқан кез. Бопинаның ауылында үлкен той. Соған орай мені де арнайы шақыртыпты. Өлең десе құлағымыз елеңдеп, делебеміз қоза түсетін албырт шақтан екеуміз де алыстап, марғау тартқан секілдіміз. Соғыстан кейінгі көңіл-күйдің қандай болатыны айтпаса да түсінікті. Жалғыз қайным Қыдырбек, ұлым Жапарбек соғыстан оралмай қалды. Көңілде қияу бар. Алайда бала мінезді жұрт онымызды қайтсін. Бопина екеумізді баяғыша айтысқа шақырады.

«Соғыс тауқыметінен әбден қалжырап, той-томалағын сағынған елдің еңсесі көтерілсін. Көптің пейілін қайтарғандай болмайық. Жел сөздің несін аяймыз, біраз сөз қағыстырып көңілін көтерейік» дегенді көзбен ұғысып едік. Мұның өзі айтыстан гөрі есен-саулық сұрасып, сағыныш тілек білдіруге көбірек саяды. Бұрынғының жолымен алғашқы сөзді той иесі Бопина бастады:

«Жас келін боп, Кенеке, жүруші едім,
Айтарыңды жүрекпен білуші едім.
Шұбар атпен төбенді көргенімде,
Жолың тосып көпірде тұрушы едім»

Бопина осылай деп наз айтады. Алыстап кеткен думанды шақтан елес бергендей, көңіл түкпірінде тұнып қалған қызғын күндерімді еске түсіргендей болады.

- Пәлі, қайран Бопина, үнің әлі сол қалпы. Сағымдай жылжып, алыстан мұнартқан серілік күндерім көзден бұлбұл ұшқалы қашан? Гүлдәурен шақтың енді қайтып оралмасын сен де, мен де жақсы білеміз. Шіркін! Сыры кетсе де, сыны кетпеген асыл зат, көз көрген замандасым өзіндей-ақ болсын! Бопинаның әлі қарлықпаған асқақ даусына іштей тамсанғанымды несіне жасырайын.

Ентелеген жұрт сөздің төркінін ұқпаған да шығар? Ал менің көз алдыма бәрі-бәрі күні кешегідей тұра қалып еді. Құлағыма алтыбақан тепкен қыз-бозбаланың айлы түндегі сызылта салған әні талып жеткендей болады. Бұлақтың сылдыры, шолпының сыңғыры естілгендей.

- Сол күндерің есінде ме? Сен қандай едің? Мен қандай едім? Сынаптай сырғып өте шыққан жастық шақ енді қайтып оралмайды. Көңілді қанша қамшыласаң да жеткізбейді, Кенен. Жанымда оты сөнсе де, шоғы қалған. Ең болмаса соны есімізге алайық. Ақын Бопина осылай деп сөзге тартты.

Домбырамды баяу қағып отырмын. Бопинаның бар болмысы көз алдымнан тізіліп өтіп жатқандай. Әдептен аспайды, байыппен ой тастайды. Әйелге ғана тән сырмінез, сезімталдық білдіреді. Салған жерден «ал күшінді көрейін, қандай ақын болсаң да шеніме ілестірмеймін, шаң қаптырам» дейтін өркөкірек мінез Бопинаға жат. Тіліңе өзі сөз салғандай, ойыңды өзі

жетелегендей болады. Ақынның осы ерекшелігін талай көргенмін, онысын ерекше қастерлейтін едім:

«Сый қандай, мінез қандай, сымбат қандай?
Ойласаң арзан қандай, қымбат қандай?
Қызығы қыз-бозбала ұмытылмас,
Аңдып кеп айдын көлден қу атқандай!

Керіліп кер маралдай көзі күліп,
Жұмбағын жүрегімнің өзі біліп.
Жаудырап қоштасарда қараушы еді,
Жаныма көктем нұрын сезіндіріп».

«Аулынан ғашық жардың аттанарда» дейтін кейінгі жылы жазылған өлеңімді Бопина білмейтін еді. Сөзімнің басын әдейі осы шумақтан бастадым. Табиғатынан жаны нәзік, сезімтал ақын өзінің бір жол өлеңін өзіне қайтара айтқанымды сезе қойып ақырын жымыып күлді. Мұнымды мақұл көрген болу керек. Сол сәтте аққұба жүзінде болар болмас қызғылт рең пайда болғандай көрініп еді. Қасындағы әйелдердің бастары түйісіп, бір біріне сыбырлай тіл қатады.

- Па, шіркін! Кенекең әлі бабында екен! Көптен бері нақ осылай ән салғанын көрмей кетіп едік. Ақын емес пе, өзі де той-томалақты сағынып қалған-ау? десіп жұрт даурыға сөйлеп жатыр. Бір бірімізге қайта-қайта кезек беріп айттық. Бопина болса өлеңін бес-алты шумақтан асырмай келте қайырады. Көп жылдар айтысқа түспей кеткен ақынның қайсысы болмасын қарайып қалатыны, кісенделген аттай кібіртіктей беретіні сондықтан. Мұны өз басымнан талай өткергенмін. Сөздің енді бір орайы келгенде:

«Кенеке, ат мінерсің қара шұбар,
Үстіңде боз шапаның жарасылар.
Сөзімді әзіл-қалжың айтсамдағы,

Өзіңде тоғыз келін таласы бар, деп Бопина тағы бір жайдың басын ашқандай болды. Сөздің байыбына барып жатқан ешкім жоқ. Айтыстың қызуымен желігіп алған жұрт, оның «не талас» екенін қайдан білсін? «Айта түс, Бопина! Өркенің өссін!» деп шуласады.

Иә, бұл да есімде. Жастау кезімде болған оқиға еді. Ақын Кенен, әнші Кенен атанып Жетісу өңіріне таныла бастаған кезім. Арыны басылмаған арғымақтай, той-жиын, айтыс десе арқаланып кететін айбынды, алымды шақ. Қасымда бір топ серіктерім бар Қордай асып, жайлаудағы бір ауылға ат басын тіреген едік. Алтыбақан құрып, сауық - тамаша өткізіп жатқан ауыл жастарының үстінен шығыппыз. Тез арада құлақтанған ауылдың кәрі-жасы бізді көрмекке түгел жиналды. Бозбалалар салған әнді тыңдап, оның аяғы ауыл тойына айналғандай болып еді. Жұрттың құлақ құрышын қандырғандай неше алуан әндерімді айтып, мен де қарап қалған жоқпын. Әбден риза болған ауыл қариялары батасын беріп, өнеріме шуақ, өзіме ұзақ өмір тілеп тарасты.

Соңыра бізді қонақ етуге кім лайықты, кімнің үйіне түсіреміз? дегенде қызу талас басталып кетті. Әр үйдің келіндері өз жөнін айтып, жолының үлкендігін алға тартып біразға барған еді. Ең соңында әзіл сөзімен де, ән-жырымен де бәрінің алдын орап, бұл рәсімді жас келін әрі ақын Бопина жеңіп алды. Әлгінде өзі айтқан «тоғыз келін таласы» дегендегі ақынның еске алып отырғаны осы жай.

«Ақ үй сұлу көрінер үзігімен,
Келін сұлу көрінер жүзігімен.
Бопина айтқаныңның бәрі де рас,
Шықпайсың тоғыз келін тізімінен» деп Бопинаның әзіл өлеңіне әзілмен жауап бердім.

Сөйтіп, ойламаған жерден басталған айтыс - әзіліміз біраз уақытқа созылып кетті. Менен гөрі жұрт көңілін дөп басып, арқалана жыр төккен сырмінез Бопина:

- Осы отырған халқыңның тілегі бар, Кенеке! Әйгілі «Тоғыз келін» әніңізді айтып берсін деп отыр. Сонау бозбала кезіңді есіңе бір ал. Жұрт естіп қалсын, деді. Менің де бір тілегім осы дегенді көзбен ұқтырды.

- Жастықтың желігімен шығып қалған ән ғой! Жас келіндер, балалар отыр. Ендігім ерсілеу болар? дегенімді жұрт ерен қылар емес, қолқа салып отырып алды. Айтпасқа амалым қалмады. Домбырамды қаттырақ бұрап алып шырқай жөнелдім.

«Жеңге мен балдыздан да келін қызық,
Күрең шай келін құйса көзін сүзіп.
Бар ма екен бұл жалғанда ондай ләззат?
Қасында отыра алман денем қызып.

Қайнар көз, қара торы, ақшыл келін,
Жайыңды айтпай білер жақсы келін.
Құмардан құрт ішкендей бір шығар ем,
Арқамды бір күн қасып жатса келін».

Әннің осы тұсына келгенде жасы үлкендері жігіттік кездерін есіне алғандай бір-бірін түртіп қауқылдасып қалды. Жастар жағы көңіл-күйлерін жасыра алмай дуылдасып жатыр. Әлгінде ғана арқасына ер батқан аттай кібіртіктеп, еркін көсіле алмай отырған едім жұрттың желпінген көңіл қошын көріп арқаланып қалғандай болдым. Өзі де биіктен басталып, құйқылжыта, ойнақы салынатын ән еді.

«Келінжан, кең деген сөз Кенен деген,
Ағаштың ең мықтысы емен деген.
Алпыста сыр бергем жоқ сыр сұрасаң,
Сексенде де болмайды жүзім төмен».

Ән қайырмасын, аспаннан «құшақ-құшақ», енді бірде, «мөшек-мөшек» келін жаусын деп әдейі күлдіре айтамын. Тыңдаған жұрт балаша мәз болып, шын ықыласымен күледі. Ұзақ жылғы соғыстан ығыр болған елдің еңсесі бір көтеріліп қалды. Бопина екеуімізге керегі де осы болатын. Бұл арқалы ақын, сырмінез Бопинаның соңғы тілек-назы, «Тоғыз келін» әнімді ақырғы рет салуым болды. «Көзімнен бұлбұл ұштың қайран жастық» дегендей жастық дәурен де зырлап өте шығады. Оның мәнді-мағыналы болуы адамның өз қолында.

Әкем сал-серілер жайлы бастаған әңгімесін осылай түйіндеген еді. «Мұның бәрін алыстан орағытып неге айтып отыр» деп ойлама. Әр нәрсенің өз орны, өз уақыты болады. Әр жылдың төрт мерзімі сияқты, адамның да басынан өткеретін төрт кезеңі бар. Соның қайталанбас ең қызықтысы да, қақпанға түсіретін аса қауіптісі де жігіттік шағың. «Көркі бар деп әйелді жақсы көрме, лапылдақ, көрсе қызар нәпсіге ерме» дейтін Абай айтқан сөз бар емес пе? Соны көңілінде берік ұстағайсың, балам, деген еді.

Содан бері зымырап талай жылдар өтті. «Елу жылда - ел жаңа, жүз жылда- қазан» демекші өзгеше ойлайтын, өзінше пайымдайтын ұрпақтар келді өмірге. Әлдекім шашау сөйлеп «біздің заманның нағыз серісі ғой» десе, менің ойыма әке айтқан осы бір әңгіме орала кетеді. Көз алдыма сал-серілер көшінің әсем көрінісі елес бергендей, құлағыма олар салған ән жаңғырығы, серілер мінген сәйгүліктердің тұяқ дүбірі жеткендей болады. Қоңыраулатқан сол көштің бел ортасында «Шұбар атын» тебініп әкем бара жатқандай сезінерім рас. Сол сәтте заманымыздың біртуар сөз зергері Ғабит Мүсіреповтың: «Еуропа елдерінде соңғы могиқан дейтін сөз бар... Кенен де сал-серілер дәстүрін жалғастырушы, қайталанбас тұлға. Сал-серілер дәуірінің соңғы тұяғы» деген сөзі еске түседі. Тамсана бас иіп, еріксіз жүгінесіз.

XXXX

Ақынның өмір жолын, сан- салалы шығармашылық жолын жан-жақты зерттеп, соны пікір, келелі ой түйіндеген ғалымдардың ішінде филология ғылымының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбековтың шоқтығы биік тұрады. Көнеден бастау алып бүгінгі күнге жеткен сал-серілік дәстүрдің соңғы легі, Қабан, Сүйінбай, Бақтыбай, Майкөт, Жамбыл, Құлмамбет секілді абыз - жыршылар бастаған ұлы көштің жалғасы іспеттес Кенен ақынның бүкіл болмысына тереңдей үңіліп, дөп басып айтқан да сол. Ақынның жан-дүниесіне тек шығармашылық тұрғыдан ғана емес, адами - азаматтық жағынан келіп, оны етене жақын сезінген ғалым. М. Жолдасбековтың ақын жайлы түйген ой-пікірінің ұтымды, ұтқыр, шынайы болып жататыны да содан болар. «Асыл арналар» деген еңбегінде қарт ақынның болмысын, ерекше келбетін былайша пайымдайды. «...Кенекен болмыс - бітімі де, жүріс - тұрысы да бөлек, табиғи дарын - таланты да ешкімге ұқсамайтын, Алатаудың шыңындай ойы да биік, бойы да биік, әсем үнді, ділмәр тілді, мінезге бай, көпшіл, қонақжай ерекше жан еді. Кенекен ғасыр бойы жасаған байтақ мұрасымен, армандай әншілігімен аққудың қанатындай әдемі, әппак

жібектей сақалымен, бәйтеректей бойымен көзге де, көңілге де өзгеше бір жұмбақ жандай, данышпан абыздай болып көрінетін».

Қай ақынның болмасын өлең-жырларын зерттеген кезде оның шығармаларын ғана зерделеп, пайымдау аздық етеді. Бұған қоса соның бәрін туғызған ақынның ішкі жан-дүниесін, болмысын, толғанысын терең сезіне білу қажет. Тіпті өлеңдерін ғана емес, сол ақынның өзін де қалтқысыз сүйе білу керек. М. Жолдасбеков осы қағиданы берік ұстанып қана қоймай, соның байыбына бара білген, сол үрдісті ойдағыдай орындап шыққан ғалым.

Тағы бір сөзінде: «Мен Кенекеннің осыншама жасқа келгенше қарлықпаған күміс көмейіне тәнті екендігімді, қанатын қомдаған қарт қырандай жасымаған, шөкпеген, бүгілмеген асылдығына, сергектігіне ғашық екендігімді жасыра алмаймын» дейді. Ғалымның бұл сөзінде ешқандай жаңсақтық жоқ. Ақынның соңғы он жылында үнемі қасында жүріп, туған баласындай, сырласындай болып кеткен адамның жүрекжарды сөзі бұл.

Ақынның өзіне де, өнеріне де ақ пейілін білдіріп, үнемі жанашырлық көрсетіп жүретін ғалым баласына қарт ақынның көңілі ерекше болатын. Келген сайын құшағын ашып, шын ниетімен қарсы алатын еді. Өз балаларына ренжіп, әлденеге көңілі толмай қалған сәтте: «Осы Мырзатайдан неге үлгі алмайсыңдар. Мінезі жұмсақ, сыпайы, тілі орамды. Тура байырғының жігіттері секілді үлкеннің де, кішінің де көңілін тауып құрақ ұшып тұрады. Білгірлігі, парасаттығы, кішіпейілдігі қандай!» деп отыратын. Әкемнің пейілдене айтқан осы сөздерін кейде көңілімізге алып, қызғанып қалатынымыз да жасырын емес. Әлде бір жағдайлармен үш-төрт ай келмей қалса қарт ақын дегбірсізденіп, мазасы кеткендей күй кешетін еді. Ондайда балалардың бірін шақырып алып: «Әлгі Мырзатай балам, хабарласпай кетті. Дені сау, отбасы аман-есен бе екен? Атасынан бір ауыз сәлем жолдаңдар» дейтін еді.

«Сағынып, сәлем жаздым Мырзатайға,
Жігітсің сөзге шешен, тілің майда.
Қормалы, қорғаушысы ақындардың,
Маған да көп еңбек қып, тиді пайдаң.
Өз жүзін көрсеткендей өз келбетің,
Баласың алтын сөзді, асыл айна...
Отырмын нардай шөгіп бір орында,
Тағдыр мен кәрілікке бар ма айла?
Тілектес аман-есен жүргеніңе,
Отырған Кенен атаң терең ойда».

...Осы жолы Мырзатай аға біздің үйде бір аптаға жуық болып қайтты. Дастарқан үстінде бірге отырып тамақтанғанымыз болмаса, қалған уақытта екеуі әкемнің бөлмесіне кіріп алып ұзақ әңгімелеседі. Күнде осылай оңашаланып отыру әдетке айналған. «Неғылған бітпейтін әңгіме?» деп әрі қызығып, әрі таңдана қарайтын едік. Ағаның қолында ол кезде ешкімде бола бермейтін шағын магнитофон бар. Сонысын қасынан тастамайды. Ара-арасында әрбір нүктесін басып қойып отырғанын талай көрдім. Қарт

ақын онысын байқамайтын да сияқты. Көздерін алысқа тігіп, баппен, асықпай сөйлейді. Бір орайы келгенде:

- Аға, күн ұзақ отырып әңгімелескенде не жайлы айтасыздар? Шет жағын бізге де естіртіп қойсаңызшы, біліп жүрейік, дедім. Мырзатай аға менің бетіме қарап, жымыып күліп қойды. Әңгімеге онша құлқы жоқ екенін аңғарып тұрмын. Соның өзі-ақ көңілімді ынтықтыра түскендей еді.

- Кейін, көп уақыт өткен соң болмаса қазір бұл әңгіменің саған қажеті жоқ дейді. Атамыздың өз аузынан жазып алғаным екі-үш кассета болды. Бұйыртса мұның өзі алтынға бермес дүние болғалы тұр. Әттең, осының бәрін ертерек қолға алуымыз керек еді. Ешкімнің ойында болмаған нәрсе. Ағаның осы сөзінен кейін, әлгіні білгім келіп тіпті тағатсыздана түсемін.

- Әкем өмірінде көрген-білгенінің бәрін дерлік өлеңмен өріп жазған ғой. Бізге беймәлім тағы не бар екен?

- Беймәлім, белгісіз нәрсе көп әлі. Кенекеңнің өлең-жырларын зерттеп, тереңдей түскен сайын бұған әбден көзім жетті. Зерттеуші ғалымдардың еңбектерін, мақалаларын, әртүрлі басылымдарды оқып отырсаңыз ақынның бір ғұмыры екіге жарылғандай әсер аласыз. Солардың көбісі кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі дәуірді ғана шиырлайды.

Кенекең де ет пен сүйектен жаратылған адам ғой. Ақын өмірінің ең қызық кезі кеңес үкіметіне дейінгі кезеңде жатыр. Ол да бозбала шақты өткерген. Ат жалын тартып мініп жігіттік жасаған. Қызды ауылды қараулап, түн ұйқысын төрт бөлетін қызғын шақты басынан кешірген адам. Ақынның отыз жасқа дейінгі өмірі, ең ұтқыр, алымды кезі біз үшін әлі де көмескі. Мен Кенекеңнен осы жағын суыртпақтағандай етіп жазып алдым. Өзі де жас баладай аңғал, қызық адам ғой. Жас кезінде құрған небір сауық- сайрандары, әзіл- айтыстары жайлы көп айтқысы келмейді. «Балам, еркектер арасында ғана айтылатын әңгімені жазбай-ақ қой. Өз арамызда қалсын. Анау неменді қоспа» дейді. Әңгіменің қызығына енді кірген кезде, байқатпай магнитофонды қосып қоямын. Сөйтіп отырып бірталай әңгімесін жазып алдым дейтін.

- Бәсе, екеуіңіз ежелден сырлас адамдардай шүйіркелесіп ұзақ отырасыз. Бізге ең болмағанда соның бірін есту жазбаған ғой. Тіпті сұрап, жалынсаң да айтпайды.

- Айтуға болатын да, болмайтын да сөздер бар, інім. Соның аражігін ажырата білу керек. Біз, зерттеушілер, кейде ақынның өлең-жырларын талдаймыз, бүге-шігесіне дейін қалдырмай айтамыз деп, оның ар жағында тұрған адамның болмысын, жүрек лүпілін, ыстық лебін аңғармай қалатынымыз бар. Бұл ретте өркениетті елдердің үлгі алатындай жақтары көп. Алысқа бармай-ақ орыс ақын-жазушыларының өмірін алуға болады. Орыс поэзиясының алыбы Пушкиннен бастап, Лермонтов, Маяковский, Есенин, ғұлама жазушы Лев Толстой жайлы зерттеулердің, жазылған дүниелердің шегі жоқ. Солардың дені бір-бірін қайталамайды. Әрқайсысы әр қырынан келеді. Қазақша пайымдасақ «басынан бақайына дейін» қалдырмай зерттейді екен. Олардың жазған дүниелерін, өлең-жырларын былай қойғанда, жеке басының ерекшеліктерін, өмірге, отбасына, әйелдерге деген көзқарасын тәптіштеп жазады. Жастықтың желігімен шырғалаңға түскен сәттерін де,

тіпті оттай өршіген өсек-аяңға шырмалып, бас сауғалаған кездерін де ашық айтады. Солардың аузынан шыққан «анайы» сөздеріне дейін, бізше ұят, көргенсіздік деп саналатын өлеңдеріне дейін жинап, сақтап қояды екен.

Еркек пен әйел қатынасы жайлы айтылатын ондай өлеңдер қазақ ақындарында да көптеп кездеседі. Солардың ішінде көркем туындыға бергісіз дүниелер де бар. Абайдың «Қыз сөзі» дейтін өлеңіндегі қиыннан қиыстырып айтатын мына бір шумақтарға көңіл аударып көрші. Қандай өрнек, қандай сурет!

«Көңілің тұрса бізді алып,
Шыныменен қозғалып.
Біз - қырғауыл, сіз-тұйғын,
Тояттай бер, кел де алып.

Тал жібектей оралып,
Гүл шыбықтай бұралып.
Салмағыңнан жаншылып,
Қалсын құмар бір қанып.

Бітімі сұлу, өзі сері, құдай бойына еркекке тән қасиеттердің бәрін үйіп бере салған Кенекемнің өмірінде ондай жағдайлар болмады дейсің бе? Өзі айтпаса, жас кезінен бірге жүрген замандас қариялардан сұрап, жазып алу керек. Кенекенің болмыс - бітімі ерекше жаралған адам. Ақын ретінде де, әнші, ер - азамат ретінде де, тіпті еркек ретінде де - қай қырынан алсаң да үлгі - эталон бола алады.

Ағаның қызыға, қызына айтқан әңгімесін тыңдап отырып, Мұқаметжан Қаратаевтың мына бір естелік сөзі ойыма орала берді. Бұл жағдай 1937 жылы болған екен. Грузин халқының ұлы шайыры Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастанының 750 жылдық тойына бір топ қазақ өнерінің өкілдері, ақын-жазушылар бардық. Жамбыл бастаған делегация құрамында Кенен де бар. Өзгемізге қарағанда бойы сұнғақ, бітімі келісті Кенекенді грузиндер ортаға алып өздеріне тән адамдай құрмет көрсетіп жататын еді. Тау халқының көбісі бойшаң келеді. Кенекенің солармен иық тиістіріп тұрғанын көріп сүйсініп қалушы едік. «Нағыз грузин ол - Кенен, қалғандары қазақтар» деп әзілдейді.

«...Басында сусар бөрік, үстінде қырмызы шапан, белінде жібек белбеу, сымбатты, қыр мұрынды, аруана көз Кененнен сұлу адамды білмеймін. Домбыраны қолға алып, алдымен Советтік конституцияға арнаған «Жаңа заң» әнін орындап отырды...

Сонда осы Микола Бажан келіп менен: «Мына Жамбылдың шәкірті қандай сұлу кісі! Мұның кескін-келбеті қазаққа хас типке жата ма? деп сұрады. «Жатқанда қандай!» Жауаптың аузымнан қалай шыққанын өзім де білмей қалдым. (СҚ, 1974 ж., 16 маусым)

Мырзатай ағаның осы сөзінен кейін мен де өзімше әрекет жасап көрген едім. Расында кеш қалған екенбіз. Сонау жылдары ауылдағы қариалар біздің үйге жиі келетін. Анда- санда әкем мал сойып өз замандастарын арнайы

шақырып алып, осылай әңгіме дүкен құратын еді. Жас шамаларында көп айырма жоқ. Көп дегенде төрт-бес жыл. Бірнеше қатар түзеп намазға жығылады. Жасына қарай алдыңғы қатарда Сәрсебай, Сәулебай, қақ ортасында әкем тұратын. Содан соң екі қатар түзеп өзгелер жайғасады. Сондағы оншақты қариялардан бұл күнде тірі жүргендері екі адам. Бірі әкем, екіншісі Рақымберді ақсақал. Рақымберді атам Отарда тұрады. Сөзге шешен, түйгені де, көргені де көп адам. Барған сайын әр нәрсені сұрап мазалай беретін едім.

- Ата, мәңгілік жасайтын ешкім жоқ. Сіздердің көздеріңіз кеткен соң ол әңгімені бізге кім айтады? Сізді әкем туралы көп біледі дейді жұрт. Жас кездегі көрген - білгендеріңіз, сауық-сайран, қызық-думандарыңыз жайлы айтып берсеңізші деймін. Кездескен сайын қоятын сауалым осы.

- Үй, атаңның көрі...дейтін күліп. Кенен екеумізді жиырма бестегі қылшылдаған жігіт деп ойлайсындар ғой деймін. Ол заманның көзден бұлбұл ұшқаны қашан! Біз де өздерің сияқты ат жалын тарап, айлы түнде қызды ауылдың иттерін талай шулатқанбыз, балам. Сай - сайдың арасымен із жасырып, ши түбіне ат шалдырған кездердің несін айтайын. Әкеңнің «аузы салымды» еді ғой. Құрығынан құтылған қыз - келіншекті көрген емеспін деп жан-жағына қулана қарап қоятын еді.

- Міне - міне, ата. Әңгімеңіз енді түзелді. Осындай қызықтарыңызды айтсаңызшы. Бізге керегі де сол деймін бастырмалата сөйлеп.

- Үй, атаңның көрі... Қызық-қызық деп қылқылдауын мұның. Айт десең басқа әңгіме жоқ па? Кенекеннің көзі тірі тұрғанда оным әбестік болар. Әлдеқашан ұмыт болған бал дәурен күннің тап қазір елесі де қалған жоқ. Сен «айт-айт» дегенде айтыла салатын нәрсе ме ол? Рақымберді ақсақал осылай деуін десе де көздері күлімдеп, сонау қызық шақтарын есіне алғандай арқаланып қалатын еді.

- Әкеңнің былай айтқан өлеңі бар. Білесің бе?

«Шіркін-ай, қайта келсе жастық дәурен,
Көзіңнен бір-бір ұшар өткен әурең.
Қасыңа қартайғанда бір келмейді,
Кетпейтін төңіректен талай сәулең.»

Кешегі өткен Жамбылдың да, өзге де ақындардың, Кененнің де мұндай күлдіргі өлеңдері көп. Олар суырып салма ақындар ғой, орайы келген жерде айтып тастап жүре береді. Жас кезімде осының бәрін есіме сақтап жүруші едім, ендігі жерде көбісін ұмытып қалатын болдым. «Кәрілік желкелеп мініп алды» дейтіні осы шығар. Жәкеңнің мына бір өлең шумақтары тұп-тура бізге арнап шығарғандай.

«Өксегенмен келмейді баяғымды,
Қымтап салар кемпір жоқ аяғымды.
Балалар қатын алып бермей қойды,
Босаңсыды деді ме таяғымды.

Жасымда жорға мініп, сұлу құштым,
Несін мақтан қылайын өткен істің.
Ұзынынан қысқасы озып кетіп,
Мәнісі де қалмады-ау бұл байғұстың».

Мен болсам жерден жеті қоян тапқандай әлгі сөздерді қойын дәптеріме жазып алып жатырмын. Рақымберді ақсақал менің осынша әбігер болғанымды қызық көріп отырған сыңайлы. Көздерін сығырайтып қулана қарайды.

- Ә, қу бала, осының бәрін ертең қыздарға оқып беріп, бөскелі отырсың-ау! дейді. Атақты Түбек ақынның бір қызбен айтысқанын білесің бе? Оны әкең де түгел жатқа айтып отыратын еді. Мен мұны Кенекеннен естігенмін.

...Түбек ақынның әбден қартайып, кәрілік дендеген кезі екен. Сол аймақта суырып салма бір ақын қыз шығып, той-томалақта өзімен айтысқан жігіттерді шеңіне келтірмей жеңе беріпті. Әбден мысы құрыған жігіттер Түбекке келіп:

- Біз мына қыздан әбден қорланып жүрміз. Бөрік кигеннің намысы бір деген. Сізге келіп отырмыз. Осы қызды бір сүрінтіп беріңіз деп қолқа салады. Сонда Түбек:

- Қарақтарым мен қартайдым, оның үстіне қызымдай баламен айтысқаным күнә болады. Әуре қылмандар деп жауап береді. Еліріп алған жігіттер онысына қарамай, қолтығынан көтеріп той болып жатқан үйге алып келіпті. Астына аю терісін төсеп, қара домбырасын ұстатып отырғызып қояды. Сонда Түбек ақын қызға қарата былай депті:

...Жігітке мал тұра ма бақ тайғанда,
Береді кім әкеліп жантайғанда.
Ақын қыз көңілімді көтере отыр,
Тұсыңа келіп тұрмын қартайғанда.
Атым жоқ ат дейтіндей атым Түбек,
Келіндер атамайды күлсалғыш деп.
Шырағым, көңілімді бір көтерші,
Қасыңа балапандай келдім түлеп.

Түбектің түр-тұлғасына, үстіндегі киіміне барлай қарап отырған сұңғыла қыз алдында дүр ақын отырғанын сезгенмен, тартынып қалуды өзіне намыс көреді. Айтыстың серті сол. «Күш атасын танымайды» дегендей шегіншектеп, үнсіз қалудың жөні жоқ. Өзіне тіс қайрап жүрген әлгі жігіттердің әдейі ұйымдастырып отырған ісі екенін білген ақын қыз:

Түбек-ау, егіз өліп, сегіз қалды,
Байларда мінілмеген семіз қалды.
Қар жауып басыңызға мұз қатыпты,
Түбеке, неңіз өліп, неңіз қалды? деп сауал тастайды.

Көздерін жұмып отырып тыңдаған Түбек ақын қыздың жұмбақтай айтқан өлеңіне жұмбақтап жауап беріпті.

Өлдіде Байшолақ ит, Башар қалды,
Кедейлеп хан баласы нашар қалды.
Бар еді үш «жабдығым» екеуі өліп,
Астымда қызыл сояу қашыр қалды.

Бір-бірін жыға алмай біраз жерге барысқан қос ақынға жұрт даурыға қошемет көрсетіп шуласады. Айтыстың дені жұмбақ - жауап болып өріліп жатыр. Екеуі де қалысар емес. Әсіресе қыздың сөзі тым ұтқыр, көп тұсында тапқырлығымен елді тәнті еткендей болады. Ақын қыздың аузынан шыққан әрбір сөзіне жиналған жұрт ду ете қалады. Арқаланып алған ақын қыз Түбекке тағы бір сұрақ қойды.

Өгіздің қырға салса күші мешеу,
Құдайды күпір болар десең екеу.
Жетілген жеті өнерің шал екенсіз,
Жұлдыздың аспандағы саны нешеу?

Бұл сауалға Түбек былай деп жауап береді:

Бола ма көлде қаймақ мұз болмаса?
Дәм бар ма жылқы етінде тұз болмаса?
Жұлдызды аспандағы еркек білмес,
Көп жатқан шалқасынан қыз болмаса.

Түбекті ертіп келген жігіттер айызы қанғандай мәз-мәйрам болып қалды. «Жарайсыз, Түке! Мойнына құрық түспеген асау қыз ғой. Алдына келсең тістейді, артына келсең тебеді. Өзін бір әулиедей көретін болу керек? Осы жолы әуселесін басып, алдымызға бір жығып беріңізші» деп даурығады әлгілер. Ақын қыз бұлардың ұлардай шулағанына қайта ширыға түскен сияқты. Домбырасын безілдете тартып арқалана түскендей. Сыпайы ғана күліп қойып өлеңін жалғастыра берді.

Ойласам, тәмәм адам бізден шыққан,
Ойласам, тәмәм дария көлден шыққан.
Екенін қыз әулие содан білгің,
Ақындар дәл өзіңдей бізден шыққан.

Бұл енді талас тудырмайтын ақиқат. Тірі жанның бәрі де аналықтан өрбіп, өсіп-өніп жатары даусыз. Қарт ақын қыздың бұл сөзіне қалай жауап берер екен деп жұрт ынтыға түседі. Түбек ақын мұны да жауапсыз қалдырған жоқ. Басқа қырынан келіп, өзінше пайымдайды.

Шырағым, шоттың сабын, шоттың сабын,
Тілегенде ұстармын қыздың шабын.
Ақындар біздей, біздей сенен шықса,
Неғып жүр түсіп кетпей ішек - қарның?

Айтыс осылайша жалғасып кете берер ме еді. Осы тұста ақын қыз айтысты тоқтатып: «Түбеке, ойыңыз түпсіз дария екен. Кенері жоқ өнеріңізге көзім жетті. Атамыздай кісі екенсіз. Айта берсек тілде буын, сөзде шек жоқ. Ендігі жерде үлкенмен жағаласып жатқандай болмайын. Ақын болса сіздей-ақ болсын! Батаңызды беріңіз» деп қолын жаяды. Сонда Түбек:

«Ұлың болсын орынды,
Қызың болсын қонымды.
Уызды екен өлеңің,
Тәңірім берсін жолыңды.
Қол бастайтын бір ұл тап,
Той бастайтын бір ұл тап,
Қолдап жүрсін әруақ!» деп бата берген екен.

Мұның шындыққа қаншалықты жанасатынын білмеймін. Кейін осы ақын қыздан Біржан сал туыпты деседі. Ел аузында осындай аңыз бар.

Мен осы жолы қояр да қоймай жүріп Рақымберді атадан тағы да бірнеше қызықты жайларды жазып алдым. Баяғы өзінің зілсіз айтатын «үй, атаңның көрі..» дегенді қайталап қойып әңгімесіне көшетін еді.

- Кенедей жабысып қалмайды екенсің өзі. Айтпайтынды айтқызып болдың ғой, дейді. Мұнысы реніш емес, әлдекімнен ақталғандай әсер етеді.

...Сәрсебайдың жалғыз ұлы соғыстан қайтпай қалды. Кенекеңнің Жапарбегі де сонда қаза болды. Мұндай қапалы жағдайды әркім де басынан өткерді ғой. Көптен бері басымыз қосылмай кетіп еді. Әрі көңіл сергітсін, әрі оңаша отырып әңгіме-дүкен құрсын деген ниетпен дастарқан жайып, өзіме пейілдес адамдарды қонаққа шақырдым. Келгендердің ішінде әкеңмен түйдей құрдас Есдәулет ақын, Құрманша, Мағылұмбек, Сәулебай, Оразбақ тағы басқалар бар. Бәрінің де жастары шамалас, жігіттік шақты бірге өткерген адамдар еді. Жас кездерінде бастан кешірген небір «хикаяларын» айтып, бірін-бірі әжуа еткендей қауқылдасып қалды. Кілең еркектер бас қосқан жерде бейауыз әңгіменің де айтылары сөзсіз. Әркім өз көргенін, естігендірін майын тамыза әңгімелейді. Кейде күлкіден қылқынып, үніміз шиқылдап шықпай қалатын кезі де болады. Ішіміздегі жасы үлкені де, көп білетін де Сәрсебай. Әңгіме айтуға ұста, қара өлеңге шебер еді ғой. Ақын болып аты шықпаса да, өлеңді табан асты ұйқастырып айта беретін. Енді бір орайы келгенде:

- Бәрің де шеттеріңнен ақынсындар. Құр босқа желіккенше мына Есдәулеттің бұтының арсындағы «қызыл сояуға» өлең шығарындаршы қәне, деді. Кәдімгідей шындап айтты.

- Оның бұтының арасында бірнәрсе болса жақсы, болмаса несіне арамтер боламыз дейді. Бірінің әзілін бірі іліп әкетіп шуласа күледі. Мұндайда табан асты тауып айту үшін де нағыз ақындық қырағылық керек.

Біраз ойланып отырып Құрманша бір шумақ өлеңін айтты. Онысы тым дөрекілеу, бәдіктеу шықты. Есдәулеттің өзі де арқалы ақын емес пе:

«Жанасудан қашпайтын «жануарым»,
Соңғы кезде бір әдет тауып алдың.
Аяғына жем түскен аттай болып,
Белі үзілген күшіктей ауырладың» деп өлеңдете жөнелді. Осыны күтіп отырғандай Кенен: «Ал құрдас, ендеше осының жалғасын тыңда» дейді жұлып алғандай:

«Кімге өкпелеп жатырсың «жарықбасым»,
Біреу теуіп кеткендей талып қапсың.
Таңға шапсам талмайтын тұлпар едің,
Аш бөрідей бүгіліп арып қапсың»

Екі ақынның жарыса айтқан өлеңіне күлмеген адам жоқ. «Екеуің де дөп басып айттыңдар. Кененнің шумағы тіпті ұтымды, ар жағынан бірақ түсті» десіп даурығады.

- Мұны азыңқырасаңдар жұмбақтап та айтып берейін. Ар жағын өздерің пайымдап алыңдар. Құрдастың «қызыл сояуының» кескін-келбеті мынадай шығар? дейді.

«Маңдайына қарасаң,
Жалғыз ғана көзі бар.
Таңлайына қарасаң,
Екі үлкен безі бар.
Қыздар тартып мінетін,
Қою қара жалы бар,
Өзі қызық жануар!»

Өзі де әрең отырған жұрт күлкіден «қырылып» қала жаздады. Кенен оларға қосыла күледі. Баяғыда мұны шалдар «топантай» деп атаушы еді. «Қызыл көрсе қылымсып қылмындайтын, топантай, қызды ауылға барғанда жылмындайтын, топантай» деп өлеңдетіп отыратын. Солардан естіген мынадай жұмбақ өлеңім де бар.

Есдәулет құрдастың құлағына алтын сырға. «Ат шаба ма, бап шаба ма?» дегендей бабын тапсаң әлі талайға сілтейді ғой ол немен. «Топантайыңа» өкпе артуың әлі ертерек. Оның да өз қылығы, қулығы бар деп Кенен отқа май құйғандай болады. Әлгі жұмбақ өлеңнің бір шумағы мынау:

«Қу түлкі» қызыл інге кіріп кетті,
Боларын бір қызықтың біліп кетті.
Қайтарда осы жолмен алармын деп,
Қоржынын босағаға іліп кетті.

- Расында тауып айтылған жұмбақ екен. Кенеке. Тағы нең бар айта түс. Соңғы бес-алты жылда дәп осылай күлмеген шығармын дейді Сәрсекем. Жапырыла күлген жұрттың тынышталғанын күтіп отырған Кенен тағы бір әңгіменің ұшын шығарғандай болып еді.

- Еркек деген бір түрлі дегбірсіздеу, қиянатшылдау жанбыз ғой. Әлде жаратылысымыз сондай ма? Әйел затына қарағанда қысастығымыз да басымыздан артылып жатады. Жақсы жағымыз да, жаңсақтығымыз да көп. ...Қайтыс болған сондай бір қырғыз жігіттің келіншегі күйеуінің моласының басында жылап отырып:

Әле бір қылығың есіме түшкенде,

Сүйіп-құшқым келеді-ау!

Әле бір қылығың есіме түшкенде,

Молаңа т.....м келед-ау! деп жоқтау айтқан екен.

Қырғыздың мақамына салып, даусын құбылтып, шынымен жылап отырғандай етіп орындайды. Ішек-сілесі қатқан жұрт көпке дейін күлкісін баса алмай ұзақ шуласты..

- Осы дуылдасып отырғанымыздың өзі бір сәттік қана дүние. Бүгін бармыз, ертең жоқпыз. Әлгі қырғыз келіншектің айтқаны бәріміздің де басымызда бар нәрсе. Біз өлген соң қай қылығымызды айтып жылайтынын құдай білсін! деп еді.

Қайран жастық шақ! Зымырап өте шықты. Көз көргендердің бәрі де бір-бір төмпешік болып ауыл сыртында жатыр, балам. Солардан қалғаны Кенен нардай шөгіп Қордайда отыр. Менің де қанша жүретінімді бір алла біледі. Кенекең өлеңінде айтатын әлгі «от жақпайтын ауылға» біз де барып жайғасармыз. Атаңның көрі...Осының бәрін Рақымберді атам айтты деп жұртқа жайып жүрме. Келіндер, немерелер бар. Біз өлгеннен кейін де үлгересіндер ғой дейтін жарықтық.

XXXX

*«Таланттар - раушан гүлі сияқты, жан-жазына
жұпар шашады, көңіл ашады. Тікені, азабы - өзіне.
Талантсыздар - шошқа тікен сияқты. Гүлдемейді.
Азабы - өзгеге. Жамандық солардан».*

Шерхан Мұртаза

«Атақты адамның достары да, қастары да көп болатыны неліктен? Өзгелерді қайдам дәп осы Кененге ешкім қастық жасай қоймас деп ойлаушы едім. Жасынан жетімдік пен жоқшылықты бір кісідей көріп өсті. Бұдан кейін де халық басына түскен небір нәубәтті ел-жұртымен бірге көріп, бірге бөлісті. Байларға жағынған жоқ, қай уақытта болса да әлсіздерге болысып, кедей-кепшіктің сөзін сөйледі. Әділет пен ақиқатты айтудан айнып көрген емес. Оған бүкіл өмірін, өнерін арнады.

«Жау қайда деме, жар астында, бөрі қайда деме, бөрік астында» дегенді халқымыз қандай тауып айтқан! Сәкен де, Ілиас та халық жауы болып шығыпты. Халыққа қарсы іс-әрекет жүргізіпті. Сондайларды түгел ұстап, абақтыға тығып жатыр екен дейтін сөздерді естігенде жүрегім алабұртып, есім шыға қорқатын едім. Оқуым жоқ, қырда өскен қарапайым әйелге мұның өзі ақыр заманнан да сұмдық болып көрінеді екен» дейтін шешем сол бір ел басына төнген зұлмат кезеңді есіне алғанда.

- Бәлкім, үкімет болған соң жазып жүрген қағаздарынан әлде бір қателік кеткен шығар? Соны дұрыстап ұғындырса не істей қояды дейсің? Түсінеді ғой. Олар да адам емес пе? деп өзімше жорамал жасап, көңіл жұбатамын. Бұл енді шарасыздықтан туған, өзімді өзім жұбатудың қарапайым жолы еді. Әсіресе қолымнан талай келіп дәм татқан Ораз Жандосовты ұстап, жер аударыпты дегенді естігенде екі-үш күн бойы көзімнен жас тыйылмай жылағаным әлі есімде.

- Е, е оны ұстады дегенше, Кенен де кетті десеңші! дейді іштегі бір ойым. Совет шыққалы Ораз бен Кененнің жұбы жазылған жоқ. Әсіресе, Кенен ревком болып сайланған соң Оразбен екеуінің арасындағы байланыс бұрынғыдан да тереңдей түсіп, қалтқысыз достыққа айналғандай еді.

Жамбыл мен Күләштың шашбауын көтеріп Мәскеуге барғаны былтыр ғана емес пе еді? Кремльде ән салдым, Сталинді көрдім демеп пе еді? Сондағы небір әңгімелерін айтып арқаланып жүрген Кененді ұстай қоймас. Өзімді өзім осылай жұбатамын. Мәскеуде адасқанын өлеңіне қосып, жұртты талай күлкіге батырғанын еске аламын.

Аштықтан бас сауғалап қырғыз асқанымыз кеше ғана. Бүкіл қазақты баудай түсірген бұл нәубеттен әрең құтылдық па дегенде, енді мынадай пәле тағы келді. Бұдан қайтсек құтыламыз? Түнімен құдайға жалынып, әруақтарға сиынып жаным қиналатын еді. Менің көздерім қызарып, солғын тартқан жүзімді көрген Кенен:

- Насиха, бір жерің ауырып жүрген жоқ па? Сонша күйзелетіндей ештеңе жоқ. Бәрі де құдайдың қолында. Бәрі де өз қалпына келер. Өзіңді өзің жегідей жегенің кімге зәуір? дейді.

Ер адам болған соң сабыр шақырып, жұбатқан болады. Қаншама байсалды сөйлегенмен даусында әлде бір қобалжу, болар-болмас діріл байқалып қалатын. Әйелдің жүрегі сезгіш қой. Онысын білдіргісі келмесе де, ішкі түйсігім бір жамандықтың боларын сезгендей болады.

...Жүрегім алдамаған екен. Сол күні Кенен үйге ертелеу оралды. Өңі куқыл тартып, көңілі қобалжулы екен. Асқа да тәбеті жоқ, домбырасын шертіп біраз отырды. Көзінде мұң, ешнәрсеге зауқы жоқ, сүлейсапа күй кешеді. Осындай көңіл-күйін баяғыда Базар - Назардан айрылғанда көрген едім. Онда да дәл осылай өз ойымен арпалысып, бөлек бір дүниеде жүргендей ұзақ отыратын. Сырласатыны тек домбырасы ғана.

Расында, жүрегім алдамаған екен. Осыдан бірер күн бұрын қара мәшине мінген екі-үш адамдар келіп кетті. Кененнің үйде жоқ екенін көріп:

- Жеңгей, Кененге айтыңыз. Келген бойда аудан орталығына келсін. Жиналыс болады, соған шақырып келдік деген.

Бірақ әлгілердің үйді тінтігендей жан-жағына сұқтана қарағандары ұнаған жоқ. Көңіліме күдік тудырды. Кененге осыны айтқанымда мырс етіп күлген де қойған. Ерінің қас-қабағына үйренген әйелдің әдеті. Мен де сәл тыныштанып, сұғанақ танытқан жоқпын. Бірақ, осыдан соң Кенен үйдегі жазған қағаздарын аударыстырып біразын отқа жақты. Қабырғада көсемдердің біраз суреттері ілулі тұратын. Олардың кім екенін ажырата алмайтын да едім. Солардың кейбіреулерін алып қалып, енді бірін отқа тастай салды. Енді міне домбырасын бірінші рет көргендей өзімен өзі болып үнсіз отыр. Ұзақ үнсіздіктен соң:

- Насиха, мен ертең ауданға жүремін. Бір тықыр маған да тақалған секілді. Кеше кеңсеге барғанымда бәрі төмен қарап, менімен сөйлесуден қашқақтайды. Кеңесші жігіт бәрін айтып түсіндірді. Мені де хаттап беріпті. Тіпті Ораз Жандосовқа шығарған әніме дейін айтып бергенге ұқсайды деді терең күрсініп.

- Оларың кімдер екен? Сені көрсеткендер құдайын ұмытқандар шығар? Неде болса, сол жерде айқасып, қолында өлмедің бе? деймін. Әйелдің әдеттегі мінез танытуы ғой. Болмаса ішімді от жалап кеткендей, көмейіме өксік келіп, енді аз болса дауыстап жылардай күйде тұрмын. Соны сезе қойған Кенен ымдап қасына отырғызды.

- Сабыр етейік, Насиха! Оны істеп жүргендер өзіңнің бауырларың. Түбін кусақ маған да алыс емес ағайындар ғой. Біліп істегенін, білмей істегенін қайдам? Ақ, аққа- құдай жақ. Менің сенерім осы. Тым кешігіп жатсам, екі қызды алып әкеңе көшіп бар.

Осылай деудің өзі Кененге қаншалықты ауыр болып тұрғанын іштей сезіп отырмын. Өзі де ішкі толқуын әрең басып, жаны астан-кестен күй кешеді. Талай жылдар сырмінез болған көңілім онысын айқын біліп, сезіп тұр. Көзіме келіп қалған жасымды орамалымның ұшымен сүртіп жіберіп, бетіне күле қараймын:

- Япырай, бір жола кететіндей таусыла сөйлейсің ғой! Талай-талай айлап жолыңды тосатын Насихаң емеспін бе? Жиналысқа барып, жөніңді айт. Ешқандай кінәм жоқ де. Құдай жар болсын, ертең-ақ төбе көрсетіп қаларсың. Менің әзілдей сөйлегеніме күліп қойды.

- Оның рас. Көңіл түкпірінде ешқандай қобалжуым жоқ. Өзі де солай болатын шығар, деп мойнымнан құшақтап еді.

Екі-үш күн өтті, апталар өтті Кенен оралған жоқ. Алғашқы күндері «Кенен ауданда екен, сонда ісі қаралып жатыр» деп барып келгендер айтып келетін. Содан біраз уақыт өткенде «Кененді Алматыға алып кетіпті, ендігі мәселе сонда шешілетін болыпты» деген хабар естідім. Қолдан келер шара қайсы? Хат жазып, сәлем жолдайтын да ешкім жоқ.

Қамыспен жапқан жұпыны там. Қуықтай ғана екі бөлмеде Ұлтай мен Төрткенді екі жағыма алып түн баласы кірпік ілмей шығатын күндерім канша? Далада әлдене сытыр ете қалса Кенен келе жатқандай басымды жұлып алатын едім. Күздің аңызағы соққанда желмен қоса төбедегі қамыстар да азынап үн шығарады. Уілдеп, ызындап үрей шақырғандай. Қыздың жаны нәзік. Әкелерінің мойнына асылып асыр салатын екі қыздың да мінез-құлқы күрт өзгерді. Бұрынғыдай емес дауыс шығармай үнсіз ойнайды. Бұлардың үйде бар-жоғы білінбейтін де секілді. Тек қана біздің отбасы емес, бүкіл Қордайдың сай-жырасы, сары даласы терең күрсініп, құлазып қалғандай.

Кененнен ешқандай хабар жоқ. Өне-міне деп көңіл алдаусыратып жүргенімде екі ай өтіпті. Бір күні әкемнен хабаршы келді. «Балаларды бізге әкеп тастап, Алматыға барып қайтсын» деп сәлем айтқан екен.

«Жаман әйелдерге ұқсап етегімді көл қылып жылап отыра берем бе? Сонда Кененді маған біреу әкеп бере ме? Оның артынан іздеу салатын кімі бар? Жалғыздың үні шықпас...Неде болса барып келейін, өлі-тірісін біліп қайтайын» деген ой өзімді де мазалап жүретін. Әкенің мына сөзінен кейін тез-тез жиналып, жолға шықтым.

Алматыға Кененмен бірге екі-үш рет барғаным болмаса қаланы мүлдем білмейтін едім. Қолымда жаздырып алған тілдей қағазым бар. Онда «жазушылар үйі» делінген. Басқа ешқандай мағлұмат жоқ. Сұрай-сұрай әрең таптым. Бір қазақтың жігіті ертіп әкеп: «Жеңгей, ақын-жазушылардың үйі осы» деп бір қоңыр үйге кіргізіп жіберді.

- Айналайындар, Кенен деген ақынның әйелі едім. Елден іздеп келдім. Тауып беріңдер, деймін. Менің сырттың адамы екенім түр-тұрпатымнан да көрініп тұр. Оның үстіне қысылғаннан даусым әрең шығатын сияқты. Кейбірі «Білмедік, жеңгей!» деп өтіп кетеді. Әркімнен бір сұрап тұрғанымда даусы шіңкілдеген, денесінде қырып алатындай еті жоқ, көзі бадырайған арық бір жігіт қасыма келіп:

- Кененнің әйелі сенсің бе? Оны несіне іздеп келдің? Кенен халық жауы болып шықты. Бітті. Елге қайта беруіңе болады, дейді тісін ақсита. Күліп тұрғанын да, кекетіп тұрғанын да білмеймін. Құлағым шыңылдап, қоржынымның үстіне отыра кеттім. Қорыққаннан болу керек, көзімнен жас шықпайды. Тек әлгі кісіге бадырайып қарап қалыппын. Әлгінің ақсиган тістері қашқақтап ел жетінде жүретін қарсақты елестеткендей еді.

- Енді қайда барамын? Бітті деді ғой. Атып жіберген екен ғой! Қайран Кенен, ендігі көрмегенім осы ма еді? Көмейіме бірдеңе кептеліп қалғандай, үнім шықпайды. Құр орамалыммен бетімді басып, шайқала берген болуым керек. Біреу иығымнан түрткендей болды. Басымды көтерсем орта бойлы

караторы жігіт қарсы алдымда тұр екен. «Жеңгей, менімен жүріңізші» дейді қолтығымнан сүйеп. Үні жұмсақ, жүзі де жылы екен. Бір қолына менің қоржынымды алыпты. Екінші қабатқа көтеріліп, әлгі жігіттің қызмет бөлмесіне келдік. Стаканға құйып су берді. Өкісігімді басқанша біраз күтіп отырды. Неде болса бар шындықты осы жігіт айтатын шығар! Сабыр сақтап артын күтейін.

- Жеңгей, мен сізді танып отырмын. Анау бір жолы Кенекеңнің қасынан көргенмін. Кенен тірі. Қаладағы бір жерде жатыр. Оған ешкімді кіргізбейді, жолықтырмайды. Сондай бір заман туып тұр. Сабыр етіп, елге қайтқаныңыз жөн болар. Ол кісі Жамбылдың шәкірті, атағы елге ерте тараған адам ғой. Бәлкім, босатылып та қалар?

Биязы жігіт осылай деп есікке дейін шығарып салды. Қоржынымды иығыма салып салбыраған күйі вокзалға қалай жеткенімді білмеймін. Ол уақытта қазіргідей емес жолаушылар пойызы сирек жүретін. Жұрт көбіне тауар таситын кез келген вагонға мініп баратын жеріне жетіп алатын еді. Мен де Отарға қарай жүретін жүк пойызының біріне ілініп кері қайттым. Ойым сан-саққа жүгіреді, жүрегімді біреу уысына алып, қысып жібермей тұрған секілді. Көңілім алабұртып, мең-зең күйде келемін:

- Тағдырдың бізге артқан ауыртпалығы аз болып па еді? Әлде талай төгілген көз жасымды құдай көрмейтін болғаны ма? Жоқшылық зары, баланың зары, аштықтың зары! Тәңірім-ау, осының бәрін бір адамның басына үйіп беретіндей кінәм қайсы? Тізіліп келіп, жанымды жегідей жеген көп ойлар, шегі жоқ шерлі ойлар. Енді бірде пойыздан секіріп кетсем бе екен? Айдалада мені кім таба қояр дейсің? деген де ой қылаң беріп қалады.

«Үш күннен соң адам көрге де үйренеді» деген рас екен. Басыңа түссе – баспақшы. Бұл күйге де біртіндеп көне бастадық. Кенен бардағыдай емес, үйге келетін адамдардың аяғы сап тиылды. «Халық жауының қызы» деп Ұлтайды комсомолдан шығарып тастады. Қыз баланың мұңайған жүзін көріп отырудың өзі қандай азап. Ең жақын, жанашыр дегендердің өзі күндіз жолығып қалса ернінің ұшымен ғана сәлемдесіп тез кетуге тырысатын. Енді біреулері түннің бір уағында келіп, аман-саулық сұрасып кетеді. Ұйпа-тұйпа, үрпиген тірлігіміздің сиқы осындай. Кененсіз ешкімге керегіміз жоқ екен-ау! деп қатты налйтын едім.

Бір жолы дүкен алдында маған аталас туыс болып келетін бір жігіт кездесіп қалды. Кеңес алғаш шыққанда Кененмен тіресіп, қыр көрсетіп жүретін еді. Аталары кәмпескеге түсіп жер аударылып кеткен. Кезінде қызыңды маған бер деп әкеме талай қысастық көрсеткен жігіт. «Осындайларға адамның қиялын бергенше, есектің құлағын неге бермейді екен?» деп әкем ашуланып қалатын. Кененге жолығып қалған сайын:

- Қолыңдағы қу таяғың болмаса (домбырасын айтады) кеше сен кім едің? Мен кім едім? Келер кезек деген. Көреміз әлі! дейтін тістеніп. Сол жігіт осы күні ауылдың бір белсендісі болыпты деп естігем. Менің түр-тұрпатыма, оты қашқан көздеріме қарап:

- Кененнің барында шашаңа шаң жұқтырмайтын қатын едің. Қайда әлгі сақылдаған күлкің? Сүзектен шыққандай көздерің аларып, көтерем болып қалғансың ба? деді. Менің сөзімді тосқан да жоқ атын тебініп жүріп кетті.

Маған ол қарқылдап күліп бара жатқандай көрініп еді. Үйге келген соң Кененнің ілулі тұрған кеудешесін кеудеме қысып жылайын кеп. Ешнәрсе түсінбеген екі қыз көздері жаутаңдап қасымнан шықпайды. Олар да қосыла жылап отыр.

Кененнің татар дәмі бар екен. Алты-жеті айдан соң босанып келді. Жак сүйектері адырайып, жүзі солғын тартыпты. Көптен алынбаған сақал-мұрты ұйпа-тұйпа. Нұры қашып шүңірейген үлкен қоңыр көздері ғана қалғандай. Өзі де ұзын адамның арықтағаны тіпті оғаш көрінеді екен. Аяқ-қолдары жіп-жіңішке, түртіп қалсаң сынып кететіндей. Оған қарап жатқан кім бар? Екі қыз екі жағынан боздап келіп мойнына асылады. Оларға аңырап келіп мен қосылдым. Үшеумізді қанатының астына алған алып бүркіт секілді ұзын қолдарымен қапсыра құшақтап баурына тартады. Мұнда жыламағанда қайда жылайсың? Көзімнен аққан жас Кененнің омырауына тамып жатыр. Кенен де көзіне жас алып, жасып қалды. Бірақ мұнымыз сағыныштан, қуаныштан төгілген жас еді.

Кенен аман-есен келген соң түтініміз түзуленіп, отбасының шырайы қайта кіргендей болды. Ағайын-туысқандар Кененді бүгін көргендей айналсоқтап үйден шықпайды. Әрнәрсені сұрап, суыртпақтап білгісі келеді. Табиғатынан сақ, сұңғұла Кенен әлгілердің сұрағына ақтарылып жатпайды, алыстан орап жалпылай жауап береді. Келген күні-ақ маған:

- Әлдекімдер түртпектеп сұрай қалса: «Ақталып келді ғой әйтеуір. Үкімет ақ-қарасын тексеріп әділдігін айтыпты. Өзі адал адамға олар да аса шүйлігіп жатпайды екен, деп қоя сал. Аузыңа ие бол. Басқа пәле тілден дегенді қатты ескертіп еді. Түнде май шамның жарығымен ұзақ отырып өлең жазатын әдеті. Онысын ертеңінде шай ішіп отырып маған оқып береді. Сондай бір сәтте:

- Ағайынның бәрі бірдей жаман десем күнә болар. Бірақ солардың ішінде де ала-құласы көп болады екен. Оны басыңа қиындық түскенде айқын сезінесің. Сондай жаман ағайындарға арнап бір-екі ауыз өлең шығарып қойдым. Тыңда, оқып берейін:

«Жамандық болса «шоқ- шоқ»
Жақсылық болса «топ-топ».
Жамандық келсе - жалтаң,
Жақсылық келсе - жалпаң.
Үйіңе кірсе - дүбір,
Үйіңнен шықса - сыбыр.
Жақсылығыңа тоймас,
Жамандауын қоймас.
Сыртыңнан қарғыз айтып,
Көзіңе алғыс айтып,
Қыр соңыңнан қалмас».

Жылдар жылжып өтіп жатты. Көңіліміз орнына түсіп, кем-кетігіміз толысқандай болды. Кешегі бастан кешкен зұлмат та ойдан біртіндеп шыға бастаған секілді. Кенен де сол баяғы қоңыр домбырасын қолынан

тастамайды. Колхоздың жұмысы біте ме? Қызу науқанның бәрі де Кененсіз өтпейтіндей көрінетін. Кейде қолындағы домбырасын қоя салып, колхозшылармен бірге шөп шабады, қой тоғысады, қырмандағы қызу жұмысқа кірісіп кететін еді. Адам баласына кектену дегенді білмейтін едік. Алайда менің көңілімнен баяғыда естіген сөз шығар емес. Жүрегімде мұз болып қатып қалған тәрізді. Әйел емеспін бе соның қарымын бір қайтарсам деп ойлайтын едім. Бір жолы Кененге осы жайды айтып бердім:

- Осы күні сенің сөзіңді ешкім жерге тастамайды. Үкімет алдында абыройың да жоқ емес. Достарың да жетерлік. Солардың біріне айтып, өзіңді ұстап бергендерді, баяғыда мені қорлаған жігітті бір тұқыртып алмайсың ба. Соттатпай-ақ, жандарын көзінің ұшына бір келтірсең, құдайын таныр ма еді? дегенім бар. Менің бұл сөзіме Кенен ұзақ күлді.

- Бәсе, басынан сөз асырмаған батырдың ұрпағысың ғой! «Тас атқанға, ас ат» демеуші ме еді? Біреу білмей істейді, біреу көре алмай істейді. Ондайлардың бәріне шабалана берсек кім болғанымыз? «Өзіме үргендерге қарсы қосыла үрсем аузымда қасиет қала ма?» дегенді Мұхтар Әуезов те айтыпты ғой. Көрде тұр бәрінің ретін құдайдың өзі-ақ табады. Шілтідей тозып, малының қайда, жанының қайда қалғанын білмей де қалар, деген.

Кейін соғыс басталғанда солардың бірсыпырасы соғысқа кетіп келмей қалды. Келе-келе әлгілердің отбасы да тоз-тозы шығып, арт жағы құймышақтанып барып жоқ болды. Әлгі Кененді айбаттап, маған тіл тигізген жігіт аттан құлап дүние салды. Артында тұяқ та қалған жоқ. Соны көріп кейде: «Япырмай, осы Кененнің әулиелігі де бар-ау!» деп ішімнен тәубе айтатын едім. Бұл ойым негізсіз де емес. Ақын болғандықтан да болар Кенен кек сақтамайтын, өте кешірімді еді. Бірақ әлдебіреуге қатты налыса немесе біреудің қысастығын көріп қатты күйзелсе болды, әлгі адамның ісі оңға баспай, берекесі кетіп, өз-өзінен шілдей тозып бітетін еді. «Маған біреуге қарата қатты сөз айтуға болмайды, кием бар-ау деймін!» дегенді өз аузынан да талай естідім.

Сол жолы маған жылы сөз айтып, жұбатқан жігіт Мұқаметжан Қаратаев болып шықты. Оны да көп уақыт өткен соң Кененнің өзі айтты. Көзі ашық, оқығаны бар жас жігіт әлдекімге телефон шалып, Кененнің қамауда жатқанын, Жамбылдың шәкірті екенін, үлкен өнер иесі екенін білдіріпті. «Соның себі тиген болу керек. Менің ісімді тез арада қарап, кінәсіз деп тауып, босатып жіберді» дейтін Кенен сөз арасында. Өзінің кейініректе жазған «Достарым» деген өлеңінде Сәбит, Тайыр Жароков, Борис Ерзаковичтерді атай отырып осы жайды бір ауыз шумақпен келтірген екен.

«Сегізінші, Қаратаев достың бірі,
Кетеді шындықты айтсаң көңіл кірі.
Түрмеде жатқанымда жәрдем берген,
Себепкер жүргеніме елде тірі».

Сөйткен Мұқаметжанның өзі де бір емес, екі дүркін халық жауы дейтін тізімге ілініп жер аударылды. Жігіттің бағы тайса, қаңбақтай ұшырып ала жөнелетін тағдырдың мұнысына не дерсіз? Қанша тәлкекке салса да, табанға

салып таптаса да мойымайтын, болаттай берік адамдар болады екен. Мұқаметжан сондайлардың қатарынан болса керек. Ақыры аман-есен елге жетіп, бұл күндері дардай ғалым атанып отыр.

Осы жайларды Кенен ептеп ұғындырған болады. Маған бәрібір түсініксіз. Бәріне «жақсы адам» немесе «жаман адам» деп қана қарайтын менің ұғымымда, оның ар жағында не жатқаны беймәлім. Менің пайымдауымда бір ғана түйін бар. Пейілі жақсы адам жақсы ғұмыр кешуге тиіс, жаман адам өшуге тиіс.

Сәбит, Тайыр сияқты Мұқаметжанның отбасымен де көп араластық. Қалаға барған сайын Кенен екеуміз Мұқаметжанның үйіне соқпай кетпейтін едік. Қай уақытта көрсең де қорғасындай салмақты, нені айтса да баппен, байыбына бара сөйлейді. «Осы жігіттің болмысы ерекше-ау! Қандай салмақ түссе де көтеріп кете баратын қара нар сияқты. Қыстың ақпан боранына, жаздың нөсер жауынына ғасырлар бойы шыдас беріп, қасқайып тұрған Қордайдың шыңдарына ұқсатамын» дейтін.

Кененді кезекпен қонақ етеді. Қасында жүріп талай үйдің дәмін татып, талай әңгіме естіп қайтушы едік. Соның өзі-ақ ойымды сергітіп, жанымды байыта түскендей. Оқып- тоқығаны көп қала әйелдерінің білмейтіні жоқ. Бір бөлмеге оңашалана қалып әңгіменің томағасын ағытар еді. Оның қисындысы да, қисынсызы да көп сияқты. Сөз арасында өзім «періштеге» балап жүрген адамдар жайлы да естіп қаламын. «Анау сөйтіпті, мынау бүйтіпті. Бәленді құртқан сол» дейтін сияқты әңгімеден құлағым шыңылдап, басым айналатын еді. Ара-арасында осы Мұқаметжан туралы да айтып қалады. Ондайда бұйығы өскен ауыл әйелі емеспін де? Құлағыма дейін қызарып кетеді. Әлгі сөзді өзім айтып отырғандай берекем қашатын еді. Орнымнан сырғып, бөлектеу барып отырамын. Орысша білім алған, тілге жетік, көргендері көп әлгі әйелдердің мұнысына әрі таңғалып әрі қинала қараушы едім.

Кейін үйге келген соң естігендерімді, көңілге түйгендерімді Кененге айтамын. Ол үнсіз тыңдап, көбіне үндемей құтылатын еді.

- Қатар жүрген замандастар емес пе? Бір біріне кектенетіндей не көрінді сонша? Бірінің нәсібін бірі тартып алмаған шығар? Бөлісе алмай жүргендері не сонда? Ертең-ақ бәрі де адыра қалады ғой! деймін. Кенен үндемеген сайын шырыға түсемін.

- Насиха, мәселе сен ойлағаннан әлдеқайда тереңде жатыр. Соған басынды қатырып нең бар? Көрдім деген көп сөз, көрмедім деген бір сөз. Бәлкім, сол әйелдер әрнәрсені қасақана айтып сенің де ойыңды білгісі келген шығар? Бақталастық, өсек-аяң, қызғаныш деген адамдардың арасын алыстатып жіберетін әзәзіл нәрсе. Біздің қайғы-қасіретіміз де осы. Кенен шылымын орап біраз отырды. Содан соң «есінде болсын» дегендей менің бетіме қарап:

- Өршеленген өртті тоқтату үшін алдын орап ор қазбаушы ма еді? Сол сияқты өсек-жаланың жолын кесудің бір ғана тәсілі бар. Өзіңе жеткен «әзәзіл» сөз өзіңмен қалсын. Сонда ол ары қарай өршімейді, сол жерде өледі, деген. Үні зілді шықты. Іштей ашуланып отырғанын сезе қойып, мен де тына қалдым. Қайтып бұл жайға оралған емеспін.

Ұзақ жылдар қасында жүріп Кененнің асып-тасығанын, біреу жайлы айбат сөз айтқанын көрмеппін. Үлкенге де, жасқа да бірдей кішіпейілдік көрсетіп, сыпайы жүретін. Сирек ашуланатын еді. Тіпті ашу шақырған күнде де өшін өзгеден емес өзінен алғандай бұлқан-талқан болатын еді. Үйде жүрген бізді көрмегендей, қолындағы қамшысымен босағада ілулі тұрған киімдерді, үйдің қабырғасын, бұрыш-бұрышын айнала сабап шығады. Ашуы басылып, сабасына түскен кезде қасына келіп:

- Қай жының түртті сені? Қабырға сабалап бақсы болып кеттің бе? деймін. Менің сөзіме күліп қоятын еді. Қайтымы тез адамның ашуланған кездегі бар айтатыны «пәтшақар» деп ұрсатын. Соңыра:

- Қайдам, Насиха! Үйдің бұрыш-бұрышына шайтан қаптап, жын толып кеткендей, көзіме ешнәрсе көрінбей кететіні бар, деп мойындайтын.

Кененнің жастау кезі. Жас болғанда да қырыққа аяқ басып, ел ағасы атана бастаған шағы. Алматыда үлкен бір жиын өтті. Соңында қалаға жақын тұратын бір жігіт жиынға қатысқан бірсыпыра ақын-әншілерді үйіне қонаққа шақырған болатын. Ол кезде де ішімдіксіз дастарқан болмайды. Кенен де ептеп ұрттайтын еді. Бірінен бірі өткен бәрі де арқалы ақындар. Домбыраны кезекпен іліп алып ән шырқайды. Түннің бір уағына дейін дуылдасып отырды. Кезегі келгенде Кенен де домбырасын күйлеп әндерін айтады. Ол кездегі даусы қандай? Кенен әнін бастаған сәтте у-шу болып отырған қонақтар сілтідей тына қалатын. Жаңадан шығарған әндерінің бірін енді бастағаны сол еді оң жағында отырған жігіт:

- Осыны да ән деп салып отырсың ба? деп қолындағы домбырасын жұлып алды. Арақтың буы ма, әлде қызғаныш па білмей қалдық. Жұрт аңтарылып, әлгі жігітке бір, Кененге бір қарайды. Әлгінде ғана төкпе жыр айтып елді бір желпіндірген жігіт оны сезіп те отырған жоқ.

Кененге көз тастап едім жүзі қуқыл тартып, тістеніп отыр екен. Құлағына аузымды тақап, сабырға шақырып үлгіре де алмадым. Оң қолымен әлгі жігіттің төсінен қойып кеп жіберді. Шалқасынан кеткен жігіт сілейді де қалды, қимылсыз жатыр. Жұрт «өлді» деп шу ете түсті. Кененнің шын ашуланғанда бес алты адамға дес бермейтін қайратты екенін білетін жүрегім суылдап, есім шығып мен отырмын. «Қолы да шоқпардай еді, кәдік болып өліп қалмаса екен!». Бетіне су бүркіп жатып әлгі жігітті әрең тірілтіп алдық. Бұдан әрі отырудың қисынсыз екенін біліп тез жолға шығып кеттік.

- Мұның не Кенен? Жын соқты ма сені? Ақымақпен ақымақ болғандай. Адамға қол көтермейтін едің ғой? Елге күлкі болдық, деймін. Сөзімді үнсіз тыңдап отырған Кенен бүкіл денесімен маған шұғыл бұрылып:

- Күлкі болған мен емес. Өнердің қадір-қасиетін силамаған жаңағы көргенсізге күлсін! Әкеме тіл тигізіп, өзімді балағаттап жатса қыңқ етпес едім. Ал мұнысы шектен асқандық. Домбыраны маған он жасымда ол емес, құдай қалап ұстатқан. Оны жұлып алатындай кім еді ол сонша? деді. Ашусыз, салмақтап айтты. Тереңдеу ойласаң Кененнің мұнысы да жөн-ау!

Кенен өле-өлгенше халық жауы болып ұсталғанын бір жанға айтпай кетті. Маған да осыны қатты тапсырған. Өзі де кеш көрген балалардың көңіліне қаяу салып қайтеміз. Бұлардың заманы бөлек, түсінік-пайымдауы басқаша. Кейін ақыл тоқтатып, оңды-солын білетін шаққа жеткенде

ақ-қарасын өздері тексере жатар. Егер өзгеше бір уақыт келіп, қоғам өзгеріп жатпаса білмей-ақ кеткендері жөн. Кенен осылай деген соң бұл туралы мен де тіс жарып көрген емеспін.

Кейде сөздің орайы келгенде:

- Кенен, баяғыда алып қойған партбилетінді қайтып бермес пе екен? Ендігі бәрі ұмытылған шығар? деп сұрағаным бар.

- Оны не істейсің? Төрге іліп қояйын деп пе едің? деген сөзімді күлкіге айналдырғандай. Бір жолы қонақ боп келген Сәбит Мұқанов та осы жайды есіне түсіріп:

- Кенеке, кеңестер үкіметін құрысқандардың ішінде сіз де, мен де бармыз. Асыра сілтеудің таяғы бәріміздің басымызға бір-бірден тиіп шықты ғой. Бүгінде көш түзелді, тынысымыз кеңейген сыңайлы. Енді үкіметке өкпеңіз жоқ шығар? Осы қазір коммунист боламын десеңіз де ешкім шаужайыңыздан қақпайды. Билет әпер десеңіз әперейін. Көш басында Дінмұхамед балаңыз отыр, сізден бір ауыз сәлем айтсам болғаны, деген. Сәбиттің әзілдеп емес, шындап отырғанын көрген Кенен біраз ойланып отырды. Ақынның мұнысын келісті деп ойлап қалған болу керек Сәбит сөзін одан әрі жалғастырып жатыр:

- Баяғыда Ленин қайтыс болғанда бүкіл әнші-композиторлардың ішінде сіз ғана жоқтау ән шығарған екенсіз. Ән болғанда да қандай ән! Ондай әнді әкесі өлгенде де ешкім шығармаған шығар? Сәбиттің аңқылдаған мінезін жақсы білетін Кенен бұған жымиып күліп қойды.

- Айтқышсың-ау, інім! Қос ішек домбырада, қос өркеш түйеде, қос канат құста ғана болмай ма? Адамның ғұмыры біреу-ақ. Алатаудай қатпар-қатпар созылып жатқан өмір жолы. Қай қалтарысында қуанышы, қай тұсында өкініші қалғанын адамның өзі ғана біледі.

Ар жағы Шыңғысхан, бер жағы Абылай, Қабанбай, Бөгенбайлар өлгенде де талай жырдың томағасы алынып, талай сөздің тығыны атылған. Өткеннің бәрі тарих. Кез келген ақын-жыршы өзінің емес өмірдің ыңғайына қарай жүреді. «Тұсында әділ заман бағаландым, арманда кеткен екен бұрынғы өлең» дегенде мен өткенімді емес, бүгінімді айтып толғанамын. Димаш балама разымын. Бәлкім, орайы солай болған да шығар? Алайда менің өнерімнің шапақ атып, нұрлана түскен кезі Дінмұхамед басқарған кезеңге тұспа тұс келіп тұр. Өлең-жырларым кітап болып басылып, әділ бағасын алған кез де осы тұс. Бұған дейін де талай басшы болған, бұдан кейін де талайын көретін шығарсындар? Арғы-бергі заманда да қазақ осындай ұлдарының болғанын арман еткен.

Сәбит Кененді жаңа көргендей аңтарылып қалыпты. Өлгінде ғана жазушы сырласының әңгімесін ұйып тыңдап, оның айтқанына келіскендей болып отырған ақынның алыстан орап сөйлегеніне әрі қызықтап, әрі таңдана қарайды. Әңгіменің бұлайша бағыт аларын күтпеген де болу керек.

- Сен ол кезде қылшылдаған жас едің, Сәбит. Бірақ маған қарағанда көзің ашық, орысша білім алып үлгердің. Екеуміздің өмірімізде көп ұқсастық бар. Сен де жетімдіктің ащы дәмін ерте татып, жоқшылықты белуардан кешкен адамсың. Бізді бір-бірімізге етене жақын еткен, туыстай етіп жіберген осы жай болса керек. Пейіліміздің, ой-арманымыздың бір жерге

тоғысуы да содан болар? Кенен домбырасын баяу шертіп отырып, сөзін ары карай жалғастырды:

- Жасыратын несі бар? Кедейлердің көсегесін көгертеміз, бақыт нұрына бөлейміз деп ұрандап келген кеңес үкіметін сен де, мен де құшақ жая қарсы алдық емес пе? Сен болсаң алаулап келген жаңа дәуірге жатырқамай белсене кірісіп кеттің. Мен болсам тасырқаған аттай кібіртіктеп көпке дейін дүдәмал күй кешкенім рас. Оның өзіндік себебі де жоқ емес.

Жас кезімде молдадан оқып, арабша хат танығаным болмаса оқи да, жаза да алмайтын едім. Орысша тіл білмейтінім былай да түсінікті. Кеңес шыққанда отызды орталап, қырыққа иек артқан жастамын. Ел басқару, саясат дегеннің мұрныма исі де келмейтін. Бар сенерім қолымдағы домбыра, көмейдегі өлеңім болды. Көңілім жаңа заманнан гөрі көнеге көбірек еліктейді. Өйткені мен алған білім бастауы, мен өскен орта осындай. Екі ұдай өмір кешу маған оңайға түскен жоқ. Замана тезіне бірте-бірте мойынсұнып, қаз-қаз басқан баладай қадам жасауыма тура келді. Өмірге өкінішім де, өкпем де жоқ. Қайта менің пешенеме осындай аласапыран кезеңнің тап келгеніне, содан аман-есен шыққаныма қуаныштымын. Енді алпысты алқымдаған шағымда қайта түлегендей болмайын. Болған іс, өткен жағдай сол күйінде қалсын, Сәбит. Тап қазір маған: «Қане, Кенен, партбилетіңді көрсет!» деп ешкім айта қоймас, деп сөзінің аяғын әзілмен аяқтап еді.

...Алдында ұзақ ғұмыр тұрғанын, құшақ- құшақ қуанышқа кенелерін, жетпіс бес, сексен жылдық тойлары тойланатынын, соның бәрін көзбен көретінін, бәрінің бас-қасында аяулы інісі Сәбит Мұқанов жүретінін қарт ақын сол сәтте ойламаған да шығар.

КӨҢІЛГЕ ТҮЙГЕНДЕРІМ

Ақынның бүкіл өмір жолын оймен шолып отырсаңыз елеулі, аса ірі оқиғалар ғұмырының соңғы кезеңіне дөп келеді екен. Жетпіс бес жасқа дейін ақынның бірде-бір мерей тойы кең көлемде аталып өтпепті. Уақыт тезіне қарай оның да өз себептері бар. Ресми құжаттар бойынша ақын 1884 жылы дүниеге келіп, 1976 жылы тоқсан үшке қараған шағында қайтыс болды. Ғасырға жуық ғұмыр кешкен ақынның көз тірісінде үш рет қана мерей тойы тойланыпты. 75, 80, 90 жыл. Өмірінің басқа кезеңі кеңес дәуірінің ең қиын, қолайсыз кезіне тап келіп отырған екен.

1924 жыл. Ақын 40 жаста.

Бұғанасы қатаймаған кеңес үкіметінің аласұрып жатқан шағы. Екіге жарылған бүкіл қазақ даласы қырықпышақ болып қырқысады. Кеңестің бастапқы кезінде емес соғыс біршама бәсеңсіген сияқты еді. Бұрынғыдай ашық соғыс жоқ. Енді оның есесіне «банды» деген шықты. Атқа мінген топ-топ әскерлер аяқ асты сап ете қалады. Үйді тонайды, малды айдап әкетеді, қарсылық білдірсең атып тастап кете береді. Халық әбден есеңгіреп, жауының қайсы, досының қайсы екенін білмей әуре.

Соның бәрін көзбен көрген нағашы әжемнің тілімен айтсақ: «Қызылдар кеп бір талайды, ақтар келіп екі талайды. Бәрінің бастарына кигені қоқайған шәпкі. Оны ажыратып жатқан кім бар? Ел дүрлігіп, бас сауғалап қашып жатыр. Қытайға өтіп кеткендер қанша? Біздің ауыл да бір түнде үре көтеріліп Балқаш арқылы Қытай аспақ еді, артымыздан қуып жеткен үкімет адамдары үгіт айтып, бір жағынан қорқытып елге қайтарды».

Осындай аласапыранның ішінде домбырасын безеп, күндіз-түні жыр төгіп, елді сабырға шақырған қырық жасар Кенен де бар еді. Ақынның ревком болып ел басқарған кезі де, екі ұлдан бірдей айрылып ақ ешкіге зарын қосатын кезі де, Латипа сынды дүлдүл ақынмен айтысатын кезі де, «Соқ-соқ байларды», «Батрақтар әні», «Балдай бол» дейтін әндерін шығаратын кезі де осы кезеңге дөп келіпті. Халықтың көңілі қаяулы, уақыт болса мынадай! Той тойлайтын кез бе бұл?

1934 жыл. Ақын 50 жаста.

Елуде – ел ағасы дейді. Жігіттің ақылы толып, кем-кетігі толыса түсетін кезі бұл. Өткеніне көз жүгіртіп, өзіне де, өзгеге де сын көзбен қарайтын, тұрмыстың етек-жеңін қымтап, салиқалы, салмақты болатын шағы. Орайына қарай болашаққа көз жіберіп, қыз ұзату, келін түсіру деген секілді әртүрлі болжам жасап қойған да артық емес. Бұл енді өмірі бірқалыпты өтіп, тағдырдың тәлкегіне түспеген, көңілі толған адамның тірлігі. Ал елуге енді келген, атақ-даңқтан кенде емес Кенен ақынның жайы қандай еді?

«Ақын Кенен, ақиық Кенен» дейтін атағына қоса, «Сабау қамшы, салт-атты Кенен» дейтін атауы қатар жүретін. «Дүлдүл Кенен, бұлбұл Кенен» деп жұрт дәріптейді. Сонысына қарай: «Жалғыз тұяқ, жалаңаяқ Кенен» дейтіні тағы бар. Бір кезде ақ ешкіге мұңын шағып зарлаған ақын, ендігі жерде бұлбұлға әнін қосып, сырын айтты. «Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де

бұлбұл, қаңғыртқан екеумізді тұрмыс құрғыр» деп Алатауды жаңғырта әнін салды. Аштықты да, қайғы-қасіретті де жұртымен бірге бөлісіп еді. Сонда ақынның бойына қуат берген, қайратын шыңдап, жігерін жаныған не нәрсе?

Ол ең алдымен өзінің халыққа деген, халықтың өзіне деген қалтқысыз сүйіспеншілігі. Халық өзін басына көтеріп қалай қошеметтесе, Кенен де соның қайырымын қайтарумен болды. Ұжымдасу кезеңінен өтіп, есін енді-енді жинай бастаған елге «мен елуге келдім» деп жар салудың қисыны бар ма? Ондай ой ақынның өзінде де, ел басқарып отырған азаматтарда да болмағаны ақиқат.

1944 жыл. Ақын 60 жаста.

«Елуде желкілдеген құрақтайсың, алпыста ерлер мінген пырақтайсың» деп ақынның өзі айтқандай жастық пен кәріліктің арасын қосатын алтын көпір іспеттес жас кезеңі. Мұны кейде «алтын буын» деп те атайды. Соның берік болуын тілейді жұрт. Соғыс басталған күннің ертесінде-ақ домбырасын қатты бұрап алып, халық алдына шыққан ақынның үні жас қыранның даусындай саңқ ете қалыпты. Сондағы көзбен көріп, құлағымен естігендер осылай айтады. Оған кәміл сенемін. Өйткені «Біздің отан жеңеді» деген әнін дәл солай салмаса, басқаша айту мүмкін емес. Әннің бойында зор күш, асқақтық, қатты екпін бар. «Аттан!» деп басталуының өзінде үлкен мән жатыр. Ал оны тік шырқата айту үшін қаншалық күш, қандай дауыс керектігін айтып жатудың қажеті болмас.

«Біздің отан жеңеді,
Гитлер өледі.
Қызыл ер жауынгер,
Соққыны береді.
Аталар, әжелер,
Ағалар, жеңгелер,
Жауды жеңіп жарқылдап,
Балаларың келеді».

Бес жылға созылған қанды соғыстың әр күні, әрбір айы ақынның көз алдында. «Мұндай жырдың айтылмай қалған кезі болды ма? Қос басында, қырман басында, егінші, малшылар арасында айтылған өлең-жырдың шегі жоқ. Елдің еңсесін көтеріп, көңілін аулау, еңбекке жұмылдыру құр айғаймен бітпесе керек. Суырып салма ақындардың таптырмайтын жері де міне осы. Өзімнің ақындық та, азаматтық та борышымды бір кісідей-ақ ақтадым. Онымды бәлсініп, ақы сұрасам кім болғаным?» дейтін еді.

Ақынның сол жылдары шығарған «Қайран, Шөкем!», «Жалғыз кайным», «Сағындым-ау, Жапарбек», «Күйгенім-ай, сүйгенім-ай», «Ел қуанышы», «Жеңіс жылғы шаттық ән» дейтін туындылары соғыстың бар ауыртпалығын мойнына алып, майдандағы ерлерінің аман-сау келуін ғана ойлап өмір кешкен ауыл адамдарының көңіл-күйін тап басып көрсететін дүниелер. «Осының бәрі менің ғана басымнан өткен жоқ, әр отбасының

қайғы-қасіреті. Мен соларды әнге, жырға айналдырып халықтың өзіне қайтарып бердім» деп қарт ақын еске алады.

Қайран, Шөкем! дейтінім бүкіл Қасқараудың еркесі, суырып салма ақын Шолпанқұл Сейітов. Маған әрі іні, әрі шәкірт болып жүретін. Өнерінен көп үміт күттіретін ақын еді. Оның соғыста жүріп жазған өлең-жырлары әлі күнге ел аузында жүр. Елге қайтып оралмайтынын білгендей ұзақ жыр жазып туған жермен, ағайын-туыстармен, замандас-құрдастарымен қош айтысқан өлең-хаты соғыс аяқталған соң көп жылдан кейін жетті. Оқушы дәптеріне толтыра жазған сол дүниесін майдандас бір жолдасына: «Қордайға барсаң Кенен деген ақын бар. Соның қолына тапсыр» деп аманат етіпті. Беттері жыртылып, тозығы жеткен дәптерден сау-тамтық жоқ. Көп тұстары өшіп қалған. Шолпанқұлдың көзіндей болған осы өлеңдерін түгел жаттап алып ел арасында айтып жүрдім. Шолпанқұлдың өз мақамына салып айтамын. Тыңдаған жұрттың айызы қанып, бір сергіп қалатын еді.

«Қош боп тұр Сұлутөрдің жалпы елі,
Кең Қордай, өскен елдің асқар белі.
Иірсу, Тентек дала, Мәдиармен,
Шөкеңнің қош аман бол туған жері!»

Жалғыз қайным Қыдырбек. Шешелеріңнің артынан ерген жалғыз інісі еді. Орысша, қазақшаға бірдей білімді жігіт. Көп жылдар ауылдық кеңесте, кейіннен ауданда қызмет істеген. «Осы соғысқа қатыспаған, осы жолы немісті жамбасқа бір салмаған жігіт жігіт пе?» деп күлдіріп отыратын.

Балам Жапарбекті шығарып сала алмай да қалдым. Мен Қыдырбекті шығарып салуға кеткенде маған білдірмей майданға аттанып кетіпті. Кейін білдім бұл екеуі де өз еріктерімен сұранып кеткен екен. Екеуі де қайтып оралған жоқ. Екеуінен де ұрпақ қалмады.

Қарт ақын осылай деп өткенін еске алатын еді. Алпысқа келген ақынды өмір осылайша тағы бір сыннан өткізіп алды. Алда тағы не күтіп тұр? Ол жағы енді бір құдайға ғана аян!

1954 жыл. Ақын 70 жаста.

Осының алдында ғана Сталин көз жұмды. Дүниенің бәрі сілтідей тынып, дел-сал күйде. Ақыр заман орнағандай үрейленген жұрт. Біз ол кезде Отар станциясында тұрамыз. Мен үшінші сыныпта оқитын едім. Ұлы көсем өлген күн менің санамда мәңгі қалып қойғандай.

Көсемдердің көсемі Сталин өлді дегенді радиодан хабарлады. Әкем сақалын сипап, дұға оқыды. Терең күрсініп, бет орамалымен көзін сүртті. Нақ сол сәтте ақынның не ойлағанын кім біледі? Бізге ол жылап отырғандай көрінгені рас.

...Көп сөйлемейді. Ұзақ күнге жалғыз отыратын да қоятын. Емдемеген тәуіп, жасалмаған ем қалған жоқ. Нендей науқас екенін ешкім дөп басып айта алмайды. Әкемнің осындай күйге ұшырағанына екі жылдай уақыт болған. Анау жолы қаладан арнайы келген дәрігерлер ары-бері тексеріп:

- Бұл кісінің науқасы аса қауіпті емес. Асқазаны, қан қысымы, бәрі қалпында. Бірақ жандүниесі әбден шаршап, ағзалары қатты қалжыраған. Бәлкім, жосықсыз көп ән салғаннан болуы мүмкін, жүрек қабы кеңіген деді. «Жүрек қабы кеңіді» дегенді шешем аса ұқпай қалған болу керек:

- Күні бойы бір сөйлемей жата беретіні несі? Бір адамға, тіпті өз балаларына шырай білдірмейтіні қалай? Кейде тіпті ұшып кететіндей өзінен ала сұрып, көзі алақтап үрейленетіні неліктен? деп шешем дәрігерден қайта сұрады.

- Бұл жағын білмедім, жеңгей. Әлденеден шошып, бойын қорқыныш билейтін сәттер адамда болады. Сондықтан бұл кісіге тыныштық керек, ұзақ уақыт тынығу қажет, деген. «Ұлы көсемді» бүкіл ел болып жоқтап, аза тұтып жатқан кездегі біздің үйдегі сүреңсіз жағдай осындай болатын.

Сол күні мектеп ауласында үлкен жиын өтті. Бастарына кара орамал жамылып, дауыс шығара жылап жатқан әйелдер. Қыздардың шаштарында кара бантик. Мойындағы пионер галстугіне дейін кара матадан жиектеп тігіп алыпты. Директор ұзақ сөйледі. Сөйлегенінен жылағаны көп болды.

«Сендер де жылаңдар! Ұлы асыраушымыз, жол бастаушымыз Сталин өлді. Енді не боламыз?» дейді мұғалім тәте. Өзі солқылдап тұр. Байыбына барып жатпасақ та, әйтеуір бір сұмдық болатындай бала жүрегіміз лүпіл қағады. Үрейлене соғады. Мұрнымыз пысылдап, әлгілерге қосыла үнсіз жылаймыз. Бар даусымен бақырып, жылап жатқандар да көп...

Сол күні Отардағы бүкіл пойыздар ұзақ уақыт, үздіксіз айғайлап тұрды. Бірін бірі іліп алып, кейде қосыла шыққан әлгілердің ащы даусы зәре-құтыңды алады. Бір жақтан топан су қаптап келе жатқандай әлде өрт тақалып қалғандай үрейлі. «Қара бұқа» деп аталатын паровоздардың аңыраған даусы менің құлағымда әлі тұр.

Балалардың үлкені Төрткен. Әкенің жағдайы мынадай болған соң қаладағы оқуын уақытша доғарып үйге келген. Мектепте пионер вожатый болып жұмыс істейді. Әкемнің үстіне батыл кіріп, жағдайын сұрап бәйек болып жүретін де сол.

- Сол жылдары атам кітапханадағы бүкіл қазақ кітаптарын түгел оқып шықты. Тіпті сасқанымнан география, тарих, жаратылыс тану секілді мектеп оқулықтарына дейін әкеліп беретінмін. Атам асықпай жатып солардың бәрін мұқият оқиды. Кейде аса түсінбеген тұстарын менен сұрап отыратын еді, деп есіне алып отыратын.

Бәріміздің қарап отырғанымыз әкемнің зейнетақысы мен тәтемнің азын-аулақ жалақысы. Оның өзі күнделікті ішіп-жемнен, киім-кешектен, одан қалса әкемнің дәрі-дәрмегінен артылмайды. Сырттан табыс үзілген соң қорадағы азын-аулақ малдан да береке қалмады. Бірі сатылды, бірін сойып азық еттік. Күңкіл өсек-аяң күшейіп, ақынның жүрегін жаралайтын сөздер көпіршіп жатты. Аурумен қоса келген мұндай әлекке ақынның төтеп беруі неғайбыл еді.

Отын түсіру, малдың қысқы азығын әзірлеу, ұн тарту сияқты үйдің ауыр тірлігі шешем мен Айша тәтемнің мойнында. Айша өте қарулы еді. Қатарлас жігіттерден қалыспай темір жол бойында жұмыс істейді. Вагондардан көмір түсіреді. Орайы келгенде бір қап көмірді иығына «арта» салып әкеп

тастайтын. Шешемнің: «Осы қыз болмаса бәріміз әлдеқашан қатып өлер едік» дегенін талай естідім. Кейін әкем «Ауырып жазылғанда» дейтін өлеңінде сол жылдардағы өзінің көңіл-күйін, отбасының сұрғылт тірлігін былайша көрсетеді:

«Басып жатты бір кесел алты жылдай,
Қызығымнан қалдым-ау талай-талай.
Күн мен түнді есепке алмағанда,
Мен жатқалы өтіпті жетпіс екі ай.

Сырттан кіріс тыйылып, табыс тоқтап,
Азын-аулақ таусылды қой мен жылқы.
Мейіrmанды ел-жұрттың арқасында,
Сатылмады әйтеуір үйдің мүлкі.

Кейбіреулер бұл Кенен жынды деді,
Мұның шайтан мойнына мінді деді.
Қарап жүрмей жамандап би-болысты.
Аруағы солардың ұрды деді.

Шарапаты солардың атты деді,
Енді Кенен тұрмайды жатты деді.
Өндерінің барлығы осы күні,
Жарамай ешнәрсеге қапты деді.

Жазылған соң әлденіп, есім жиып,
Қайтіп жатқан сорлы өнер ішке сиып.
Алты жылдай ілулі домбырамды,
Қолыма алдым баламдай бетін сүйіп».

Бұл ақынның науқасынан жазылып елімен қайта қауышқан кездегі өлеңі. Ал ол күндері жетпіске келген ақынның өмірі қыл ұшында тұрған. Тағдыры оған тағы не сияйды? Азын-аулақ ғұмыр бере ме, әлде осы жерден тоқтата ма? Алда сексен деген сеңгір биік тұр. Жете ала ма, әлде жоқ па? Ол жағы тағы да беймәлім. Бұл да жаратқанның қолында тұрған іс. Сөйтіп, адам ғұмырының ең мәнді, мағыналы бір белесі 70 жас дейтін ақынның торқалы тойы тағы да аталусыз қала берді.

1956 жылдың күзі болатын. Біздің үйге Сәбит Мұқанов бастаған бір топ ақын- жазушылар келді. Бұл Сәбеңнің бірінші келуі емес. Әкем науқас болғалы қасына Мариям апайды, кейде балаларын ертіп бірнеше рет келіп кеткен. Сәбит аға келген сайын біздің үйде кішігірім той болады. Әншейінде көп бас сұға бермейтін көрші-қоландар, ауылдың ақсақалдары, теміржолдың

басшылары да келеді. Сәбит аға келген сайын әкемнің де жүзіне қан жүгіріп, «ұйқысынан» оянған адамдай өзгеріп сала беретін.

Мал сойылып, дастарқанға үйде бар дәмнің бәрін қойып жатар еді. Соғыстан кейін туып, жарты құрсақ боп өскен ауыл балаларына құрт-май, тоқаш деген таңсық емес. Оны сирек болса да ораза намазда, айт-жарапазан кезінде дәмін татып жүрміз. Көз құртын жейтін басқа нәрсе. Ол дастарқандағы тіл үйірет неше түрлі кәмпиттер, өрік-мейіз, басқа да біз көрмеген жеміс-жидектер. Тәтті нанның небір түрлері қойылған.

Әлгінде Сәбит аға шопырын шақырып алып осының бәрін мәшинеден түсіртіп алды. Әпкеме (мен ол кезде шешемді осылай атайтынмын) қарап:

- Жеңгей, мынау Мариямның беріп жіберген сәлем-сауқаты дастарқаныңызға жаратыңыз деген. Міне енді соның бәрі дастарқанда самсап тұр. Менің қайта-қайта келгіштеп жүргенім де сол. Соны сезгендей әпкем:

- Үлкендердің үстіне сұғанақтанып кіре берме. Ұят болады, деп қораптағы тәттінің әрқайсынан уыстап-уыстап алып қолыма ұстатты. Мені де далада бір топ балалар күтіп тұрғанын, уыс-уыс кәмпиттің бізге жұғын да болмайтынын қайдан білсін.

Әкемнің қуанышында шек болған жоқ. Көңілі сергіп, қонақтармен ұзақ отырды. Үлкендер мұнысын жақсылыққа жорып, ырымдайды. Оның себебі де жоқ емес. «Көп жылдар өзін жұртта қалғандай, қайнаған тірліктен шеттеп, ұмыт болғандай сезінген екен-ау!» Қонақтар өзара осылай деп әңгіме айтады.

Сол жолы әкемнің жаңадан басып шығарылған шағын ғана өлең кітабын ала келіпті. Мұқабасы теңіздің түсіндей көгілдір кітапты Сәбит аға қолына алып, жұрттың бәріне көрсетіп шүйінші сұрады.

- Кенекем, ауырған жоқ, аунап түскені ғой. Алда көретін талай қызығы бар. Кенекемнің, ән-жырын ел-жұрты шөліктей күтіп отыр, деді. Әрі жұбатып, әрі қайрат бере айтқан жазушының сөзіне әкем кәдімгідей босап қалды. Еті қашып, сүйріктей болған салалы саусақтарымен аяулы Сәбитін құшақтап: «Разымын, Сәбит!» дегені әлі есімде.

Ертесі күні әпкем екеуі оңаша отырып ұзақ әңгімелесті. Әлгінде мені де қастарына шақыртып алған. Көп жайды сұрап білген болу керек. Менің басымнан сипап:

- Мына балаңыз тәп-тәуір ән салады дейді. Бәлкім, Алматыға апарып, оқыту керек шығар? Жүр өзіммен ала кетейін, барасың ба? деді күліп. «Балаңыз» дегені көңіліме ұнамай қалды. Иығымды қиқаң еткізіп үндеген жоқпын. Менің орныма әпкем жауап беріп жатыр:

- Қайдам, Сәбит? Бұл кемпірге тән бала. Көз тірісінде жібере қоймас. Оның үстіне Кенен де балаларды көз алдынан шығарғысы келмейді. Ауырғалы бері Төрткен де қасында. Тірі болса оқу қайда қашар дейсің? Әпкем әлдебір құпиясы бардай даусын ақырын шығарып сөйлеп отыр.

- Сүреңсіз тірлігімізді көріп отырсың. Балалар болса әлі жас. Кененнің жанына бататыны да осы болар? Құдайдан зарлап жүріп тілеп алған осылардың қызығын көрмей кетемін бе деп ойлайды-ау деймін? Туған жерін адам жек көре ме? Алайда осы жердің ауа райы науқас адамға тым қолайсыз. Аңызак желмен қоса шаң борағанда кірерге жер таппай қаласың. Ақпанның ақтүтек боранындай көз аштырмайды. Алдыңдағы бес қадам жерді көрмей

қалатын кездер болады. Мұндай жерде адам сауыға ма? дейді. Сәбит аға басын изеп қойып үнсіз тыңдап отыр. Ара арасында «айта беріңіз» деп қоштап қояды.

- Айналайын, Сәбит, саған айтпағанда кімге айтамын. Балалар шошып қалмасын деп тісімнен шығарған емеспін. Кененнің тіпті өлмек те ойы бар екен. «Бүйткенше, у ішіп өлгенім жақсы ғой» дегенді талай айтты.

Бір жолы көрші үйге барып біраз отырып қайтсам Кенен орнында жоқ. Аулаға таза ауа жұтуға шықты ма екен? деп ойлағанмын. Үйді айналып шығып таба алмадым. Қарсы тұрған қораның есігін тартып қалсам бұрышта Кенен тұр. Мені көріп қолындағы қаңылтыр ыдысты лақтырып жіберді. Өңі сұп-сұр болып кетіпті. «Әй, Насиха-ай, жаным қиналды ғой!» дейді. Қаңылтыр ыдыстағы балқытылған қорғасын екен. Денем түршігіп, шошып кеттім. Әпкем басын төмен салып жылап қалды. Көпті көрген ел ағасы біраз отырып орнынан тұрды. Жүзінде әлденеге абыржу байқалатын сияқты:

- Жеңгей, бұл әңгіме осы жерде қалсын. Құдай сәтін салса жақын арада тағы келіп кетермін. Кенекемнің жан азабы маған да оңай тиіп тұрған жоқ. Сабыр етейік. Әйтеуір ойыма бір келгені Кенекеннің отбасында да көп жақсылық болатын секілді. Жүрегім соны сезеді деген. Оның нендей жақсылық екенін тап сол жерде ешқайсымыз пайымдап жатпаған да шығармыз. Бірақ сол жолы Сәбит ағаның көңілге көп нәрсе түйіп кеткені ақиқат еді.

xxxx

Сәбеңнің дуалы аузынан шыққан сол қуанышы көп күттірген жоқ. Осы оқиғадан соң екі-үш ай өтпей-ақ біздің үйге аудан, облыс басшылары келуін жиілетті. Келген сайын жақсы-жақсы тілектерін айтып, әрнәрседен хабардар етіп қайтады. «Кенекеннің өлең-жырларын қайта қолға алып жатыр екен, бүкіл әндерін нотаға түсіруге арнайы адамдар бөлініпті, әндері жазылған пластинкалар шығаратын болыпты» дегенді сол келгендерден естиміз. Әкем бұл әңгімелерді үнсіз отырып, сабырмен тыңдайды. Анда-санда: «Әруақтар жар болсын! Кенен естеріне енді түскен екен ғой!» деп бетін сипап дұға етеді. Онысын кімге айтып отырғаны белгісіз.

Бір жолы үйге екі-үш адам келді. Құрылыс мамандары екен. Құлаштай-құлаштай қағаздарын жайып әлденені түсіндіріп жатыр. «Бұл болашақта Кенекенге салынатын үйдің жобасы. Үкімет арнайы 50 мың сом ақша бөліпті. Бір жылда салып береміз» дейді әлгілер. Ол кездің өлшемі бойынша елу мың деген қыруар дүние. Бұдан артық қуаныш бола ма? Шешем қуанғаннан көзіне жас алып: «Айналайын, Сәбиттің тірлігі ғой бұл» дейді.

- Осы үйді қайда салдырғыңыз келеді, Кенеке? Алматыға десеніз сонда саламыз. Жоқ ауылдың өзінде десеніз осында салып береміз. Соны сізден сұрағалы келдік, дейді. Осы мәселеге келгенде әкем біраз ойланып қалды.

- Япырай, кіндік қаным тамған жер Мәтібұлақтан кетсем ағайын-туғандар не дер екен? Реніш білдіріп, өкпе артып жүрмей ме? Оның

өзі де Отардан қашық емес, тиіп тұр. Табиғатында да еш айырмашылық жоқ. Жазы ыстық, күзі аңызақ. «Сізге ауасы кең, таулы жерге бару керек. Жүрегіңізге бірден бір шипа сол» деп дәрігерлер де қатты ескертіп еді.

Енді қартайғанда Алматының да реті жоқ секілді. Өмір бойы халық арасында қарапайым тірлік құрып келдім. Қаланың қауырт, шапшаң тірлігіне етене араласып кетуім де екі талай. Талай барып жүріп екі-үш күннен артыққа шыдай алмай ауылды аңсап тұра қашқандай болушы едім. Қаланың ауасы да бұл жерден асып тұрған жоқ.

Бұл түйіннің шешуін шешем тапқандай болды. Асықпай, баппен сөйлей отырып, әкеме мынадай уәж айтты:

- Кенен-ау, қартайған шағыңда қайынсақ атанамын деп қорқып отырсың ба? Түбін қусаң бәрі де аталас туыстарың емес пе? Бергісі бүкіл жастық шағың өткен Ойжайлау, Шұбар байтал, Иірсу жатыр, ар жағында қырғыз елі. Қалай болғанда да тау сағасы емес пе? Қордайдан ыңғайлы жер табылмас. Оның үстіне үш ауылды біріктіріп Киров деген үлкен ұжымшар құрып жатыр екен. Неде болса сол жерге табан тірейік, деген. Шешемнің осы сөзі бәрінің де көңілінен шықты, әкем де осыны мақұл көріп еді.

1958 жылдың көктемінде біз осы ауылға көшіп бардық. Ол кездің өлшемінде алты-жеті бөлмесі бар ақшаңқай үйдің хан сарайындай көрінері Һақ. Біздің қуанышымызда шек жоқ. Осында көшіп келген соң әкемнің де көңілі көтеріліп, басқа бір күйге енгендей болады. Шай үстінде басымыздан сипап, әңгімеге тартатын болды. Ұзақ жылдар әке мейірімін көрмей, салқын тартып қалған біздің балауса көңілімізге осының өзі де жетіп жатыр. Балапан жүрегіміз лүпіл қағып, әке құшағына ұмсына түсетін едік.

«Үкімет еңбегімді бағалады,
Үй салдырды Қордайдан шағалалы.
Көшіп келіп Отардан кіргеннен соң,
Денсаулықтың нышаны жағалады»

Бір күні сабақтан келсем аулада жүрген әкемді жолықтырдым. Қолында күрегі бар. Бақты аралап біраз жүрді. Одан соң мал қораға кіріп, ондағы бұйымдарды жеке-жеке ұстап көріп жүр екен. Ауырып тұрған адамдай емес, қимылы да ширақ көрінеді. Жүгіріп келіп шүйінші сұрағандай шешеме айтып жатырмын.

- Қайдан білейін, қарағым? Соңғы күндері әкеңнің ерте тұрып шаруаға кірісіп жүргенін өзім де байқап жүрмін. Алла жар болып аяғынан тік тұрып кетсе жөн болар еді. Адам бұл дүниеден өтерде, өстіп бой жазады дейді ғой? Ондай пәледен аулақ етсін, әрине! Көңілім алабұртып, қорқып жүрмін, деді. Шешемнің бұл сөзіне көңілім босап, жасып қалдым. Соны аңғарған болу керек бетіме күлімсірей қарап:

- Мал өрістен келген соң бір семіздеу қойды алып қалыңдар. Ертең көрші-қоландарды шақырып құдайы тамақ берейік. Нені болса да жақсыға жорыған жөн, деді. Бұл расында да жақсылық әкелген, құдайдың рахымы төгілген күн еді.

«Жаратқанның кеңдігінде шүбә жоқ. Жарылқаймын десе басына бүкіл бақ-дәулетті бір сәтте-ақ үйіп-төгіп бере салады.» Бұл күн сайын жатар алдында әжемнің маған айтатын өсиет сөзі. Сол сөз рас болу керек. Біздің отбасына қуаныш та, бақыт та қат-қатымен келіп жатты. Әкем көп ұзамай науқасынан құлан таза жазылып кетті. Алты жыл бойы ілулі тұрған кәрі досы домбырасын қайта қолына алды. Ішінде шөгіп қалған өлең-жырдың көзі қайта ашылғандай, күміс көмей әншінің үні қайта жаңғырып, асқақтай түскен сәті еді бұл.

«Ардақты елім, шүйінші, мен жазылдым!» деп өлеңімен жар салған ақынның көңіл-күйін айтып жеткізу қиын. Бір жағы қырғыздан, енді бірі бүкіл Жетісудан, Алматыдан, Жамбылдан арнайы келіп, құтты болсын айтқандар қаншама? Хатпен құттықтып, сәлем жолдағандарда есеп жоқ. Оның ішінде еңкейген қарттан бастап, мектеп оқушыларына дейін бар. Осының бәрі ақынның көңілін шаттандырып, бойына жаңадан күш-қуат құйғандай болғаны ақиқат. Ақын қайта түлеп, өмірге қайта келгендей күй кешті. Тұғырына қайта қонған ақынды бұдан да үлкен қуаныш сәті күтіп тұр еді. Оған да жеткізер күн бар екен. Ол үлкен белес, атақты 75 жас болатын. Ендігі жерде қарт ақын:

«Бағалады ел-жұртым алып еске,

Қос орденді қадады кәрі төске.

Ардақты елді аралап ән сап жүріп,

Келгенімді білмеппін жетпіс беске, деп ағынан

жарылды. Расында да бұл әкемнің өзі айтқандай ел қуанышына айналған үлкен оқиға еді.

1959 жыл. Ақын 75 жаста.

Осы жылдың маусым айында Қордай төсін дүбірлеткен той өтті. Кененімен қайта қауышқан жұрттың қуанышында шек болған жоқ. Мұның өзі кеңес үкіметі құрылғаннан бергі алғаш рет халық ақындарына көрсетілген құрмет, жаңаша бетбұрыс болғаны рас.

Тойға аз уақыт қалғанда Сәбит Мұқанов қасында бірнеше адамы бар арнайы келіп кеткен. Тұңғыш рет тойланғалы жатқан мерей тойының қалай өтетіні жайлы сұрай отырып, қарт ақын өзінің ішкі қобалжуын да жасырған жоқ:

- Айналайын, Сәбит. Тойдың болғанынан, боладысы қызық дейді. Бұл өңірде бұрын-соңды болмаған той өткізеді екен, бүкіл Қазақстаннан, сонау Мәскеуден арнайы қонақтар келеді деген сөз шар-тарапқа жайылып кетті. Мұны естіген ағайын-жұрттың тай-тұяғына дейін қалмай келетіні сөзсіз. Солардың ретін қалай келтіреміз? Ауыл болса әлі етек-жеңін жинай алмай жатыр. Ағып тұрған ауыз суы да жоқ. Кененнің тойында шөлден қаталап өле жаздадық деп кетпей ме жұрт? Шақырмай қойсам ағайынның кеудесінен итергендей болмаймын ба? деген. Бұған Сәбит ақжарыла күліп алды.

- Кенеке, қаупіңізді түсініп отырмын. Қапа болмаңыз. Ауыз суды арнайы мәшиненмен таситын болдық. Жұрттың тамақтануы үшін көше бойына шағын дәмханалар орнатылады. Қаладан келетін, арнайы шақырылған қонақтар сол күні келіп, кешке қарай қайтып кетеді. Ағайын-туыстарыңыз тым көп келіп

сиыспай жатса, жаз айы ғой бақтың іші де жетіп жатыр. Бір-екі күнге шыдар, деді.

- Бәйгіге ат қосатындардың алдын ала келетіндері бар. Олардың жәй-күйін ойластырғандар бар ма? Ел арасы тентексіз болмайды. Ұрыс-керіс, ұрлық шығып жүрмесін. Елге де, бізге де үлкен сын болайын деп тұр, Сәбит. Әйтеуір тойдың дау-дамайсыз өткені абырой деп тағы бір күдігін айтты. Мұны да жайлап түсіндіріп берді.

- Олардың бәріне сөре басында арнайы қазақ үйлер тігіледі. Ат қосатындар, көкпаршылар, сайысқа қатысатындар тағы басқалары сонда жайғасатын болды. Тәртіп сақтау үшін де милиция қызметкерлері, әскери адамдар шақырылып отыр. Барлық жауапкершілік солардың мойнында. Құдай қаласа бәрі де ойдағыдай өтеді, Кенеке деді. Сәбит осылай деген соң ақынның да көңілі орнына түскендей болды.

Екі күнге созылған ақынның мерей тойына шақырылғандар да, өз бетімен келгендер де көп болды. Әкемнің күдігі де, Сәбит ағаның айтқандары да дәл келді. Атшылап, жаяулап, қала берді арбаға бүкіл бала-шағасын салып алып жеткендер қаншама? Біздің үйдің маңы қаракұрым адамнан көрінбей қалды. Тәртіп сақшылары болмағанда бір-бірін тептеп кететіндей екен. Бәрінің де айтатыны бір сөз:

- Сонша жерден келген соң Кенекеңнің дидарын бір көріп, қолын алмасақ не болғаны? Енді біреулері мына балама батасын сұрайын деп едім. Онда тұрған не тәйірі? дейді. Тіпті алдында тұрған күзетші жігіттерге бой бермей ентелеп әкем отырған үйге кіріп кеткендер де болды. Мұндай арқалы тойдың өз тәртібі, алдын ала әзірленген бағдарламасы болатынын қарапайым жұрт қайдан білсін? Соны сезе қойған Сәбит көпшілік алдына шықты. Жұрт атақты жазушыны көріп тыныштала қалған. Өзінің жұмсақ, сәл қырылдаңқырап шығатын даусына салып сөйлеп кетті:

- Қадірлі көпшілік, осы тойды басқару маған жүктелген. Анау мінбе тұрған алаңды көрдіңіздер ме? Қазір сол жерде үлкен жиын болады. Кенекеңді сонда алып барамыз. Ат бәйгесі, басқа да ұлттық ойындар ауылдың сыртында өтеді. Оны да Кененмен бірге тамашалайтын боласыздар. Ал қазір үйдің маңын босатыңыздар. Алыстан келетін ұятты қонақтар бар. Олар келгенше Кенекеңді баса-көктеп, өлтіріп алсақ не бетімізді айтамыз деп сөзінің артын қалжыңға айналдырып жіберді. Сәбиттің осы сөзінен кейін ақынын сағына күткен аңғал жұрт сабасына түскендей болып еді.

Айтқан уақытында жиын да басталды. Мінбеге шығып сөйлегендер өте көп болды. Облыс басшылары, бүкіл аудан басшылары, ақын-жазушылар, әкемнің қырғыз достары, өзбек, қарақалпақтан келген қонақтар ел алдына шығып құттықтау сөздерін, өлең-жырларын айтып жатыр. Әр мекеме, шығармашылық ұжымдар атынан берілген құттықтау папкілерде сан жоқ. Шапан жауып, бөрік силамаған ешкім қалмады-ау деймін?

Менің есімде қалғаны халқымыздың біртуар ұлы, атақты композитор, академик Ахмет Жұбанов силаған қызыл қоңыр түсті домбыра. Беткі жақтаулары түгелдей мүйізбен көмкерілген, мойны қынадай қызғылт домбыраның үні де ерекше екен. Әкем өзінің осы мерекеге арнап шығарған «Жетпіс бес» деген әнін тұңғыш рет осы домбырамен орындап еді. «Сайра

тілім, шырқа үнім, сайрамасқа қоймайды ардақты елім» деп күйкылжыта шырқады.

Бұдан кейін де ақын көз тірісінде осы домбыраны қолынан тастаған емес. Қайда барса да, қандай сапарға шықса да өмірінің соңына дейін осы домбыра жан серігі, сырласы, қимас досы болғаны ақиқат. Тоқсанның торғынына оранғанша үніне үн қосып, ақынның өзімен бірдей жасасқан ақ ниет домбыра еді бұл. Әкемнің:

«Ән салсам үнің бірдей үнімменен,
Сөйлесем тілің бірдей тілімменен.
Өлгенде көріме қой деп айтар ем,

Қызым бар тартатұғын ұлымменен» дейтін жүрекжарды өлеңі нақ осы домбыраға арналып айтылғандай болады да тұрады. Ақынның дәл өзіндей дөп басып айта алмасымыз белгілі. Әйтсе де өзімен ала кетуге жүрегі қимаған сол домбыра әкемнің көзіндей, өмірінің жалғасындай болып ақынның мұражайында ілулі тұр. Артында ақ домбырасы, өлең-жыры, асыл сөзі қалған адамның мәңгі өлмейтіні содан болса керек.

Екі күн бойы өлең-жыр, сан-алуан өнерпаздардың салған әндері бір сәтке толастаған жоқ. Күндіз ұлттық салт-дәстүрімізді тамашалаған жұрт, кешінде алтыбақан тепкен жастардың өнерін тамашалайды. Тойдың бас-қасында Сәбиттің өзі жүргенін, астындағы су жорғамен осының бәрін қадағалап, қыздырып, сауық-сайранның ұйытқысы болғанын жұрт көзбен көрді. Ол кезде екі-үш қана көшесі бар шағын ауылымыздың сол күнгі көрінісі он төртке енді толған менің көңілімде осылайша қалып қойыпты.

Көптен күткен мерей тойы аяқталар сәтте бүкіл ауылдың, жиналған ағайын-жұрттың алдында көңілі толқыған ақын Сәбитке қаратып бірер шумақ өлеңін айтты. Иығына шапан жауып, басына құндыз бөрік кигізді.

- Дос адамның белгісі қарлығаштай, қас адамның белгісі қара тастай деген. Сенің ақ пейіліңе менің отбасым ғана емес, бүкіл ел-жұртым риза. Бүгінгі той мен өткерген жетпіс бес жыл ғұмырымның ең шуақты сәті, түйіні болды. Басыңа бақ қонсын, балаларыңның қызығын көр, Сәбит» деді.

Қарапайым ғана айтылған осы сөздерден ақынның Сәбитке деген риясыз көңілі, жүрек тебіренісі айқын сезіліп тұрды. Артынша Қарақалпақтан өзіне сыйға әкелінген ер-тұрманы түгелдей күміспен апталған сүліктей сәйгүлікті жетектеп әкеп Сәбиттің алдына көлденең тартты.

xxxx

Әкемнің мұражайына барған сайын сол жылдары түсірілген фотосуреттер көзіме оттай басылады. Ақынын ортаға алып тойды қызықтап отырған қарапайым жандардың жарқын жүздері көз алдыңнан тізбектеліп өтіп жатқандай. Уақытта тоқтау болсайшы. Сол күннің куәгері болған ауыл адамдарының көбісі қазір бұл дүниеден өтіп кетіпті. Сондағы асыр салып ойнап жүрген өзім қатарлас балалардың көбісі ендігі жерде ата болып, алпысты алқымдап қалған екен. Япырай, деп ойлаймын сол кезде дәл

қазіргідей бейне таспа болса ғой, осы күні әркімнің қолында жүрген киноаппаратар болса ғой мына бейнелердің бәрі тіріліп кетер еді-ау!

Өзім тұрғылас ақын-жазушылардың арманы жоқ шығар? Тұяғы кимылдаса теледидарға түсіріп, жылт еткенін елге дәріптеп, мақтауын келтіріп жатады. Мерей той деген тіпті оңай шаруаға айналып кетті. Орайын келтірсең болғаны оншақты қазақ үй тігіп жіберіп тойлай беретін болдық. Асылы қайсы, жасығы қайсы? салмақтап жатқан ешкім жоқ. Солардың ішінде бойына құдай өнер дарытқан табиғи таланттар болса оның жөні бөлек.

«Отызында орда бұзбаған, қырқында қыр аспайды» дегенді қатты ұстанған бағзы біреулер 40 жасты да салиқалы жиынға айналдырып жататыны бар. Елу жасқа келмей-ақ әрі ақын, әрі драматург, әрі жазушы, қала берді сазгер атанып жүргендер де бар. Ол аз болғандай халқына қалаулы, қоғам қайраткері дегенді қоса айтатын болдық. Соларға сый-сиапат көрсетіп, атақ бергенде осы «қасиеттерінің» қайсысына үкі тағып, қайсысын ерекше пайымдады екен? деп ойлап қаласың.

Ал алпыстың жөні тіпті бөлек. Бұл жасқа жеткендердің қайсы бірі бұрынғы ізін шиырлап, жаңа сүрлеу таба алмай әлек болып жүр. Нарық қысқан кезде қаламын қыса ұстап қара нардай шыдас бергендер де, керісінше қаламын лақтырып тастап қайрылмай кеткендер де көп болды. Қас батыр, қас сұлу, нағыз жазушы деп жатады жұрт. Қас өнерпаз, қас ақын деген кім сонда?

- Шын ақындық сүйекпен келіп, сүйекпен кетеді. Біреудің ақындығын мойындау да, өзіңнің ақын еместігіңді мойындау да – ақындық, деп еді әкем бір жолы.

- Сіз ақынсыз ба, әлде әншісіз бе? дедім жұлып алғандай. Әкем біраз ойланып отырып жауап берген.

- Көзге көрінбейтін, қолмен ұстауға келмейтін, басы да, аяғы да жоқ бір ғана нәрсе бар. Ол - уақыт. Біздің тәулік, ай, апта, жыл деп жүргеніміз өзіміз ойлап тапқан уақыт өлшемі ғана. Мәңгілік ешнәрсе жоқ. Уақытына қарай заман өзгереді. Заманына қарай ой-сана өзгереді. Соған орай ақындардың өзгеше пайымдайтын, өзінше ой түйетін жаңа легі келеді. Бұл өмір заңы.

...Мен өзімді ақынмын деп те, жыршымын, әншімін деп те айта алмаймын. Бір ғана ақиқат бар. Ол бойыма құдайдың қалауымен, анамның ақ сүтімен дарыған өнерім. Мен соның жетегінде кеткен адаммын. Өнерім мені, мен оны айырбастап, тастап кеткен жерім жоқ. Өнерпаз деген киелі атқа барынша адал болдым. Мен де, менімен замандас ақын-жыршылар да көнеден қалған көне сарынбыз. Өлең-жырым, ән-күйім халықтың жүрегіне жол тауып, қошеметке бөленіп жатса одан артық қуаныш бар ма? Менің бағамды, маған атақ-даңқты халық қана береді. Халқым мені кім деп атаса, менің сол болғаным, деп еді қарт ақын. Әкемнің сөзіне уәж таба алмай, өзімнің ағаттық жасағанымға қысылып, үнсіз отырып қалдым.

Көп жылдар өткен соң академик М. Қаратаевтың «Әдебиет және эстетика» деген кітабын оқып отырып ақын жайлы айтылған мына бір жолдарға көзім түсті:

«Кенен ән шығарып, сөзін жасайды (мұнда ол - ақын шайыр), сөзге шақтап әннің мелодиясын жасайды (мұнда ол - композитор), сол мелодияға

тиісті музыкалық аспапқа (домбыраға) қосып өзі орындайды (мұнда ол - музыкант), ақырында өзі шығарған әнін өз әуенімен салады (мұнда ол - әнші) деп түйіндеген екен. Бұған қосып-аларымыз жоқ, әрине.

1964 жыл. Ақын 80 жаста.

Мектепті бітіріп үйге келгеніме бір жылдай болды. Ауылда құрылыс бригадасында жұмыс істеймін. Ол кезде не көп, қой көп. Біздің бір ғана Киров ұжымшарында алпыс мыңға жуық қой болатын. Қойшылардың түкірігі жерге түспей тұрған уақыт. Солардың қора-қопсысын жөндейміз, үйлерінің төбесін жауып береміз. Қазіргідей емес көбіне қамыспен, қала берді шимен қоршалатын еді ғой. Қамыс ору, оны баулап тасып жеткізу біздің мойнымызда. Үш-төрт бозбала осы бригадаға кіргенбіз.

1963 жылдың күзінде құжаттарымды сол кездегі ҚАЗМУ-дің филология факультетіне өткізіп, конкурстан өте алмай елге қайтқанмын. Арманым журналист болу. Емтиханның қорытындысын хабарлаған ағай менің бетіме мұқият қарап алды. Даусын салмақтай отырып:

- Иә, № 12 қазақ орта мектебін бітірген екенсің, інім. Аттестаттағы бағаларың да жаман емес. Бір балың жетпей тұр. Журналистика деген бөлек факультет жоқ. Ал оған түсу үшін екі жыл өндірісте жұмыс істеу қажет. Баспасөз беттерінде шыққан мақала-материалдарың болуға тиіс. Онсыз журналист бола алмайсың, деді. Ар жағын айналада түсініп тұрмын.

Қалада оқып оқуға түсе алмағаныма намыстанып үйге түнделетіп келдім. Әкем бұған аса мән берген жоқ. Шешем: «оқасы жоқ, жассың ғой әлі» деген де қойған. Бір апта бойы елдің көзіне түспейін деп ешқайда шықпай жатып алдым.

Ертеңгі шайға жаңадан отырып жатқанбыз әкем басымнан сипап жай ғана халімді сұрады. Артынша:

- Ұзатылып, төркініне қайтып келген қыз сияқты мұның не? Жігіт емессің бе? Бұл жолы орайы келмесе келесіде болады. «Колхозға» адам қолы жетпей жатыр. Өзің қатарлы балалардың бәрі істеп жүр. Үйден шықпай үйкүшік болып кетерсің. Бригадирмен келісіп қойдым ертең жұмысқа шық, балам! деді. Үні жұмсақ, іштарта сөйледі. Менің алғашқы еңбек жолым осылай басталып еді.

Бұрындары «балам» десе ыршып түсетіндей едім. Ондайда балалық жасап үлкен кісіге (әжеме) айтып қояр ма екен? деп шешем екеуі қатты қысылатын. Сексеннің сеңгіріне шыққан адамның «балам» деуінде ешқандай сөкеттік жоқ. Оған құлағым үйрене бастаған. Жүрегіме жылы тиетін де еді. Гәп, онда емес. Гәп басқада.

Мен 13 жасқа келгенше шын әке-шешемнің кім екенін расында білмей келдім. Ол жайында ешкім тіс жарып көрген емес. Әлде алаңсыз балалығым себеп болған шығар? Әлде сол кездегі адамдардың серті берік пе? «Сен пәленнің баласысың!» деп көзіме айтқан адамды кездестірген емеспін. Кейде қой қайырысуға шыққан жеңгелерім әзілдеп:

- Бақытжан осы сен қай елсің? Әкеңнің түрін көрдің бе өзің? дейді. Бір-біріне көз қысысып, әдейі сұрап отырғанын бала жүрегім қайдан сезсін.

- Қай ел болушы едім. Мүлкеман, Қонаймын. Әкем Қыдырбек соғыстан қайтпай қалды. Апам екеуіміз тұрып жатырмыз, деп жауап беремін.

- Онда жездең неге тартып кеткенсің? дейді әлгі қулар.

- Үй, кетші әкиің...деп ар жағын айтпастан жүгіріп кетіп қалатын едім. Әлгілердің сөзіне ой жіберіп, пайымдау деген қаперіме де кірмейтін.

Қыдырбек 1943 жылы Курск соғысында Орел қаласының түбіндегі Вязовое деген елді мекенде қаза болыпты. Артеллерист, аға сержант екен. Кейін өзім де әскер қатарында болып елге қайтарымда Мәскеу арқылы осы жерге барып, ағаның бейітіне дұға оқып қайтқаным бар. Сол жердегі мектептің үлкен бір бөлмесінде пионерлер ұйымдастырған мұражай бар екен. Дәл төрінде кейін біз үлкейтіп жіберген ағаның суреті ілулі тұр. Бұл 1971 жылдың күзі болатын. Тоқсаннан астам жауынгердің мәйіті көмілген «бауырлар бейітінде» екі-үш қана мұсылман баласының аты-тегі жазылған. Соның бірі Қабылтаев Қыдырбек. Шешемнің жалғыз інісі, әкемнің «Жалғыз қайным» деп жоқтау ән шығаратын сүйікті қайнысы.

Бет орамалыма топырағын түйіп ала келдім. Әжем әлгі түйіншекті басына жастап қойып үш күн жылады. Кейін осы жайлы «Лениншіл жас» газетінде журналист Ақкөл Отарбаевтың «Бір уыс топырақ» деген жүрек тебіренер мақаласы да шығып еді. Бұл енді кейін мен ержеткен кездегі жайлар.

Көзімді ашқаннан «Қыдырбектен қалған жалғыз тұяқсың. Соның түтінін өшірме» деп әжем құлағыма құйып өсірген мен үшін мұның қаншалықты мәнді екені айтпаса да түсінікті. Бала күнгі үлпілдеген жүрегімде өзгедей ойдың болмағаны да ақиқат. Кейін ер жеткенде әкем осы жайдың қалай болғанын, мені нағашы әжеме қалай бергені туралы әңгімелеп берген еді. Ол былай болған екен.

...Қыдырбектен қара қағаз келгеннен бері де бірталай күн өтті. Ауыл басшысы кеңсеге жеке шақырып алып:

- Кенеке, қайғылы хабар келді. Жалғыз ұлының қазасы үлкен кісіге оңай тимесін білемін. Ебін тауып өзіңіз естіртіңіз деген. Соның ебін қалай келтірерімді білмей жаным қиналады. Бар айлам домбыраны сұңқылдатып тарта беремін. Сұңғыла сырмінез Насиха соны сезіп жүр екен:

- Осы бір сарынды қайдан тауып алғансың? Тартпашы өзін! Адамның көңіліне үрей салатын ән екен. Әлде бір жамандықты сезіп жүрсің бе? деді.

Айтпасқа амалым қалмады. «Сорлы бауырым-ай!» деп талықсый берген Насиханы қапсыра құшақтап ұстап қалдым. Сондағы сұңқылдаған азалы «Жалғыз қайным» әні осылай дүниеге келген.

Мысбала енем мен Сақыпбала келін ол кезде Иірсуда тұрады. Оларға қайғылы хабарды естірту тіпті қиын болды. Қыдырбектің қазасын естігеннен кейінгі олардың жұртта қалғандай жай-күйі әлі көз алдымда. Барған сайын екеуінің екі жерді шоқшиып отырғанын көріп көңілім қан жылап қайтатын едім. Мұндай күйді Насиха екеуіміз талай бастан кешірдік емес пе? Бір амалын табу керек болды. Көшіріп әкелуге енемнің тәкаппар мінезін білемін, «қартайғанда күйеудің босағасында сықсындап не бар?» дейтіні сөзсіз. Ары ойлап, бері ойлап Насиха екеуіміздің тапқанамыз: «Көркемжанды қастарына берейік. Ермек етіп қайғы-қапасын ұмытар» деген шешім болды.

Бес жасқа толып, есін біліп қалған Көркемжан оларға жарытып бала болмады. Екі-үш күн сайын, ең арысы апта сайын қашып келетін. Алдап сулап, айтқанын істеп қайта апарып тастаймыз. Сөйтіп әлек болып жүргенімізде 1945 жылдың шілдесінде сен дүниеге келдің. Үш айға толтырып барып сені Сақыпбала келінге «телуге» тура келді. Өзі де бір ақжарқын, қабағы ашық, әзіл-оспаққа шебер адам еді. «Сендердің Көркемжандарың әлі-ақ менің баламның қойын бағып, отын-суын тасып жүреді» дейтін күліп.

Сен төрт жасқа келгенше кемпір екеуінің алданышы болдың. Бірте-бірте Қыдырбектің де қайғысы ұмытыла бастады. Жиырма алтыға енді келген жас адамның өміріне қалай балта шабасың? «Мен де теңімді табайын, ел қатары тұрмыс құрайын» деген соң ақ батамызды беріп, ақ жол тілеп Сақыпбала шешенді ұзатып салдық. «Менің әйей шешем қайда?» деп көпке дейін жылап жүргенінді сен қайдан білесің? Біз соның бәрін көрдік. Кейін Отарға көшкенде кемпір екеуінді бірге ала кеттік. Сенен жасырып келген құпиямыз осы, балам. Қалған жайды өзің де білесің.

Он үш жылдан кейін ғана айтылған осы сырдың менің жан-дүниемді қалай астан - кестең еткенін мұндайды басынан кешірген адам ғана сезінеді. Бар дүниені сол қалпында қабылдап, жаны таза, ойында тарыдай да күмән болмайтын кіршіксіз балалық шақтың өз ерекшелігі бар. Сөйтіп, біз апам екеуміз ақынның отбасына «мүше» болып кірдік...

Отардағы ағайындар асар салып тұрғызған біздің үйдің өзгелерден еш айырмасы жоқ. Бір-біріне жалғастыра салынған төрт бөлмелі қоржын там. Оны теміржол бойында өскен балалар «вагон там» дейді екен. Расында тура жолаушы пойызындағыдай бір бөлмеден екіншісіне өте бересің. Соның шеткі үлкен бір бөлмесі апам екеуміздікі. Есік-терезесін әдейі бөлек салған. Келген адам алдымен біздікіне кіріп, апам сәлемдесіп, содан кейін ғана Кененнің үйіне баратын. «Кененнің» деп ірі сөйлегеніме ғафу өтінем, әрине. Бұл сол кездегі менің тілім. Әкемді «жезде», шешемді «әпке» деп өскен ерке баланың тілі.

Қазан-ошағымыз да, дастарқанымыз да бөлек. Арнайы шақырғанда ғана жездемнің үйінен тамақ ішетін едік. Осы тәртіп көп жылдар бойы қалтқысыз сақталып келді. Әжем ертегіні көп білетін. «Хан ордасын шаң қылып, қақпа алдын қан қылып» деп басталатын ертегінің сан түрін тыңдап жатып ұйықтайтын едім. Қазір ойласам соның көбісін әжем жанынан шығарып айтады екен ғой. Ханның қызын аламыз деп отқа күйіп өлетін түрлі-түсті көбелектердің шегі болмаушы еді. Сол естігендерімді әлі күнге ұмытқан жоқпын. Енді бірде менің аталарым жайлы, соғыста өлген әкем Қыдырбек туралы сыр шертеді. Бәрі шетінен батыр, жаужүрек. Даусын мың құбылтып, көзім ұйқыға кеткенше айтатын апамның бір сарынды үні, аңыз - әңгімелері құлағымда әлі тұр.

- Апа, мына жездемнің арғы аталары да Қыдырбек әкем сияқты батыр болған ба? Бұл кісі неге соғысқа бармаған? деймін.

- Жездең жасы келген соң соғысқа бармай қалды. Бұлардың арғы аталары сіңірі шыққан кедей болыпты. Киерге киімі, мінерге аты болмаған соң «Бес жалаңаяқ» деп аталып кетіпті, дейді әжем мысқылдап. Сенің

Байқалмақ, Күдері дейтін аталарың болған, Шетінен бай, мыңғыртып мал айдаған. Сен солардың ұрпағысың. Қыдырбек өлген соң амалсыз осылардың қолына қарап қалдық қой. Әжем әлденені есіне түсіргендей үндемей қалады. Көңілі босап, көзіне жас алғанын түнде қайтіп байқайсың?

- Кенен-жездең, Насиха сенің әпкең. Осында көшіп келгенде бір құлынды биен, екі құнан, отыз қойың, оншақты ешкің болған. Бәрі де «селсебетте» қаттаулы тұр. Құнанның біреуін былтыр мыналар соғымға сойып жеді. Ұмытпа, қарағым, дейді. Құлағымның тұсына сыбырлап, ақырын сөйлейді.

- Өзіңнің малға салатын еніңді білесің бе? Есіңе сақтап ал. Біздің үйдің ені екі құлақтың ұшын айшықтап кеседі, мыналардікі бір ұшын кесіп, екіншісіне тесік жасайды. Өз еніңді біліп жүр, дейтін еді. Қазір әжемнің сол айтқандарын еске алып күліп аламыз. Ал ол кезде мен осының бәрін үлкендерше қабылдап, бар ниетіммен тыңдаушы едім.

Ауламызды айнала қоршай топырақтан соғылған дуал болушы еді. Өрістен келген қойлар үлкен қақпадан кіреді. Қолымда ұзын көк шыбығым бар әлгі дуалға атша мініп алып келген малды: «Кененнің қойы, біздің қой. Кененнің қойы, біздің қой» деп санап тұрып қораға кіргіземін. Малды түгендеп болған соң:

- Жезде, сіздің бір тоқтыңыз өрістен келмей қалыпты. Біздің қой түгел, деймін ересек адамша даусымды көтере сөйлеп. «Жездем» мұнымды жымып қойып, үнсіз қабылдайды. Енді ойласам менің осылай бөлектеніп, өзге бір үйдің иесі болып көрінгеніме іштей күліп жүреді екен ғой. Бірақ маған ештеңе байқатпайды, мұның не? деп көрген емес. Бұрынғы адамдардың жаны неткен жайдары, сезімтал еді?

Отарда қазақ орта мектебі бар. Соның бірінші сыныбына әжемнің өзі ертіп барды: «Қыдырбектің баласы, артында қалған көзі. Дұрыстап оқытыңдар» деп партама өз қолымен отырғызып кетті. Мен үшінші сыныпты бітіргенше мектепке өзі апарып, өзі алып келетін. Мектептің қасында биік қарағаш бар. Мен сабақтан шыққанша соның көлеңкесінде ұршығын иіріп, күтіп отырады. Ұлардай шулап үлкен үзіліске шығамыз. Жақын тұратын балалар үйлеріне қарай тұра жүгіретін еді. Мен де жүгіріп келіп апамның қасына отыра кетемін. Апам: «Құлыным, оқып келдің бе, жақынырақ отыр» дейді. Тағам оралған белбеуін шешіп алдыма жаяды. Онда не жоқ дейсіз? Тәтті нан, қант-кәмпит, түндегі еттен қалған жілік, тіпті қойдың құлағына дейін тұратын еді... Құдайым-ау, адамдардың пиғылы әжемнің ақ пейіліндей неге болмайды екен? Балалықтың ғұмыры неге қысқа?

...Біздің отбасы бұл кезде Киров колхозына біржола көшіп келген. Соңғы екі сыныпты осында оқуға тура келді. 1959 жылдың күзінде жетінші сыныпты бітіріп, оқуымды басқа жерде жалғастыруым керек болды. Өйткені ауылдағы мектеп жеті жылдық ғана. Осыны бір келгенде Сәбит Мұқановқа айтқан екен. «Алматыға алып келіңіз. Жалғыз қазақ мектебі бар. Соған өткізуге көмектесейін» депті. Оған үйдегілер қарсы болған жоқ. Себебі Төрткен де сол мектепті бітірген еді.

Интернатқа әртүрлі құжаттар өткізу керек екен. Соны алу үшін аудан орталығына келгенбіз. «Балалық жасап, бірдемеге ұрынып қалмасын» деп

қасыма аздап орысша білетін Таңатар деген жігітті қосып берді. Бір қабатты, сырт жағында орысша жазуы бар үйге кіргенбіз. Ондағы қызметкерлердің көбісі орыстар екен, қазақтар да бар. Таңатар көбіне қазақ отырған бөлмеге кіріп сөйлесіп шығады. Орыс отырса қашқақтайтын сияқты. Қасында еріп жүріп бір ауыз орысша сөйлегенін естіген жоқпын. Дым білмейтін шығар? деп ойлап қоямын. «Әкеңнің соғыста өлгендігі туралы анықтаманы біз бермейміз. Оны әскери комиссариаттан аласыңдар» деген әлгінде. Екеуіміз жаяулатып сонда келдік.

Үлкен бөлмеде егде жастағы екі әйел отыр. Екеуінің де шаштары сары. Сасқалақтап қалдым. Тілімді әрең келтіріп келген шаруамды айтып жатырмын.

- Әкеңнің фамилиясы кім? деді төрде отырған мосқолдау әйел. Қазақша ағып тұр. Қуанып кеттім. Орыс деп отырғаным татардың әйелі екен.

- Қабылтаев Қыдырбек. 1943 жылы соғыста қаза болған, деймін апамнан талай естіген сөзді қайталап. Әбден көнеріп, тозығы жеткен үлкен «дәптерін» парақтай отырып керекті тұсын тауып алды-ау деймін? Шұқшиып дәптерге бір, маған бір қарайды. Қасында отырған әйелге әлдені көрсетіп, өзара сөйлесіп кетті:

- Как это так? Отец умирает в сорок третьем, он родился сорок пятом? Орыс әйелдің аузынан шыққан әрбір сөзі көңілімде жатталып қалғандай. Осы күнге ұмытқан жоқпын. Екеуінің ұзақ әңгімесінен шала-пұла ұққаным мынау еді. Қазақтарда ұл баланы ата-әжесі асырап алып, өздерінің фамилиясын беретін жайлар көп кездеседі. Мынау да сондай ерекше жағдай.

Татар әйел біраз жайды ұғындырған болу керек? Әлгінде ыршып түскен қасындағы серігі басын шайқап қойып қолыма бір парақ қағазды ұстата салды. Оған татар әйел мөр басып жатып, маған күлімсірей қарайды:

- Балам, бұдан кейін әкем қырық үшінші жылы өлді демей-ақ, соғысқа кетіп хабар-ошарсыз кеткен. Қайда-қашан өлгенін білмеймін дей сал. Өзің кемпір-шалдың қолында өскен баласың-ау, сірә? деді. Әншейінде жөні келсін келмесін бас шұлғып қайталай беретін «рақмет» дегенді де ұмытып, татар әйелдің қолынан қағазды жұлып алып, далаға қалай атып шыққанымды білмеймін. Қара табанымнан басталған бір діріл жайлап көтеріліп, бүкіл тұла-бойыма жайылып бара жатты.

Мен келгенде үйдегілер алма ағаштың көлеңкесінде әдеттегідей шай ішіп отыр екен. Төрде жездем, одан төменірек апам отыр. Әпкем сары самауырдан сызылтып шай құяды. Тіземді бүгер бүкпестен аузымнан шыққан алғашқы сөзім:

- Мені қайдан асырап алдыңдар? Әкем кім? Шешем қайда? Мен осы кімнің баласымын? болды. Өңім сұп-сұр болып кетсе керек. Жездем алдындағы кеседен бір-екі рет ұрттап, «болдым» дегендей ишарат білдірді. Артынша орнынан шапшаң тұрып кетті. Апам басын төмен салған күйі қозғалмай отыр. Үндемейді. Әпкем алдыма шай құйылған кесені қойып жатып:

- Кімнің баласы болушы едің? Осы үйдің-ақ баласысың. Елдің ішіп отырған шайын бұзып, сонша бүлінетіндей не боп қалды? Не шағып алды сені? деді. Үнінде қатты зіл жоқ, ақырын айтты. Өзімнің оқыс кеткенімді

сезгендей, үнсіз отырып қалдым. Бұдан әрі әпкем де, мен де үндемей отырып шай ішкен болдық. Бірақ мен үшін әшейіндегі дастарқан үстінде болатын шат- шадыман күлкіден із де қалмағандай, салқын леп ескендей болып сезілді. Сол түні жездем оңаша шақырып алып болған жайды түгелдей айтып беріп еді.

- Шашылып, артылып жатқан бала кімде бар дейсің, қарағым? Менің жайымды тіпті жақсы білесің. Тек ақ пейілден, жақсы ниеттен ғана осылай істегенбіз. Мынау сен туғанда берілген туу куәлігің, деп қолыма алақандай ғана құжатты ұстатты. Онда Кененов Бақытжан. 1945 жылғы 5 шілдеде туған деп жазылған екен. Менің төмен қарап, үндемей қалғанымды көрген ақын орнынан тұрып маңдайымнан сүйді. Аса ықылас білдірмесем де, жүрегім шымыр еткендей, бойыма жылы бір леп сезілгендей болғаны рас. Әппақ қудай сақал-мұрты бетімді қытықтағандай әсер алдым. Екеуміз де көзімізге жас алып, мұңайып қалдық. Жездемнің әке ретінде мені алғаш рет сүйіп, құшағына алған сәті еді бұл.

- Қарағым, өзің де естиар баласың ғой. Сенен тілейтін бір ғана өтінішім бар. Анау тірі әруақ, кәрі аруананың көңілін аула. Енді қартайғанда жүрегіне қаяу салсақ не болғанмыз? Әйтеуір көзі тірісінде сен сол кісіге тәнсің, деген. Осы сәттен бастап ол кісіні «ата» дейтін болдым. Әжем дүние салғаннан кейін ғана барып шешемді «апа» деуіме тура келді. Солай деудің өзі маған оңайға түспегенін несіне жасырамын.

Қарт ақын сексенге келгендегі біздің үйде болған үлкен өзгеріс осы болатын. Аттестатым да, алғашқы төлқұжатым да Қабылтаев Бақытжан Қыдырбекұлы болып жазылды. Мектептегі ұстаздарым да, интернатта өскен жора-жолдастарым да мені осылай білген, осылай деп атап кетті. Әлі күнге кездейсоқ жолығып қалсақ: «О, Қабылтаев, қалайсың? Қайда жүрсің?» деп сұрайды. Ал менің университетке оқуға түсуім тіпті қызық.

Ауылда екі жыл жұмыс істеп, оңды-солымды танып ержетіп қалған кезім. Осы екі арада Қордайдағы шопырлар курсын бітіріп те алғанмын. Екі мамандығым бар. Бірі – киномеханик, бірі – үшінші сыныпты мәшине жүргізуші. Күзге қарай құжаттарымды түгендеп, «колхозшының» еңбек кітапшасын алып жолға әзірленім жатырмын. Ішкі қобалжуым да жоқ емес. Енді биыл оқуға түспесем, әскерге кететін болып шештім. Өзімді-өзім осылайша жұбатып қоямын. Ертеңгі ас кезі болатын. Атам шай үстінде маған жайлап қана мынаны айтты:

- Балам, оқимын деп талаптанғаныңа өте ризамын. Биылғы жолың қалай болар екен? Елдің балалары барған бойда оқуға түсіп келіп жатады. Екі жыл қатар барып, түнделетіп қайта келдің. «Жетесізді жетелеме...» дейді екен Кебекбай шешен. Сені ондай деп ойламаймын, әрине. Әлде...

Мәтелдеп, мысал ретінде айтқан әкемнің бұл сөзіне алдымен шешем намыстанып қалды.

- Баланың сағын сындырғандай оны несіне айтып отырсың, Кенен. Осы ауылдың жесір әйелдеріне дейін жалғыз танасын сатып баласын оқуға түсіріп жатыр. Солардан мұның қай жері кем? Құдайға шүкір, қол-аяғы бүтін, ақылы да ешкімнен кем емес. Сәті түспей жүрген шығар? Күн-ұзақ домбыранды

«тыңқылдата» бергенше барып қайтпайсың ба. Бір балаңды түсіруге сөзің өтетін шығар? деді. Әкем бұған жай күлген де қойған.

Бәлкім, шешемнің әлгі сөзі қамшы болды ма, әлде өзі де солай шешкен болу керек, жеңіл мәшинесін маған айдатып Алматыға бірге шықты. Келген бойда «әлгі оқитын жеріңе апар» деген соң университетке бет алдық.

Ректордың үлкен бөлмесінде бірнеше адамдар отыр. Өткен жылы емтихан алған бір-екі адам болмаса көбісін танымайды екенмін. Қарт ақынды қаумалап ортаға алып, қауқылдасып жатыр. Ақынды бұрыннан білетіндері сонысын мақтан еткендей әкемнің қолын алып, ұзақ сілкілеп жібермейді. Әкем домбырасын алып біраз өлең айтты. Аман-саулық сұрап, қызметтеріне табыс тіледі. Осының бәрін өлеңге қосып айтады. Сөзінің соңында:

- Мына қарашаңғарақта қазақтың талай баласы оқып жатыр. Жылда біреуін жіберер едім, ондай көп бала менде қайдан болсын. Қартайғанда «күшеніп жүріп» әрең көрген бір-екі ұл бар еді. Жылда келіп «тісі өтпей» қайтып жүр. Менің бір тұқымым осында оқыса тақияларыңа тар келе ме? деп өлеңдетті. Әрі күлдіріп, әрі әзілдеп айтқан ақынның сөзіне тосылып қалған жұрт:

- Кенеке, сіздің балаңыз оқуға келіпті дегенді естісек құлағымыз тас боп қалсын, дейді шулап. Әкем әзіл-шынын араластыра сөйлеп отыр.

- Ендеше мына алдарыңда тұрған «қайқыбас ерке» менің балам деді.

- Болды-болды, Кенеке. Сіздің балаңыз оқымағанда, мұнда кім оқиды? десіп дуласып тарасқан. Көңілі орнына түскен әкем ертесі күні-ақ ауылға қайтып кетті.

Шығарма жазған күннің ертесінде-ақ талдырмаш келген арықтау жігіт қасыма келіп: «Сен Бақытжансың ба? Шығармадан төрт алдың» деді. Ол кезде бағаның тізімі әлі ілінген де жоқ болатын. Кейін білдім әлгі жігіт Мырзатай Жолдасбеков екен. Сонда сабақ беріп, әрі аспирантурада оқиды екен. Бұл жолы өзімнің студент болатыныма әбден көзім жеткендей, соны алдын ала біліп алғандай шалқайып жүрмін. Көңіл тоқ. Қызықтың бәрі әлі алда екенін қайдан білейін?

Ауызша емтиханға келгенде маған үш қойып жіберді. Билеттегі сұрақтарға тәп-тәуір жауап берген де сияқты едім. Көңіл қойып тындамады деп емтихан алушыларды жазғырамын. Шет тілінен былай да үш қояды. Тағы да «балым» жетпей қалатын болды. Бәрі бітті...

Не істерімді білмей, теріме симай тұрғанымда Төркеннің келе қалғаны. Тәтемді көріп арқаланып әрі ашу қысқан болу керек:

- Қазір бензин әкеп, мыналарды түгел өртеймін, дедім. Түтігіп кеткен түріме қарап Төрткен шошып кетті.

- Қой, Бақытжан, сен үйге бара бер. Мен қазір артын күтіп, жолығып қайтайын. Неге үйтті екен? Бұдан кейінгі әңгіме былай болыпты.

Емтихан алып жатқан бөлмеге тәтемнің өзі кіріп, әлгі кісіге «бір минутқа шығып кетіңізші, бір ауыз сөзім бар еді» дейді. Ол кездің тәртібі қатаң. Емтихан кезінде бөгде адам тұрмақ, студенттердің өздері кіре алмайды. Есіктің бәрін жауып тастайтын еді ғой. Тәтем екеуі төменгі «подвалға» дейін түсіп, әбден оңаша қалғанда ғана болған жайды айтып түсіндіреді.

- Қой айналайын, әлгінде ғана өз қолыммен Кененбаев деген балаға бес қойдым емес пе? Шалдың баласы деген соң аса қинаған да жоқпыз, дейді.

- Ағатай-ау, оның фамилиясы Қабылтаев! Әжесінің атынан жазылады, деп Төрткен шыр-пыр болыпты.

- Япырай, енді қайттік? Тізімде дәл сондай басқа фамилия да жоқ. Ешкім маған нақтылап айтпаған соң қайдан білейін? Кенекеннен бұрын, әлгі тапсырған адамға не дейміз енді? «ЧП, ЧП» болды, Төрткен! деп қатты абыржайды. Ақыр соңында жаңадан емтихан қағазын толтыртып, «бес» деген баға қойдыртыпты. Менің де жолым ауыр болу керек. Өзге жұрттың ың-дыңсыз түсіп жатқан оқуына, осылай үлкен әбігермен келіппін. Ұйтпесем, кемпірдің баласы боламын ба!?

Кейін отбасымыз араласып, дос болып кеткен Кененбайдың Ырымы әр жолыққан сайын:

- Бақытжан, шалдың нағыз баласы менмін. Сен әйтеуір фамилиясын алып жүре бер. Көрдің ғой әне, сол емтиханда атамның әруағы сені емес, мені қолдап кетті. Әй, өзім де бәрін біліп туған баламын ғой! деп әзілдейді. Ырымның бұл сөзінің жаны бар. Арнайы жолдамамен келіп, оқуға бірден түскені рас. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ газет-журналдарға әңгіме, мақала жазып көзге түскен екен. Он бес жасқа толмай жатып сол кездегі «Қазақстан пионері» газетінің жүлдегері атанған оқушы. Бұған не деп дау айтарсың?

Жатақханада алты жігіт бірге тұрдық. Солардың ішінде марқұм Жарасқан Әбдірашев көңіліме етене жақын еді. Ішіміздегі ең арығы да, ең жасы да осы Жарасқан болатын. Курстастарым шетінен ақын. Мұрат Күлімбетов, Қаржаубай Омаров, Жолбарыс Әбішев, Сейсен Мұхтарұлы, Қуаныш Тектіқұлов...

Әркім өлеңін оқып, кішкене бөлмеміз шабыт алаңына айналғандай ду-ду боп жататын еді. Өзім де елден жасырып әрнәрсені түртіп қойып жүремін. Оны ашық айтуға жүрегім дауаламайды. Өйткені курстастарымның бәрі маған азулы, дүр ақындар болып көрінетін. Сонда бәрімізден Жарасқанның өлеңі асып-түсіп жатады. Ұйқасы да, ойы да дөп түсетін еді. Кәдімгідей қызғанып, қызарандап қалатынбыз. Кейін, оқуды бітірген соң, әркім әр жерге қызметке тұрып, әркім өз илеуін илеп кеттік. Бір жолы Жарасқанға былай деп әзіл-шынымды айттым:

- Жәке, менің ақын болмай қалғаныма сен кінәлісің, деймін.

- Неге?

- Қандай кездесулерге барсақ та, мейлі ол ресторан болсын, мейлі «ЖенПи» болсын жұрт алдымен сенің өлеңіңді сұрайды. Сенің бал тамған өлеңіңнен кейін ешкімнің өлең оқуға жүрегі дауаламайды, зауқы да болмай қалады деймін.

- Оны өздеріңнен көріңдер, қоянжүрек ақын болсаңдар оған кім кінәлі? Қаласаң ертеде жазған екі-үш өлеңімді берейін. Айдап оқып шық. Соның кімдікі екенін кім біліп жатыр? деп ақжарыла күлетін еді.

Ол кездегі студенттердің көбі түлкі құрсақ күн кешеді. Үйден келген азын-аулақ ақша көңілі мырза, сауықшыл студенттер үшін жұғын болып па? Жарасқан екеуміз аяндап Бас поштамтқа келетін едік. Әлде қандай тиын-

тебен келіп қалса құжатыңды көрсетіп сол жерден алатын едік қой. Жарасқан студенттік билетін ұсынып тұрып алдындағы талдырмаш қызға:

- Ақшам бітіп, қарным ашып,

Келіп тұрған, Әбдірашев! Бұл менмін дейді. Артында тұрған мені көрсетіп:

Ақша бітіп, бағы тайып,

Келіп тұрған, Қабылтаев! Бұл мына жігіт. Танысып қоялық, қарындас, дейді. Жәкеңнің табан асты айтқан сөзіне әлгі бойжеткен де, біз де бүкіл поштаны басымызға көтеріп күлгеніміз әлі есімде.

Бірінші курсты бітірген жылы мен Жарасқанды ауылға қонаққа шақырдым. Каникулдан қайтар жолда Отардан күтіп алатын болып келістім. Жарасқан құрқол келмепті. Мөшекке салынған бір қорап балығы бар. Әсіресе сыртын ақ матамен ораған «кұлаштай» балықты көріп таң қалдым.

- Сонау Аралдан Кенен атама арнайы алып келген базарлығым. Мұны біздің елде «қаяз балық» деп атайды деген. Әлгіні екеулеп «Волганың» артына әрең салдық. Үйдегілер де: «Япырай, осындай да алып балықтар болады екен-ау! Кітаптан суретін көргеніміз болмаса, біздің жақта мұндай балық қайдан болсын?» деп таң-тамаша. Балаларға тіпті қызық, күйрығын ұстап, көзін шұқып қызықтайды. Қарт ақын балаша қуанып қалды:

- Балам, рақмет! Атама деп сонша жерден көтеріп әкелген екенсің? Жасың ұзақ болсын! Баяғыда Нартай ақынның еліне барғанда осындай балықтың неше түрін көріп, дәмін татқанмын. Сыр бойының қазақтары ең құрметті қонақтарына балықтың етін тартады екен. Сондағы тіл үйірер астың дәмі әлі аузымнан кеткен жоқ, деді.

Кешкісін семіз кепе сойып, дастарқан жайдық. Ауылдағы бірге өскен жора-жолдас, құрдастарымның бәрін шақырдым. Әкем домбырасын алып біраз өлеңін айтты. Өзінің жастық кезінен небір қызықты әңгіме шертіп күлкіге батырған еді. Жарасқан өлеңдерін оқығанда көзін жұмып отырып, бар зейінімен тыңдағаны әлі көз алдымда.

- Балам, көзің отты екен, аузың епті екен! Ақындық жолға қадам басқан екенсің адымың нық, жортқанда жолың болсын! Атақты- абыройлы бол! деп ақ бата тілеп, шығарып салып еді. Кейін оңаша қалғанда:

- Ата, ана жолы келіп кеткен балаңыз қалай екен? Өлеңдері ұнады ма? Қандай баға бересіз? деп сұрағаным бар.

- Е, қарағым! Ақын боламын деп талпынатындар көп. Електен өткендей ертең солардың асылы ғана жұрттың жадында қалады, аузында жүреді. Ақынға берілген баға сол. Әлгі баланың бойында ақынға тән қайсарлық, ұшқыр мінез бар екен. Болса болып қалар? Нағыз ақындар осындай жұқалаң, сүйегі нәзік, жирен мұртты болып келуші еді, деген күліп. Қарт ақынның айтқандары шындықтан алыс кеткен жоқ. Жарасқан өз қатарынан оқ бойы озып тұрған ақын болды. Оған уақыт куә, біз куәміз.

Бірге оқығандардың ішінде Жолбарыс Әбішевтің мінезі бәрімізге белгілі. Қия тартып, қыңыр сөйлеуге шебер болатын. Әрқайсымыздың мінез-құлқымызды тап басып, бір сөзбен-ақ «жайратып» салатын. Алғаш танысқанымызда: «Мысық та емес, күшік те емес, Жолбарыспын!» дегені кейін мәтелге айналып кеткен еді. Ол да марқұм болып кетті.

Бір жолы Жарасқан мен жұбайы Назгүлді «ұрыстырып» қоя жаздағаны бар. Дастарқан үстінде жігіттер сұрап қоймаған соң Жәкең өзінің жұбайына арнап жазған өлеңін оқыды. Сонда: «Нәзігім, Нәзігім - Темірқазығым!» дейтін өлең жолдары айтылады. Баяғы «қыңыр» мінезіне салған Жолбарыс әлгі сөзді іліп әкетіп:

- Назгүл-ау, оның несіне мәз болып отырсың? Кенен атама қарашы! Насиха шешемізге қалай айтқан: «Қабағы ашық жазығым, Насиха – алтын қазығым!» депті. Ал мына Жарасқан сені жай ғана сиыр байлайтын темір қазыққа теңеп айтады. Тіпті жез де емес, алюминни де емес, кәдімгі күнде көріп жүрген темір қазық. Бұған күлмеген адам қалмады. Жарасқан қызараңдап:

- Мен сонау аспандағы Темірқазықты, ешкімнің қолы жетпеген жарық жұлдызды айтып отырмын деп ақталған болады. Өзі де Жолбарыстың тапқыр сөзіне көзінен жас аққанша күліп алды. Қызып алған жігіттер онымен қоймай, отқа май құйып жатыр.

- Нәзігім, нәзігім деп үзілген соң, ар жағында Жәкеңнің аузына ең болмағанда маржан, гауһар, жақұт деген сөздер неге түспей қалды екен? деп шуласады. Табиғатында сабырлы Назгүл бұған не десін?

- Талай сұлуға үзілтіп өлеңін арнаған Жарасқандарың ғой. Орайы келіп тұр екен сілікпесін бір шығарып алындаршы, жігіттер. Менің қолымнан осы келмей жүр еді дейді. Өзі де қосыла күліп жатыр.

Осындай жарасымды әзіл-қалжыңдар біздің арамызда көп болушы еді. Қасымда ұзақ жылдар бірге жүрген осы жігіттердің бірталайы әкемнің дидамын көріп, қолынан дәм татқан, батасын алған азаматтар. Бірі ақын, бірі жазушы, атақты журналистер. Осы жігіттердің атасына арнаған бір ауыз сөзі немесе өлеңі болса дәп осы тұсқа «қыстырып» жіберсем қандай жарасар еді деген ой келеді. Көңіл түкпірінде болар-болмас өкпенің бас көтеріп қалатыны да рас. Әкемнің сексенге келгенін әңгімелеймін деп өз жайыма тартып кеткеніме ғафу өтінем. Әңгіме желісі осылай болды.

Сол жылы қарт ақынның мерей тойы үлкен деңгейде атап өтілді. Жетпіс бес жасынан кейін іле-шала той өткізудің өзіндік мәні болса керек. Ақын сексенде. Ал ажалдың айтып келмесі тағы белгілі. Осы жағын Сәбит аға көңілге қатты түйген болу керек. Үкіметтің қолдауымен, Сәбеңнің ұйымдастыруымен аулымызда тағы бір үлкен той өтті. Бұл тойдың өткен тойдан да артық болғанын, жоғары дәрежеде өткенін көзбен көрдік. Ақынның кеудесіне Еңбек қызыл ту ордені тағылды.

«Келдім биыл сексенге,
Желігім бар өкпемде.
Екі Кенен тумайды,
Алатауға ексең де!»

Бұл қарт ақынның осы тойға арнап шығарған «Сексенге» деген әнінің бір шумағы. Мұны ақынның өзіне өзі берген бағасы демей, бүкіл ел-жұртының, өз замандастарының қалтқысыз пейілі деп ұққанымыз жөн. Бұған қосып-аларымыз жоқ. Туған халқының да, отбасының да тілеуі бір. Ол

ақынның ғұмыры жалғаса түссе екен, домбырасының қоңыр үні әлі де ұзақ естіліп тұрса екен дейтін тілек.

«Тұсауым жоқ аяқта,
Сүйенгем жоқ таяққа.
Сыр алдырман сексенге,
Тоқсан, жүзің қай жақта?»

Шіркін! Өмірге деген адамның құштарлығы осындай-ақ болар? Қарт ақын осынша жасқа келсе де шабытынан таймай, кәрі қыран секілді көкке әуелеп, биіктен көз тастайтын сияқты. Өзінің атақты «Қайран жастық» дейтін әнінде өмірге ғашық, жарық дүниеге жаны құштар ақынның бар болмысын көргендей боласыз. «Жасың жүзге жетсе де жаның тәтті, қара жердің қойнына енгің келмес» дейді. Бұл енді жалған көлгірсуді білмейтін, жаны нәзік, жаратылысынан ақын болып туған адамның бар шындығы.

Сексен жас былай тұрсын алпыстың өзін еңсермей жатып қарттыққа мойынсұна бастайтын, бойкүйез, күйреуік адамдар да көп кездеседі. Сондайларға қарап: «Япырай, әкем осыншалық қайрат-жігерді қайдан алады екен? Бұл кісінің көргенін, бастан өткерген ауыртпалығын бізге салса әлдеқашан «сүйегіміз шашылып» қалар едік. Бұрынғы адамдардың сүйегі асыл болады дейтін сөз рас болғаны ғой?» деп өзіңнен өзің таңдай қағарың сөзсіз.

Қарт ақын сексеннің бел ортасына келгенше аттан түскен жоқ. Үнемі қос ат ұстайтын еді. Екеуінің мінезі екі түрлі. Бірі шабандау, үрку-шошуды білмейтін көнпіс, аяңға шыдамды жылқы. Әкем мұны көбіне ауыл арасына, әлдеқандай шаруалары болып қалғанда мінетін. Екіншісі қызу қанды, құлақтарын қайшылап, бір орнында тыпыршып тұра алмайтын мінезді жылқы. Бітімі сұлу, соған орай қашыққа шабатын ұшқыр болып келеді. Мұнысын әкем алыс жолға шыққанда, той-томалақтарға мінеді. Әлгі аттың елеріп, басын шұлғып, байыз таппай тұрғанын көрген шешем:

- Кенен-ау, өзінді баяғы жиырма бестегі жас жігітпін деп ойлайсый-ау деймін? Оқыс болып аттан құлап мерткісең не боламыз? Енді қартайған шағыңда мұныға ел күлмей ме? дейді. Жаяу жүретіндей емессің. Астыңда мәшинең бар. Соған неге мінбейсің?

- Оқасы жоқ. Ат адамнан да ақылды. Сылап-сипап, жақсы көріп тұрғаныңды ат та сезеді. Сол мәшинеңе болайын. Оған тегіс тас жол керек. Ат баратын жерге ол жете алмайды. Тау-тасты, сай-жыраны өрлеп, каусәр бұлақтан су ішпеген соң оның несі қызық? дейтін қалжың-шынын араластыра.

Атқа кім мінбейді? Бірақ солардың бәріне атпен жүру жараса да бермейді екен. Бірі тым етженді, енді бірінің бойы бір тұтам, тым аласа. Ат үстінде қоржиып отырғаны. Әйтеуір салт атты деген аты ғана. Қарт ақынның атқа отырысының өзі әсем еді ғой. Басында қаракөл бөркі, аяғында былғары байпак, үстіне кигені қоңыр түсті пүліш шапан. Қолында күміспен апталған, тобылғы сапты қамшы. Белінде кемер белдігі. Бойы сұңғақ. Атқа «қонғанда» денесін тік ұстап, ерекше көрінетін. Қасындағы серіктерінен төбесі оқшау

көрініп, ақ сақалы желкілдеп кетіп бара жатады. «Кенекеңнің атқа отырысы қандай? Шіркін, жігіт кезіндегісін көрер ме еді!» деп жұрт таңғалысар еді.

Ол кезде жаңа құрылған ауылда монша жоқ. Өзіне үйреншікті Отар станциясындағы теміржолшыларға арналған моншаға баратын еді. Ондайда мені шақырып алады:

- Балам, сен мәшинеңе мініп бара бер. Керекті бұйымдарды ұмытпай салып аларсың. Мен атпен шығамын. Шынар келінге айт моншасын қыздырып қойсын дейді. Келін деп отырғаны кассир әйел.

Біздің ауылдан Отарға дейінгі аралық тас жолмен барсаң жиырма шақырым. Ал төтелей жүрсең көп болса екі-үш шақырым ұтасың. Әкем атпен төтелеп тартады. Аттың бусанып, терлеп келгеніне қарап, жеткенше шауып келенін аңғару қиын емес. Әкем аттан түсе салып, ыстық моншаға «қойып» кететін еді. Атты інісі Мұқаметәлінің үйіне апарып тастап, артынан өзі де кіремін. Ол кісінің қасында біздің буға түскеніміз жай ғана баланың ойны сияқты. Моншаға ұзақ түседі. Сыпырғымен арқасын ұрғылатқан жігіттер «ахлеп-ухлеп» ыстыққа шыдай алмай атып шығып жататын еді. Өлгілердің шыдамсыздығына күліп:

- Әй, балалар, сендерге не болған? Шал, мен ғұрлы жоқсыңдар. Терілерің қандаланың қабығындай тым жұқа ғой деймін? Әкемнің әзіліне олар да әзілмен жауап береді.

- Кенеке-ау, сіздей қайдан болайық? Байдың қамшысынан әбден ширығып, теріңіз қайыстай қатайып кеткен болса, дейді. Әбден айызы қанғанша түскен әкем басын-мойнын орамалмен қымтап алған күйі мәшинеге мінеді. Тақтайдай тегіс жолға түсіп алып ауылға тартатын едік. Үйге келген соң екі енінен демалған сары самауырдан шай ішеді. Шөлі қанғанша ішеді, ұзақ отырып ішетін. Кейде бір самауыр бір өзіне жетпей де қалатын еді.

1974 жыл. Ақын 90 жаста.

Тоқсанның торғынына оранғанша әкемнің үйде бос қарап отырғанын көрген емеспін. Соңғы екі-үш жылда ғана алыс жолға шығуын азайтып, қолындағы тәспихын «тартып» ұзақ-ұзақ ой үстінде отыратын еді. Онда да бұған: «Кенекең ендігі жерде ұзақ жол жүруге болмайды. Атпен жүру, монша, ыстық бу дегенді мүлде тоқтату керек. Жасы келген адамға бұл үлкен салмақ, жүрек көтермей қалуы мүмкін» деген дәрігерлердің сөзі себеп болды.

Қонақтардың аяғы сол бұрынғыдай тыйылған жоқ. Қарт ақынның денсаулығын біліп қайтайық, дидарын көріп, аузынан бір ауыз сөз естіік деп келетіндер көп болушы еді. «Кенеке, халіңіз қалай? Тоқсан жас деген қандай болады екен? Қамшылауға келе ме екен өзі?» деп әзілдей сұрағандарға:

«Оңаша үйде отырмын,

Өткенімді сағынып.

Тоқсан жасқа келгенде,

Насихаға бағынып» деп өлеңдете жауап берер еді. Келген адамдар қарттың шырқау биігінде отырса да әзіл-қалжыңнан арылмаған ақиық ақынның мұнысына әрі сүйсініп, әрі таңдай қағып тарасар

еді. Келушілердің ішінде менің де жора-жолдастарым көп. Атамызды шаршатып алмайық деген оймен шешемді оңаша алып әңгіме - дүкен құрысады. Әкемнің жас кезін, серілік құрған жігіттік шақтарын білгісі келгендер шешемді ортаға алып әңгімеге тартатын еді. Солардың арасында қу тілді Ақкөл досым бар.

- Апа, өзіңіз аманат етіп тапсырған балаңызды әскерге аман-есен апарып, қайтып әкелдім. Мен болмасам буряттың бір қызын алып сонда қалып қоятын еді дейді. Бұған шешем кәдімгідей нанып қалады.

- Жасың ұзақ болсын, қарағым! Кемпірдің қолында ерке өскен бала ғой, бірнәрсеге ұрынып қалама деп қатты қорыққаным рас. Бас-көз болғаныңа разымын деп батасын беріп жататын еді.

1969 жылы университет бітірген төрт-бес жігітті әскер қатарына шақырды. Алматының вокзалында қоштасып тұрып шешем:

- Ақкөл, айналайын, оңды-солыңды біліп қалған бала екенсің. Біздің мына ерке баламыз жолда бір жерде түсіп қалып жүрмесін. Бас-көз бол. Өзіңе тапсырдым. Әскерге барып, елге аман-есен оралыңдар. Орден тағып қайтыңдар! деген. Біз әскери қызметімізді бір жерде, Бурятияның астанасы Улан-Удэ маңында, бір полкте өткердік. Ақкөлдің айтып отырғаны сол жай. Әскердегі екі жылда: «Бала, сені апам маған тапсырған. Көп қиқандама!» деп қыр соңымнан қалмайды. Менен бір жас кіші болса да «Ахаң, менің ағам» дейтінім сол.

- Кенекеннің бойы құрықтай екен. Сен неліктен аласалау болып қалғаның? деп сұрағандарға Ақкөл ағам:

- Үй, мұны атамыз әдейі «мультфильмде» ойнасын деп осылай тудырған ғой, деп күлдіретін еді.

«Әзілң жарасса, атаңмен ойна» дейтін сөз бар. Мінезінде, ішкі жандүниесінде аздап болса да ұқсастық болмаған адамдар әзіл-қалжыңға бара да бермейді. Ондайда қалжыңдаймын деп «от» шығарып алатынымыз содан болса керек. Ақкөлдің әзілге, «қағытпа» сөзге шебер екенін студент кезімізден білеміз. Әсіресе қалжың-оспағының басты кейіпкері менмін. Бірде баспада бірге істеген Жеңіс Әбішев деген жігіт жолығып қалды. Қалада өскен, орысша ойлайтын жігіт еді.

- Бәке, бір нәрсе айтсам, не обидешся? дейді. Шынымен ыңғайсызданып, қысылып тұрғаны байқалып-ақ тұр.

- Жоқ, Женя. Айта бер. Екеуміз құрдас емеспіз бе?

- Правда, что говорят ты там сапожником устроишься?

- Кто? Где говорит?

- Да, у нас в издательстве все об этом говорят. Сам лично услышал дейді. Неде болса бұл сөздің Ақкөлден шыққанын ішім сезе қойды. Оның мәнісі былай екен. Мен ол кезде Ғылым Академиясында қызмет істейтін едім. Күзге қарай әр мекемеден ауыл шаруашылығына көмекке адамдар жіберетін еді ғой. Марқұм Жайсаңбек Молдағалиев бастаған бір топ жігіт қалаға жақын бір шаруашылықта жұмыс істейміз. Міндетіміз алма, жүзім салатын жәшік шегелеу. Сынғандары болса бүтіндеп, жарамдысын бір бөлек, іске жарамай қалғандарын бөлек жинаймыз. Таң ертең келіп, кешке қарай қайтып жүрдік. Қаланың әр тұсында тұратын жігіттер:

- Бақытжан, әрқайсымыз бір-бір балғаны әрі-бері жүк етпей-ақ, сен дорбаңа салып алсаңшы. Үйің де қашық емес, орталықта тұрасың. Ертеңгісін ала келсең болғаны деген. Ол кезде Ақкөлдің үйі қаланың «татарка» деп аталатын тұсында. Менің балғаларды көтеріп, автобус аялдамасында тұрғанымды талай көрген. Соны қызметіне барғанда:

- Әлгі байғұс баланы қызметінен тағы шығарып жіберіпті. Әбден обал болды. Қайтсін енді? «Татарка» жақта етікші болып істеп жүр. Сенбесендер күнде ертеңгісін немесе кешкісін 20- автобустың аялдамасына барыңдар. Сол жерден көресіңдер, депті. Мені бүкіл қалаға «етікші» атандырып жіберген осы Ақаң болатын.

Етікшілік деген түк емес, ол да әркімнің қолынан келе бермейтін кәсіп. Мені тіпті «баукеспе ұры» атандырып жібере жаздағаны да бар. Мұндайды Ақаң әдейі ойластырып емес, ойламаған жерден, аяқасты таба қоятын еді.

Шілде айындағы Алматының қапырық ауасын бір көрген адам ешқашан ұмытпайтыны ақиқат. Тап сондай аптап ыстық күн еді. Ортамызда Ақкөл бар екі-үш жігіт жүгіріп келіп енді жылжыған троллейбустың артқы есігінен кіріп үлгердік. Бір біріне сығылысып, терлеп-тепшіген адамдар. Әлгілердің арасынан сыналай өтіп артқы жағына барып тұрдық. Троллейбус кілт тоқтаған сәтте дәліздегі сығылысқан адамдар қоса шайқалады. Терезеге тақау тұрғандықтан ба әлгілердің салмағынан қабырғамыз сынып кетердей әрең шыдаймыз. Шопырлардың тілімен айтқанда нағыз «пробка» болдық та қалдық. Арамызда бірнеше әйелдер тұр. Бір кезде:

- Оу. Бәке, хәлің қалай? Түрмеден қашан шықтың? деген Ақкөлдің даусы шықты. Бетіне жалт қарап едім екі «таңауы» жыбырлап тұр екен. Әзіл айтардағы немесе ойдан шығарып өтірік айтқардағы әдеті бұл. Көп жылдан бері сырмінез болған Ақаңның ойын түсіне қойып:

- Құдайға шүкір! Үш-төрт ай болды. Алдымда тұрғандар менің бетіме бажырая қарайды. Киген киімім тәп-тәуір, мойнымда галстук. Мені түрмеден шыққан деп ешкім ойламаса керек. Бәрі естісін дегендей Ақкөл даусын көтере сөйлейді.

- Өткен жолы бес жыл отырып келдің. Бұл жолғың мынау. Біреуге пышақ салған дей ме? Байғұс бала, пышақта нең бар? дейді өңін суытып.

- Оны істеген мен емес. Бірақ бәрін маған жаба салды ғой дедім. Күлкі қысып әрең шыдап тұрмын. Ақкөлдің жүзінен ешнәрсе байқалмайды. Қабағын шытып, шындап айтып тұр.

- Жасың отыздан асты. Бала-шағаны ойламайсың ба? Біреудің сумкасын тілу, біреуге пышақ салу дегенді қоятын уақытың болды ғой!

Әлгінде ғана ине шаншар жер болмай қысылысып тұрған троллейбустың арт жағы кәдімгідей босап қалды. Менің қасымдағы жолаушылар бір-бірін итерісіп ілгері өтіп кеткен екен. Әйелдер жағы сумкаларын қолтықтарына қыса ұстайды. Маған ұрлана қарайды.

Ахаңның мұнысына не күлерімді, не реніш айтарымды білмей қала бердім. Ол болса: «Қалай қатырдық, ә!» деп балаша мәз болады.

...Бақытжан туралы жазғандарым екі-үш дәптер болды. Негізгі кейіпкерім осы. Мұның әкесі өлгенде қалай жылағанын білесіңдер ме? дейтін әзілдеп. Екі қолы ербеңдеп, басын қайқайтып алып «Атам-ө- өй!» деп келе

жатыр еді алдынан бір коммунист ағасы шығып: «Қатты айғаламандар, үйде үкімет адамдары отыр» деді. Сол-ақ екен Бақытжан жылағанын қоя қойып, бұрышқа отыра кетті дейтін. Мұнысы енді мені ыза қылу үшін айтқаны. Дәл Ақкөлдің айтқанындай болмағанмен, осындай жайды бастан кешіргенім рас.

Басқа жерде қандай екенін білмеймін біздің жақта ер адамды жерлеген соң «ой, бауырым-ай!» деп дауыс айтып келу ғұрпы бар. Бұрынғы кезде өлікті жерге «тапсырғаннан» кейін, көрден қайтқан адамдар атпен шауып келіп, үйге тақала бере атынан қарғып түсіп көрісіп жататын. Оны бала кезімде өзім де талай көргенмін. Қазір де солай. Бір айырмасы бұрын атпен баратын, бүгінде тізіліп мәшинемен жүреді. Жасы сексен-тоқсаннан асып өлген адамның арты той болсын деп небір әзіл-қалжыңға айналдырып жататын еді. Әкемнің шәкірті, суырып салма ақын Асылқұлдың әкесі қайтыс болғанда да тап осылай болды.

Асекеңнің өзі әзілқой, көпшіл адам. «Өзім атым Асылқұл, әкем Бұрбай, елден артық жаратты бізді құдай» деп өлеңдетіп отыратын. «Елден мұның қай жерін артық жаратты екен?» деп естіген жұрт қыран-топай күліп, мәз болып жатар еді. Мұның бәрін Асылқұл аға әдейі жұртты күлдіру үшін айтатын. Бұрбай атамыз жүзге тақай дүние салды. Ауыл-аймақ, ағайындар көп жиналды. Қалжыңбас Асекеңнің құрдастары да көп екен.

Әкесін қойып қайтқанда өлген адамның балалары алдымен келіп, үйдегілермен көрісуге тиіс. Бұл да ежелден қалыптасқан ғұрып. Топ алдында «атамай-атамайлап!» Асылқұл келе жатқан. Үйге тақала бергенде құрдастарының бірі жүгіріп шықты. Қолындағы бөркін бұлғап-бұлғап қалып еді Асекең мінген ат тоқтамай ағып өте шықты. Астындағы атының үркек, басы қатты екенін құрдасы біледі екен. Қанша шіреніп тартса да тоқтамай біраз жерге барды. Мұны көрген жұрт ішек-сілесі қатып күліп жатыр. Атының басын әрең бұрып қайтара келгенде әлгі құрдасы бөркін тағы бір бұлғап қалды. Басы қатты жануар енді төмен қарай ала жөнелді. Тағы да бас бермей біраз жерге барды. Сонда отырған қариялардың бірі: «Әкесі құрдастың баласы құрдас. Екеулеріңнің әкелерің де құрдас еді. Әзілің жарасса атаңмен ойна деген. Енді осымен қоя қойыңдар. Бүкеңнің арманы жоқ, артында үрім-бұтағы қалды. Арты той болсын!» деді. Әбден қартайып, жасы келіп өлген адамның, әсіресе ер адамның арты тойға ұлассын, артында қалған ұрпақтары өніп-өссін дегенді жұрт осылай пайымдайтын еді. Бала кезімде көрген осы бір жай әлі көз алдымда.

...1976 жылы әкем қайтыс болғанда жерлеу рәсіміне Ақкөл де қатысып, топырақ салысқаны рас. Менің қалай жылағанымды көргені де рас. Расында да мәшинеден түсе салып дауыс шығарып үйге беттеп келе жатқанбыз. Көркемжан оң жағымда, артта тағы бірнеше адам бар болатын. Білегіне қызыл мата таққан бір кісі (кім екені есімде жоқ) алдымыздан шығып:

- Дауыстарыңды тым қатты шығармандар. Үйде бір топ лауазымды үкімет адамдары отыр. Әлгінде ғана келді. Ұят боп жүрмесін, дейді.

Абдырап, сасқалақтап қалғанымыз да рас. Артыма қарап едім әлгінде еріп келе жатқан адамдардың бірі жоқ. Үйге кірерімді не кірмесімді білмей есіктің аузында тұрып қалдым. Менің әрі-сәрі болып тұрғанымды көрген Рақила жеңгем:

- Бақытжан, неғып тұрсың? Үйде шешен, әпкелерің, қарындастарың отыр. Көрісіп шық. Үкімет болса қайтеміз. Олардың әкелері өлмейді дейсің бе? деді. Даусымды қаттырақ шығарып әйелдер отырған бөлмеге кірдім. Неге екенін қайдам құлағыма жылаған әйелдердің де, өзімнің де даусым әрең естілгендей болды. Үнім тіпті шықпай қалғандай күй кештім.

Ақкөл құрдастың әрдәйім мені мұқатпақ болып айтатын әзілінің түп-төркіні осындай. Оған ренжіп, өкпелеудің еш қисыны жоқ. Ал дұрыстап «жылаудың» орайы үш-төрт күннен кейін келді. Бірақ онымды бір жан көрген жоқ...

Жылап-сықтау басылып, келімді-кетімді кісілер де саябырсыды. Бүкіл дүниені бір ауыр салмақ басып тұрғандай дел-сал. Үйге кірсең көзіңе әкенің ілулі тұрған қамшысы, домбырасы, киімдері түседі. Бұрышта саршұнақтай шошайып мыс құмғаны тұр. Ол да үнсіз мүлгиді. Сыртқа шықсаң сүйеулі тұрған шалғысын, айыр-тырмасын көресің. Бақ ішінде жоңыршқа шауып әкем жүргендей елеңдеймін. Құлағыма шалғысының зыңылы естілгендей болады. Алма ағаштың түбінде темір төсек тұр. Жаздың жаймашуақ күндері басталысымен әкем осында «көшетін» еді. Жапырақтар сарғайып, сары күз түскенше далада жату әдетке айналған. Кей күндері бүктеме төсегімді әкеп қасына жатамын. Енді ойласам, ол күндер ең бақытты күндерім екен. Ондай сәтте қолдан шауып жасалған қоңыр домбыраның үні түннің бір уағына дейін басылмайды. Оған әкемнің неше өрім әңгімесі қоса айтылады. Домбыраның үні де қоңыр, әкемнің үні де қоңыр. Құлағымды салып жатып тәтті ұйқыға кететін едім. Сондағы әке айтқан ақыл-нақылдар қанша? Айтылмай қалғандары жоқ шығар?

- Балам, бір қасық асқа не тоятынын білесің бе? деді бір жолы. Не деп жауап берерімді білмей абдырап қалдым. Ойыма келгенін айта салдым.

- Жұдырықтай ғана торғай болмаса, жорғалап жүрген тышқан болмаса бір қасыққа кім тоюшы еді, ата? деймін.

- Жоқ, қарағым. «Қанағат» дейтін сөз бар. Адамның бойындағы ең асыл қасиет сол. Байлық пен баршылыққа, атақ-даңққа, сауық-сайранға адамның өзі де, көзі де тоймайды. Өмірде әлі талай шырғалаңды көресің. Сүрінетін, қайғыратын, төрт аяқтап «тайғанақтайтын» сәттерің де болады. Сондай кезде адамға қуат беретін де, сүйеніш болатын да осы қанағат. Қандай жағдайда да әкенің атын жамылып, кеуденді ұрма. Адал бол, сыпайы, кішіпейіл, қанағатшыл бол. Бұл менің бірінші тілегім.

«Құлан жинап мал еткен, құмды жинап тау еткен» дейтін де сөз бар, балам. Сан ғасырдың тезінен өтіп, бас біріктіріп, тізе қосқан қазақ дейтін елің бар. Соның тілін ұмытпа, әдет-ғұрпын сақта. Ағасын ағадай, кішісін інідей қадірле. Жақсыға жұғысты бол, жаманға үйірсек болма. Елдігімізді сүттей ірітетін, шілдей тоздыратын жаман мінезіміз бар. Ол ру-руға бөлініп, іштей егесу. Содан бойыңды аулақ ұста. Халық ақынының баласы халықшыл болуы тиіс, қарағым. Бұл менің екінші тілегім.

«Қызғын шақта қасыңда жүргендердің бәрі мәңгілік дос болып қалмайды, балам. Жұрт тойлаған той секілді қызығы біткен соң тарқап-тарқап әркім өз жолымен кете барады. Шын досты жақыннан емес, алыстан ізде. Қиналғанда қол ұшын беретін, қуанғанда қасыңнан табылатын

болсын. Әрі өрісің, әрі сүйенішің. «Азаматтың қадірін ағайын білмес, жат білер» дейтін сөз содан қалған. Саған айтар өсиет- тілегім осы деп еді-ау жарықтық.

Әкенің аманатын орындай алдым ба, жоқ па? Ол жағын өзгелер айтсын. Көңіліме шуақ беретін бір ғана нәрсе. Ерке болсам да, ез болып көрген емеспін. «Мен тұрғанда, сен былай тұр» деп бір адамға қысастық жасап, кеуде көтерген, әлдебіреудің «тобына» кіріп көзалартқан жерім болған жоқ. Ғұмыр көштің бел ортасында жүріп, қарапайым тірлік етіп келемін, әке. Сәл өзгертіп Шерхан ағамыз айтқандай: «Еңкейгенге - еңкей, әкеңнен қалған құл емес. Шалқайғанға - шалқай, пайғамбардың ұлы емес» дегенді берік ұстанып келемін. Мейлі дос, мейлі жора-жолдас, қызметтес, замандас болсын: «Сен сұм екенсің, өтірікші, алаяқ қу екенсің!» демесіне кәміл сенемін.

Достарым да жоқ емес, әке. Атырау барсам алдымнан құшақ жайып Айтқалиым (Нұрғалиев), Қостанай барсам қыз мінезді Сәлімім (Меңдібаев), Павлодар барсам өр мінезді Социалым (Әйтенев), Семей барсам кеудесін айқара ашып Жеңісханым (Жұмаділов) шығары ақиқат. «Достық көңілдерің туысқандыққа жалғассын!» деп бата беруші едіңіз. Ол батаңыз да орындалды. Жазира немереңіз Семейге келін. Ендігі жерде Жеңісханды дос-құда дейтін болдым. Бұл енді көп жылдан кейін болған жайлар.

...Ал сол күні, әкем өмірден озған түні бүкіл тірлік атаулы өзінің мән-мағынасын жоғалтқандай, өзгеше көрініп еді. Үй-іші де, бақ іші де қаңырап бос қалған сияқты. Әкенің тағы бір белгісін іздегендей бақ ішін көзбен тінте қараймын. Еш белгі көрінбейді. Оның орнына шөп басына ілініп қалған қоқыс қағаздар көзге түседі. Желдің ызғарына шыдай алмай діріл қағатын сияқты. Өзгеше дыбыс шығарып, қалтырайды. Кешегі сойылған малдың сүйектері әр жерде шашылып қалыпты. Етін жеген соң сүйегін не қылсын?

Бақтың бір бұрышында екі күшік жылқының бір сирағын бөлісе алмай ырылдасады. Сонау жерде шоқиып көршім Қайытбектің иті отыр. Неге екенін қайдам сол түні ауыл иттері көп ұлыды. Әкемнің темір төсегінде шошайып мен отырмын. Қолымнан келсе мен де бар даусыммен «ұлыған» болар едім. Жердегі тірліктің сиқы осы.

Көктемгі аспанға көз тастап едім, жұлдыздар сол баяғыша самсап тұр. Жымындаған болады. Бірақ жымығаны тым суық. Жерден байыз таппаған әкенің жаны, солай қарап зымырап бара жатқандай. Ол жаққа барғанда тыныштық тапса жөн. Таппаса ше? Осы кеткені кеткен! Мәңгілікке жол тартқан екен-ау! дейді іштегі бір түйсік. Денем дір ете қалды. Ыстық толқын тұла-бойымды аралап шығатын жол іздейді, саңылау іздейді. Ақыры тапты-ау деймін? Көзімнен жас тамшылары аға бастады. Оны тоқтататындай күш қайсы? Тоқтатудың қажеті де жоқ еді. Өксігімді баса алмай ұзақ жыладым, дәп бала кездегідей солқылдай жыладым.

Әрқилы сылтаумен біздің үйде бастары қосыла қалса апамды ортаға алып әрнәрсені бір сұрап «қаужалап» жататын әдеттері. Бүгін де дәл солай. Ортада сол Ақкөл досым:

- Апа, жүз жасаған атамыздың Көркемжан, Бақытжаннан өзге балалары жоқ па? Тіпті көңіл сенбейді. Бәлкім, жасырып, айтпай жүрген басқа да ұлдары бар шығар? Сізге ол жайлы ешнәрсе айтпағаны қалай? дейді әзілдеген болып. Онысын шын көріп қалған шешем:

- Үйбө-өй, айналайын! Етінен ет кесіп алсаң онысын айта ма? Бұрынғының еркектері сертке өте берік қой. Өзі сері, өзі келбетті, ақын адамға қызықпайтын әйел болмайды. Құрдастары қалжындап: «Кененнің Мерке жақта бір баласы бар» дейтін. Оның рас-өтірік екенін білмеймін, қарағым. Бар болса, бар шығар? Көңілім соны сезеді, бірақ тап басып айта алмаймын, әке дейді. Өзі де жетпіске келген қарт ананың еш бүкпей алаңсыз айтқан сөзін жігіттер іліп әкетіп, мәз болып жататын.

Менің есіме жасырақ кезімде болған мына бір оқиға орала берді. Онда біз университеттің соңғы курсын тәмамдап жатқан кезіміз. Қанабек Бәйсейітов аға бастап келген бір топ әртістермен кездесу болды. Артынан Қанекенді ортаға алып әркім өзін толғантқан сұрақтарды жаудыртып жатыр. Өзі де сөзге ұста, асып-тасуды білмейтін жан екен. Бәріне салмақпен жауап береді. Менің қасымда тұрған курстасым:

- Қанабек аға, мына баланы танысыз ба? Атақты Кенен атамыздың бел баласы дейді. Бір сұрап қойса болғаны ғой. Қайта-қайта айтып әңгімесін бөле берген еді. Ақыры шыдай алмады білем:

- Інішек, сөзімді бөле бердің ғой. Оның несін айта бересің? Кенекеннің баласы осы ғана деп пе едің? Анау Қордайдағы мұрны қоңқайғандардың бәрі Кененнің баласы деді. Онда күлмегенде қайда күлесің? Ағаның тапқыр сөзіне мәз болмаған адам қалған жоқ. Өзі де «еңкілдеп» ұзақ күлді.

Әкемнің тоқсан жылдық тойына дайындық ерте басталды. «Республика көлемінде тойланады екен. Бүкіл үкімет басшылары, барлық облыстан қонақтар келеді» дегенді күнде естіп, біліп жатырмыз. Оны ұйымдастыру, өткізу жұмысы Жамбыл облысының сол кездегі идеология саласының хатшысы Ғайнікен Бибатыроваға жүктеліпті. «Ғайнікен апай ай сайын, кейде апта сайын ауылға келіп кетеді. Істеліп жатқан жұмыстың барысын көріп, келген сайын ауыл басшыларын «шықпыртып» алады екен. Өзі де іскер, тыным таппайтын адам» дейтін сондағы көзбен көргендер.

Көше бойының бүкіл қоршаулары қайта жаңартылып, жолға құм-тас төселіп, асфальт салынды. Қонақтар кіретін көшенің барлық үйлері облыс есебінен жөнделіп, көз тартатын қалыпқа келтірілді. Түнде әр бағанаға орнатылған электр шамдары жарқырай жанады. Тура қаланың көшесінен еш кемдігі жоқ. Сол жылдары ауыл кеңесінің төрағасы болып істеген Кенжехан Сейдахметов дейтін досым сондағы «қауырт» жұмысты еске алып, көзінен жас аққанша күлетін еді.

- Тойға екі-үш қалғанда мүлде ұйқыдан қалдық дейді. Құзғын сәріден оянып көше бойлай тұратын едік. Бәріміздің қолымызда бір-бір қалақ, сыпырғыш бар. Өріске шыққан малдың соңынан қалмай бірге жүреміз. Қой құмалақтаса, оның қиындығы жоқ. Сыпырып ала қоясың. Дүниеде қиыны

сиыр малы. Жолдың шетімен жүрсе бір сәрі, қас қылғандай жолдың тура ортасына шығып алып маң-маң басатынын қайтесің? Ұрып-айғайлап жатсаң мыңқ етпейді-ау! Сенің тойға әзірленіп, жанталасып жатқаныңды «сыпыр» қайдан білсін? Қайта-қайта су сеуіп, көше тазалағанымызды қайтейін. Жапасын әр жерге «салп-салп» тастап, бүлдіріп кете барады. Әлгісін қырып-жуып, тазалап әлекке түсетін едік. Тіпті басты көшеде тұратын тұрғындарға: «Малдарыңды, әсіресе сиырды өріске шығармай тұрып, қорада «дәретке отырғызып алыңдар» деген жарлық та берілді. Бұл 1974 жылдың маусым айы болатын.

Баяғы Мәдиар сөресін бойлай қатарластыра үш жүзден астам қазақ үй тігілді. Көше-көше болып орналасқан әр қатардың, ондағы дәмханалардың жеке-жеке өз атаулары бар. «Көкшолақ», «Бозторғай», «Ойжайлау», «Тік шырқау». Бұлардың бәрі де ақын тудырған әндердің аты. Қордайдың етегіне тігілген ақшаңқай үйлер тізіліп ұшқан аққуды көзге елестеткендей. Нақ төрінде Алатаудың айбатты шыңдары төбе көрсетеді.

Туысқан елдердің бәрінен дерлік қонақтар келді. Еліміздің игі жақсылары, өнер саңлақтары, Георгий Марков бастаған орыс ақын-жазушылары, шетелдік қонақтар ақынның тоқсан жылдық тойының куәгері болды. Ардақты, ақиық ақын Әбділдә Тәжібаев бастап келген сөз зергерлері жүрек тебіренер тілектерін айтты. Заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматов қырғыз елінің жүрекжарды сәлемін жеткізді. Сөз зергері, сырбас, сері інісі Ғабит Мүсіреповты көргенде көңілі толқыған қарт ақын:

- Шіркін, дүние-ай! Мұхтар, Сәбит, Ғабит болып қатар тұрсаңдар қандай жарасар еді? Екі інімнің орны ойсырап тұрғанын қарасаңшы? Сұм ажалға дауа жоқ» дегені менің құлағымда әлі тұр.

Ақынның өз сөзімен айтсақ: «Құдай қалаған, халқым тілеген той болды бұл. Тап қазір ажал жетсе де армансызбын!» деп еді. Бәлкім, әбжіл-әулие ақын ғұмырының сарқыла бастағанын сезді ме екен? Бәлкім, дәл сол сәтте өлім келіп көңіл қақпасын қағып тұрды ма екен?

xxxx

Үш күнге созылған ақынның торқалы тойын бүкіл ауыл болып тік тұрып, көтеріп алды. Әр түтін бір-бір малын сойып, дастарқан жайды. «Мейлі бала, мейлі қарт болсын, әйтеуір тойға келген адам көшеде қалып қоймауы тиіс» деген ауыл басшыларының арнайы нұсқауы да болды.

Той тарқаған күннің ертесінде ауланы, бақшаның ішін тазартып жүргенмін. Үйге тақау жеңіл машине келіп тоқтады. Құттықтап келгендердің бірі болар деп топшылағанмын. Әкем әлі ертеңгі шайын ішкен де жоқ еді. Ертелетіп, суыт жүргендеріне қарағанда тығыз шаруасы болғаны ғой деп ойлап қоямын. Жақындап келіп сәлем бердім. Тұманбай Молдағалиев ағамыз екен. Танып тұрмын. Кеше ғана әкеммен қоштасып, жылы лебізін айтып кеткен. Мына келісіне іштей таңғалып тұрғанымды сезгендей:

- Бақытжан, атамыз қалай? Тойдың у-шуынан шаршап та қалған шығар? Алматыдан таңертең шығып жеткенім осы. Асығыс шаруамен келдім, деді. Қасыма қызымды отырғыза салып, рульге өзім отыруға тура келді. Жол тегіс қой, аса қиналған жоқпыз. Алайда маған көздері сәз қызарып, шаршағандай болып көрінгені рас. Үйге кіріп, жайғасқан соң ақын аға асығыс келуінің себебін айтты:

- Кеше қоштасуға кіргенімде, Кенекен қолымды ұстап біраз отырды. Сәлден соң: «Тұманбай, қарағым, Алматы дегенің талай рет атпен-ақ барып қайтатын жерім еді. Тоқсан жас аяғыма тұсау болып, дінкем құрып отырған жоқпын ба? Тойыма Димаш балам келе алмады. Оның қалай өткенін үйде отырып-ақ біліп отырмын. Бәрі де Үкіметтің арқасы, Дінмұхамедтің дегенімен болған той. Ел бағына біткен, біртуар ұлдың өмір жасы ұзақ болғай. Ақынның тойына осыншама халық жиналып, осынша қошемет көрсету деген бұрын-соңды болмаған жай. Тоқсанның төріне шыққан кезімде кеудеме жарқыратып Ленин орденін тақты. Осының бәрін көрмей, сезбей отыр дейсің бе, балам? Орайы келіп, жолыға алсаң қарт Кененнің осы сәлемін айта бар. Өзіне де, халқына да тәңірім қуат берсін!» деп еді.

Жол бойы Кенекеннің осы сөздері құлағымнан кетпей қойды. Жанымды қуырып, берекемді алды. Үйге келгеннен кейін де осы ой маза бермей қойған соң қолыма қалам алдым. Ендігі жерде Кенекен болып толғануыма, Кенекен болып жыр жазуыма тура келді. Таңға отырып өлең жаздым. Соны Кенекеннің өзіне оқып берейін, қосып-алары болса тағы көрейін деп жеткен бетім осы деді.

Шай үстінде Тұманбай аға әлгі өлеңін нақышына келтіре екі дүркін оқып берді. Көзін жұмып отырып тыңдаған қарт ақын өлеңнің кей тұсында басын изеп, мақұлдағандай ишарат білдіреді. Әкем екеуі оңаша қалып ұзақ әңгімелесті. Кей тұстарын алып тастап, кейбір шумақты жаңадан құрады. Ақыры жиырма шумақтан тұратын «Димашқа хат» деген өлеңі осылай туындап еді. Аяқ жағына әкемнің өзі арабшалап қолын қойды. Ақ ниетін білдіріп арнайы келген ақын інісіне риза болған қарт ақын:

- Қарағым, адамға ақын ғана болу аздық етеді. Соған орай азаматтық та, сезімтал- көрегендік те аса қажет. Кәрі жүректің баяу лүпілін дөп басқан екенсің. Ойың да, сөзің де өзіме ұқсапты деді. Біраз үнсіз отырып сөзін жалғастырды:

- Анау жылдары жүзге келген Жамбылдың соғыста қаза болған Алғадайын жалғыз Жәкең ғана емес бүкіл ақындар бірге жоқтағанбыз. Онда да Жамбыл болып қайғырып, Жамбыл болып тебіренген едік. Ақынның жүрек соғысын, көңіл қошын ақын ғана дәл табады, дәл жеткізе алады. Атаңа деген ақ пейіліңе разымын, балам! Ғұмырың ұзақ, абыройлы бол! деп батасын берді. Сол күні-ақ Тұманбай аға мінген ашық көгілдір түсті «Волга» Қордайдың қасқа жолымен Алматыны бетке алды. Тоқсанға келсе де тұғырынан түспеген қарт ақынның соңғы жүрекжарды сәлемін ала кетті.

«Аралап шар-тарапқа атым кетті,
Туған ел мені жастай ақын етті.
Тоқтамай тоқсанға да келіп жеттім,

Дүниеге ашып қойып көкіректі.

Талай жыл заман мені еркелетті,
Ер етті, ел бастайтын серке де етті.
Тоқсанның торғынына оранғанда,
Димашжан, сенің жазған хатың жетті».

«Қымбатты Кенен аға!

Халқымыздың аты әйгілі, сүйікті ақыны, композиторы, дана Жамбылдың шәкірті және серігі Сізді торқалы тойыңызбен, әрі еліміздің ең жоғары наградасы – Ленин орденімен наградталуыңызды шын жүректен құттықтаймын.

Сіздің жалынды сөздеріңіз Қазақстан ғана емес, одан тыс жерлерге де кеңінен мәлім. Олар адамды даналық пен ұшқыр ойға, үлкен толғанысқа, терең сезімге бөлейді. Жұртшылықтың зор сүйіспеншілігіне ие болған тамаша ән-жырларыңызда жастық от, қажымас қуат бар. Әлеуметтік ауқымы кең, талантты творчество бәрімізге де қымбат. Өйткені ол туған халқымыздың өміріне тамырын терең жайған, оған адал қызмет етеді.

Қымбатты Кенен аға, өзіңізге шын жүректен мықты денсаулық, зор бақыт және творчестволық жаңа табыстар тілеймін!

Д. ҚОНАЕВ»

«Көрген жоқ қорқып сенің жаудан бабаң,
Қияда қыранға да таңданбаған.
Білемін арғы, бергі заманда да,
Бұл қазақ сендей ұлды армандаған.

Нарым деп мадақтаймын мен де сені,
Қырандар аспанда емес, жерде өседі.
Түсінем, Димаш, балам сен болмасаң,
Кеудеме күн шуағы енбес еді...

Қонды ғой бақыт құсы басыма кеп,
Әзірмін ән салуға қасыңа кеп.
Мен саған тоқсанымды бердім, ұлым,
Ел үшін Жамбылдың да жасына жет.

Бәрі де аяулы ұлым сенің арқаң,
Атыңа тезірек мін, Димаш, қалқам.
Төбесін бір көрсетіп кетеді деп,
Қордайда күтіп отыр Кенен атаң».

Сол жылдың күзінде біздің ауылға Дінмұхамед Қонаев келді. «Биыл Жамбыл облысында егін өте бітік шығыпты. Соны аралап көруге мемлекет

басшысының өзі арнайы келетін болыпты. Жолда Кенекені сәлем беріп шығады екен» дейтін хабар тарағалы екі-үш ай өтті. Облыстан бастап, ауыл басшыларына дейін құлақ түре күтумен болды. Жаз бойы сарғая күткен ел басшысы сары күзде бір-ақ келді. Бұл орақ бітіп, жұрттың шаруадан қолы босаған кез еді.

Сүліктей қара түсті бірнеше «Волгамен» келген қонақтарды бүкіл жұрт үлкен құрметпен қарсы алды. Ақынның ауылы үлкен қасқа жолдан біраз қашықтау болатын. Арасы шамамен үш шақырым жер. Құм төселген жол ауылдың жүк мәшинелеріне болмаса, жеңіл мәшинеге қолайсыздау. Әр тұсында ойдым-ойдым шұқанақтар да кездесіп қалады.

Тізіле жүрген жеңіл мәшинелер біздің үйдің алдына қатарласа келіп тоқтап жатыр. Қадірлі қонағын әкем алдынан шығып қарсы алды. Маңдайынан иіскеп, құшағын жазбай біраз тұрды. Еңсегей бойлы Димаш баласының бітіміне, тоқсанға келген қарт ақынның тұлғасына сүйсінбеген адам қалған жоқ. Екеуін салыстыра қарап тұрған жұрт: «Қайран Кенекем-ай! Сүйегі асыл, бітімі бөлекше жаралған ғой. Тоқсан жас деген оңай ма? Бойы аласарып, шөгіңкіреп қалыпты-ау! дейді. Сүйсінгенін де, тамсанып таңданғанын да жасырмайды. Арнайы жайылған кең дастарқанның төріне әкем, оң жағына Дінмұхамед аға отырды. Алдындағы қымыз құйылған кесені қолына алған ел ағасы әлгінде:

- Кенеке, торқалы тойыңызға қатыса алмадым. Үкіметтің шаруасын өзіңіз білесіз. Арнайы сәлем беріп келіп отырмын. Соның реті енді келді. Көңіл-күйіңіз, денсаулығыңыз қалай? Нендей шаруа айтасыз? деген.

- Е, е, қарағым! Халімді өзің көріп отырсың. Кәрілік келіп буынымды қатырып отыр ғой. Көңіл деген құс болып ұшқысы келеді. Болмаса, сені әуре етпей-ақ, мына тұрған Алматыға өзім-ақ барып, ақ батамды беріп келмес пе едім. Әкең Ахметпен қатарлас, құрдас едік. Аман ба өзі? Кәрілік жеңбесе де, деңдей бастаған Кенен замандасынан сәлем айта бар.

- Кешегі сексенім сырмінезділеу еді, мына тоқсаның тоңмойындылау ма деймін? Қарт ақын осылай деп отырған жұртты бір күлдірді. Артынша сәл ойланып отырып ендігі сөзін өлеңмен жалғастырды:

«Ай аяндап, жыл жылжып,
Жеттім, міне, тоқсанға.
Тауып алды тасадан,
Жасырынып, бұқсам да.
Кететұғын қу емес,
Тұмсығына соқсам да».

Ақынның табан асты тауып айтқан сөзіне дастарқан басындағылар дуылдасып күліп жатыр. «Кәрі тарлан тағы не дер екен?» деп күтіп отырғандары көздерінен байқалады. Ақын соны сезгендей шырыға түседі. Аз ғана уақыт ішінде талай әңгіменің басын қайырып та үлгерген.

Әлгінде бір-екі кесе қымыз ішкен ел ағасы жол жүрмекке сыңай танытып еді. Ақын ендігі сөзін Димаш ағаның өзіне бағыштай айтты:

- Балам, сен келеді деп байлатқан тоқтым, «күте-күте» тұсақ болды. Асылып жатқан ас бар. Асықпай отырып, дәм татып кетіндер деді. Көпті көрген қарт ақын: «астан үлкен ешкім жоқ» дегенді сыпайы ғана сездірген еді. Қазақтың әдет-ғұрпын терең білетін ел ағасы бұған үнсіз ғана келісті. Уақытының шектеулі екендігіне қарамай қарт ақынның көңілін аулап біраз отырды. Шешіле сөйлеген ақын сөзінің бір реті келгенде:

- Димаш қарағым, өзіңе айтармын деп жүрген біраз ойым бар деді. Соның орайы енді келген сыңайлы.

Өзара сөйлесіп, дабырласып отырған жұрт тына қалды. Атамыз не айтқысы келді екен? Япырай, Кенекем, ойын айтам деп бірнәрсені бүлдіріп алмаса жарар еді? Сол сәтте әркімнің де санасында осындай сұрақ тұра қалғаны жасырын емес. Сұңғұла ақын осының бәрін біліп-сезіп отырғандай асықпай, баппен сөйлеп отыр:

- Соңғы кезде осы мекен-жайды «ақын ауылы» деп атайтын болыпты. Көрмекке келіп-кететіндер тіпті көп. Соларға ұялмай көрсететіндей не жөні түзу мектеп, не клуб, не монша жоқ. Мұндағы шаруа басында жүрген балалар соны салмаймыз демейді. Оған ауылдың қаражаты жетпей жатыр, қарағым деді.

Әңгіменің өзгеше бағыт алғанына бәрі де қуанып қалды. Әсіресе ауыл басшылары өздері айта алмай отырған шаруаны атамыздың кәдімгі бір үйретіп қойғандай тап басып жеткізгеніне разы болып жатыр. Димаш аға қоштасар сәтте ақынның осы сөзін қайта жандандырғандай:

- Кенекеңнің жаңағы сөзінде үлкен салмақ жатыр. Көзін тапса істелмейтін шаруа емес қой. Бұл кісі тек осы ауылдың ғана ақыны емес. Берісі бүкіл қазақтың, арысы шет жұртқа аты жайылған адам. Қазақтың осындай аты мәшһүр ақынын көреміз деп ат басын бұратындар көп болады. Солар жолда тығылып немесе мәшинелері бұзылып жете алмай жатса қалай болғаны? Сөзінің соңын қасында отырған облыс басшыларының біріне қарата айтты.

- Сонау Жамбылдан Алматыға дейін жүздеген шақырымға созылған асфальт жол, іргеде тұрған атамыздың ауылына қалай жетпей қалған? деді. Ел ағасының бұл сауалына уәж айта алмай әлгілердің төмен қарап, қысылғанын көзбен көрген едік.

Қонақтар аттанысымен Димаш ағаның отырған орнына таласып «мәз-мәйрәм» болғанымыз осы оқиғаның бас-қасында жүріп, қызмет көрсеткен ауыл жігіттерінің есінде болар? Бұл екі алыптың: бірі ақиық ақын, бірі қазақтың ардақты азаматы Дінмұхамет Қонаевтің соңғы дидактасы еді.

Аяулы ағаның айтқандары дәл келді. Бір - екі жылдың ішінде мектеп салынып, еңсесі биік мәдениет үйінің құрылысы аяқталды. Үлкен жолдан ауылға дейін таспадай тіліп асфальт жол салынды. Әкем қайтыс болғанда мәйітін осы мәдениет сарайынан шығардық. Жарықтықтың өз тілегін өзіне бұйыртқан екен.

Зымырап жеткен жылдар-ай! 1987 жылдың мамыр айы болатын. Мен ол кезде әкемнің мұражайында директор болып істеймін. Мұражайдың есігін ашып, тексеріп көрген соң орныма келіп отырғаным сол еді. Кеңсенің алдына ақ түсті «Волга» келіп тоқтады. Шашын артына қарай тараған, орта бойлы жігіт түсті. Өңі сұсты екен. Әлде маған солай көрінген болар. Кірпіктері қып-қысқа, тіктеп қарағанда шегір көздері адамның өңменінен өтіп кетердей. Менің ұсынған қолымды салқын ғана алып, бас-аяғыма бажайлап қарайды.

- Музейдің директоры сіз бе? Есіміңіз кім?

- Иә. Атым Бақытжан. Осы кісінің баласымын.

- Онда бастаңыз. Ішке кіріп, көріп шығайық деді. Үнінде әлдеқандай «кекесін» бар. Біртүрлі тісінің арасынан сөйлейтін секілді. Әлгі жігітпен бірге мұражайға кірдік. Ішкі залдың маңдайшасына ілінген тақтайшадағы сөздерді оқып біраз тұрды. Онда Жамбылдың бір шумақ өлеңі, Д. Қонаевтың ақын творчествосы жайлы қанатты сөздері жазылған болатын. Мұражайдағы өзге бұйымдарға көп кідірген жоқ. Көзімен сыдыртып көріп, қабырғада ілулі тұрған үлкен стендтке қарай өтті.

Басында жазушы әлде зерттеуші ғалымдардың бірі шығар деп ойлап қалғаным рас. Ондай адамдар талай келген. Әрнәрсені сұрап, ақынның өмірінен соны мәліметтер білгісі келетінін айтып әңгімеге тартатын еді. Мына «көрушім» оның бірін де жасаған жоқ. Стендтегі хаттарды, құттықтауларды, әрбір құжатты шұқшия оқып, қолындағы блокнотына әлденені түртіп қойып жүр. Қасында тұрған мені тіпті ерен де қылмайтын сияқты. Бейтаныс жігіттің мұнысына іштей ыза болып, көңіліме секем алып қалдым. «Сонша шұқшиғандай не жоғалтты екен, сабазым?», деген ой келеді. Ойым алдамаған екен. Әйнек астына салынған құжаттарды түгелдей оқып шыққан жігіт мені енді көргендей:

- Қонаевтың суреттері, сақтаулы жатқан басқа да хаттары, қол қойған құжаттары жоқ па? деді.

- Бары осы. Бола қалса оны архивте сақтап қайтеміз. Қайта мұражайға қояр едік қой. Ондай кісінің бір ауыз сөзі болсын елге таңсық, келіп көреді, оқып танысады дедім. Менің іштей ширығып тұрғанымды сезіп қалған болу керек, «тұнжыр» жігіт миығынан күліп қойды.

- Мұнда артық тұрған экспонат- құжаттар бар екен. Соның бәрін алдыртып тастаңыз. Дәл қазіргі күні соның аса керегі жоқ дейді. «Осылар тап бүгін кімге қажет?» дегенді емеурінмен білдіргендей болып еді. Әлгінің сөзінен ешнәрсе ұқпай тұрғанымды сездіріп, иығымды көтердім.

- Жоғарғы Кеңестің, Министрлер Кабинетінің бұрынғы басшылары қол қойған жеделхаттарды, құттықтауларды түгелдей алып тастау керек. Қонаевтың стендте тұрған құттықтау хатының да қажеті жоқ. Орнына басқа бір құжат қоюды ойластырыңыз деді. Келген жігіттің шындап тұрғанын енді сездім. Қапелімде аузыма жөні түзу сөз де түспей қалды. Бар айтқаным:

- Ағатай-ау, бұлардың бәрі «атам-заманнан» бері тұрған құжаттар ғой. Ақынның өзіне ғана қатысты дүниелер. Олардан қандай зиян бар? деген сөзім болды. «Атам-заманнан» дегенім қисынсыз екенін біле қойып: «Ия, осы мұражай ашылғалы бері тұр» дегенді қосып қойдым. Менің бұған не қарсы екенімді, не кейіп тұрғанымды айыра алмай қалған әлгі жігіт:

- Мен үкіметтің арнайы тапсырмасымен келдім. Облыстағы басқа да музейлерді аралап, көріп келемін. Осы музейдің директоры болған соң, сен де үкіметтің адамысың. Бұл жоғарыдан келген нұсқау. Ұқтың ба? Көп сөзді қайтесің? деді. Даусын қаттырақ шығарып, әр сөзін нықтай айтып кетті.

«Арнайы мамандар келіп ашпаса стендтің әйнегін сындырып аламыз. Оны көтеру үшін де бірнеше адам керек. Бәрін қайтадан безендіру үшін көркемдеуші суретшілер керек» дегенді сылтауратып бұл істі тағы екі-үш айға созып жібердік. Ақыры ауыл, аудан басшылары қоймай жүріп Дінмұхамет Қонаевқа қатысты суреттерді, құттықтау хаттарын музейден алып тастадық «Тағы біреу тексеріп келіп қалса, басымызға пәле тілеп алармыз. Уақытша болса да жинап алып архивіңе сақтай тұр» дегендей уәж айтылған еді. Дүниені дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасының дүмпуі біздің ауылға да жетіп, жан дүниемізді сілкіп-сілкіп жіберген сәт еді бұл. Мың құбылған заман-ай!

Димаш ағаның бүкіл ғұмырнамасы іспеттес «Елу жыл ел ағасы» деп аталатын ауқымды кітапты қолыма алып қызыға оқып отырмын. 2002 жылы «Санат» баспасынан шыққан екен. Елінің ай мүйізді серкесі, көшбасшысы болған адамның бүкіл болмысы көз алдыға тұра қалғандай. Мұнда салмақты ой да, салиқалы пікір де жетерлік. Замандастарының жүрек жарды естелік сөздеріне терең бойлаған сайын елім деп еңіреп өткен, халқының бақыты үшін қиыннан қиялап жол іздеген дана адамның асқар бейнесі сомдала түскендей. Аяулы ағаның бүкіл жандүниесін қызғыштай қорғап, бір сөзі болса да қалдырмай жинап, нағыз жанашырлық танытып жүрген Серік Әбдірайымұлына бүгінгі де, ертеңгі де ұрпақтың айтар алғысы шексіз. Ол алдағы уақытта әлі талай-талай айтылатын да болады.

Кітапта бірнеше ақынның арнау өлеңдері, поэмасы басылған. Тұманбай Молдағалиевтің екібірдей көлемді өлеңі жүр. Дені қошеметтеу, мадақтау, сүйсіну. Елу жыл ел басқарған ағаның құрметіне қанша өлең арнасаң да артық болмасы һақ. Алайда соларды оқып отырып көз тірісінде «Димаш балам», «Димаш қарағым» деп отыратын әкемнің сөздері көңілге орала берді. Елу жыл ел ағасы болған айтулы азаматқа жолдаған «Димашқа хат» өлеңі есіме түседі. Компартияның айдарынан жел есіп тұрған сол заманда-ақ, елім деп туған ерен ұлының қадір-қасиетін еш бүкпей, бүгежектемей өлеңіне қосып, «сен менің арқа сүйер Алатауым!» дегенді асқақтата айтқан тағы да сол Кенен атамыз еді ғой.

«Қараймын ажарыңа жарқылдаған,
Ел үшін қиындықтан тартынбаған.
Аман жүр, жер бетінде асыл ұлым!

Бола бер өзің де аман, халқың да аман» деп бата бергені кеше ғана сияқты. Уақытта тоқтау болсашы. Біз үшін кеше болғанмен, содан бері ширек ғасырдан астам уақыт өткен екен. «Біреуге бұл өлеңім көне сарын, біреуге бұл өлеңім бал- шырындай!» деп ақынның өзі айтқандай, бәлкім, замана сұранысы осылай болған да шығар.

Дінмұхамет Қонаевты еске алып, естелік жазғандардың дені өзі тұрғылас, өзімен қызметтес болғандар. Соңғы лектің өкілдері де көп.

Солардың көш басында, солар жазған сағыныш - тілектердің беташары ретінде Кенен атамыздың бес-алты шумақ өлеңі тұрса нұр үстіне нұр болар ма еді? Ел ағасына деген кейінгі ұрпақтың сый-сыяпатын толықтырып, соның бастау көзі болғандай әсер етер ме еді? Арысы Қабан, Сүйінбай, берісі Жамбыл, Кенен секілді ұлы бабалардың ұлағатты сөзіндей, солардың ардақты ұлына берген ақ батасындай қабылданар ма еді? деген ой мазалай түседі. Жасыратын несі бар. Көнені - бүгінгімен, қазіргіні - болашақпен жалғастырып, үйлестіре білуге келгенде орашолақтығымыз көрініп тұрады. Мұным өкпе емес, наз.

xxxx

Қарт ақынның «Атасы тектілердің тұғыры асыл, тұқымы бір тартады қалыбына» деген аталы сөзінің шындыққа айналғанын көзбен көріп отырмыз. Ата-жұрттың көгінде көгілдір аспан түстес көкбайрағы желбірейді. Тұңғыш рет, тұңғыш Президентіміз тәуелсіздік күнін жариялап төрткүл дүниеге паш еткені жұрттың мәңгі есінде. Талай естіп жүрсек те, Қазақстанның әнұраны шырқалған сәтте түйсігі бар әрбір қазақтың көзіне жас алмағаны болмаған шығар? Бұл жолы ол бұрынғысынан да асқақ, айбынды, барынша салтанатты, еркін шырқалып еді. «Көкшолақпен тепеңдеп, жақсы өмірге жетем деп» жыр толғаған ақиық ақынның арманы енді орындалды. Оның шапағатын көру өз маңдайына жазбағанмен кейінгі ұрпағына бұйырған екен. Көпті көрген дана адамнан:

- Еркіндік деген не? деп сұрағанда:

- Шексіз-шектеусіз ойлау, алаңсыз ұйқтау, еркін тыныс алу деп жауап беріпті дейді. Сол бір данагөйдің айтқандары бүгінгі таңда бойымызға етене сіңіп, ой-санамызды түбегейлі өзгертіп жатыр. Нені ойлайсың, қалай пайымдайсың? Нені айтпақсың, оны қалай тұжырымдайсың? Бәрі-бәрі де өз еркінде. Ғасырлар бойы тұншығып, тұмшаланып келген қазақы ойдың күні енді туды. Еңсемізді көтеріп, бой түзеттік. Осы күні қарт ақынның: «Сендер бізден де гөрі бақыттырақ болыңдар. Біз көрмеген қызықты сендер көріңдер» дейтін бата-тілегін жиі еске аламын. Бәлкім бұл әр ұрпақтың кейінгіге, әрбір ата-ананың артындағыларға қалдыратын аманаты болар? Қалай десек те жақсы тілек, жақсы ырым бұл.

Ақынның «Балаларға» деген өлеңінде: «Мәскеу-Волга міндім кеме, білім кумай, өлең қуып ерте тудым мен неге?» дейтін сөзі бар. Тәуелсіздік таңы атқан осы күнге әкем де жетіп, көзбен көрсе ғой! Не дер еді?

Қоңыр домбырасын қолына алып, ақсакалы желбіреп, Алатауға көздерін тігіп отырып қуаныш күйін төгер ме еді? Әбжіл абыздың көмейінен өзгеше бір өлең өріліп, көңіл түкпірінде жатқан тың толғауын тарту етер ме еді? Бұл енді айтпаса да болатын жай.

Әкемнен естіген мынадай бір аңыз бар. Бізге беймәлім ерте-ерте заманда адамдар жер-суға таласып, бөлісе алмай қырық пышақ болып жатады екен. Кім алғаш келіп қазық қақса, сол жер, бүкіл аймақ сол жұрттікі саналады. Жасына жетіп әбден қартайған қария жалғыз баласын осындай алыс жолға аттандырып тұрып:

- Балам, қайда жүрсең де аман бол. Бізге қарайлама. Құдайдың бұйыртқан жеріне жетіп, шаңырақ көтер. Өз алдыңа ел бол. Жолыңа беретінім мынау ғана деп баласының алдына: жұдырықтай алтын, өткір қылыш, бір дорба дән қойыпты. Алтын - байлығың, қылыш – айбының, дорбадағы дән азығың дейді. Сонда баласы тұрып:

- Жолда не күтіп тұрғанын қайдан білейін, әке. Бұдыры көп жер жатыр, танымайтын ел жатыр. Алтынды көрсе бай деп қалар, қылышты көрсе жау деп қалар. Алып жүруге екеуі де қауіпті. Маған анау дорбадағы дәнді берсеңіз болды. Ашықсам талшық етермін. Бейкүнә, бейбіт жүрген адамға ешкім де тиісе қоймас. Сөйтіп, діттеген жеріме аман-есен жетермін дейді. Бұған таң-тамаша қалған әкесі батасын беріп жолға шығарып салған екен.

Расында қолында таяқтан басқа ештеңесі жоқ адамға ешкім көз алартпайды. Көреген жігіт суы мол, топырағы құнарлы жерге тұрақтап, дорбадағы дәнді егіп егін салып, бейбіт тіршілік құрыпты. Біраз жылдың ішінде бір аймақ ел болыпты дейді. Төңірегіндегі көрші жұрт мұның ізгі пейілін көріп тату қарым-қатынас жасай бастайды. Әлгі жігіттің елі де, жері де күннен күнге көркейіп даңқы арта түскен деседі. Сол көреген жігіт біздің арғы атамыз Қазақ екен. Аңызда осылай дейді.

«Алтын көрсе періште жолдан таяды», «Тас атқанға, ас ат», «Үйіңе жылан кірсе, басына ақ құйып шығарып жібер» дейтін қағиданы жадымызда берік ұстанған халықпыз. Қазақы қарапайым тілмен пайымдасақ: «Ешкімнің ала жібін аттамайтын, ешкімге есесін жібермейтін, досқа құшағымызды айқара ашатын, дұшпанға қасқая тұрып мысын басатын, өзгені сыйлай білетін, өзімізді сыйлата білетін» қасиетіміз бар. Қонақжайлығымыз, қанағатшылдығымыз ол өз алдына. Ақжүрек, батыр халықпыз. Ал қас батырдың баладай аңғал келетіні тағы рас.

Тәуелсіздік деген «тәтті нандай» шайнап жұта салатын нәрсе емес екен. Өзінен өзі келіп басымызға қона салатын бақ құсы деуіміз де ағаттық екен. Ол үшін бәріміз бір кісідей әрекет жасап, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығара күресуіміз керек екен. Халықтың қалаулысы Шерхан Мұртаза айтқандай: «Бақыт деген де шашу секілді, бәріне бірдей жете бермейді» екен. Бірақ соған жету үшін ұмтылу қажет, құлшыну қажет. Әрекетсіздік өліммен бірдей екен. Ақиқат, шындықтың жолы біреу-ақ. Өтірік, жалғанның жолы сан түрлі. Шындықтың ащы болатыны, көп жағдайда кешігіңкіреп жүретіні де сондықтан болса керек.

Еркіндік алып, қолымызға бостандық кілті тиген күні бүкіл қазақ жұдырықтай жұмылып, тас-түйін болып түйіліп қалатындай көрінетін еді. Оның да ауылы алыс екен. Абайша айтсақ «Бас басына би болғысы келетіндер де» көп екен. Бұра тартып сөйлегенді жақсы көретін бір досым: «Бұл қазақтың басын біріктіру үшін қалмақ қырғыны сияқты тағы бір жойқын соғыс қажет» дейтін еді. Соғыстың бетін әрі қылсын, әрине. Бірақ осындай «босаңдау» жағымыз әлі де бар екен. Іші шіріген жаңғақты шаға салу оп-оңай.

Осындай алмағайып кезеңде, дүние түгел теңселіп тұрған сәтте бәрінен бұрын ел тағдырын ойлап, «жарғақ құлағы жастыққа тимей» жүрген ұлдарымыз да көп екен. Мұныға тәубе! Халық айтса қалт айтпайды. Халық

сондай ұлдарына сенді, үміт артты. Өзі таңдап, өзі қалап ел тағдырын, көш тізгінін аймүйізді серкелерінің біріне ұстатты. Ол «мың өліп, мың тірілген» қазақ жұртының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Алдымен еңбектеп, содан соң тәй-тәйлеп, бірте-бірте буыны қатып бозбала шаққа жеткен елдің еңсесі енді көтерілді. Осының бәрін елімен бірге елбасы да бастан кешірді. Ащысын да, тұщысын да бірге татты. Елі де есейді, өзі де қыран құстай самғап, биікке қанат қақты. Бүгінде елдігімізді жер жаһанның бәрі таныды. Кеселді, кесек сөйлейтін өзге жұртпен тереземіз тең болды. Көк байрағымыз сол елдердің көгінде де желбіреп тұр. Мойындайды, санасады, сыйлайды. Мұның бәрі айтуға оңай. Ал шындығына келсек, біз осы белестен қалай өттік?

...Ең қиыны тыңнан жол салу. Өзге жұрттар салған соқпақ та, сұрлеу де жетерлік. Оны шиырлау өзгені қайталау, өзінді силамау болатыны хақ.. Қалай қарап жүреміз, қайда қарап бағыт түзейміз? Ақиқаты қайсы? Дұрысы қайсы? Елді де, елбасын да алдымен толғандырған осы жай болатын. Сонда неден бастап едік? Тағы да сол көпке ұғымды, қарапайым сөзбен айтар болсақ оның мәні-мазмұны тереңде жатыр.

...Бізге жаппай қырып жоятын қарудың керегі жоқ. Біз одан бас тартамыз. Жойқын қаруы бар елге өзге жұрт үрке қарайды, бойын аулақ ұстайды, сенімсіздік білдіреді. Тап қазір бізге ол қарудан да күшті нәрсе бар. Ол ел іргесінің тұтастығы, тыныштығымыз, деді елбасы. Бұған күмәнмен қарағандар да, дүрсе қоя бергендер де болды. Уақыт елбасының бұл көрегендігін ақтап берді.

...Тарихымыздың жаңа бетін жаңаша етіп жазамыз. Алдымен кең байтақ жеріміздің «етек-жеңін» қымтап алайық. Алатау қазақтың айбыны болса, ендігі жерде Сарыарқа елдігіміздің айғағы, абыройы болады, деді елбасы. Сөйтіп ұлы көшті бастап, арқа жеріне жол тартты. Бұған да көңілі толмағандар күңкілдесті, сәуегейсымақтар сырттан құмалақ ашып «ақ жол», «қара жол» десіп айбаттап жатты. Уақыт тезі мұның да ақиқат екендігін айшықтап берді. Арқа төрінде арайлап атқан таңдай болып жаңа қала - Астана бой көтерді. 1998 жылдың көктемінде арқаның төрінде алғаш рет құрбан шалып құрбан айтымызды қарсы алдық. Сонда:

- Игіліктің, ізгіліктің бастамасы болсын. Бәріміз бір кісідей мешітке барып алақан жайып уәж жасалық деп еді сол кездегі Парламент Сенатының Төрағасы Өмірбек Байгелди ағамыз. Мұнымыз жаңа Астанамызға деген жаңа тілектің, қуаныштың белгісі. Мешіт - құдайдың үйі. Мұнда қызметіңе, лауазымыңа ешкім қарап жатпайды. Осында келіп қол қусырып, тәжім еткен адамдардың бәрі бірдей. Мұны баспасөз бетінде жазып, теледидардан көрсетіп жатудың жөні жоқ. Оны дағбыртқа, насихатқа айналдыруға болмайды. Құрбан шалсаң шын жүрегіңмен, ақ пейілден, үнсіз жаса. Сонда ғана ол қабыл болады. Халықтың көзбен көріп, іштей білгені артық, деп еді көпті көрген көсем аға.

Өрмекшінің торындай тұтасып, санамызды шырмап алған кеңестік таным-түсінігіміз ыдырап, көз алдымызда сөгіле бастады. Бұл енді жаңаша ойлаудың, жаңа лектің нышаны еді. Дұшпан күйінген, достарымыз сүйінген кез еді бұл.

...Ой-пікір таластырып, білген-түйгенімізді талапайға салатын кез емес. Әркімнің күш-жігері бір арнаға құйылсын. Ағайын ала болса ауыздағы кетеді...Бірлік бар жерде, тірлік бар. Ел болу, егемен мемлекет құру жалғыз адамның қолынан келетін шаруа емес. Бұған кәрінің де, жастың да жұмыла ат салысқаны керек. «Ақылдасып пішкен тон, келте болмайды» деді елбасы. Бұған біреулер кекесінмен қарады, енді біреулер миығынан күліп қойды.

Әбіш Кекілбаев секілді данагөй ағамыздың жазуымен, Абылай хан бабамыздың аузына сөз сала отырып ел-жұртына жүгінді, бата-тілек сұрады. Өзі халқына, халқы өзіне ант бергендей көрініс еді бұл. Оның ар жағында ел-жұртымның көсегесін қайтсем көгертемін деп жалындаған ел басшысының жүрек алауын сезіну қиын емес.

Иә, елбасы тағы не деп еді?

...Елдің болашағы ертең-ақ жас ұрпақтың қолына көшеді. Ұлы көшті, іргелі істі ары қарай апару үшін білімді де, білікті мамандар керек. Түлкі құрсақ күн кешсек те жастарымызды оқытуымыз керек. Онсыз іргелілеу болмайды, болашағымыз бұлыңғыр тартады. Ел басқару да өнер. Іскер, ойға шалымды, білікті жігіттеріміз болса қолынан қақпай, қайта басқару тетігін ұстатып көрелік. Үйренсін, ысылсын. Шаруаның барлық саласында өз мамандарымыз болуы тиіс. Қанағатшыл елміз ғой, шыдайық, деді елбасы.

Түбіне үңілгендер түсінді, шыдады. Солардың көбісін қолынан ертіп жүріп өзі баулыды. Қазақы тілмен айтсақ «отқа да салды, суға да салды». Ел басының осы үмітін ақтағандар да көп, ақтай алмай шегіншектеп, шеттеп қалғандар да бар. Ел ағасының бұл ісі де оң нәтиже берді. Жемісін енді көріп жатырмыз.

...Біздің елде де бай-бакуатты адамдардың көп болғаны дұрыс. Нарықтың негізгі көзі де осында. Ізденіндер, еңбек етіндер, табыс табындар, байлықтарыңды еселей түсіндер. Бірақ өз бастарыңды ғана күйттеп кетпей, елді де ойландар, жұмыс тауып беріндер. Өйткені сол халықтың өкілі өздерің. Қолдағы байлықтың ырзығын солармен бөлісу керек, қолқабыс жасау керек дейді елбасы. Президентіміздің бұл аманатын азаматтық борышым деп түйсінгендер де, қара басының қамын ойлап жырақ кеткендер де болды. Шүкір, еліне бүйрегі бұратын, жанашыр, жасампаз ұлдарымыз басым екен.

«Елдікті айт, батырлықты айт, ел бірлігін сақтаған татулықты айт» дегенді ұлы жырау Жамбыл да жырлап өткен. ...Қазақ жерінде тұрып жатқан басқа халықпен тату-тәтті ғұмыр кешейік. Елдегі тұрақтылық, халықтар достығы болашағымыздың кепілі. Өзім деп өзеуремей, өзгенің де тілін, ділін, дінін сыйлап үйренейік, дейді елбасы. Ол ниетін бізге ғана емес, бүкіл дүние жүзіне паш етіп, дәлелдеп те берді. Бүгінгі таңда жер жаһандағы дүйім ел бізге құлақ түріп, көз тігетін болды. Келешегі қарымды, ең бейбітшіл, пейілі таза, ізгі ниетті ел деп таниды. Үлкен үміт күтеді.

Кенен де арманшыл ақын ғой. «Болсайшы» деген өлеңінде: «Бір ниетте, бір тілде, халқым бірдей болсайшы, Артығы жоқ, кемі жоқ, салтым бірдей болсайшы» деп жырлаған екен. Біз осындай пікірді ел басының өзінен де естіп жүрміз. «Өзге жұртқа сыйлы боламыз десек, алдымен өзімізді өзіміз сыйлайық. Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» дегенді үзбей айтып келеді.

Ана тіліміздің мәртебесін өсіру, ұрпағымыздың бойына халқымыздың жақсы қасиеттерін, салт- дәстүрін дарыту, санасына сіңіру бүгінгі күннің ең көкейкесті мәселесі дегенді де үнемі еске салып отырады. Оның да нышандары көп. Ел-жұрты өзінің бастауына қайта орала бастады.

«Сабыр түбі сары алтын» дегенді берік ұстанған елбасы салиқалы ой түйеді, еліне оңтайлы сара жол іздейді. Қазақтың маңдайына біткен кең байтақ жері байлыққа толы. Оны игеру үшін қаражат керек, осы заманға сай озық өнеркәсіп, технология керек. Мұнайдың, алаулаған газдың тетігін өз қолымызға алатын күн жетті. Қазынамыз толықса қалған істің де оңай шешілетіні ақиқат. Біз ұстанатын басты бағдар-бағытымыз осы болуға тиіс» деп еді елбасы. Қателеспепті. Ел басының сол көрегендігі өз нәтижесін берді. Елдің еңсесі көтеріліп, езуімізге күлкі үйіріледі. Қуаныш күлкісі. Шаруашылықтың барлық саласы жандана түскендей, жаңа леп ескендей. Жұрт мұны айқын сезініп отыр.

Ауылдың күре тамырына қан жүгірді. Шаруалар қолдарын ысқылап іске құлшына кірісіп те кетті. Осыны көріп отырып: «шүйінші, шүйінші!» деп бар даусыңмен айғайлағың келеді. Расында да шын қуаныш бұл. Миллиондаған адамдардың жүрегіне жол тапқан ел басшысының осындай іс-әрекеттері, ой-пікірлері шексіз, сан-алуан. Мұны әрбір қарапайым адам осылай қабылдайды, осылай пайымдайды.

Екі бірдей ұлы, ірі мемлекеттің арасында сыналай кіріп түріктің сары даласы жатыр. Не көрмеген, нені бастан кешірмеген дала бұл. Ешкімге есесін жібермейтін ұлы да болған, өзге жұрт келіп бас иетін ірі де болған. Айбатынан «ай үркіп», байлығынан жер қайысқан. Дала төсін дүбірлетіп мал айдаған, даңқы артып, дабысы төрткүл дүниеге кең тараған көнекөз ел жатыр. Осындай қасиеті мол, киелі жердің бүгінгі мұрагері де, иесі де қазақ елі - Қазақстан. Оның көшбасшысы, тұңғыш президенті - Нұрсұлтан.

Мұным жай көлгірсу емес, әке. Көзбен көргендерім. Сіз осындай заманды аңсадыңыз. Біз сондай заманды бастан өткеріп жатырмыз. Бағзы біреулер: «Нұрсұлтан – ата Қазақ» дегенді де айтып қалып жүр. Ішке қонатын сөз. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» дегені болар? Мұны әзірге уақыт тезіне қалдыра тұрайық. Лайым, мұнымызды көп көрмесін! Ата-бабалардың әруағы қолдасын. Тіл, көзден сақтасын.

«Алыс сапарда» жүрген сізден де бата сұраймыз, әке. Еліңіз аман болсын, елбасы аман болсын! Рухыңызбен қолдап, қорғап жүргейсіз!

Сөз орайы келгенде айта кетейін. Сонау кеңестік дәуірде бергісі аудан, арғысы облыс басшылары жылдап ат басын бұра бермейтін әкенің мұражайына алдымен келіп, ақынның бейітіне алақан жайып, дұға еткен де елбасы. Тағзым етті, еске алды, ақ тілегін жазып қалдырды. «Ұлық болсаң, кішік бол» дегеннің үлгісін көрсетті. Шығыстың бүкіл даналығын, ата - жұртының әдет - ғұрпын бойына сіңіріп өскен, халқымыздың маңдайына бақ болып біткен ерен ұлының бұл пейіліне ел разы. Өткеннің де, бүгінгінің де қадір-қасиетін саралай білетіні жанымызды жадырата түседі.

«Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі Кенен атамыз ел тарихында, халық есінде мәңгі сақталмақ. Аты аңызға айналған Кенен атаның

арманы ел ырзығы, халықтың бірлігі, ұрпақтың баянды болашағы болды. Осы аруақ бізді қолдасын. Егемендігіміз, тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!»

Президент Н. Назарбаев.

15. VIII. 1994 ж.

XXXX

Бала кезімізде әжемнің құрақ құрағанын қызыға тамашалайтын едік. Түрлі-түсті қиындыларды қиуын тауып бір-біріне жымын білдірмей қиуластырғанын көріп таң-тамаша қалатын едік. Адамның ғұмыры да сол құрақ көрпе секілді емес пе?

- Өмірің әсем, әсерлі, мазмұнды болу үшін не қажет?

- Менің әжемнің қиялы, шеберлігі, тапқырлығы керек десем келісетін шығарсыз?

Қазақтың көрнекті жазушысы Сәбит Мұқанов: «Кенекеннің өмірі, бастан өткергені тұтас бір дастан іспеттес. Қуанышы мен қайғысы, жоқшылығы мен тоқшылығы, шаттығы мен кейісі алма-кезек ауысып, қиуласып жататын нағыз адами өмір. Қалам тартамын дегенге таптырмайтын тақырып, телегей қазына» дейтін еді.

Ақынмен көп араласқан, ол жайлы «Бозторғай» деген повесін жазып қалдырған әйгілі жазушы ағамыз Сәуірбек Бақбергенев былайша түйіндейді:

«Осы тоқсан жыл ішінде «Кенен» деген өз атына қандай жамаулы аттар қосылғанын айтсам да жеткілікті. «Бала Кенен», «Қойшы Кенен», «Тойшы Кенен» деп басталған. Малы жоғалған байлар Кененнің даусы ашық, әдемі болған соң базарда жар салғызған. Содан «Жаршы Кенен», «Жарапазаншы Кенен», «Көкшолақты Кенен», 16-жылғы соғысқа қатысқаны үшін «Сарбаз Кенен». Революция жылдарында «Ревком Кенен», «Болыс Кенен», «Қосшы Кенен», теміржолшылар театрында – «Артист Кенен», «Әнші Кенен», «Ақын Кенен». Бұл тізбені ақын өмірінің әр кезеңіне орай әлі де жалғастыруға болар еді. Ақынның өз сөзімен айтар болсақ: «Көкшолағы Кененнің дүлдүл болды, өзі туған халқына бұлбұл болды». Демек, дүлдүлдей жүйрік, бұлбұлдай әуезді, бақытты Кенен.

Әрі ғалым, әрі ақын Тәкен Әлімқұловтың «Сері» деген көлемді жыр-толғауы ақын жайлы түйсігімізді айшықтап, байыта түседі:

«Сүйінбай, Жамбылдардың қол баласы,
Кененнің жырау толған айналасы.
Бір сырлы, сегіз қырлы осы адамға,
Қазақтың сай келеді қай баласы.

Әрі ақын, әрі әнші Кенен саңлақ,
Бір ғасыр бар тарихқа тартқан тандап.
Бәйгеде жүз жүйріктен біреу озған,
Жүргенде әуесқойлар андағайлап».

Міне, әке, сізге арнап айтылған мұндай жүрекжарды сөздің шегі жоқ. Соның көбісін көз тіріде өзіңіз де естіп, біліп кеттіңіз. Көңіл қалдыратындай болар-болмас олқылығымыз да жоқ емес. Қоғамды қайта құрамыз деп жүріп қолдағы асыл қазынамызды шашып алғандай болғанымыз да рас. Көш жүре түзелер, бәрі де өз қалпына оралар деген үміт басым. Ел-жұртың етек-жеңін енді жинап, жоғалтқандарын түгендеп, онды-солын бажайлап жатыр.

Сіз де байыз тауып, түсіме жиі кіргенді қойыңыз, әке! Соңғы бір көргенімде қабағыңыз қатулы, ренжулі екенсіз. «Балам, іс-әрекет жасамай бос жүрсің. Бармайсың ба, айтпайсың ба! Өткеннің бәрін ұмыт, естен шығар деп ешкім нұсқау бермеген шығар? Бүйте берсе ертеңгі ұрпаққа атымыз да қалмай, ұмыт болармыз» деп маған өкпе арттыңыз, көп жайды айттыңыз. Гәп менде ме екен? Алайда, ақынның сондағы түсімде айтқандары, өңімде болып жатқан жай.

Қордайдың Ырғайты ауылында кезінде ірі оқу орны болған совхоз-техникум бар еді. Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген жастар осында оқып, әртүрлі мамандық алып жататын еді. Соған үкіметтің арнаулы қаулысымен ақынның аты берілген. Кенен Әзірбаев атындағы Ырғайты совхоз-техникумы. Кезінде анадайдан көз тартып тұратын көп қабатты зәулім ғимараттың тозығы шыққан сұлбесін көріп көңілің қан жылайды. Бүгінде сол іргелі оқу орнының заты да қалмаған, ақынның аты да қалмапты.

Ақын жүзге толғанда Жамбыл қаласындағы бір кинотеатрға да осы кісінің аты берілген болатын. Кейін оны әлдебіреулер сатып алып, меншіктеніп кеткен көрінеді. Ол жағдай қазір көпшіліктің есінде қалмаған да сыңайлы. Іздеу салып, себебін сұрап жатқан жан жоқ.

Шымкенттің сол кездегі көркемөнер институтының бірінде ақынның есімімен стипендия тағайындалғаны есімізде. Қазір ол беріле ме, берілмей ме ешкімнің жадында жоқ. Әкемнің қапелімде түсіме кіріп аян беріп жүргені де содан болар. Көңіл түкпірінде: «халқың аман болса мұның да бір орайы келер, ақиық ақынның есімін ешкім де ұмыт қалдырмас» деген үміт сәуле береді. Жақсы үміт әркезде де ақталып жатпай ма?

Адамның ғұмыры бұл дүниеде де, одан кейін де жалғасып жатады дейді. «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөзі қалған» деп ұлы Абай да ой түйеді. «Жүрсем де сабау қамшы, салт атты боп, аралап ел ішінде әнім қалсын» дегенді әкем де айтыпты. «Ол дүниеге» барып, қайтып келген адамды көрген де, естіген де ешкім жоқ. Ал бұл дүниеде жалғасын тауып, ұрпақтан ұрпаққа сөзі таралып, есімі мәңгі сақталған ұлағатты жандар көп. Мәңгілік ғұмыр дейтініміз осы шығар?

Сынаптай сырғақ уақыт. Тоқтаусыз, тойымсыз уақыт. Сіз жарық дүниеден қош айтысқалы да жиырма сегіз жылдың жүзі болыпты. Осы уақыт ішінде рухыңыз, атақ-абыройыңыз, ән-жырыңыз бір сәтке де бәсеңсіген жоқ. Кейінгі ұрпақ атыңызды ардақ тұтып, әндеріңізді асқақтата салумен келеді. Үлкендер бас иіп дұғасын оқиды, жастар болса гүл шоғын қойып тағзым етеді.

«Жасымнан ән үйреттім шөбереме,
Ән шырқайды шетінен немерем де.

Ұлым, қызым, шөберем әнші болса,
Армансыз боп бұл дүниден жөнелем де»

Ілгеріде тоқсан жылдық тойыңызға келген аузы дуалы ағалардың бірі:

- Кенеке, дүйім ақындардың ішінде Жамбылдан кейінгі көз тірісінде өзінің сексен жылғы өнер жолын, тоқсан жасын тойлаған сіз ғана екенсіз. Енді сізде арман жоқ шығар? Нағыз бақытты адамсыз! дегені бар. Сонда:

- Арман неге болмасын? Өмірім, өнерім жалғасын тауып жатса, ол да арман. Ән-жырымды, жазып қалдырған дүниемді көз қарасындай сақтар болса, ол да арман. Дұрысы арманшыл-бақытты жанмын, дегеніңіз әлі есімде. Сіз армандағанның бәрі де орындалып жатыр. Бүкіл «қазынаңыз» мұражайыңызда сақтаулы. Сол кезде отырғызған солқылдақ шыбықтар бұл күнде бой түзеп үлкен зәулім баққа айналды. Қордайдың самал желіне тербетіліп, көз тартады. Алатауды жаңғыртқан әндеріңіз қазақтың көгінде қалқып әлі тұр.

Ендігі жерде кейінгі буын Ержан Қосбармақов, Қарлығаш Қожағазина, Ардақ Балажанова, Зергүл Абдуллаева, Саят Медеуов, Мейрамбек Бесбаевтар өзіңіз болып ән шырқайды. «Баласы атқа шапса, әкесі үйде отырып тақымын қысар» дейтін сөз бар емес пе? Мұхтар деген немереңізді өнер додасына қосып қойып мен де отырмын. Аяқ алысы жаман емес. Музыка Академиясында дәріс алып жүр. Скрипка. Бар болғаны он бес жаста. Бойы сұңғақ. Мінезі де сізге тартқан секілді. Ұстамды, сыпайы, сырмінез. Италияда екі рет болып өз тұрғыластары арасында лауреат атанып келді. Бата сізден, бала менен, әке! Мен ақтай алмаған үмітті сол ақтасын!

Соңғы жылдары Тараз қаласында екі рет Кенен Әзірбаев атындағы республикалық конкурс өткізілді. Қазақтың әр аймағынан келген жас әншілер сіздің әніңізді салып, рухыңызға бас иіді. Ұрпағы қастерлеген адамның мәңгілік екені ақиқат. Соның ұйтқысы болған, өнердің шынайы жанашыры облыс әкімі Серік Үмбетов.

Мұражайдың қасынан еңселі ескерткішіңіз бой көтерді. Оны көріп, сүйсінген жұрт: «Бәсе, Кенекеңнің келбетіне енді ұқсапты. Бұрынғысы Қылышбай шалдан аумайтын еді» деп риза болды. Әкімнің өзі келіп ашып берді. Аудан әкімі Құрманғали Уәлиев балаңыз сөз сөйлеп, ауыл азаматтары Жұмахан, Мараттар бақ ішіне дастарқан жайып, рухыңызға құран оқытты. Жалғасын тапқан өмір, сарқылмайтын өнер деген осы болар.

«Менің пірім Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай» деп ұлы ұстазына табынып Жәкең өткен.

«Дүниеде Жамбыл сыры жан сырымдай» деп ұлы жырауға сіз де жүрекжарды жырыңызды тарту еттіңіз.

Он саусағынан бал тамған, өнер киесі Нұрғиса Тілендиев ағамыз: «Менің пірім Жамбыл мен Кенен» дегенді үзбей айтып кетті.

Өзіңізге арналған осындай ықылас - сезімнің, ақ тілектің кенері жоқ. Кезінде Жамбыл облысы, Свердлов ауданы еңбекшілерінің құттықтау хатында айтылған мына бір өлең шумақтарымен сөзімді түйіндейін:

«Көкшолақты қамшылап,

«Бозторғаймен» безенген.
Күміс көмей, әнші жақ,
Бұлбұл үнді Кененбе ең?

Көш тоқтатқан күмбір күй,
Шертпек, майда өнерме ең?
Сегіз перне, тіл күрмеп,
Күйші атанған Кененбе ең?

Көңіліңнен жыр өрген,
Таусылмайтын өлеңбе ең?
Теңізден де тұңғиық,
Түпсіз терең Кененбе ең?

Асуындай Қордайдың,
Қол жетпейтін өрембе ең?
Жасылындай жайлаудың,
Екпіні күшті өзенбе ең?

Сіздің Алатаудай көрікті, сұлу тұлғаңызды, кәусар бұлақтай сырлы әуендеріңізді әлі талай ұрпақтың таңдай қағып, тамсана жырға қосатыны күмән туғызбайды. Өйткені: «Өрелі елдің ұрпағы, тегіне тартпай қоймайды» дегенді өзіңіз айтқансыз. Ендігі ұрпағыңыз еркін ойлайтын, білімді де, білгір ұрпақ. Лайым, елге тыныштық, халқымызға береке-бірлік тілейік.

Халқың тірі тұрғанда, сіз де тірісіз, мәңгіліксіз, Әке!

*Астана, 2003 жыл.
(наурыз- желтоқсан)*

ЖҮРЕКТІҢ ТҮКШІРІНДЕ ТҰНЫП ЖАТЫР...
(Естелік - эсселер)

ЛӘТИПА немесе КЕНЕНДІ
мойындатқан келіншек

Айтыста жеңіліп көрдіңіз бе деп сұрадым бір күні әкемнен.

- Е, баламысың деген-ау! Мен пәленнен жеңілдім деп мойындаған ақынды осы жасқа келгенше естіген де, көрген де емеспін. Анау Алатаудың шыңдарына қарашы. Бірі - асқар биік, бірі - аласа. Ақындар да сондай. Оларға баға беретін де, төрелік ететін де халық, содан соң уақыт. Сондай шыңдардың бірі ақын Ләтипа деп еді.

XXXX

Хантауды бөктерлеп жүріп келеміз. Астымдағы құлақасқа құлақтарын қайшылап, аяқтарын екілене басып, дегбірсізденіп келеді. «Артқы айылдың батқанын иесі білмес, ат білер» демекші ұзақ жолдан қажыған жануар алдымызда ауыл бар екенін, соған тезірек жетсе жаны сая табатынын сезгендей басын шұлғып-шұлғып қойып екпіндей түседі.

Осы ауылға жақындаған сайын менің де жүрегім өрекіп, көңілімде бір кобалжу пайда болғандай, мазасыздана түсемін. Өйткені бұл көзбе-көз жолықсам, отты өлеңдерін өз құлағыммен естісем деп көптен армандап жүрген әйгілі ақын Ләтипаның ауылы. Сондықтан бізге жол көрсету үшін қосып берген серіктес жігіттен Ләтипа жайлы әлсін-әлсін сұрап келемін.

Осы елге күштеп ұзатылғандығы, атастырған күйеуі мыңғырған малы бар байдың баласы екендігі, бұған өркөңіл Ләтипаның разы еместігі туралы осы жігіттен естіп білдім. Палуандардың белдесер алдында бір-бірінің айла-тәсілдері, күші, осал тұстары жайлы алдын-ала біліп отыратыны сияқты, айтыс ақындарының да бұл бойына сіңген әдеті.

Әсіресе Ләтипаның ақындық дабысын бүкіл Жетісуға кең таратып жіберген мына бір оқиға еді. Алдына келген ақындарды өткір тілмен аузын буып, аяғын тұсағандай тырп еткізбей қоятын Ләтипаға бір күні алты ақын бірге келіпті. Өзара келісіп алған Қайрақбай, Сауытбек, Көшкімбай, Досмырза, Бәсімбек, Жидебай сынды ақындар: «Тілі шоқтай дейтін Ләтипаның алдына алтауымыз қоса барайық. Не дейді екен әуселесін көрейік! Сасқан үйректей болсын» деп ұйғарысады. Әрқайсысы жұптап келген бірер шумақ өлеңдерін айтып тиісе кетеді. Жастарының үлкендігіне қарамай бәдіктеу сөздер айтады. Сонда бозаға тойып, желігіп алған әлгілердің түр-тұрпатына, сырқы әлпетіне сынай қарап отырған Ләтипа табан астында былай депті:

«Досмырза, баспаймысың мұртыңызды,
Боза исі сасытпай жұртымызды.

Екі елі аузыңа келмей әлің,
Алғанын білмеймісің құнтыңызды.

Қайрақбай, селдіреген мұртың жаман,
Емшектей салбыраған ұртың жаман.
Ешкіні иіскеген текеге ұқсап,
Ерніңді шошайтасың шіркін, жаман

Бәйсеке, тары түйдім кебегі жоқ,
Өлеңім ұшан теңіз кенері жоқ.
Өзіңнің қатарыңа айтсаңызшы,
Шалдардың аузы сасық керегі жоқ.

Ашадан іздеп келген алты қақпас,
Жастарға өлеңдерің енді жақпас.
Қақпанның салдыры бар, кәуқары жоқ,
Түлкіге салмағы жоқ қақпан шаппас...

Ләтипаның ащы сықағына шыдай алмаған ақындар: «Тіліңе теріскен шыққыр, Ләтипа!» деп домбыраларын сүйрете үйден атып шығыпты.

Міне біз бет алған ауыл өлеңдері ел аузында жүрген, өткір мінезді ақын Ләтипаның келін болып түскен жері – Топар.

Ләтипаны мен арнайы іздеп шыққам жоқ. Балқаш, Мойынкұм өңірін аралап әскер үшін жүз түйе жинап қайту керек деген үкімет жүктеген бұйрық бар. Бұл менің Қордайға жаңадан «ревком» болып сайланған кезім. «Кенен деген атыңды халық біледі, әніңді сала жүріп, жаңа үкіметті насихаттай жүріп осы шаруаны бітіріп қайт. Басқа адамның реті келмей тұр» деп бұл істі маған Ораз Жандосов тапсырған еді. Жауларға сес болсын дегендей қасыма Иван Щепегальский деген милиция жігітті қосып берді.

Аулына қонақ болып қас жауы келсе де алдынан шығып, ат басын ұстайтын қазақтың ежелгі дәстүрі бойынша, бізді де бірнеше жігіт қарсы алды. Амандық сұрасқан соң оқшау тігілген сегіз канатты еңселі үйге бастап жүрді. «Бұл біздің Ләтипа келіннің отауы» деген соң үйдегі жиғаздарға көз жүгіртіп біраз отырдым. Менің іздегенім басына үкі таққан келісті домбыра еді. Ол көзіме түспеді. Қолдан шауып жасалған кер домбырамды кереге сүйей салып, жәйлана отырыстық. Көңілде толқумен қатар, таңданыс та бар.

...Дастарқан мәзірін жасап, әйелге тиесілі қызмет көрсетіп, кіріп-шығып жүрген қараторы келіншектің бойынан ақындықтың ешбір нышаны байқалмайды. Сабырлы, салмақты күйінен бір танған жоқ. Сонда біз естіп жүрген отты өлеңдер осы бір қарапайым, сыпайы әйелдің қай жағынан өреді екен деп ойға батып отыр едім:

- Кенеке, құдай қалап аулымызға келіп қалыпсыз. Атақ-даңқыңызға әбден қанықпыз. Мына жұрт әндеріңізді өз аузыңыздан естиміз деп жиналып отыр. Сізді көргісі келіп қаумалаған ел далада да күтіп тұр, деді қымыз ұсынған жігіт.

- Жұрт қаласа амал қайсы? Көптің көңілін қалдыруға болмайды. Бар өнердің несін бәлсінейін, көп қолқалап жатқан соң, деп домбырамды қолға алдым.

Осы жолы үнім де ерекше шыққандай. Әндерімді бірінен соң бірін ерекше шабытпен айттым. «Әннің де естісі бар, есері бар» деп кемеңгер Абай айтқандай, сан өрім әндерімнің ең жақсы дегендерін тандап шырқадым. Жұрттың ұйып тыңдағанына, Ләтипаның тырп етпей үнсіз отырғанына қарағанда, әндерім бәрінің де көңілінен шығып, жүрегіне жеткен сияқты. Жастар жағы қолқалап болмаған соң, сонау жігіттік кезде шығарған «Тік шырқау» деген әнімді салдым. Домбыраның төменгі сағасынан басталып, екпіндете айтылатын бұл әнді даусым әбден бабына келген ғана салатын едім:

«Алма мойын ей, қыздар жарғызарсың,
Алуа шекер тіліңнен қанғызарсың.
Қамысты терең көлдің сұқсыры едің,
Бір күні ақиыққа алғызарсың.
Қоймасаң бұл сәулетті сұлу қыздар,
Біреуді көлеңкеңде талдырарсың.
Кез болған кенедейін асау қыздар,
Көңілімді қайтіп менің қалдырарсың...»

Бозбалалар жағы өзара жымындасып қалды. Ләтипаға көз тастап едім қараторы жүзінде болар болмас қызыл рең байқалғандай болды. Бәлкім, маған солай көрінген де шығар.

«Па, шіркін, жастық шақ! Көңілімізді не бір қияндарға елітіп әкеткендей болдың-ау, Кенен. Өркенің өссін. Өнерің шарықтай берсін. Әнге жүйрік екенсің, қарағым. Саған тағы да бір қолқа салғалы отырмын. Мына біздің Ләтипа келін де өнер иесі, суырып салатын ақындығы да бар. Өнер де бір, өткір пышақ та бір. Қайрап, жанып отырмасаң кетігеді, тот басады. Бәлкім, бұл сөзім ерсілеу де болар? «Күш атасын танымайды» деген. Екеуің біраз өнер сынассандар қарсы емеспіз» деп төрде отырған ауыл ақсақалы мені айтысқа шақырған сыңай білдірді. Отырған жұрт «айтсын-айтыссын» деп шу ете қалды. Менің де ішкі қаупім осы болатын. Осыншама елдің бекерге жиналмағанын, осындай тілек-сауалдың болатынын жүрегім әлдеқашан сезген еді.

Бозбала кезімде қасына ертіп жүріп талай ақыл-кеңесін айтып, баулыған ұстазым Балуан Шолақ: «Қошеметті кім сүймейді, Кенен. Қолпаштады екен деп елеуреп, еліріп кетпе. Сыпайы бол, іштей жинақы бол» дейтін. Сол есіме түсіп, өзімді-өзім сабырға шақырғандай біраз отырдым. Қарсы алдымда талай ақынның шайтанын қағып, шөмендеткен Ләтипа отыр. Сырт көзге жұпыны көрінгенмен, оқта-текте жалт ете қалған жанарынан бойындағы ақындықтың ұшқыны сезілгендей еді. Ән салып отырып оны да байқап қалғанмын.

«Айтысуға келгем жоқ. Шаруамен келдік, түйе жинап жүрміз» деп қалай айтарсың. Онда жұрт: «Кенен айтысудан жалтарды. Ләтипаның мысы басып

кетті» деуі сөзсіз. «Жігіттің көзге түсіп көрінері де, абыройының төгілері де бір жиын» дейді екен Кебекбай шешен. Ішімнен әруақтарға сыйынып, домбыраны қолға алдым. Ақын Ләтипамен айтыс осылай басталған еді.

...Мен едім Кенен ақын Қордайдағы,
Төгейін өлеңімді таңдайдағы.
Топардың тоғайында сен бір бұлбұл,
Түрлентіп әуеніңе салғайдағы.
Ақиық Алатаудың қыранымын,
Қондырып бұтағыңа алғайдағы...

Бірін бірі тарпа бас салмай біраз уақыт аңдысып жүретін әккі сайыскер сияқты мен де айтысты сыпайылап, жұмсақ бастадым. Мұндағы ойым өлеңін былай қойғанда, осы уақытқа дейін үнін де жөндеп естімеген Ләтипаның әуенін, сөз саптауын байқап көру еді. Ақынның ішкі иірімі, арыны, мінез-құлқы, тіпті бар шама-шарқы осыдан аңғарылады. Сөзін алыстан орағытып, өзінді сылап-сыйпап отырып- ақ тірсектен ұратындар бар. Болмаса салғаннан дүрсе қоя беретін, басы қатты ақындар да бар. Суырып салма ақындардың ерекшелігі де міне осында.

...Сен бе едің Қордайдағы Кенен деген?
Құлағым келеді деп елеңдеген.
Сыртыңнан естуші едім атағыңды,
Ойда жоқ түлен түртіп келер деген.
Ап етпей, шап етпестен Кенен құрбым,
Азырақ сынасалық өлеңменен, деп бір түйіп тастады.

Әлгінде ғана дастарқан жайып, шай құйып жүрген қарапайым, бұйығы келіншектен жұрнақ та қалмапты. Жанарынан от шашып, өрши түскендей көрінді. Қараторы жүзі алаулап, сұлуланып кеткендей. Көздерін алысқа тігіп, тәкаппар қарайды. «Өзім қақтықпаймын, бірақ қарсы келгенді қағып өтердей мінезім бар» дегенді аңғартқандай еді.

Ләтипа да өлеңін әдеппен бастады. Арқалы ақын екені көрініп- ақ тұр. Үні де, әуені де, сөзі де қорғасындай салмақты. Әсіресе «Ел еркесі ақын Кенен», «Әнші Кенен» дейтін қошеметке әбден үйреніп кеткен болуым керек, Ләтипаның «Кенен деген сен бе едің?» деуі, «түлен түртіп келген шығарсың?» дегені шымбайыма батып кетті. Осы сөзде асқақтық та, тәкаппарлық та жатыр. Екі жағында отырған қос келіншек Ләтипа айтқан өлеңнің соңғы екі жолын іліп әкетіп, қоса табалағандай қайталап шырқайды.

Домбыраның орнына қойдың жауырынын ұстап немесе алақанына қарап отырып, тіпті екі тізесін ұрғылап өлең айтатын ақындарды бала кезімде талай көргенмін. Қолына домбыра ұстмаса да мына көрініс әрі қызықты, әрі жарасымды екен.

«Ашадан іздеп келген алты ақын, айтысып менен көңлі төмендеген» деді Ләтипа енді бір тұста. Алдыңда кім отырғанын байқап көр, қапыда қалып жүрме деген сыңай танытады. Ата-тегін, байлығын айтып төпелей жөнелетін

өзге ақындарға мүлдем ұқсамайды. Сонда да аузынан шыққан әрбір сөзі дөп түсіп, дәл тиіп жатыр.

Біршама уақыт өтті, талай сөздер айтылды. Тұяғы қызған тұлпардай Ләтипаның арыны басылар емес. Тыңдаушы жұрт екіге бөлінген. Көпшілігі Ләтипа жағында. Оның аузынан шыққан әр сөзіне ду ете қалады. Бұл да үлкен сеп, ақынға шабыт қосатын, арқаландыра түсетін осындай қошемет.

Ләтипамен айтысты еске алғанда мына бір жай ойыма орала береді. Анау бір жылы жас ақындардың айтысын ашып беріңіз деген соң Жамбыл қаласына барған едім. Ақындарды жұпқа бөліп, уақытын шектеп, белгілі бір тақырыпқа орай айтыстырғанды бірінші рет көрдім. Аяқтарын тұсап жіберген ат сияқты кібіртіктеп, еркін көсіле алмай әбден мазалары кетті. Әлгілерге жаным ашып, орнымда әрең отырдым.

Айтысқа түскен ақын да, бәйгіге қосқан жүйрік сияқты. Шу дегенде бәрін басып озып, бара-бара қалып қоятын ат болады. Керісінше алғаш соңғы лекте келе жатып денесі қызған сайын өршеленіп үзіліп алға шығатындары болады. Ақындар да міне осындай. Бес, он жұпқа бөліп ақынның берекесін алғанша, нағыз суырып салма, арқалы дегендерін тандап алып еркімен айтыстырса ғой. Айтысқа түскен ақынның да, тыңдаған жұрттың да айызы қанбас па еді? Шын дарын жасқа қарамайды, жағдай тандамайды. Өлеңді табан асты тауып айту, ол да туа бітетін қасиет. Дарынды деп сондайларды айтады. Кейін осы ойымды сондағы басшыларға айттым. Заман басқа, уақыт сондай дегеннен басқа татымды жауап болмады.

...Ерте кезде ақындар бір-бірін әдейі іздеп келіп айтысатын. Тіпті үстеріне адам кіргізбей, бетпе-бет отырып күш сынасатындар да болған. Ондағы мақсат атақ-даңқын шығару емес, өз күшін байқау, тәлім алу, үйрену болса керек. Сүйінбай ақын алғаш рет Тезек төренің алдына келгенде қандай сыннан өткенін жұрт біледі, аңыз етіп айтып отырады.

Сөзден де, өлеңнен де сүріндіре алмаған төре ақынды ертіп тысқа шығыпты. Мұны қалай жаңылдырсам екен деп ойлаған Тезек, бұлаққа қолын жуып отырған ақынның тақиясын қылышының ұшымен түртіп жіберіп: «Қане, шын ақын болсаң, ағып бара жатқан тақияңа өлең шығаршы» дейді қылыштың жүзін Сүйінбайдың мойнына тақап. Сонда ақын:

«О, құдай, мен бе едім жек көргенің,

Бастағы тақияма тап бергенің.

Ербендеп екі қолым қала бердің,

Қанеки, тап бергенде ап бергенің!» деп табан асты жауап беріпті. Шарасы қалмаған қаһарлы төре: «Сүйеке, өлең сенің сүйегіңе сіңген-ау, бәлкім!» деп мойындаған екен.

Ләтипа жайлы сөз еткенде менің көз алдыма жарқылдаған жай оты елестейді. Қазақта ақын қыз да, батыр қыз да, ақылгөй қыз да көп болған ғой. Ақын Ләтипаның тұла бойында осы қасиеттер түгел тоғысқан. Ақын болғаны - ақылгөйлігі, тайсалмай айтысқа түсетіні - батырлығы. Ол үшін де үлкен жүрек керек. Мұндай пікірге кейін, көп уақыт өткен соң келдім. Ал ол сәтте, қызғын айтыс үстінде Ләтипаға тек әйел деп қана қараған екенмін. Сонымды ақынның нәзік жаны сезіп қойғандай өршеленіп, ширыға түседі.

Сен бе едің Дулаттағы Кенен ақын,
 Қураған көкшолақпен сірі тақым...
 Сен болсаң кім қорқады Кенен болыс,
 Қолына таяқ алған кедей болыс.
 Қазақтан бүкіл мынау серік таппай,

Қасыңа ертіп апсың сары орыс, деп салды. Өзі де желігіп отырған жұрт күлкіге батты да қалды. Қасымдағы серігіме қарап едім құлағына дейін қызарып кетіпті, басын шұлғып күле береді.

Осы сапарға шығарда: «Маған елдің жөн-жосығын білетін қазақтың бір жігітін қосып беріндер. Жол шалғай. Заман болса мынау, қауіп те жоқ емес. Жаңа үкіметті жұрт әлі мойындап та үлгерген жоқ» дегенмін. «Біздің Иван қазақ арасында өскен, тілін де, әдет-ғұрпын да жақсы біледі» деген соң келіскенмін. Ләтипаның ұшқыр ойы мұны да қалт жібермепті. Менің де өткенімді, жай-күйімді жақсы білетіні көрініп тұр. Шу бәсеңдеген сәтте даусымды биіктеу алып шырқай жөнелдім.

«...Ләтипа, келтірмегің шайтанымды,
 Білгенмін осы сөзді айтарыңды.
 Талассаң тар кезеңнен мен шығармын,
 Тыртаңдап шауып көргің байталыңды».

Мұндағы «байталыңды» деген сөзде үлкен мән бар. Сол жылдары осы өңірден «көк байтал» дейтін жүйрік шыққан. Қырғыз-қазақтың бәйгісінің алдын бермейтін. Атағы дүйім елге жайылған сәйгүлік еді. Бірақ содан туған құлын әлжуас, шабан болып шықты. Менің Ләтипаға ұғындырмақ болғаным да осы жай. Өзін байталға теңеп айтқанымды намыс көріп қалған ақын келіншек бұрынғысынан да ширыға түседі. Сондағы Ләтипаның жасындай жарқылдаған өлеңі тап қазіргідей құлағымда әлі тұр.

Үнім биік, әнім тартымды, алайда жауап сөздерімнің осалдау түсіп жатқанын өзім де сезіп отырмын. Соны тап басқандай:

«Ей, Кенен, жүйрік емес, жүріскерсің,
 Әуенге, өлең сөзбен мініскерсің.
 Арының қайтпай жүрген ақын болсаң,
 Шындасам сөз таба алмай тіміскерсің.
 Көк байтал күнде шауып жүлде алып жүр,
 «К...н бәйге алса иіскерсің! деп жұртты тағы да

күлкіге батырды да тастады. Күлдіріп отырып-ақ жоныңнан таспа тілу деген осындай болар? Өз сөзіммен өзімді басқа бір ұрғандай әсер қалдырады.

Ендігі айтарымды қай жағынан орап әкелсем екен деп мен отырмын. Жолда келе жатып әлгі жігіттің айтқандары есіме түсті. «Ләтипа өз тағдырына разы емес. Күйеуі тоңмойындау, дөрекі адам. Бірақ ақын қызын халқы силайды. Шашағына шаң жұқтырмай, еркелетіп ұстайды» деп еді-ау!

Әйел адамның бақыты отбасының берекесінде, көз қуанышы еркелеп келіп мойнына асылатын балада екені ақиқат. Баланың зарын көп татқан мен

үшін бұл етенеден белгілі жай. Баланың жөні бір бөлек. Ал ерлі-зайыптылар өзара жарасым таппаса бұдан өткен азап, қасірет жоқ. Мұндай тірлік қанша әрекет жасасаң да бұрауы үндеспейтін домбыра сияқты.

«Әйелің жақсы болса,
Далада отырып дабырла.
Әйелің жаман болса,

Үйінде отырып сыбырла», дейтін Сүйінбай ақыннан қалған қанатты сөз бар. Мұның еркектерге де қатысы болса керек.

Көңіл түкпірінде Ләтипаға деген жылы ілтипат, сезім де жоқ емес. Бірақ оны айтыс үстінде айтып, жалған көлгірсуге болмайды. Табиғаты сезімтал ақын онымды қорлау, мұқату деп ұғынып қалуы да мүмкін. Мен ендігі жерде сөзімді алыстан орап, мұның шешуін Ләтипаның өзіне қалдырғандай етіп айттым. «Заман өзгерді. Әйелдерге теңдік тиді, жол ашылды Ләтипа. Кеңірдегі кетпеннің ұңғысындай күйеуің өзіңді, өнеріңді ұғынбаса, силамаса амал қайсы? Арғымақ пен қашырды матағандай бұл не тірлік? Бұған қалай шыдап жүрсің? Бізбен бірге жүр. Қалаға апарайын, өнеріңе жол көрсетейін, теңіңе қосайын» деп ағымнан жарылдым. Ақынның нәзік жүрегі менің ақ ниетімді түйсінсе де, тәкаппар мінезінен тайған жоқ.

«Ей, Кенен, қоқан сөзден қорықпаймын,
Дүлдүлмін неше таңға зорықпаймын.
Өлеңнің таңдайымда ұясы бар,
Ешкімнен сұрамаймын, тарықпаймын.
Елімнің еркелеткен арқасында,
Дарияда жүзіп жүрген балықтаймын».

Айтыстың өзгеше рең, бағыт алғанын іштей сезіп, қуанып отырмын. Сол кездегі қазақ әйелдерінің сүреңсіз тірлігін, ой-арманын, қайғы-мұңын айтып екеуміз біраз көсіліп алдық. Сол сәттегі ақын Ләтипаның ширыға, арқалана, төгіп айтқан өлеңдерін жазып алар адам болса ғой, шіркін! Арманда кеткен өлең-жыр деп соларды айтса керек. Ақ пейіл ақын болмысы бала сияқты аңғал да келеді.

...Ей, Кенен, бұл сөзіңе нана алмаймын,
Шын болса мен соңыңнан қала алмаймын.
Ақ бата, қызыл қанды бұзбаймыз деп,
Байлап-матап ұзатты ел-ағайын.
Өзіңдей замандаспен әзілдесем,

Ерекексіп тіл тигізер надан байым, деп іштегі шерін жайып тастады. Өзілдеп болса да айтып қалған өркөңіл Ләтипаның жансыры, көкейдегі арманы, еркіндік көксеген жан алауы еді бұл.

Біраз уақытқа созылған айтысымыздың соңы жарасымды қалжыңмен, жақсы тілекпен аяқталар-ау деп күткенмін. Кенет: «Мынау не оттап отыр өзі» деген өктем дауысқа отырғандар жалт қарады. Күйеуі екен. Өрістегі малын түгендеп келген беті екен. Ләтипаның әзілмен айтқан соңғы сөзіне

шамданып қалған болу керек. Қамшысын үйіріп Ләтипаға тап берді. Жұрт шу ете қалды. Біреулер әлгіні сүйретіп далаға алып кетті. Ләтипа төмен қарап, мұнайып отырып қалыпты. Айтыстың шырқы бұзылғанын, бұдан кейінгі сөздің артық екенін сезіп, біз де жәйлап үйден шығып кеттік.

...Келген шаруамыз бітсе де жақын ауылдарды аралап бірнеше күн аялдап қалдық. Мені мазалаған бір ғана ой. Қайткенде де Ләтипаға жүздесіп, сөйлесіп қалу. Үнсіз, қоштаспай кетуге ар-намысым жібермеді. Менің осы күйімді сезген болу керек, серіктестерім де асықтыра қоймайды. Ақыры ауыл маңындағы Қостөбенің етегінде Ләтипамен кездесудің сәті түсті.

Ұзақ әңгімелестік. Мүмкін болса, расында, қалаға барып өнер жолына бой ұсынсам деген арманын қоса айтты, мен қоштадым. Осы жолы Ләтипаның шын жүйрік, суырып салма дарын иесі екенін өз көзінше мойындадым. Сөйтіп, қырық күн дегенде Қостөбенің етегінде ол күтетін болып, мен алып кететін болып уәде еттік. Бұл келісуіміз уәдеден гөрі сертке ұқсайтындай еді.

Тағы бірер күн жол жүріп елге де жеттік-ау! Үй-ішіммен қауышып, балалардың бетінен сүйіп, жаным байыз тапқандай күйде отыр едім, үйге ауылдың үш-төрт ақсақалы кірді. Орнымнан атып тұрып төрден орын беріп жатырмын. Аман-саулық сұрасып біраз отырған соң: «Кенен, өзіңе айтсақ деген азғантай сөзіміз бар» деді төрдегі қария:

- Сені елдің кәрі-жасы арқалы ақын, күміс көмей әншіміз деп қастерлейді, құрметтейді. Той-томалаққа жиналған жұрт, сауық-сайран құрған жастар алдымен сенің әндеріңді салады, мақтан етеді. Үлгі тұтады, жамандыққа қимайды. Шалғайдағы Балқаштан біреудің жесірін алып келе жатыр деген қаңқу сөз өзіңнен бұрын жетті. Соның мәнісін айтшы. «Жау қайда деме, жар астында» демекші, кейбір дұшпан көздер: «Кенен екі әйелдің үстіне тағы бір ақын келіншекті алатын болыпты» деп көпіртіп жүр. Бұған не айтасың? Мына жаңа үкімет мұныға қалай қарайды екен?» деді.

Осындай бір әңгіменің боларын, әлгінде шай құйып отырған бәйбішенің қабағынан да сезгендей едім. Көне көз қарияларға болған жайды тәптіштеп айтқанмен дұрыс түсінсе жақсы. Бәрін сол қалпында пайымдайтын ауыл ақсқалдары мұнымды ақталу деп ұғып қалуы мүмкін.

- Биыл үкімет қазақтың өнерлі жастарын, ақын-әншілерін Алматыға жинап жатыр. Оқытамыз, білім береміз дейді. Ләтипа да өнерлі, ақын әйел. Соларға ертіп апарып көрсетсем, жол сілтесем деп едім. Менде басқадай ой жоқ, қариялар дедім.

- Кенен шырағым, шын көңілден туған ақ ниетінді біз түсінгенмен, оқуы жоқ қараңғы жұрт ұғына ма? Кешегі өзіңе тісін қайрап жүрген бай балалары бұл ойыңды отқа айналдырып жүрмесін, абай бол десіп тарасқан еді.

Бір адамға тарыдай жамандық істеген емеспін. Пәле-жала мені не қылсын деп ойлаушы едім. Ол ойым бекер екен. Қырсықтың құрығы ұзын деуші еді. Соның басы Базар-Назардың өлімінен басталды. Құлын-тайдай ойнақтап жүрген екі баланың қазасы өзегімді өртеп, қабырғамды қанша қайыстырса да уақыт емші, оған да төтеп бердік. Бұл, әрине, төтелей келген алланың ісі, оған не шара? Қайғырасың, төзесің, көнесің. Бәрінен де адамдардың қасақана істеген қысастығына не дерсің?

Сол жылдары менің үстімнен Үкімет орындарына көптеген шағым түсіпті. Онда: «Кенен ескі дүниенің ақыны. Намаз оқиды. Әруақтарды аузынан тастамайды. Көне жыр-дастандарды айтады, ескіні көксейтін адам. Екі әйел алған, жастарға теріс үлгі көрсетіп жүр» деген жайлар айтылған.

Осы шағымға байланысты ауданда үлкен жиналыс өтті. Ұзақ айтыс-тартыстан кейін соңғы сөз жұбайым Насихаға берілді. Елдің бәрі «әйелі не дер екен? деп күтеді. Жұрт алдына шығып көрмегендіктен құлағына дейін қызарып кетіпті. Қатты қысылып тұр. «Мен Кененге күштеумен келген жоқпын, өз еркіммен шықтым» деп бір-ақ ауыз сөз айтып, жүгіріп шығып кетті. Жиналыстың ендігі түйіні де осы болып еді. Ел басқаруды білімі бар, көзі ашық жастарға берейік дегенді сылтау етіп, мен де қызметімнен босадым.

«Болыстықтан» түсіп,
Ауылға қайттым.
Әнімді шырқап,
Үйімде жаттым, дейтін әзіл өлеңім сол кезде
шыққан еді.

Уақытта тоқтау бар ма? Өстіп тіршіліктің иірімінен шыға алмай жүргенде зымырап күндер, ағылып айлар өтті. Ләтипаға берген уәдемді орындай алмадым. Шауып барып келетіндей жақын жер емес, хат-хабар жазу дейтін мүлдем жоқ кез. Осылай іш-құса болып жүргенімде жолаушылап келген бір жігіт алақандай ғана қағазды қолыма ұстатты. Өлеңмен жазылған алты-ақ жол Ләтипаның хаты екен.

«Сәлем айт төрт Дулаттың Кененіне,
Ынтық ем өлеңі мен әуеніне.
Ер емес, ез екенсің ақын Кенен,
Артыңа бір қармай жөнөдің бе?
Қостөбе көз алдыма елестейді,
Ләтипаға обал-ау, бір демейді».

Бар болғаны осы. Бар айтқаны осы. Мұңын да, ренішін де, өкпесін де алты жолға сиғызыпты. Жүрегіме біреу ине сұғып алғандай болды. Сол бір аяқталмай қалған айтыстың соңғы түйіні осы сияқты болып көрінді маған. Бұл ақын Ләтипаның ең соңғы лебізі екенін білсемші сонда. Бірер жылдар өткен соң Ләтипа қайтыс болыпты деген суық хабар естідім...

Көзі ашылмай тартылып қалған қайнар іспеттес, «тандайында өлең-жырдың ұясы бар», «неше таңға зорықпайтын» дүлдүл ақынның бейнесі, құлағымда мәңгі үні қалған, жүрек түкпірінде тұнып жатқан қазақтың біртума ақын қызы Ләтипаның жан-дүниесі осындай еді.

*«Қазақ әдебиеті»
1997 жылғы 11 қараша*

ОРАЗЖАН

Әрі іні, әрі дос ретінде етене жақын, сырлас болып кеткендіктен де шығар, Ораз Жандосовты әкем осылай атайтын. Ол жөнінде әңгіме бола қалса салалы саусақтарымен ақ сақалын сипай отырып, жанарын алысқа тіккен күйі, есіне әлденені түсіргендей терең ойға кететін еді. Сондай бір сәтте ұшқыр қиялы Алатаудың асқар биігінен асып, қатпар-қатпар өмір белестерін шарлап кеткендей әсер ететін. Осындай күй кешкен қарт ақын:

«Шіркін, Оразжан, жігіттің серкесі еді-ау! Амал не? Көкірек сайрап тұр, жазарға тіл жоқ. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында еліне, жеріне дәл Ораз Жандосовтай жанашыр болған, аянбай қызмет көрсеткен азаматтар некен саяқ. Әттең Ораздың өмірін, болмысын, жан-дүниесін Мұхтардай (М. Әуезов) қаламгер қара сөзбен жазар болса, қандай келіскен кітап болар еді» деп күрсіне айтқаны әлі есімде.

Ақын осылай деуін десе де, кейіннен Ораз Жандосов жайлы көлемі 500 жолдық поэма жазған екен. Мұнда Ораздың балалық шағы, жігіттік кезі, кейінірек қоғам қайраткері ретінде өткерген өмір кезеңдері қамтылған. Өкінішке орай кейбір үзінділері болмаса, еш жерде жарық көрмеген бұл шығарманың тағдыры бізге беймәлім. Әкем бір сөзінде: «Сол бір ел басына қаратүнек үйірілген жылдары, әлдекімдерге көзтүрткі бола берген соң талай жазғандарымды отқа жағып жібердім. Соның ішінде не бір шешендік сөздер, бұрын өткен билердің ақыл-нақылдары, шежірелер, айтыстар және басқалар да болды» деген еді.

Ақын өзінің Ораз Жандосовты алғаш көргенін былай әңгімелейді. 1919 жылы Алматыда Жетісу ақындарының, әнші-күйшілерінің үлкен жиыны өтті. Жетісу губерниялық партия комитетінің ұйғарымымен ұйымдастырылған осы слетке Жамбыл, Бармақ, Үмбетәлі, Сауытбек, Жидебай бастаған көптеген өнер иелері қатысты. Уақыттың қиын-қыстаулығына қарамастан осыларды қалаға алдыртқан Ораз Жандосов болатын. Ондағы мақсат - елдің көз-құлағы ретінде ақындарға бағыт-бағдар беру, жаңа үкіметтің саясатын түсіндіру.

Сегіз күнге созылған осы жиында Оразбен бірнеше рет дастарқандас болдым. Жәкең бастаған қарт ақындарға ерекше ықылас білдіріп, құрақ ұшып жүрген Ораздың кішіпейілдігі маған қатты ұнады. Байыппен сөйлейтін, кең маңдайлы, дөңгелек жүзді, қараторы жігіт екен. Басқа өкімет басшыларына қарағанда өзін сыпайы, қарапайым ұстайтыны сезіліп тұр. Бір көргеннен-ақ жолдастыққа, сыйластыққа таптырмайтын жігіт екен-ау, деп ой түйгенмін. «Кенеке, Кенен аға» деп көрген сайын іш тартып тұратын еді. Бұдан кейін де талай жылдар бірге жүреміз, дәмдес боламыз, өмірдің не бір кезеңдерін бірге өткереміз деп кім ойлаған. Ораз ел басқарған, жаңа заманның жаршысы, мен болсам елге танымал әнші, аты шыққан ақынмын.

Менің осы ойымды сезіп қойғандай бірде Ораз қасына шақырып алып, ұзақ әңгіме бастады. «Кенеке, ақын деген атыңыз болмаса, сіз де сіңірі шыққан көп кедейдің бірісіз. Заман болса мынау астаң-кестеңі шығып, тарылып бара жатқаны. «Алатаудың ақ басын қара бұлт шалды білдің бе? Екі

айдаһар ысқырып інге кірді білдің бе дегендей Аненков- Лепсіде, Дутов- Жәркентте ойран салып жатыр. Алматының өзінде казактардың бүліншілік пиғылы өршіп тұр. Ретін тапса қылыштарын жалаңдатып тап беруге әзір. Осындай сәтте қарап отырудың, бой тасалаудың өзі күнә. Кедейлерге бақыт әкелеміз, теңдік әпереміз деп келген жас үкіметті қолдап, қорғап қалу керек.

Сіздің қаруыңыз - өлең-жырыңыз. Халық бала тәрізді сенгіш, аңғал келеді. Дос кім, қас кім? Айтып ұғындыру керек. Жау өліспей беріспейді. Әйтеуір бір жағының мерт болары сөзсіз» деп қызына айтқан сөздері әлі құлағымда.

Осындай қауіпті кезде ақындарды шақырып жиын өткізудің қаншалықты мәні бар екендігін бәріміз де іштей сезген едік. Тіпті құлағы түрік, көңілі жүйрік дейтін ақындардың өздері, айналада болып жатқан мұндай дүрбелеңнен шошынғандай күй кешеді. Өйткені кеше ғана жайбарахат, бейғам жатқан қыр елі бай-кедейге бөлініп алып қырқысып жатыр. Сенің атаң бай-балақты, сенің түбің қожа-молда десіп жағадан алып, айбаттасып жатқандар тіпті көп. «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен» демекші атқа мініп, қамшы үйірген желөкпелер, өзі де есеңгіреп отырған жұрттың берекесін алып-ақ бітті. Осындай селебеден шошып, үріккен жұрттың бас сауғалап көшіп кеткендері қанша? Айта берсең дау да көп, жау да көп. Соның бәрін көріп-біліп отырып ақылдасар, жөн сұрайтын адам таппай ішқұса болып жүргенімде Ораздай жігітті кездестіргеніме іштей қуанып едім. Сол ойым алдамаған екен.

Осы жолы үкімет басшылары Жұбаныш Бәрібаев, Абдолла Розыбакиев, Мағаз Масанчи және басқалармен таныстым. Солардың сөздерін естіп, аз күнде көп нәрседен хабардар болып, көзі ашылған бұлақтай марқайып қалғанымды несін жасырайын. Жасым отыздан асып, өмірдің ащы-тұщысын бірдей көріп өскен мен үшін осы жиынның, әсіресе Ораз Жандосов секілді азаматтармен бірге болған сол күндердің үлкен өнеге, жаңа бетбұрыс болғаны ақиқат. Бұрынғыдан қалған мәтел:

«Қой асығы демегін,
Қолыңа жақса сақа тұт.
Жасы кіші демегін,

Ақылы асса аға тұт», демекші Ораз Жандосовты өзіме ақылшы, жанашыр, дос санайтыным сондықтан. Ол жалғыз мен емес, бүкіл Жетісу ақындарына үлкен қамқорлық жасаған азамат.

...Соңы үлкен мерекеге айналған осы бас қосудың ақырғы күні болатын. Елге қайтуға жиналып жатыр едім, қасында бір топ адамдар бар Ораз кіріп келді. Маған күле қарап:

- Кенеке, жеңгеміздің күрең шайын сағынғансыз-ау сірә? Елге құр қол қайтармайық деп сізді Қордай болысы ревкомының төрағасы етіп тағайындауға шешім қабылдадық. Құтты болсын!- деді қапсыра құшақтап. Мен үшін бұл күтпеген оқиға. Қапелімде не айтарымды білмей қалдым:

- Мұның қалай, Оразжан?

- Бұл солай, Кенеке. Кеңес үкіметі сізге үлкен сенім артып отыр. Сол сенімді абыроймен ақтап шығуыңызға тілестеспін.

Олар шығып кеткен соң домбырамды шертіп ұзақ отырдым. Бойымда қуаныштан гөрі, кобалжу басым...

...Айтасың-ау, Оразжан, деймін өзіме өзім күбірлегендей. Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе? Арабша хат танығаным болмаса, көкшолақпен тепеңдеп ғұмыр кешкен менде қаншалықты білім бар дейсің? Бойымдағы құдай дарытқан өнерім - өлең өрбіту, ән салу. Ақын атану бір басқа, ал елге ақылшы болып, билік айтудың жөні тіпті бөлек. Осым қалай болар екен? Заман болса мынау. Дұрысы қайсы, бұрысы қайсы біліп болмайсың.

Жаңа үкіметтің айтқандары көңілге қонғанмен, екпіні тым қатты, тым бір беткей, озбырлау сияқты. Жөнсіз омыраулап кететін тұстары көп. Көңілімді күпті еткен жайлар аз емес. Соны Оразға айтайын, ақылдасайын. Бәлкім, көзі ашық, менен гөрі оқып-тоқығаны көптеу біреуді табар деген оймен тағы бірер күн аялдап қалдым. Соның сәті түскендей болды.

«Қара жерге қар түсіп,
Қарды басқан бір мұрат.
Қара жерден қар кетіп,
Жерді басқан бір мұрат» дейді екен

бұрынғылар. Бізге осындай бір заманды көру жазған шығар, Оразжан. Ақын адам аңғалдау келеді, ойымды ашық айтайын. Осы өкіметтің аяқ алысы халыққа ұнап тұрмаған тәрізді. Тым қатал, біліктіліктен гөрі, білек күшімен іс істеуге бейім-ау деймін. Ғасырлар бойы халықтың қанына сіңген әдет-ғұрпын, тіршілік-танымын бірер жылда өзгертеміз, жаңаша құрамыз деуі қалай болар екен? Жақында өзім куә болған бір жайды айтайын саған.

...Ел аралап көрші ауылға барған едім. Сол ауылдың бір топ келіншектерін қазақ үйге жинап алып: «Қане, аталарыңның аты-жөнін дауыстап айтыңдар, бастарыңдағы орамалды шешіп, лақтырып тастандар» деп қамшы үйірген бір даңғойдың үстінен шықтым. Үйдің бұрышына әлгі келіндердің аталарын отырғызып қойыпты. Байғұстар ұялғандарынан төмен карап, жер шұқиды. Әлгінің көргенсіздігіне шыдай алмай, қамшысын жұлып алып, өзін тартып-тартып жібердім. Жылап-сықтаған әйелдер беттерін басып үйден шыға жөнелді. «Кенен, сен өкіметке қарсы шықтың, тұра тұр бәлем!» деп қоқан-сес көрсетіп ол кетті.

Осындай өрескел жайлар ауылды жерде етек алып барады. Бұл күнде жүз қой айдаған адам да бай, он қойы бар адам да бай атанады. Байғұс қазақтың қойдан басқа несі бар? Кім адал, кім арам түсініп жатқан ешкім жоқ. Бұған не айтасың? дедім. Сөзімді бөлмей аяғына дейін тыңдап болған соң Ораз байыппен сөйлеп кетті:

- «Сен салар да мен салар, атқа жемді кім салар?» демеуші ме еді, Кенеке. Өзі де әбден титықтап, оңды солын тани алмай әбігер болған елге сіз секілді азаматтар демеу болып, қолтығынан сүйемесе, ондай елдің күйі не болмақ? Жаңағыдай жүгенсіздерді кім жөнге салады?

Ақындарын әруақ тұтқан халықпыз. Сол халықтың жүрегіне жол тапатындар да өздерің. Өлең-жырыңызбен осы өкіметтің мақсат-мүддесін

түсіндіру керек. Жаудың кім, достың кім екенін жұрт білетіндей етіп айтыңыздар. Жауды аяған жаралы. Аянып қалар кез емес, Кенеке. Әлгінде айтқан әңгімеңіз айта жүретін оқиға екен, деді күліп. Сол жолы Оразбен ұзақ сөйлесіп, өзіме беймәлім көптеген жайдың анық-қанығына жеткендей марқайып қалдым.

Елге қайтарымда Ораз қолымды қысып тұрып: «Кенен аға, сіздің аңғарғыш, сұңғыла жан екеніңізге осы күндері әбден көзім жетті. Мұндай ұлы өзгерістер жүз жылда, тіпті мың жылда бір болатын оқиға. Бұдан қашқақтап, бой тасалаған адам да, ел де кеш қалады. Қайта жүрексіңбей батыл араласу керек. Халқымызға қажет-ау дегенді бүгін алып қалмасақ, ертеңгі ұрпақтың алдында ұятты боламыз. «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» деген ғой. Іске сәт, Кенеке! Қызметіңіз абыройлы болсын» деп ұзақ қоштасып еді. Сөйтіп менің ревкомдық қызметім осылай басталған болатын.

Бұдан кейін де Ораз Жандосовпен талай рет сапарлас болып, Жетісу өңірін, қырғыз елін араладық. Үлкен-үлкен жиындарға мені қоса алып жүретін. Күн-түн демей Ораз сөзімен, мен болсам өлең-жырыммен халыққа үгіт-насихат жүргіземіз. Содан да болуы мүмкін кейбіреулер мені «Жандосовтың ақыны» десіп те жүрді.

1923 жылдың маусым айы. Жетісу өңірінде кеңес үкіметі әбден орныққан кез. Ораз маған кісі жіберіпті. «Ұзынағашта кедейлерден 300 өкіл қатысатын көрме-жиын болады. Бұл жиынға Мәскеуден, астанамыз Қызылордадан меймандар, басқа да өкімет басшылары келеді, Кенеке. Ұятқа қалып жүрмейік» деп сәлем айтыпты. Қолдан келгенді аяған жоқпын. Қордайдан тоғыз қазақ үй әкеп тіктірдім. Үйге қажетті жиһаздарды түгендеп ала келдік. Ұзынағаштың бас жағына қатар-қатар бес жүзге жуық үй тігілді.

Республика басшыларын, Алматыдан келген меймандарды тік тұрып қарсы алдық. Ақын-әнші болған соң құр қол бармайын деп соңғы жылдары шығарған «Шаңқ етпе», «Шырқа даусым», «Ленин бабам» деген әндерімді жұптай келгенмін. Сол жолы Ораз мені атақты ақын-жазушы Ілияс Жансүгіровпен таныстырды.

Ілияс отырған жерін күлкіге көміп тастайтын, сыпайы сөйлейтін, әзілге мол жігіт екен. Менің сорайған бойыма қарап:

- Кенеке, сіздей ақынды арқалап өткен Көкшолақта да арман бар ма екен? деп отырған жұртты ду күлдірді. Сөздің тағы бір орайы келгенде:

- Қас қылғандай шулайсың, ри қойым! Қасқыр қырып топалаң қырыл, қойым! дегенде қойдан емес, байдан көрген қорлықты айтқан шығарсыз, Кенеке? Қой түгел қырылып қалса, мына Ораз екеуіміз аштан өлмейміз бе? деп жұртты тағы да күлкіге батырып еді.

Шіркін, қазақтың маңдайына біткен арыстары-ай! Сол бір қиын-қыстау кезеңде өздеріңмен қатар жүріп, бірге қызметтес болған күндердің көзден бұлбұл ұшарын біліп-болжаған кім бар? Тұрар Рысқұлов жұрт алдында: «Кенеке, ең алдымен аға ретінде, ақын-әнші ретінде сізге рақметімді айтамын» деп ревкомдық қызметіме үлкен баға беріп еді. Солардың жайсаң жүздері көз алдыма тізіліп тұра қалғандай болады.

Осы тойда Ораз Жандосов көпшілік алдында сөз сөйлеп, Ұзынағаштың биік төбесіне орнатылған патша гербін құлату туралы ұсыныс жасады. Жұрт

мұны бір ауыздан қолдады. Басына самұрық құстың тұлғасы орнатылған бұл ескерткіштің өзінді тарихы бар. Ол генерал-губернатор Калпаковскийдің құрметіне жасалған. 1884 жылы осы жерде Қоқан хандығы мен патша әскері арасында қиян-кескі шайқас болғаны, осы соғысқа шапырашты Сұраншы батыр да қалың қолмен қатысқаны тарихтан белгілі. Осы ұрыста генерал-губернатор аяғынан жараланып, кейін Петроградта қайтыс болған деседі. Патша өкіметі генералдың қаны тамған жер деп 1912 жылы осы ескерткішті орнатқан екен. Биіктігі он үш метр, үстіндегі шойыннан құйылған алып қара құстың салмағы екі жарым тонна. Ақ патшаның құдірет күшін көрсеткендей төңірегіне зәрін шашып тұрғандай әсер етуші еді.

Құлатамыз деп келген жұрт, балға-сүйменмен қанша ұрғыласа да ештеңе шықпады. Сонда Ораз селодағы гарнизоннан зеңбірек алдырды. Сайдан өрге карата атқан оқ алып құстың бір қанатын жұлып түсірді. Осылай бірнеше рет оқ атылып, ақыры ескеркіш құлатылды. Әлгінің бір қанатының өзі туырлықтай екен, көтеріп салған арбаның белағашын опырып жіберді. Ораздың бұл әрекеті халықтың кеңес үкіметіне деген сенімін арттыру, дұшпандарға сес көрсету екенін іштей сезіп, разы болдық. Кейін оның орнына шойыннан қызыл ту орнатылды.

Жиын соңында мені оңаша шақыртып алған Ораз Жандосов:

- Кенеке, ел еңсесін көтеріп, оң- солын пайымдай бастады. Мұнда сіздің де еңбегіңіз бар. Рақмет. Алда қыруар шаруа күтіп тұр. Соның ең бастысы халықтың сауатын ашу болмақ. Онсыз ескі сұрлеуден шыға алмаймыз. Әсіресе жастарға білім керек. Өзіңіз арабша хат таниды екенсіз. Енді латын әрпін үйреніңіз. Соған лайықтап біраз кітаптар әкелдім, деп қолыма қағазға оралған бума ұстатты.

- «Дос адамның белгісі қарлығаштай, қас адамның белгісі қара тастай» демекші, мені ойлап, қамқорлық көрсетіп жүргеніңе разымын, інім. Мынауың ат-атан мінгеннен де артық олжа болды ғой, деп құшағыма алдым. Шіркін, ел қадірін, ер қадірін білетін адам, Ораздай-ақ болсын! Оның әсіресе өнер адамдарына деген ілтипаты ерекше еді. Мерекелік тойларға, маңызды жиындарға ақын-әншілерді жинап, өнер сайысын өткізу Ораздан қалған өнеге десем артық болмас.

«Дәм-тұзы бітпейтін жан, өзегі темір адам бар ма? Осынау дауылдай соққан, құйындай ескен ақындардың өлең-жырларын, әндерін өзге озық елдердегі сияқты таспаға жазып алса, суретке түсіріп алса қандай қазына болар еді. Амал қанша? Мешеу қалған елді қолтығынан демеп, «тәй-тәйлеп» жүріп үйрету қажет» деп Ораз сол кездің өзінде армандап отыратын. Құлақты елең еткізер аталы сөздер, орамды нақылдар естісе болды қойын дәптеріне түртіп қоятынын талай байқадым. Ораздың өзі де өлең жазады-ау, онысын неге көрсетпейді екен деп ойлап қоятынмын.

Ораздың кісілігін, парасаттылығын талай көріп, сүйсініп жүрсем де, оның ұстамды, салмақты, нар мінезді жігіт екендігіне тағы бір жолы көзім жетті. Соның бір айғағы 1924 жылғы 7- қазан мерекесін тойлау болды. Бұл жиынды Ораз Жандосов пен Жұбаныш Бәрібаев ұйымдастырып, өздері басқарып еді. Тоғыз болыстан жиырмаға жуық ақындар келді.

...Әлгінде жаңбыр құйып кеткен соң, сегіз қанатты кең үйге кіріп жайғасқанбыз. Ортамызда Жұбаныш пен Ораз және қонақ болып келген бірнеше орыс басшылар бар. Ақындардың дені жастар. Әрқайсысы өз өнерін көрсетіп, төпелетіп жыр төгеді. Жаңа өкіметті мақтап, байларды даттап, аянып жатқаны жоқ. Бірде Ораз, енді бірде Жұбаныш орыс қонақтардың құлағына әлденені сыбырлап айтып отыр. Ақындардың не айтып жатқанын түсіндіргені болу керек. Олар бастарын шұлғып, ұққандай кейіп танытады.

Қол созым жерден Жамбыл неге келмей қалды екен? деп ойлап отырғанмын. Кенет даладан: «Мен Жамбылмын, жібер!» деген дауыс естілді. Есік алдындағы күзетшінің қарсылығына қарамастан кіріп келді. Үсті-басы малмандай су. Өңі сұрланып, екі көзі жемін шалған қырандай жарқ-жүрк етеді. Қысастық көрсе шыдамайтын, Қордайдың қара дауылы іспеттес Жәкеңнің алай-түлей мінезін жасымнан білемін. Бір «сойқанның» болатыны айқын еді.

Неге екені белгісіз үлкен жиынға шақырылмай қалған қарт жырау жалғыз атын тепеңдетіп өзі келіпті. Үйге кірген бойда беліндегі домбырасын ала салып сөйлеп кетті. Ішегіне су тиіп, міңгірлегеніне де қараған жоқ:

«Уа, мен Жамбылмын, Жамбылмын,
Кебекбай мен Сарыбай,
Салған жолға даңғылмын.
Қарабай мен Ноғайбай,
Замандасты сағындым.
Ағам менің Сүйінбай,
Өлең маған қиын ба?
Жасымнан-ақ шабылдым.
Жас ақындар қасыңда,
Дудар шашың басыңда,
У тас шаққан, сиыр баққан,
Әкелеріңді білуші ем,
Жандос пенен Бәрібай,
Торқалы тойға шақырмай,
Мен сендерге не қылдым?
Базар барсаң тиын жоқ,
Тиын жоқтан қиын жоқ.
Үстімде ілер киім жоқ,
Қасымда қатар-құрбым жоқ,
Осы күнде сыйым жоқ.
Қыздарыңда қылық жоқ,
Жігіттерде әдеп жоқ,
Бұл сөзімде жалған жоқ,

Айыр - ізет қалған жоқ» деп төксін-ай келіп. Жәкең арынын баса алмай, талай жерге барды, талай сөзді төпеп жіберді. Жамбылды бұрын көрмегендер ақынның алабұртқан өңіне қарап аңтарылып қалыпты. Өткенді аңсап, үкіметке тіл тигізді-ау! Мұнысы қалай болар екен? деп артын бағып біз отырмыз.

Ораз өзінің байыпты, қорғасындай салмақты мінезіне салып бұған ренжіген жоқ. Орнынан атып тұрып Жамбылды қолтықтап қасына отырғызды. Алдына қымыз әкелдірді. Ақынның ашуы басылды-ау дегенде бәрімізге айнала қарап, жүзін Мақышқа бұрып сөйледі:

- Жәкенді неге шақырмадыңдар? Ұят емес пе?» деді жәймен. Мақыш Райымбеков Қастек елінің болысы еді. Ақындығы бар, балуан жігіт болатын. Ол күмілжіп, төмен қарады. Содан соң ойын жалғастырып:

- Айналайын ақындар, кеңес үкіметін мақтап, дәріптегендерің орынды. Алайда бұрынғының бәрі жаман, қазіргінің бәрі дұрыс деуге бомайды. Асылы мен жасығын ажырата білу керек. Жәке, әкемдей көретін кісі едіңіз, бізден үлкен ағаттық кетіпті, сөкпеңіз, деді. Осы сөзден кейін үрпиісіп қалған ақындар да жадырап сала берді. Қолдарына қайтадан домбыра алып мерекені жалғастырған едік. Қымыз ішіп, көңілі жайланған Жамбыл да бірсыпыра жыр төкті. Ертеңгі күні бірінші бәйгені Жамбылға беріп, иығына шапан жапты, алдына мал салды. Тілін безеп, жарысқа түскен ақындардың бірі бұған разы болса, енді біреулері күңкілдесіп қала берді.

Сөздің орайы келгенде Ораз бен Жұбанышқа:

- Сиыр баққан, тас шаққан әкелеріңді еске түсіріп еді бас бәйгені Жәкеңе бере салғандарың не? деп әзіл айттым. Бұған үшеуміз де қосылып күлдік.

- Ақынның құлағы өзінен қырық жыл бұрын туады, дегенді қалай тауып айтқан. Шіркін! Жамбылдың тілі қамшыдай-ау! Тиген жерін осып түседі. Сіздің Жәкенді төңіректеп, үйірсек болғаныңыз өте жақсы. Оның басқалардан шоқтығы биік, ірі ақын, әрі жүректі адам. Әлгі айтқандарын көңілге тоқып, жазып алыңыз. Жамбылдай ақынның жұлдызы жарқырап күн де алыс емес, деп еді Ораз.

1924 жылы мен ревкомдық қызметімнен босап, болыстық жұмысқа ауысқанмын. Кеңес өкіметі аяғын нық басып, қанаты қатайған сайын, оның жаулары да қарсы әрекетін күшейте түскен тұс. Әр жерде қарулы бандылар шыға бастады. Егінді өртеу, малды айдап немесе қырып кету, кісі өлімі деген күнделікті болып жататын оқиға. Оқ ұшында, жанды шүперекке түйіп жүріп елге үгіт-насихат жүргізу оңай ма? Бай-манаптарды мінеп, әшкерелеген өлең-жырларым елдің аузында. «Балдай бол», «Жас екпін», «Соқ-соқ байларды» дейтін әндерімді кәрі-жас бірдей айтады. Сөйтіп жүріп соңыма түскен жауларым да көбейді. Менің үстімнен үкімет орындарына жазылған жалақор қағаздар да көбейе түскен екен. Бәрінің айтатыны: «Кенен ескі заманның сарқыншағы...Құран-құдайды аузынан тастамайды. Екі әйел алған. Бұрынғы билердің, шешендердің сөздерін дәріптейді. Ескіні көксеп жүрген ақын» дегенге сарындас келетін. Басыма осындай қиындық түскенде сөзімнен де, ісімен де араша түскен, сүйеніш болған Ораз Жандосов еді.

Зымырап жылдар өтті. Ақыры «жасым болса елуден асты, балаларым тым жас, ендігі жерде мұндай жұмысты білімі бар жастарға берейік» деген сылтаумен болыстықтан да біржола босадым. Қалған өмірімді ән шығаруға, өлең-жырға арнасам деп түйген едім.

Бір күні Ораз Жандосовтан хабар келді. «Кенеке, Тәшкент көшіп барамын. Бейсенбі күні Қордай арқылы өтеміз» деп сәлем айтыпты. Көңілім жамандыққа қимаса да, «Тәшкент көшкені қалай?» деген сұрақ көкейімнен

шықпай қойды. Өйткені үкімет басшыларының көбі халыққа жау болып шығыпты. Соларды қуып, жер аударып жатыр екен. Соның ішінде Сәкен, Жұбаныш, Илиястар да бар деген қаңқу сөздер естіліп қалатын. Ондай сәтте жүрек кұрғұр қатты сыздап, ине сұққандай шаншып-шаншып кететін еді. О, жасаған, тап осылардың қандай күнәсі бар? деп іштей налып қоятын едім.

Айтқан күні қос ат жеккен арбамен Ораз да келіп жетті. Қасында екі салт атты күзетшісі бар. Біз ол кезде Иірсу деген ауылда тұрамыз. Насиха екеуміздің жұпыны ғана шағын там үйіміз бар. Мал сойып, бүкіл ауыл-аймақ болып қонақ күттік. Сол кеште әнді де ерекше шабыттана салған болуым керек, Ораз жастыққа шынтақтаған қалпында көзін жұмып, шын пейлімен ән тыңдайды. Әннің кей тұсында өзі де ыңылдап үнін қосып отыр.

Түннің бір уағында екеуміз тысқа шығып Қордайдың қоңыр желіне кеудемізді тосып ұзақ тұрдық.

- Кенеке, деді Ораз терең күрсініп, сонау бір жылдары елден жырақ кетіп қырғыз бауырларды паналап жүрген кезде бұлбұлға мұң айтып, сағыныш өртеген шерлі әніңіз құлағымнан кетпейді. Сіз ақынсыз ғой! Тауға да, тасқа да, сылдырап аққан бұлаққа да үн қосып, сырласа аласыз, деп өткенге ой жібергендей біраз үнсіз тұрды.

- Туған жерден жырақ алып бара жатқан менің күнім не болар екен? Қайдам, қара бастың қамын ойласақ, оның бір ретін табуға болар еді. Еңсесін енді көтеріп, есін жинай бастаған елдің басына тағы бір қырсық тап болмаса етті деп қорқамын. Мұның ауқымы, діттеген мақсаты адамдар арасындағы керістен, бақталастық сияқты ұсақ тірліктен әлде қайда тереңде жатқан сыңайлы. Тамыры тым терең-ау, деймін. Қазақтың бетке ұстар, зиялы азаматтарына қатты шүйліккендеріне қарағанда, бұл әдейі жасалып жатқан әлде бір қараниет науқан емес пе екен?

Болаттай берік жігіттің соншалық күйзеліп тұрғаны жаныма батып кетті:

- Ол не дегенің, Оразжан? Дәм-тұз бұйырса әлі талай жер шалып ел ырзығын көрерміз. Әлгінде өзің жақсы көретін «Бұлбұлға» деген әнімді сөз еттің. Жақсы адамға қайда жүрсе де жолдас көп, силас көп. Оған сол жылдары әбден көзім жеткен. «Ер жігіт тіршілікте нені көрмес, ер болса қасіретке бойын бермес» деп өзімді өзім солай жуатқанмын. Саған да айтарым осы. Одан гөрі «Қордайдың асуында жалғыз қалған сабау қамшы, салт атты Кенекемнің күйі не болар?» десеңші. Көзіме сыздап келіп қалған жасымды сездіргім келмей Оразды қапсыра құшақтап үйге алып жүрдім.

Ертесі күні ауыл басшыларының анау-мынау дегеніне қарамастан қасыма бір топ жігіттерді ертіп Оразбен бірге жүрдік. Жолда Оразбен дәмдес болған талай адамдар келіп қосылды. Ұзын саны алпысқа жуық. Қордай асуынан өтіп, қырғыздың Тоқмағына дейін ән-жырымызды айтып бардық.

Қоштасар сәт те жетті. Көңілі толқыған Ораз қасындағы серіктеріне қарап: «Ал ағайын, пейілдеріңе рақмет, ризамын. Лайым, дәм тартып қайта қауышуға жазсын. Кенен секілді ақыны бар ел – бақытты. Кенеке, тағы бір әніңізді естиін. Шырқап жіберіңізші. Содан соң бақыл болсын айтып, қоштасайық» деді.

Кешеден бері айналсоқтап ұстатпай жүрген бір әуен көмейіме құйылғандай болды. Домбырамды қаттырақ бұрап алып, шырқай жөнелдім:

Оразжан, серкесі едің Жетісудың,
 Жасыңнан талаптанып оқу қудың.
 Ер ағаң алдындағы Тоқашқа еріп,
 Екеуің Жұбанышпен қатар тудың.
 Қош аман бол, Оразжан!

Биіктеп самолетпен аспанға ұштың,
 Бұл қалай, арба мініп Тәшкен көштің?
 Қордайдың асуынан шығарып сап,
 Қасымда алпыс жігіт қош айтыстым.
 Қош аман бол, Оразжан!

Ұзақ жолға, соңғы сапарға Ораз Жандосовты осылай шығарып салған едік. Маған сол сәтте көз ұшында ұзап бара жатқан Ораздың да, кері қайтқан бүкіл жұрттың да көкейінде «Бұл қалай?» деген жауапсыз сұрақ тұрғандай көрініп еді. Көп жылдар бойы аяғыма «орау» болып, дұшпан көздердің көз түркісіне айналған атақты «Оразжан» әнім осылай туған еді.

Бұл атышулы аласапыран басталған кез болатын.

*«Егемен Қазақстан»
 2001 жылғы 28 ақпан*

«ҚАС ҚАҒЫМ СӘТ» (естелік әңгіме)

Ғұлама жазушы, ұлы ұстаз Мұхтар Әуезовтың өзін көріп, дәмдес болғандарды былай қойғанда, бір-екі жолы дәріс алып, даусын естіген адамдар өздерін бақыттымыз деп есептейді. Енді ойласам мен тіпті одан да зор қуанышқа, Мұхтар ағаның қолына су құйып, самауыр тасып қызмет көрсету бақытына ие болған екенмін. Шіркін, балалық-ай! Соған мән бергізді ме? Ұлы ағаны, ұлы жазушыны бірінші рет әрі соңғы рет көріп отырғанымды қайдан білейін.

...1960 жылдың маусым айы болатын. Мен жетінші сыныпты бітірген жыл. «Көше тоздырып босқа жүргенде не пайда, балам. Одан гөрі колхозға жәрдемдес, еңбек ет, ысыласың, үйренесің» деп әке бұйырған соң №3 - бригаданың шөпшілеріне келіп қосылғанмын. Ол кезде шөмеле салу, мая тұрғызу жұмыстары көбіне қолмен атқарылатын. Техниканың әлі жетіспейтін кезі. Ондай ауыр жұмысқа пісіп-қатқан жігіттер болмаса, басқалар шыдамайды. Бригадир мені тракторға тіркелген шөп шапқыштың (сенокос) біріне отырғызып жатып: «Жақсы жұмыс істесең, жақсы еңбек күн жазамын» деген күліп.

Міне, содан бері бір апта өтсе де, жарытып істеген жұмыс жоқ. Біресе шалғының басы сынады, біресе тісі сынады. Бригадир қай уақытта келсе де зағонның шетінде мықшындап отырғаным. Әрі намыстан, әрі ызадан жарылып кете жаздаймын. Бүгін де қырсық шалғыр шалғымның ұршығы айналмай, үсті-басым май-май болып отыр едім:

- Е, батыр, тағы да сынып жатырсың ба? деген дауысқа жалт қарасам бригадир аға атынан түсіп аяндап келеді екен.

- Шалғының жүзі өткір емес, қақала береді, дедім сасқанымнан.

- Иә, шөп шабу сыдыртып сабақ жаттау емес, бала. Оның да әдісі бар. Мәселен, анау Темірдің шалғысы неге сынбайды?

- Жарайды, батыр, бермен кел дейді. Мына тұтқаны көріп тұрсың ғой? Осыны өзіне қатты тартып, аяғыңның астындағы педальді бассан шалғының басы көтеріледі. Міне былай. Егер алдыңнан қалың бұта, тас секілді бөтен зат көрінсе шалғыны көтеріп жіберіп аттап кету керек. Түсіндің бе? дейді. Мен күйбеңдеп басымды изеген болам. Бригадир бетіме қарап әлі сөйлеп тұр.

- Беті-қолың аймандай болыпты. Немене май ішкенсің бе? деді қарқылдай күліп. Оқасы жоқ ренжіме. Бүгін ауылға қайтуға рұқсат. Мана Кенекең сәлем айтып еді. Ауылға Мұхтар Әуезов келіпті, сендердікіне түскен көрінеді. Бара ғой, деді. Қапелімде аузыма сөз түспей қуанғаным сонша:

- Ағатай, кәдімгі «Абайды» жазған Мұхтар ма? дедім.

- Енді кім болушы еді. Сол атақты Мұхтар ағаң. Ол аз десең қасында Валентина апаң да бар. Ал, енді қосқа барып беті-қолыңды жу, түсте машина келеді, сонымен жетіп ал, деді. Қосқа да барған жоқпын, беті-қолымды жуып та жатпадым. Ауылға төтелеп жаяу тартып кеттім.

«Абай» романы сияқты том-том кітап жазған адамды көру қандай керемет! Көргенің не? Дәл қазір ол кісі біздің үйдің нақ төрінде әкем екеуі шай ішіп отырған шығар? Шайды кім құйып отыр екен? Шешем бе, әлде жеңгем бе? Жоқ келіні тұрғанда енесі шай құймайды. Өзі де денелі зор кісі шығар? Көп жазу үшін, көп күш керек қой. Мәселе күште ме екен? Әйтпесе ауылдағы ең күшті адам Жолдасбай ата неге кітап жазбайды?..

Айдалада өзіммен өзім сөйлескендей күбірлеп келемін. Менің есіме былтыр ғана дәл осы уақытта болған бір оқиға орала берді. Өткен жылдың маусым айында аулымыз адам танымастай құлпырып кетіп еді. Көше-көшенің бәрінде қызыл жалаулар, плакаттар, суреттер ілініп, ауыл сыртына көптеген қазақ үйлер тігілді. «Халық ақыны Кенен Әзірбаев – 75 жаста» деген жазулар жазылды. Бұрын-соңды мұндай үлкен той-жиынды көрмеген ауылдың жастары тұрмақ, ересектерінің өздері таң-тамаша қалып еді. Дәл той болатын күні Алматыдан шуаған жеңіл машиналарда есеп жоқ. Солардың бәрі де алдымен біздің үйдің алдына келіп тоқтайды. Түскен кісілер үйге кіріп, әкемді құттықтайды. Ауланың іші де, сырты да ығы-жығы адамдар. Ине шаншар жер жоқ.

Жерден ешнәрсе көре алмайтын болған соң бір топ ауыл балалары қораның үстіне шығып кеттік. Жоғарыдан бәрі алақанға салғандай көрінеді. Той әкеге емес, тап өзіме арнап жасалып жатқандай балалар арасында қоразданып, қыр көрсетіп қоямын.

- Мен ақын-жазушылардың бәрін танымын, үйлерінде де болғам. Сенбесеңдер қарап тұрыңдар, дедім. Анау «Победадан» түскен Хамит Ерғалиев деген ақын. Оның қасындағы Тайыр Жараков, ол да ақын. Есік алдында тұрған кісі Әбділдә Тәжібаев. Анау атаммен көрісіп жатқан Мұқамеджан Қаратаев. Кейбіреулерін жыға танымасам да есімде жүрген аттардың бірін қойып қаламын.

- Осылардың бәрін қайдан білесің? дейді аң-таң болып.

- Неге білмеймін? Бәрі де Алматыда тұрады. Кітап жазады. Ауылдан ұзап көрмеген балалар не десін. Сенеді. «Ой, пәле» десіп бастарын шайқайды.

- Ал енді, мықты екенінді көрейін, бізге Мұхтар Әуезовты көрсетші, деді кластасымның бірі.

- Көрсетсе несі бар. Қара да тұр!

Айтарымды айтсам да ішімнен қуыстанып тұр едім. Өйткені, Мұхтар ағаның атын естігенім болмаса, өзін көрген емеспін. Менің мүдіріп қалғанымды сезді білем:

- Босқа мақтанасың, танымайсың ол кісіні деді әлгі кластасым жұлып алғандай. Мен бұған кәдімгідей шамданып қалдым.

- Кел онда бәстесейік. Жеңілсең елу асық бересің, дедім. Алақанымызды сарт- сұрт еткізіп уәде қылдық. Өзге балалар да мұнымызды мақұлдап шуласып жатыр. Енді шегініп көр!

Кәдімгі дүрбіге үңілген адамша көзімді сығырайтып біраз тұрдым да: «Әне, анау төрт кісінің ортасында тұрған Мұхтар Әуезов» дедім. Не сенерін, не сенбесін білмей аңырған балаларға:

- Қарамайсыңдар ма, шашы да әппақ, киімі де әппақ, деймін бастырмалата. Әлгі досым мен нұсқаған жаққа қарап біраз тұрды. Сенбей тұрғаны жүзінен аңғарылады.

- Жүр төмен түсіп Керімқұл ағайдан сұрайық. Мүмкін өтірік шығар?

Әңгіменің мән-жайын білген мұғалім ағай күліп: «Бұл тойға Мұхтар ағаларың келген жоқ. Қолы тимеген шығар. Бұл кісі - Ғали Орманов. Ол да ақын» деді.

Мен өзімнің жеңілгеніме емес, балалар алдында өтірікші болып қалғанымға қатты налыдым. Бәстескен бала сол күні-ақ артымнан қалмай жүріп елу асықты санап алды.

Міне, енді бір жылдан соң Мұхтар ағаның өзі келіп үйде қонақта отыр. Шіркін, осы әңгімені өзіне айтсам ғой! Бәлкім жадырап күлер ме еді? Мүмкін кітабына жазар...

Өрнәрсені қиялдап, қанша жүргенімді білмеймін, ауылға да келіп қалыппын. Жуынып, үстімдегі киімімді ауыстырған соң үйге кіріп сәлем берермін. Айтпақшы сәлемді қалай берсем екен? Қалаша ма, ауылдағыдай ма? Қасында орыс апай бар деп еді ғой. «Сәлеметсіздер ме» десем бе екен, әлде «Здрастите» десем бе екен? Орысшаға дұрыс тілім де келмейді.

Ойым сан-саққа кетіп, ішкі толқуымды баса алмаған күйі қақпаны ашып қалғанымда, көлеңкеде отырған қонақтар көзіме оттай басылды. Бұлай боларын күтпегендіктен орнымда абдырап тұрып қалдым. Сасқанымнан әкеме жалт қарап едім, «сәлем бер» дегендей ишарат білдірді.

«Ассалаумағалейкум» деп қалай дауыстап қалғанымды өзім де аңғармай қалдым. Әлде менің қатты қысылғанымды сезді ме, әлде түріме қарамай үлкендерге еліктегенімді қызық көрді ме Мұхтар аға сәл жымылып, қолын ұсынды.

- Менің кіші балам, деді әкем.

- Жігіт екен! деді Мұхтар аға. Валентина апай күлімсіреп басын изеді.

Қас қағым сәт. Әрине үлкендер үшін мұның ешқандай әсері болмаған да шығар. Ал менің аптыққан бала көңілімде ақ түсті жилет киген Мұхтар аға, иығына орамалын жамылған Валентина апай, басында көкшіл тақиясы бар әкем үшеуінің сол бір отырысы мәңгілік сурет болып қалып еді. Әсіресе маңдайы кере-қарыс, үні мақпалдай, алақаны мақтадай жұмсақ аяулы ағаның бейнесі күні кешегідей елестейді.

Сол жолы Мұқаң біздің үйде екі күн жатып қонақ болды. Ауылдың үлкен-кішісі тік тұрып қызмет көрсетіп еді. Қонақтардың үстіне кіруге рұқсат жоқ. Көбіне далада жүріп, самауырға от салып, табақ тасығанымға мәзбін. Анда-санда кісілер бой жазып тысқа шыққанда ғана жақынырақ келіп әңгімелеріне құлақ салған боламын. Бұрынғы шежірелер, би-батырлар, көне тарих жайлы айтқандары маған түсініксіз. Олардың әңгімесін емес, өздерін қызықтаймын.

Мұхтар аға қимылы баяу, салмақтап, баппен сөйлейді екен. Әкем болса жасының егде тартқанына қарамастан қимылы ширақ көрінеді. Денесінің арықтығынан болса керек өзі де бойшаң адамды одан әрі ұзартып жібергендей әсер етеді. Жас үлкендігінің айғағы ақ сақалы ғана.

Бірде әкемнен:

- Ата, ана жолы Мұхтар аға екеуіңіз түн ауғанша сөйлестіңіздер ғой. Не айттыңыздар? деп сұрадым.

- Е, балам, Мұхтардай адаммен бір түн емес, бір жыл әңгімелессең де сусының қанар ма? деген күліп. Кейін де ақын-жазушылар жайлы сөз еткенде әкемнің: «Шіркін, Мұхтардай шешен сөйлейтін, тереңге бойлап, алыстан шалатын адамды қырғыз-қазақтан кездестірген емеспін. Кемеңгер екен Мұхтар» деп отыратынын талай естіп жүрдік.

Өнерді шын қастерлейтін, шындап жаны ашитын, табиғатынан дарынды адам ешкімді алаламайды. Жастың да бұл жерде қатысы жоқ. Мен ұлы Жамбылға қырық жыл жолдас-серік болғанда, жырынан сусындап, батасын алғанда тек осы ниетпен ғұмыр кешкенмін, балам. Жәкең де менің өнерімді - табиғат берген ерекшелік, кішілігімді - інілік парыз, кісілігімді - адамгершілік деп таныған. Мұхтарды кәрі-жас түгел құрметтейді, ұстаз тұтады, қастерлейді, дейтін.

Енді ойласам, тап қазір арамызда өздері болмағанмен өлместей етіп мұра қалдырып кеткен бірі аға, бірі әке ретінде көңілімде мәңгі ұялаған екі тұлпардың тұяқ түйістірген сәті екен-ау бұл!

Әке мұражайындағы хаттар мен суреттерді, жазылған мақала-естеліктерді оқып отырып бірі ғұлама жазушы, бірі ақиық ақын, күміс көмей әншінің арасындағы риясыз силастықты аңғарғандай, өзгеше бір дүниеге енгендей күй кешесің. Мұрағатта «Қобыланды батыр» жырының Тайбурылдың шабысын бейнелейтін 42 беттік көлемді бір бөлігі сақтаулы

тұр. Кезінде мұны Мұқтардың өзі машинкаға бастырып ақынға табыс еткен екен. 1960 жылы Мәскеуде болған Шығысты зерттеушілердің дүние жүзілік XXV конгресінде Кенен ақын осы жырды асқан шеберлікпен орындап береді. Сол сапарында ақынның өзін де, өнерін де қалтқысыз түсініп, терең сезінген Мұқаң ақын творчествосына басқа бір қырынан келуді мақсат тұтқан секілді. Ол Кенен Әзірбаевтың жыршылық өнері еді. Осы оқиғаның басы-қасында болып, көзбен көрген филология ғылымының докторы Б. Уақатов былайша әңгімелеп еді.

Осындай үлкен халықаралық форумның ұйымдастырушыларының бірі М. Әуезов болатын. Тек шығысты зерттеушілердің еңбектерін ғана емес, сондай-ақ бүкіл шығыс елдерінің жыршылық өнерін, жыр орындау дәстүрін паш ететін мұндай жиынға әр ел өз жырауларын ала келуге тиіс еді. Қазақстаннан кімді апарамыз деген сауал тұрды. «Ондай адам өзінің болмыс-бітімімен де, үнімен де, орындаушылық өнерімен де ерекшеленуі тиіс» деген Мұқаң. Ақылдаса келіп, Кененнен лайықты ешкім жоқ. Сол кісіні апару керек деп шештік. Өнерін айтпағанда, бітімі сұлу, жетпістен асса да сергек, үні зор. «Келістік онда. Алдымен өзім барып, жолығып, келісіп келемін» деді. Ақынның ауылында болып, көңілі толған Мұқаң Кененге лайықтап шығыс үлгісінде шапан, бөрік, аяқкиім тіктіртуді маған тапсырды. Жолға шығуға оншақты күн қалғанда мәшинесін жіберіп ақынды да алдыртты.

Біз Кенекенді дәп сахнаға шығатын әртістей етіп дайындадық. Қалай шығатынын, қалай отыратынын, өзін қалай ұстайтынын айтып мазасын алатын едік. Ондайда Кенекен: «Балам-ау, сахнаны мен бірінші рет көріп отыр дейсің бе? Мәскеуге тоғыз барып, кремльде де талай ән салғанмын. Мұртын сипап Сталин де тамашалаған. Күйеуге беретін қыздай әлекке салғандарың не?» дейді әзілдеп. Азын-аулақ дайындықтан соң Мәскеуге жол тарттық.

Әр ел өз өнерін көрсетеді, дүлдүлін баптайды. Оңай сын емес. Елдің абыройын арттыратын үлкен өнер сайысы. Мұхаң қасымызға жиі-жиі келіп кетеді. «Кенекем, кем түспес» дейді әзілдеп. Онысы бізге қайрат бергені, өзін де жұбатқаны. Хакас жыршысы С. Қадышев, қырғыз манасшысы С.Қаралаев, қарақалпақ жыршысы Қ. Қайратденов, тағы басқа елдерден келген ақын-жыраулар көп. Солардың бәрі де өнердің додасына сан рет түскен, желаяқ жүйріктер. Кезек Кенекене де келді. Қазақстаннан келген жырау, халық ақыны, жетпіс алты жастағы Кенен Әзірбаев деп хабарлағанда табиғатында сабырлы Мұхаң орнынан бір қозғалып қойды.

Үстінде көкшіл түсті шапаны, басында құндыз бөркі, белінде күмістен соғылған кемер белдігі бар Кенен сахнаға шыға келгенде отырған жұрт ду қол шапалақтап жіберді. Киім киісі, бітім-тұлғасы ерекше сұңғақ ақын атамыз шынында да сонау көненің көзіндей әсер қалдырып еді. «Неткен көрікті шал!» дейді көрші отырғандар.

Асып-сасуды білмейтін Кенекен домбырасын қағып-қағып жіберіп, биік қоңыр үніне салып Тайбурылдың шабысын төгіп ала жөнелді. Тайбурылдың үстінде өзі келе жатқандай екіленіп, екпіндете төгеді. Ақ сақалы желкілдеп, екі иығы бүлкілдеп, көздерінен от шашқандай арындаған ақынның нағыз

шабыты дегенді сонда алғаш көруім. Мұқаңа көз тастап едім, басын сәл шалқайта түсіп, беріле тыңдап қалған екен. Жалғыз біз емес залдағы отырғандар түгелдей жыр құдыретіне, жыршының өнеріне табынғандай, тынып қалыпты. Құлағына құстай ұшқан Тайбурылдың тұяқ дүбірі келгендей.

Сайыс-концерт аяқталған кезде, қатты риза болған Мұқаң ақынды құшақтап тұрып: «Кенеке-ау, өзіңіз тіпті шабыттанып, өзгеріп кеттіңіз ғой» деп еді. Кенекеңнің осы бір арқаланған сәтін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Оны көзбен көру, құлақпен есту керек.

Осы жиынның ішінде болған тағы бір ғалым апамыз Оразгүл Нұрмағамбетова өзінің әңгме естелігінде ақынның осы сәтін былай жазады:

...Бір кезде Кенекең жан-жағына қарап, қанатын қомдаған Алатаудың алғыр қыранындай бір бой жазып алды да өзінің әсем, қоңыр әніне басты. Әрине, айғай аз, мәнер көп. Бапталған-ақ екен атамыз. Әлде мына үлкен жиын, іші толы шексіз, шетсіз үлкен зал әсер етті ме, әлде әлгі өзінен бұрын шыққан жыршылардың әсері болды ма, немесе мына жердегі сын көздерге әдейі істеді ме екен, әйтеуір даусы да, даусын созуы да бұрынғы біз естіп жүрген үйреншікті нәрсе емес, мүлде басқа. Айғайламай-ақ, сонша созып көтеруге дауыс та жете береді екен-ау!

О, ғажайып! Бір кезде Тайбурылды құтыртып үстінде отырған хас батырдың өзі сияқты көрінді. Біз бәріміз демімізді ішімізге тартып не болар екен, асыл атамыз айнып кетпес пе екен, шаршап қалмас па екен, ұятқа қалдырмас па екен деген әрі қуаныш, әрі мақтаныш, әрі қорқыныш сезімдерін бірдей кешіп отырдық. Бірақ күдік болған жоқ. Оның әні сондай қуатты, сондай екпінді шықты. Кенекеңнің салалы да епті саусақтары домбыра шегінен қуатты әуендер ағытты.

Жыр бітті. Тотыдай таранған, аппақ, әсемсақалды әулиеміз орнынан тұрды. Бойы қандай биік, өз көзімізге өзіміз сенбегендейміз. Қуанышымызда, мақтанышымызда шек жоқ. Тағы да зал жарылып кетердей жаңғырта қол соғу, тағы да шетел меймандарының «шабуылы». Киноаппараттарымен, магнитофон, фотоаппараттарымен Кененді қоршап алды...

Қонақ үйге келген соң, біраздан кейін Мұхтар аға телефон соқты. Көңілі сергек. Даусында үлкен бір қуаныш бар сияқты. Бізді Кенекеңнің керемет табысымен, ғажап өнерімен құттықтады да: «Ал сендер өздерің және Алматыдан осы конгреске келген біздің барлық достарымызға менен сәлем айтыңдар, құттықтаңдар. Сонымен бірге сендерге тапсырма: ертең мен Кенен Әзірбаевтың құрметіне арнап үлкен қабылдау жасаймын, той дастарқанын жаямын. Соған міндетті түрде Кененді алып келіңдер. Дастарқан иелері Ләйлә мен Ернар. Келмей қалмаңдар» деп тапсырды...

Жыршы-ақынның ерен өнеріне, ерекше жан екеніне сүйсінген ұлы жазушы: «Кенеке, мен сізді әнші ғана деуші едім, осыған дейін танымаған екенмін. Сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне ғұлама жырау, әрі әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз. Халқымыздың аяулы өнерін шет жұртқа жеткізген талантыңызға дән ризамын» деп ағынан жарылып еді.

Сол 1960 жылы Мұхтар Әуезов бастаған делегация қырғыз елінің ұлы ақыны Тоғолоқ молданың 100 жылдық тойына қатысты. Мұнда да ұлы

жазушының қасында өнерімен елді сүйсіндіріп, қырғыз-қазақтың бұлбұлы атанған Кенен Әзірбаевтың да бірге барғаны жұртқа мәлім. Бүгінде ғасырға жуық ғұмыр кешіп, артына бай мұра қалдырған ақын атамыздың мұражайындағы хаттар, естеліктер, құттықтаулар осылай деп сыр шертеді.

Өзі де бір дәуірдің шежіресі іспеттес ұлы жазушының тектігі, түпсіз тереңдігі ақын жүрегін селт еткізбей қойған жоқ. Өзінің «Мұхтарға» деген арнау-өлеңінде былайша толғайды.

«Жігіті едің Арқаның,
Абай ақын дарқаның.
Сырласып әр кез өзіңмен
Көп құмардан тарқадым.
Жалған емес шындығым,
Расымды айтамын.
Алыс шабар тұлпарым,
Қырымнан келер сұңқарым.
Бірге болып Мәскеуде,
Осы сапар байқадым.
Абайды жазып шығардың,
Қарамай пәлен дегенге.
Қырандай қағып қанатты,
Ой жібердің тереңге.
Қазағымды таныттың,
Біле бермес әр елге.
Азығы болып халықтың,
«Абайың» жүр жер-жерде.
Әлем саған бас иед,
Әуезұлы дегенде».

Әрине шағын естелік - мақаламызды ақынның осы арнау өлеңімен аяқтай салуға да болар еді. Бірақ кешігіп болса да бір-бірін тапқан, тани білген өнегелі адамдар арасындағы жарасымды достықты, тартымды сәттерін, кіршіксіз сыйластықты шама-шарқымша кеңірек әңгімелеуді жөн көрдім.

...Ұлы жазушы көз жұмыпты дегенде әкемнің төрде қозғалмай шөгіп, ұзақ отырғаны әлі көз алдымда. Не ойлағанын кім білсін? Біріміз бала, біріміз әке болып қосыла қайғырғанбыз. Бәлкім, әкем өзінің ерте үзілген қимас достығын ойлап қайғырған болар? Дәл сол сәтте менің ойымда айтылмай қалған «қызыл асық» хикаясы тұрды ма екен? Ол арасы есімде қалмапты. Әйтеуір қайғымыз ортақ болғаны ақиқат.

Алдымда «Жалын» журналының 1986 жылғы жаңа жылдық нөмірі жатыр. Соның бірінші бетінде заманымыздың озық ойшыл жазушысы Шыңғыс Айтматовтың мына бір сөзін келтіріпті: «Кемеңгер Абай, кешегі Жамбыл мен Кенен, ұлы ғұлама ұстаз Мұхтар, бір өзі бір ел әдебиетінің антологиясы сияқты Сәбит, кең жүректі, кемел ойлы Ғабиден, ақсақалдық

пен асқақтықтың символындай Ғабит ағамыз ел мен елді жалғастырып жатқан алтын көпір сияқты тұлғалар. Көпір қашанда екі жаққа да ортақ».

Біздің бұған қосарымыз жоқ. Тек қайталап айтар болсақ. Зымырап күндер, жылжып жылдар өтер. Жаңа толқын, жаңа таным келер дүниеге. Бірақ Мұхтар Әуезов есімді ұлы ұстаздың жарқын бейнесі, ұшан-теңіз мол мұрасы, елдікке үндеген ерен еңбегі дәуірден дәуірге, ұрпақтан ұрпаққа ұласатын алтын көпір екендігі ақиқат.

*Жамбыл қ-сы. «Еңбек туы» газеті
1987 жылғы 2 шілде*

Жүректің ыстық қаны үзілмейді... (естелік әңгіме)

Сәбит Мұқанов қайтыс болыпты деген суық хабар келгенде біздің үйдің шаңырағы аласарып, айнала күңгірт тартқандай сезіліп еді. Әлгінде ғана кіргізген самауырдың ысылы болмаса, қалған жұртта үн жоқ. Шешем әлсін-әлсін кимешегінің ұшымен көзін сүртіп үнсіз жылайды. Табиғатынан сабырлы дейтін әкемнің өзі дегбірсізденіп, қолындағы тәспихын уыстаған күйі ұзақ отырды. Сол сәтте тоқсанды алқымдаған әкемнің палуан денесі шөгіп, кішірейіп кеткендей болып еді. Әлден соң басын көтеріп: «Өзегі темір жан болмас жалғанда. Сұм ажалдың құрығы саған да түскен екен-ау! Қайран, Сәбит!» дегені әлі құлағымда. Арада қанша жылдар өтсе де осы бір көрініс менің жадымда сурет болып мәңгі сақталып қалыпты.

Әке өкімі қысқа болды. «Насиха, балаларды ертіп барып қайтыңдар. Мәриям келінге көрініп, көрісіп қайт. «Тұяғы кетілген тұлпардай, топшысы сынған сұңқардай» болып кәріліктің шеңгелінде отырған менің күйімді жеткізе барыңдар» деп қарт ақын терең күрсінді. Біз сол күні асығыс жолға шықтық.

«Дос адамның белгісі қарлығаштай, қас адамның белгісі қара тастай. Сәбиттің маған жасаған жақсылығын, қамқорлығын, сіңірген еңбегін атан түйеге артсаң да көтере алмас» дегенін талай жолы естігенмін. Баланың үлкені Төрткеннен бастап, Көркемжан, Ақтамақ, Ақбілек, менің өзім де Сәбит аға мен Мәриям апайдың қамқор көңілін қаршадайымыздан сезініп, бала жүрегімізге сіңіріп өстік. Төрткенді «әнші қыз», мені «кішкене Кенен» деп еркелетуші еді.

Әкенің осы бір жүрек жарды сөзіне бала кезімізде мән беріп жатпадық. Ержетіп, ақыл тоқтатқан шақта үлкен жүректі жандардың силастығы да, қимас достығы да ерекше, мәнді, терең, мәңгілік болатындығына талай рет көзім жетті.

Сәбит ағаны алғаш көруім еміс-еміс есімде. 1956-57 жылдары болуға тиіс. Ол кезде біз Отар стансасында тұратын едік. Бір-біріне жалғастыра соғылған қоржын там. Төбесі жайдақ болғандықтан ба, оны жұрт «тоқал там» деп те атайды. Түпкі бөлмеде әкем жатады. Бірнеше жылдан бері науқас. Бөгде адам түгіл біз өзіміз әкенің үстіне сирек кіретін едік. Алыстан арнайы

келген адамдар болмаса, көңіл сұраған ағайын- жұрт шешеммен ғана тілдесіп, біліп қайтатын. Осы бір сүреңсіз, сүлейсапа солғын тірлігімізді ақын «Ауырып жазылғанда» деген өлеңінде былай көрсеткен.

«Шілдедегі бұлбұлдай тілім келмей,
Дүниеден безгендей, көңіл желмей.
Жекжат-жұрат, ағайын, балаларға,
Мекіреніп, қарамай, мейірленбей.

Суық күздей сұрланды үйдің іші,
Балалардан тиылды ойын-күлкі.
Ауруменен қосыла әлек кіріп,
Өтіп жатты тіршілік ұйқы-тұйқы».

...Сүліктей қара түсті жеңіл мәшине біздің үйге қарай бұрылды. Бір топ бала ойынымызды тастай салып, тобықтан келер май топырақты бұрқыратып тұра жүгірдік. Аулада бірнеше адам қонақтарды қарсы алып жатыр. Аман-саулық сұрасып, дабыр-дұбыр болып жатқан үлкендердің сөзінде шаруамыз жоқ. Көзіміз әлгі мәшинеді. «ЗИМ» деген жазуы бар екен. Жабыла оқимыз. Айнала жүріп, ішіне үңілеміз. Біз түгіл үлкендердің өздері таңдай қағып, бас шайқайды. «Келістіріп-ақ жасаған екен. Мініп алып заулатар ма еді!» деп құмарландыра түседі.

Шешем ымдап шақырып алды. Үстіме таза көйлек кигізіп жатып:

- Алматыдан силы қонақтар келді. Барып сәлем бер. Бейбастық жасап жүрмеңдер, дейді.

- Апа, мынау кімнің мәшинесі?

- Сәбит ағандікі.

- Онда мені ішіне отырғызшы деймін. Қой, балам, былғап тастайсыңдар, ұят болады деп зекіп тастады.

Шай құйып отырған шешеме қайта-қайта келгіштеп, мазалап жүргенімді Сәбит аға байқап қалса керек. Менің жүзіме байыптап қарап алды.

- Жеңгей, балаңыз бірнәрсе айтқысы келе ме? Жүзінде реніш бар ғой өзінің деп сұрады.

- Ерке өскен баланың әдеті емес пе? Сіздің мәшинеге отырғыз деп қыңқылдап жүр.

- Пәлі, отырса несі бар? Баланың жаны нәзік, сезімтал болады. Көңілін қалдырсаң жасып қалады, жеңгей. Отырсын, деді. Шопырына қарап орысша бірдеме айтып жатыр. Анау басын изеп, маған кеттік дегендей ишарат білдірді.

Орыс шопыр қолындағы дымқыл шүперекті көрсетіп бірдеңе деген болады. Аяқтарыңда мынаған сүртіп кіріңдер дегені екен. Оны түсініп жатқан біз жоқ. Таласа-тармасып мініп алдық. Көшеден шыққан соң түзу жол басталады. Сол жолға шыққан мәшине Қордай тауын бетке алып заулап келеді. Қуанышымызда шек жоқ. Айдаушының өзі де балажан адам екен. Ұлардай шулаған бізбен қосыла күледі. Сол сәтте дүниенің бәрі бізге қол

бұлғап, бізді ғана қызықтап тұрғандай еді. Сонау балалық шақтан есімде қалғаны Сәбит аға мінген осы қара түсті «ЗИМ» ғана.

Сәбит ағаның бұл сапары тек әкемнің ғана емес, бүкіл отбасының, тіпті менің өміріме де үлкен серпіліс, өзгеріс әкелерін балаң жүрегім қайдан түйсінсін. Кейін білдім. Сәбит Мұқанов үкімет басшыларына қайта-қайта кіріп, ақынның өлең-жырларын, әндерін басып шығаруға, қалаған жерінен үй салдыруға қаражат бөлдіртіпті. Әкем қалаға барсам тынысым тарылады, үйренген жерім осы деп Қордай тауының сағасын таңдаған екен. 1957 жылдың күзінде Қордай ауданы Киров колхозында (қазір Кенен ауылы) салынған жаңа үйге көшіп бардық. Ауасы тар, едені сыз қоржын тамнан кейін едені ағаш еңселі үйдің хан сарайындай көрінері хақ.

Жаңа қоныс, жұпар ауасы әсер етті ме әкемнің еңсесі көтеріліп, денсаулығы да оңала бастады. Айлап жатқанда қасына баруға батылымыз жетпейтін, енді айналсоқтап әкенің қасынан шықпайтын болдық. Ондай сәтте әкем: «Қарақтарым-ай, жаутаң көз болып, жасып қалдыңдар-ау!» деп басымыздан иіскер еді. Әке мейірімі ерекше. Оны бала жүрегім қалтқысыз сезінер еді. Дастарқанның берекесі кіріп, шаңырағымыздан домбыра үні естіле бастады. Онысын ақын:

«Сағынтқан домбырама ішек тақтым,
Өзімде ішім толып өліп қаппын.
Шыққанда құлақ күйдің қоңыр үні,
Қалжа жеген әйелдей терім ақтың» деп жырына

қосып еді.

Қуаныш қуанышқа ұласты. Жасы жетпістен асқан шағында әкем тұңғыш рет келін түсіру тойын жасады. Онда да шашуын алып қаладан Сәбит аға мен Мәриям апай келді. Сонда шығарған «Келінжан» әні елге кең тарап, көпшіліктің ырзығына айналды. Көңілі көкке жеткен қарт ақын аяулы Сәбитін құшақтап тұрып: «Кәрілік пен көлденең келген науқастың құрсауынан құтқарып, араша түскен тілеулес інімсің. Арқаның кең даласындай дарқан көңіліңе тәнтімін, ризамын!» деп ағынан жарылды.

Ал 1959 жылдың маусым айында біздің өңірде бұрын болмаған ғаламат той өтті. Қордай тауының бөктерінде палуандар белдесіп, табаны қызған жүйріктер аламан бәйгіде сынға түсті. Ақындар домбырасын безеп жыр төкті. Ол кезде қандай ақынның болмасын мерей тойын ұлттық нақышта өткізу қиын болатын. Бұл тойдың ерекшелігі де осында.

Үш күнге созылған мерей тойдың бас-қасында Сәбеңнің өзі болды, өзі басқарды. Қарагер жорғамен сызылтып ортаға шыға келген Сәбиттің атқа отырысын, дене бітімін көрген жұрт: «Жазушы дегенің болмаса, сәйгүліктің құлағында ойнайтын сайыпкердің нағыз өзі ғой!» деп таңқалып, таңдай қақты. Дардай атағына қарамастан өзінің ақжарқын мінезімен кісілік пен кішіліктің өнегесіндей болған Сәбеңе ауыл ақсақалдары жабыла батасын беріп еді.

Той соңында әкеммен қоштасып тұрып: «Кенеке, өзіңізге айтарым. Жасыңыз келгенде көріп көзайым болған балалардың көз алдында жүргенін қалайсыз. Оны түсінем. Алайда заман талабы. Мүмкіндігінше балаларды

калада оқыту керек. Дұрыс білім алсын, орысша үйренсін. Өзім көмектесейін» деген. Сәбеңнің осы сөзі қамшы болған болар, сол жылдың күзінде мені Алматыдағы №12 қазақ орта мектебіне өткізді. Сол жылы он төрт жасқа толған едім.

«Сәбитпен достығымды кім білмейді,

Кейбіреу ашық жүрмей күбірлейді.

Алты жыл ауырғанда ат салысқан,

Жүректің ыстық қаны үзілмейді, деп ақынның өзі айтқандай өмір, өнер жолында бірі аға, бірі іні боп табысқан әкелердің риясыз достығы бір сәтке бәсеңдеген емес. Бірер ай жолығыспай қалса, сағынып көрісетін.

Жыл сайын соғым кезінде шешем семіз бір қазыны «Сәбит пен Мәриямның сыбағасы» деп қаптағы ұнға тығып жатар еді. Жаз айының бірінде Сәбит аға отбасымен немесе жолдастарымен келіп қонақ болып қайтады. Ол күні әкемнің жүзі нұрланып, шабыттана жыр төгер еді. Өн де ерекше, әңгіме де ерекше. Небір күлдіргі әңгіме, әзіл-қалжыңдар айтылар еді. Сондай бір сәтте айтылған әкемнің:

«Насиха екеуміз де қашықтадық,

Көжедей күбідегі ашып қалдық.

Кеудені қанша өрге сүйрегенмен,

Кездіктей жанымаған жасып қалдық.

Сәбит, Мәриям сағынтпай келіп тұрғын,

Шалыңа ақыл - кеңес беріп тұрғың, дейтін өлең жолдары ыстық ықыластан, жарасымды көңілден туған.

Бір жолы әкемнен:

- Бүкіл ақын-жазушылардың ішінде Сәбит Мұқановты ерекше көресіз, ықылас танытасыз. Соның сыры неде? айтыңызшы дедім.

- Балам, адамның ғұмырында сыйластар көп, сырластар аз болады деп бастады әңгімесін. Адамға сый-сыяпат көрсету басқа, ал көңілдегіні бүкпей айтып, сыр ашуың басқа. Сәбит екеуміз сыйлас қана емес, сырлас доспыз. Сәбит те мен сияқты жасынан жетім қалып, жоқшылықтың ащы дәмін ерте татқан адам. Өміріміз ұқсас. Бұл жағынан - тағдырласпыз. Жазуды көбірек кәсіптегені болмаса, Сәбит те ақын. Бұл тұрғыдан - әріптеспіз.

Дүниенің астан-кестенін шығарған кеңес үкіметінің алғашқы жылдары менің бағыма Ораз Жандосов сияқты оқығаны бар, көзі ашық азаматты жолықтырды. Кейіннен тағдырым осы Сәбитпен табыстырды. Ауыздығын шайнаған асаудай, арынды кезім. Тосын келген алапат заманның ыңғайын таба алмай іш-құса болып жүргенімде, жалынан сипап жуасытқан асаудай етіп қасына ертіп жүріп көп нәрсеге көзімді жеткізіп еді.

Күндіз-түні ел аралап халқыма теңдік, ұрпағыма бақыт әпермек үкіметтің жаршысы болдық, шаш бауын көтердік. Сол жылдары айтылған кемері жоқ, ұшан теңіз өлең-жырымның есебін кім өлшепті? Сөйткен

азаматтардың бәрі қара тізімге ілікті, атылды, айдалып кете барды. Көкейді «Бұл қалай?» деген запыран сұрақ қалып қойды. Үнсіз қалғам жоқ: Бұл сауалды төтесінен қойғандардың бірі мен екенмін. Оған «Оразжан» әнім куә. Осы үшін Алматыда бірнеше ай абақтыда жатқанымды біреу білсе, біреу білмейді. Бұдан аман-есен құтылуыма ең алдымен тақыр кедей екендігім, Жамбылдың үзеңгілес шәкірті екендігім себеп болған да шығар. Алайда осының бәрін орайын тауып тиісті орындарға жеткізген, елге оралуыма себепші болған Мұқамеджан Қаратаев пен осы Сәбит ағаларың еді.

Тұрлаусыз тірлік, заман қысастығы бір жағынан, тұрмыс тауқыметі, балалардың өлімі (бізге дейін жеті баласы өлген) екінші жағынан қыспаққа алған кез. Өзім түгіл, ән-жырларым да кәдеге жарамай, ұмыт бола бастады. Баспалар да, радио да тым-тырыс. Кеше ғана Алатауды жаңғыртып, алты канат ақ үйді әнімен шайқалтқан Кененін мүлдем ұмытқан сыңайлы. Тіпті дүмбілез біреулер кейбір әндерімді халық әні деп салатын да болды. Осының бәріне іштей налып, күштеп шөгерген атандай болып жатқанымда қасымнан тағы да сол Сәбит табылып еді.

«Кенеке, мұндай күйді кешегі Ақан да, Біржандар да бастан кешірген. Құлазу, дүниеден безіну, құса деген жаны жаны таза, болмысы ерекше адамдар да ғана болады. Сарыуайымға салынбай, серпілу керек. Сіздің өнеріңізді ел таныған, жұрт мойындаған. Ондай өнер еш уақытта өлмейді, мәңгілік» дегенін қалай ұмытармын.

Сәбиттің айтқандары дәл келді. Жетпістен асқан шағымда қанатын қомдаған кәрі қырандай қайта түлеп, науқасымды сілкіп тастап, өнеріммен қайта табыстым. Қанатымен су бүріккен қарлығаштай отбасымның қамқоршысы болған, төніп келген ажалға араша түскен Сәбиттің алар орны ерекше, қарағым, деп әкем ағынан жарылып еді.

...Сәбит ағаны соңғы рет көруім күні кешегідей көз алдымда. 1972 жылдың маусым айы. Ол кезде мен «Қазақстан» баспасында қызмет істеймін. Телефонды көтеріп едім, өзімді сұраған дауыс естілді. Тани кеттім. Сәл қарлығиңқырап шығатын, жұмсақ дауыс. «Бақытжан, сені бастығыңнан сұрап алдым. Әкеңе барып қайталық. Ертең жүреміз. Сағат онда мәшине жіберемін, дайын отыр» деді Сәбең. Менің күмілжіп қалғанымды сезе қойып: «Кенекең аман-есен, жәй барып, сәлем беріп қайтамыз» деді артынша.

Жолға шықсаң ақын-жазушымен шық. Қалай жеткенінді білмей қаласың дейтін еді бір танысым. Дәл айтыпты. Қаладан шыққалы құлағым Сәбит ағада. Жәй әңгіменің өзін майын тамыза келістіріп айтады, жазған кезде тіпті төгілтетін шығар деймін ішімнен. Ұзынағаштың тұсынан өте бере әңгіме желісі Жамбыл атаның өміріне ауысты.

...Жамбылға көп адам хатшы болған. Мен де болдым. Жарықтық тілі өткір, нені болса да тап басып айтатын еді ғой. Ал бір қисайса икемге келтіру онайға соқпайтын. Жәкеңнің осындай мінездерін жақсы білемін. Жамбылдың атақ-даңқы әсіресе сұрапыл соғыс жылдары әуелеп тұрды. «Правда» газетінің бірінші бетіне Жәкеңнің суретімен қосып, «Ленинградтық өрендерім» деген толғауы басылды. Сөз құдіреті деген осы. Бір қиырда жатқан Жамбылға еліміздің түкпір түкпірінен, майдандағы жауынгерлерден жүздеп, мыңдап хат келетін. Мәскеуден Сталиннің өзі телефон шалып, қарт

жыраудың аман-саулығын біліп тұрады екен деп еститінбіз. Соның өзі-ақ Жәкеңнің әруағын аспандатып жіберіп еді.

Баласы Алғадайдың соғыста қаза болғаны жайлы хабар келді. Үкімет басшылары, ақын-жазушылар барып естірттік. Жамбыл теріс қарап, үнсіз жатыр. Бір-екі күн өтті. Нәр татпайды. Жарықтық ең жақсы көретін баласынан айрылған соң өлімге бел байлаған шығар деп ұйғардық. «Шалды өлтіріп алмандар, басымыз кетеді» деп жоғарыдағылар қайта-қайта телефон соғып безек қағады. Ауыл-аймақ, ақын-жазушылар құрақ ұшып әлекпіз. Әбден сасқандары: «Сәбит, бір амалын тап, көпті көрген жазушы емессің бе?» дейді.

«Қатар-кұрбы қадірлес,
Замандасты сағындым.
Қатаған мен Кебекбай,

Макамдасты сағындым, дейтін қарт жыраудың көңілін кім табады? Қайғысын кім сейілте алады? Қырық жыл қасында жүріп сырмінез болған шәкірті, көз көрген замандасы әрі жақсы көрер інісі Кененді шақыртайын деген ой келді. Мәшине жіберіп Қордайдан Кененді алдырттым.

Екеуіміз оңаша отырып ақылдастық.

- Сәбит, мен айтсам бұрынғының жолымен, құдайды ауызға ала отырып, әруақтарды шақыра айтамын. Басқа сөзді Жамбыл ерен қылмайды. Мұнымыз үкіметке жақпай қалып жүрмесін» деді Кенен.

- Тәуекел! Жәкең басын көтерсе болғаны. Қалғанын көре жатармыз.

Кенен биік қоңыр үнімен ұзақ жырлады. Арғы аталарын бастап, кешегі ұстаздары Қабан, Сүйінбайлардың әруағын тізіп айтты:

«Не күшті дүниеде – құдай күшті,
Көрдіңіз бір ғасырда талай істі.
Миуалы Отанның дарағы едің,
Жел соғып бір бұтағың жерге түсті...
Бір балаң халық үшін құрбан болды,
О, Жәке, тәуба қылып басың көтер».

Кенен төкпелетіп барып, жоқтауын аяқтады. Бәріміз іштей толқып, ұмсынып тұрмыз. Жамбыл, бетін сәл бұрып: «Е, е, Кененбісің?» деп ишарат білдіргендей болды. Сол екен, біз де қолтығынан демей бердік. Әбден қаталап қалған екен Кенен ұсынған бір тостаған сусынды сіміріп жіберді. Жамбыл қартты осылай «тірілтіп» алғанбыз деп Сәбең ақтарыла күліп еді.

«Дегбірсіз ат сілкіншек, дегбірсіз адам жұлқыншақ» деген. Сенің бітімің, сөз саптауың, отырысың баяғының билеріндей орнықты екен. Берекелі боласың-ау, Сәбитжан!» деп арқамнан қағар еді.

Баласы Тезекбаймен қатарлас болғаннан ба Тайырды (Т. Жароков) тым жақсы көретін. Әкесінен қайта-қайта ақша сұрап мезі қылған Тезекбай батылы бармаған сәтте Тайырды жұмсайды. Жәкеңнің мінезіне әбден қанық Тайыр ебін тауып, әкесіне еркелеген баладай тілегін білдіретін еді.

- Біліп тұрмын, әлгі Тезекбай ғой сені жіберіп отырған. Желігіп қалыпсыңдар, тағы да ұстатпай кетесіңдер-ау, желөкпелер, дейді Жәкең зілсіз. Епті Тайыр:

- Мә, онда өлеңдеріңді өзің жазып ал, деп қаламын тастай салып, өкпелеген болады.

- Жә, жә, ұзатылатын қыздай қыл ете қалуын мұның, деп Жәкең көне кететін. Жарасымды, ерке әзіл еді-ау бұл.

Тарғаптан өтіп Ақтерек ауылына жеткенше Сәбең әңгіме желісін үзген жоқ. Айта түссе екен деп мен отырмын. Ойымды сезіп қойғандай оқшау тұрған биіктеу төбені нұсқап: «Анау төбенің қалай аталатынын білесің бе?» деді. Оның да өз қызығы бар.

Мен алпыс жасқа толғанда Кенекең қонаққа шақырды. Бір топ акын-жазушыларды ерте бардым. Үй маңындағы алма бағының ішіне үлкен палатка құрып, бүкіл ауыл болып қонақ күтісті. Қайтарда шығарып салуға ере келген ауыл азаматтары осы төбенің басына дастарқан жайып жолаяқ жасады. Отырғандардың бірі: «Сәбеңнің тойынан ескерткіш болсын мына өзіміз отырған төбеге ат қоялық» дегені. Сол-ақ екен, қызып алған жұрт жабыла ат қоя бастады. Бірі «Мерейтөбе» десе, енді бірі «Өлеңтөбе» болсын дейді. Бірінен бірі өтетін талай әдемі аттар айтылды. «Ақынтөбе», «Жалғызтөбе», «Сырластөбе»...десіп даурығып жатыр. Ұмытпасам Хамит Ерғалиев болу керек: «Ұлардай шуламай тұра тұрсаңдаршы. Бәріңді елеуретіп, желпіңтіп қойған шампанның арқасы емес пе? «Шампантөбе» болсын дегені. Сөйтіп сол төбе «Шампантөбе» атанған. Біліп ал кейін айта жүрерсің» деп Сәбең әңгімесін бір қайырып тастады.

...Сонау бір жылы әкеңе тірі қасқыр апарым сыйлағам. Сен ол кезде кішкене баласың қайдан есінде болсын деп Сәбит аға тағы бір әңгіменің ұшын шығарып қойды. Ынтықтыра түскісі келгендей біраз үнсіз отыр.

Бұрын Ақтерек тауының төменгі жағы қалың қамысты, сулы, сазды жер еді. Түлкі, қоян, кекілік, үйрек-қаз дегенің көп болатын. Қазіргідей емес мәшине де сирек жүреді. Қасымда үлкен ұлым Арыстан бар. Астымызда судай жаңа «Победа». Күн ерте болған соң аң-құс аулап уақыт өткізейік, Кенекеңе кешке қарай қонаға барайық деп ұйғардық. Жолдан шығып ашық даламен сырғып келеміз. Кенет қалың шидің арасынан бір ит ата жөнелді. Алғашында ит екен деп қалғанымыз рас. Адамға үйреншікті ит болса біраз жерге ұзап барып тоқтар еді. Олай етпеді. Бейшара есі шыққан болу керек, тауға қарап емес, далаға қарай зытып барады. Қасқыр екенін тани кеттім. Біз де мәшиненің жүрісін ұлғайтып, қиялай қуып, бастырмалатып келеміз. Тақай бере қос ауызды басып қалдым. Оғым тимей кеткен сыңайлы.

Жасырақ кезімде киік аулағандарды көргенім бар, ал тақтайдай тегіс даламен қасқыр қуған тіпті қызық екен. Делебеміз қозып, есіміз кеткендей шулап келеміз. Астымызда мәшине екенін, жолда арық- шұңқыр кездесіп қалса қауіп боларын мүлдем ұмытқан сәт. Қасқыр амалдап тауға қарай бұрылса, алдын ораймыз. Амалы құрыған тұз тағысы даланы бетке алады.

- Папа, тағы да атсаңызшы! дейді дегбірі кеткен Арыстан.

- Жоқ енді атудың керегі жоқ. Соғып аламыз.

Ұзақ қудық. Болдыра бастаған болу керек, қарқыны баяулаған тәрізді. Есік пен төрдей жерде тілін салақтатып әлі қашып келеді. Шопырым да әккі болатын, бір-екі рет қағып жіберіп аунатып түсірді. Ақыры өкпесі өшіп, талығып жатқан қасекенді тұмсығынан буып, аяқтарын байлап мәшиненің артына салып алдық. Артынан байқадым. Менің оғым зая кетпеген екен. Артқы аяғынан қатты жараланыпты. Сол күйінде Отардағы Кенекеңнің үйіне алып келдік. Көрші-қолаң, бала- шаға тірі қасқырдың о жақ, бұ жағына шығып, қызықтап мәз болысып еді.

Жол бойы Сәбең айтқан неше өрім әңгіменің әсерімен біз де ауыл шетіне кірген едік. Тоқсан жасқа толғалы отырған қарт ақынның жәй-күйі бізге мәлім. Жақында келіп кеткенмін. Бұрынғыдай емес денесі ауырлап, толыса бастады. Дәрігерлер мұны көп қимылдамағаннан дейді. Сол күні әкем екеуі оңашаланып ұзақ әңгімелесті. Ежелден сырлас адамдардың не айтқандары, нендей ой түйіскендері өздеріне ғана мәлім. Баяғыда екеуі отырып-ақ бір табақ етті жұғын көрмейтінін талай көрген шешем: «Сәбиттің өңі солғындау көрінді. Бір жері ауырмай ма екен? Тағамға да аса зауқы жоқ» деп секем алған. Біз бұған пәлендей мән берген де жоқпыз.

Ертесі күні дастарқан жиналып, оңаша қалған сәтте:

- Бақытжан, бір нәрсе сұрайын, көңілге алма. Әкең қартайып отыр. Ажал айтып келмейді. Мұндайда дайын жүрген жөн. Әке ойын балаға айтады, ақыл-кеңес береді. Осы жайлы әкең сөз қылған жоқ па? деп сұрады. Қаперімде жоқ сұрақ. Күмілжіп қалдым. Әке мәңгі жасайтындай бейғам жүре беріппіз. Бір жолы:

- Ажал жеткен күні менің сүйегімді анау бір алма ағаштың түбіне көміңдер, дегені бар. Қалжындап айтқаны, әлде шыны сол ма беймәлім. Әкенің бұл сөзіне күлген де қойғанмын. Сәбеңе осы жайды айтып бердім.

- Кенекеңдей кемел ақынға мына бақтың іші тарлау болады. Әттең, о баста ойластырылмаған екен, деп өкініш білдірді. Содан кейін қасына мені ертіп ауыл маңын шолып қайттық. Ауылдың желке тұсында жылға бар еді. Суы да мол болатын. Соның қасына келгенде мәшинеден түсіп айналаны көзбен шолып ұзақ тұрды.

- Анау Қарабарак, Иірсу маңының жері жақсы екен. Бірақ жолдан қиыс, қашықтау екен. Мына жылғадағы суды бері бұрса маңындағы жердің көк шалғынға айналары сөзсіз. Ағаш отырғызса тіпті жақсы. Осы тұс ыңғайлы болар. Біраз үнсіз тұрып, ендігі сөзін маған қарата айтты:

- «Екі Кенен тумаиды Алатауға ексеңде» дейтін әкеңнің өлеңін білетін шығарсың? Кенекең халық құрметіне бөленген, киелі адам. Өмірі ұрпаққа өнеге, бойына ақындық дарыған адам. Ол жайлы «Балуан Шолақ» романымда да жазғанмын. Ондай адамның жатқан жері де киелі, әлі-ақ жұрт тағзым етіп келетін болады. Мұның бәрін тәптіштеп айтып жатқаным сондықтан. Есіңе сақтап ал. Алда тоқсан жылдық тойы келе жатыр. Дәм бұйыртса оны да келістіріп тойлаймыз. Бас-қасында өзім де болармын» деді.

Жүзінде нұр үйірілген аяулы ағаның бұл соңғы аманаты, соңғы рет келуі, Кененін соңғы рет көруі екенін кім болжап білген. Тойымсыз, қайырымсыз, қатігез ажал Сәбеңді де алып тынды.

«Жасасып келіп едің бұл ғасырмен,
О, Сәбит, бауырым ең, сырласым ең.
Шынымен қоштасам ба, сенбей тұрмын,

Сәбиттің қайталанбас тұлғасымен» деп күніренген карт ақын аяулы Сәбитімен осылай қоштасып еді.

Сәбит ағаның болжап айтқандары дәл келді, аманаты түгелдей орындалды. 1974 жылы әкемнің торқалы тойы өтті. Бірінші рет Сәбитсіз тойланды. Құттықтай келген Ғабит Мүсіреповтың қолын алақанымен сипай отырып: «Ел бағына Мұхтар, Сәбит, Ғабит боп қатар туып едіңдер. Екі інім «келмес» сапарда. Қартыңның тойына үшеуің бірдей келіп, қатар тұрсандар қандай жарасар еді! Амал не? Ендігісі сенің ғұмырыңды ұзақ қылғай, Ғабит інім!» деп бата бергені құлағымда тұр.

93 жыл жасап әкем де дүниеден өтті. Мәйіті сол Сәбит аға көрсеткен жерге жерленді. Сол жылдары отырғызылған нәзік шыбықтар, бұл күнде бой түзеп, зәулім баққа айналды. Кейіннен ақынға арнап мұражай салынды, бейітінің басына ескерткіші орнатылды. Қордай асуынан ары-бері өткен жолшылар арнайы бұрылып келіп тағзым ететін киелі жайға айналды. Жас жұбайлар гүл шоғын қойып, келешек ұрпақтары бас иіп еске алатын болды. Осының бәрін алдын ала сезіп білген Сәбит ағаның көрегендігіне қалай тәнті болмайсың?

Жыл сайын бала-шағамызды ертіп әкеміз жатқан жерге тізе бүгіп, құран оқытып қайту әдетке айналған. Қыс барайық, жаз барайық көңіл түкпірінде Сәбит ағаның жарқын бейнесі тұрады. Қордайдың қоңыр желі ескен бақ ішінде Сәбит Мұқановтың рухы кезіп жүргендей сезінесің. Әкем екеуі әлі сырласып отырғандай көрінеді.

*«Егемен Қазақстан»
2000 жылғы 26 шілде*

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ МАҚТАНЫШЫ

(ақын мұражайынан өрілген ой)

Осы мақала жарық көргелі бері он сегіз жыл өткен екен. Ал ақынның мұражайының ашылғанына да ширек ғасыр болып қалыпты. Сондағы айтылған жәйлар бүгінгі күні де өз мәнін жойған жоқ, көкейкесті мәселе ретінде көңілде әлі тұр. Кезінде ақынның мұражайын республикалық дәрежеге көтерсек деген, оған республикалық бюджеттен қаржы бөлініп тұрса, қосымша бөлмелер салынса деген ойымыз аяқсыз қалды, қолдау таппады. Осы күндері облыс (аудан) бөлетін азын-аулақ қаражаттың есебінен қалт-құлт тірлік жасап жатыр. Қазіргі таңда Ұлы жібек жолын қалпына келтіреміз деген пікірлер айтылып жүр. Ал оның негізгі «күре тамырларының» бірі Алматы - Пішкек жолы Қордай асуы арқылы, ақын «жатқа»н ауылдың тұсынан өтеді. Бәлкім болашақта ақынның мұражайын осы маршрутқа кіргізсе туристер келіп көретін мәдениет ошағына айналса нұр үстіне нұр болар ма еді. Енді бір бес жылда атақты

атамыздың туғанына 125 жыл толғалы отыр. Ақынның бұл тойын ендігі жерде тәуелсіз, егемен ел болып тойлайтын шығармыз деген үміт те бой көрсетіп қалады. Ел іргесі аман болса оның да ауылы алыс емес.

(автордан)

Ғасырға жуық ғұмыр кешіп күні кешеге дейін көмейінен ән-жыр төккен төкпе ақын Кенен Әзірбаевтың әдеби-мемориалдық музейі бүгінде тек облысымыздың ғана емес, бүкіл республикамыздың мақтанышы, абыройы. Музейдің 1981 жылы 13 наурызда Жамбыл облысы, сол кездегі Красногор ауданының Киров колхозында ашылғандығы баршамызға мәлім. Ақынның бейіті де осында, оның басына қызыл граниттен ескеркіш орнатылған.

Музей шығыс үлгісімен салынып, ішкі жағы ұлттық ою-өрнектермен нақышталған. Әртүрлі бояулардың бірегей үйлесуі, шебер әшкейленген еңселі терезелер музейге ерекше сән береді. Айнала отырғызылған әртүрлі сәнді ағаштар зәулім баққа айналыпты.

Музей үйі негізгі үш залдан тұрады. Оның бірінде ақынның жазу бөлмесі, екіншісінде қонақ бөлмесі орналасқан. Ортадағы үлкен зал ақиық ақынның бүкіл өмір жолын бейнелейтін мол экспонаттармен, суреттермен көркемделген. Ақынның балалық шағынан бастап, 1984 жылы жоғары дәрежеде атап өткізілген 100 жылдық юбилейін қамтитын құттықтаулар мен хаттар, әр жылдардағы құжаттар, ұлы отан соғысы кезінде ақынға берілген алғыс грамоталар көрермендерге көп сыр шертеді.

«1916 жыл», «Ұлы Отан соғысы», «Кенен және өнер қайраткерлері» деп аталатын арнайы бұрыштар бар. Әсіресе, бала Кененнің он үш жасындағы домбырасы, қырғыз манабы Шәбденнің асында жұлде ретінде алған күміс кемер белбеуі, екі мәрте еңбек ері Жазылбек Қуанышбаевтың Хантаудан әкеп, арнайы жазу жаздырып сыйға тартқан мәрмәр тасы музейдегі құнды дүниелер.

Өмірінің соңғы сағатына дейін халқына талмай қызмет еткен ақынның еңбегі жоғары бағаланды. Ол екі рет Құрмет белгісі, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен наградталды. Ал 1974 жылы тоқсан жасқа талмай жеткен қарт ақынның кеудесінде Ленин ордені жарқырап еді. Бұл ұлы Жамбылдан кейінгі, екі ғасырдың да куәсі болған асқан талант иесі Кенен Әзірбаевқа берілген ең жоғары халық бағасы.

Қай дәуірде болмасын халық өз арасынан шыққан дүлдүл ақындарға, төкпе жыршыларға тиесілі бағасын беріп, мүмкіндігінше қадір тұтып, қастерлеп отырған ғой. Сонда да қатігез заманның құрсауынан шыға алмай, қараңғылық пен қараниеттілік жайлаған ортада еркін қанат қаға алмай, өз биігіне көтеріле алмай құса боп өткен өнерпаздар аз ба? Осы тұрғыдан алғанда Кенекенді біз бақытты жан деп айтамыз. Мұны ақынның өзі де мойындайды: «Тұсында әділ заман бағаландым, арманда кеткен екен бұрынғы өлең» деген жыр жолдары осының айғағы.

90 жасқа талмай жетіп, торқалы тойын өз көзімен көріп, халықтың сый-сиапатын құлағымен естіп, қуанышқа бөлену адамның ғұмырында сирек болатын оқиға. Лек-легімен, топ-тобымен келіп ақын отырған сегіз қанатты қазақ үйге кіріп, жылы лебізіне қоса, құттықтап жатқан жұрт. Сондай

конақтардың бірі қолындағы қымыз құйылған кесені айналдыра қарап отырып:

- Кенеке, мен Абайдың 125 жылдық мерекесінде де, Жамбылдың 125 жылдық тойында да болып, тамашалаған адаммын. Сіздің бүгінгі юбилейіңіз, атақ-құрметіңіз бәрінен де асып түскен сияқты. Енді сізде арман болмас? деді. Шындап сұрағаны, сынап сұрағаны белгісіз. Бұған ақын аспай-таспай, ақ сақалын сипай отырып:

- Қарағым, Абай да, Жамбыл да ұлы ақындар. Екеуі де мен табынып, пір тұтып өткен адамдар. Олардан менің атақ-абыройым емес, заманым озып тұрған жоқ па? деп еді. Сонда жаңағы ел ағасы орнынан ұшып тұрып:

- Қайран көне көзім-ай! Осылай дейтініңізді біліп едім. Өтпесең, Кенекем боласың ба? деп ақынды құшақтағаны әлі есімде. Бұл оқиға табиғатынан сыпайы, кішіпейіл ақынның жан дүниесінің бір қыры ғана.

Артына неше иірім өлең-жырларын, неше өрім әсем әндерін қалдырған ақынның шығармашылығы әлі қаймағы алынбаған, талдап зерттелмеген әрі тың, әрі мол мұра. Осы аздаған жылдар ішінде ақынның бүкіл өмір қазынасын игеріп, жинап алдық десек ағаттық болар. Әлі күнге ел арасында Кенен айтқан өлеңдер, ол салған әндер кездесіп қалады. Соларды жер-жерден жинап, халықтың игілігіне айналдыру музей қызметкерлерінің тікелей міндеті екені рас. Алайда шынайы жанашырларды көпшілік ішінен, ақынды құрмет тұтатын оқырмандар арасынан тапсақ нұр үстіне нұр болмақ.

К.Әзірбаев қазақ жерін көп аралаған адам. Көптеген ақын-жазушылармен, өнер қайраткерлерімен достық қатынаста болып, хат алысып тұрғаны белгілі. Кезінде Сәбит Мұқановпен бірге Сарыарқаны аралап, жазушының елінде болғанын да білеміз. Ол жөнінде ақын өзінің «Сарыарқаға саяхат» деген көлемді толғауында да айтады. 1960 жылы Мұхтар Әуезовтың бастауымен Мәскеуде болып, Шығыс ауыз әдебиетін зерттеушілердің дүниежүзілік конгресіне қатысқаны тағы бар.

М.Қаратаев, Ә.Тәжібаев, С.Бақбергенов, Хамит Ерғалив, Тайыр Жароков, Мырзатай Жолдасбеков және басқалары ақынның үйінде жиі болатын, етене араласып жүрген адамдар.

Ақын 1943 жылы бір топ мәдениет қайраткерлерімен Мәскеуде болып өнер көрсеткен. Сол жылы шығарған «Мәскеуде адасқанда» деген әзіл өлеңінде: «Осымен Москваға бес барыппын, байқаңдар сонда қанша ел таныппын?» дейтін жолдар бар. Мұның бәрі айтулы, мәні зор, «із қалдырған» оқиғалар. Тек ізденіс жетіспейді.

Міне осы сияқты ақынның өміріндегі елеулі оқиғалар жайлы тек ақын-жазушылар, әдебиет зерттеуші ғалымдар ғана емес, жалпы ақынмен дәмдес болған, көзбен көріп, қатар жүрген замандастарынан да асыға күтеміз. Мұның өзі бір жағынан музей қызметкерлеріне көмек болса, екіншіден Алатаудың ақиығы атанған Кенен Әзірбаев туралы неғұрлым мол материалдар жинауға септігін тигізері сөзсіз. Осы тұста мына бір жайды айта кеткенді жөн көріп отырмын.

1984 жылы ақынның 100 жылдық мерей тойына орай, сондай-ақ Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 40 жылдығына байланысты газет (облыстық, аудандық) беттерінде жарияланған материалдарды оқып жүріп, ақынның

бұрын еш жерде жарық көрмеген көптеген өлең-жырларына тап болдық. «Жау жағадан, бөрі етекпен» алған сол бір қиын-қыстау жылдары күн-түн демей халық арасында жүріп, көмейінен ән-жырын төккен майталман акынның әр сөзін мұқият жазып алып жүрген ғалым да емес, жазушы да емес, ол кезде ішкі істер органында қызмет істейтін жасөспірім жігіт, бұл күнде отставкадағы милиция полковнигі Манан Иманбаев ағамыз екен.

Жерден жеті қоян тапқандай қуандық, риза болдық. Қазір оның Кенен акын жайлы жазған естеліктері, қол жазбалары музейдің қорына алынып отыр. Өзі де әңгімешіл, акын жанды адам екен. Ептеп өлең жазатыны да бар. «Осы ала-аяқ қулар, бас кесер ұрылар көп болмағанда ғой, милицияны былай қойып, әлдеқашан акын болып кететін едім» деп қалжыңдайтын.

«Шын ағарса самайың,

Жасартпайды опа-май.

Дос табу қиын ағайын,

Жоғалтып алу оп-оңай!» деп өлеңдетіп отырар еді. Акын екеуінің қатар отырып түскен суреті мұражайдың нақ төрінен орын алған. Акынға әрі дос, әрі інісіндей болған адам еді. Міне осы секілді Кенекеңнің өлең-жырлары, суреттері, тіпті бір ауыз сөзі, хаттары, ұстаған бұйымдары ел арасынан табылып жатса зор ғанибет дер едік.

Жалпы мұражай туралы, оның атқарар қызметі жайлы сөз еткенде тек тәрбиелік, эстетикалық жағын ғана пайымдау азшылық етеді. Мұражайдағы акынның мұрағатына ең алдымен тарихи тұрғыдан келуіміз, өзі бастан өткерген тарихи кезең деп ұққанымыз жөн. Бұл тұрғыдан К.Әзірбаевтың әдеби-мемориалдық музейінің ауқымы жастарды өз халқының өткенін білуге, оның өнерін сүйіп өсуіне, тәрбиелеудегі мәні күннен күнге арта түспесе, еш кеміген емес.

Акынның өмірі мен творчествосына арналған мұражайдың ішкі мазмұны, мән-мағынасы мұнымен ғана шектеліп қалмайды. Өйткені оның негізінде бүкіл бір ұрпақтың, халқымыздың ғасырлық тарихы жатыр. «Елу жылда - ел жаңа, жүз жылда - қазан» дейтін сөз бар. Кенен Әзірбаев қазақ халқының бір ғасырлық мол мұрасын, әсіресе өнер саласындағы асыл қазынасын, рухани байлығын бізге әкеп, аманат етіп тапсырған азамат акын. Сондықтан оның қалдырған мұрасын тек сақтап қана қоймай, жан-жақты зерттей бастау келешектің емес, нақ бүгінгі күннің міндеті болуға тиіс.

Мұны баса айтып отырған себебіміз, жасыратыны жоқ әдебиет зерттеушілер арасында «Кенекең кеше ғана көз алдымызда өткен адам ғой. Көнере түссін, әлі-ақ үлгереміз» дейтін жаңсақ пікірлер де жоқ емес. Иә, тарихи адамдардың «көнергенін» күткеннен ұтылмасақ, ұтпайтынымызды уақыт көрсетіп отыр. Дау-дамай, негізсіз пайымдаулар, шатастыру дегендер осыдан туындайды. Өйткені көз тірісінде аты аңызға айналған адамдардың, енді бір 20-25 жылда көне ертегіге айналмасына кім кепіл бере алады?

Төкпе акын, дарынды композитор, күміс көмей әнші, «сал-серілердің соңғы тұяғы» Кенен акын осылардың қатарына жатады. Өзімен талай жолы өнер сайысына түскен акын қыз Бопина ақынды алғаш көргенде- ақ:

«Алатаудай айбатты,
Халық ақыны ардақты.
Сегіз қырлы, бір сырлы,

Кенекем-ау, жан-жақты!» деп баға бергенде оның бойындағы осындай қайталанбас қасиеттерін қастерлеп айтқан болу керек. Шындығы да осы еді.

Жақында ғана заманымыздың Гомері атанған жыр алыбы Жамбылдың даусы жазылған пленка табылды дегенді оқып қатты қуандық әрі таңқалдық. Әрине, қуаныштың жөні бір басқа. Таңқалған себебіміз осы уақытқа дейін мұны қалай көрмей, байқамай келгенбіз? Демек әлі де ізденуіміз аз, кемдеу болар деген ой келеді. Жәкеңе 40 жыл серік болып, аға-інідей сыйласып өткен, Мәскеуге де, Грузияға да бірге сапар шеккен Кенен ақын жайлы ауызша айтқанымыз болмаса, бұл жөнінде деректі құжаттар, әсіресе суреттер мүлдем жоқ. Қисыны келмеген шығар, суретке түспеген шығар деуге тіпті көңіл сенбейді. Жәкеңдей әруақты төбесі көк тіреген сонау Кавказға алып бару ізсіз қалатындай сапар болмаса керек еді-ау!

Жәкеңнің пленкаға жазылған даусының кеш те болса табылғаны сияқты жан-жақты дұрыс ізденсек әлі де талай жаңалықтардың куәсі болармыз деген үміт көңілге ұялайды. Әлгінде шын жанашырларды халық арасынан іздейік, көпшілік арасынан табайық дегенде осыны меңзеп айтқан болатынбыз.

Анау бір жылдары «Алматы-Ташкент» жолаушылар автобусымен келе жатып ойда жоқ тосын әңгіменің куәсі болдым. Халықтан шыққан дүлдүл ақындар, қара тасты қақ жарған әділ шешендер, алапат күйімен көктегі аққуды қондырған құдіретті күйшілер жайлы әңгіме шертіп келе жатқан серігім:

- Алматы облысының Жамбыл ауданы аяқталды. Енді Жамбыл облысының Красногор ауданы, яғни Кенен ауылы басталады. Көрдіңіз бе екі алыптың өмір жолдары қалай сабақтасып жатса, олардың туған топырағы да осылай жалғасып жатыр. Шіркін, Қордай атам ренжімесе тап осы тұсты Кенен ауданы деп атаса тіпті қатып кетер еді деді. Осы жолмен жүз мәрте өтіп жүріп осыған аса мән бермеппін. Серіктес жолдасымның мына сөзі өзгеше ой тастағандай болды. Манадан үнсіз тыңдап келе жатқан көршім әңгімешіл жолдасыма байыппен көз тастап:

- Бауырым, мен Ташкенттің қазағымын. Әңгімені орынды айтады екенсің. Дегенмен, шынымды айтайын. Жамбыл ауданы, Жамбыл облысы дегенің жөн-ақ. Ал осы Красногор дегенің көңіліме қонбай тұр. Расында Кенен ақынның туған жері болған соң осы аймақ та солай аталуға тиіс емес пе? Кененнің өзі де Базар-Назарын жоқтаумен, дүниеден тұяқсыз өтіпті ғой. Осы жерің жалғаспай тұр, деді күле сөйлеп.

- Ау, аға! Сіз Кенен ақын туралы тым аз біледі екенсіз ғой? Тұяқсыз өткені қалай? Төрткен, Ақтамақ, Ақбілек деген қыздары бар. Ауылда Көркемжан, мына қасыңызда отырған Бақытжан деген ұлы деп бастырмалатып жатқан жолдасымның шамданған түріне қарап күліп жібердім. Әрине «естіген құлақта жазық жоқ». Жолаушы көршімнің естіп-білгені солай шығар. Оның несі айып. Бұл жерде басқа бір мәселе ұшқын бергендей болды.

Ол біздің жалпы халық ақындары жайлы тым аз білетіндігіміз. Олардың бірлі-жарым өлең-жырлары, айтыстары басылым беттерінде жарияланғаны болмаса, ақын-жыршылардың өмірі, шығармашылығы, тұрмыс-тіршілігі жөнінде деректер мүлдем аз. Әдебиетімізге лек-легімен қосылып жататын ақын-жазушылар сияқты халық ақындарының да өз көші, дәстүрі, жаңа легі жоқ емес. Кенен Әзірбаевтың 100 жылдық мерекесіне орай өткізілген республикалық ақындар айтысы бұған дәлел. Көп жылдар көміліп қалған айтыс дәстүрінің сом алтындай жарқ ете қалған кезі де, бастауына қайта оралған сәті де осы уақыт. Осы айтысқа қатысқандардың дені жастар болды. Мұның бәрін тәптіштеп айтып жатқандағы себебіміз, сонау Жамбыл, Шашубай, Қалқа, Нартай, Үмбетәлі, Кенендер бастаған ұлы керуенге халық арасынан өзіндік өрнегі бар, заманымызға лайықты жаңа толқын, жаңа лек келіп қосылғандығын айту. Сондықтан халық ақындарының өмірінен, шығармашылық үрдісінен қысқаша мәліметтер беретіндей, олардың айтыскерлік ерекшеліктерін насихаттайтындай дербес кітаптар басып шығаруға болмас па екен. Мұның өзі әуелеп қанат қаққан өнерпаздар туралы, олардың көнесі мен жаңасы туралы, жалпы дәстүр жалғастығы туралы көп мағлұмат берер еді.

Ақынның әдеби-мемориалдық мұражайының ашылғанына небәрі бес жыл болыпты. Бұл әрине көп те, аз да емес. Осы жылдар ішінде музейге мыңдаған көрермендер келіп, ақынның зиратына тағзым етіп, өз ықыластарын білдіруде. Сол келушілердің жазып қалдырған қолтаңбалары осының айғағы іспеттес. Солардың қай-қайсысын оқып көрсеңіз ақынға деген жүрек лүпілін, ыстық пейілін, шексіз ризашылығын аңғаруға болады.

«Біз бір туған Қырғыз елінен Кенен Әзірбаев атаның музейін көру үшін қайырыла келдік, деп жазады Қырғыз ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, республиканың геологы Құбай Оспанбетов. Музей өте жақсы ұйымдастырылған... Мұндай музейлер біздің қазақ-қырғыз елінің бұрынғы мәдениетін, еліміздің тұрмысын танытып, ел менен елдің байланысы жөнінде біздің жас буындарға шоң естелік қалдырады».

Ал енді Алпысбаевтар отбасы атынан жазылған мына бір жодар бәріміздің де көптен көкейде жүрген талап-тілегімізді аңғартқандай: «Бала кезінен әні мен өнерін естіп өскен біздер халқымыздың мақтанышы Кенен атамyzдың музейін көріп, аралап үлкен қуанышқа бөлендік. Біздің тілек осы музей республикалық көлемде қамқорлыққа алынып, халқымыздың мәңгілік иігілігіне айналса дейміз».

Осы сияқты өздерінің ой-пікірлерін, тілектерін, ризашылығын білдірген жазбаларды жүздеп келтіруге болады. Соның бәрі де түптеп келгенде дарынды халық ақыны, қайталанбас өнер иесі Кенен Әзірбаевқа деген құрметке, сүйіспеншілікке, мақтанышқа келіп саяды.

*«Коммунизм жолы» газеті
1986 жылғы 9 қаңтар*

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ...

АҚЫН ЖАЙЛЫ ОЙ-ТҮЙІН

(Мұражай мұрағатынан)

«Жамбылым, ақын екен жаннан асқан,
Әр сөзі Сүйінбайша жатыр астам.
Інісі Мұхтар, Сәбит, Кенен ақын,
Қартына қайрат беріп, ақыл қосқан».

Байымбет Абдрахманұлы
(Тоголоқ Молда)

(қырғыздың ұлы демократ ақыны)

«Кенен, Кенен деп жүр ғой елдің бәрі,
Жақсы көріп кетіпті жас пен кәрі.
Төрт аяғы тең жорға өлеңінің,
Құлағымнан кетпейді салған әні».

Жамбыл Жабаев

ұлы жырау

«Кенен Әзірбаев - өмірде де, өнерде де қайталана бермейтін ерекше құбылыс».

Дінмұхамед Қонаев
мемлекет қайраткері

«Халық өмірінде Кенен Әзірбаев үн қоспаған, өзінің жарқын талантымен шуағын төкпеген бірде-бір айтулы оқиға болған жоқ...Оның тамаша, өшпес туындылары бүгін де осы жауапты, құрметті істе сапта тұр».

Нұрсұлтан Назарбаев
елбасы, тұңғыш президент

«Совет оқушылары Кенен Әзірбаевтың есімін халық әдебиетінің аса ұлы алыптары Сүлеймен Стальскиймен, Жамбыл Жабаевпен қатар атайды. Кененді бүгінгі Жамбыл, екінші Жамбыл деп біледі».

Георгий Марков
орыс жазушысы

«Кенеке, сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне ғұлама жырау, әрі әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз. Халқымыздың аяулы өнерін шет жұртқа жеткізген талантыңызға дән ризамын».

Мұхтар Әуезов

жазушы

«Кенен көнеден келе жатқан сал-серілер дәстүрін жалғастырушы, сол ұлы көштің соңғы тұяғы».

Ғабит Мүсірепов

жазушы

«Балуан ұзаған сайын ән биіктей берді. Жетісуда қалып бара жатқан Кенен, оған өз бейнесі сияктанып кетті...елде өз көзіндей көретін мұрагері қалуы оның қуанышын теңіздей тасқындатты. Кеудесіне симаған бұл тасқын Балуан Шолақтың көзінен жас боп сорғалады...» (повестен үзінді)

Сәбит Мұқанов

жазушы

«Сіз, Кенен ата, қазақ-қырғызға тең ортақ ұлы адамсыз. Сіздің тойыңыз - біздің тойымыз. Сіздің мерекеңіз - біздің мерекеміз. Қырғыз елі Сізді өзінің ең таңдаулы ұлдары, өзіңізбен замандас, үзеңгілес, дәмдес болған, Жетісудағы қырғыз-қазақ жерін бірге араласқан, атағы жер жарған Осмонқұл, Алымқұл, Атай, Халық және басқа да бұлбұлдай сайраған ақындарындай көреді, солардай ардақ тұтып, Сізді өз атамыз, өз ақынымыз, өзіміздің өнердегі Алатауымыз деп есептейді».

Шыңғыс Айтматов

жазушы

«Еще юношей Кенен Азербайев в совершенстве овладел лучшими традициями народной казахской поэзии, стал соратником великого Жамбула, а затем его продолжателем. Поэзия Кенена Азербайева - своего рода поэтическая летопись казахского народа».

Олжас Сүлейменов

поэт

«Кенен қазіргі заманмен үндес, өйткені оның творчествосы біздің дәуіріміздің жемісі, біздің заманымызбен барынша тығыз байланысты, халықтың ой-сезімін білдіреді. Оның мақсаттары мен үміттері болашаққа бағдарланған».

Зәки Ахметов

ғалым

«Жамбыл - шаң ілестірмейтін дүлдүл,
Кенен - әсем әуезді бұлбұл».

Мұқаметжан Қаратаев

сыншы - ғалым

«Кененнің негізгі тақырыбы – біздің заман. Ол осы майданда үзбестен шығармалар беріп келді. Қандай жаңа оқиға болса да Кенен оны әнде, өлеңде халық арасына үгіттеуде республика композиторларының ішінде бірінші орынның бірін алады... Кененнің репертуары кең. Онда әндерден, өлеңдерден басқа қазақтың «Қобыландысы», қырғыздың «Манасы», түрікпеннің «Көрұғлы» сияқты үлкен эпикалық дастандар бар».

Ахмет Жұбанов

ғалым, музыка зерттеуші

«Кенен - ән мен жырдың генералы!»

Бауыржан Момышұлы

халық қаһарманы

«Өлеңді әркімдер-ақ айтады, әркімдер-ақ жазады, бірақ солардың ішінде үнемі санаңнан кетпейтін, сезіміңнен ажырамайтын, дауысы естіліп, дидары көз алдында тұратындары некен-саяқ. Солардың бірі, бірегейі Кенен».

Әбділдә Тәжібаев

ақын

«Кенен ақынның даңқы бүкіл Қазақстанға тарап кеткен. Оның өлеңі айтылмайтын, әні шырқалмайтын, Кенен даусы естілмейтін жер бүкіл республика көлемінде жоқ екені анық».

Асқар Тоқмағамбетов

ақын

«Жамбыл бастаған халық поэзиясы бір мол арна – поэзия арнасы болса, оның ішінде Кененнің ақындық өнері мен еңбегі өзгеше биік. Ол басын ақ бас Алатаудан алып жатқан Жетісу өзендері тәрізді күшті де, құдыретті».

Әнуар Дербісалин

ғалым

«Кім қойса да бұл асыл адамның есімін тауып атаған. Кенен. Кеудесі де, өнері де кенен кісі, қазір баба жасындағы Кенен ақсақал».

Қалижан Бекқожин
ақын

«Сыртқы сымбаттан да, кейіп-келбеттен де, байсалды мінез, парасатты ойдан да жұтамай жаралу қандай бақыт! Шіркін, өлең-өнер адамдарының күйкі болмай көрікті туғанына не жетсін! Кенен өзгені сыйлай да, өзін сыйлаттыра да білетін кісі.

Қадірлі Кенен аға, сіздің сымбатты көркіңізге, сыпайы мінезіңізге қызығумен, сүйсінумен келген едік. Әлі де сүйсіндіре бергейсіз. Таңыңыз жайнап, жаныңыз жасара бергей!»

Әбу Сәрсенбаев
ақын

«Ойлап тұрсақ Жамбылдан кейінгі алып, қажырлы қайраткер, ғасыр ғұмырды басынан кешіріп отырған Кенен Әзірбаев көп оқиғаның куәсі, бақыты мол, қуанышы көп жан».

Мүсілім Базарбаев
ғалым, қайраткер

«Бір бойынан толып жатқан тамаша қасиеттердің табылуы оның дарынының жан-жақтылығын танытты. Осынысымен ол біржағынан халқымыздың көне дәстүрлерін сақтап келген сал-серілерді де еске түсіреді. Бұл біздің әдебиетіміз ғана емес, жалпы мәдениетіміздегі сирек кездесетін, айрықша бағаланып, құрметке ие болатын ерен құбылыс».

Мырзабек Дүйсенов
ғалым

«Кенен Әзірбаев - сан өнерді жарастырып тең ұстаған ұлы өнерпаз: жырау, әрі ақын, жыршы әрі күйші, әнші әрі композитор, шежіреші әрі ел мұрасын сақтаушы үлкен қайраткер».

Мырзатай Жолдасбеков
ғалым, қайраткер

«Кенекеңнің кей шығармалары үлкен полотнодағы музыкалық еңбектерге арқау болды. Мысалы, Е.Брусиловский оның А.Затаевич нотаға түсірген бір әнін «Қыз Жібек» операсында пайдаланған. Кенекең есімі, Кенекең бейнесі бүгінде өнерлі ізбасарлары мен өрендерінің көркем туындыларына арқау болар объектіге айналып отыр.

Нұрғиса Тілендиев
композитор

«Кенекең қай кезеңде болмасын өз өнерінің бағасын түсінген, өзін-өзі пір тұта білген, көңілі ханға бергісіз дархан өнерпаз болған. Қазақта Кенен сөзінің ұғымы шалқарлық пен дарқандықты білдіреді ғой. Ақсақалдың өнері мен көңілінің кең жазиралығы өз есімі секілді кенендікке келетін».

Еркеғали Рахмадиев
композитор

«Шілдедегі нөсердей шанды басқан,
Сағынды елің әніңді таңға ұласқан.
Күн күлімдеп шыққанда көкжиектен,
Сені жоқтап тұрады тарғыл аспан».

Жақсылық Сәтібеков
ақын

«Кененін еске алған ел елжірейді,
Кенендей туар ма екен? енді дейді.
Ақын туған өлкеде көгілдір ту,
Халқымның бірлігі боп желбірейді».

Саттар Сейтқазин
ақын

«...Көктемнің сол бір күнінде таң атқаннан-ақ Қордай тауының аспанын бүркеп тастаған кара бұлт қабағын ашпай тұрып алып еді. Кенет күркіреген үн естілді. Маған бұл қарт Қордайдың қарс айрылған жүрегі сияқты көрінді. Сонан соң аспанды бүркеген қалың бұлт біртіндеп ыдырап, алаулап, алабұртып, аңыраған аналардың ақ жаулығына ұқсап бара жатты да, сорғалап жауа бастады. «Аспан да перзентіне егіліп кетеді-ау!» деген ой кімге де болса келгені ақиқат. Бұл Кенекеңді соңғы сапарға шығарып бара жатқан кез еді».

Алтынбек Қоразбаев
композитор, әнші

«Өзгермей тұрмайды екен өмір мүлде,
Ел болдық егеменді осы күнде.
Жалғансын өнер жолың ұрпақтармен,
Жұлдыздай жарқырайсың күннен-күнге.
Ұстазым жыр алыбы Жамбыл деп ең,
Ел үшін егіз есім Жамбыл – Кенен.
Бата алған өзіңізден Аяз ақын,
Келеміз ұстаз тұтып жолыңменен».

Аяз Бетбаев
жырышы-ақын

«Сіз күні кеше Алатау бөктерінде жеті қойын жоқтап зар еңіреген «Көк шолақты» қойшының төбесінде шырылдаған «Бозторғай» ғана болатынсыз. Бүгінде сіз «Нұрлы жазда» дәуірлеген, «Бақытты елдің» аспанынан шалқыған, «Жеңіс жырын» құйқылжыта төккен құмыр бұлбұлсыз, Қазақстан жерінде топтан озған жүйрік «Ақбоз» дүлдүлсіз».

«Қазақ әдебиеті» газетінің
ұжымы

«Ардақты Кенен ата! Сіздің керемет әсем даусыңыз, кербез, күмбір әніңіз, сыпайы - шебер тіліңіз көпшілік қауымның жүрегін тербеп келеді. Осындай сан - салалы сарқылмас талантыңыз бен өнеріңіз кейінгі ұрпақтарыңызға, біздің бәрімізге тамаша үлгі - өнеге болып қалады».

Алматы мемлекеттік
консерватория ұжымы

«Екі дәуірдің куәсіндей болған Сіздің асқақтаған әніңіз бен жан жадыратар жырыңызды біз жақсы білеміз. Оның бір тобында Асанқайғы зары мен Қорқыттың күйі сарнаса, екіншісінде Майқы мен Төле бидің, қаз дауысты Қазыбек пен Әйтеке бидің шешендігі шертіледі».

Жамбыл облысының
еңбекшілері

КЕНЕКЕМНІҢ МОНОЛОГЫ
(үзінді)

«Мен қанша қорлық көрдім, тоңып көрдім,
Отызға дейін мүлде тозып келдім.
Сен куә, жер мен аспан, өзің айтшы,
Менімен бірге соны көріп келдің.

Менімен бірге бәрін көріп келдің,
Ән мен жыр ермегі емес еріккеннің.
Талантты ұрпағыма тыңдасын деп,
Жанымның жапырақ гүлін бөліп бердім.

Көрдім мен еңбегімнің жемістерін,
Даламның әндетіп жүр тегіс төрін.
Айнытпай орындаған дәл өзімдей
Жаңғыртып бара жатыр өрістегі үн».

Гүлсім Сейілжанова
ақын

АТАДАН ҰЛ ТУСАЙШЫ...

(Ақынның ата - тегі мен ұрпақтары)
(қысқаша)

«Ата жөнін білмеген адасады» дейді халық. Өткен аталарды білу, өткен тарихты білумен бара-бар. Қай атаның тұсында қандай тарихи оқиғалар болғанын, кімнің көсем, кімнің шешен, қандай батырлар, нендей ақын-жыраулар болғанын кейінгі ұрпаққа жеткізу үшін өткендерін аңыз етіп айту, шежіре етіп қалдыру әсіресе жазуы дамымаған қазақ елі үшін ауадай қажет болды. Бұрынғылар осы жолды берік ұстанған.

Елді ата-атаға бөліп, жер-суына қарай оқшаулап, бірінен бірін артық етіп көрсету кейіннен келген індет. Ел басқарған кейбір «әзәзілдердің» ойлап тапқан сұрқия қулығы. Аңқау елге өзін ата жолды қуған азамат, солардың жоғын жоқтаушы жанашыр етіп көрсету үшін жасалған айла-шарғысы. Оның зияны, ұрпаққа әкелетін зардабы сұмдық. Мұның өзі елді елдігінен айырып, тоз-тозын шығаратын қауіпті әрекет.

Аталар тарихын, шежірені мүлдем жою керек, бүгінгі ұрпаққа соның еш қажеті де жоқ. Рулық, ұлтшылдық пиғылды оятады, елге жік салады, татулығын бұзады деушілер де бейшара сәуегейлер. Ең дұрысы бүгінгі заман қалауына лайықтап, соған орай аталарды дұрыс жүйелеп, әділ пайымдаған жөн. Мен төменгі аталар тізбесін әкемнің өлеңдеріне, естігендеріме, басқа да оқығандарымды негізге ала отырып жасадым. Кейбір ауытқулар, қалып қойған немесе нақтыланбаған тұстары болуы мүмкін. Өйткені мен шежіреші емеспін. Бүкіл аталарды түгелдеп, қалдырмай жазуды мақсат етіп отырғам жоқ. Әкемнің «Ұлы жүз туралы жазған көлемді өлең-жырымды (шежіре деуге болады) анау жылдары жоғалтып алдым. Сырты шұбар қалың дәптерге жазып едім» дегенін талай естігенмін. Мен де іздестіріп таба алмадым. Мыналар әр тұста, әр басылымдарда басылған өлеңдерінен алынды.

Аталардың ұлы өмір көшін толықтай қамтымасақ да, олардың түсін түстеп жатпасақ та, ең болмағанда солардың аты-жөнін білген парыз. Әсіресе өткен ата-бабаларды естімей, оқымай өскен, әдет –ғұрпын, тілін, ділін білмей өскен өз балаларымызға жан азық болса да құба-құп.

Аңызда былай дейді: Қазақтың әкесі – **Алаш**. Тарихта, шежіреде «алты алаштың баласы» деген сөз тіркестері жиі кездеседі. Алаштың алты ұлы дегенді білдіруі мүмкін. Немесе алты ұлыс ел деген сөз.

Қазақтан үш ұл туған деседі:

1. Ақарыс - Ұлы жүз.
2. Жанарыс - Орта жүз.
3. Бекарыс - Кіші жүз.

Кейбір аңызда **Байшора**, Қарашора, Бекшора деп те атайды. Ұлы жүздің шежіресін Байшорадан бастайды.

Байшорадан - **Кейкі**,

Кейкіден - **Жұман** туған.

«Байшорадан туған ұл Кейкі дейді,
Қайда екені белгісіз бейіті дейді,
Кейкіден Жұман туған, ол да жалғыз,
Үшке дейін дара боп келді дейді».

Бұл жерде ақын олардың үш атаға дейін жалқы болып келгендігін айтып отыр. Жұманнан – **Төбей** туған.

- | | |
|-------------|---|
| Төбейден | - Қойылдыр, Мекірейіл, Майқы , Қоғам және екі қыз туыпты. Ұрпақтарының көбейген тұсы осы кез. Алғашқы екеуі Ауған, Иран жеріне жорыққа кетіп, сол жаққа сіңіп кеткен. Қазақтың тізіміне кірмей қалғаны сондықтын. Қоғамнан осы күнгі Сіргелі тарайды. Атам заманнан бері орта жүз Қоңыраттармен бірге Қаратауды жайлаған. Майқы менің тікелей атам. «Түмен сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дейтін көнеден қалған сөз бар. |
| Майқыдан | - Ойсыл , Үйсін туған.
Ойсылдан Қаңлы мен Шанышқылы тарайды. (Осы тұста мына бір жайды айта кеткен жөн. Шыңғыс ханның тұстасы болған Майқы би бар. Ол кейінгі аттас ата болуы да мүмкін. Енді бір шежіреде Майқыдан Бақтияр туған деп айтылады. Бақтияр бүкіл үйсін еліне ұран болған адам. Сондықтан оның жасы Үйсіннен үлкен болуы да мүмкін. Мұны негізсіз дей алмаймыз. Әзірге дәлел жоқ. |
| Үйсіннен | - Бақтияр туған (жалғыз ұл)
Аты ұранға айналған әрі көсем, әрі батыр адам болған. |
| Бақтиярдан | - Жансақал, Ақсақал туған.
Жансақалдан он екі ата Жалайыр тарайды. Аға баласы деп оған барлық жерде жол беріледі. |
| Ақсақалдан | - Қараша . Бұл атамыз жайлы деректер мүлдем жоқ десе де болады. |
| Қарашадан | - Байдікұл, Бәйдібек . (Байдікұлдан Шақшам деген ел тарайды.) |
| Бәйдібектен | - Жарықшақ .
Бәйдібек атамыздың үш әйелі болған:
1. Бибісары (сары бәйбіше) 9 ұл, бір қыз туған. Тоғыз ұлы жау қолынан қаза болған. Сары үйсіндер соның ұрпақтары.
2. Зәріп – екінші әйелі. Одан Жалмағамбет туған. Ол да әкесі сияқты үш әйел алған екен. Үшеуі:
Мәйраштан - Шапырашты ; Қарашаштан - Ошақты ; Сыландыдан – Ысты туады. |

3. **Нұрилә** (басқаша да атайды) - Бәйдібек атаның үшінші әйелі, өте ақылды, киелі адам екен. Оның атын атамай «Домалақ ана» деп кеткен. Ол кісі туралы аңыз-әңгіме көп. Жарықшақ содан туған жалғыз ұл.
- Жарықшақтан - **Албан, Суан, Дулат.**
Ағайынды үшеуі енші бөлген кезде келісе алмай өкпелеп тарасыпты деген сөз бар. Бөлісе алмағандары бір жүйрік ат (өгіз деп те айтады) екен деседі. Соған бола Албан бауырларынан безініп Қытай аспаған шығар? Кіші інісі Дулат Көкшетауға көшкен деседі. Бұл әрине жәй кекесін, жаңсақ пікір. Жорықтап, жау қуып барды десе шындыққа жанасады. Дулат (дулу) деген атау қытайдың көне шежіресінде де бар.
- Дулаттан - **Ботпай, Шымыр, Сиқым, Жаныс** – төрт ұл туған. Үлкені Сиқым. Ботпай-Шымыр тетелес ұлдар. Енді бір тұста егіз туған деп те айтылады.
Сиқымнан - Қарақойлы, Аққойлы, Қусирак деген аталар тарайды.
Шымырдан – Құлмамбет, Шілмебет, Күнту, Сәмбет т.б. аталар тарайды.
Ботпайдан – Асан, Тайлақ, Ақшам, Қожай және басқа да аталар бар. Төрт ұлдан өрбіген ұрпақтар өте көп. Бұлардың көптігін былайша айтады екен.
«Шымыр көп пе, шыбын көп пе?
Ботпай көп пе, бота көп пе?
Жаныс көп пе, қамыс көп пе?
Сиқым көп пе, қиқым көп пе?» Ең көп ұрпақ жайғаны Жаныстар (жеті ағайынды)
- Жаныстан - **Жарылқамыс** (үлкені), Жанту, Жантақ, Жамбай, Шәкір, Қапал, Қыбырай.
- Жарылқамыстан - **Бәйімбет** және т.б. тарайды. Бәйімбет атамыздың лақап аты - **Қасқарау**. Қырғыз-қазақ жиналған бір үлкен жиында атамыз қараулық көрсетіпті. Бір сәйгүлікке қатты қызыққан ол, ат есінеген кезде тілінің астындағы бармақтай қалды көріп қалады. Сол жерде аяқ-асты дау шығарып, тай кезінде ұрланған мал еді, танып тұрмын деп жабысады. Билерге жүгінеді: белгісін тап басып айтқан соң әлгі жүйрікті атамызға алып беріпті дейді. Содан қырғыз ағайындар «қас қарау!» екен деп бастарын шайқап, таңдайын қағып қала берген екен. Атамыздың Қасқарау атанып кеткені

содан болса керек дейтін аңыз бар.

- Бәйімбеттен - Елтүзер, **Ораз**, Бұқар туған. Ұрпақтары жайыла өскен көп ата.
- Ораздан - Солтангелді, **Бөкен** туады.
Солтангелдіден батырлар көп шыққан. Соның ел аузында аңыз боп қалған, ең дарасы Жолбарыс батыр. Шешесі жолбарыстың жүрегіне жерік болған дейтін аңыз бар. Қопаның қалың қамысына күйеуімен ере барып, жаңа ғана ауланған жолбарыстың жүрегін шикідей асап-асап жіберген екен. Содан нән ұл туып, атын Жолбарыс қойыпты деседі.
- Бөкеннен - **Айуан** туады. (лақап аты болуы мүмкін) Жауға сес, елге айбынды болсын деп қойылған ат дейтін әкем.
- Айуаннан - Сатый, **Ботый**.
Ботыйдан Кебекбай шешен, Сарбас ақын (шын аты Тілеулі) шыққан. Кенен ақынның өзі Кебекбайға туажат болып келеді. Ол жөнінде ақын өзінің өлеңінде де айтып кеткен.
- Ботыйдан - **Тайторы** және т.б.
- Тайторыдан - **Манабай** атамыз туыпты.
- Манабайдан - **Әзірбай**, Ниязбай, Әбденбай деген үш ұл туған екен. Ниязбайдан Іңкәрбек туған. Іңкәрбек аға аштық жылдары өлген. Іңкәрбектің балалары: Нұртай, Жапарбек. Нұртайдан Қамысбек деген жиен бар. Жапарбекті әкем өз атына жаздырып алған екен. Кененов Жапарбек Ұлы Отан соғысында қаза болды. Нұртай әпкеміз 2007 жылы қайтыс болды.
- Әзірбайдан - **Кенен** туған (жалғыз)
Халық ақыны, күміс көмей әнші Кененнен тараған ұрпақ көп. Екі әйел алған адам. Бірінші әйелі **Үлпілдектен** -Талжыбек, Ұлтай туған.
Талжыбектен қалған қыз **Бәтима**. Одан Жұмабай, Жарқынай деген балалар бар. Әкем жиен баласы **Жұмабайдан** туажат сүйіп кетті. Жігер, Жандос, Жалын деген жиеншарлар бар.

Ұлтайдан - Райхан, Төлепберген, Серік, Кенжебек туды. Бәрі де бала-шағалы, өніп-өскен отбасы.

Екінші әйелі біздің шешеміз - **Насиха**. Бізге дейін тоғыз рет құрсақ көтерген екен. 7 ұл, 2 қыз туған. Бәрі де жастай шетінеп кетіпті. Атақты «Базар-Назар» әнінде айтылатын балалардың анасы. Кейінірек анамыз тағы да екі ұл, үш қыз туды: Төрткен, Көркемжан, Бақытжан, Ақтамақ, Ақбілек.

Төрткеннен туған балалар: Баян, Болат, Роза, Алмас.

Ақтамақтан туған балалар: Мақсат, Әсел.

Ақбілектен туған балалар: Әкімжан, Айнұр.

Көркемжаннан - Әйгерім, **Қуаныш**, **Қуат**, **Мұрат**, Айжан. Бәрі де тұрмыс құрған, бала-шағалы. Көркемжанның тегі Кененов.

Бақытжаннан - Жазира, **Мұхит**, Салтанат, **Мұхтар**. Жазирадан - Айтуар дейтін жиен бар. Менің тегім атам Әзірбайдың атында.

Мұхиттан - Мағжан, Бақтияр, Әлима туды.

Аты аңызға айналған аталардың, ақынның артында қалған ұрпақтарының шағын тізімі осындай. Немере-шөбере, шөпшектерін, жиен-жиеншарларын түгелдеп айтар болсақ ұзын саны тоқсаннан асып кетеді екен.

Құдайға шүкір, әкеміздің арты жаман емес. «Лайым осыны көп көрмесін!» деп тілек тілейік. Бір кезде «Салт атты, сабау қамшы Кенен» атанып, тау-тасты жаңғыртып салған әндеріңіздің, халқыңызға қалтқысыз қызмет етіп, телегей-теңіз жыр төккен ерен еңбегіңіздің бір қайырымы осы шығар дегім келеді.

Үрім-бұтағыңыз өсіп-өне берсін, Әке!

МАЗМҰНЫ

Автордан.....	3
Әкемнің өсиеті, шешемнің өнегесі.....	4
Көңілге түйгендерім.....	145

Жүректің түкпірінде тұнып жатыр... (естелік-эсселер)

Ләтипа немесе Кененді мойындатқан келіншек.....	191
Оразжан.....	200
Қас қағым сәт.....	208
Жүректің ыстық қаны үзілмейді.....	215
Халқымыздың мақтанышы.....	223

Біле жүріңіз...

Ақын жайлы ой-түйін.....	229
Атадан ұл тусайшы.....	236